ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗҰУ ХАБАРШЫСЫ

ТАРИХ
СЕРИЯСЫ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

СЕРИЯ
ИСТОРИЧЕСКАЯ

Алматы **№2 (57)**
2010

1992 жылдың 22 сәуірінен бастап шыға бастады

Тіркелу куәлігі № 766

Редакциялық алқа:

Таймағамбетов Ж.Қ.
(ғылыми редактор),
тел.: 377-33-38(12-80)
Жұмағұлов Қ.Т.
Омарбеков Т. О.
Қаражан Қ. С.
Атабаев Қ. М.
Төлеубаев Ә. Т.
Мұхатова О. Х.
Садвакасова З. Т.
Кокебаева Г. К.
Султангалиева Г.С.
Кәрібаев Б.Б.
(жауапты хатшы)
тел.: 377-33-38 (12-86)

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

№ 2 (57)

ИБ № 4846

Басуға 15.06.2010 жылы қол қойылды.
Пішімі 70x110 1/16. Көлемі 18,93 б.т. Офсетті қағаз.
RISO басылыс. Тапсырыс № 349.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2010

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

Оразбаева А. И. ОТАНДЫҚ ӨРКЕНИЕТНАМА АХУАЛЫ ... 3
Жұмабаева Ж. К. ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ: МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ... 7
Замзаева Т. А. «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» РАДИО ГАЗЕТІ ... 12
Медерова Д. Е. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ АУЫЗША ТАРИХНАМАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ... 15
Шариязданов О. К. К ВОПРОСУ О ПОНЯТИИ «КУЛЬТУРНАЯ ЦЕННОСТЬ» ... 20
Саркұлова С. Д. ХХ ҒАСЫР БАСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН КІТАПТАР ЖӨНІНДЕ БАСПАСӨЗДЕ АЙТЫЛҒАН ПІКІР ... 27
Оржанова У. К. ВЫЗОВ ЗАПАДА И ПРОБЛЕМЫ МОДЕРНИЗАЦИИ РК ... 31
Хабижанова Г. Б. НЕКОТОРЫЕ ДАННЫЕ ОБ ИСТОРИИ РАССЕЛЕНИЯ ТЮРКСКИХ ПЛЕМЕН: КОНФЕДЕРАЦИЯ ТЕЛЕ ... 34

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Ноянов Е. Н. ҒҰН-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ МӘСЕЛЕСІ ... 39
Ақанов М. К. ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ... 42
Нығмет А. Ш. БИРА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ... 47
Хабижанова Г. Б. КИПЧАКИ И ИХ РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН ... 51

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Тоқтарбаева Г. ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ЗАР ЗАМАН АҒЫМЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНА ҚАРСЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ ... 55
Рахимкужаева Ә. Р. ПАТША ҮКІМЕТІ АГРАРЛЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕЛДЕГІ ТАРИХИ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРІП ОТЫРУЫ ... 58
Бакижанова А. Ж. ТЕРРИТОРИЯ ЗАСЕЛЕНИЯ КАЗАХОВ ВНУТРЕННЕЙ ОРДЫ ... 61
Бисембаева Л. А. XIX Ғ. 60 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЕНГІЗІЛУ СЕБЕБІ, ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ... 65
Сүгірбаева Г. Д. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК –ШЫҒЫС АЙМАҚТАРЫНА ҰЙҒЫР ДҮНГЕН, ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ ПРОЦЕСІ ... 68
Жуман Г. РАЗВИТИЕ ЗЕМЛЕДЕЛИЯ У КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ АУЛИЕ-АТИНСКОГО УЕЗДА В КОНЦЕ XIX- НАЧАЛЕ XX ВВ. (в контексте истории повседневности) ... 72
Толепбергени Ж. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ИДЕОЛОГИИ НАРОДОВ ЮЖНОГО УРАЛА И ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА (КОНЕЦ XIX-НАЧАЛО XX ВВ.) ... 77
Абдирасилова З. С. ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1861-1914 жж) ... 80
Валиева Б. Х. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЕВРЕЙСКОЙ ДИАСПОРЫ В КАЗАХСТАНЕ ... 84
Буктугутова Р. С. ПРЕДСТАВИТЕЛЬСВО НАСЕЛЕНИЯ СТЕПНОГО КРАЯ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЕ ... 87
Мұқатова Д. М. СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСҚА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ ... 91
Исмағұлов Ұ. Ш. КЕҢЕСТІК ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ МӘСЕЛЕСІ ... 94
Тоқбергенова З. С. СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ 1917 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫҢ КҮШЕЮІ КЕЗЕҢІНДЕ ... 99
Булгынбаева А. К. ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20 - ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘКІМШІЛІК - АУМАҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ... 104

Аликулова Н. С. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАС КЕЗІ ЖӘНЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН 108
Дильманов С. Д., Ахметов Ә. Қ. ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕУ ЛАГЕРЬЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ ТҰТҚЫНДАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ (ХХ ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫ) 111
Қырықбаева Э. О. ХХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХЫНАН 118
Қыдырәли Д. ТҮРІКШІЛДІК – ТҮРІК ТЕКТЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ НЕГІЗІ 124

ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сарсембина Б. К. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ (1941-1945 ЖЖ.) КЕҢЕСТІК ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 130
Манкеев Н. Б. АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚазҰПУ: АСПИРАНТУРАДА ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГ КАДРЛАР ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ (1960-1970 жж.) 134
Ахметова Ш. Қ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ 138
Тунгатарова Г. Қ., Тасилова Н. А. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 141
Махатова Л. Т. 80-ЖЖ. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ 146

ЖАЛПЫ ТАРИХ

Сыдықов А. Ж. VIII-XI ҒҒ. БҰЛҒАРЛАР МЕН ВИЗАНТИЯ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ СИПАТЫ 149
Жұматай Ғ. Б. ФРАНЦИЯНЫҢ ТРОПИКАЛЫҚ АФРИКАДАҒЫ ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ 152
Мырзабекова Р. С. РЕСЕЙДІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРІ 157
Жекенов Д. Қ. ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ – ХУ ЦЗИНЬТАО САЯСИ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 161
Джолдыбаева Ұ. ЖАҺАНДЫҚ ОРНЫҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ-АЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ 165
Бекманова Д. М. ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОГО АППАРАТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН 169
Абдирайымова А. С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ 173
Тургамбаева Ч. К. «ПРОБЛЕМЫ ГЕНЕЗИСА ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ» 175

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Елеуов М. СЫРДАРИЯНЫҢ ОРТА АҒЫСЫ МЕН ҚАРАТАУДЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ 1960 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ АШЫЛУ ТАРИХЫ 179
Горячев А. А. НОВЫЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ПОГРЕБАЛЬНОЙ ОБРЯДНОСТИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ МОГИЛЬНИКА ОЙ-ДЖАЙЛЯУ-VII В ГОРАХ КИНДЫКТАС 191
Кәдірімбетова Н. Н. САРЫАРҚАДАҒЫ ТҮРК ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ 203
Спинова Е. В. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ Н.Н.ПАНТУСОВА 205
Қожа М., Есжан Е. М.Е. МАССОННЫҢ ТАРАЗ АЙМАҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ 208
Есжан Ержан АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ М.Е. МАССОННЫҢ КЕҢЕСТЕРІ 210
Манапова Ә. М. Ә. Х. МАРҒҰЛАН ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ 213
Солтиева Б. Ш. ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕГІ КЕЙБІР ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕР ТАРИХЫНАН 216
Есбергенова Б. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАРТАС БЕТТЕРІНДЕГІ ТҮРКТІК БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ 221
Баширов С. М. ХУДОЖЕСТВЕННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОГО ШЕЙНОГО УКРАШЕНИЯ КАРГЫ ИЛИ ТАМАКША КОНЦА XIX - НАЧАЛА XX ВВ. 225
Шкляева С. А. К ИСТОРИИ ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА 227
Магеррамова С. С. ТРАДИЦИОННАЯ МУЖСКАЯ И ЖЕНСКАЯ ОДЕЖДА ЮГО-ВОСТОЧНЫХ РАЙОНОВ МАЛОГО КАВКАЗА XIX-НАЧАЛА XX ВЕКОВ (По материалам Кельбаджарского, Лачинского, Кубатлинского, Зангеланского, Джебраильского и Физулинского районов Азербайджанской Республики) 230
Примкулова Г. Ж. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ МЕН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРІ (ОҢТҮСТІК АЙМАҚ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ) 234
Тургунбаев Е. М. ШЕЖІРЕДЕГІ БІРТҰТАС ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫ 239
Тургунбаев Е. М. ШЕЖІРЕ – ПОТЕСТАРЛЫ-САЯСИ ҚҰРЫЛЫМ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ БЕРЕТІН ДЕРЕК 243
Бекенжанова А. А. ИРАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КИІМ ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР 247

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Солтиева Б. Ш. ЕЛ ҚОРҒАҒАН – БАТЫР ӘУЛИЕЛЕР 252
Бексеитова А. Т. ҚАРҚАРАЛЫ ОКРУГІ ЖӘНЕ АҒА СҰЛТАН ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ 258
Әмірханов М. Б. Н.Д. ОҢДАСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ АТҚАРҒАН РОЛІ 262
Мамбетов Б. М. САҚТАҒАН БӘЙІШҰЛЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛДЫ 265

МҰРАЖАЙ ІСІ

Мұстапаева Д. XIX-XX Ғ.Ғ. БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ДАМЫҒАН КӘСІПШІЛІК ТҮРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МҰРАЖАЙ ЖӘДІГЕРЛЕРІ 269
Есеналина Ж. С. РОЛЬ МУЗЕЯ ОБЩЕСТВА АРХЕОЛОГИИ, ИСТОРИИ И ЭТНОГРАФИИ ПРИ КАЗАНСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА (В КОНЦЕ XIX-НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ) 272

МАГИСТРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР

Құмғанбаев Ж. Ж. ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ... 277
Оспанов Е. Б. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫЗЫЛҚАЛА АЙМАҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ... 281
Құрмет Володя ҚР ОММ ТАРИХЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ҚОРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ ... 283
Жүсіп В. Б. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ (ХІХ Ғ. АЯҒЫ – ХХ Ғ. БАСЫ) ДІНИ ОТАРЛАУ ТАРИХЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ ... 288
Тлеукабылова А. Т. МУСУЛЬМАНСКАЯ ФРАКЦИЯ I И II ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ (1906 -1907 ГГ.) ... 291
Саниязов Е. ХХ ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ... 294
Бөбекбай М. ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ... 297
Байдаулетова М. Д. ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ (ХІХ Ғ. СОҢЫ – ХХ Ғ. БАСЫ) ... 300
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР ... 304

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

А. И. Оразбаева

ОТАНДЫҚ ӨРКЕНИЕТНАМА АХУАЛЫ

Отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі даму қарқыны ғылыми қауым ізденістерінің негізінен алғанда, қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің сан қырлы заңдылықтарын ашуға қабілетті жаңа зерттелім әдістері мен әдістемелері бағытында үдей түсуімен айқындала алады. Бұл орайда байқалар ең басты өзгеріс, өңі ескірген қағидалар, алдын ала ұйғарылған үлгілер мен қасаң қалыптардан қол үзу, фактология мен тарихты «жансыз» даталар мен оқиғалардың, жеңістер мен сәтсіздіктердің таусылмас тізімдемесі ретінде ұғынудан бас тарту болса керек. Осы тұсқа дейін формациялық тәсілдің үстемдік ету нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық үдерістерді зерттеуге дағдыланған жасанды тағылым отандық зерттеушілерді күрделі әрі алуан түрлі болып келер бірқатар тарихи феномендерді тиісті дәрежеде зерделеуге кедергі болғаны белгілі жағдай.

Демек, қазіргі заманғы тарихнама ахуалы әлеуметтікмәдени және зиятты тарихтың бірлігіне негізделген тарихи мәдениет пен тарихи дәстүрдің тұтастай феноменін кешенді зерттеумен сипатталады деп тұжырымдауға тұрарлық. Бұл, өз кезегінде, зиятты жүйе құбылыстарын қоғамның рухани өмірінің әлеуметтік тәжірибесі, тарихи ментальдық және ортақ үрдістердің кең ауқымы тұрғысынан өркениетнамалық талдама жасауды білдірсе керек. Ділді, тарихи мифтер мен аңыздарды, әдеттегі сананы өзгертудің әр кезеңдегі үдерісін, ұрпақтардың келешек тарихи жадына бағытталған қалыптасу, жаңарту мен жалғау тұтқаларын –тарихи өткен шақтың көрнекті тұлғалары мен құбылыстарына қатысты оқиғаларды үйреншікті қабылдаудың, ұғынудың, пайымдау мен пікірлердің жиынтығын міне, тап осы тұрғыдан қарастырған жөн.

Постмодернизмді әлеуметтік ілімдер қатарына жататын тарихнаманың сан алуан тарамдары арасында салыстырмалы өркениеттер ілімі бүгінгі күні өзіне ғылыми ғана емес, сонымен қатар белгілі бір дәстүр өзегіне шоғырланған жекелеген жергілікті мәдениеттер мен өркениеттердің даму мүмкіндігін, мәдени және дүниетанымдық мәндерді ішінара үйлестіре білу артықшылығы арқасында, дамудың батыстық жолының статус-кво әмбебаптығын мойындауға қарамастан олардың өз тағдырына құқылығын тек танумен шектелмей, таңа білуге қабілетті ұстанымдарын нығайта түсуде. Атап айтқанда, мұндай тұжырым жасауға шетелдік, сонымен қатар отандық қазіргі заманғы тарихнамада байқалатын өркениеттік тәсілге деген қызығушылықтың айтарлықтай көрініс табуы ықпал етеді. Бұрынғы идеологиялық кеңістікте өз танымы пәнін әркелкі түсіндіруге орай біршама абдыраушылыққа душар болған қазіргі заманғы зерттеушілерге, өркениеттік парадигмаға жүгіну арқылы, адамзат үшін барлық кезеңде өзекті болып келген «саналуанды тұтастық» идеясының мызғымас маңыздылығын дәлелдеуге мүмкіндік туды. Себебі, өркениеттер-

дің салыстырмалы ілімінің әмбебаптылығы адамзат қауымының жалпы әлемдік дамуының логикасы тұрғысында рухтас-туыстас мәдениеттер дүниетанымы мен құндылықтар жүйесінің өзіндік ерекшелігін, сол арқылы тарихи үдерістің жергілікті нұсқаларының көпқырлылығын, көпмәнділігін, полифониясын танудың құралы бола отырып, кешенді зерттеулерге жол ашты.

Шын мәнінде, адамзат санасының ежелден тамырына сіңіп қалған «біз» және «олар», «біздікі» және «бөтен», «жақын» және «бөгде» әлем тәрізді ажыратпа ұғымдарды аттап кету мүмкін емес. Тарихтың саналуандығы – дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Адамзат тарихы – бұл көптеген ұлт пен ұлыстардың, елдер мен мемлекеттердің, мәдениеттер мен өркениеттердің тарихы, әртүрлі дәуірлер мен мен олардың алмасуының, белгілі бір өңір билігіне мемлекетаралық күрестердің, соғыстар мен революциялардың тарихы. Демек, өткенге көзқарастың басты мақсаты – оның нақты плюрализмін түсіну. Бүкіләлемдік тарихтың бірізділігін қанша жерден тиянақтағанмен, ол ең алдымен адамзат қауымдастықтарының нақты тарихынан құралатынын естен шығармаған абзал. Расында, әрбір ел, әр халықтың бөтен елдер мен халықтардың тарихымен өлшенбейтін және оған ұқсамайтын тек өзіндік тарихи сара жолы болуы хақ. Тарих біртұтастығы жайлы қайталай бергенмен, вавилон патшаларының шығыстық билік үлгісі (деспотизм) мен ежелгі грек халық билігі (демократияны), латын жазуы мен ежелгі түркі жазбаларын, егіншілік мәдениеттерінің техногендік («қолмен ұстап, сезіп-тану») тарихы мен көшпелі халықтардың космогенді («жадында сақтау арқылы тану») тарихын бір қатарға қою қателік. Батыс пен Шығыстың, Еуропа мен Азияның арасындағы басты: мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси, дүниетанымдық айырмашылықтар «тайға таңба басқандай» айқын.

Демек, өркениеттік парадигма еуразия далалық аймағы көшпелілер өркениеті мәдени мұрасының тарихи мирасқоры ретіндегі Қазақстанның өзіне тән ерекшелігіне қатысты компаративті талдау мен жинақтап қорытуға үлкен мүмкіндік береді. Халқымыздың тарихи дамуының ерекшеліктерін айқындау, төл мәдениетін айқындау және оны болашақта насихаттау біз үшін «ар-намыс ісі». Тек осы бағдарды басшылыққа ала отырып, келешекте мәдени отарлау салдарын түбірімен жоюға қол жеткізуге болады: «Ендігі жерде, этнология ғылымның күш-қуаты біздің қолымызға тиген сәтте, сондай-ақ біз суперэтностар арасындағы көзге көрінбейтін бір-бірін ұнату мен жаратпаушылықтарды ұғынған тұста, - деп жазды Л.Н.Гумилев, - далалық халықтардың «кемшілігі» туралы мәселеде і-ғәріпінің үстіне нүкте қояр және бүкіл әлем – Еуропаның тек варварлық шеткері аймағы дейтін ауроцентризмнің теріс танымының бекерлігін түйсінер кез келіп жетті»/1/. (ауд. – А.О.)

Салыстырмалы өркениеттер ілімінде көшпелі қоғам тарихына талдау жасалмауы салдарынан, сонымен бірге, аталмыш теория негізін қалаушылардың ортакеңістік мекенденушілері өркениеттілік бастауына мән бермеуіне (Батыс пен Шығыстан оқшау) қарамастан, біз, «аймақтық өркениеттер» тұжырымдамасының, әлеуметтік мәдени дамудың өзіне тиесілі ерекшелігін бүгінгі күнге дейін мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешуде ескеріліп отырған дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымдық-жүйелілік әлеуметтік байланысының мәнді-сипатты қырларын айқындауға және түсіндіруге биімділігіне сеніміз мол.

Қазіргі таңда жаңа мұрағаттық қорлардың ашылу нәтижесінде, отандық зерттеушілердің жаһандық тарихтың жаңа тәсіл-тұжырымдамаларымен таныса бастауы төл тарихымыз бен мәдениетіміздің оқиғаларын көп жағдайда жаңаша бағалауға мүмкіндік береді дейтұрғанмен, бұл белес – ғасырлар бойы жинақталған, қорытындыланған және жүйелендірілген, ойкуменаның осы бөлігінің мәдениет мирасқорлары жайлы саналуан білімді бір арнаға тоғыстырған ғылыми ой-сананың орасан зор мұрасынан бас тартуды білдірмесе керек! Халқымыздың тарихи жадында сақталған әлеуметтікмәдени феномендерді зерттеуде аса құнды қайнаркөз болып ең алдымен, көрнекті орыс, қазақ шығыстанушыларының, қазақстандық ғалымдардың іргелі ғылыми еңбектері, өткен дәуірдегі элитарлық (бекзаттық) және халық мәдениетіне тиесілі ұғынымдардың әлеуметтік болмысы мен олардың қоғамдық өмірдегі және индивидтер мен топтардың саяси бағыт-бағдарындағы рөлін шынайы қалпында немесе өзгерісті түрде бейнелейтін тарихи, публицистикалық және көркем әдебиеттің кең ауқымды үлгілері танылу қажеттілігін естен шығармауымыз шарт. Сонымен, бұл орайда әңгіме, тұтастай алғанда тарих ғылымы, оның ішінде отандық тарих ғылымы, қазіргі сәтте әлеуметтіктабиғи организм дамуының терең қабаттары мен ішкі тетіктерін зерттеу арқылы өркениеттік ерекшеліктерді айқындауға өту кезеңі төңірегінде өрбітілуде...

Қазіргі таңда тарих ғылымында тарихи даму мазмұны, тарихи таным логикасы мен әдістемесі жайлы ғалымдар түсінігінің өзгеріске ұшырауы-

на орай тарихшы-зерттеушілерді тарихтың ілімдік мәселелеріне онша мән бере қоймайтын, өз қорытындыларын нақты дереккөздер негізінде тұжырымдаушы «тәжірибеші кәсіби тарихшылар» мен көбінесе, тарихтың ілімдік мәселелерімен шұғылданатын, пәннің көп факторлығы мен проблемалардың көп аспектілігін абстрактілеу арқылы философиялық синергетика идеясын пайдалана отырып, жекелеген мәдениеттер мен өркениеттер тарихының даму жолдары баламалығын дәлелдеумен әрекеттенуші «тарих талдаушы-әдіскерлер», немесе басқаша айтқанда, «тарихшы-эпистемологтарға» бөле қарастыру әдеті қалыптасуда. Олардың басым бөлігі әлі күнге дейін «тарих тек мәтіндер негізінде зерттеледі» деген ежелден қалыптасқан қағидаға сүйенеді. Бәлкім, мұның өзі ақиқат болар. Дегенмен, адамзаттың «жазу-сызусыз» бағзы заманын қалпына қайта келтіру фактісі ғылыми әлем марғасқаларының бірі Л.Феврді бұл тұжырымның қауіптілігі жөнінде ойға жетелеген (сонау заманнан Сөз қадір-қасиетін ерекше қастерлеген еуразия даласы көшпенділері тарихын зерттеудегі аталмыш теңеудің жағымсыз салдарына сілтеме жасаудың өзі артық болар деген ойдамыз): «әралуан ландшафттарды мұқият бақылау, жақын және алыс географиялық байланыстарды жете түсіну, көптеген ұрпақтардың қажырлы еңбегі арқасында адамзаттанған жерде қалдырған із-мұрасын зерттеумен біржолата қош айтысу үшін бұл формуланы сол қалпында қабылдаудың өзі-ақ жеткілікті...»/2/. (ауд. – А.О.) Ойшыл пікірі әсіресе қазіргі кезде тарихшы зерттеушілердің оның төмендегідей: «Тарихшылар, ең алдымен – өмір сүріңдер. Өмірге араласыңдар. Рухани өмірдің саналуандығына мән қойыңдар. Географ, заңгер, социолог және психолог болыңдар; физикалық дүниеде бас айналдырар жылдамдықпен жаңарып жатқан ұлы ағымға көз жұма қарамаңдар!» (ауд. – А.О.) деген өсиетіне айрықша ден қоя отырып, фактілерді іздеумен, іріктеумен, дәлелдеумен және баяндаумен шектеліп қалмай, керісінше неғұрлым нәзік рухани «жанды» материалмен айналысу қажеттілігін түйсініп, ең алдымен Адам және оның іс-әрекеті, қайраткерлігі мен жоғары өнегелік бастамалары жайлы ғылымға бет бұра бастады.

Демек, бүгінде «таза кәсіби» тарихшы күйін сақтап қалу қиын шаруа, себебі көлденең тартылған жаңа заман талабына сақадай сай болу үшін, негізіне аталмыш өркениет теориясы алынған ғылыми зерттеудің плюралистік әдісін қолдану арқылы әмбебап білімді меңгеру шарт.

Өркениетнама Қазақстан ғылымы үшін – жаңа әрі түпкілікті игерілмеген бағыт. Қазіргі сәтте ол отандық ғылымда өзінің қалыптасу сатысын бастан кешіруде. Көптеген отандық зерттеушілер өркениет іліміне әлі де болса қауіптене әрі сенімсіздікпен қарайды, өйткені, оны идеологиялық құйтырқылықпен жасалған кезекті қондырма «ноу-хау» деп қабылдайды, және мұның өзі негізсіз де емес. Тіпті таяу уақытқа дейін ең болмағанда «шағын» халықтар ретінде есепке алынбай, көзтасада қалып, ал ескеріле қалған жағдайда, мәдениетті елдерді «талқандаушылар», «ойрандаушылар» рөлінде қарастырылып келген еуразия көшпенділеріне аталмыш өркениеттер ілімінде де тиісті дәрежеде назар аударыла қоймаған.

Өркениетнамада көшпенділер қоғамының өркениеттілік құрылымына талдау жасалмау себебі біздің ойымызша, өркениеттер теориясының Батыс ғылыми ой-санасының нәтижесі болып табылуымен түсіндіріле алады. Сондықтан да ол әу бастан ең алдымен батыс қоғамдарының өркениеттері мен мәдениеттерін зерттеуге дағдыланған, дейтұрғанмен біз одан алғаш рет еуропацентристік үрдістер мен дихотомикалық тәсілдердің жарамсыздығы жайлы ғылыми дәлелдеулерді кездестіреміз. Отандық ғалымдарымыз халқымыздың тарихы мен мәдениетін зерттеудің дербес нақты теориясы мен әдістемелері болмауына орай, белгілі ғылыми парадигмалардың бүкіләлемдік үлгілері арасында әмбебап-плюралистік ілімге, оның ішінде дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтікмәдени сипаттамалар заңдылығының пайда болу және одан әрі дамуының ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге қабілетті өркениеттер ілімі жүгіне алады.

Өркениетнама саласындағы отандық ғалымдарымыздың ізденістері негінен алғанда, жергілікті өркениет түрінің атауына сәйкес келер терминді анықтауға қатысты мәселелер, өркениетті қайнаркөздерді зерттеу, қазақ өркениетінің өзіне тән ерекшелігін айқындау, әлеуметтікмәдени феномендерді сипаттау, қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің өркениетті өлшемдерінің критерийлерін анықтау төңірегінде шоғырланған.

Отандық ғалымдар ұсынып отырған:, «көшпелі өркениет»/3/, «дала өркениеті»/4/, «мал шаруашылығы өркениеті», «әскери-көшпенді өркениет», «салт атты-көшпелі өркениет»/5/, «түркі өркениеті»/6/, «қазақ өркениеті»/7/, «орталық Ұлы дала өркениеті», «еуразиялық өркениет» терминдері тұтастай алғанда, біржақтылығымен ақаулы, өйткені, дефинацияны

анықтау барысында тек бір жалғыз факторды алға тартып, арқау етеді.

Мәселен, құлағымызға үйреншікті болып қалған аталмыш: «көшпелі өркениет», «мал шаруашылығы өркениеті», «номадтар өркениеті», «салт атты-көшпелі өркениет», «әскери-көшпенді өркениет» атаулы ұғымдардың негізінде ежелгі заманнан бергі Қазақстан аумағын қоныстанушылардың айрықша шаруашылық-экономикалық қызметі жатыр. Десек те, мәселе мәнісіне, сонымен қатар айрықша әлеуметтік-мәдени жүйе, ауқымды дәстүр, ата-баба дүниетанымының мән-маңызы, адамның тіршілік ету ортасының негізгі жағдайында бейімделуіне тән ерекшелігі бар нысан ретінде «жаратылыс-табиғи және әлеуметтік-экономикалық үдерістердің нысаны» жатқызылуы шарт. Әрине, бұл орайда сондай-ақ әлемнің 30 елінде жер шарының 1/5 бөлігін қоныстанған, бүгінде жалпы саны 40 миллиондай адам болатын көшпелі өмір салтын ұстанушы басқа да этнос өкілдерінің бар екендігін естен шығармауымыз керек. Қазіргі кезде ғалымдар мал шаруашылығы құрамы, шаруашылыққа маманданудың қосалқы түрлері, көшу типтері, материалдық мәдениеті, әлеуметтік ұйым дамуының нысандары және дәрежесі, нормативтері және өмір сүру салтымен ерекшеленетін жергілікті көшпенді мегаөркениеттерді белгілеудің бес нұсқасын ұсынып отыр: «Еуразия даласындағы көшпенділерді – жылқы өсірушілер, солтүстік африкандық және алдыңғы азиялық номадтарды – түйе өсірушілер, Тибеттің биік таулы аймағындағы малшыларды – қодас өсірушілер, Анд – лама (түйе тұқымдас жануар) өсірушілер, Оңтүстік Африка мал шаруашылығымен айналысушыларын – сиыр бағушылар және, ақыр соңында, солтүстік азиялық тундра халықтарын – бұғы өсірушілер»/8/. Айта кетер жәйт, алғашқы екі нұсқада ғалымдар көшпенділердің жауынгерлік рухына негізделген, және басқарудың ерекше нысаны – әскери демократияны құруға мүмкіндік берген салт аттылықтың таралуына мән береді.

Сонымен қатар Қазақстан территориясындағы көшпенділердің өзіне тән антропогеожүйе мұнда таза көшпенділікпен қатар, шаруашылық жүргізудің жартылай көшпелі, жартылай отырықшы түрлерінің өзара үйлесімілігіне жағдай жасады. Сондықтан біз еуразиялық кеңістіктен еуразия далалық аймағы көшпенділер өркениетін бөліп қарастыруды дұрыс деп санаймыз.

Әрбір қазақ үшін «дала», «Ұлы дала» ұғымы оның жанына жылы әрі жақын болып келеді, шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап даланы ол Отаным деп сезініп, оны өз ата-бабасының ұлылығы, халқының тарихы мен мәдениетінің мекені ретінде түйсінеді, өз дүниетанымын даламен генетикалық тұрғыдан байланыстыра қабылдайды. «Сарыарқа», «Бетпақдала» атаулары қазақта ұлықтық пен өрліктің, кең жазира мен шексіздіктің сезімін туғызады, ол өзінің жан-дүниесіне бағзы заман жаңғырығын жеткізер сайын даланың үніне құлақ түреді, яғни «дала өркениеті» термині тек қана кеңістік-географиялық шаманы білдіріп қоймай, сонымен қатар қазақ халқының ішкі жан-дүниесінің мән-мағынасын түйсінуге жол ашады. Сайып келгенде, осы терминді ұсынған беделді ғалымдардың пікірлерімен толығымен келісуге болады десек те, бұл атау да өз кезегінде кейбір нақтылауды қажет етеді, себебі, таза ғылыми тұрғыдан қарастырар болсақ:

біріншіден, географтар «дала» ұғымын тек Қазақстанға ғана қатысты емес, басқа да құрлықтарға, мәселен, Солтүстік Америка, Араб түбегі, Оңтүстік-Шығыс Азия, Австралияға тән қоңыржай белдеулер табиғатына жатқызады, сондықтан бізбен қатар бұл ұғым тарихи-географиялық терминология ретінде өзге де мәдениеттер қолданысында пайдаланылуы мүмкін;

екіншіден, аталмыш термин шартты түрде алынған, өйткені 8 мыңнан астам шақырымға созылып жатқан Еуразия құрлығының далалық аймағында азональды ландшафт көп кездеседі: таулы жоталар, өзен аңғарлары, ормандар мен шөл дала;

үшіншіден, өркениетнама зерттеушілері арасында өзен аңғарлары (өркениет ошақтарының көп кездесуіне шартты) теңіз жағалауы (миной, эллин, индонезия, полинезия), таулы өлке және үстірт; дала, шөл дала және алқаптар өркениеттеріне топтастыра қарастыру орын алғанымен, ғылыми айналымда, әдетте, мәселен «өзен аңғарлары өркениеті» терминіне жүгінуден гөрі, көбінесе «ежелгі египет», «шумер», «ежелгі қытай» және т.с.с. аталымдары жиірек кездеседі.

Және, төртіншіден, тарихи мәтінге тікелей қатысты аталған ұғымдарды қолдану барысында, кейбір сәйкессіздіктер кезігеді. «Дала өркениеті» ұғымы аталмыш жергілікті өркениетінің көшпенділікті мәнді сипаттамасын өзгерте алмайды.

Әлем ғалымдары ұсынып отырған: «түркі өркениеті» және «қазақ өркениеті» терминдеріне қатысты ойымызды ортаға салар болсақ, олардың алғашқысын қолданыста пайдалану аталмыш ұғым мән-мазмұны шекарасының тым кеңейіп кетуіне әкеледі. Әлемнің 1/3 бөлігін құраушы түркі тілдес топтар қатарына қазақпен қатар қырықтан астам халықтар жататындығы

баршылыққа мәлім дейтұрғанмен, бұл әрине түркі Елінің Қазақстан территориясында бірігетұтастану тарихи фактісін терістей алмайды.

Ұсынылушы екінші термин неғұрлым нақтылау көрінгенмен, керісінше тым тар мағына білдіреді. Мазмұнының тікелей қазіргі заманмен үйлесімділігіне қарамастан, аталмыш ұғым өткен тарихпен байланыстың кейбір қырларын шектеп тастайды, өйткені, жазбаша деректерге сәйкес «қазақ» этнонимі кең ауқымда тек XIV ғасырдан бастап қолданысқа ене бастаса, «Қазақстан» термині одан екі ғасыр кенже пайдаланылғаны мәлім. Сондай-ақ, өркениеттер теориясына сай, өркениет дегеніміз «мәдени супержүйе... олар мемлекетпен, ұлтпен немесе кез келген басқа әлеуметтік топпен сәйкестендіруге келмейді. Әдетте бұл мәдени мәннің шекарасы ұлттық, саяси немесе діни бірліктердің географиялық шекарасынан асып түсіп жатады»/9/. Сондықтан әлемдік ғылыми ой-сана шеңберінде «орыс», қазақ», «өзбек» және т.б. іспеттес өркениеттерді бөле қарастыру ағаттық саналуы ықтимал.

Өркениетнама зерттеушілерінің ұйғарымына сай, «өркениеттің өзінен ажырамас қасиетін аумақтың ықшамдығы, саяси құрылыс пен шаруашылық жүргізу типтерінің бар болуы, нәсілдік, ұлттық, тілдік, діни тәрізді қауымдастықтардың «жиынтығы»/10/, және, ең соңында, адамдардың мінез-құлқын реттейтін тарихи заңдардың, өнегеліліктің, салттардың, құқықтық нормалардың, этикалық қалыптардың қауымдастығы сияқты сапалардың белгілі бір ауқымын (басым бөлігіне орай) иелену деп есептеген жөн. Олардың ішінде өркениеттік жүйе қалыптастыршы факторларына қауымдастықтың экономикалық, діни (идеологиялық), ұлттық - «бірінші типті» деп танылушы сапалармен қатар, сондай-ақ «екінші», географиялық жағдай, табиғи орта, мемлекеттік-саяси институттардың құрылымы тәрізді қосымша типтер жатады. Бұл орайда қауымдастықтың бірінші типінің біріктіруші негізі екіншісіне қарағанда неғұрлым күшті деп есептеледі, бірақ тип басымдылығы көптеген тарихи жағдайларға байланысты мейлінше салыстырмалы болып келеді. Сондықтан өркениеттің белгілі бір типінің атауын анықтауда олардың екеуін біріктіруге жол беріледі.

Қорыта айтқанда, жоғарыда әңгіме болған қазіргі отандық өркениетнаманың категориялық аппаратына, дәстүрлі қазақ қоғамының маңызды деген әлеуметтікмәдени сипаттамаларына жауап бере алар, және оның мәні мен мазмұны танымын одан әрі қарай тереңдете түсуге ықпал етер неғұрлым ыңғайлы *«еуразия далалық аймағы көшпелілер өркениеті»* ұғымын енгізу орынды.

1. Гумилев Л.Н. Черная легенда. Друзья и недруги Великой степи. – М.: Экопрос, 1994. – С.35.

2. Февр Л. Бои за историю /Пер.А.А.Бобовича и др. – М.:Наука, 1991. – С.12

3. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. – Алматы: «Социнвест» - Москва: «Горизонт», 1995.

4. Байпаков К.М. «Степная цивилизация Казахстана: взаимодействие скотоводческих и оседлых культур // Казахская цивилизация. – 2002. №2-3. – С.49.

5. Акатай С. Колесо истории не повернуть вспять. К вопросу о формировании и закате конно-кочевой цивилизации //Мысль. – 2001. -№8 – С. 76-77.

6. Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Материалы научно-теоретической международной конференции, посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан, Астана 18-19 мая 2001 года. – Алматы: Gylym, 2001.

7. Казахская цивилизация в контексте мирового исторического процесса (матер. межд. науч. конф. 7-8 июля 2003 г.). – Алматы, 2003.

8. Крадин Н.Н. Кочевничество в цивилизационном и формационном развитии //Цивилизации. – Вып.3. –М.: Наука, 1995. – С. 166.

9. Сравнительное изучение цивилизаций. Хрестоматия. –М.: Аспект-Пресс, 2001. – С.47.

10. Черняк Е.Б. Цивилиография. – М.: Междунар. отношения, 1996. – С.179.

* * *

Согласно мнению автора настоящей статьи, современная историографическая ситуация связана с комплексным исследованием целостного феномена исторической культуры и исторической традиции, что предполагает цивилизационный анализ явлений интеллектуальной сферы в широком контексте социального опыта, исторической ментальности и общих процессов духовной жизни общества. Цивилизационная парадигма может предоставить большие возможности для компаративного анализа и обобщений касательно своеобразия Казахстана как исторического преемника культурного наследия цивилизации кочевников евразийских степей.

* * *

According to opinion of the author of present article, the modern historiographic situation is connected with complex research of a complete phenomenon of historical culture and historical tradition that assumes the civilizational analysis of the phenomena of intellectual sphere in a wide context of social experience, historical mentality and the general processes of a spiritual life of a society. The civilizational paradigm can give the big possibilities for the comparative analysis and generalisations concerning an originality of Kazakhstan as historical successor of a cultural heritage of a civilisation of nomads of the Euroasian steppes.

Ж. К. Жұмабаева

ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ: МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ

Кеңестік кезеңде тарихты саяси, конъюнтуралық мақсаттардың құралы ретінде пайдалану тарихты жазу мен пайымдаудағы қателіктерге әкеп соқтырып қана қоймай, қазақстандық тарихнаманы ресейлік және әлемдік деңгейден әлдеқайда артта қалдырды. Қазір дүниежүзілік тарих ғылымы, кәсіби және ғылыми әдістерді, зерттеу теориясын күрделілендіру арқылы методологиялық, технологиялық жағынан алға кетті.

Осыған орай, бүгінде, тарихтың теориялық-методологиялық проблемаларына маңыз беріліп, өткенді зерттеудің біржақты сипатынан, жоғарыдан таңылған идеологиялық ұстанымдардан бас тарту және балама концепцияларды іздестіруге айрықша маңыз берілуде.

Өйткені тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы кеңестік кезеңде рұқсат етілмеген тақырыптарды зерттеуге маңыз беріп, «ақтаңдақтар» ақиқаты ашылды. «Ақтаңдақтар концепциясы» бұрынғы формациялық тарихнамалық концепцияның орнын басты. Бұл әрбір тарихшыға уақыт талабына сай болуға зор мүмкіндіктер берді. Мұрағаттардың бұрынғы «жабық» қорларындағы деректерді қолданып, қазақстандық кеңестік кезең тарихының шындығы ашылып, тек 1991-2002 жж. қорғалған докторлық, кандидаттық диссертациялар саны 776 жетті [4, бб.81-137.], бұл кеңестік кезеңдегі (1935-1990 жж.) 55 жылдағы барлық зерттеулердің(1030) [4,бб.7 -80.] 75,3%-н құрады.

Алайда «ақтаңдақтар» мен «проблемаларды» ашу тарихи-методологиялық жағынан зерделеумен қатар жүрмегендіктен, бұл кезеңдегі интеллектуалдық сілкініс тарихнаманы жаңа сапалық деңгейге көтере алмады. Қазақстандық тарихшылар тарихнамада әлем, батыс білмейтін негіздер мен жаңалық ашқан жоқ. Тек өткенді бағалаудың құндылықтық жүйесі ғана өзгерді.

Осылайша, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тарихтың қоғамдағы өзгерістерге ықпал ету мүмкіндіктері асыра бағаланды. Тарихшылар еңбектерінде ашылған кеңес дәуірінің шындығы мен қазақтың ежелгі тарихын зерттеуге деген құлшыныс қоғамдағы белсенділікті арттыруға емес, өткенді танудың мүмкіндігіне күдікті күшейтті. Осыны тарих оқулықтарының мазмұны туралы пікірталастардың толастамауы және қазақ мемлекеттігінің тарихы төңірегіндегі дау-дамай көрсетіп отыр. Әсіресе тарихи публицистика кең қанат жайды. Ол көптеген танымал, бірақ ғылыми жағынан кемшін еңбектер шығып, қоғамдық санаға өз әсерін тигізді[7]. *Қазақ тарихындағы «миф құрау» деп аталған бұл құбылыстың посткеңестік дәуірде орын алғаны шындық. Оны ақтауға да , даттауға да болады.* Себебі тарих пен мифті бір-біріне қарсы қоюға болмайды [9]. Оны ойлап тапқан біз ғана емес, әлемдік тарихтың бастамасында миф тұрғаны бізге ежелгі грек пен рим тарихнамасынан белгілі. Мәселе, мифтің рационалдық мәнін тауып, бұлтартпас деректермен дәлелдеуде жатыр. Оны теориялық- методологиялық ғылыми негіздерге сүйенген, зерттеудің шектеусіз әдіс-тәсілдерін меңгерген кәсіби тарихшылар жүзеге асыра алады.

Миф немесе «фольк хистори» проблемасына кәсіби тарихшылардың көзқарасы айқын [10]. Десек те, қазақстандық белгілі тарихшылар А.Ж. Абылхожин, Н.Е.Масанов(марқұм), И. Ерофеевалардың бұл мәселедегі көзқарастары оқшаулау көрінді. Олардың пікір-тұжырымдарында европалық құндылықтарға құлай берушілік байқалып-ақ тұр, оларда қазақ тарихының проблемаларын жалпыадамзаттық принциптерге сәйкес бағалауға тырысушылық пен қоғамдағы өткен тарихқа қызығушылықты құбыжық етіп көрсетуге ұмтылушылық бар. Әсіресе, танымал тарихшы А.Ж. Абылхожиннің батыс қоғамындағы бұқаралық психологиялық іс-әрекеттердің Қазақстандағы аналогиясын іздеуін, жергілікті халықтың көпшілігін маргиналдық топтарға теңегенін түсіне алмадық[3, б.31-40]. Кітаптың өзге тарауларын жазған тарихшылар Н. Масанов(марқұм) мен И.Ерофееваның методологиялық проблемалар туралы тұжырымдарымен [3,б.52-224] негізінен келісуге болады.

Осы «Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана» атты зерттеудің Германияның Ф. Эберт Қорының тапсырмасымен жазылуы, бүгінде қазақ тарихына шетелдік ғалымдар тарапынан қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл қордың Орталық Азия елдері бойынша жобалаушы- координаторы, тарих ғылымының докторы Райнхард Крумм «белгілі бір елдің жү-

ріп өткен тарихын, процесін талдау мақсаты тек осы ел азаматтарына жүктелуі тиіс» деген ұғыммен келіспейтіндігін айта отырып, бұл мақсатты орындаудың қазақ емес ұлт өкілдеріне немесе шетелдіктерге берілуін де мақұлдап, өз ойын төмендегіше тұжырымдайды: «Біздің заманымызда сыртқы көзқарастың айрықша болуға құқығы бар. Мемлекет немесе аймақ өз тарихын сол тақырыпты жетік білетін, бірақ сол елдің азаматы емес ғылым қайраткерлерінің еңбектері арқылы зерттей алады» [3,б.7.].

Бұл процестер қазақстандық тарихнамадағы ұлттық концептуалдық принциптермен қатар жалпыадамзаттық, жаһандық негіздердің орын ала бастағанын көрсетеді.

Әрине, ғылыми білім шексіз, Қазақстандағы өткен тарихты, тіпті қазір жүріп жатқан тарихи процестерді шетелдік мамандардың талдауына ешкім шек қоя алмайды. Өйткені, «сырт көз сыншыл» демекші, кейде қызықты ой мен жаңаша идея беруі де мүмкін. Дегенмен, әрбір ел өз тарихын өз бетінше зерттеуге, оны болашақ ұрпағына аманат етуге құқылы, демократия үшін саяси плюрализм қандай құнды болса, әлемдік тарихнама үшін де ұлттық тарихнамалар да сондай роль атқарады.

Сондықтан да, мыңжылдықтар ауысқан, түбегейлі геосаяси өзгеріс пен жаһандану кезеңінде ұлттық тарихты әлемдік тарихи үрдіспен байланыстыру тарихшы үшін оңай емес. Өйткені **жаһандану** мен **ұлттық ерекшелік** бір-біріне қарсы ұғымдар. Мұндай кезде саяси билік пен саясат тарих алдына нақты мақсат қойып, оның қоғамға тәуелділігін дәлелдейді. Сондықтан *ұлттық тарихты дамыту мәселес*і мен *тарихшының* бүгінгі және болашақ *қызметі* биліктің оған қояр талабы мен міндетіне және тарихшы кәсібінің маңызын бағалауына тығыз байланысты.

Қазақстандық тарих ғылымының дамуы үшін қазір тарихи таным тәсілдерін меңгерген, теориялық жағынан мықты, тарихи білім сатыларын, дейгейлерін анықтай алатын зерттеушілерді дайындау мәселесі кезек күттірмейді. Олай болмағанда қазақтың тарихын *қазақ жаза алмайды* деген желеумен **өзгелердің жазу дәстүрі жалғаса береді**. Сонымен қатар, қазақ тілінен басқа тілді білмейтін, өресі шектеулі мамандармен алысқа барар алмасымыз да анық. **Өкінішке қарай, қазақстандық тарихнамадағы зерттеулерде оқиғаларды сипаттау мен баяндау жағы басым екендігі жаңалық емес**, оны мойындап қана қоймай, оның себептерін ашу арқылы бұл жағдайдан шығу жолдарын да айқындауымыз қажет.

Шындығында, қазіргі тарих ғылымында, оның ішінде, қазақстандық тарихнамадағы қалыптасқан жағдай бұрынғы кеңестік жүйенің салдары екені белгілі. Кеңестік тарихнамада әлемдік тарихи процесс марксстік теорияға сәйкес қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысу тізбегі ретінде қарастырылып, оған сәйкес келмейтін, өткеннің құбылыстарын зерттеуден шығарды. Бұл методология европалық елдердің даму үрдісін негізге алу арқылы азиялық, басқа да тарихи дамудағы елдердің ерекшелігін, күрделілігін жоққа шығарды, тарихты алдын-ала келісілген схемаларға икемдеп зерттеді, тап күресін абсолюттендіріп, эволюциялық дамудың мәнін төмендетті[1].

Тарихи шындықты, тарихи зерттеулердегі ғылыми білімнің шынайылығын айқындауға мүмкіндік беретін теориялық-методологиялық мәселелеріне мүлде мән берілмеді, тіпті оның қажеттігі де болмады. Өйткені марксстік – лениндік ілім қандайма болсын зерттеудің теориялық негізі болды да, тарихи оқиғалар марксизм-ленинизм классиктерінің тұжырымдарына сәйкес бағаланды немесе тіпті зерттеуден шығып қалды[2]. Мысалы, қазақ тарихының революцияға дейінгі тарихының ақиқаты формациялық концепцияға сәйкеспейтіндіктен зерттелмеді немесе өткенніңн керітарпа сарқыншағы ретінде тоталитаризмнің қатаң бақылауында болды. Оған қазақстандық тарихнаманың алыбы – Е.Бекмахановтың тағдыры мен тарихи мұрасы дәлел[5, б. 112.].

Кеңестік кезеңде Қазақстанда қорғалған диссертациялар тақырыптары да мұның айқын дәлелі бола алады. Тақырыптар тізімін талдау тарих ғылымның даму деңгейін ғана емес, болашақ зерттеу бағыттарын да айқындауға мүмкіндік береді. 2003 жылы ҚР БҒМ Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, ҚР БҒМ Жоғары Аттестациялық Комитеті және ҚР Ұлттық Кітапханасы дайындаған «Тарих ғылымы бойынша докторлық және кандидаттық диссертациялардың Библографиялық көрсеткішіндегі» мәліметтер бойынша Қазақстанның революцияға дейінгі тарихына қатысты зерттеулердің жалпы саны 122[4,21-29 бб.], ол барлық қорғалған диссертациялардың 11,9 % құрайды.

Тарихтың теориялық - методологиялық мәселелері КСРО-да 60 –жж. аяғы мен 70-80 жж. ғана көтеріліп, талқылана бастады[6]. Алайда мұның өзі идеологиялық қыспаққа түсіп, қанат жая алмады. Одан кейінгі жылдарда КСРО-дағы Қайта құру мен ыдырау процестері тарихнама

ғылымының ортақ кеңістігін бұзып, тәуелсіздік алған елдердің тарихнамасының теориялық-методологиялық жағынан артта қалуына өз әсерін тигізді. Мысалы, 1991-2002 жылдарда 07.00.09 (Тарихнама, деректану және тарихты зерттеу әдістері) мамандығы бойынша зерттеулер 1935-1990 жылдарға қарағанда 4 есеге жуық көбейгенмен(1935-1990 жж. - 10, 1991-2002 жж.- 43), теориялық-методологиялық тақырыпқа жазылған кандидаттық диссертациялар саны бар болғаны 5 (Жакишева С.А.,Алимгазинов К.Ш. Балапанова А.С., Омарбеков Ч.Т., Осколков В.С.) [4, бб.81-84].

Бұрынғы кеңестік идеологиялық тұрғыда тәрбиеленген тарихшылар қауымының методологиялық машықты игеріп, жаңа жағдайға бейімделуі үшін біраз уақыт қажет болатыны анық. Өйткені тарихи зерттеулердің теориялық - методологиялық аспектілеріне мән берілмеуіне кеңестік кезеңде тарихшы мамандарды дайындаудағы кемшіліктер де әсер етті. Мысалы кеңестік кезеңде ЖОО-да «тарихтың методологиясы», «Тарих теориясы» пәндері мүлде оқытылмады.

ТМД елдерінің Ресей, Белоруссия, Украина секілді елдерінде де бұл пәндер оқу процесіне 1990-1991 жылдары енгізілсе, Қазақстанның жоғары оқу орындарында бұл пәндер одан біраз жыл кейін ғана оқытыла бастады. Сондықтан жас зерттеушілердің ғылымға жаңа серпін бере алмауы, және ғылымилық деңгейі төмен зерттеулердің көбеюі осыған байланысты. Көптеген диссертацияларда зерттелетін тақырыпқа қатысты одан бұрынғы ғылыми әдебиетті тарихнамалық, методологиялық талдауға аз мән берілген, мұның өзі осы тақырып бойынша алынған жаңа білімдердің эволюциясын бағдарлауға мүмкіндік бермейді. Шын мәнінде бұл кандидаттық диссертациялық зерттеулердің көпшілігіне тән кемшілік. Деректерді сыни екшеудің орнына оларды сөйлету немесе оларға сүйеніп, жаңаша тұжырым жасауға бейімділік көптеп ұшырасады.

Тіпті тәуелсіз Қазақстан жағдайында қорғалған зерттеулердің көбінде репродуктілік, яғни бұрынғы алынған жаңалықты қайталау басым. Сонымен қатар, зерттеулердің тар шеңбердегі тақырыптарға құрылуы соңғы кезде белең ап келеді. Мұны 1991-2002 жж. орындалған кандидаттық диссертациялардың тақырыптарын сараптау арқылы көруге болады. Осының өзі қазақстандық тарихнамаға тән кемшіліктердің нақты себептері бар екендігін мойындаумен шектелмей, осы қиын жағдайдан шығудың жолдарын іздестіруді, ЖОО-да тарихты оқыту мәселесіне айрықша мемлекеттік мән беруді талап етеді.

Қазір тарихты оқытудың жаңа мазмұны мен әдістеріне, теориялық- ғылыми проблемаларға, тарихшы мамандарды дайындауда өзара тығыз байланысты 3 іргелі пәндер: тарихтың методологиясы, тарихнамасы, деректемесін байланыстырып оқытуға маңыз беріле бастады. Бұл болашақ тарихшылардың кәсіби деңгейін көтеруге, зерттеулердің сапасын арттыруға қызмет етеді.

ЖОО тарихщы мамандарды дайындаудың басты міндеті - тарихи ойлауды дамыту. Болашақ тарихшы маманды оқыту жеке тұлғаны мәдени-тарихи процеске араластыру, өркениеттік уақыттық кеңістікте өзін-өзі бағыттау, бағдарлау мақсатын қойғандықтан, студенттерді фактілерді оқытуға емес, тарих философиясын (теориясын) игеруге үйрету қажеттігі туындады. Бұл міндет болашақ кәсіби тарихшылардың өзіндік ойлау қабілетін қалыптастыруға, өресін кеңейтуге ықпал етеді.

Бұл мақсаттарды орындау үшін тарихты оқытудың мемлекеттік білім беру стандарты бойынша енгізілген барлық пәндердің қазақша оқулығы, әсіресе, «тарихнама», «деректеме», «методология» және негізгі тарихи әдебиеттердің қазақша аудармалары болуы шарт. Сонымен қатар, маман тарихшыларды 050203 (гуманитарлық тарих) дайындаудың нақты жүйесін жасақтау қажеттігі кезек күттірмейді.

Қазіргі оқу жүйесінде бұл мамандыққа мемлекеттік грант бөлінбегендіктен немесе өте аз болғандықтан, студенттерді білім деңгейі жағынан іріктеу мүмкіндігі шектеулі. Шын мәнінде , болашақ тарихшының ойлау және шығармашылық қабілеті оқытушы –тарихшыдан жоғары болуы шарт емес пе? «Гуманитарлық тарих» мамандығы бойынша болашақ тарихшы мамандарды даярлау жүйесін жетілдірудің тағы бір жолы - тарихпен қоса, шетел тілдерін меңгерген мамандар дайындау. Қазіргі кезде қазақ тарихының 550 ден шетелдік деректері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жинақталды. Оларды деректанушылық тұрғысынан ғылыми талдаудан өткізіп, тарихи білімді дамытуға жарату тәжірибелі тарихшылар қолынан келеді[8,б.11-13.]. Сонымен қатар, қазақстандық ЖОО-да оқытудың европалық жүйесіне өтудің өзі шетел тілін меңгеруді талап етеді. Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазір тарихшыларды дайындау тәжірибесінде « Аударма ісі» мамандығы тарих саласына байланыссыз оқытылуда[8,б.9-10]. Жай аудармашы мен арнайы тарихи білім мен тәсілдерді меңгерген маман

арасында жер мен көктей айырма бар. Болашақ тарихшылар шетел тілдерін қатар меңгергенде ғана қазақстандық тарихнаманы әлемдік деңгейге шығара алады. Мұны еліміздің болашақ дамуы мен өткен тарихымыздың реконструкциялау проблемалары талап етеді.

Осыған байланысты төмендегі шараларды жүзеге қажеттілігі кезек күттірмейді:

- «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жинақталған деректерді тарихи деректемелік, методологиялық талдаудан өткізу арқылы Қазақстан тарихын ежелгі дәуірлерден бастап, әлемдік тарихи процеспен байланыста қарастырып, тарихтағы орнын айқындау; тарихи зерттеулердегі субъективтік қателіктерді реттеу;

- жинақталған «Мәдени мұра» деректерін ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындарына жеткізілуін қадағалау;

- мұрағаттардағы тарихи құжаттарды, әсіресе, XX-ғасырға дейінгі құжаттарды жариялап, ғылыми айналымға түсіру керек, себебі провинциядағы тарихшылардың астаналық мұрағаттарда жұмыс жасауға мүмкіндігі шектеулі;

- тарихи зерттеу тақырыптарының проблематикасын жаңарту қажеттілігі;

- мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған сапалы оқулықтар дайындау, өйткені мектепке арналған тарих оқулықтарының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алмай жазылған, бұл баланың тарихи оқиғалар мен процестерді түсінуін қиындатады және тарихқа қызығушылығын төмендетеді;

- жоғары оқу орындарында тарихшы дайындаудың кредиттік жүйеге көшуі сапалы оқулықтар мен деректер енгізілген хрестоматиялық жинақтарды көптеп және тезарада шығаруды талап етеді. Осы қажетті оқулықтардың қазіргі таңда аздығы кредиттік оқу жүйесінің нәтижелілігін түбегейлі кемітеді;

- қазақ тілінің мәртебесін біз ғылыми, мәдени сұранысқа ие болатын әлемдік тарихи әдебиетті қазақтардың көпшілігіне өз тілінде оқытпай, көтере алмаймыз. Өз ана тілінде әлемдік рухани, ғылыми қазынамен танысу мүмкіндігі жоқ қазақты өркениетті елдермен иық тіресіп, ұлттық тұрпаты мен тарихын сақтайды дегенге сену қиын;

- жоғары оқу орындарының тарихшы мамандықтарына қажетті «тарихнама», «деректеме», «тарих теориясы» мен «тарихи таным үрдісі», «дүниежүзілік тарих» пәндері бойынша қажетті оқулықтарды дайындауға Білім және Ғылым Министрлігі тұрақты түрде конкурс жариялап, оны баспадан шығару және жоғары оқу орындарына жіберуді реттеу.

---

1. Алексеева Г.Д. Историческая наука в России. Идеология. Политика. 60-80-е гг. XX в. М., 2003;

2.Афанасьев Ю.Н. Феномен советской историографии // Советская историография. М., 1996. С. 37.

3. Масанов Н.Э. Абылхожин Ж.Б., Ерофееева И.В. Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. Алматы: «Д айк-Пресс», 2007.-296 с.

4. Тарих ғылымы бойынша докторлық және кандидаттық диссертациялардың Библиографиялық көрсеткіші (1935-2002); Библиографический указатель докторских и кандидатских диссертаций по историческим наукам. Алматы, 2003,-168 с.

5. Гурьевич Л.Я. Интелигенция Казахстана и политика тоталитарного государства в сфере науки и высшего образования(1946-1985), дис.д.и.н. Алматы, 1993.

6. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. М., 1987 Могильницкий Б.Г., Николаева И.Ю., Гульбин Г.К. Американская буржуазная "психоистория". Томск., 1985.; Барг М.А. Категории и методы исторической науки. М., 1984.; Барг М.А. Эпохи и идеи. Становление историзма. М., 1987.; Гуревич А.Я. Историческая наука и историческая антропология // Вопросы философии. 1988. № 1 .; Сахаров А.М. Методология истории и историографии. М., 1981. С. 147. ; Овчинников В.Г. Вопросы методологии исторических исследований // Новая и новейшая история. 1989. № 3. С. 89. ; Марксистско-ленинская теория исторического процесса. М., 1981. Барг М.А. Эпохи и идеи. М., 1987. С. 24.; Математические методы и ЭВМ в исторических исследованиях. М., 1985.; Хвостова К.В. Количественный подход в средневековой социально-экономической истории. М., 1980.

7. Аджи М. Европа, тюрки, Великая Степь. М., 2000; Данияров К. Альтернативная история Казахстана. Алматы, 2000 ; Национальные истории в советских и постсоветских государствах. Под ред. Аймермахера, Бордюгова. М., 1999. С. 185.

8. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері мен даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. /Жауапты ред. Ә.Т. Төлеубаев, Қ.М. Атабаев.- Алматы: Қазақ университеті, 2009.- 365 бет.

9. Хюбнер К. Прогресс от мифа, через логос, к науке ? // Вопросы философии.fll: // show. archuves. htm . Хюбнер К. Критика научного разума.М. 1994.

10. Ермұқанов Б.Б. Қазақстан: тарихи-публицистикалық көзқарас. А.2000.268-б.; Пищулина К.А. Эволюция казахской государственности в свете новых исследований ; Ерофеева И.В. События и люди казахской степи как объект мифологизации .(сюжеты истории XVII - середины XIX вв.) ; Валиханов Е.Ж. Околонаучные домыслы в освещении роли Абылайхана и его потомков; Койгельдиев М.К. Парадигмы постсоветской исторической науки: всяк сам себе историк // Феномен альтернативной истории в призме научного знания: От мифов к творчеству: Материалы науч.-практич. конф. Алматы, 2004.

* * *

В статье анализируются теоретико- методологические проблемы казахстанской историографии, их причины. Пути выхода из данной стуации автор видит в совершенствовании системы обучения и подготовки историков в вузах по специальностям «Гуманитарная история», «Историография, источниковедение и методы исторического исследования».

* * *

in clause the теоретико-methodological problems Kazakh историогафии, their reason are analyzed. Ways of an output (exit) from the given situation the author sees in perfection of system of training and preparation of the historians in high schools on specialities "History", "Историография, источниковедение and methods of historical research ".

Т. А. Замзаева

«ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» РАДИО ГАЗЕТІ

1931 жылдың басында кеңес үкіметінің жүргізілген бірінші бесжылдық жоспарының негізінде Қазақстанда Алматы қаласында тұңғыш радиостанция ашылды. Радиостанцияның басты мақсаты - партия мен үкіметтің науқандар туралы хабарларын елге алдын ала беру. Бұл бір жағынан кеңестендіру саясатының көрінісі де болған. 28 сәуір күні Қазақстан өлкелік комитет секретариатының мәжілісінде радио толқыныда қазақ тілінде «Еңбекші қазақ» радио газеті мен орыс тілінде «Советская степь» радио газеті 3 мамырдан бастап шығатыны белгіленді [1]. Қазақ радио газетінің бас редакторы Кенжебаев, ал орыс газетінің Ланько тағайындалған.

Жоспар бойынша «Еңбекші қазақ» радио газеті елде болып жатқан оқиғаларды «Еңбекші қазақ» газетінен қысқаша хабар беріп, басқарма өзгеше программа ұйымдастыру керек еді. Бірақ та «Еңбекші қазақ» радио газеті шыққаннан 4 айдан кейін «Еңбекші қазақ» бетінде «Газетке сын» деген бөлімінде «Радио газеті газет емес – бюллетень» деген мақаланы басып шығарды. Бұл мақалада басқарма радио газеттің барлық кемшіліктерін көрсету үшін мақаланың басты жерлерін көрсетуге лайық деп шештік: «Қазақстан астанасы Алматы қаласына бүкіл Қазақстанға хабар таратып, хабар алатын радиостанция ашылғалы төрт айдан асты. Содан бері «Еңбекші қазақ» радио газеті шығарылып келеді. Бірақ, біздің радио газет ұйымдастырушылық, үгітші тәрбиешілік міндетін ойдағыдай өтей алмай отыр.

Рас, қай жұмыстың болса да алғашқы ұйымдастыру дәуірінде кемшілігі болмай қоймайды. Сол кемшілік мұнда да болды. Ең басты кемшілік – бюллетень материалдарды күнбе-күнгі міндеттермен саясат, шаруашылық науқандармен байланыстырып, мазмұнын үзеуде, тілін, техникасын жөндеу жағында болып жүрді. Ол кезде радио газет көбінесе «Еңбекші қазақ» материалдарын радио газетке жарамды, жарамсыздығына ұзын-қысқалығына қарамастан түк өзгеріп естен бере салушы еді.

Бұлай болған себебі: алғашқы кезде радио газетінің қызметшілері тапшы еді. Бар қызметшілері радио газет жұмысын қосалқы жұмыс ретінде істейтін еді. Арнаулы тілшілер жоқ еді.

Қазір радио газетіне өз алдына редактор белгіленді. Үш-төрт қызметші берді. Өз алдына басқарма болып құралды. Сондықтан, радио газеті кейінгі кездерде жұмысын негізінен қайта құрып, жаңа әдіске салып жіберуге әбден мүмкіндік бар еді.

Біз августтың 12-нен бері қарай оқылған 20-дан астам нөмірін қарап шықтық. Бірақ, жаңарған, қайта құрылған еш нәрсені көре алмадық. Әлі бұрынғы күйінде кемшіліктері толып жатыр:

Бірінші – радио газетінің әлі күнге дейін бір тіл ісі жоқ, соңғы кезге дейін бір тілші тарта алмаған. Ел ішінде өндіріс, совхоз, колхоздарда жұртшылық жұмыстарын жүргізіп тілші таратуға, тілшілер ұйымдастыруға түк қам істемеген. Тек болғаны анда-санда газетінің ақырында: тілші болыңдар, хабар жазыңдар деген жадағай сөзді айтып қарап отырған. Жай тілшілер былай тұрсын, ірі өндірістерде, ірі совхоз, колхоздарда ұйым мекемелері де, арнаулы тілшілері де жоқ. Тілші болмаған соң тілшілерден түскен материалдар, хат-хабарлар жоқ. Біз оқып

шыққан 20-шақты нөмірде емге бір тілші хабары жоқ.

Екінші – радио газет материалдар ұйымдастыру, хабар табуда жеңіл әдіс тауып отыр. «Ауырдың астымен жеңілдің үстемен жүріп» отыр. Жұртшылық жұмысын жүргізіп, тілші ұйымдастырып, арнаулы тілшілер белгілеп әуре болмай «Еңбекші қазақ» газетіне келген, басылған хат-хабарларды, материалдарды көшіріп оқып, әр бір мекеменің өзінен жоғары орындарға жазған «ұзыннан ұзақ көкке тұзақ» баяндамаларын оқып отыр. Қай нөмірінде оқылған материалдарының болсын, тең жартысы, кейде көбі «Еңбекші қазақ» газетінен көшіріліп алынып оқылып отырған. Мысалға бір-екі нөмірін алайық:

Уақыт мөлшерімен айтсақ радио газетінің бір нөмірі 35 минут оқылады (бес минут демалыс, сонда 30 минут оқылады). Газет қағазының мөлшерімен айтсақ 30-35 бет қағаз болады. Міне осы радио газетінің августтың 17-і күні оқылған 87 нөміріндегі материалдардың 16 қағазы. Августтың 18-і күні оқылған 88 нөміріндегі материалдардың 15 қағазы, августтың 16-сы күні оқылған 86 нөміріндегі материалдардың бәрі (бір-екі өлкелік мекеме хабарынан басқасы) «Еңбекші қазақтан» көшіріліп алынған. Көшіріп алғанда оны радио газет тыңдаушыларына лайықтап қысқартып көшіріп алмай, сол «Еңбекші қазақта» басылған күйінде, ұзын күйінде көшіріп алған. Августтың 19-ы күні оқылған 89 нөмірінде Өлкелік керек-жарақ кооперативі басқармасының бір жерге жазған баяндамасын аударып оқыған. Оны да қысқартпай сол күйінде он қағаз етіп оқыған. Августтың 14-і күні оқылған 84-нші нөмірінде он шақты қағаз етіп жазып, Оқу комиссариатының материалын оқыған. Оның бір жерінің екінші жеріне қайшы келіп отырғанын да байқамаған, түземеген.

Қысқасы радио газетінің мақалалары тіпті ұзын, қызықсыз. Жұртты қызықтырып еріксіз тыңдатарлық емес. Дұрысында радио газетінің материалы қысқа, ұзын болғанда 5-10 минут оқылатын қызықты болу керек.

Радио газетте өлке хабарлары көп болуы керек. Өлке хабарлары көр болуы керек деп мекемелердің баяндамаларын, ұзын, жансыз материалдарын оқи беру керек емес, қай мекемеде не болып жатыр, не болғалы жатыр, соны бір-екі ауыз сөзбен жазып қана оқу керек.

Онан соң радио газетте өлең, әңгіме, күлкі бөлімдері болу керек еді, қысқа-қысқа өлең, әңгіме күлкі оқылып отыруы керек еді. «Еңбекші қазақ» радио газетінде бұл жоқ.

Міне, тілшілерден жаңа, жақсы, жанды хабарлар күн сайын түсіп отырмағандықтан кілен мекеме баяндамаларын «Еңбекші қазақ» басқармасына келген хат-хабардың қолына түскенін газетте әлде қашан басылып кеткенін көшіріп алып оқып отырғандықтан радио газет тіпті жансыз күнбе-күнгі саяси шаруашылық науқандарға, партияның істеріне жанасымсыз, тыңдаушыларға қызықсыз.

Үшінші – радио газетінің мақаласы ұзын, тілі жаман, түсініксіз, тыңдауға ауыр.

Онан соң радио газетінің оқушылары сөз оқудың техникасын білмейді. Сөз арасындағы нүкте, қайқы үтірге тоқталмайды. Басынан түсіп аяғынан бірақ шығады. Және бастан аяқ бір қалыпты дауыспен оқиды. Сөздің маңызына рухына қарай даусын құбылтып отыруды білмейді. Радио газетті осындай сөздің маңызына рухына қарай екі-үш кісі бөлісіп кезектесіп оқушы еді, «Еңбекші қазақ» радио газетінде бұл жоқ» [2]. «Еңбекші қазақ» газеті өлкелік комитетінің тілі және Қазақстандағы бас газеті болғандықтан, республикада шығатын барлық қазақ және орыс газеттеріне сын көзімен қарап, радио газеттің жұмысын қайтадан тексеріп шықты. Осы тексерістің нәтижесінде «Еңбекші қазақ» радио газетінің жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің бәрін үш айдан кейін 1932 жылғы 2 қаңтар күні «Еңбекші қазақ» радио газеті туралы «Еңбекші қазақ» басқармасының қаулысы басылды. Қаулыда «Еңбекші қазақ» радио газеті редакторының (Смағұлұлы) баяндамасын тыңдағаннан кейін «Еңбекші қазақ» газетінің басқармасы келесі шешімге келді:

1. «Еңбекші қазақ» радио газеті «Еңбекші қазақта» (1931 жыл қазанның 8-і күні 223 санында) шыққан сыннан кейін біраз түзелді. Бірақ қанағаттанарлық емес, газеттің кемшілігі әлі көп, оның негізділері мыналар:

а) «Еңбекші қазақ» радио газеті күнбе-күнгі шаруашылық науқандар төңірегінде жұртшылықты ойдағыдай ұйымдастыра алмай отыр. Науқан жөніндегі партия, үкімет директорларын кезінде, алдын ала қызықты, түсінікті етіп бере алмай отыр. Радио газеті саяси-шаруашылық науқандар маңына жұртшылықты ұйымдастырудың орнына кейде қателесіп отыр. Мысалы: қарашаның 17-і күні 15-санында Сарқан ауданындағы астық дайындау туралы бір қарарында:

«11,2 миллион пұт астық тасылмай жатыр. Қазір қар жауды. Қар жауғанмен не шана жүрерлік не арба жүрерлік емес...» дейді. Мұнан аппортуншылдық пікір аңдып тұр. Қар жауып қалды. Арба, шана жүре алмайды. 11,2 миллион пұт астық тасылмай қалса да болады деген мағына шығады.

б) «Еңбекші қазақ» радио газеті өз бетімен материал ұйымдастырмайды, беретін материалдарының көбін бір жағынан өлкелік газеттерден көшіріп алады, мақалаларды партия, үкімет қаулыларын өлкелік газеттерде басылып шыққаннан кейін береді, ескертіп береді. Екінші жағынан өлкелік мекемелердің жоғарғы орындарға жазған баяндамаларын, мәліметтерін береді.

в) Кейде «Еңбекші қазақ» радио газетінде «Еңбекші қазаққа» басуға жарамаған мақалалар, хабар, очерктер де беріліп отырады (мысалы «Кешегі шахтер бүгінгі большевик» деген очерк сияқтылар).

г) Ең болмаса «Еңбекші қазақ» радио газеті өлкелік газеттерден, өлкелік мекемелерден алған материалдарды болсын, әлгідей «Еңбекші қазаққа» басуға жарамаған материалдарды болсын бергенде қысқартып, қызықты, түсінікті етіп беруді білмейді. Сол күйінде береді. Сондықтан «Еңбекші қазақ» радио газетінің мақалалары, хабарларының көбі тым ұзын, тілі түсініксіз болады. Мысалы, ноябрьдің біріндегі 141-санындағы бір хабарында:

«СССР-дың Халық жер комиссариаты жолдас Яковлевтың обезличканы жойындар деген приказды іс жүзінде орындалған» дейді. Мұнда бір жағынан сөз байламы түсініксіз болса, екінші жағынан Халық жер комиссариаты дегені дұрыс емес.

Қарашаның 19-ы күні 153-санында бір хабарында:

«Андреевтің жарлығы жол жұмысының ең жоғарғы орыннан бастап жеке-жеке жұмыскерлерге шейін бәріне бірдей тиетін жарлық болу керек. Біздің темiржолшыларымыз мұны көп ұран, кейбір жарлық ретінде қарап отырғандығы аз емес».

Осы секілді сауатсыз, түсініксіз сөздер көп болды.

д) «Еңбекші қазақ» радио газетінің өндірістер мен колхоз, совхоздармен байланысы кем. Жер-жерлерде тілшілер, меншікті тілшілері тым аз. Көпшілік жұмыстары тіпті жоқтың қасы.

2. «Еңбекші қазақ» радио газетінің басқармасы бұл кемшіліктерін жойып, жұмыстарын оңдау, радио газеті нағыз ұйымдастырушы, үгітші ету үшін тез арада мыналады істесін:

1) күнбе-күнгі саяси-шаруашылық науқандар төңірегіне жұртшылықты большевикше ұйымдастыра білсін. Ол үшін бір жағынан орындардың хабарын үнемі беріп отырсын да, екінші жағынан партия мен үкіметтің науқандар туралы қаулы-директивтердің алдын ала беріп отырсын.

2) радио газетте одақтың, жержүзінің маңызды хабарлары үнемі беріліп отырсын.

3) радио газетте берілетін хабарлар, мақалалар, қаулы-директивтері қысқа болсын. Ол тіпті ұзын болғанда 50-100 жолдан аспасын.

4) радио газетте берілетін мақалалар, хабарлар, қаулылардың сөз байламы келісті, қызықты, тілі түсінікті, өткір болсын. Оқушылары оңдалсын. Олар бірнешеу болып, кейбір материалдарды кезектесіп, бөліп қызықты етіп оқитын болсын.

5) радио газетте әдебиет бөлімі болсын. Қысқа өлең, әңгіме, очерк, ән-күй беріліп тұрсын.

6) радио газеті орындармен байланысын күшейтсін. Жер-жерлерде тілшілерді, меншікті тілшілерді көбейтсін.

7) радио газет басқармасы комвузбен сөйлесіп, өзінің көпшілік, басқарма жұмысына болсын, комвуз жанындағы газет көрісінің оқушыларын пайдалансын.

8) «Еңбекші қазақ» радио газетінің редакторы партия мен үкіметтің күнбе-күнгі істеп, жүргізіп жатқан істеріне, кезекті міндеттеріне сәйкестеп онкүндік іс жоспарын жасап, сол бойынша істейтін болсын. Ол жоспар «Еңбекші қазақ» басқармасының өндіріс мәжілісте қаралып, бекітіліп отырсын. «Еңбекші қазақ» басқармасы мен үнемі байланыс жасап отырсын.

«Еңбекші қазақ» қызметшілері қолдарына түскен материалдарды, қаулыларды қысқартып, қорытып жазып, өз беттерімен мақалалар жазып, радио газетіне жәрдем беріп отырсын. Ертең шығатын «Еңбекші қазақ»-тың мазмұнын, ондағы маңызды мәселелердің қысқаша мазмұны радио газет алдын ала беріп отыратын болсын.

9) радио газеттің қызметшілері көбейтілсін. Кемінде 4 қызметші болсын.

10) радио газеттің редакторы Смағұлұлы партия басшылығын дұрыс жасай алмағандықтан редакторлықтан алынсын. Радио газеттің жауапты редакторлығына Кенжебайұлы жолдас белгіленсін. Оның орынбасарлығына Хангелдіұлы жолдас тағайындалсын» [3].

Мінекей, қазақ радиосының алғашқы қадамдары осы болды. Кеңес саясатын елге тарату, елге түсіндіру үшін алғашқы бесжылдықтың ішінде радио, телефон және тағы басқа байланыс жүйелерді қалпына келтіру ісі қолға алынған болатын. Осының бәрінің нәтижесінде Қазақ өлкелік партия комитетінің басты органы, орталық, қазақ тілінде бас газеті «Еңбекші қазақ» радио толқынында да шыққаны көрсетіліп тұр. Газет тек баспа газеттерді басқарып отырмай, оларға сын жүргізгенін де көріп отырмыз. 1929 жылдан бастап «Еңбекші қазақ» газет бетінде Қазақ өлкелік партия комитетінің тапсырысымен «Газетке сын» деген бөлім

ашылған. Осы бөлімде Қазақстанда барлық қазақ және орыс тілдерінде шығатын мерзімді басылымдардың кемшіліктері мен қателері көрсетіліп тұрған. Бұл «Еңбекші қазақ» газетінің басқа мерзімді басылымдардан ерекшелігі деп санауға болады.

1. Протокол №110/опросом заседания Секретариата Казкрайкома ВКП(б) от 28 апреля 1931 года // ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 5022а-іс. 404-п.

2. Радио газеті газет емес – бюллетень // Еңбекші қазақ. – 1931. – 8 октябрь (№223(2105)). – 2-б.

3. «Еңбекші қазақ» радио газеті туралы «Еңбекші қазақ» басқармасының қаулысынан // Еңбекші қазақ. – 1932. – 2 қаңтар (№2(2175)). – 3-б.

* * *

В статье автор повествует о первых шагах радиовещания на территории Казахстана. С самого открытия радиостанции в 1931 году в городе Алма-Ата было исполнительным комитетом было принято решение об открытии и вещании на волнах радио специальные программы республиканских газет на казахском «Еңбекші қазақ» и на русском языке «Советская степь». В статье автор раскрывает основные минусы радио газеты на казахском языке и так же пытается указать основную причину провала попытки популяризации газеты посредством радио.

* * *

In this article author is telling about the first steps of radio in Kazakhstan. From the establishing the radio station in 1931 in Almaty the Central executive committee of communist party decided to open the special programs on the radio for the central newspapers in Kazakhstan as “Enbekshi kazak” in Kazakh language and “Stepnaya pravda” in Russian language. The author tried to reveal the main defects in radio newspaper’s works and to show the main reason of failing attempt “Enbekshi kazak” newspaper’s popularization of by the radio.

Д. Е. Медерова

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ АУЫЗША ТАРИХНАМАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі таңда Қазақстан тарихы ғылымында дәстүрлі ауызша тарихтың зерттелуіне көп мән беріліп отыр. Дәстүрлі ауызша тарих айту – ата-бабаларымыз жадында сақтап, ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан шығарма өнері, яғни аңыз-әңгімелер, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, шежіре, айтыс, эпостық жырлар, дастандар, толғаулар, сөз өнері, халықтың рухани мұрасы, зердесі, тарихы. Ауызша шығармашылық халық мәдениетінің етене бөлігі, тарихи тәжірибесінің, көзқарасының, идеалының көрінісі, халықтың орныққан қоғамдық әдет-ғұрпы мен дәстүріне сай келеді. Осы дерек көздерді зерттеу арылы өткен заманның тарихи оқиғалары, материалдық тұрмысы, белгілі азаматтардың қоғамдағы орны, өмір-тұрмысы, отырған орны, жер-суы туралы дәйекті мәліметтер аламыз. Ауызша дерек көздер басқа да деректермен, атап айтсақ мұрағат құжаттары, парсы, шағатай т.б. тілдердегі жазба дерек көздерімен салыстыра отырып зерттегенде тарихтағы басы ашылмаған оқиғалардың кейбір мәселерін шешуде маңызды қызмет атқарады. Дәстүрлі ауызша тарих негізінде жазылған Қадырғали би Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарихын» тарихи-дереккөздік тұрғыдан зерттеген шығыстанушы ғалым В.П. Юдиннің: «Далалық ауызша тарихнама Дешті Қыпшақ тұрғындарының – қазақтардың, ноғайлардың, қарақалпақтардың, татарлардың және басқа да халықтардың ата-бабаларының сонау ғасырлар тұңғиығынан жеткен әуез-үні. Бұл тарихнаманың бізге жеткізетіні басқалардың бөтен пікірі емес. Олар бізге өз тарихымыздың тарауларын сол тарихты жасаған халықтарымыздың өз әуез-үнімен оқып бергендей болады. ...Далалық ауызша тарихнаманы зерттеу дегеніміз өзі ең алдымен оның жеке бөліктерін жинап, қайта құрастыруға, бұдан әрі оның мағлұматарын ғылыми тұрғыдан талдау арқылы бір тұтастығын қалына келтіруге әрекеттену» [1, 182] – деген пікіріне толықтай қосыламыз.

Қазақ халқының дәстүрлі ауызша тарихының бір бағыты – эпостық жырлар. Фольклористика ғылымының зерттеу объектісі болған эпостық жырларды жазып алу, хатқа түсіру, жинау, зерттеу, жариялау мәселесі XIX ғасырдың бірінші жартысында басталғаны белгілі. Бұл салада Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.Е. Алекторов, В.В. Григорьев, А.В. Васильев, И.Н. Березин, Н. Ильминский, П.М. Мелиоранский, Ә. Диваев және т.б. көрнекті ғалымдардың есімдері мен олардың зерттеу еңбектерінің құндылығын атап өту орынды. Сондай-ақ С. Сейфуллин, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, С. Смирнова, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Р. Бердібаев, Т. Сыдықов, М. Ғұмарова, С.А. Қасқабасов, Ш. Ыбраев және басқа да ғалымдардың еңбектерінде мол қамтылған.

Атақты ғалым Ә. Марғұлан эпостық жырларды саралап, жанрлық белгісіне, шығу дәуіріне қарай мындай топтарға бөлген:

1. Ең көне замандағы эпостық жырлар. Бұған «Ер Төстік», «Ақ Көбек», «Құламерген», «Шолпан мерген» сияқты жыр аңыздар жатады;

2. Оғыз-қыпшақ заманында пайда болған эпостар (XI-XII ғғ.). «Қорқыт», «Алпамыс», «Қазанбек», «Домбауыл», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.б. жырлардың сюжеттері;

3.Тарихи дәуірлердегі эпос (XIII-XIV ғғ.) Бұл кезеңнің өзі іштей екі салаға бөлінген: қазақ даласында Жошы ұлысының құрылуы, оның ішкі қақтығыстарын («Қобыланды», «Ер Тарғын») және осы ұлыстың ыдырау кезін бейнелейтін эпостар («Қамбар», «Қазтуған», т.б.). Кейде бұлар ноғайлы дәуірінің жырлары деп те аталады;

4. Жоңғар феодалдарының қазақ даласына шапқыншылығы және оған қарсы күресті сипаттайтын жырлар («Қабанбай» «Бөгенбай», «Олжабай», т.б.);

5. Феодалдық қайшылықтарға қарсы күреске байланысты туған эпостар [2, 80].

Кейінірек қазақ фольклорының тегі мен табиғатын зерттеген ғалым Ә. Қоңыратбаев эпостық жырларды мынадай он топқа бөліп қарастырған:

1. Ертегілік эпос («Ер Төстік», «Құла мерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық-Зарлық»).

2. Түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос («Орхон жазулары», «Күл-Тегін» жайындағы жырлар).

3. Оғыз эпосы («Кітаби дадам Қорқыт» жырлары).

4. Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар»).

5. Ноғайлы эпосы («Ер Тарғын», Мұрын Сеңгірбаев жырлайтын «Қырымның қырық батыры», т.б.).

6. Тарихи эпос («Бекет», «Досан батыр», 1916 жыл поэзиясы).

7. Лиро-эпос («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан»).

8. Шығыс дастандары («Рүстем-Дастан», қиссалар).

9. Авторлық эпос («Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» «Нарқыз»).

10. Совет эпосы (Амангелді, Мәлік, Төлеген жайындағы жырлар) [3].

Ғалымдарымыздың эпостық жырларды бұлайша жіктеуінен эпостардың шығу тегі, тарихта орын алған оқиғаларға сүйенуі, яғни тарихилық принципті басты нысанға алынғанын байқаймыз. Ә. Қоңыратбаевтың жіктеуінде батырлық жырлар, тарихи жырлар және лироэпостық жырлардың айырмашылықтары бар екені ескерілгенін, эпостық жырлар саны жағынан ғана емес, жанрлық түрлері, тақырып аясы сюжеттік құрамының мол екенін көреміз. Орхон, Енисей ескерткіштерін түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос қатарына жатқызған, бірақ қазіргі таңда Орхон, Енисей ескерткіштері негізіндегі дерек көздерді терең зерттеген ғалымдар оны жазба дерек көздеріне жатқызып жүр [4]. Оғыз эпосы, тайпалық эпос, ноғайлы эпостарын батырлық жырлар деп қарастыруға болады, өйткені олардың жанры бір, батырлықты, ерлікті, қаһармандықты дәріптеу.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «Батырлық жырлар – ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне жанрлардың бірі. Қаһармандық эпос деп те аталады. Батырлық жырлар халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне қарай өріледі» деп сипатталған [5, 186].

Батырлық жырларда баяндалған оқиғалардың тарихи шындыққа жақындығын салыстыру арқылы дәлелдеуге тырысайық. Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» жырына тоқталып өтейік. Жырдың қолжазба түріндегі алғашқы нұсқасы болып саналатын варианты, аудиотаспадан механикалық жазу машинкасымен басылған түрі Орталық ғылыми кітпахананың және М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімдерінде сақтаулы [6]. Сонымен қатар жырға фольклортанушы ғалымдар жан-жақты ғылыми сипаттамасын берген [6, 253-288, 209-299; 7, 350]. Ноғайлы дәуіріне қатысты жырларды және сол дәуірді дәстүрлі ауызша тарих туындыларына, мұрағаттық жазба деректерге, т.б. мәліметтерге сүйене отырып зерттеген ғалымдар Б. Кочекаев, Р. Бердібаев, А. Сикалиев, А. Исин, В. Трепавлов, Т. Омарбеков, Ш. Омарбеков, В.М. Жирмунский [8], А. Айдашев, Е. Құдайбергенов [7] «Қырымның қырық батыры» жырын ноғайлы елінің өмірін, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін, дүниетанымын, елдік дәуірін сол қалпында баяндап береді деген пікірлер айтады. Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» жырына Едіге, Тоқтамыс, Нұрадын, Орақ, Мамай, Қарасай, Қази, Мұсахан, Қарадөң және оның ұрпақтары Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Тегіс, Көгіс, Тама, Тана, Нәрік, Шора, сондай-ақ Қобыланды, Сыпыра, Асанқайғы, Тоған, Абат, Қарғабойлы, Қазтуған, Кеңес, Тұяқбай, Жаңбыршы, Телағыс, Ахмет, Алау, Әмет, Сұлтанкерім,

т.б. енген және барлығы да ноғайлы дәуірінің бел ортасында жүрген батырлар. Бұл өзі шежірелік іспетті жыр. Едіге балаларының арасында оның көзі тірісінде ел билеп, Маңғыт жұртын басқарған тұңғыш баласы Нұрадын (Нұр-ад-дин, Нұрәділ) болғанға ұқсайды. Нұрадынның (1426-1440) тұсында Ноғай Ордасы халқының саны әрі әуелеті жағынан күшті мемлекетке айналған [9, 83-84].

Ноғайлы дәуірінің айрықша бір белгісі «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бүлген күн». Бұл оқиға да жырда өз орнын тапқан. Жырда Орманбет биді қалмақтар өлтіреді. Орманбеттен басқа он бір би өздерін аман сақтау үшін Манашыны алдап, аманатқа беріп, үш күнде келеміз деген уәдесінен танып кетеді. Манашыны қалмақтар өлтіріп, ноғайлалардың арасында араздық туады. Манашының баласы Тұяқбай он бір биді жарып өлтіреді. Он бір бидің балалары Тұяқбайдан кек қайтармақ болғанда Орманбет бидің баласы бәріне басу айтып тоқтатады. Бәрі қосылып «Он сан байтақ болған жер, Орманбет бидің өлген жерінде» қалмақтан кек алады.

Орманбет би өлген күн,
Он сан ноғайлы бүлген күн.
Жез қарғылы құба арлан
Жетіп түлкі шала алмай,
Жалған аңын ала алмай,
Қорашыл төбет болған күн.
Оң қанатын теріс соғып,
Лашын құс қу ала алмай қалған күн
Ораздының он ұлы
Ойын салып жүргенде,
Жиырлының жалғызы
Атқан оғын таба алмай,
Жер сабалап қалған күн!

Жоғарыда эпостардың шығу тегіне, тарихта орын алған оқиғаларға сүйену, яғни тарихилық принципті басты нысанға ала отырып жіктелгендігін айтып өттік. Ноғай-қыпшақ дәуіріндегі оқиғаларды жырлаған «Қырымның қырық батыры» жыры қатарына «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар», «Қазтуған», т.б. жырларды жатқызуға болады. Бұл жырларда XV-XVI ғасырлар оқиғалары көрініс тапқан. Әрбір жыр өз алдына жеке зерттеу жұмысы және халқымыздың тарихын жан-жақты салыстыра зерттеуде әрбір жырдың берер деректік мәліметтері құнды.

XVIII ғасыр – қазақ халқының тарихы мен тағдырындағы ең бір қиын-қыстаулы кезең. Ел тарихында бұл «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталған қайғы-қасіреті мол заман. Жоңғар шапқыншылығынан ел тоз-тоз болып бас сауғалап кеткен, қоғамдық жағдай да өте шиеленіскен еді. Осы заманның ауырлығы, ел ерлерінің – ханының, би-батырларының халқының, жерін басқыншылардан азат етуі, ел тәуелсіздігі үшін күресі, ерлігі халықтың тарихи шығармашылығында көрініс тауып, жадында сақталған.

Ұзақ жылдарға созылған қалмақ шапқыншылығының оқиғасын, тойтарыс басшылары мен батырларының істерін қазақтың тарихи жырларынан артық сипаттай алатын деректі табу қиын. Ел бірлігі, қазақ мемлекетінің дербес өмір сүру мүддесі тұрғысынан бағалануы бұл шығармаларға ерекше идеологиялық қасиет дарытады. Бұл заманның келбетін «Ақтабан шұбырынды» тарихи топтамасы баяндалуынан XVII-XVIII ғасырларда жоңғарлар шапқыншылық жасап қазақ халқын үлкен қайғыға ұшыратқан, босып кетуін, дүниесінен, малынан айрылып аштық, жалаңаштыққа ұшырауын, бауырынан, жұртынан айрылып зар еңіреген халықтың күйін, сол соғыстарда жауға тойтарыс беріп, елін, жерін қорғауға шыққан батырлардың әрекеттерін көреміз. Халықтың осы кездегі аянышты хәлін суреттейтін жырлар туындайды. Алматы қорларында сақталған «Ақтабан шұбырынды» топтамасына жататын төмендегі қолжазбаларды атап өту қажет: Ақтабан шұбырынды; Шұбырыншы ақтабан; Қоңыр қожаның айтқан сөзі, Қаратаудың басынан көш келеді, Ақтабан шұбырынды жайындағы ақын Топыштың сөзі; Ақтабан-шұбырынды өлеңдері [10].

Осы кезде хан тағында отырған Әбілқайыр хан елдің тұтастығын қамтамасыз ете алмай, қазақтар ру-руға бөлініп, тозып кеткен жағдайда тарих сахнасына Абылай хан және оның батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Жәнібек және т.б. көптеген батырлар, билер, шешендер шықты.

XVIII-XIX ғасырлар оқиғаларына құрылған батырлық жырлар қатарына Абылай туралы жыр, аңыздар, Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Шақшақ Жәнібек батыр, Олжабай батыр, Өтеген батыр, Арқалық батыр т.б. жатады. Бұл кезеңнің батырлық жырларын тарихи жырлар деп атауға болады. Себебі олар өмірде болған оқиғалар негізінде туындаған, эпосқа қарағанда тарихқа жақын. Сол кезеңде болған қоғамдық мәні бар оқиғалар және осы оқиғаларға белсене қатысып, айтарлықтай рөл атқарған қайраткерлер, батырлар жайлы тарихи фольклорды түгел қамтып, олардың шындыққа негізделуі қарастырылған.

Абылай-нама. *Қазақтың тарихи-эпикалық*

өлең-жырларының аса көрнекті бөлігі Абылай (1711-1780) атымен байланысты және оның айналасындағы батырларға, билерге, шешендерге бағышталып дерек көздерінің ірі әрі көрнекті кешенін құрайды. Бұл жырларда ол қазақ халқының жоңғарларға, Қытайға және Орта Азия жеріндегі хандықтарға қарсы күресінің көптеген оқиғаларының белсенді қатысушысы. Ұзақ жылдар бойы қанды жорықтар жасап, халықтың тыныштығын алған басқыншылар осы Абылай заманында ғана жеңіліс тапқан еді. «Абылай хан», «Абылай туралы жыр», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Сабалақ – Абы-лай хан», «Баян батыр» т.б. халық аузындағы аңыз-жырларда Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты тиісті бағасын алған. Ханның іс-әрекеттері, жүргізген саясаты халықтың ар-ман-мақсаттарына қарама-қайшы келген тұстар-да ол баға да теріс берілді. Қазақ жерін жоңғар және шүршіт басқыншыларынан азат, елдің тәуелсіздігін сақтау, тыныш өмір орнату мәсе-лесін баяндайтын аңыз әңгімелерде Абылайдың озбыр жауға қарсы күрестегі қайраткерлік қыз-меті көрсетіледі. Бұл жырлар өз дәуіріндегі тарихи шындық оқиғаларға негұрлым жақын келеді.

XVI-XVII ғасырларда жоңғар қалмақтары қазақ жеріне үздіксіз жорық жасап отырғаны белгілі, осынау шабуылдардың үздіксіз қайталанып, ұзаққа созылғандығы соншама, қазақ халқының өзге жауы ұмыт қалып, озбыр жау ретінде халық санасында қалмақтар ғана қалған. Сол жаудың тек Абылай заманында жеңіліс тапқаны халық жадында ерекше көрініс алды. Бұл жөнінде беделді ғалымдар әділ бағаларын берген. В.В. Бартольд "XVIII ғасырдағы ең күшті Орта жүздің ханы Абылай болды" деп жазды [11]. Ш. Уәлиханов қазақ-қалмақ соғыстары кезеңіне терең талдау жасай келе "Абылай ғасыры – қазақ серілігінің ғасыры" [12, 116] деп жазған.

Абылай туралы шығармалар қатарында Бұхар жырау толғаулары ерекше орын алады. Олардың тарихи құжаттық мәні зор. Абылай ханның ақылгөй кеңесшісі, ел бірлігінің жыршысы Бұхардың туындылары – өзі тікелей қатысқан нақтылы оқиғалардың көрінісі. Бұхар жырау Абылайдың тілектесі ғана емес, қатал сыншысы ретінде де көрінеді. Оның шығармаларында әсіралеу аз болып, өткен оқиғалар тарихи өлең шартына сай, мейілінше нақтылы тізіліп, нанымды баяндалады. Бұхар шығармаларының басым көпшілігі оқиға соңынан іле туындап отырғандықтан деректік маңызы өте зор. Бұхардың «Абылай-намасы» ауызша тарихи дерек көздерінің мұқият жинаушысы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбалары арқылы жетіп отыр: «Шүршіт келем деген сөз бар-ды», «Ей, Абылай, Абылай!», «Садыр қайда барасың?», «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай», «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Көкшетауды салдырған», «Қазақтың ханы Абы-лай», «Басыңа біткен күніңіз», «Құбылып тұрған бәйшешек», «Әй, Абылай, сен он бір жасың-
да» [13].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Орталық Ғылыми Кітапханасындағы Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы жоғарыда аталғаннан басқа Абылай хан туралы қолжазбалары: «Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілініп, көзге түскені», «Асан Қайғы сөзі», «Бас ауырса, жан қорқар іште пікір», «Көшекұлы Күдері қожа жыраудың айтқаны», «Абылай аспаған Сарыбел атанған мәнісі», «Сабалақ», «Абылай хан дәуірі», «Абылай ханның бір жорығы», «Абылай ханның түсі»; «Абылай асалмаған Сарыбел», «Абылай хан» жазбалары сақтаулы.

«Абылай-нама» топтамасына енетін қазақ қолжазбаларымен жеткен ауызша тарихи дерек көздері, Абылайдың өмір жолын толық қамтып, әр кезеңінің толық өмірнамалық дерек көздерін береді.

«Абылай батырлары» топтамасы.

Тарихта ізі қалған, кейінгілер үлгі тұтқан тұлғалы, сыртқы жаугершіліктен қорғау жолында ерекше ерлік көрсетіп, ел құрметіне бөленген хас ба-тырлар ел жадында орнықты орнын тапқан. Абылай мен оның айналасындағы батырлар мен билер туралы деректі тарихи жыр, әңгімелерді жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ол жи-наған "Бұхарекең жырлайды" жинағында жоңғар жаулаушылығына қарсы күресте айрықша еңбек сіңірген ерлердің есімін даңқа бөлеп айтып кеткен [13]:

...Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатай, Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәулет, Жепек батыр қасында,
Бақ-дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсық қожа Мәмбет бар.
Қасқараудан Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,

Есенқұл батыр ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты...

Қабанбай батыр топтамасы: Бұл топқа Шаяхмет Кәрібаев жазып алған – Қабанбай батырдың қиссасы; Е. Байырбеков жинаған – Ер Қабанбай; Мәули Сағымбаев 1933 жылы жазып алған – Қаракерей Қабанбай; Құрманғазы Басылов жазып алған – Қабанбай туралы жыр; Қабанбай батыр; Қаракерей Қабанбай батырдың әңгімесі – айтушысы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданынан Қайырбек Омарұлынан 1935 жылы жазылған (көлемі 700 жол); Қаракерей Қабанбай, Қаракерей Қабанбай; Қисса Мәмбетов Қабанбай; Қабылан батыр (Ақтабан шұбырынды оқиғасы); 1967 жылы Телмұхамет Қанағатов Шығыс Қазақстан облысынан жинап әкелген – Қабанбай батыр т.б. жатады.

Қабанбай атына байланысты бір деректі кел-тіретін болсақ: Қырғыздың Әтеке жырығы қол бастап келіп, Арғынның Қаратеке елін шабады. Қаракерей Қабанбай қол жинап Қанжығалы Бөгенбай, Мұрын Болатбай, Көкжалды Барақ, керей Жәнібек, Тоғыс Дәулетбай батырлар Абылай хан басшылығымен қарсы шығады. Қабанбай Әтекені жеңеді, оның қызы Қаражан ақбас атанын жетектеп әкесінің сүйегін Қа-банбайдан сауғаға сұрап алады. Ақбас атанды маған бермедің деп өкпелеп Дәулетбай батыр Сарысуға көшеді. Қабанбай қатты ауырып жатқанда Әтеке ұлы Садыр елге тиеді. Қабанбай Құбас атына мініп Садырды жеңеді.

Бұл дерек көзде аты аталған кісілер де, жер аттары да, сол кезде болған сауға сұрау дәстүрі де тарихи шындыққа толық сай келетін фактілер.

Абылайдың маңайындағы көп сарбаздар, үзеңгілестерінің бірі Қанжығалы **Бөгенбай.** Халықтың басын біріктіріп, жауға қарсы қол көтерген Қанжығалы Бөгенбайдың ерлігі, қазақ қоғамындағы беделі оның атымен байланысты жырлар топтамасында айтылады [14]. Бөгенбай XVIII ғасырда қазақ-қалмақ шапқыншылығында бас болған сарбаздардың бірі. Ол қазақ елін сыртқы жаугершіліктен қорғау жолында ерекше ерлік көрсеткен, сөйтіп ел құрметіне бөленген хас батыр. Сондықтан халық оның отаншыл, ерлік тұлғасын аңыз етіп, ұрпақтан ұрпаққа қасиеттеп қалдырған.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жазбаларынан жеткен «Бөгенбай батырдың өлімін Абылай ханға естіртуінен» Бөгенбай батырдың халық жадындағы, хан алдындағы беделін көруге болады.

Қазақ елі тарихында тарихи тұлғаның бірі – **Жәнібек Қошқаруұлы**. Батыр, қолбасшы, рубасы (старшын), би, шешен, қоғам қайраткері, тархан, елші, мәмлегер Шақшақ Жәнібек туралы мәліметтерді қолжазба қорынан, Ресейлік мұрағат құжаттарынан кездестіреміз.

Шақшақ Жәнібектің өмірбаяны, Абылай ханмен қалмаққа қарсы күресі, ерлігі қазақы дерек көздерде ұмыт қалмаған [15]. Тарихта Жәнібек батыр екеу – бірі арғын, Жәнібек Қошқаруұлы, екіншісі – керей Бердәулетұлы. Сөз болып отырған арғын Қошқаруұлы Шақшақ Жәнібек. Ол XVII-XVIII ғғ. өмір сүрген, замандастары Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен, Қабанбай, Бөгенбай, Байғозы батырлармен бірге қазақ елін, жерін жоңғар қалмақтарынан қорғаған батырлардың, даңқты қолбасылардың бірі. Ол сонымен қатар, мәмлегер-елші де болған.

Ел тарихында елеулі із қалдырған ірі тұлғаларымыздың бірі – **Олжабай Толыбайұлы** (1709-1783). Олжабай – жоңғар, Қытай богдыхандарына қарсы тұрған әскербасылардың бірі. Оның руы – Орта жүз, арғын, сүйіндік, оның ішінде Айдабол. Батыр туралы сақталынған дерек көздер әр алуан: «Қалмаққырған», «Олжабай сөресі», «Шүршітқырған», «Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай батырдан»; «Олжабай, өмір тарихы, Олжабай батыр туралы»; «Олжабайдың сөзі, Олжабай батыр»; «Олжабай батыр, Олжабай батырдың бір соғысы»; «Қанжығалы Саққұлақ ақынның Олжабайы»;» Орта жүз Олжабай батыр», т.б.

Барақ батыр [16]. Оқиға Алтайда Нарым, Күршім, Марқакөл, Тарбағатай аудандарында болған. Халық қалмақ шапқыншылығына ұшырайды. Қабанбай, Барақ батырлар қырғызға кеткен уақыт екен, қалмаққа қарсы Қарасеңгір, Бөгенбай, Барақтың інісі Барлыбайлар соғы-сады. Барлыбай қаза тауып, Барақтың кек ал-ғаны туралы баяндалады. Қалмақтар қалың қолмен қайта шабады, Абылай бастаған қазақ батырлары Алтай жерін осы жолы түгел қай-тарып алады.

Батырлардың қолбасшылығы, әскери өнері, ерлігі жоғарыда халық бағалауына лайық болса да, сол батырлардың қолын құрап, қол астында болған қарапайым «қара» халықтың ерен еңбегі халық жадында «Жауды қара қашырды, батыр атақ Барақта қалды» деген мәтел осы Барақ батыр атымен байланысты шыққан. «Халық айтса, қалт айтпайды» деп, шындықтың бетін

бүрікпей, турасын айтқан. Бұл жерде қара халықтың елін-жерін қорғауға, жауды қашыруға белсене қатысқанын, «Барақ батыр» аты тек жеке адамның аты емес, қолбасшы-батырлардың жинақталған бейнесі ретінде айтылып, «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» деген халық даналығының бір дәлелі іспеттес.

Қорыта айтқанда, тарихымыз мен мәдениетіміздің әртүрлі аспектілерін жан-жақты зерттеуде ауызша айтылып хатқа түскенімен батырлық жырлардың маңызы зор. Халқымыздың рухани мұрасын, тарихын сақтау, жан-жақты және терең зерттеу, дәріптеу, тарихи таным тұрғысынан бағалау бүгінгі жаһандану заманында ұлттық және елдік санамыздың жаңғыруы болып табылады.

1. Абусеитова М. Х., Баранова Ю. Г. Письменные источники по истории и культуре Центральной Азии XIII–XVIII вв.: (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с + вкл. 4 с.

2. Маргулан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия казахского филиала АН СССР. Серия историческая, 1946. №2. С. 80.

3. Ә. Қоңыратбаев. Әпос және оның айтушалыры. –Алматы: Жазушы, 1975. 18-б.

4. Қазақстан тарихы түркі деректемелерінде / Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). II т. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -252 б.

5. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. 2 т. 186-б.

6. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Батырлар жыры. –Алматы: Ғылым, 1975. –Т. 1. -352 б.

7. Айдашев А., Құдайбергенов Е. Қазақ халық әдебиеті. Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры (Мұрын жыраудан жазылған мұралар) / Құрас. О. Нұрмағамбетова, Қ. Сыдиқов. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 5. -384 б.

8. Кочекаев Б.-А. Ногайско-русские отношения в XV-XVIII вв. –Алма-Ата: Наука, 1988. -272; Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. Алматы: Рауан, 1995. -352 с.; Сикалиев А.М. Ногайский героический эпос. Черкесск: КЧИГИ, 1994. -328 с.; Исин А. Казахское ханство и Ногайская орда во второй половине XV-XVI в. –Алматы: Гылым, 2004. -160 с.; Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. –М.: Восточная литература РАН, 2002. -752 с.; Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. -388 б.; Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. –Л.: Наука, 1974. -727 с.

9. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. –М.: Восточная литература РАН, 2002. -752 с.

10. Орталық ғылыми кітапхана (ОҒК) – 505 Ақтабан шұбырынды (жин. – Н. Кенжеғұлов, латын графикасында); ОҒК – 505 Шұбырыншы ақтабан, жыр (жин. - белгісіз); М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (ӘӨИ) – 144 Ақтабан шұбырынды жайындағы ақын Топыштың сөзі /тарихи өлең/ (жин. – М.Мағауин, Ә. Кекілбаев); ӘӨИ – 144, 6 д.

11. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. М. 1968, 5 т.

12. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алматы: Наука, 1968.

13. ОҒК – 1170.

14. ОҒК – 666, 6-дәптер. Қаракерей Қабанбай батырдың әңгімесі.

15. ОҒК – 35, 140, 585, 833, 901, 1178, 1632; ӘӨИ – 362/3.

16. ОҒК – 744.

* * *

В статье рассматриваются вопросы изучения казахской традиционной устной историологии. К анализу подвергнуты более 20 эпосов в жанре героических сказаний. Автор статьи приходит к выводу о том, что эпосы пригодны в качестве вспомогательных источников для изучения различных аспектов казахской истории и культуры.

* * *

The paper studies the questions of using of traditional oral historiography in research work. More than 20 eposes have been analyzed in it. The author came to a conclusion that eposes are suitable as auxiliary sources for the studying of various aspects in the Kazakh history and culture.

О. К. Шариязданов

К ВОПРОСУ О ПОНЯТИИ «КУЛЬТУРНАЯ ЦЕННОСТЬ»

Начиная рассмотрение исторического аспекта понятие «культурная ценность» отметим неизменную важность философского понимания «ценности» для осознания сущности его содержания.

Говоря об истории и развитии исторических знаний, то одной из форм изложения понятия «культурной ценности» вынашивается в рамках изучения материальной культуры народа. Специальные дисциплины, такие как археология, этнография, антропология и другие дают неоценимые материалы и составляют бесспорную помощь. В этой связи, русло нашего исследования направим на предметы, являющиеся результатом прошлой деятельности человека.

Исторические исследования показывают, что данные предметы, исходя из области названных научных областей формулируют «собственные» понятия. Таковыми являются понятия «памятника» в истории, «артефакта» в археo-

логии, «экспоната» в музееведении, «культурного наследия» в общественной жизни. Однако заметим, что на сегодняшний день специальных научно-теоретических работ по данному вопросу не разрабатывалось, а имеются лишь отдельные косвенные исследования.

История формирования понятия «памятник» связана с непосредственным интересом общества к так называемым предметам старины,

ведь представляется, что человека на любом историческом этапе развития, всегда интересовало, что было до его существования, как жило то общество, что имело, чем интересовалось. Бесспорно, изначально не существовало и такого понятия, однако, прибегая, к примеру, взаимоотношения казахского общества и Российской империи, то обращает на себя внимание наставления Петра I по выявлению, сбору и описанию старинного, как являющимися сведениями о прошлом народа.

Обнаруживаемые объекты недвижимого и движимого характера образовывали и развивали исторические знания в XVIII веке. Большой вклад в данном направлении внесли широко известные имена Татищева В.Н, Миллера Г.Ф., Ломоносова М.В. и других. В особенности к «движимым» предметам предъявлялся ценз оригинальности создания и материала его изготовления, что в совокупности непременно образовывало его материальную ценность. Слово в «диковинку» составлял главный признак выделения данных предметов от других предметов.

Многочисленные исследования и экспедиции прошедших дней демонстрировали, что каждый народ имеет историю и культуру и соответственно предметы материальной культуры. Важным стороной проявления интереса общества являлось собирание древностей, или коллекционирование. Таким образом, можно думать, что с термином «памятник» ассоциируется что-либо сделанное в прошлом.

Начальные наработки характеризуются описательными сведениями и изобразительными элементами прошлого творчества человека, реализованного в каких-либо объектах. Вместе с тем, эти материалы дают первичную и обобщенную информацию об изложении всей материальной культуры народа. К примеру в Российской империи «определенным итогом научных изысканий первой половины XIX века стала «Записка для обозрения русских древностей» Сахарова И.П., опубликованная в 1851 г.» [1, С.181], которым были введены первые критерии отнесения какого-либо объекта к памятникам. Документом выставлялся своеобразный «ценз» при определении понятия «памятник».

Во второй половине XIX века к объектам прошлого определяется критерий восприятия, который позволяет нарекать их памятниками – это непосредственная взаимосвязь с историей и его исторической значимости.

Примечательно, что в русской историографической традиции первоначальное изложение понятие «памятник» находит отражение в рамках рассмотрения «памятника зодчества», основательный подход который разработал по мнению Поляковой М., известный историк и археолог Забелин И.Е.. «Фактически ученый разработал особый подход к оценке памятников зодчества, подразумевавший эмоциональное восприятие объектов, выявление в них черт эпохи, проявляющихся в пластике, графике, общем колорите сооружений. Памятник переживал как художественное явление» [1, С.188], - пишет она.

Последующее оформление понятия «памятник зодчества» находит выражение в выделении двух направлений – художественном и археологическом, однако и оба этих течения подразумевали прошлое материальную культуру народа. Однако предусматривалось выделение и иных «особых» видов памятников, таких как «памятник живописи и ваяния», «памятник письма» и «памятники печати». В этой связи предполагается, что формирование понятия памятник, его значение представлялось во взаимосвязи с историческими знаниями. С XX века вводится в употребление памятников как «искусства и старины» и «новейшего времени».

На сегодняшний день «термин «памятник» прочно закрепился в словоупотреблении, нашел отражение в законотворчестве, в музейной практике, в научный обиход входит термин «памятниковедение». Памятник истории и культуры, включенный в состав музейного собрания (и обычно уже прошедший все стадии научной обработки), называют музейным предметом» [2, С.10]. Конечно, под памятником можно подразумевать то, что необходимо для сохранения и воспроизводства прошлого в целях развития текущего культурного развития и пониматься он будет непосредственно как ценность.

По мнению историка Мартынова А.И. который пишет что «в отличии от обиходного представления о памятниках как о скульптуре,

монументе, обелиске и т.п., в археологии памятниками называются любые остатки древних сооружений». [3, С.5] Эти образом исследователь выделил отдельную археологическую область применения для термина «памятник», его другой ракурс рассмотрения. Вместе с этим, в данное понятие он включает предметы, отождествляемые им с понятием «артефакт». На основе этого можно считать, что понятие «памятник» в археологии включает в себя понятие «артефакта». Созвучно ему археолог Хабдулина М. выделяет «археологический памятник» называя его историческим источником [4, С. 6].

Замечание исследователя Стешенко, что «с точки зрения права далеко не всякая культурная ценность является памятником» [5, С. 44], позволяет предположить, что подразумевается другое смысловое содержание. Также в словаре, изданном Павлодарским государственным университетом в 2002 году, имеется понятие «памятник истории и культуры» включающий как сооружения, памятные места и предметы [6, С 46], которое «поглощает» понятие «культурной ценности», выделяя его как функциональную принадлежность.

В рамках изучения материальной культуры возникает множество сложностей, главной из которых мы называем проблему общей дефиниции понятий. Появление подобного усматривается в различных «углах» исследования и области интерпретации материальной культуры. Но все же объединяющим фактором понятий «памятник» и «культурная ценность» видится в представлении фактов об истории общества. «Выделяя с помощью понятий общее в различных предметах и явлениях, мы не только обозначаем эти предметы и явления одним именем, но и фиксируем однозначно их существенные свойства» [7, С. 84].

Обращение к известному словарю Ожегова, дает следующее толкование понятия памятник, которое предусматривает «1. Скульптурное или архитектурное сооружение в память кого – чего-нибудь. Памятник Пушкину. Надмогильный п. 2. Сохранившийся предмет культуры прошлого. Археологический памятник. Памятники письменности (древние рукописи)» [8, С 343]. В соответствии с этим, мы вновь находим отображение движимых и недвижимых объектов материальной культуры в понятии. Все что связано с сохранением памяти находит воплощение в понятия «памятник» в силу того, что оно составляет ценность для культуры.

Особенное понятие к определению предметного мира вводится теоретиком археологии Клейном А.С., который называет их «культурные типы – это те группировки предметов по сходству, которые были введены в материал самими творцами, созидателями культуры, когда они упорядочивали и подчиняли свои нормам материал» [9, С. 74]. Важно отметить, что при применении данной позиции необходимо определить принцип выявления подобных предметов. Данное представляется возможным с позиции двух точки зрения: первое – «глазами творца» предметов минувшей эпохи, что полагается наиболее затруднительным либо с потребностей общества текущего времени, что наиболее возможным.

Резюмируя сказанное, позволим сделать вывод, о том, что понятие «памятник» включает двоякую «амплитуду колебания», включающее движимые и недвижимые объекты, но главным элементом выделения которых служит связь с историей. Безусловно, понятие памятник связано с понятием памяти, так как общество всегда порождает, сохраняет и передает последующим поколениям все, что связано с его развитием, оно неотделимо от общества.

Подобное обозначение предметов материальной культуры мы находим в археологии, где к ним применим термин «артефакт». Как отмечает исследователь Брайан М. Фаган «артефакты: в узком смысле, предметы, изготовленные или видоизмененные человеком» [10, С.150]. В соответствии с этим, можно думать, что понятие «артефакта» определяется как предметы, сделанные человеком или обществом. Рассматриваемые работы и справочные материалы показывают, что подобная трактовка имеет место быть.

Так группой разработок представлены изложения «артефакта», где он определяется как «предмет, сделанный человеком» [4, С.6], «предмет, сделанный человеком. Решающим признаком является придание определенной формы» [6, С 12], «предмет, сделанный человеком, для которого черта между объектом природного происхождения является даже случайное его использование и придания определенной формы» [11, С. 23], «любой предмет, не природного, а искусственного происхождения»[12, С. 343].

Более подробное содержание данного понятия мы находим у теоретика Бочкарева В.С. который выделяет такие функциональные особенности артефакта как производную, социальную, эстетическую и полагает, что «арте-

фактами могут считаться отдельные черты объекта (например, орнаментация горшка), целый объект (например, горшок), монумент (например, кафедральный собор), структура (например, планировка могильника) и т.д.» [13, С. 35], где он интегрирует в него все материальную сущность культуры.

Дальнейший анализ понятий «памятник», «артефакт», «экспонат» и других говорит о том, что принципом выделения материальной культуры является их происхождение в результате деятельности человека на определенный этап исторического развития, и различие их видится лишь в сфере применения. Вместе с тем, историческая плоскость не разграничивает движимые предметы и недвижимые объекты, вливаясь едино в данные понятия.

Особое выделение движимых предметов материальной культуры и обозначение их единым понятием «культурная ценность» мы прослеживаем в законодательном творчестве. Перейдем к его рассмотрению.

Исследуя правовой аспект понятия возьмем за основу нормативные документы ЮНЕСКО и законы Республики Казахстан в области охраны и использования культуры.

Рассмотрение понятия в данных документах позволяет выделить первую особенность, характеристика которой целенаправленно охватывает только материализованные ценности культуры, или иными словами материальную культуру. Вторая особенность вытекает из факта невозможности отделения духовного от материального, и в этой связи дозволяется излагать его только совместно с предметом, то есть в материальном предмете культуры воплощена своеобразная духовность. Таковыми являются многочисленные произведения науки и техники, живописи и скульптуры, литературы и искусства, книжного дела и народного прикладного творчества и т.д. Предметы, непосредственно связанны с человеческой жизнедеятельностью образуют третью особенность в содержании понятия. Таковы, на наш взгляд, общие особенности понятия «культурные ценности».

Такой подход в наименовании всех предметов, созданных человеком культурными ценностями, обрекает на неизбежность утраты понимания в целом самого значения «ценности», ведь не каждый предмет прошлого, на наш взгляд, составляет ценность. Представляется, что такие предметы необходимо должны отображать уровень достижения и развития общества, а и их качественная характеристика должна выступать преимущественно первостепенной. Не менее важное значение имеет их количественное распространение, где масштабность подразумевает востребованность их обществом.

Совместно с этим, хотелось бы отметить, что ранние документы по интерпретации нашего понятия предусматривали объединение движимых предметов с недвижимыми объектами, как представление всей материальной культуры народа.

Одним из первых употребление данного понятия мы находим в международном документе Организации Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры (ЮНЕСКО), а именно в Гаагской конвенции о защите культурных ценностей в случае вооруженного конфликта, принятой в 1954 году. Международное сообщество, учитывая ущерб, нанесенный в результате второй мировой войны культурному развитию государств, утверждая термин, стремиться «вместить» все значимое в деле обеспечения охраны прошлого культурного развития. Полную характеристику можно найти в тексте данной Конвенции, где они разделены на группы [14, Статья 1].

Под него попали как единичные предметы, так и комплексные строения, однако введение в понятие мест их хранения, нами думается, не является целесообразным. Позволим заметить, что возможно с этой практики связано начало закрепления в понимании и применении государствами обобщенного термина к движимым и недвижимым объектам.

ганатом. Следующие сведения о племенах теле относятся к 627 г. Они содержат данные китайских источников о местах расселения конфедерации телэ. Так, «Суй-шу» перечисляет свыше десятка телэских племен, населявших Тянь-Шань. «Тан-шу» упоминает племена ки-би, янь-мань (янь-ли). О племени янь-мань для сер. VII в. известно, что оно управлялось своим вождем и расселялось на территории между озерами Ала-куль и Балхаш.[2, с.272] В то же время ученые отмечали крайнюю условность мест расселения кочевых племен, упоминаемых в китайских источниках. Это связано с разновременностью фиксации данных в династийных историях, а также с неизбежностью противоречий, вызванных отсутствием учета кочевого образа жизни племен теле. Тем не менее, на тот период источники дают следующую картину расселения телэских племен в восточной половине Средней Азии.

Племя ки-би расселялось в суйское время в Восточном Тянь-Шане. В 632 г. под давлением западных турок они перекочевали в Хэ-си. В 648 г. западные тюрки отказали китайцам в требовании предоставить земли Восточного Туркестана в обмен на просьбу тюрков о заключении брака с китайской принцессой. Оскорбленные китайские правители, точнее правивший тогда китайский император Тайцзун, направил 100 тыс. армию тюрков и теле, “составленную исключительно из войск выставленных телэсскими поколениями” во главе с телэским (Ки-би) Хэ-ли военачальником на запад, и весь Восточный Туркестан должен был подчиниться Китаю.[2, с.261] Далее известно, что они принимали деятельное участие в китайских походах 633 г. против тогонцев и 653 г. против западных турок и что в 827 г. они еще занимали уступленную им китайскую территорию, но после 842 г. всякие сведения о них прекращаются. Среди черневых татар на Мрасе одна из их одно из родов носит название киби.

Знаменитое по источникам племя се-янь-то в VII в. расселялось в Гобийском Алтае. В 645-646 гг. Политическое образование сеяньто было уничтожено объединенными силами уйгуров и китайцев. В 681 г. Отмечается последнее упоминание этого племени в Гобийской пустыне.

Племя до-лань-гэ: “Тан-шу” помещает их к востоку от се-янь-то, на Тун-ло. Ху-се упоминаются среди народов севера, покоренных Модэ. В суйскую эпоху они населяли бассейн Селенги.

Племя тун-ло. Согласно “Тан-шу”, тун-ло жили от до-лань-гэ на восток, от се-янь-то на север; тот же источник называет их среди телэских племен, живших на восток от Утукена (Юй-ду-гюнь). Кочевание этого племени где-то между Орхоном и Селенгой подтверждается и показанием “Суй-шу”, которая отводила им территорию к северу от р. Толы.

Пу-гу жили севернее других телэских племен, рядом с тун-ло, т.е. в низовьях Орхона и в долине нижней Селенги, откуда позднее они вероятно передвинулись к востоку, так как упоминаются среди племен, покоренных в начале X века киданями. Племя сы-цзе кочевало в бассейне верхней Селенги.

Земли племен баегу или байырку были обширны и простирались до бассейна р. Сунгари не переходя, повидимому, на юг за р. Керулюн. Их потомки отмечаются у родов баига у камасинцев и баигул у чулымских татар, по мнению Г.Е.Грумм-Гржимайло.

Гу-ли-гань, курыкан орхонских надписей, занимали земли к западу от оз. Байкала. Племена бай-си кочевали в северной Халхе южнее байырку в верховьях Толы и Керулена. Юань-хэ (вэй-хэ, хой-хэ, у-ху, у-гэ, уйгуры) расселялись в бассейне р.Селенги в VII в. Племя хунь, ставшее позднее союзниками китайцев, в суйское время кочевало к северу от р. Толы, затем, повидимому, переместилось на южные склоны Хангая; в “Тан-шу” сказано, что их кочевья находились южнее кочевий других телэских племен. О племени а-дэ есть лишь упоминание в источниках.

Среди телеских племен “Тан-шу” называет еще племя ду-бо (или туба по В.Радлову), жившее на восток от хагясов, между верховьями Енисея и озером Косогол; однако, в той же “Тан-шу” говорится далее, что ду-бо, как и жившие в соседстве с ними - ми-ли-гэ (меркиты) и э-чжи (кочевавшие у Косогола), по происхождению турки, а не телэ.[2, с.248-251]

Можно предположить, что племена теле на протяжении своей истории постоянно меняли свое местопребывание. В середине VII в. их расположение вкратце можно определить следующим образом.

В Хангайских горах между р.Цзабхан на западе и истоками Орхона на востоке жили доланьгэ-теленгиты; в верховьях р.Селенги – сыге-изгили ; между Селенгой и Орхоном – тунло-тонгра; в низовьях Селенги и Орхона – пугу-бугу; в степи между Толой и Орхоном – уйгуры; к северу от Керулена, между Хэнтеем и Хинганом – байегу-байырку; в долине р.Селенги, к западу от пугу – сыге; к югу от байрыку – байсы; в Забайкалье – гулигань- курыканы; в

Алашаньских горах – аде-эдизы, в степях к западу от Ордоса – хунь и киби".[2, с. 319]

Из вышеуказанного следует, что расселение теле относится к обширному ареалу от Большого Хингана на востоке до Каспийского моря на западе. Некоторые племена из телесской конфедерации обитали уже в раннем средневековье на территории современного Западного Казахстана. Для периода VIII в. имеет значение сведения "Бэйши", китайского источника о племенах теле, кочевавших к западу от Алтая: "на север от государства Кан, по реке Адэ, живут хэдэ, хэцзэ, боху, бигань, чжуйхай, хэиси, хэцо, суба, емо, хэда".[3, с.65] Земли к северу от Кан (Самарканда) и к западу от Алтая определяются как территории Западного и Центрального Казахстана.

Н.Бичурин дает следующее географическое описание территории западного Казахстана периодов Ханьской, Вэйской и Танской династий, т.е. первых десяти веков нашей эры. "Лежит от Чжунгарии в северо-западе, за 2000 ли от Восточной Казачьей Орды в западе. На востоке простирается до межи казачьей, в запад до границы Ташкяньской, в юге до границ Киргизской и Мауриннярской, в север до границы Российской, в юго-восток до Или. С данью в столицу приезжают чрез Или.

При Ханьской династии сия страна составляла земли "Пяти малых королей Кангюйских". При династии Вэйской и Цзиньской принадлежала Кангюю; при Младшей Вэйской и Цзиньской составляли владение Ше; при Тханской – Ши, иначе называлась Чжечже, Чжечжи и Чиши. После сего ничего неизвестно. Ныне здесь обитает Западная Казачья Орда. Главное местопребывание называется Улук-Юйцы". [4, с.573]

По "Историческим заметкам" Сымя Цяня упоминаются существовавшие во II-I в.в. до н.э. государственные образования Кангюй, Яньцай и Усунь. При этом Яньцай занимал территорию западнее Аральского моря. Кангюй занимало территорию по Сыр-Дарье. Яньцай находился в зависимости от Кангюй, а тот по китайской хронике IV в. от хуннов.

Возвращаясь к истории племен теле, важными событиями были следующие. В 627 г. телесские племена – сеяньто и уйгуры восстали против Тюркского каганата и образовали в восточной части Центральной Азии каганат из племен теле во главе с племенем сеяньто, потюркски токуз-огуз. "Ядро этого объединения составляли 9 племен, в число которых входили и древние предки теленгитов (толанко или доланьго в китайской записи).[5, с.154] В период VI-VIII вв. племена теле играли значительную роль в истории Тюркского каганата.

Дальнейшая судьба телэсцев прослеживается в связи с борьбой восточных тюрков с уйгурами. Конец VII в. (до 694 г. вероятно) ознаменовался подчинением Халхи тюрками. Уйгуры были вынуждены бежать под покровительство китайцев.[2, с.298] В 716 г. вспыхнуло восстание "девяти родов", т.е. теле, которое было тюрками подавлено. Интересно, что в орхонских надписях телесцы названы племенем изгиль. Г.Е.Грумм-Гржимайло считает, что это племя сы-цзе, одно из телэ. В.Томсен отождествляет изгиль с ишкулами, одним из уйгурских племен. Далее, Г.Е.Грумм-Гржимайло приводит сообщение Вамбери, который опирается на Ибн-Руста о том, что «изгиль, как народное имя, известно было и на Волге, где племя это входило в состав болгарского союза».[2, с.319]

Среди телесских племен, не входивших в Уйгурское ханство, значатся у Н.Бичурина пугу, хунь, ба-егу, тун-ло, сы-ге и ки-би. Эти сведения относятся к 1-ой половине VIII в. Телеское племя тун-ло приняло участие в восстании Ань-Лу-Шаня в Китае. Есть свидетельства о борьбе племен ки-би, пу-гу с уйгурами.

История государственного образования теле была очень короткой. Создав в 492 г. государство, уже в 494-496 гг. телесские племена были завоеваны эфталитами. Речь идет о западных теле. В 516 г. жужани разбили гаогюйцев (т.е. телесцев). Остатки теле примкнули к эфталитам. В 521 г. телесцы воспользовались политической ситуацией и восстановили свое государство. В 540 г. держава гаогюй перестала существовать. В 545 г. западные телесские племена восстали против жужаней и перешли в подданство к тюркам. Они подверглись налоговому угнетению. В составе тюркского каганата родовые отношения телесцев начинают заменяться территориально-хозяйственными объединениями, получившими отражение в китайских названиях. Так гаогюйцы именовались в источниках как род, а телесцы как племя. Неоднократно подчеркивалось, что телесцы были воинственны и независимы. Поэтому тюркское господство угнетало их. В начале VII в. как только власть тюрков начала колебаться в результате междоусобиц, телесцы восстали. Восстание охватило большую территорию от Селенги на северо-востоке, до Тянь-Шаня на юго-западе. Западные тюрки были

разбиты.[2, с.236-237] В 619 г. князь ки-би Мохэ-хан Гэлэн и князь Сеяньто Ышбар (Иши) добровольно подчинились Тун-джабгу-хану, западнотюркскому кагану. И причину этого подчинения, Л.Гумилев определяет тем, что телесцы были уверены в своем покое, т.к. каганат и так имел большие богатства и не позарится на "телесских овец".[6, с.157]

Относительно взаимоотношений телесцев, Западнотюркского каганата и конфедерации дулу у Л.Н.Гумилева есть такие слова: "Степи современного Западного Казахстана, древняя страна сабиров, также входили в Западный каганат. Удельным князем там был дядя Тун-джабгу-хана, носивший прозвище "Богатырь", и имевший достоинство малого хагана. Эта страна уже в VII в. называлась Сибирью, так как впоследствии "Богатырь" принял титул "Кюй-люг Сибир-хан". По своим симпатиям сибирские племена, подобно болгарам, тяготели к группировке дулу".[6, с.160]

Из одного документа, датируемого второй половиной VIII в., периодом правления Тун-джабгу явствует, что среди племен Западнотюркского каганата, подчиненных ему, значится (упоминается) род "сар" - т.е. "сир" - ведущий род племени сеяньто (теле). [6, с.161] В 630 г. в Западнотюркском каганате произошел переворот, в результате которого был убит Тун-джабгу-хан. Восстали телесские племена.

Политика китайских императоров была направлена на то, чтобы противопоставлять друг другу телесские племена. При этом императоры понимали, что их поддержка обеспечит признание власти того или иного телесского племени всеми остальными племенами телесской конфедерации.

О связи теле с кыпчаками-тюрками выше упоминалось в связи с принадлежностью теле к кыпчакской языковой группе. Еще один интересный факт. Сохранились сведения о поселении кыпчаков в долине "Джилан" (Чжэлян). Когда в 630 г. тюркюты потерпели поражение, кыпчаки были поселены вместе с тюркютами в Алашане. Речь идет о части кыпчаков. Еще один упоминаемый элемент – "это сиры, потомки сеяньто, что явствует из надписи Тоньюкука… После того как в 646 г. сеяньтосское ханство было уничтожено имперцами и из союзниками уйгурами, а народ подвергся беспощадному истреблению, остатки сеяньтосцев рассеялись по отрогам Бейшаня, и их старая ненависть к тюркютам сменилась еще большей ненавистью к китайцам. Поэтому нет ничего удивительного в том, что они примкнули к тюркам, надеясь под их знаменами обрести былое значение и отомстить китайцам, поступившими с ними столь беспощадно".[6, с.267]

С этого времени среди племен теле главную роль стали играть уйгуры. В период Танской династии племена теле были вынуждены признать власть империи. В период образования второго Тюркского каганата племена тогуз-огузов, состоявшие из племен теле, были подчинены тюркам. В 713 г. тогуз-огузы восстали против восточных тукю и потерпели поражение. Но с этого времени начинается постепенное отпадение от каганата тогуз-огузских племен. В период правления Кюльтегина тюрки много воевали с теле.

С середины VIII в. многие племена теле вошли в состав Уйгурского каганата, просуществовавшего около 100 лет. В составе этого государственного образования находилось и племя толанко или доланьгэ, потомки которых как мы считаем, вошли позднее в состав казахского племени телеу.

Для комплексного изучения проблем этногенеза важную роль, как известно, имеют данные археологии. Археологические изыскания на территории Центральной Азии определили тип погребения, соответствующий, по-видимому, этнополитическому объединению теле. Особенность захоронений состояла в трупоположении с конем, что было характерно для кочевых племен. Такой тип захоронений был распространен в раннем средневековье на территории Монголии, Алтая, Южной Сибири и Казахстана. Д.Г.Савинов, Ю.И.Трифонов, исследователи тюркской погребальной обрядности считали, что эти захоронения относятся к местным телесским племенам.[7]

О хозяйстве племен теле сохранились следующие сведения. Так, Д.Савинов отмечает: "Особенности хозяйства телесских племен Монголии (уйгуров, доланьгэ, сеяньто и др.) были, очевидно, близки древнетюркским, у некоторых из них (уйгуры и курыканы) существовало специализированное коневодство. Байегу (байырку) наряду со скотоводством занимались горно-таежной охотой на диких оленей. Данный хозяйственно-культурный тип был определен Л.П.Потаповым как "горные кочевники скотоводы-охотники Алтае-Саянско-Хангайского нагорья". Впоследствии этот тип становится ведущим для так называемых "лесных народов" Северной Монголии и Прибайкалья предмонгольского времени. Дубо жили в условиях присваивающей экономики, "ни скотоводства, ни землепашества не имели. У них много

сараны: собирали ее коренья и приготовляли из них кашу. Ловили рыбу, птиц, зверей и употребляли в пищу. Одевались в соболье и оленье платье, а бедные делали одежду из птичьих перьев".

Столь же разнообразны были и погребальные обряды телэсских племен. О теле вообще известно, что в отличие от тюрков-тугю они не сжигали своих покойников, а хоронили их в земле".[8, с.51]

Скотоводы-теле, по мнению Д.Савинова, придерживались традиционного для территории Саяно-Алтая обряда погребения с конем. "За пределами этого региона погребения с конем VI-VII в.в. встречаются на Тянь-Шане … в Казахстане – Егиз-Койтас … и в г.Алма-Ате…".[8, с.54]

Об участии телесских племен в образовании кимако-кипчакской конфедерации Д.Савинов пишет следующее: "Тюркоязычное племя яньмо бывшее основным в нем, очевидно, одно из телеских племен, родственное чеби, ранее входившее в состав Западнотюркского каганата. Племя яньмо обычно отождествляется с йемеками, давшими, по мнению Б.Е.Кумекова, название всему этнополитическому объединению – кимак. Тот факт, что основным в кимакской федерации было одно из телеских племен, обитавшее в Прииртышье и родственное алтае-телеским тюркам, во-первых, показывает местную основу культуры кимаков на Иртыше, во-вторых, объясняет отличительную особенность восточно-казахстанских погребений IX-X в.в. - обычай захоронения с конем, видимо, общий с алтайским. В предшествующее время (VII - VIII в.в.) здесь известно несколько погребений с конем – Чиликты; Подстепное и др. с предметами сопроводительного инвентаря катандинского типа".[8, с.103-104]

По сведениям Ю.М.Трифонова телеские имена (пу-гу) вошли в состав кимакского объединения после распада в 840 г. Уйгурского каганата. Одним из этапов в археологических памятниках кимаков являлся таким образом погребальный обряд с конем, названный телеским.

Древний период истории Алтая характеризовался начавшимся процессом тюркизации, основными носителями которого были племена тюрков-тугю, теле, алтае-телеских тюрков, уйгуров и др. Этот процесс значительно усилился со 2-ой пол. I тыс. н.э., что было связано с возникновением раннетюркских образований. Наследниками телеской культуры стали народы Южного Алтая и Тувы.

Можно действительно утверждать, что ранняя, этническая история всех тюркоязычных народов связана с древнетюркской эпохой. Возможно, телеский компонент имеется в составе казахского этноса, точнее в основе формирования казахского рода телеу.

Остались сведения и о городище, которое также, скорее всего, является памятникам исторических событий времен. Об одном таком городище А.И. Левшин пишет: "Белян-Ана – развалины города. Они лежат при реке Сарасу на один день езды от озера Телекуль, в которое она впала. Длина сих развалин верст шесть, ширина около одной версты.[9, с.107] По сведениям П.М.Рычкова сообщается также, что в городище там сохранилось, пять мечетей и названия поселения происходит от имени женщины «святою почитаемой».[10, с.186] Городище относится к кипчакскому периоду и по находкам там может определиться как крупный, центр, игравший важную роль на пути передвижения племен. В Энциклопедии имеются следующие сведения о средневековом городище Белен ана. "Белең Ана - Қыпшақ мемлекеті тұсында салынған хан сарайының орны. Сарысу өзенінің сағасында, Сіңіртек, Телікөл алабына жақын, қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданы аумағында орналасқан. Белең ана Сығанақ, Сауран қалаларын қоныстанған қыпшақ хандарына жаз аптабында саялайтын орын болған. Ескерткіш маңында өзге де сарайлардың, әдемі күмбездердің үйінділері сақталған. Ғалымдар П.И.Рычков, А.И.Левшин, П.И.Спасский, т.б. Белең ананың аумағының үлкендігіне қарап, оны ерте замандағы үлкен қаланың орны деп есептеген. Үш жүздің бірлігін айғақтайтын таңбалы тас Белең анаға жақын маңнан табылған".[11, с.271]

Таким образом, на основании данных расселения племенного объединения теле можно отметить обширность ареала его распространения, который охватывал также и территорию Казахстана. Исторические источники свидетельствуют о важной политической роли племен теле во взаимоотношениях с тюрками и Китаем.Что касается материалов археологии о древней культуре телеских племен, то по ним ясным становится их тесная этническая взаимосвязь с тюркскими племенами, ставшими

позднее основой формирования многих тюркских народов, в том числе и казахов.

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. - Алматы, 1998. - Т.1.

2. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. - Л., 1926. - Т.2.

3. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. - Алма-Ата, 1989.

4. Бичурин Н. Собрание сведений по исторической географии восточной и срединной Азии. - Чебоксары, 1960.

5. Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. Историко-этнографический очерк. – Л., 1969.

6. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - М., 1993.

7. Грумм-Гржимайло Г.Е. Белокурая раса в Средней Азии. // Сборник в честь 70-летия Г.Н.Потанина. - СПб., 1909.

8. Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. - Л., 1984.

9. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. А., 1996.

10. Рычков П.М. Топография Оренбургской губернии. - Оренбург, 1887.

11. Қазақстан ұлттық энциклопедия.- Алматы, 1999.- Т.2.

* * *

Автор мақалада жазба деректер мен археологиялық деректер негізінде теле тайпалық конфедерациясының ерте түркі тайпаларымен және Қытай мемлекетімен қарым-қатынасы, телелердің көптеген түркі тайпаларының, соның ішінде қазақ халқының этногенезінің қалыптасуына қатысу мәселелері қаралады. Зерттеу нәтижелерінде теле бірлестігінің қазақ халқының телеу тайпасының қалыптасуындағы ролі анықталады.

* * *

In the article on the basis of written sources and archeology's information data about moving of confederation of tribes tele, their mutual relations with Turks and China, the ancient culture having the general roots with Turks, participation of tele in ethnogenesis of many Turk tribes, including Kazakh are presented. During research the role of tele associations in formation of the Kazakh tribe teleu is defined.

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Е. Н. Ноянов

ҰҒЫН-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ халқының қалыптасуына үлес қосқан этностардың бірі болып табылатын ұғындар б.з.б. III – б.з. II ғасырларында Орталық Азияда, яғни қазіргі Монғолия мен Қытайдың солтүстік батысында өмір сүрді. Ұғын мемлекеті көрші көшпелі мемлекеттермен қатар алып көршісі - Қытаймен де тығыз дипломатиялық қарым-қатынаста болды. Ұғын-қытай қатынасы дипломатиялық қатынастардан бөлек түрлі әскери қатынастар түрінде де көрініс тауып отырды.

Жалпы алғанда ұғын-қытай арасындағы әскери қақтығыстарды қарастыра келіп қайсысы екіншісіне қауіп төндірді деген сұрақ туындайды. XIX ғасырда қалыптасып, бүгінгі күнге дейін ғылымда үстемдікке ие болып келе жатқан еуроцентристік көзқарасқа сүйеніп, Еуропа ғалымдары «көшпелі тайпалар отырықшы елдерге үнемі қауіп төндірген, оладың соғыс әрекеттері тек қирату, бүліншілікке ұшырату әрекеттері сипатында болған» деген пікір аясынан шыға алмай келеді. Ұғын-қытай қатынасын алып қарастырғанда қауіп төндіруші қай жақ болды деген сұраққа мына фактілерді алға тартқымыз келеді. Ұғындардың заманында қытайлардың саны ондаған миллионды құраған. Салыстырмалы түрде қытай деректерінде көрсетілген ұғын әскері санына талдау жасасақ, көшпелі мемлекеттерге тән «қанмен өтеу» салығына сәйкес әр шаңырақтан бір ер адамның әскери қызметке тартылуы, ал әр отбасында орта есеппен 4-5 жан болатынын ескерсек, қарастырылып отырған кезеңдегі ұғындардың санынан 500-700 мың шамасында болған деп есептеуге болады. Қалай санағанда да бірнеше жүз мыңнан тұратын ұғындар мен ондаған миллионнан тұратын қытайлардың ара салмағы 1:100 құрайтынын көреміз. Бұл жағдайда ұғындардың Қытай мемлекетіне қауіп төндіре алмайтыны бәрімізге аян болып отыр.

Ендеше, ұғындардың Қытай мемлекетіне және қытайлардың ұғындарға қауіп төндіруінің мәні неде? Енді осы мәселенің мәнін ашуға тырысайық.

Ұғын тайпалары ежелдегі көшпелі тұрмыс кешкен. Көшпелі қоғамда мемлекеттіліктің әскери демократиялық жүйесі қалыптасады. Мұндай қоғамда отырықшы қоғамда қалыптасқан халықтың бір тобы екінші тобына кіріптарлық

жағдайда болып салық төлеу, еңбекпен өтеу сияқты міндеттер атқармайды. Сол себепті көшпелі тайпалар қосымша табыс табу мақсатында өздеріне көршілес отырықшы мемлекеттерге тонаушылық жорықтар жасайды. Тонаушылық жорықтардың екінші бір себебі көшпелілір өздерінде өндірілмейтін тауарларды көрші отырықшы мемлекеттерден сауда-айырбас түрінде алуға талпыныс жасауы,ал көршілердің шекаралық аймақтарда сауда-айырбас орындарын ашуға, құлқын көрсетпеуі, оларды тонаушылық жорықтарға итермелейді.

Екінші тараптан қарасақ Қытай сияқты алып мемелекет іргесіндегі біріккен күшті көшпелі тайпалар бірлестігінің пайда болуы оларға тиімсіз болды. Бұл тайпалық бірлестіктер тонаушылық жорықтар жасау арқылы Қытай мемлекетінің тыныштығын алатын еді. Өз кезегінде Қытайдағы билеуші әулет көшпелілер тарапынан болатын жорықтардың алдын алу шараларын жүргізе бастайтын. Қытай билеушілері ғұндардың ықпалынан құтылуға қолданған әдістәсілдерін бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезеңде Қытайдағы билеуші әулеттер ғұндардың шапқыншылығынан қорғану арқылы емес, оларға жойқын жорықтар жасау арқылы өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз еткісі келеді.

Екінші кезеңде Қытайдың билеуші топтары ғұндарға көршілес көбіне көшпелі тұрмыс кешкен үйсін, қаңлы, юечжи тайпаларымен әскери одақ құру арқылы өздерінің қарсыластарын талқандауға тырысты.

Үшінші кезеңде Қытай билеушілері құдандалық қатынас орнату арақылы ғұн мемлекетінің ішкі істеріне араласу, сол арқылы іштен іріту шараларын жүргізеді.

Енді аталған кезеңдер ерекшеліктері мен барысына тоқталайық. Қытайдағы бірнеше әулеттер көшпелі халықтарды соғыс әрекеттері арқылы басып жаныштауға ұмтылады. Олар: Хан әулеті (б.з.б. 3ғ. – б.з. 3 ғ.), Тан әулеті (7-10 ғғ.), Цин әулеті (XVII-XVIIIғғ.). Ғұн мемлекетінің қалыптасуы мен Қытайда Хан әулетінің билікке келуі бір мезгілде қатарлас жүрді.

Ғұн мемлекетінің негізін салушы Мөде шанью болып табылады. Қытай тарихшысы Сыма Цяннің «Шицзы» шығармасында былай деп жазылған «...Хұндардың билеушісі Тумын болды. Шаньюдің Мөде есімді мұрагері болды; осыдан кейін оның сүйікті әйелінен кіші баласы туылды; Шанью үлкен баласын шеттетіп, кіші баласын мұрагерлікке қалдырғысы келді. Осындай оймен Мөдені юечжилерге аманатқа беріп, артынша өзі оларға шабуыл жасады. Алайда Мөде арғымақ атқа мініп жау құрығынан құтылып шықты. Тумын бұған қуанып,Мөдеге 10 000 атты әскер бөліп берді».[1] Үзіндіден көргеніміздей Мөде юечжилерге аманатқа берілген.Көшпелі мемлекеттердің отырықшы мемлекеттер дипломатиасынан айырмашылықтары болды. Отырықшы елдерде жеңген мемлекет жеңілген мемлекеттен контрибутция (соғыс шығыны өтем ақысын төлеу), аннекция (жеңілген елдің белгілі бір аймағын өзіне қосып алу) талап етті. Көшпелі мемлекеттерде жеңілген жақтың билеушісі жеңген жаққа жақын туысын аманатқа береді. Ал егер жеңілген жақ шартты бұзып, жеңген жаққа жорық жасаса аманатқа берілген адам өлтіріледі. Тумынның Мөдені юечжилерге берілуі осындай жағдайдан туындаған. Мөде әкесінің өзін мұрагерлікке қойғысы келмегенін түсініп, билікті күшпен тартып алуға дайындала бастайды. Ол өз әскерін соғыс өнеріне жаттықтыру барысында атқанда ысқырық дыбыс шығаратын жебені қолдануға үйретеді. Сарбаздардың тәртібін сынау мақсатында түрлі әрекеттер жасайды.Бірде Мөде өзінің айдай сұлу әйеліне садағын кезенеді. Бірқатар жауынгерлері садақтарын тартынып, оқтарын атпай қалады. Мөде олардың бастарын шабуға бұйрық береді. Тегінде “бұйрық талқыланбайды,тек орындалады” деген қағида соғыс тәртібіне осы ұндардан таралған болуы керек. Сарбаздарының әзірлігіне көзі жеткен Мөде бірде аң аулап жүрген кезде садақпен әкесіне оқ жөнелтеді, жауынгерлері де еш ойланбастан садақтан оқ жаудырады. Тумынға түйрелген жебенің көптігі сондай, ол бірден кірпіге айналады. [2]Әкесін өлтіріп биллікке келді деген ат жақсы емес,сол себепті көрші дунху тайпасы билеушісі Мөдені сынау мақсатында оған бірнеше талаптар қоя бастайды. Алдымен әкесінен қалған сәйгүлік атты,артынан әкесінен әмеңгерлік жолмен қалған әйелін сұраттырады. Ақсақалдар Кеңесі бұған ашуланып, олардың бетін қайтарғысы келгенде, Мөде «бір ат пен бір әйелге бола көршілеріммен арыздасам ба?» деп екеуін де дунхуларға береді. Бұған масаттанған дунху билеушісі Мөде меннен қорқып отыр деп түсініп, екі елдің арасындағы бір мың ли бейтарап жерді сұрайды. Мұның алдында дунху билеушісінің сұрағандарын берген көрген ақсақалдардың бір бөлігі «берсек берейік» деген пікір білдіреді. Мөде жерді берейік деген ақсақалдардың басын алғызып «жер мемлекет негізі, жерсіз мемлекет болмайды» деген жалынды сөздер айтып, дунхуларға қарсы жорық жасайды. Дунхулардан

бөлек ғұндар солтүстікте хуньюи, кьюше (қыпшақтардың бабалары), олардың шығыс көршілері динлиндерді бағындырады.

Осы кезеңде солтүстік Қытайда «патшалықтар соғысы» атымен қалған саяси оқиғалар болып жатты. Қытайдағы Цинь әулеті ұзақ жылдар бойы көшпелілерден қорғану мақсатында «Ұлы Қытай Қорғанын» салуды жалғастырды. Құрылыс миллиондаған шаруалар күшін қажет етті. Мемлекет қазынасы құрылыс шығынын өтеуге жұмсалды. Елде билеуші әулетке қарсы наразылықтар күшейді. Әлсіреген Цинь әулетіне қарсы шағын патшалықтар бірлесіп күреске шықты. Нәтижесінде билеуші әулет биліктен кетті. Осы кезде тарих сахнасына Лю Бан атты тұлға шықты. Ол ақсүйек руынан шықпаған адам болатын. Ол көтеріліске қатынасқан он төрт патшалық біреуін басқарды. Цинь әулетін бөліске салғанда оған "Хан" аталған иелік тиді. Лю Бан өзінің кешегі одақтастарына қарсы күрес жүргізіп, өзі жеке дара билеушіге айналды. Ол негізін салған әулет өзіне тиген жер атымен «Хан» деп аталынды. Б.з.б. 202 жылы Лю Бан Гаоцзу атымен императорлық билікке келді. [3]

Хан әулетінің негізін салушы Лю Бан (Гаоцзу) көшпелілерден «Ұлы Қытай Қорғаны» арқылы қорғану емес, керісінше оларға шабуыл жасап бағындыру арқылы жетістікке жетуге ұмтылды.Б.з,б 200 ж. Шансидың астанасы-Цзиньян қаласы маңында Мөде басқарған ғұн әскері мен Гаоцзу басқарған қытай әскері қақтығысқа түседі. Мөде шегінген сыңай танытып, белгілі бір жерге жеткенде ішінде императоры бар қытай әскерінің бір бөлігін коршауға алады. Қоршауға алған Мөде әскерінің батыс бөлігі ақ боз, шығыс бөлігі сұр, солтүстік бөлігі қара, оңтүстік бөлігі жирен түсті аттар мінген болатын. [4] Мұның өзі қытайлар алдында ғұн әскерін сұсты етіп көрсетті. Қоршау жеті күнге созылды. Гаоцзи Мөденің қытай әйеліне адам жіберіп, бейбіт келісім жасауға ұмтылды. Нәтижесінде екі ел арасында "бейбітшілік пен туысқандық" шарты жасалынды. Б.з.б.198ж. Гаоцзи қытай ханшайымын шаньюге ұзатып, онымен бірге жібек, мақта мата орамдарын, шарап, күріш және басқа да тағамдар жіберді. Бұдан кейін қытай патшасының сарайы жыл сайын қытай ханшасының артынан тарту таралғы жіберіп тұратын болды. Шын мәнінде бұл бүркемеленген түрдегі алым-салық болып табылатын еді. Бұл жағдай Мөде шаньюдың атақ-даңқын бұрығыдан бетер асқақтата түсті. Ал Хан әулетінің ғұндарды бағындыру әрекеті ұзақ жылдарға кейінгі жылжытылды.

Бұдан кейінде қытайлардың ғұндарды бағындыруға бағытталған әрекеттері еш нәтижесіз аяқталып отырды. Қытай патша сарайына 400-500 мыңнан тұратын әскерді мобилизациялау, оларды әскери өнерге машықтандыруды, артынша осынша мол әскермен жорыққа шығуы көп уақытты қажет етті. Қытай әскерінің жорығын алдын ала білген ғұндар бала-шағалары мен малдарын елдің ішкері аймағына көшірді. Нәтижесінде Қытайлар тек ғұндардың көшіп кеткен жұртына ғана тап болып, еш соғыс әрекетін жүргізбестен кері оралды. Аталған шаруалардың барысы 5-6 ай уақытты алды. Қытай сарайына осыншама уақыт бойы жарты миллион әскерді азық-түлікпен, қару-жарақпен киім-кешекпен қаматамасыз ету орасан зор қаржы жұмсауды қажет етті.

Ғұн-Қытай қатынасының екінші кезеңінде жартылай жаяу әскерден тұратын қытай әскері салт атты ғұн әскеріне, олардың соғыс тактикасына қарсы іс-шара қолдана алмайтындықтан, көшпелі ғұндарға қарсы олардың көршілері көшпелі үйсін, юечжи, қаңлы тайпаларымен әскери одақ құру арқылы талқандауға тырысты. Осы мақсатпен б.з.б. 138 жылы Чжан-Цянь бастаған Қытай елшілігі үйсін, қаңлы, юечжи елдерінде болып, 13 жылдан кейін (оның 10 жылын Чжан-Цянь ғұн тұтқынында өткізді) кері оралады. Елшіліктің басты мақсаты - Ғұндарға қарсы әскери одақтас іздеу болды. Лаошан шанью тұсында ғұндар мен үйсіндер бірлесе отырып, Жетісу жерінде орналасқан юечжи тайпаларын талқандап, жеңілген юечжилер қазіргі Орта Азия жеріне қоныс аударған болатын. Қытайлардың есебі бойынша юечжилер ғұндарға қарсы әскери одақтас болуға ұмтылады деп түсінді. Үйсін, қаңлы тайпалары тарапынан да қолдау болады деген сенім болды. Алайда үйсіндер мен ғұндар арасындағы байланыс ертеректен қалыптасқан еді. Үйсіндер бұрын ғұнға бағынаған, кейін келе күшейіп номинальды бағыныштылықты ғана сақтап, Ғұн ордасына қол тапсырудан бас тартқан. [5]

Үйсін-ғұн арасындағы дипломатиялық қатынасқа сәйкес үйсін гунмосы Ғұн мемлекеті ханшайымына үйленіп отыратын. Осы арқылы белгілі бір дәрежеде қарым-қатынас сақталып отырды. Үйсіндер өздерінен анағұрлым қуатты, әрі өздеріне жақын ғұндарға қарсы әскери одақ құруға көнбейтін еді. Юечжилер де өздері ығысып барған Бактрия жерінде орнығып, өздерінің байырғы жеріне қайтып қоныстануға сыңай танытпады. Қаңлылардың жері ғұндармен тікелей шектеспегендіктен Қытай мемлекетімен жақындасуға ұмтылмады. Осылайша көшпелі

ғұндарды өздері сияқты көшпелі тайпалардың көмегімен талқандау әрекеті Қытай билеушілері үшін нәтижесіз аяқталды. Дегенмен де Қытай және Үйсін мемлекеттері арасында елшілер алмастыру арқылы өзара жақындасу әрекеті байқалды.

Қытай билеушісі топтарының ғұндардың ықпалын әлсірету мақсатында қолданған келесі бір шарасы оларды іштен алауыздық туғызу арқылы әлсірету еді. Қытай билеушілері мұндай әдістерді Мөденің тұсында бастаған болатын. «Мөдемен қарама-қайшылықты әділеттілік немесе бейбітшілік көндіру арқылы шешу қиын. Мәселені қулықпен шешу арқылы оның ұрпақтарын тәуелді етуге болады. Ол үшін үлкен ханшайымды Шаньюге әйелдікке беру керек. Ханшайымнан туылған ұл бала тақ мұрагері бола алады» деген екен Лю Гин атты ақсүйек [6].

Мөденің баласы Лаошан билікке келгенде Қытай императоры ханшайымды әйелдікке ұзатып, қасына Чжунхин Юе есімді әтекті қоса жіберген еді. Еріксіз келген Юе ғұн шаньюның жағына өтіп, оған мынандай ақыл берген екен: «ғұндардың жалпы саны Қытайдың бір провинциясы халқынан аспайды. Ғұндардың күштілігі киім-кешегі мен тағамдарын өздері өндіріп, Қытайға тәуелді болмауынан. Сендер Қытайдың жібектен және мақта-матадан тігілген киімдерін киіп, тікенекті бұталардың арасынан өту арқылы жыртылатынын көрсетіңдер, өздерінің теріден және жүннен тігілген киімдеріңді артық көріңдер. Қытайдың тағамдарынан өздеріңнің еттен және сүттен жасалған тағамдарыңды жоғары қойыңдар» [7]

Ғұндардың билікке келген әрбір билеушісіне Қытай Сарайы «туысқандық пен бейбітшілік» сертін алға тартып, император сарайындағы ақсүйектердің қыздарын әйелдікке ұзатып отырған. Қытай ханшайымдары -мен бірге олардың күтушілері, аспазшылары, көмекшілері сияқты қосымша адамдар бірге келген. Бұл өз кезегінде Қытай сарайына ғұндардың шабуыл жасау туралы ақпараттарды алдын-ала біліп отыруына мүкіндік жасаған. Ең бастысы ғұн тағына мұрагерлердің таласқа түсуіне итермеледі. Қытай ханшайымынан туылған мұрагерлер өздеріне туыс болып келетін Хань әулетіне қарсы жаулық әрекеттерден бас тартты. Ру ақсақалдарынан тұратын Кеңес ішінде өзара алауыздық пайда болды. Олардың бір бөлігі шаньюлер тек ғұн ханшайымынан туылған мұрагерлер болуға тиіс десе, екінші бөлігі бұл көзқарасты қолдамады. Осындай талас-тартыс нәтижесінде б.з.б. 55 жылы ғұндар оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді. Оңтүстік ғұндардың билеушісі Хуханье Қытай Сарайымен жақындасу саясатын ұстанды. Тәуелсіздік саясатын ұстанушы солтүстік ғұндардың билеушісі Чжичжи қытай, оңтүстік ғұн және үйсіндердің бірлескен әскери күшіне қарсы төтеп бере алмай, қаңлылардың үйсіндермен қарама-қайшылығын пайдаланып, қазіргі Қазақстан жеріндегі Қаратау бөктеріне қоныс аударды. Орталық Азия аумағында қалған ғұндар кейіннен тәуелсіздігін қалпына келтіргенімен іштей ыдырау үрдісі одан әрі жағасын таба берді. Б.з. 93 жылы ғұндар екінші рет батыс және шығыс болып қайта бөлінді. Ал 150 жылы ғұндардың бір бөлігі батысқа қарай қоныс аудара бастады. «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» кезеңі басталды. Бірнеше ғасыр Қытай мемлекетін үнемі қырағылықта ұстаған ғұндардың дәуірі аяқталды, алайда бұл тыныштық ұзаққа созылмады. Ғұндардың орнын басқан моңғол тілдес сяньби, жужан тайпалары құрған мемлекеттер Қытай мемлекетіне жорықтарын жалғастыра берді. Ал 6 ғ. ғұндардың шығыста қалған ұрпақтары «түрік» атымен қайта бас көтеріп, жаңа империя қалыптастырды.

1. Гумилев Л.Н. Хұндар. «Қазақстан».-А.,1998,46-б.
2. Бұл да сонда,74-б.
3. Бұл да сонда,70-б
4. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. «Жалын баспасы».-А., 1998,54-б.
5. Ежелгі Үйсін елі. «ҚХР Шыңжан халық баспасы». Үрімжі, 2005.181-б.
6. Бичурин Н.Я. Көрсетілген еңбек, 52б.

* * *

Данная статья посвящена проблемам взаимоотношений гуннского государства с соседним Китаем. Автор рассматривает политику Ханьской династии по отношению к гуннам на различных исторических этапах, каждый из которых характеризуется особенностями китайской дипломатии и чередуется периодами мирного сосуществования и военными столкновениями.

* * *

This article deals with the problems of relations with the Hun state and China. The author examines policy of Han Dynasty against the Huns at different historical stages, each of which is characterized by the features of Chinese diplomacy and alternating with periods of peaceful coexistence and military clashe.

М. К. Ақанов

ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Есімі төрткүл дүниеге әйгілі Шыңғыс-ханға (Темужин) арналған еңбектер мол. Кейбір деректерге қарағанда, ол туралы жазылған ғылыми шығармалар тізімі 800–дің арғы - бергі жағында көрінеді [13.8].Осылай болу керек те. Өйткені әлемді дүр сілкіндірген Ұлы қолбасшының қызулы саяси оқиғаларға толы өмірі мен қызметін әр қырынан ашу үшін қаншама басылымдар жарық көрсе де көптік етпейді. Алайда, соңғы жылдары Шыңғыс-ханның ұлты монғол екендігіне күмән келтіретін жұмыстар жарияланып жүр. Мамандықтары тарихшы емес бұл туындылардың авторлары оның сүйегі қазақ деген қағиданы ұстанып, сол ойларын «ғылыми негізде» дәлелдеп қалуға тырысып бағады [8.9].

Ол әуесқой зерттеушілердің бірі: «... язык монголов Чингисхана был современным им казахским языком. Думаю, что в этом вопросе надо поставить точку и принять как аксиому то, что Чингисхан говорил на языке, на котором говорили предки казахов 13 века» [9.34] –дей келе: «Чингисхан – великий сын казахского народа»[9.106] - секілді түйін жасайды. Оқырмандарды таң қалдырып, екі ұдай күйге түсіретін мұндай кесімді тұжырым ғылыми ортада жаңа бір пікір-таластың басын бастап отырғандай. Мәселенің даулы тақырыпқа айналып отырғанын ескеріп, біз осы мақалада аталмыш тарихи тұлғаның шығу төркінін объективті тұрғыда саралауды жөн санадық.

Этнограф – ғалымдар кез-келген халық пен оны құрайтын адамдардың тілі - олардың «басты этникалық белгісі»[17.20] екендігін әлдеқашан дәлелдеп қойған. Демек, Шыңғыс – ханның ана тілін айқындау арқылы оның монғол мен қазақ халықтарының қайсына жататындығын анықтауға әбден болады. Ол үшін Темужиннің ата - тек шежіресіне назар салған орынды. Себебі ондағы кісілердің аттарында келтірілген сөздер проблеманы әділ шешуге мүмкіндік береді.

Бізге қажетті материалдар «Монғолдың құпия шежіресі»-нде сақталған. 1240 жылы жазылып біткен бұл жылнамада Шыңғыс – ханның ата – бабалары төмендегідей ретпен баяндалады.

Тэмужин – Есүхей – Бартан батыр – Хабул - хаан – Түмбихай шешен – Байшинхор – Хайду - Хачи хүлүг – Мэнэн тудун – Хабич батыр – Бодончар мунхаг – Добу мэргэн – Торголжин – Боржигидай – Харчу – Шинсочи – Ихнүдэн – Сальхачау – Уужим – Хоричар мерген – Тамача – Батцагаан – Бөртэ Чино [15.26-32].

Шежіреден байқағанымыздай, Шыңғыс – хан Бөрте Чиноның 23 –інші ұрпағы. Енді осы кісі аттарындағы сөздердің мағнасын ашуға талпыныс жасайық. Ескерте кетерлік жәйт, монғол-қазақ Сөздігімен жұмыс істеу барысында кейбір қиыншылыққа жолықтық. Мысалы, көне және қазіргі монғол тіліндегі бірсыпыра сөздердің құрылымында айырмашылықтар бар екен.Соған байланысты ондай сөздерді жуық мөлшермен болса да қазақшаға аударды қ. Сондай-ақ, қарастырылатын сөздердің көлемі шағын мақалада ұзақтау көрінуі мүмкін. Десекте, көтеріліп отырған тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін көңілге түйсек, өзімізге бұндай еркіндікке рұқсат бергенімізге түсініст ікпен қарауға болатын шығар деп ойлаймыз. Сөйтіп:

1. Темужин : төмөр - темір [4.472]; төмөрчин – ұста [4.473].
2. Есүхэй < ес + үх + эй: ес- тоғыз [4.217]; уг -1, тамыр, 2, ауыс. тегі[4.501]; тоғыз текті.
3. Бартан батыр: бардан (бардам) – мақтаншақ, өркөкірек [4.68].
4. Хабул < хав + ул: хав – күш [4.546]; ул – тірек [4.505]; күшті тірек.
5. Тумбихай: тумбий-х – томпию, дөңкию, домалану, дүрдию [4.487];
6. Байшинхор < байшин + хор: байшин – үй [4.63]; хор – ыза, ащу [4.595]; ашулы үй.
7. Хайду: хайдаг - өсекші [4.555].
8. Хачи хүлүг: хашин – тозған, ескірген [4.579]; хүлэг – байлауыш [4.641]; тозған байлауыш.
9. Мэнэн тудун: мэнэнцэр – 1 меңіреу, миғұла; 2 жарымес, нақұрыс, ақмақ [4.316].
10. Хабич: хавьчаа – мазасыз [4.550].
11. Бодончар мунхаг < бодон + чар: бодон – қабан [4.78]; шар – ыза, ашу [4.733]; мунхаг – надан, топас [4.312]; ашулы қабан – топас.
12. Добу < доб + у: дов – томпақ; довь – көк түлкі [4.181].
13. Торголжин < торгол + жин: торго(н) – торғын, жібек [4.467]; жин – керуен [4.228]; жібек керуені.
14. Боржигидай < бор + жиги + дай: бор – боз, сұр [4.82]; жигийнэ – х – алыс кету, алыстап кету, бұлдырап кету [4.225].

15. Харчу < харч + у: харш (харь) – жат, өзге, бөтен [4. 574].

16. Шинсочи < шин + сочи: чин – шын [4.712]; сочи (цочи) – шошу, үрейлену, қорқу, сескену [4.419,687]; шын қорқу.

17. Ихнүдэн < их + нүд + эн: их – үлкен [4.284]; нүд – көз [4.548]; үлкен (бадырақ) көз.

18. Саль хачау: сал - әлсіздеу [4.407]; хашаа - каша, қора, аула [4.579]; әлсіз қаша.

19. Уужим – сабаз, маңғаз, байсалды, байыпты [4.520].

20. Хоричар < хори + чар: хор – ашу, зиян, кесір, зәр, зардап [4.595]; шар – ыза, ашу[4.733]; зәрлі ашу.

21. Тамача: тамшаа – 1 паң сияқты, сұсты сияқты; 2 тоқ, тоқмейіл, қанағатты [4.448,449].

22. Батцагаан < бат + цагаан: бат – берік [4.71]; цагаан – адал [4.673]; адалдыққа берік.

23. Бөртэ Чино: чоно – қасқыр [4.716]; бөрте қасқыр (жас қасқыр).

Осы ретте Шынғыс-ханның өзінің Бэгтэр, Белгүдэй, Зочи Хасар, Хачиун, Тэмүгэ – отчичин есімді аға – інілерінің, Жошы, Чахартай, Үгэдэй, Тулуй сынды ұлдарының және Батый сынды немересінің де аттарының мағнасын аша кетсек айып етпес.

1. Бэгтэр– сауыт (темір киім) [4.105].

2. Белгүтэй< белг + үтэй: бэлэг - белгі, таңба, ырым [4.106]; үтэр – жедел, шапшаң, тез [4.541].

3. Зоши Хасар: зочир – ызақор, ашушаң, долы, шәлкес [4.256]; хацар – бет, жақ; хаца-х - қысу, қыспақтау [4.578].

4. Хачиун: хашин - сылбыр, селқос [4.579]; немесе : хачир – тазқара [4.578].

5. Тэмүгэ – отчигин: төмөр (гэ) - темір [4.472]; отчигин < от + чигин: от (гон) - кенже [4.379]; шигчий – кішкентай [4.739].

6. Жошы: зочин – мейман, қонақ [4.256]. Монғолдардың салтында, - деп жазады бұл жөнінде Әбілғазы, - бірінші келген қонақты өз тілдерінде жошы сөзімен атау дәстүрі болған. Осыған байланысты Темужиннің тұңғыш ұлына Жошы аты берілген [1. 149].

7. Чахартай (Шағадай): Чадалтай – күшті, мықты, қайратты [4.703].

8. Угэдэй < үг + эдэй: үг – түбі, негізі [4.501]; эедэ-х - әдепті, сыпайы [4765].

9.Тулуй: тула-х (тулаас) – тіреніш, сүйеніш [4.477]; немесе, толь, толи – айна [4.464; 19.54].

10. Батый, монғолша: бат – берік, бекем, мықты [4.71].

Сонымен, жиыны 33 кісі аттарын жіпке тізіп шықтық. Олардың кейбіреулері қос сөзден тұратындығын есепке алсақ, барлығы 55 сөз болады. Осы сөздердің 45-і таза монғол сөзі, қалған 10-ы (батыр, хан, шешен, темір, торғын, томпию, шын, шошу, белгі, бөрте), немесе 18 пайыздан астамы қазақ тіліне ұқсас келеді. Бұл түсінікті де. Бүкіл ғұмырын қазақ, монғол тілдерін салыстыра зерттеуге арнаған ғалым Б.Базылханның тұжырымына қарағанда, Алтай тектіге жататын тілдердің ішінде әсіресе «қазақ және монғол тілдерінің шығу тегі бір төркіндес тілдер» [5.3-4]. Автор бұндай қортындыға қазақ пен монғолдардың тілдік қорында сақталған барлық сөздердің 40 мыңдай мөлшердегі сөздерін дыбыстық жүйесі мен морфологиялық жағынан егжей-тегжейлі талдай отыра келген. Оның есебінше, осы сөздердің 15 мыңнан астамы байырғы түбір - негіз сөздер; сондай-ақ, сол түбір – негізден қосымша морфемалар арқылы жаңғырып өнетін сөздер 24 мыңнан артып жығылады, немесе, 40 мың сөздің 60 пайызы екі халыққа да ортақ желілес туынды сөздер [3.4,7]. Ал З.Қинаятұлының пікірінше, қазіргі монғол тілі қорында ежелгі түрік тілімен түбірі бір 3000-ға жуық сөздер сақталған [13.55]. Дәлел ретінде баяндалған цифрлардан көріп отырғанымыздай, екі халықтың тілдеріндегі ұқсас және сәйкес келетін сөздер өте көп. Солардың негізінде монғолдардың ата-тегін қызықтап жүргендер (егер ескерту ретінде айтсақ) оларды қазақпен шатастырып алмаса болғаны.

Мақала Темужиннің шығу тегі жайында болып тұрған шақта оның екінші Шыңғыс-хан атына да тоқталған орынды. Ғылыми әдебиеттерде «шыңғыс» сөзінің төркіні туралы ұсынылған болжамдар аз емес, нақтылай көрсетсек: «ең зор, құдіретті», «күшті, мықты», «патшалардың патшасы», «қайтпас», «теңіз-хан», «биік те нұр сәулелі», «жаһангир (әлемді алушы)», «күшті ұлы патша» т.б. Осыншама пікірге қарамастан, - деп жазады А.И.Глебов – Богомолов, - «в науке и по сей день идет спор о происхождении, значении и этимологии этого слова (шыңғыс – М.А), ставшего титулом, а позже и именем Темужина» [18.57].

Біздің ойымызша, бұл тақырыптың әлі күнге дейін даулы күйде қалу себебі: біріншіден, зерттеушілердің ол проблеманы Темужиннің «шыңғыс-хан» дәрежесін алған уақытын, және, соған орай оның сол кезде ел ішіндегі даңқы қаншалықты деңгейде болғандығын бір-бірімен сабақтастыра талдамауында, екіншіден, «шыңғыс» сөзінің құпиясын түркі, парсы, қазақ тілдерінен іздеуінде. Жіберілген мұндай қателікті қайталамай, Ұлы қолбасшының лауазымының

астарын өзіміз ұстанған бағыттың аясында қарастыралық.

Темужинге 1206 жылғы Ұлы құрылтайда екінші мәрте бекітіліп берілген Шыңғыс- хан атағы оған алғаш рет 1189 жылы Сэнгүр бұлағының Хар зүрх (қара жүрек) деген жеріндегі Хөк нуурдың (көк көл) қасында өткен жиналыста таңылған болатын-ды [15.63,65]. Ол уақыт Темужиннің есімі әлемді былай қойғанда, Монғолияның қазіргі территориясының барлық өңіріне онша белгісіз кез еді. Сол өлкені мекендеген түркітілдес найман, меркіт, татар, жалайыр, қоңырат, онгут, керейлерді айтпағанның өзінде, оның билігі ол заманда тіпті өзімен қандас монғол руларының бәріне жүрген жоқты. Шығыс Монғолиядағы ақсүйектер арасындағы саяси қақтығыстардың салдарынан монғол халқы үшке жарылады, олардың жеті тайпасы Жамұқа шешенді қолдаса, өзге он сегізі Темужиннің соңынан ереді [15.62-63,74], қалғандары бейтараптық танытады. Міне, осы екінші топтағылар Хөк нуурдағы жиылыста оны бірауыздан «Шыңғыс (Чингис) хаһан» деп жариялайды [12.608]. Басқадай жазсақ, хандық таққа қолы жеткен шақта оның билігінің таралған аумағы «монғолдардың аз бөлігімен», яғни өзін жақтаған ұлыстардың шеңберімен ғана шектелген [11.40]. Ендеше, тарихтың үлкен сахнасынан әлі көріне қоймаған, саяси ұпайды енді ғана жинап жатқан Темужинге тағылған құрметті лауазымдағы «шыңғыс» сөзін «патшалардың патшасы», «әлемді жаулаушы», «ең зор, ең үлкен» (величайший, могущественнейший), «ұлы патша» т.с.с.деп аударған ретсіздеу.Мұндай атақ пен абройға ол алдағы келер жылдарда бөленеді. Олай болса, жұмбақ сөздің кілтін табу үшін, егер бейнелі түрде айтсақ, аспан әлемін шарламай, жерге түсіп қарастыруға әрекет жасап байқайық. Түпнұсқадағы деректерге сәйкес, 1189 жылғы бас қосуда Темужинге «шыңғыс-хан» мәртебесін беруді монғолдардың Алтын, Кушар, Сача бек есімді көсемдері ұсынған [15.63-65]. Тиісінше, «шыңғыс» сөзінің сырын өзге халықтардан гөрі сол атты қойған жұрттың өз тілінен іздеген абзал. Монғолша «чингис» тұлғасында айтылатын лауазымды «чин» және «гис» деп екіге жіктесек: чин -1 шын, адал, нақты; 2берік, сенімді; 3. таймас (таймайтын), айнымас (айнымайтын), аумас (аумайтын) [4.712]; ал «гис»-ке өте жақын «гичий»сөзі: ұрғашы (қаншық) қасқыр, ит [4.128]- сияқты түсінік береді. Шамасы қос сөзден құралған «Чингичий» термині «Чингич» - «Чингис»-ке дейін өзгерген. Сөйтіп, шыңғыс-тың мағнасы, біздіңше: таймас қасқыр, немесе , сенімді ит.

Лауазымға лайықты толып жатқан сөздердің ішінен Темужинге неліктен нақ «чин» және «гичий (гич-гис)» сөздері титул ретінде іріктеліп алынған? Қойылған заңды сұрақты жауапсыз қалдырмай, әңгіменің келесі желісін осы мәселеге бұрайық.

Ұлы қолбасшыға бұл аттың таңылуы оның болмысына байланысты болса керек.1221 жылы Шыңғыс- ханның Яньцзиндегі (Пекин) наместнигі Мұқалиге қытайдың елшісі Чжао Хун келеді. Елші өзінің естелігінде Темужиннің мінезіне қатысты өте құнды мәліметті жазып қалдырған. Шыңғыс-хан, -деп айтады ол,- «ер жүректі, батыл да табанды, ұстамды, барлығына мейірімді, Аспан мен жерді құрметтейді, сенімділік пен әділеттілікті бағалайды», және «күшті де жауынгер тұлға. Осынысымен ол басқалардан ерекшеленеді» [16.48,49]. Автордың берген мінездемесі монғолдың «чин» сөзінің төркінінің үш нұсқасына да атқан оқтай дәл тиеді.

Бұған қарап, Чжао Хун сипаттаманы құтты сол сөзден алған ба? - деп қаласың. Қалай болғанда да, «чин» сөзі Шыңғыс-ханның құдай жаратқан табиғатының үстінен дөп түседі.

Енді «гичий»-ге (гис) ауысайық. Қасқыр ертеде Орталық Азиядағы көшпенділердің қасиетті (тотем) аңы болған. Қытай жылнамаларында бұл жөнінде мынандай аңыз-әңгіме сақталған. Баяғыда көрші халықтар ғұндарды түгел қырып салыпты, тек тоғыз жастағы бір ұл ғана аман қалады. Жаулар оның аяқ - қолын шауып, өзін батпаққа апарып тастайды. Сол жерде баладан қаншық қасқыр жүкті болады. Дұшпандар ұлды өлтіреді. Қасқыр Алтайға кетіп, он ұл табады. Солардан түркі халқы өсіп өнеді[7.102-103].Бұл аңыз шығу тамыры ғұндармен астарлас монғолдарға да қатысты деп санаймыз. Мұны «гичий» сөзінің мәні ұрғашы қасқыр екендігі, және, шежіре бойынша, Шыңғыс-ханның аталары, жалпы бүкіл монғол халқының Бөрте Чинодан, яғни жас бөріден таралуы растайды. Халықтың осындай наным – сенімі біртіндеп көк бөріге табыну дәстүріне ұласқан. Бүгінде монғол жігіттері қасқырдың асығын бой тұмар ретінде тағып жүреді. Бұл көк бөрі қауіп-қатерден сақтайды деген түсінікке келіп саяды. [10.256].

Қасқырмен қатар ит те Темужин әулетінің тотемі болғанға ұқсайды. Монғолдың жазбаша құжаттарында осы құбылыс туралы қызықты деректер кездеседі. Темужинді жас кезінде Есүхэй қоңырат Дэй шешендікіне ертіп апарады. Оның қызы Бөртеге құда түскеннен кейін баласын қайын атасының үйіне қалдырып кетуге

келіседі. Сонда Есүхэйдің айтқаны: «менің ұлым иттен шошушы еді. Ал құрметті құда, сіз менің ұлымды иттен шошыта көрмеңіз» [15.36]. Тағы бір мысал. Шыңғыс-ханның оныншы атасы Добу-мерген Алұн-сұлуға үйлеген соң Белгінүтей, Бүгінүтей есімді екі ұл туады. Добу-мерген ерте өліп, артында қалған әйелі тағы Бұқа-Қатаған, Бұқашы –Салшы, Бодоншар деген үш баланы табады. Алұн-сұлу соңғы үшеуін күйеусіз қалай дүниеге әкелгенін былайша түсіндіреді: Түн сайын шаңырақтан түскен сәуле секілді әлде бір ақсары адам кіріп келіп, құрсағымды сипаушы еді, таң ата сары иттің кейпіне кіріп, үйден шығып кететін. Соған қарағанда бұл балалар Көк Тәңірдің ұрпағы болар деймін [15.28;14.16]. Келтірілген аңыз-әңгімелер Шыңғыс-хан әулеті итті де киелі деп қастерлегенге меңзейді. Бұндай сенім осы күнге дейін жалғасын табуда. Бүгінгі монғолдар иттердің ішінде әсіресе екі көзінің үстінде таңбалары бар төрт көз иттерді қатты «силайды», олар «монғол банхар», яғни «монғол төбеті» деп аталады.

Қасқыр мен иттің халық санасында тотемді айуанға айналып кетудегі көптеген себептерінің бірі, біздіңше, олардың мінез-құлықтарының жоғарыда көрсетілген «чин» сөзінің мағнасымен (адал, берік, сенімді, таймас т.б) сәйкес келуінде болар. Ендеше, болмысы түз және үй тағыларының жаратылысына ұқсас Темужинге «таймас қасқыр», не «сенімді ит» ұғымын білдіретін «Шыңғыс-хан» лауазымы өте сәтті таңылған деп есептейміз. Бәлкім, «ит» сөзі құлаққа дөрекі естілуі мүмкін. Қазіргі кезде солай болғанымен, жеті ырыстың бірі саналатын хайуанның аты өз заманында жағымды «кейіпкерлердің» келбетін бейнелеген тәрізді. Дегенменде, біздің көңіліміз «Шыңғыс» сөзінің төркіні «таймас қасқыр» деген нұсқасына көбірек ауады. Сонымен, жоғарыда баяндалған және мағнасы ашылған сөздердің бәрін шешуші аргумент ретінде қабылдасақ, онда шығу тегі мен ана тілі бойынша Шыңғыс-ханның монғол халқына жатқандығын мойындаған лазым. Бұл тұжырымды «Монғолдың құпия шежіресі» -ндегі келесі бір дерек те растайды. Темужинді қолдаған монғолдардың 1189 жылғы алғаш бас қосуы қарсаңында Баарин тайпасының көсемі Қарши ақсақал оған (Темужинге) өздерінің арғы тоғызыншы аталары Боданшардан таралатындығын есіне салып: біздің «тіліміз бір, тілегіміз жалғыз адамбыз. Сондықтан да Жамұқадан іргені аулақ сала алмаймыз» [15.62-63], - дейді. Қарияның сөз төркіні айқын: барлық монғолдар, сонымен бірге Шыңғыс–хан да, өз халқының ана тілінде сөйлеген.

Р.S. Баяғы заманда Монғолия жерін мекендеген түркітілдес керей, жалайыр, татар , меркіт, онгут, қоңырат, найман тайпалары өздерімен іргелес қоныстанған монғолдармен араласқұралас өмір сүрген, тіпті қыз алысып, қыз берісіп дегендей құдаласып, туыстасып кетіп те жатқан. Мұндай байланыс әсіресе Шыңғыс-хан Монғолиядағы халықтарды түгелдей өзіне бағындырған соң күшейе түседі. 1206 жылғы құрылтайдан кейін,- деп жазады Л.Н. Гумилев, - «монғол әскерлері 13 мың еріктілерден құрамы 110 мың адамға жеткен тұрақты армияға айналды. Ал оның қатары жеңіліске ұшыраған кереиттер мен наймандарды әскерге қосу есебінен толықтырылып отырғандығы анық» [6.177]. Бір қызығы әр тілді халықтар арасында орнаған осындай тығыз қарым-қатнас ешқандай тілмәшсіз жүзеге асып жүрген. Жалпы, олар бірбірімен аудармашылар арқылы сөйлесіп жүргендігі туралы деректерді ешбір жазбаша құжаттардан таба алмайсың. Сонда көрші халықтар арасында қай тіл дәнекерлік рольде ойнаған? - деген сауал еріксіз ойға оралады. Сан жағынан он еседей басым Шыңғыс- хан әскеріндегі наймандар мен керейлердің бәрі «ат төбеліндей» ғана монғолдардың тілінде сөйлеп кеткен тәрізді десек, оған сену қиын. Қойылған сұраққа жауап беру ниетімен осы жолдардың авторы жуырда арнайы мақала жазып еді [2]. Ондағы қозғалған әңгімені қайталап жату артық, сөйтседе негізгі мазмұны: көне түркі тілінің өз заманында Еуразия даласында халықаралық қатынас құралы қызметін атқарғанына, әсіресе монғол ағайындардың өз ана тілімен қоса түркі тілін де жетік білгендігіне келіп тіреледі. Мәселені осы қырынан зерделеу, бізге керей, найман, жалайыр және т.б тайпалар ертеде монғол- тілділерге жатқан, немесе, керісінше, монғолдар қазақ тілдес болған секілді ғылымда уақ-уақ көтеріле беретін даулы проблеманың түйінін сәтті шешіп, аталмыш этностарды шығу тегіне қарай әр қайсысын өз орындарына қоя алатындай көрінеді. Тіпті монғолдар Қазақстанды жаулап алып, билеп-төстеп тұрған дәуірде олардың тілінің үстемдігі жергілікті халықтың тіліне жүрмеген. Ол жылдары да түркі тілінің бір тармағы саналатын «Қыпшақ-Қазақ тілі Жошы ұлысы державасының ортақ тілі болды» [13.5], - деген шындық қағида біздің болжамға қайшы келмейді.

Әрине қазақтың бір баласы болған соң маған да Шыңғыс-хандай асқар тау тұлғаның өз халқымның қатарынан көрінгені ұнайды. Алайда ақиқатты белінен баса аттап өту ғылымға қиянат. Осы тұста кәсіпқой тарихшы ғалым Қинаятұлы Зардыхан ағамыздың ойын

тыңдайық: «Қазақтың тегін тек қазақ топырағынан, монғолдың тегін монғолдың топырағынан іздегенде ғана біз шындыққа бір табан жақындаймыз» [13.56]. Ғылым жолындағы өмірін Шыңғыс-хан мен оның ұрпақтарының тарихын шала-шарпы емес,түбіне жете қопаруға бағыштаған белгілі маманның өте орынды және дер кезінде айтқан осы әділ пікірін шығыстанушылардың әрдайым жадында сақтап жүргендері дұрыс.

1. Абуль-Гази. Родословное древо тюрков. -Казань, 1906. -300 стр.

2. Ақанов М.Қ. Көне түркі тілінің таралу тарихынан // Әль-Фараби атындағы Қаз ҰУ хабаршысы.-Тарих сериясы № 1 (56) 2010. 64-68 беттер.

3. Базылхан Б. Монғол - қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматика- сы.- Өлгий,1973.-173бет.

4. Базылхан.Б. Монгол - казах толь. – Улаанбаатор - Өлгий,1984.-885 бет.

5. Базылхан Б. Монғол - қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматика-сы.- Алматы,2000.-446 бет.

6. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: « Пірәдар Иоанның мемлекеті туралы аңыз». –Алматы, 1991.-448 стр.

7. Гумилев Л.Н. Хунны в Азии и Европе.- Алматы. 2003. -384 стр.

8. Данияров К. Альтернативная история Казахстана. – Алматы, 1998. -208 стр.

9. Закирьянов К. Чингисхан. Сокровенное сказание казахов. - Алматы, 2007. -238стр.

10. Кәмалашұлы Б. Монғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. (Этнографиялық зерттеулер) -Өлгий,1995.-342бет.

11.Кычанов Е. Жизнь Темучжина, думовщего покорить мир.-Алма-Ата, 1992.-128 стр.

13. Қинаятұлы Зардыхан. Шыңғыс – хан. Бірінші кітап. Зерттеу.-Алматы, 2008.-430 бет.

14. Луванданзан. Алтын шежіре (Моңғол тілінен аударған А.Мауқараұлы). – Алматы, 1998. – 224 бет.

15. Монғолдың құпия шежіресі. (XII-XIII ғасырдағы көшпелілер шежіресі). Аударған:Мағауия Сұлтанияұлы. – Алматы, 1998. -222 бет.

16. Мэн-да бэй-лу («Полное описание монголо-татар») .-М., 1975.-286 стр.

17. Основы этнографии.Под ред. С.А Токарева. –М., 1968. -359стр.

18. Уолкер С.С. Чингиз-хан (Пер.с англ и предисловие А.И. Глебова-Богомолова). - Ростов на-Дону, 1998.- 320стр.

19. Эренжен Хара-Даван. Чингис-хан как полководец и его наследие. Алма-Ата, 1992.-271 стр.

* * *

В статье рассматриваются проблемы происхождения и этнической принадлежности Чингис-хана на основе анализа имен его предков и титула «Чингис».

* * *

The article considers the problems of Chingis Khan′s origin and ethnicity based on the analysis of his ancestors′ names and the title «Chingis»

А. Нығмет

Ш. БИРА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Моңғолиялық зерттеушілердің еңбектеріне байланысты ілгеріде зерттеулер жоқ. Сондықтанда бұл екі халықтың тарихи тамырластығы, сабақтастығы, әдет-ғұрпының ұқсастығы бізді тың ойларға жетелейді, зерттеуді қажет етеді

Жоғарыдағы атап кеткеніміздей тарихи тамырластық, сабақтастық бұл екі халықта сонау Ғұн дәуірінен бастап, Түрік қағанаттары дәуірінен жалғасып, Шыңғыс қаған дәуірімен сабақтасып біте қайнасты. Қазақ та, моңғол да осы ұлы мемлекеттердің заңды жалғасы. Мәселен; Бүгд найрамдах Монгол улсын түүх (Моңғол халық республикасының тарихы) А. Амар, Х. Пэрлээ., Д. Сэр-Оджав, Ц. Дамдинсүрэн, Сүхбаатар Гунжиндердің еңбектері түркі дәуірінен біраз хабар береді. Ал, моңғолда туып өскен қазақ тарихшылары ішінде белгілі тарихшы З. Қинаятұлы, И. Қабышұлы; түрколог Б. Базылхан, С. Қаржаубай, Г. Мәнәс (Г.Міниc) - тердің еңбектері құпия сырдың кілтін ашуға көмектесті.

Дүниені дүр сілкінткен ұлы Ғұндар державасы, Түрік қағанаты, орта ғасырлық Қазақстан тарихына қатысы бар Үйғыр, Қырғыз, Қидан, Керей, Найман, Меркіт, Жалайыр, Қоңырат, Уақтар әр кезеңде осы моңғол жерінде туын тігіп Шынғыс қаған дәуірінде [Моңғол дәуірінде]. Алтай асып бірі Шығыс Түркістанда, бір кең байтақ Қазақ даласына қоныстанып мекен етті. Ал біздің тарихымызда Шыңғыс қағанның рөлінің өзі неге тұрады. Оның ұрпақтары құрған Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығының [Шайбанилар мемлекеті] Қазақ тарихында өзіндік ізі жатқан жоқ па.

Аталмыш мемлекеттерге байланысты бүгінде көптеген еңбектер жазылуда, зерттелуде. Осы біздің мақсатымыз қазақ тарихына қатысы бар. Ұлы мемлекеттердің тарихы жайлы Моңғолия тарихшыларының зерттеулерін айналымға енгізу болып табылады.

Моңғолдың тарихнама ғылымын өз алдына зерттеу обьектісі ретінде қалыптаса бастағанына өте көп болған жоқ, бір сөзбен айтқанда өткен XX ғасырдың 50 - 60 жылдардан бастау алады. Моңғол тарихи тарихнамасы зерттеу мәселесі соңғы кездерде жақсы бір табыстарға жетіп келеді. XX ғасырдың екінші жартысында дейін моңғол тарихнамасы аса бір табыстарға қол жеткізе алмады, моңғолдың тарихы тарихнамасы мәселесіндегі зерттеу жұмыстары шектеуліктер мен кедергілерге толы болды.

Оған себеб, сол жылдардағы Моңғолдың Ғылыми Орталығының Академиясы Тарих зерттеу орталығы моңғолдың тарихи даму жолын марксстік-лениндік тарихи методолгиясын басшылыққа алумен, «партиялық идеология» шеңберінде тар ауқымда жұмыс жасауымен байланысты.

Моңғолия тарихшыларының ұзақ жылдарғы зерттеулер қорытындысы жеке - жеке тақырыптағы жекелеген монографиялар, ғылыми мақалалар, баяндамалар зерттеу жұмыстары нәтижелері жарияланды [1].

Қазіргі заманғы моңғолдың жазба тарихы, жазылған еңбектер келер күннің еншісі болғанымен бүгін де, ертеңде таптырмас құнды материалдар болып тұр.

Осынау көшпелілер тарихына қатысты сеңді бұзған ғалымдардың ішінде белгілі моңғол тарихнамашысы, академик Шагдарын Бираның орны бөлек. Мәселен; Қазақстанда тарихнама ғылымының негізін салған белгілі ғалым Д. Дулатованың ой - пікірлері кеңестік әкімшіл - әміршіл жүйе тұсында айтыла тұрса да біз бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихнамалық ой - пікірдің қалыптасуына үлкен ықпал еткенін айта аламыз. Ал, сол сияқты моңғол тарихнамасының көшбасшысы ретінде Ш. Бираның еңбегін ерекше атауға болады. Сондықтан да біз моңғолдық тарихнамалық ой - пікірлерге баса назар аударып, олардың тарихнама ғылымындағы негізгі бағыттарын айқындауға күш салдық. Енді соларға қысқаша тоқталайық.

1965-жылғы Вена қаласында болған Халықаралық тарихшылардың XII ұлы құрылтайы «Моңғолдың тарихи жазбалар мәселесі» алғаш рет күн тәртібіне қойылуына мұрындық болды. Осынау жоғары дәрежеде өткен халықаралық конференцияда «Моңғолтану» мәселесі бойынша ең алдымен Моңғолиядан барған ғалымдардың баяндамалары және шет елдердің моңғолтанушы ғалымдардың пікірлері тыңдалды. Халықаралық конгрессте көтерілген мәселелер жалпы тарихшы ғылымдардың ынтасын тартты[1].

Белгілі моңғол тарихнамашысы Ш.Бира «Моңғолдың тарихи жазбалары» (Монголын түүх бичлэг) деген баяндама жасап, моңғолдың тарихи жазбалар тарихына сілтеме жасай отырып, киіз туырлықтылар тарихына қатысты көптеген моңғолдың тарихшыларының еңбектерін, зерттеу жұмыстарын, монографияларын, жаңа ғылыми табыстарын таныстырып, тарихта жазылған кейбір бұрмалаушылықтар мен қателіктерге тоқталды [2].

Осылайша, «Моңғол тілінде жазылған жалғыз тарих «Цаган Цэцэний зохиол» басқа моңғолдың өзінің тарихы жоқ деп Американның жазушысы Дж Томсон пікірін жоққа шығарды және кейінен «Анализ основаных данных Белой истории и время ее составления исследования по истории[» атты зерттеу еңбегі жарық көрді [3].

Ш.Бира өзінің кезекті бір еңбегінде «біз өзіміздің жұмысымыздың қорытындысын алып көрейік моңғолдың көшпелі салты, өмір тіршілігі, мәдениет тарихы атадан балаға таратып жазба немесе ауызша жеткізіп отырған. Осылайша көшпелілер тарихы отырықшы халықтан басқаша болып келгендігі, Революциядан бұрынғы зерттеулерден көрініс тапқан. Моңғолдардың тарихының бастауын біз моңғол жерінде ерте кезден өмір сүріп мекендеген ежелгі моңғолдар мен түрік тектес халықтардың бірге өмір сүріп, бірге өркендеген тарихынан білуге болады. Көшпенділер өркениеті, өмір тіршілігі тарихи, мәдениеті, бір –біріне өте ұқсас, елі жері үшін, халықтың бірлігіне негізделген тарихи оқиға желісі бір» - деген тұжырым ұсынады [2].

Моңғолдың тарихи жазбалары моңғол мемлекетінің пайда болып, өркен жайған кезеңінен бастау алады. Оның олай болу себебі, халықтық ауыз әдебиетінің, аңыз әңгімелерден алынғандығында. Демек, моңғол тарихнамасы 1240 жылы Хэрлэн (Керулен) өзенінің жағасында жазылған моңғолдың тарихи жазбаларының алғашқы шығармасы «Нууц товчоо» («Құпия шежіресі») болмақ [4]. Яғни, бұл дегеніміз Моңғол мемлекетінің тарихы Шыңғысханнан басталады дегенді білдірсе керек. Моңғолияда тарих жазу XIII ғ. Бастау алады деп атап көрсетеді Бира. Ш. [5].

Белгілі тарихшы Зардықан Қинаятұлының сөзімен айтсақ «....Шыңғысхан XII ғасырдың басына дейін әлем тарихында аты еш аталмайтын моңғолдарды жоқтан бар етіп, ұлттың атақ - абыройын жарық жұлдыздай жарқыратты. Моңғол елі күні бүгінге дейін талай алпауытты басынан өткеріп, ел, ұлт жүзінде сақталып келуі сөз жоқ, Шыңғысханның аруағы, атақ – даң-

қының арқасы. Егер моңғолдың дүние жүзі тарихи өркениетіндегі алар орны туралы сөз болғанда біз сөзсіз Шыңғысханды атаймыз. Мен кейде моңғолдардың будда дініне соншама бас иіп табынатынына таң қаламын. Әрбір моңғол Шыңғысханға табынып, Шыңғыстың аруағына бас ие білсе, дін деген сол емес пе деп ойлайсың. Дүние жүзі күні бүгінге дейін Шыңғысханды зерттеу арқылы моңғол тарихынан түйін түйді. Шыңғысхан тұсындағы Моңғол мемлекетінің әлемдегі ең бір күрделі зерттелген тарихтың бірі» [6].

Бұл пікірді Моңғолдың белгілі тарихшы ғалымдары Ш. Нацагдоржының «Чингис хааны цадиг» (Шыңғысханның өмірбаяны) атты еңбегінде; Моңғолдың нағыз тарихы Шыңғысханмен басталады деуі жоғарыдағы біздің пікірімізді растай түседі[7].

Ш. Бира жалпы көшпелілер (моңғол) тарихы тарихнамасын зерттей отырып. моңғолдың тарихи жазбаларының көшпелілер үшін маңызына тоқталып, даму жолдарын төмендегідей кезеңдермен қарастырады.

I. Ежелгі дәуірден бастап феодалдық қоғамның өркендеуіне аралығына дейінгі кезеңдегі жазба ескерткіштер.

II. Феодалдық қоғамның нығаюу және оның гүлдену кезеңіне (XY-XXғғ)жататын шежірелер.

III. Манжурияның үстемдігі тұсындағы жазба ескерткіштер

IY. Революциядан кейінгі жылдардағы зерттеу жұмыстары (1921-1970). (Маркс және Лениндік ілімнің негізінде жазылған зерттеулер)

Моңғол тарихын зерттеушілердің басым көпшілігін революциядан бұрынғы моңғолдың тарихы әлемдік деңгейде өте қызықушылық тудырады.

Оған екі бірдей себеб бар; бірінші – Түрік бітік жазу (орхон - Енисей), екіншісі Шыңғысхан төңірегіндегі тарихи жазбалар. Осы аталған екі мәселе ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеудегі негізгі бағыттары болып табылады.

Бірінші - қазақ тарихына қатысты Ғұн, Түрік империялары және кейіннен қазақ халқының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан Моңғол үстіртінде тарихтарын тасқа жазып, артына сансыз ескерткіш қалдырған керей, найман хандықтары, ірі ұлыстық дәрежедегі жалайыр, қоңырат, меркіт, уақ тайпалары тарихы негіз болып отыр. Екінші - XIII ғасырда өмірге келген Ұлы Шыңғысхан империясы және оның жаугершілік жорықтары жөніндегі тарихи шежірелердің өмірге келуі және ондағы қазақ тарихына қатысты мәліметтер

Моңғолдық тарихи шежірелері тек «Моңғолдың құпия шежіресі», «Алтын шежіре», «Шара туджи», «Чингис эзний Алтан ургийн түүх Гангийн урсгал нэрт бичиг оршив» - пен шектелмейді. Моңғол шежірелері туралы З. Қинаятұлының «Шыңғыс хан» атты монографиясынан [6] және Ш. Бираның «Монгольская историография» атты еңбектерінде біршама жақсы баяндалған[8].

Моңғолдар өздеріне қатысты жазба тарихын айырықша түрде зерттеп мемлекеттік құрылымын тарихын, діни көз-қарастарын, әсіресе моңғолдың қоғамдық құрлысы, мәдени аспектілерін мұхият зерделеп отырған. Манжурияның қоластында болған жылдарда моңғолдың тарихы Қытай - Манжурия тарихымен са-бақтасып немесе олардың кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырылған жоқ, жеке ұлттық қасиетін сақтай білді деп атап көрсетеді Ш. Бира.

Осылайша моңғолдар өздерінің тарихын үнемі жоғары ұстауды, әлемді жаулаушы Шыңғыс хан елі ретінде қарашығындай сақтап, тарихи шежірелермен байыта түсті. Алайда, моңғолдың көне шежіре тарихында будда дінінің ілімдері сарыны басым. Оған себеб, моңғолдар шаманизмнен будда дінінің Ламизм тармағына өтуінде болса керек. Бұл мәселе, XYI ғасырдың екінші жартысында басталған моң-ғолдық жазба тарихтарынан айқын көрініс тапқанын байқаймыз, әсіресе Шыңғыс хан шежірелеріндегі оның шығу тегіне қатысты үнді-тибеттердің діни-іліммен байланыстыратын шежірелер бар. Осының салдарынан тарихи шығармалары діни іліми байланысты негіздегі, моңғолдың феодалдық және буддалық жаңа тарихи жазбалар пайда бола бастады. Моңғол тарихшыларының тибет тілінде жазылған тарихи шығармалар пайда болысымен моңғолдың тарихи жазбалары феодалдық, діни мазмұн алып, оның салдары соңғы кезге дейін жалғасып келді.

Бұл аталмыш мәселелерге байланысты Ш. Бираның «Монгольская историография XIII - XVII вв.» [8]. тарихнамалық еңбегінде жанжақты талданып, баяндалып, тарихнамалық талдау жасалды.

Осылайша моңғолдың жазба тарихы революциядан бұрынғы буддалық жазбалар әлемдік тарихтың бір бөлшегі ретінде, тарихи шежірелерге өз ықпалын тигізді. Солай бола тұрса да буддалық ой сана болғанымен моңғолдың бұқара халқы будданың іліміне онша кірігіп те кетпеді. Будда ілімі (шарын шашын) Моңғолдың барлық болмысына енгенімен, нағыз тарихи шындықтан жалтара алмай барды бар деп жазды [9].

Біріншіден, 1940- жылдар халық төңкерісі табысты орнап, социалисттік өркенге аяқ басқаннан бастап осы заманғы моңғол тарихы басталды деп көруге болады. Жалпылай алып қарағанда төңкерістен кейінгі моңғолдың та-

рихы Маркстік, Лениндік көзқарастармен жазылды. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ш.Бираның «Моңғол тарихындағы осындай үлкен табыстар тек біздің жеке табыстарымыз емес, моңғол тарихын зерттеуші шет елдің ғалымдарының да үлкен көмек болып отыр. Сонымен бірге барлық мектептер мен иниститут, университеттерде дүние жүзі тарихымен бірге моңғол тарихы көп сағаттан дәріс үйретуде. Моңғолдың тарихының тарихи жазба деректемелер, моңғолдың ежелгі дәуір тарихы, этногенез, антропологиялық, мәдениеті даму мәселелері жеке - жеке сала ретінде дамып келе жатқаны мақтануға тұрарлықтай дүние болып табылады. Соңғы жылдары еліміздің тарихы, жазылған жиналған әр түрлі ғылыми мақалалар орыс және басқа шет тілдеріне аударылып, бес құрылыққа таралуда. Осылайша біздің (Моңғолдың - А.Н.) тарихнамамыз күн сайын толығып өркендеп келеді. Біздің тарихшылардың негізгі дамысы қоғамның өзгерісінен кейін Маркстік, Лениндік ілімнің негізінде барлық жағынан жан - жақты дамып отыр. Осы заманда Моңғолдың тарихы жақсы зерттелуімен бірге дамуы материалистік әдіс - тәсілмен жазылып зерттелуі оқырман көптің көңілінен шығып отыр»-деп екіұшты пікір білдіруі [8].

Яғни,бұдан байқайтынымыз Моңғолиядағы ежелгі және ортағасырлар Ғұн, Түрік, Шыңғыс хан империяларын тарихтың жолында «қарсы біткен бұтақ» ретінде көрсетіп келуі. Маркстік - лениндік идеология Шыңғысханның құрған Моңғол империясының тарихи рөлін түбірімен жоққа шығарумен болды. Ерте феодалдық дәуірдің оқиғасына бүгінгі таптық тұрғыда қарап, «идеологиялық» баға берілді.

Екінші мәселе, XII - XV ғасырдағы күллі Азия көшпенділері тарихының өзі Шыңғысхан, оның құрған Моңғол империясының атақ - даңқымен бүркемеленіп жазылды. Дүние жүзі тарихнамасында алар орны бөлек «Құпия шежіре», ұлы Қытай тарихының көлемді бөлегі саналатын «Юань тарихы» (Юань Ши) шын мәнінде Шыңғысхан әулетінің тарихы. XII - XVI ғасырларда Шыңғысхан әулеті, Моңғол империясының тарихын зерттеу үшін сонау қиыр Европадан Моңғол жеріне әдейі жол сапармен тарихшы, жылнамашылар топ - тобымен келіп жатты. Рашид - ад - диннің әйгілі «Жылнамалар жинағы» (Сборник летописей), Ата-Малик Жувейннің «Әлемді жаулап алушының тарихы», Вильгельм Рубрук, Марко Поло, Плано Карпиннің жол белгілеулері осындай тапсырыстан туған, Азия және Моңғол тарихын зерттеуде теңдесі жоқ құнды еңбектер. Аталмыш саяхатшылар Моңғол империясының астанасы Қарақорымға бару үшін Орта Азияны басып өткендіктен олардың еңбектері Қазақстан тарихы үшін де аса құнды. Ш. Бира осынау жоғарыдағы атап өткен деректерді өзінің монографиясында жан-жақты , егжей –тегжейлі баяндаған.

Қазір «Шыңғыстану» мәселесі әлем тарихы және әскери стратегиялық зерттеу ғылымының бір саласына айналды. Ағылшын ғалымы Д.Оссон, Ральф Фокс,орыс ғалымдары В.В.Бартольд, Л.Н. Гумилев, Г.Я.Владимирцов, американдық О.Латтимор, Қытайдың Юань тарихының авторлары және То Жи, қытайлық моңғол тарихшы Сайшаал, жапондық Шигеро Озава, Казуфужи Такайши, неміс Пауль Рачневский, моңғол ғалымдары академик Д. Майдар, Ш.Нацагдорж, Х.Пэрлээ, Д. Гонгордың көптеген еңбектері тарихтану ғылымына Шыңғысханды зерттеу арқылы өз үлестерін қосты[1]. Ш. Бира осылардың алғашқыларының бірі ретінде Шыңғысханға байланысты деректерге талдау жасады. Сонымен қатар аталмыш тарихнамалық зерттеу еңбегіде тек қана деректерді ғана емес түрік – моңғол халықтарына ортақ аңыздарға да үлкен мән берді. Жоғарыда аты аталған моңғол ғалымдарының еңбектерінде Шыңғысхан өмірінің құпия сыры, оның жаулаушылық жорықтары Моңғол үстіртіндегі этникалық процестердің топтасуы мәселелері жан - жақты талданса, Ш. Бираның еңбегінде Шыңғысханның ата-тегі, генелогиясы мәселесіне аса мән берген. Алайда еңбектің жарық көрген уақыты, жоғарыда атап өткеніміздей «бір партиялық жүйе» кезеңі болатын.

Академик Ш. Бира «біздің тарихнамамыздың да өміршен екеніне көзімізді жеткізуіміз керек. Моңғолдың тарихы шет елдерде қалай жазылып қалай айтылып жүргені туралы да біліп отыруымыз күн тәртібінің мәселесі. Демек шекаралас тарихи тағдыры бір көшпелі халықтардың да тарихына зерсала қарауымыз біздің негізгі борышымыз» [9], - деп атап көрсетеді. Белгілі моңғол тарихнамашысының меңзеп отырғаны Орта Азия және Қазақстанның ортағасырлық тарихымен байланысты деп ойлаймыз.

Олай болса, тарихнамалық зерттеудің – жеке тақырып пен белгілі бір тарихи кезеңге, белгілі бір мәселелерге арналған моңғолдық Академик Ш. Бира зерттеулерінің жиынтығын талдау, зерттеулердің жиынтығын талдаған моңғол зерттеушісінің осы мәселеге байланысты өзіндік пікірін немесе көзқарасын зерттеу арқылы беретін тарихи еңбектер мен

зерттеулер Қазақстан тарихнамасына өз үлесін қосары қақ.

Біздің жоғарыда қарастырғанымыз Қазақстан тарихнамасында орын алған теориялық мәселелерге байланысты Академик Ш.Бираның тарихнамалық зерттеулері арқылы оның көзқарасын ашып көрсетуге талпыныс жасадық.

1. Бүгд найрамдах Монгол улсын түүх. Улаанбаатар. 1984
2. Ш.Бира. К вопросу историй, культуры и историографий МНР. Сборник научных статей. УБ., 1977, Орыс, Моңғол, Ағылшын тілдеріне ауд 28 б.
3. Бира. Ш. О Золотой книге Ш.Дамдина. Улаанбаатар, 1964/13/. Бира Ш. Анализ основаных данных Белой истории и время ее составления исследования по истории /14/.
4. Моңғоолдың құпия шежіресі. Өлгей., 1978
5. Монгольская историография XIII-XVII в. , М; 1978.11 б.
6. З. Қинаятұлы. Шыңғыс хан.//Бірінші кітап. А., 2008 // Рашипунцаг. Болор эрх. Дэд дэвтэр. Хөх хот. 2000., 11-6; Жимбадорж. Болор толь. Хөх хот. 1984., 366, 367, 399-66
7. Ш. Нацагдорж. Чингис Хааны Цадиг. УБ., 1991., 160 б.
8. Ш.Бира. К вопросу историй, культуры и историографий МНР. Сборник научных статей. УБ., 1977, Орыс, Моңғол, Ағылшын тілдеріне ауд 28 б.
9. Ш.Бира. Монголын түүх, соёл, түүх бичлэгийн судалгаа. III. УБ.2001. Sh.Bira. Studies in the Mongolian history, Culture and Historiography, Selected Papers, Institute for Language and Cultures of Asia and Africa (ILCAA) vol.II. Tokyo, 1994 (Орыс, Моңғол, Ағылшын тілдеріне ауд.)
10. Ш.Бира. Монголын түүх соёл, түүх бичлэгийн судалгаа, Эрдэм шинжилгээний бүтээлийн эмхтгэл, гутгаар дэвтэр, Улаанбаатар. 2000 / Орыс, Моңғол, Ағылшын тілдеріне ауд / ; Монгол судлалын өгүүллүүд, Essays on Mongol studies, Улаанбаатар, 1998 он /Ц.Батбаяр, Э.Пунцаг нарын хамт/. /Академич Ш.Бирагийн 70 насны ойд зориулсан боть, /Монгол, Англи хэлээр/ Ш.Бира. "Монгольская историография" /ХШ-ХҮП вв/. Сын-пікір "Түүхийн судлал" УБ., 1982 /0.4 х.х./ Х.Пэрлээмен бірге.

* * *

В данной статье рассматриваются вопросы исторической преемственности кочевых народов, проблемы общности исторических преданий и генеалогий, которые поднимаются в трудах известного монгольского историка Ш. Бира относительно средневековой истории Казахстана.

* * *

In this article is consider the problems of historical continuity, it general terms of historical legends and genealogy concerning the medieval history of Kazahstan, which were investigated in the works of Mongolian historian Sh.Bira.

Г. Б. Хабижанова

КИПЧАКИ И ИХ РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН

Об участии кипчаков в этногенезе казахских племен и родов много писалось в научной литературе. Об этом свидетельствует и существующее в науке одноименное собирательное название для всех казахских племен. Однако исследование исторических взаимосвязей требует систематизации накопившихся знаний, которые порой разбросаны по крупицам в отдельных исторических трудах.

Рассмотрим данные, подтверждающие родство и существовавшие издавна этнические взаимосвязи племени аргын с некоторыми племенами Среднего жуза. Это поможет представить картину возможного пребывания аргынов в составе крупных племенных союзов, известия о которых встречаются в источниках.

О связи некоторых аргынских родов с кипчаками свидетельствует единая с ними тамга. Так, например, известно, что тамга племени кыпчак – это одна или две косые линии (/; //). Тамговый знак // имел и аргынский род канжыгалы и ряд других тюркских племен, чьи этнические судьбы были связаны с кипчаками. Объективное объяснение существованию подобной связи находим у исследователя К.Шаниязова. «Каждое племя или древний род, входивший в данный союз племен, имел свою племенную или родовую тамгу. При этом, видимо, за основу бралась общеплеменная тамга или тамга, господствующая в данном союзе племен. Таким племенем в Дешт-и Кипчаке с середины X до 30-40-х гг. XIII в. и с XV в. до середины XVII в. были кипчаки. Следовательно, основой тамговых знаков, входивших в кипчакские союзы племен, являлась кипчакская тамга /. Выделившись из кипчакского союза, племена или новые племенные союзы, вероятно, брали за основу прежнюю тамгу, внеся в нее некоторые изменения».[1, с.152]

Если обратиться к периоду, предшествовавшему монгольскому завоеванию, можно предположить, что аргыны, как и многие тюркоязычные племена находились в составе кипчакской конфедерации племен. Н.Аристов, обосновывая смешанный состав аргынского племени, приводит следующие данные в пользу этого положения. Так, исследуя родовой состав найманов, киреев, кипчаков, он проводит следующие параллели между этими племенами и племенем аргын: в составе каждого из указанных племен нашлись роды с одним и тем же названием, как, например, род тертоул у аргынов и найманов. В этой связи Н.Аристов писал: «Род тертоул имеется, как увидим ниже,

в племени аргын. Так как тамга рода тертоул в Тургайской области есть два круга (ики куз, два глаза), т.е. именно тамга аргынов, то и тарбагатайские тертоулы может быть аргыны, отставшие от главной массы племени, подавшейся далеко на запад. Об этих тертоулах на китайской границе упоминает в своем «Описании средней орды» (1785 г.) капитан Андреев: «волость акбарак акбулат дертаул, в которой прежде был старшина Карабаш Иметюбыт, а по смерти его Жошанбий; подвластных онаго кибиток до 600».

По вышеупомянутым рукописным семипалатинским сведениям 1866 года, тертоулы считали себя особым от байджигитов родом и разделялись на отделения токан (1.000 киб.), тогуз (800 киб.) и тузакчи (600 киб.), всего 2400 киб. – А.А.Ивановский, занимавшийся антропологическими исследованиями в Зайсанском уезде и Тарбагатайском округе, приводит у «тертоулов» еще четвертое отделение джаныбек и подотделения всех четырех; его сведения причисляют тертоулов к зайсанским найманам, которых названы еще три деления ак-найман, джал и мам-бед («Этнографическое обозрение», книжка 26, 1895 г., стр.60)».[2, с.83-84]

С кипчаками и кереями Н.Аристов сопоставляет у аргынов тамги отдельных подродов, что позволило русскому исследователю определить этническую близость аргынов к крупным племенам Среднего жуза. Но, изучая взаимосвязи племен Среднего жуза между собой, Н.Аристов приводит одновременно сведения, свидетельствующие о существовании исторических связей их и с другими тюркскими племенами.

«Из сведений (к сожалению не достаточно полных) о родовом составе волостей акмолинского уезда (акмолинской области) по переписи 1895 года, сообщенных мне А.И.Троицким, видно, что в нуринской волости с кувандыкским родом темеш помещается род тюртогул, имеющий общеаргынскую тамгу (два круга); из отделений этой волости заметим кыргыз и бопы. Любопытны далее в Спасской волости (кувандык, род мурат) отделения салия (сравн. с sali-ya, старейшина Nien-ba-en, который по «Гиньши» в 1160-1190 гг. искал помощи чжурчженьского императора против кара-киданей, совместно с Bo-gu старейшиною рода канглы…) и баяу (сравн. с Bo-ya-wu, родом канглов, по биографиям, помещенным в «Юаньши»…). Момунский род канджигалы в Коржункульской и Еременской волостях отличается особым типом лица и имеет тамгу кипчаков || ; в последней волости отделения коскельды, кылдигаръ, оюмъ, кама и джапар. Из момунских же родов куланъ-кипчакъ (Ишимская волость) и боштунъ-кипчакъ (акмолинская волость) тамгу имеют общекипчакскую, а род кирей (мунчактинская волость отделения ак-сары, кур-сары и козы, и Кызыл-таракская волость отделения бурасъ, курманъ, кур-сары, бискара, джебике и толке) сохраняет общекиреевский крест. В чирубай-нуринской волости (кувандыкский род кареке) есть отделения ток-бура, ак-бура, чучакъ, баргана, кенджигары и агысъ-нурбай. Вообще аргынское племя оправдывает значение своего имени, будучи действительно смесью киреевских, найманских, кипчакских и т.д. частицъ».[2, с.92-93]

Далее, перечисляя вслед за арабскими источниками племена кипчаков, Н.Аристов идентифицирует некоторые из них с родами аргынов. Так, кипчакское племя буржоглы – это, по мнению исследователя, аргынский род боршы, дурут – это аргынский род тертоул (дюрт-огул или оглы по Н.А.), анджоглы – аргынский род канджигалы.[2, с.93] С этим мнением вполне солидаризируется высказывание ученого- исследователя этнической истории узбекского народа К.Шаниязова, который приводит интересные для нас сведения об участии кипчаков в этногенезе родственных казахам, тюркских народов Средней Азии. Так, он называет племенные образования сары-кипчак - алты- ата, канжигалы… «Племенное объединение «йигирма торт ота» нуратинских туркмен делилось на четыре племени, каждое из которых называлось алты-ата: алты-ата канжигалы».

Род канжигалы еще в XIII-XIV вв. входил в кипчакское объединение. «…потомки кипчаков живут на территории Хорезма. По данным К.Л.Задыхиной, кипчаки Хорезма объединялись под названием «сегиз уруг кипчак» (8 родов кипчаков): канглы – канжигалы… названия ряда родовых делений кипчаков Хорезма (канжигалы, …) совпадают с названиями кипчаков долины Зарафшана, что свидетельствует об их общем происхождении».[1, с.127, 132]

У каракалпакских кипчаков также имеется племя алты-ата, в которое входит и род канжигалы. По поводу того, что аргынский род канжыгалы имеет кипчакские корни, вряд ли приходится сомневаться. Все кыпчакские родовые группы в составе узбекского и каракалпакского народов имеют почти без исключения отделение канжыгалы. Так, К.Шаниязов пишет, что «В долине Зерафшана… в конце XIX – начале XX вв. жили следующие группы

узбеков-кипчаков: парча-кипчак (канжигалы), сары-кипчак (канжигалы), кипчак-сарай (канжигалы)→ тури (жаша, руда, киртмыш). Родовая группа парча-кыпчак расселялась в селениях … Каракесек; сарай-кипчак… в селениях… Канжигалы».[1, с.123-124, 125]

Н.Аристов также указывал: «Род канджигалы имеется в узбекском племени кытай-кыпчак отдела кытай (обитали в долине Зерафшана по сведениям В.Радлова)». Оседлые туркмены в Узбекистане, в составе которых имеется род канджигалы…, живущие на севере в горном нуратинском округе…считают себя принадлежащими к племени юйсунь…Большой орды».[2, с.149, 432, 150] Узбеки Ходжентского уезда Джизакского района имеют род канджигалы. Отделение канжыгалы имеется и у объединения курама.[2, с.114]

Известный исследователь С.Толстов, обращая внимание на родовой состав нуратинских туркмен и указывая на имеющийся в этом составе крупный род канжигалы, определял этническую взаимосвязь их с каракалпаками и узбеками.[3, с.97] Мы же можем здесь лишь дополнить, что этнические взаимосвязи, по-видимому, у нуратинских туркмен имеются и с казахами.

История VII-VIII вв. свидетельствует о контактах племени басмыл с карлуками. Эти племена, которых Махмуд Кашгарский называет также туркменами. По мнению С.Ахинжанова, именно с момента миграции тюркских племен кипчаки изменили зимние места кочевок и перенесли с Семиречья в низовья Сыр-Дарьи. А так как карлуки в Семиречье располагались с VIII в., то контакт их, по мнению ученого, с кипчаками был неизбежен.

В этом отношении у В. Бартольда читаем следующее: «Из сочинения персидского историка Бейхаки мы знаем, что кипчаки задолго до сочинения Махмуда Кашгарского доходили на юг до границ областей ислама и были соседями Хорезма. К движению кипчаков на юг относятся, по-видимому, слова Махмуда о какой-то турецкой народности булак или эльке-булак, уведенной в плен кипчаками, но потом, с божьей помощью, освободившейся из этого плена…».[4, с.98] С переменой этнической ситуации в XI в. степь, называвшаяся ранее «огузской» получила наименование кипчакской.

Отражением существования карлукского этнического компонента среди кипчаков является, по мнению С.Ахинжанова, название половецкого племени улашевичи, «являющееся одним из вариантов этнонима булак, входившего в состав карлукских племен».[5, с.188]

Что же касается карлуков и басмылов, то известно, что вместе с 9 племенами хойху они составили «народ одиннадцати племен». При этом, как указывали китайские источники эти «посторонние поколения – басими и гэлолу» (т.е. карлуки) всегда в военных походах шли впереди.[6, с.315] Это объединение носило характер политического союза. Т.о. ранняя история племени аргын очень тесно была связана с карлукским объединением.

Политическая история раннего средневековья связывает карлуков и с басмылами. После описанных средневековыми авторами событий XI в., некоторые исследователи связывали дальнейшую судьбу басмылов с восточной группой шары, которая как известно, оторвавшись от основной массы племени, подалась на восток.

«По данным источников, в XI веке одна из групп шары отделилась от основной группы, мигрирующих на запад кыпчакских племен, и переселилась в Таласскую долину. Затем, боясь обрезания, ушла в восточные пределы Караханидского государства. Здесь они, включив в свой состав племена басмылов, чумулов, ябагу, переселялись в Семиречье…

В эпоху кара китаев и монголов басмылы уже не представляли какую-либо политическую силу, как прежде, что говорит об окончательной утере ими политической независимости».[7, с.166]

Об этой группе племен, т.е. восточной группе шары упоминается в период каракиданей у Н.Аристова, который называет их Sa-li-ya (сер. XII в.) и сообщает, что они вместе с племенами канглы просились в подданство к Чжурчженям.[8, с.288] Исследователь ранней истории кыргызов Т.Акеров также считает, что речь шла о племенах, обитавших в восточных пределах Караханидского каганата, где по соседству с чигилями располагались две области Шары (Sa-li-ya) и Бугу. Первая из них была образована кыпчаками шары, которые в XI в. смешались с басмылами».[7, с.130]

Монгольское завоевание повлекло за собой не только миграцию племен, но и объединение некоторых племен в целях защиты своих территорий и образование новых племенных союзов, «появление новых этнонимов». В этом смысле, как отмечал известный этнограф М.Муканов, «носитель нового этнонима, в данном случае аргыны, был, несомненно новой этнической общностью, новым племенным

союзом. «…новый племенной союз был «многочисленным», «многим» и соседние племена вполне могли дать ему соответственно название «arqun». Так носитель, объект этнонима, состоящий из различных по своему происхождению родов, в силу своей многочисленности стал известен в истории казахов как племя аргын».[9, с.49]

Интересно сообщение Р.Г.Кузеева о башкирском племени кыпчак, в котором присутствует род джете-уру, который по словам исследователя «этнически восходит к казахскому роду Жетыру Малого жуза». И далее, передает Р.Кузеев рассказ П.Небольсина о том, что «башкирцы Джидиру … потомки нескольких семей киргизов кыпчацкого рода, с весьма давних времен перешедших из Сибири через Урал и вступивших в родственные связи с башкирцами».[10, с.116] Таким образом, можно на этом основании сказать, что предки племенного союза Жетыру, действительно находились в составе кыпчакского союза XI-XIII в.в. и косвенным свидетельством тому может служить наличие одноименного рода среди башкир, предки которого, по всей видимости, перешли с территории средневекового Казахстана. «С момента миграции в Приуралье и на Южный Урал они (кыпчаки – Х.Г.) представляли собой не племя, а совокупность родов и родовых групп, этническая история которых восходила к средневековому Дешт-и-Кипчаку … В то же время род джете-уру исторически и этнически тесно связан с племенами Дешт-и-Кипчака».[10, с.113, 115] Основываясь на теоретическом выводе известного ученого Р.Кузеева о том, что «многоступенчатая и подвижная родоплеменная структура тюркских кочевников, опирающаяся на принципы преемственности и генеалогической связи, была своеобразным механизмом устойчивой трансляции из эпохи древности и средневековья многих атрибутов родоплеменной жизни, в первую очередь этнонимов и тамг»[10, с.118], позволяет нам сделать вывод о вероятном существовании в составе кыпчакского союза многих тюркских племен, история которых с начала второго тысячелетия н.э. была, очевидно, тесно связана с территорией Западного Казахстана.

1. Шаниязов К. К этнической истории узбекского народа. - Таш., 1974.

2. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности//Живая старина. - СПб., 1897.- Вып.3-4.

3. Толстов С.П. Города гузов//Советская этнография. – М., 1947. - №3.

4. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии// Бартольд В.В. Соч.- М., 1968. - Т.5.

5. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. - Алма-Ата, 1989.

6. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. - Алматы, 1998. - Т.1.

7. Акеров Т. Древние кыргызы и Великая степь (по следам древнекыргызских цивилизаций). – Бишкек, 2005.

8. Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара-кыргызы. - Бишкек, 2001.

9. Муканов М. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза.- Алма-Ата, 1974.

10. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. М., 1974.

* * *

Мақалада ертеорта ғасырлық қыпшақ тайпалық одағының этникалық құрамына тоқтала отырып, ерте қыпшақтардың қазақ халқын құраған ру-тайпалардың этногенезіне қатысуы мәселелері қамтылады. Автор Н.Аристов, В.Бартольд, С.Ақынжанов т.б. зерттеуші ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып қыпшақ конфедерациясы құрамына енген тайпалардың қазақ жеріндегі миграциялық үрдістері мен миграциялық бағыттарын қамтыған.

* * *

In the article the role of kypchak tribes in formation of the Protokazakh breeding formations in the period of the early Middle Ages reveals. Being guided by substantive provisions of such known researchers as N.Aristov, V.Bartold, S.Ahinzhanov, etc., the author defines the basic ways and directions of migrations of the Turkic tribes which have entered later in structure of kypchak confederation.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Г. Тоқтарбаева

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ЗАР ЗАМАН АҒЫМЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНА ҚАРСЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

XIX – ғасырдың алғашқы жартысы – Қазақстан үшін тарихи кезең, яғни шектеулі болса да саяси еркіндіктен біржола айырылып, орталық ахуалдың, саяси тәуелсізділіктің дәм-тұзын тату кезеңіне қадам басу уақыты. Егер бұл уақытты белгілі бір дәрежеде өтпелі кезең ретінде алсақ, саяси дербестіктен орталық тәуелділікке өтудің өзіне лайық рухани болмысы болатындығы мәлім. Яғни саяси тәуелділіктің бұғауы алқымына бата бастаған қоғамының рухани күйінің көтеріңкі болмайтындығы өзінен өзі түсінікті.

XIX ғасырдың 20 жылдарында Ресей өкіметі қазақ арасында хандық билікті жойып, ел басқарудың жалпы Ресейлік тәртібін жақындатуға тырысты[1, 387 б.].

1822 және 1824 жылы енгізілген уставтар бойынша Орта және Кіші жүз жерлерінде хандық билік біржола жойылды. Сөйтіп, қазақ қоғамындағы саяси биліктің бүтіндей орталық әкімшіліктің қолына өтуі патшалықтың қазақ жеріне өз билігін орнатты, қазақ – орыс шекара бойы бекініс қала қоныстардың түсуі, жаңа тәртіппен бірге халықты тонауға бағытталған сауданың, түрлі алым-салықтың құйтырқы әдістерінің келуі, патшаның "шекпеніне елін сатқан" жергілікті феодалдардың өз халқына қарсы жасаған әрекеттері – осының бәрі қоғамдық ойда "Зар заман" аталған ағымды туғызбай қоймады[2, 33 б].

Патша өкіметі тек қазақ жерін отарлаумен ғана қоймай, ол одан әрі тереңдеп Орта Азия халықтарын да толық басып алуды көздеді. Жерден, малдан, бас еркіндігінен айрылған халықтың хал – жағдайы одан әрі ауырлап бастарына қайғы түскенінде ақындар айта білді. Жонғар шапқыншылығына "Ақтабан шұбырынды" деген атпен қалса, кейінгі патша отарлығы дәуірі халық басына орнаған "зар заман",- деп бағаланады.

Қилы кезеңде қырық түрлі қисынмен ұғындырылған "зар заман", "зар заман ағымы", "зар заман ақындары" деген ұғымдар үрей көлеңкесінен, саясат салқынан арылып, енді қазақ тарихындағы, қазақ әдебиетінің тарихындағы

бір құбылыс ретінде өз арнасына құйыла бастады.

Зар заман - Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан Қазақ хандығы бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, халықтың саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшыраған кезеңі. Алғаш Шортанбай Қанайұлы осы кезеңнің ауыртпалықтары туралы "Зар заман" атты зарлы толғау шығарып, ол ел ішінде кең таралды.

Зар заман ақындары - қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927) М.Әуезов енгізген термин зар заман кезеңінде өмір сүрген, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң зарымен жырлаған ақындар шоғыры. Зар заман ақындар шоғыры өкілдері: Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әубәкір Күдері, Албан Асан т.б.

М.Әуезов Зар заман ақындар дәуірін Абылай хан тұсынан бастап Абайға дейінгі аралықты қамтып Нармамбеттен аяқтайды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуін Зар заман ақындары тарих сахынасына шығарған. Зар заман ақындары халықтың жай күйін ойлаған ұлт-қайраткерлері ретінде танылады. Оладың шығармалары халықтық салт дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық-болмыс – бітімнен ажырамауға үндейді. Ресей отаршылдарының озбырлығы мен сұрқия саясаты Зар заман ақындарының өлең жырларында жан-жақты суреттеледі. [3, 168 б.].

Бұрынғы жыраулар поэзиясымен үндесіп жататын өршіл рух, әсіресе Мұрат Мөңкеұлының жырларынан айқын байқалады. Зар заман ақындары шығармашылығы ұлттық болмысты қазақы қадыр –қасиеті сақтап қалуға үндеген ойпікірлер, шарасыздықпен соңғы төзімді сарқа айтылғандығымен ерекшеленеді. Осындай өлеңдермен бодандықтың бұғауына бас игісі келмеген ұлт қайраткерлерінің өршіл үні айқын аңғарады. Зар заман ақындарында сары уайымға салыну, қайғы мұңға берілу сарыныда байқалады. Бұл кезең ақындары келер күннен үміт жоқтығына таппай қиналды.

Олар елдің басына түскен нәубетті ақырзаманның келгені деп ұғады. Зар заман ақындарының өлең-жырларында елмен қоштасу, туған жердің өткенін аңсау сарыны орын алған. Зар заман ақындарының қайраткерлері биікке көтерілуі отаршылдықтың белең алуынан басталды. Жыр жүйріктерінің санасын оятуға жұмсалды. Зар заман ақындары – шоғырының белгілі өкілі – Дулат Бабатайұлы.

Д. Бабатайұлы 1802 - Шығыс Қазақстан облысы Аякөз ауданы, Сандықтас қонысында дүниеге келіп – 1874 жылы қайтыс болған. Дуалттың кейбір өлеңдері Қазан қаласында 1880 жылы алғаш рет «Өсиетнама» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Жинаққа ақынның сол кездегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген.

Ақынның кейбір өлеңдері кеңес дәуірінде әр түрлі хрестоматияларда «XYIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығарамалары» Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы Алматы 1962 жылы жинақта кейін, «Үш ғасыр жырлайды» Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары Алматы 1965 жинағында басылып шықты.

Ақынның жеке жыр жинағы «Замана сазы» деген атпен 1991 жылы жарық көрді.

Дулаттың өлең – жырларының басты сарыны - XIX ғасырдағы алғашқы жартысындағы отаршылдық әрекеттерге рухани қарсылық көрсету.

Енді қазақ ел болмас,
Күні өтіп, айы асқан.
Дәрігері дарын болса да,
Ауруға ем қонбас,
Мүйіздескен сиырдай... [4, 201 б.]

Келесі бір елеулі зерттеу – «Қазақ әдебиеті тарихының екінші томының 1 кітабына арнап әдебиет тарихшысы Ы.Дүйсенбаев жазған «Шортанбай Қанайұлы» деген тарау. Мұнда ақын ескішіл, кертартпа, діншіл, зар заман өкілі деп танылсада, зеріттеуші оның әдебиеттегі орны мен мәнін дұрыс ашып бағалайды. Ол өз пікірін былайша қорытады: Шортанбай өз кезеңіндегі әлеуметтік мәселені тұңғыш рет дерлік тиісті дәрежеге көтере білді – сонымен қатар соған өзінің шама-шарқынша жауап беруге ұмтылған әдебиет – қайраткерлерінің бірі болды. Ол бір жағынан, халықтың бай ауыз әдебиеті дәстүрінен қол үзбей отырып екіншіден, жаңа ғана туа бастаған қазақ халқының жазба әдебиетінің іргесін қалау ісіне атсалысты.

Ә. Марғұлан айтқандай, жыраулар өмірдің ұсақ мәселесін аз араласып, көбінесе заман жайында, өткен мен келешек, адалдық пен адам-гершілік, жақсылық пен жамандық жайлы ой-лар, болжаулар айтып отырған[5, 397 б.].

Сол зары көп тар заманды ашына жырлаған қазақ-ақындары-Шортанбай мен Дулат, Мұрат

жыраулар еді. Бұлар өз шығармашылығында ел-жұртының басына түскен ауыр қасіреттің нағыз шындығын ашты.

Мынау заман қай заман,
Азулыға бар заман,
Ауызсызға тар заман.
Тарлығының белгісі,
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малға жүгінген,
Мұның өзі - зар заман.

Халықтың ата-дәстүрі, ел билеу, басқару үрдістерінің мүлде өзгеріп, қазаққа жат, бұрын соңды көріп білмеген басшылық – билік рәсім-дерінің орнап жатқаны, бас көтерген ерлердің тұтқындалып бұрын жұрт көрмеген жазаларды тартып, азапқа түскені, айдалып, атылып-асы-лып елден аластатылғаны тебірене термеле-неді[6, 5 б.].

"Зар заман" ағымы өкілдері өз шығармашы-лығында қазақ қоғамының сол кездегі екі жауын айшықтап көрсетіп берді. Олар, біріншіден, қазақ даласын, оның мекен еткен елін билеп-төстеуді мақсат еткен самодержавиелік билік, онымен бірге ере келген, онсыз да алаусыз қоғамды бөліп, жауға қызмет еткен тәртіп болса; екіншіден, сол жаңа билікпен ымыраға келіп, оның арзан, жалдамалы құлына айналып, түптеп келгенде, еңбекші бұқараны сыртқы жаумен бірге соғуға ықыласты бай, сұлтандар, атқамі-нерлер еді[2,33 б.].

"Зар заман" мектебі ақындары жырлаған ойдың өзегі – орталық әкімшілік қолына біржола өткен жерді жоқтау. Дулат пен Шортанбай бұл пікірді белгілі дәрежеде билеуші топтар тұр-ғысынан білдіргенімен, олардың шығармашылы-ғына тән жалпы халықтық мүддені, сол тарихи кезеңге тиесілі қоғамдық ойдағы тендецияны жоққа шығару қисынсыздық болар еді. Егер Шортанбай туған жер туралы: "Адыра қалғыр Сарыарқа, болмайын деді баянды"; Дулат бұқара халық туралы: "Хайуанмен тең саналдың, тері-дей болып тоналдың, жол таба алмай қинал-дың"; Мұрат: "Үш қиянның арғы бойынан, жеті жұрттың кеткен жер, қайырсыз болған неткен жер?!"- десе, бұл тұжырымдарының ар жағынан жерінен, ұлттық саяси еркіндігінен айырылып, жаңа кезде әлеуметтік, шаруашылық жағдайы бұрынғыдан да төмендеп, тығырыққа тіреліп, шығарға жол таба алмай, қиналған халықтың ауыр халін көреміз. Сонымен бірге Шортанбай, Дулат, Мұрат шығармашылығында бұлаңғыр болса да сол кездегі отарға айналған Қазақстан үшін шарасыздықтың не екенін түсіну бар. Бұл – даусыз факті. Патша әкімшілігі Бұқар зама-нындағыдай беймәлім, бұлыңғыр емес, көзбен көріп, жүрекпен сезінуге боларлық нақты, шындыққа айналған күш, оған күшпен қарсы тұру мүмкін емес. Тіптен қарсы тұрарлық елдің халі де жоқ; ауызбірлік кеткен, өзара алауыздық үстемдік алған, елдің атқмінер "жақсылары" сұлтандық, болыстыққа таласып, "алтын тұғыры ағашқа" айналып, "қан шықса, елін жұлмалар қасқырменен аралас" халге жеткен. Қолға қылыш, найза алып, атқа отырып, батырлық құрар, Мағжан айтқандай, "ер заманы" XYIII-ғасыр өткен. Шортанбай өленderінде қайшы-лықтар көп. Бір жағынан ол дінді уағыздап, қазақ жерінің Ресейге өз еркімен қосылуы нә-тижесінде болған жаңалықтарға қарсы болды және бұрынғы заман өтті, енді ақырзаман жақындап қалды деп зарланса, екіншіден өз заманындағы бай мен болыстардың, қожа – молдалардың озбырлықтарын, кедей шаруалар-дың ауыр халін көріп:

Енді еркіндік заман жоқ
Дұшпанның құрған торы бар.
Ендігі жүрген жігіттің,
Маңдайында соры бар,-

деп осы жағдайды нұсқады.

Осындай жағдайда Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармаларының негізгі міндеті көркем ой тілімен өлкедегі жаңа қалыптасқан саяси ахуалға сай қазақ жұртына ой салу, жаңа орнық-қан тәртіп түпкілікті үстемдік алған жағдайда болашақта қоғам ретінде жойылу қаупіне нұс-қау болатын. Ғылымда "Зар заман" атанған бұл мектеп әдебиеттің гуманистік табиғатынан туындаған,

халықтың санасына қозғау салып, саяси - әлеуметтік ахуалды түсінуге көмектескен шығармашылық әдіс те еді[2, 34-35 бб.].

Талай дүлдүл ақындар мен жыршылар тарихтағы небір елелулі оқиғалар мен оларға қатысушыларға ерекше назар аударып отырды.

Кеңес идеология үстемдік еткен кезде Зар – заман ақындардың шығармаларын насихатттауға тиым салынды, олар барлық оқулықтардан алынып тасталды. Соған қарамастан зар – заман ақындарының шығармалары әр жылдарда зерт-теу нысанасына айналды. Қазақ әдебиетің та-рихын оқып – үйренуге арналған ғылыми жинақтарда олардың кейбір олең толғаулары жарық көрген тұстарыда болды. Мысалы, 1978 жылы Ленинградта басылып шыққан, М.Ма-ғауиннің «Поэты Казахстана» жинағында Зар – заман ақындарын отаршылдыққа қарсы жазыл-ған бір қатар өлеңдері орыс тілінде жарық көрді.

ХХ ғасырдың соңынан бастап Зар – заманның тарихи сипаты, Зар – заманның ақындарының шоғырының белгілі өкілдері, әдеби ағым ретіндегі ерекшеліктері, көркемдік кестелері туралы бір қатар еңбектері жазылды. Зар – заман шығармаларының – жаңалығы мол, әрі дәстүрі бар күрделі құбылыс ретінде әдебиеттану ғы-лымы және тарих ғылымының тұрақты зерттеу нысанасы болып қалады.

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. А: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 6 том. -1975.-Т.6.-640 б.

2. М.Қойгелдиев Ұлттық саяси элита қызметі мен тағдыры (ХҮІІІ-ХХ ғғ.).- А.: Жалын, 2004.- 400 б.

3. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. –А.: «ҚЭ» бас редакциясы, 2002.Т.2. 720 б.

4. Бес ғасыр жырлайды. (ХҮ-ХХ ғасыр бас кезіне дейінгі қазақ-ақын жырауларының шығармалары).-А.: Жазушы, 1989.-Т.1.-384 б.

5. Қазақ әдебиетінің тарихы. –А.: ҚазССР Ғылым акад. бас. 1964. – 696 б.

6. ХІХ ғасыр қазақ әдебиеті. Хрестоматия.-А: Ана тілі, 1992.-224 б.

* * *

В этой статье рассматриваются вопросы о взглядах и воспеваниях представителей Зар заман (скробных времен) XIX века против колониальной политики царизма в Казахстане.

В их соченениях все сторонне описываются о постягательствах и насилии Российской империи в отношении казахского народа.

* * *

The article deals with the problems of views and singing of Lamentations time representatives against colonial policy of tsarism in Kazakhstan. Infringements and violence of the Russian Empire in relation to Kazakh people are thoroughly described in the work.

Ә. Р. Рахимкужаева

ПАТША ҮКІМЕТІ АГРАРЛЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕЛДЕГІ ТАРИХИ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРІП ОТЫРУЫ

ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында патша үкіметінің аграрлық саясаты үнемі өзгеріп отырды.Алдымен патша үкіметі қазақ өлкесін казактардың отарлауымен шектелді. ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарының ортасынан бастап орталық Ресейден Қазақстанға ауқатты шаруаларды көшіру басталды. Ол 1866 жылы 20 қазанда Батыс Сібір бас басқармасы кеңесінің қаулысында көрініс тапты. Қаулыда: «Адамгершілік қасиеттері мен материалдық жағдайлары арқылы сенім туғызатын көптеген жұмыскер отбасыларына Қырғыз далаларына көшуге рұқсат етіледі»,- делінген.

Жетісудың патша шенеуніктері де осындай позицияны ұстанды. Алатау округының басшысы өз баяндамасында былай дейді: «өлкені орыстар отарлау үшін отаршылардың құрамы шаруашылық жағынан да, жеке қасиеттерімен де қамтамасыз етілген адамдардан тұруы керек».

Патша үкіметі мұндай шаруалар өлкеде орыстандыру саясатын жүргізіп, отаршылардың әскерін толтыру үшін қызмет етеді деп есептеді.

Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфманның пікірі бойынша, « өлкеде құрылған орыс тұрақтарының саны өсіп, олар бір-бірімен байланыс орната алатын ыңғайлы байланыс торабында орналысса ғана, ондай тұрақтар нағыз маңызға және күшке ие болады. Осының негізінде облыста жаңадан құрылатын орыс селоларын казак поселениелері және қалалармен үздіксіз байланыста бола алатындай орналастыру керек».

Патша өкіметі қазақ жерлерін қанау үшін заңды негіз іздеді. Ол қазақ шаруаларының мүдделерін шектейтін заңдар шығарды. Сондай заңдардың бірі 1867-1868 жж.отаршыл-әкімшіл реформа болды.

1868 жылы 21 қазанда патшамен бекітілген «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ереженің» 120 бабында «қырғыз көшпенділерінің алып отырған жерлері мемлекеттік болып есептеліп, қырғыздарға қоғамдық пайдалануына беріледі», - делінген.

Ғасырлар бойы иемденіп келген қазақ шаруаларының жері, енді мемлекеттік меншік олып жарияланды. Кейіннен осы «Ереже» жерді қанаудың заңды негізіне айналды.

«Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша Ережеде» қазақтар алып отырған жерлер де мемлекеттік меншік деп жарияланды.

Патша өкіметінің заңдарында жерді иемдену мәселесі де көрініс тапты. Мысалы, 211 бапта былай делінген: «патшаның ұйғарымымен жеке тұлғаға сиға берілген немесе заңмен бекітілген жерлер ғана оның толық жеке меншігі бола алады».

Бұл бапта бұрын жеке меншікке берілген жерлер туралы да айтылған.

«Батыс Сібірдің жергілікті приказдары мен облыстық басқармаларымен берілген жерлерді қайта қарау үшін, олардың берген жер меншігіне деген актілерін облыстық басқарманың бастығына берілген уақыт мерзімінде көрсету міндеттелді».

«Уақытша Ереже» жерге деген меншік құқығы туралы құжаттардың заңдылығын дәлелдеді. Отаршыл билеушілер жағынан қазақ шаруаларына күштеу көрсетілді. Бұл ережелер Қазақстанның басқа да облыстарына таратылды.

Патша үкіметі қазақ жерлерін мемлекеттік меншік деп жариялауының заңды «негізін» іздеді. Ондай негізді патша отаршылары қазақтардың жерге деген жеке меншігінің жоғынан көрді. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт 1853 жылғы жергілікті органдарға берген нұсқауларында былай деп жазды: «Ресей құрамындағы қырғыздардың бүкіл жері олардың меншігі емес. Бұл жерлер қырғыздарға көшіп-қонуына, өзінің әскерлерімен оларды сыртқы жаудан қорғайтын үкіметтің меншігі».

Гасфорт патша өкіметінің көрнекті шенеуі ретінде ,аграрлық мәселеде де патша өкіметінің пікірін білдірді.

Қазақтарды жерге меншігі жоқ, «қаңғып жүрген бұратаналар» ретінде қарауын революцияға шейінгі жетісуды зерттеуші Аристовтың баяндамасынан көруге болады. « Қырғыздардың жерге меншігін мойындау –орыс қоныстарының санын көбейтуге, қырғыздардың мал шаруашылығымен айналысуына мүмкіндігінің болмауына алып келеді. Себебі әр қадам сайын тіпті малды айдап өтуге тиым салынатын өріс меншігі кездесетін болады».[1]

«Уақытша Ережені» дайындауда патша өкіметі еңбекші шаруалардың мүддесін ескермей, тек бай-феодалдардың мүддесімен санасты.

213, 215, 216 баптар бойынша қыстау әрбір отау иесіне мал саны мен шаруашылық көлеміне байланысты пайдалануға берілді. 214 бап бойынша жер туралы дауларды билер мен феодалдардың өкілдері шешті. Бұл барлық жағдайда жер даулары бай-феодалдардың пайдасына шешілгендігін көрсетеді.

«Уақытша Ереже» бойынша жерді иемденуге, қыстау, егінді және шабынды жерлерде тұрғын және шаруашылық құрылыстарын салу құқығы енгізілді.

Патша өкіметі қазақ жерін қанау саясатын әбден ойластырды. 217 бапта «әрбір қырғызға оған бөлінген қыстақта тұрғын және шаруашылық құрылыстарын салу құқығы берілген және қоғам одан салынған құрылыстарды бұзуды талап ете алмайды. Салынған құрылыстар шаруаның жеке меншігі болады да, оны басқаларға сатуына болады. Құрылыстар салынған жерлер мұрагерлердің пайдалануында қалады. Бұл жерлер жойылған жағдайда қоғамға қайтарылады», - деп жазылды. [2] Жер учаскелерін «мұрагерлік пайдалануға», яғни ұрпақтан-ұрпаққа беру, жерді иемденгендіктің белгісі олды.

Өзінің Қазақстандағы аграрлық саясатының түпкілікті мақсатын анықтағаннан кейін, патша

өкіметі оны іске асыруға кірісті. Қазақ даласын отарлау үшін және оны Ресейдің орталық губернияларынан келген ауқатты шаруалармен қоныстандыру шаралары дайындала басталды. Мұндай шараны Жетісу облысының әскери генерал-губернаторы Колпаковский бастады. Оның басшылығымен 1868 жылы «Шаруалардың Жетісуға қоныс аударуы туралы уақытша тәртібі» дайындалды. Бұл тәртіп 1883 жылға дейін жұмыс істеді.

«Уақытша тәртіп» бойынша қоныс аударушыларға бірқатар жеңілдіктер жасалды: әр еркек жанға 30 десятина жер беріліп, оларды 15 жылға салық төлеуден босату, 100 сомнан төмен емес ссуда бөлу.

1883 жылы Жетісу облысының Дала генерал-губенаторлығының құрамына кіруіне байланысты, жергілікті әкімшілік «Облыстың отырықшы тұрғындарын жермен қамтамасыз ету тәртібін» дайындады. Бұл жаңа құжат 1885 жылы 1 шілдеде генерал-губернатормен бекітілді. Ескі тәртіптермен салыстырғанда жаңа «Тәртіп» қоныс аударушыларға берілетін жеңілдіктерді қысқартты: әр еркек жанға 10 десятина жер беріліп, оларды енді тек 3 жылға салық төлеуден босатты. Үш жыл өткеннен кейін салықтан 50 пайызға босатты.

Қоныс аударушы шаруаларды Түркістан өлкесі, оның ішінде Сырдария облысына көшіру тәртібі 1886 жылы шыққан «Түркістан генерал-губернаторлығын басқару туралы Ережеде» қарастырылды. Бұл ереже бойынша әр еркек жанға 10 десятина көлемінде жер беріліп, оларды алым-салық төлеуден бес жылға босатып, бес жыл өткеннен кейін салықтан 50 пайызға босатты.

Жетісуда жердің қысқаруы бос жерлердің болмауымен түсіндірілді. Кезінде Колпаковским бөлініп алынған 81 жер учаскелері Украинадан, Воронеж және басқа губерниялардан қоныс аударғандарға берілді.

«Дала Ережелерінің» жобасын талдауда 1891 жылы шаруалардың жерді пайдалану құқығы қайта көтерілді. 119 бапта, мысалы, былай делінді:

«Қырғыздар алып жатқан жерлер мен ондағы өзен-көлдер, ормандар мемлекеттік меншік болып табылады». Бұл баптан, біз қазақ жерлерін тонауға бағытталған патша заңдары қалай анықталып, дамығандығын көреміз. 120 бапқа да өзгерістер енгізілді: «Қырғыздар алып отырған жерлер, әдет-ғұрыптар мен осы ереженің тәртібі негізінде мезгілсіз қоғамдық пайдалануға беріледі».[3]

Осылай патша өкіметі қазақ даласында өзінің отаршылдық саясатын күшейткісі келді. Осы саясатты іске асырушылардың бірі Сібір темір жолының Комитеті болды.

Транссібір темір жолын салу мәселесі XIX ғасырдың 50-шы жылдарының соңында пайда болған еді. Оның құрылыс жобалары көп жылдар бойы талданды. Тек 1891 жылы оның құрылысы туралы патша жарлығы шықты. Осы жолды салу үшін 1905 жылдың 15 желтоқсанына шейін басшылық (яғни құрылыс аяқталғанға шейін) жұмыстарын жүргізген комитет құрылды.

1892 жылы 10 желтоқсанда патша бекіткен ерекше кеңестің «Журналды қаулыларында» былай деп жазылды: «Төрағасы патшамен тағайындалатын, ішкі істер, мемлекеттік мүлік, қаржы, байланыс жолы және мемлекеттік бақылау министрлерінен тұратын Сібір темір жолы комитетін құру».

Кейіннен «Комитеттің» құрамына әскери министр мен теңіз министрлігінің басшысы кірді. Сібір темір жолы Комитетінің төрағасы болып министрлер кабинетінің статс-хатшысы А.Куломзин тағайындалды.

«Комитетке» темір жол салумен қатар, осы жол бойы Ресейдің орталық губернияларынан шаруалардың қоныс аударуына басшылық жасау міндеттелді. Осы мақсатта «Комитеттің» жанынан арнайы «Дайындық комиссиясы» және «Мемлекеттік жерден қоныс аудару учаскелерін дайындау үшін ерекше межелеу партиялары құрылды.

Тобол, Томск губерниялары мен Ақмола облыстарының межелеу партияларының алдында мынадай міндет тұрды: 3-4 жылдың ішінде Сібір темір жол торабы бойынша 200 шақырым қашықтықта 11 млн. десятина жерді алу.

Ақмола облысының Петропавл, Көкшетау және Омбы уездеріне 160 мың шаруаларды көшіру үшін 2424503 десятина ең шұрайлы жерлер межеленді.

Аталған уездерге және Алтайдың таулы аймағына 700-800 қоныс аударушыларды қоныстандыру міндеті тұрды.

1893 жылдың наурыз-сәуір айларында Батыс Сібірде межелеу партияларының отрядтары құрылып, жабдықталды. Олар мамыр айының екінші жартысынан бастап жұмысқа кірісті. Ақмола облысының Петропавл уезіндегі межелеу партиясы 1893 жылдың соңына қарай жалпы көлемі 280 мың десятина жерді алатын 23 учаскені құрды. Бұл учаскелерді «қоныс аудару қорына» қабылдауға «Уақытша комиссия» рұқсат берді.

1893 жылы 13 маусымда бекітілген «Сібір темір жолы аудандарында қоныс аудару учаскелерін құру туралы Уақытша тәртіпке» сай жергілікті жерлерде

«Уақытша комиссиялар» құрылды. Олар қоныс аудару учаскелеріне жерді тартып алу мәселелерін шешіп, жергілікті тұрғындардың арыздары мен қарсылықтарын қарастырды. Оның құрамына дала генерал-губернаторы тағайындаған жұмыстың бас өндірушісі (төрағасы), жұмысты өндіруші – учаскелерді құру жобасын құрастырушы, орманшы, инспектор, уез басшысы кірді.

1893 жылғы «Уақытша тәртіп» 1889 жылғы «Селоның жергілікті тұрғындары мен мещандардың өз еркімен қоныс аудару туралы» ереженің кейбір баптарын нақтылай түсті. Мысалы, әрбір еркек жанға 15 десятина жер бөлінген байырғы тұрғынның мүддесі ескерілді. 1893 жылғы «Уақытша тәртіпте» былай делінген: «Учаскелерді құру үшін бұрын мемлекеттің қарамағына бөлінген, оның өкіміндегі жерлер пайдаланылады.

Әрбір еркек жанға 15 десятинадан жоғары ыңғайлы жер бөлінген болыстарда ғана осы жерлерден учаскелер құрылады». [4]

Межелеу партиясы жергілікті тұрғындардан ең шұрайлы жерлерді қоныс аудару қорына алу құқығына ие болды.

1883 жылы патша өкіметі «Батыс Сібір қоныс аудару отрядын» құрды. Ол 1893 жылы қоныс аудару учаскелеріне Семей облысынан 33 мың десятина жерді, Ақмола облысынан 280 мың десятина жерді алды. Сол кезде бұл аудандарға 12400 шаруа қоныс аударған еді.

XIX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан бастап шаруалардың жаппай Сібір мен Қазақстанға қоныс аударуы басталды. Ақмола межелеу партиясының тартып алған жерлері жаңа қоныс тебушілердің қажеттігіне жауап бере алмады. Сондықтан 1894-1895 жж. Сібір темір жолы Комитетінде «артық» жерлерді анықтап, оларды «қоныс аудару қорына» аудару мақсатында Торғай, Ақмола, Семей дала облыстарының территориясын зерттеу қажеттігі туралы мәселе тұрды. Мұндай зерттеу қажеттігі туралы мәселеге тұңғыш рет дала генерал-губернаторы көңіл аударып, кейін оның мұндай бастамасын Николай II патша құптады.

1895 жылдың бірінші жартысында жер шаруашылығы мен мемлекеттік мүлік министрлігінің және Дала генерал-губернаторлығының өткізген кеңесінде қазақ даласында артық жерлерді анықтау әдістері қарастырылды.

Осы жылдың жазында Сібір мен Дала генерал-губернаторлығына жер шаруашылығы мен мемлекеттік мүлік министрі А.Ермолов және осы министрліктің департамент директоры И.Тихеев арнайы сапармен шықты.

Өз есептерінде олар дала облыстарын табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық тұрғыдан зерттеуді қолдады.

Ақырында, Ақмола және Семей облыстарын және Торғай облысының екі солтүстік уездері – Ақтөбе мен Қостанайды зерттеу туралы шешім қабылданды. Статист Ф.Щербинаның басшылығымен 1896 жылы басталған экспедицияның жұмысы 1902 жылға шейін созылды. Ол Ақмола, Семей, Торғай облыстарының барлық 12 уезінде табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық зерттеулерді жүргізді.

Патша өкіметі өзінің белсенді отарлау саясатын Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияда да жүргізді. 1903 жылы 10 маусымда жергілікті тұрғындардан суару жүйесі мен су көздерін қоса «артық» жерлерді тартып алу жөнінде «Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстарының қазына жеріне өз еркімен қоныс аудару туралы» тәртібі бекітілді. 1904 жылы 6 маусымда ол «село тұрғындары мен егіншілердің өз еркімен қоныс аудару туралы Уақытша тәртіпті» шығарды. Бұл тәртіп бойынша жергілікті билік орындары шаруаларға қоныс аударуға рұқсат беру құқығына ие болып, қоныс аударушылар үшін бірқатар жеңілдіктерді енгізді:темір жолы арқылы көшу тарифы төмендетілді, салықтан 5 жылға босатылып, 18 жасқа толғандарды әскери борышын өтеуден 3 жылға босатып, көшу мен шаруашылық қажеттеріне ақшалай көмек беріп, тегін ағаш материалдары берілді.

Бұдан бір жыл бұрын 1903 жылы 25 маусымда «Сібір мен Дала генерал-губернаторлығына қоныс аударғандар үшін үкімет тарапынан көмек ақының тәртібі» бекітілді. Бұл тәртіп бойынша қоныс аударушылар отбасына жолына 50 сом және шаруашылығын құру үшін 100 сомды 5 жыл мерзімге берді.

1904-1905 жж. патша өкіметі Қазақстан территориясын төрт қоныс аудару аудандарына бөлді: Торғай-Орал, Ақмола, Семей және Сырдария. Бұл аудандарда құрылған қоныс аудару басқармасына «артық» жерлерді анықтап, «қоныс аудару қорын» құру міндеттелді. «Уақытша тәртіпте» және 1909 жылы 9 маусымда министрлер кабинеті қолдаған «Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарында қоныс аударушылар мен басқа да мемлекеттік қажеттіктер үшін мемлекеттік жер қорын анықтау тәртібінде» былай делінді:

«шаруашылық қажеттіктеріне немесе уақытша тұруға арналған қырғыздардың құрылысы оларды тартып алуға кедергі бола алмайды».

Патша өкіметі қоныс аудару басқармаларына жергілікті тұрғындардың жерлерін тартып алу құқығын беріп, оларды шөлді немесе жартылай шөлді аудандарға көшірді. Патша шенеуніктері бұл құқықты кең пайдаланды.

Сырдария қоныс аудару ауданының меңгерушісі Понятовский жергілікті қоныс аудару басқармасына берген нұсқауында былай деп жазды:

«Мемлекеттің мүддесі үшін көшпенділердің қолдануына жер шаруашылығына жарамсыз жерлерді қалдыру қажет».

Шетті отарлау саясатына белсене қатысқан патша шенеуніктерінің бірі Пыльца Түркістан генерал-губернаторы Гродековқа «Түркістандағы бос жатқан жерлерді емес, керісінше, тұрғындар алып отырған жерлерді иемдену қажет. Жер шаруашылығына жарамды жерлердің аздығынан, көшпелі тұрғындар алып отырған жерлерді олардан күш қолдану арқылы тартып алу қажет». [5]

Қазақстан және Орта Азияны отарлау мәселесі Сібір темір жолы салынып болғаннан кейін де патша өкіметі мен жергілікті отарлау органдарының басты мәселесі болып қалды.

1. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в. (1867-1907 гг.). – Алма-Ата,1963. – С.95.
2. ҚР ОММ 369 ҚР ОММ. 25-қ., 1-т., 6945-іс
3. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг.- Алма-Ата, 1965. – С.233-235.
4. ҚР ОММ 369 ҚР ОММ. 25-қ., 1-т.
5. ҚР ОММ. 369-қ., 1-т., 115-іс
6. ҚР ОММ. 324қ., 1-т., 246-іс

* * *

В этой статье автор ссылаясь на материалы для изучения переселенческого вопроса, которые содержатся в архивных материалах - годовых отчетах местной администрации-губернаторов и генерал-губернаторов, отчетах податных инспекторов и ревизий особых чиновников переселенческого управления, известных отечественных историков Казахстана раскрывает причины переселения крестьян из европейской России в Казахстан и их уровень жизни пореформенный период.

* * *

In this article author citing on material for study the transmigration questions, which contains at annual reports of the local administration – the gouernors and general – governors, reports of the submit surveyors and auditing official persons of transmigration management reueais the reasons of the peasant transmigration from european Russia in Kazakhstan and their level of living after uniform period.

А. Ж. Бакижанова

ТЕРРИТОРИЯ ЗАСЕЛЕНИЯ КАЗАХОВ ВНУТРЕННЕЙ ОРДЫ

Читая в той или иной литературе, об образований Внутренней Киргизской орде, мы всегда задаем вопрос какие именно земли входили во Внутреннюю Орду, каково было социальное положение?

Ответ на вопрос хочется раскрыть на основе архивных материалов.

По оценкам чиновников колониальных властей, которые мы можем проследить из архивных материалов, территория между Волгой и Уралом получила цену только потому, что здесь завели свое скотоводческое хозяйство казахи. Как свидетельствуют источники, в первые годы своего заселения казахские кочевья располагались на небольших участках этой обширной территории, пустовавших в течение 30 лет.

Из материалов архива известно, что Внутренняя орда на правах уезда относилась к Астраханской губернии. Известно, что казахское население губернии занималось земледелием, хотя этот вид хозяйства никогда не был в числе важнейших занятий. Отметим, что земледелие зависело от введения частной собственности на землю. От этого также зависела и степень развития остальных отраслей сельского хозяйства и промыслов. Относительно этого вопроса данные статистического комитета свидетельствуют о том, что 63,4% надельной земли принадлежало инородцам, то есть казахам и калмыкам. [1, с. 102].

Материалы, собранные членами Петровского общества, свидетельствуют о том, что постепенно, по мере размножения скота казахи по потребности кочевого способа ведения хозяйства стали расширять площади пастбищ, думая, что беспрепятственно будут пользоваться местами, никому, кроме них казалось бы, не-

нужными.

Среди дел Канцелярии астраханского гражданского губернатора имеются сведения о том, что калмыки до своего побега в 1771 г. кочевали по берегам рек Узень, Чижи, между Уралом и Волгой. Отметим, что казахи Букеевской орды, опираясь на Указ русского императора Павла 1 от 11 марта 1801 года, считали места кочевок своими, имея на них законное основание. Данная точка зрения кочевников подтверждалась следующими строками, извлеченными из архивных документов: « ... позволю кочевать там, где пожелают ... » [2, Л. 7]. После смерти императора Павла I для букеевцев наступает земельный кризис, о чем также свидетельствуют архивные документы: « ... Его преемники не стали считать своей обязанностью соблюдать высочайшее повеление усопшего правителя о позволении султану Букею и народу киргизскому кочевать навсегда между Волгой и Уралом и зимовать где удобнее отыщется». Царские чиновники разных рангов всячески препятствовали букеевцам полностью занять отведенные им участки, утверждая: « ... Заводить селения лишь тогда можно, когда они привыкнут и обрусеют. Польза, ожидаемая от них такая, что когда они с таким великим числом скота останутся, какой при нас был прежде, то оной будет в России, и им не будут пользоваться хивинцы, бухарцы, как до сего делалось; народ же сей, когда обрусеет, то останется на таком точно основании, как и другой в Астраханской губернии азиатский народ» [3, Л. 15]

Так же известно из источников что самый короткий но и самый полный очерк земель Внутренней Орды членом Географического Общества В Ханыковым. Он разделяет территорию Внутренней Орды на 5 участов.

Первый или так называемый Северо – Восточный, территория нижней части рек Узеней и Камыш – Самарскими озерами. Участок этот как раз таки в споре между Уральскими казаками и ордынцами. Территория между Узенями характеризуется как песчанно – глиняная, солоноватая, частью проросшая камышом и полынью. Только в низменностях прилегающая к Узеням изобильны сенокосом, в близь форпоста Таловского на левой стороне малого Узеня по обеим сторонам большого Узеня при урочищах Пороги. На некоторых низменностях есть чернозем для хлебопашества. Вода добывалась из вырытых не глубже 3 аршин колодца.

Второй или Северо – Западный простиравшая между низовьями Малого Узеня и Рын – Песками и озерами: Ельтонским и Баскунчакским, состоявший почти весь из солонца и соляных грязей, замечательнейшим из первых Арал – Сор, а из последних Хаки между западной окраиной Рын – Песков и Баскунчакским озером.

Третьй центральный участок - Рын – Пески, идущие от Восточной окрайны Хаков почти до Камыш – Самарских озер, территория была песчаная, длина песчаных барханов составляла от 2 до 5 –ти квадратных верст. Единственным достоянием являлась пресная вода добываемая на глубине от 1 до 3 фунтов.

Четвертый участок от Рын – Песков вниз до Каспийского моря, он состоит из бугристых песков и твердых солончаков. Вода здесь уже была соленная.

Пятый участок расположен между Рын – Песками и Каспийским морем, в доль кочевья кундровских татар, которая составляет самую холмистую часть Внутренней Орды, где есть довольно значительные возвышенности малая Богдо и Чапчачи. [4 , Л. 80-80 об]

В свою очередь, на эту территорию стали претендовать калмыки, кундурские татары, туркмены, уральские казаки, а также русские помещики Юсупов и Безбородко, что отмечается в конце 60-х гг. XIX в. Часть летних и зимних кочевок между Уралом и Волгой была занята калмыками, и приход сюда казахов Малой орды неизменно сопровождался столкновениями. Вообще, архивные документы убеждают нас в том, что образование Внутренней орды, по существу, явилось результатом политики царского правительства и, в частности, барона Игельстрома, который готовился к этому событию в течение многих лет. Обнаруженные документы также отмечали и то, что феодально-аристократическая верхушка Малой орды враждебно встретила образование Орды, так как переход части казахов за русские кордоны означал всевозможный упадок их влияния в Малой орде и соответственно упадок прибылей от всевозможных доходов [5, Л. 3].

Как известно, наряду с этим переход казахов на внутреннюю сторону был затруднен, они имели право пройти на эту территорию только за известную плату. Так, в 1819 г., когда казахи пришли из Нарын-Песков на берега Каспийского моря к обычным своим зимовкам, то обнаружили, что все приморские бугры, где они хотели расположиться на зиму, приказчики князя Юсупова обставили маяками, что служило преградой для казахов, и такие случаи были не

единичными.

Например, 15 декабря 1803 г. султан Букей донес командиру Астраханского кордона И.И. Завалишину о нападении и захвате впадений казахов туркменским ханом Пирали в союзе со старшиной Уральского казачьего войска. Вместо оказания поддержки сам же И.И. Завалишин обратился с письмом к министру внутренних дел В.П. Кочубею о необходимости ограничить пропуск казахов в степи между Уралом и Волгой.

Как известно, ведение скотоводческого хозяйства не совмещалось с привязанностью к определенному месту, это мы наблюдаем, разбирая фонд астраханского статистического комитета. Круглый год букеевцы кочевали в поисках хорошего травостоя и водопоя, а зимой занимали берега Камыш-Самарских озер и побережье Каспийского моря. Несмотря на все трудности, стоявшие перед степняками, скотоводство было главным занятием, о котором в архивном документе содержится: « ... от степени развития или упадка скотоводства зависит благосостояние каждого киргиза ... » [6, Л. 58].)

Перебирая фонд астраханского архива, мы все больше убеждаемся в том, что казахи-букеевцы были согнаны на такие участки, где преобладали солонцевато-глинистые земли, произрастала низкая и редкая полынь, наблюдался недостаток и редкость воды. Эти неудобства заставляли казахов кочевать на дальние расстояния в поисках пастбищ и водопоев и укрытия в зимнее время для себя и скота. Топкие солонцы, простирающиеся в Нарын-песках, некоторые из них, например Катбас, длиной до 60, шириной до 20, стали пастбищем для скота. Крупный рогатый скот и лошади во время буранов и сильных ветров в поисках укрытия попадали в топки и гибли. К примеру, один из крупных скотоводов в 1814 г. потерял 500 кобылиц с жеребятами. Пресные озера, образовавшиеся во время таяния снегов, а также небольшие речки летом пересыхали. Кроме того, вода между морями Каспийским и Аральским была горько-соленой. В источниках отмечаются соленость трав и снега.

Из имеющихся архивных материалов известно, что «места, лежащие между рек Большого и Малого Узеня, изобилуют паствами, но главнее всего нужны киргизам по причине прибрежных водопоев, в коих осенью и зимою от вымерзания в худоках воды, когда еще нет снега, нуждается совершенно, особенно около Камыш-Самарских озер, где зимуют ежегодно около 3000 кибиток со скотом». Рассматривая этот источник мы видим, что зимнее пребывание в указанных местах сохраняло скотоводство, но и здесь неизвестно, почему Уральское казачье войско свободно их не допускало. Мы здесь можем только предположить, что Уральское казачество было кровно заинтересовано в вытеснении коренного казахского населения с мест их традиционных кочевок. Однако, как известно, р. Большой Узень по пожеланию казахов считался настоящей границей их кочевок от р. Узеня до горы Богдо.

Перекочевки с места на место совершались привычными методами, но в случае угрожающей опасности в виде отсутствия корма, водопоя и эпидемии кочевники быстро покидали места пребывания.

В земледелии преобладала примитивная первобытная залежная система хозяйства. Земледелие не имело существенного значения в системе общественной экономики. Уровень развития производительных сил, в частности средств производства, оставался низким, это мы наблюдаем в составленных отчетных ведомостях статистов Астраханского края. Им занимались главным образом казахская беднота - жатак, получившая в то время название егеншu, о чем отмечается на страницах «Астраханского листка». Также разбирая ряд периодических изданий, мы наблюдаем, что в XIX в. земледелием преимущественно занимались казахи, лишившиеся своего стада либо во время джута, либо во время междоусобной феодальной барымты, но уже с 20-х гг. XIX в. к земледелию стали переходить и зажиточные крестьяне, жившие близ пограничных русских селений. Казахи Таловской, Торгунской И Калмыцкой частей Букеевской орды, соприкасаясь с русскими земледельцами, перенимали у них культуру земледелия: сеяли пшеницу, рожь, ячмень и просо, что отражается в отчете председателя Временного Совета: « ... в 1910 г. посеяно разного рода хлебов всего 51 210 пуд., собрано 92 379 пуд ... » [7, Л. 58]. Судя по их оценкам, этот результат посева был неутешительным, что прежде всего объяснялось экологической обстановкой региона.

Самой развитой в крае отраслью сельского хозяйства по-прежнему оставалось скотоводство, которое являлось преобладающим видом занятий и носило экстенсивный характер. Об этом свидетельствуют сведения «Памятной книжки Астраханской губернии»: «несмотря на суровые зимы, скот держали под открытым небом. Сено заготовляли немного, а только для молодняка. Глубокий снег или ледяная корка на

пастбищах приводили к массовой гибели скота» [8, с. 14].

В ходе изучения архивных материалов стало известно, что некоторые русские исследователи казахской степи считали казахов «ленивыми и беспечными» из-за потери в разное время скота, а частые смены места обитания, по их мнению, не требовали разнообразия в занятиях, и причину народного недовольства видели, прежде всего, в неграмотности населения, однако мнение русского исследователя А. Евреинова в некоторых случаях отличается: « ... утверждение о том, что казахи способны только пасти скот, не соответствует действительности, так как они могут успешно заниматься и земледелием, и торговлей, как и русские и татары ... посмотрите, как киргизы проворны и усердны в случае нужды, переимчивы и умны ... » [9, с. 5].

Ощущая всю тягость кочевого образа жизни, казахи решили перейти к оседлости. Хан Букей и хан Джангир положили начало этому процессу, расширив производительную силу, торговлю, культуру и просвещение, способ освоения земледелия. Процесс прикрепления казахов к земле начался в 1801 г. с письменного обращения хана Букея к Астраханскому военному губернатору с просьбой « ... заводить, где удобнее сведется, в лесных местах селения на зимнее прибежище ... » [3, л. 5-7]. Султан просит также «о возведении ему деревянного дома на казенный счет для его собственного пребывания на берегу Каспийского моря», отмечается в источниках, обнаруженных в ходе долгого изучения.

Исследователь А.Н. Харузин пишет: « ... в конце XVIII - в нач. XIX вв. киргизы представляли еще совершенно кочевое население, причем переход к зимовкам начался, прежде всего, у западных киргиз, в частности среди тех, которые вместе с ханом Букеем перешли в пределы Европейской России» [10, с. 192].

Поголовье овец в крае к концу XIX в. составляло чуть более 3 млн голов, то есть на сто жителей губернии приходилось приблизительно 305 голов. Казахи разводили грубошерстную породу овец. Этот вид овец имел большой спрос на русских рынках. Частные землевладельцы и арендаторы разводили почти исключительно тонкошерстную породу овец, а крестьяне и кочевники - грубошерстную. Существенное развитие во второй половине XIX в. получили коневодство и верблюдоводство.

31 декабря 1803 г. в своем письме министру иностранных дел инспектор Астраханского кордона и.и. Завалишин делится своим мнением о пользе от хозяйственной деятельности казахов: « ... пребывание Букеевых подвластных может со временем через умножение скотоводства произвести изобилие в первом жилищном припасе, сообщение их русскими поселениями, наконец, своей оседлости ... » [11].

В целом материалы архивов и учреждений дают разнообразные сведения о хозяйстве населения Букеевской орды, имущественной и социальной дифференциации среди казахского населения, их взаимоотношениях с русскими и другими народами, проживающими вблизи Астраханской губернии.

1. Статистический обзор Астраханской губернии за 1869г. Астрахань, 1898. - 120 с.;
2. ГААО Ф.1. Оп.3. Т.2. Д. 142. Л.9.
3. ГААО Ф.1. Оп.2. Д. 310. Л 111.
4. ГАОрО Ф.6. Оп.10. Д. 7738 ж (секретно)
5. ГААО Ф.1. Оп.1. Т.1. Д. 861. Л 95.
6. ГААО Ф.32. Оп.1. Д. 778. Л 8.
7. ГААО Ф.32. Оп.1. Д. 776. Л 512.
8. Памятная книжка Астраханской губернии на 1885. Астрахань, 1886. - 115 с.
9. Еврейнов А. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда // Современник. 1851. №10. С.58.
10. Харузин А. Степные очерки (Киргизская орда).// Странички из записной книжки. Москва. 1888.- 192 с.
11. Завалишин И. Описание Западной Сибири. Сибирьско – киргизская степь. Москва, 1867. – 141 с.

* * *

Бөкей Ордасының қай жерде мекендегені және ол жерлерге кімдер таласты, қазақтарға ол жерлердің қаншалықты маңызды екендігі жазылған.

Белгілі Ресей зерттеушілері қандай пікірде болғандығы туралы мәліметтер берілген. Бұл жұмыста Ресей Федерациясының Орынбор қаласының мұрағатынан өте қажетті және құпия документтерінен Бөкей Орда жеріне қатысты материалдар жарияланды.

* * *

This article describes the territory settled by Kazakhs Bukeyev Horde an important significance of Uese lands for Kazakhs and opinions of Russian researchers about Uese problems. There were used interesting historical resorts from Orenburg arhiches about history of Kazakhs of Bukeyev Horde.

XIX Ғ. 60 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЕНГІЗІЛУ СЕБЕБІ, ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ

XIX ғасырдың 60 жылдары патша үкіметінің қазақтарды саяси билігінен айырып, толықтай Ресей отарына айналдыру кезеңінің басталған тұсы. Қазақ жерін империяның толыққанды отарына айналдыру үшін өлкені басқару жөніндегі әкімшілік қайта құрулар жүргізу Ресей империясы үшін кезек күттірмейтін мәселелердің бірі еді.

XIX ғасырдың 60 жылдарының орта тұсында Ресей әскері Жетісу, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстаннан Қоқан хандығын біржола ығыстырып тастап, бұл өлкені өзінің әкімшілдік басқару жүйесіне енгізу шараларына кірісіп кетті.

1865 жылы патша үкімімен қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне ерекше Дала комиссиясы шығарылып, ол екі жыл өткен соң бұл өлкені басқаруға қатысты өз ұйғарымын шығарды.

1867 жылы наурызда император II Александрдың үкімімен Ресейдің Орта Азиялық иелігінде басқару жүйесін құруға қатысты ұсыныстар мақсатында соғыс министрі Д.А.Милютиннің басшылығымен Ерекше комитет құрылды. Оның құрамында Орынбор генерал-губернаторы Крыжановский, Бас штаб бастығы генерал-адъютант граф Гейден, Азия департаментінің директоры Стремоухов, Ішкі істер министрлігінің жалпы істер департаментінің директоры Мансуров, генерал-майор Черняев, Дала комиссиясының мүшелері Грис, Гутковский, Гейнс, Проценко сияқты шенеуніктер бар еді. Комитет келіп түскен ұсыныстарды сараптап, өлкенің сол тұстағы саяси, әскери, шаруашылық және әкімшілік жағдайын талдай отырып, мынадай шешім шығарды:

- Түркістан облысын Орынбор генерал-губернаторлығынан бөлуді кейінге қалдырмастан іске асыру;

- Батыс Сібір генерал-губернаторлығынан Семей облысының бөлігін, яғни Тарбағатай жотасының оң жақ бетін алып, оны әкімшілік тұрғыдан Түркістан облысына қосу;

- Комитет белгілеген жаңа тұжырымдарды ескере отырып, жаңа шекаралық өлкенің әкімшілік басқару жобасын жасау;

- Жаңа өлкеге әскери-округтық жүйелердің жалпысына бірдей дербес әскери ұйымдық сипат беру. /1/

1867 жылы 11 сәуірде Ерекше Комитет ұсынған баяндаманы патша бекітіп, едігі уақытта Дала комиссиясына жаңа өлкенің әкімшілдік басқару жобасын даярлауды, ал Бас штабқа жаңа әскери округ жөнінде ереженің жобасын жазуды тапсырды.

Министрлер Комитеті жаңа басқару ережесін даярлаушыларға мынадай екі талапты негізге алуды тапсырды: «...әкімшілік және әскери биліктің тұтастығын, олардың бір қолды шоғырлануын, саяси сипаты жоқ барлық ішкі істерді сол халықтың өз ортасынан сайланғандарға жергілікті құқық пен дәстүрге сай жүргізе беру».

1867 жылы 11 шілдеде патша II Александр империя құрамында Түркістан генерал-губернаторлығын құру жөнінде жарлыққа қол қояды. Осымен бір мезгілде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару ережесінің жобасы» бекітіледі.

Түркістан генерал-губернаторлығы екі облыстан тұрды: Орталығы Ташкент қаласы болған Сырдария облысынан және орталығы Верный қаласы болған Жетісу облысынан.

Жетісу облысының оңтүстік-шығыс шекарасы Қытай мемлекетінің Шығыс Түркістан өлкесімен, оңтүстік-батыста Ферғана облысымен, батысында Сырдария облысының Әулие-Ата және Семей облысының Қарқаралы уездерімен, солтүстік-батыста Семей облысының құрғақтағы шекарасы және Балқаш көліне дейінгі аралықты қамтыды.

«Ереже жобасы» бойынша губерниялық басқару «әскери-халықтық» деп аталды да, оны басқару генерал-губернаторға жүктелді. Ал генерал-губернаторды тағайындау немесе босату тек патшаның шешімі арқылы ғана жүзеге асты. /2/

Облыста басқару ісі әскери губернатор мен облыстық басқармаға тиесілі болды. Әскери губернаторға облыстағы әскери және әскери-халықтық басқару жүктелді, ол сондай-ақ Жетісуда орналасқан казак әскерін оның сайланған атаманы есебінде басқарды. Облыстық басқармаға губерниялық басқару міндеті жүктелді, ол губернаторлық кеңес қызметін, қазыналық палата, мемлекеттік мүлікті басқару және басқа губерниялық әкімшілік және сол мекемелер қызметін жүргізді. Облыстық басқарма 1867

жылғы уақытша ереже бойынша үш бөлімнен (шаруашылық, қаржы, сот) тұрды. Кейінірек оларға құрылыс (1877 ж.) және межелік (1880 ж.) бөлімдер қосылды. Бұл бес бөлімнің соңғысы ғана жергілікті жиыннан, ал алдыңғы төртеуі мемлекеттік бюджт есебінен қаржыландырылды.

Бұлардан басқа облыстық басқарма жанында облыстағы ормандардың күтімі мен олардан құрылыс материалдарын даярлау мүмкіндігін жобалайтын облыстық орманшы қызметі (1870 ж., Түркістан генерал-губернаторлығы белгілеген) болды.

Облыстық басқарма өз қызметінде губерниялық басқарманың жеке бөлімдері үшін белгіленген талаптарды басшылыққа ала отырып, оларды мүмкін болғанша жергілікті жағдайларға бейімдеп қолдануға тиіс болды. Ал бұл ретте соңғы шешімді әскери губернатор қабылдады. Еуропалық Ресей губернаторлығына тиесілі жалпы құқықтардан басқа Жетісу губернаторына облыстық басқарма қабылдаған шешімдердің тек өзі келісетіндерін ғана іске асыруға жол беріп, ал келіспейтіндеріне өзі қалағандай шешім қабылдап, ол жөнінде генерал-губернаторға жеткізіп отыруға тиіс болды, ал генрал-губернатор болса соңғы шешімді бекітугн немесе бекітпеуге құқылы болды. Сонымен бірге әскери губернаторларға облыстық басқарма отырысында қаралатын істердің арасында оның алдын-ала өз шешімі болуға тиіс деген істер танысуға беріліп отырды. /3/

Сот істері қылмыстық және азаматтық сот жүргізу заңы негізінде орындалды, ал сот бөлімі өз қызмтін әлемдік соттар съезі мен қылмыстық және азаматтық соттар палатасы құқы шеңберінде атқарды. Жалпы қылмысқа жататын қылмыстық істерді ол бастапқы айыптау камерасы деңгейінде ғана қарап, ал біржола шешім қабылдауға облыстық әскер бастығы жанындағы әскери сот комиссиясына жіберіп отырды.

Қаржы бөлімін жүргізу ісі кейінірек Түркістан қазына палатасы ашылған соң соның қарауына өтті, ал облыстық басқарма міндетінде: салық төлеуге міндеттілер есебін анықтау, қазыналық палатаға облыс бойынша қазына есебіне түсуге тиіс жиын жөнінде мәліметтер беріп отыру; сауда ісін жүргізу және Верный уездік қаражат бөлімін тексеру қалдырылды. 1889 жылы Омбы қазына палатасы ашылған соң Жетісу бойынша қаржы бөлімінің қызметі соның құзырына өтті.

Оқу бөлімі Жетісу облысы Далалық генерал-губернаторлығы құрамына өткеннен кейінгі уақытта Батыс Сібір училищелері бас инспекторы, ал бұл қызмт жойылған соң Батыс Сібір оқу округінің қамқорлығына өтеді. Облыстағы төменгі буын оқу орындарын қадағалау жергілікті училищелер инспекторы үлесіне тиді. Облыстық басқарма қарауында Халық Ағарту министрлігі билігіне өтпеген, 1887 жылы қазақ ауыл шаруашылық мемкептері болып қайта құрылған қазақ интернаттары, оқушылар пәтері мен бұратаналық мектептер болды. Облыстық басқармаға бұдан басқа санаттағы мектептер мен жаңадан ұйымдастырылмақ мектептерге қаржы іздестіру ісі де жүктелді. /4/

Пошта ісі Жетісу облыстық пошта бөлімі басқармасына қарады. 1886 жылы Түркістан пошта – телеграф округі құрылғанда облыстағы пошта-телеграф мекемелері соның қарамағына көшті. Ал облыстық басқарма міндетіне пошта станцияларын көлікпен қамтамасыз ету, олардың түрлі мұқтажын өтеу жүктелді.

Бұдан басқа облыстық басарма тау-кен істерімен де айналысты, металл және басқа қазба байлықтарын іздестіру ісін жүргізуге қатысты рұқсат куәлігін берді. Облыс территориясындағы Бахты, Жаркент және Пржевальскі мекемелері арқылы сыртқы сауда қатынасын бақылау ісі жүргізілді.

Облыстағы казак әскері станицаларын басқару ісі алғашқы кезеңде облыстық басқарма құзырында болды, ал 1891 жылғы 3 маусым заңы бойынша казак әскері басқармасына өтті. Қалаларды басару ісі 1892 жылы патша бекіткен Қала Ережесіне сәйкес облыс басқармасынан алынып, жаңадан ұйымдастырылған облыстық қала істері мекемелеріне берілді.

Жетісу облыстық басқару мекемелерін құру және олардың жұмысын ұйымдастыру ісі облыстағы тұңғыш әскери губернатор қызметіне тағайындалған генерал Герасим Алексеевич Колпаковскийдің есімімен байланысты. Генерал Колпаковский 1868 жылы 17 қыркүйектегі Түркістан генерал-губернаторына жолдаған хатында облыстық басқару мекемелерін ұйымдастыру ісінің баяу жүріп жатқандығын, сондықтан да оған «сеніп тапсырылған істердің өз уақытында және сәтті атқарылмай қалу» қаупі бар екендігін айтып, бастығына шағым жасайды. Мұндай мазасыздыққа негіз бар еді. Мәселен, 1867 жылдың қазан айынан бастап келесі 1868 жылдың 19 ақпанында Облыстық басқарма ресми түрден ашылғанға дейін барлық ұйымдастыру ісінің ауыртпалығы әскери губернатор мен оның көмекшісінің үлесіне тиген болатын. Облыстық басқарма іске кірісіп

кеткенімен де, оның белгіленген штаттық құрамы біраз уақытқа дейін толық бола қоймады./5/

Облыс ашылысымен оның құзырына Семей облыстық басқармасы, Семей Әскери губернаторы кеңсесі мен Сібір казак әскери басқармасы қарауынан өткен жерлер мен әскер бөлімшелеріне қатысты құжаттар да тапсырылды. Ал 1868 жылдың 1 қаңтарында Жетісу облыстық басқармасына Қапал, Сергиополь Округтік Приказдарының, Алатау Округтік Басқармасының сот және шаруашылық іс ұжаттары өтті. Анығырақ айтқанда облыстық басқармаға сол мезгілге дейін аталған мекемелерге тән іс құжаттарымен бірге әлі де толық шешімін таппаған істер де өткен болатын.

Облыстық басқарма құрылған жылы оның штат құрамы бар болғаны 16 адамнан тұрды. Құжаттық материалдарда бұл берілген шенеуніктердің сапалық (білім деңгейі) құрамы жөнінде ештеңе айтылмаған. Дегенмен, жыл өткен сайын басқарманың жұмыс ауқымының өсуі кейінірек оның құрамында жаңа бөлімдердің ашылуына, сондай-ақ жаңа штаттық қызметтердің пайда болуына алып келді. Мысалы, 1877 жылы оның құрамында құрылыс бөлімі, ал 1880 жылы межелеу бөлімі ашылды. 1908-1909 жж. Түркістан генерал-губернаторлығында патша тапсырмасымен болып өткен тексеру кезінде Жетісу облыстық басқарма штатындағы шенеуніктердің құрамы мынадай көрсеткіштермен сипатталған: Әскери губернатор, оның жанындағы ерекше тапсырма бойынша аға шенеунік және кіші шенеунік; вице-губернатор, оның екі кеңесшісі, ерекше тапсырмалар екі шенеунік, төрт іс қағаздарын жүргізушілер, олардың төрт көмекшілері, есеп істері бойынша шенеунік, «Облыстық Ведомстволары» редакторы және типография меңгерушісі, үш аудармашы, тіркеуші, мұрағатшы, облыс инженері, облыс сәулетшісі, кіші сәулетші, хатшы және құрылыс бөлімінің екі маманы, статистикалық комитеттің хатшысы және ауыл шаруашылығы мен оброктық статья бойынша шенеунік. Барлығы 39 штаттық қызметкер.

Граф К.К.Паленнің ревизия материалдарында Облыстық басқарма шенеуніктерінің білім деңгейіне қатысты мынадай фактілер келтіріледі: вице-губернатор, яғни облыстық бақарманың төрағасы уездік училищені аяқтаған, ал қалған шенеуніктердің 8-і жоғарғы білімді, 9-орта білімді, 14- бастауыш білімді ғана, ал 5-өз бетінде хат таныған. Жоғарғы білімі барлары: Облыстық басқарманың екі кеңесшілерінің бірі, аудармашылардың бірі, кіші сәулетші, су жүйесін меңгеруші, статистикалық комитеттің хатшысы, ерекше тапсырмалар бойынша кіші шенеунік, құрылыс бөлімінің бастығы және оброктық статья бойынша шенеунік./6/

Басқармадағы 36 шенеуніктің 14-і қазақ тілімен таныс болған.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың 60-шы жылдарының соңына қарай орнаған әскери губернатор мен облыстық басқарма билік орындарының жергілікті халықтың күнделікті тіршілігі мен өміріне тереңдеп еніп, оларды түбегейлі өзгертуге қажет ешқандай да даярлықтары болған емес. Жергілікті халықтың тұрмысын, оның экономикалық және мәдени жағдайын өзгертуге байланысты оның белгілі бір мақсатты әрекеті де байқалмады. Облыстық әкімшілік құрамындағы межелеу және құрылыс бөлімдері олардың аты көрсетіп тұрғандай, негізінен қоныс аударушы еуропалықтардың жағдайы үшін ашылған бөлімдер еді. Сондықтан да бастапқы кезеңдегі Г.А.Колпаковский сияқты жеке тұлғалар қызметінің жалпы алғанда өлкеге түбегейлі өзгеріс алып келуі, әрине, екі талай нәрсе болатын.

1. Внутренное обозрение // Вестник Европы. -1869. -№10. С.86-91.

2. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. -Т.1,2. –СПб.,1906. -122с.

3. Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства //Известия Ор.Отд. ИРГО. -Вып.12. Оренбург, 1897. -59с.

4. Сулейменов Б.С. Подготовка реформы 1867-1868 годов в Казахстане // Известия Каз. Фил. АН СССР. -1946. №2.

5. Букейханов А. Киргизы //Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1895. Б.66-77.

6. Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998.

* * *

Статья посвящена проблемам проведении административных реформ царским правительством 60-х г. XIX века для полной колонизации казахских земель.

* * *

This article is about Russian imperialism to camture kazakh land during preparation of administrative reform in 60 years of XIX-th centuries.

Г. Д. Сүгірбаева

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК –ШЫҒЫС АЙМАҚТАРЫНА ҰЙҒЫР ДҮНГЕН, ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ ПРОЦЕСІ

Ресей империясының 70-жылдардың соңы және 80-жылдардың басында Қытайға Құлжа ауданының берілуіне байланысты ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы процесіне және бұл саясатты жүргізудегі патша әкімшілігінің басшылыққа қалай іске асырғанын бейнелеуге тырысып көрейік.

Құлжадан алғашқы кезекте шаруалар қашты, ал ұйғыр және дүнген феодалдары орындарында қалды. П.Галузо бұл жөнінде былай деді: "Ұйғырлардың тұрмысы жақсы, бай бөлігі қоныс аударудан қалыс қалды, ал дүнгендердің бірқатар бай отбасылары көшіп келді де, кедей, негізінен қала қолөнершілерінен тұратын бөлігі қалып қойды" [1, 275]. Шындығында да, Фридэ-Пантусов хатында берілген фактлер және көптеген архив құжаттарында [2,] баяндалған мәселелерге қарағанда Жетісуға алғашқыда кедейлер келді. Олардың соңын ала орта шаруалар қоныс аударды. Тұрмысы жақсы бай шаруалар, әсіресе дүнгендердің арасында кездесетін еді.

Патша үкіметі 1881 жылдың соңына қарай Қоныс аударушылардың негізгі бөлігін кедейлер құрайтындығын көріп қатты абыржыды.

1881 жылы қарашада Жетісудың әскери губернаторы қызметін атқарушы Н.А.Аристов Шелек елді мекеніндегі қоныс аударушылардың жағдайымен танысып, сонда қоныстанған 101 отбасы туралы Ташкенттегі генерал Колпаковскийге мынадай мәлімдеме жіберді: "Халықтың барлығы кедей және отбасы мүшелері аз. Көпшілігінің бірде бір жылқысы немесе өгізі де жоқ. Бірқатары бір ғана есекпен келген" [3]. Н.А.Аристовтың өкініш білдіріп жазған осы хатынан соң патша әкімшілігі ұйғырлар мен дүнгендердің бұдан кейінгі уақытта қоныс аударуына деген қатынасын "анықтау" басталды.

Генерал Колпаковский қоныс аударушыларды орналастыру шаралары туралы есеп-мәліметтер сұрастырды. Алдын ала берілген мәлімет бойынша Жетісуға 100 мың адам келуі тиіс еді. Г.А.Колпаковскийдің қолына тиген есепте Жетісуда мұндай көлемде қоныс аударушуыларды қабылдау және орналастыру мүмкін емес екендігі көрсетілді.

Түркістан генерал-губернаторы Сібір генерал-губернаторынан ұйғырлардың бір бөлігін сонда қоныстандыру мүмкіндігін сұрап телеграмма жіберді. Бірақ Колпаковский ұсынысын Сібір генерал-губернаторы, онымен бірге Сырдария, Ферғана облыстарының әскери губернаторлары және Зеревшан округы әкімшілігі қабыл алмады. Облысқа ағылып келе бастаған ұйғыр және дүнген шаруалары тарапынан қауіп төнді. Колпаковский, егер шаруалар жеткілікті көлемде жер ала алмаса, патша үкіметіне қастасып қалады, сондай-ақ Ресей империясы әкімшілігі Петербург келісім шартын жасау барысында басшылыққа алған орыс-қытай сауда қатынасы дамуына Құлжадан қоныс аударушылардың көптеп келуі кедергі болады деп қауіптенді. Осы кезде генерал Фридэ, мазмұны жоғарыда көрсетілген қоныс аударуға қойылатын үш шартын баяндаған құжат жіберді [4,86].

Генерал Колпаковский жоспарының негізгі мақсаты ұйғыр және дүнген қоныс аударушыларының бір қатарын, әсіресе кедей бөлігін, қоныс аударудан бас тартқызу болды. Сондықтан да, ол 1882 жылы 14 ақпанда әскери министрлікке мынадай мазмұндағы хат жолдады: "Мүмкіндігінше Іле өлкесінің тұрғындарының қоныс аударуын төмендегі себептерге байланысты тоқтату қажет:

біріншіден, - Құлжадан Жетісулықтардың жаппай қайтуы қазіргі кезде орыс отарлауы негізінде жерлерінен айырылған қырғыздарды (қазақтарды - Г.С.) толық қайыршылық күйге түсірді;

екіншіден - облысқа келген ұйғырлар мен дүнгендердің көп бөлігі мұндағы егін шаруашылығына жарамды жерлердің барлығын алып қоймақ. Бұдан кейін мұнда Ресейдің ішкі губернияларынан облысты отарлау арқылы орыстандыруға келген орыстар емес мұсылмандар көпшілік болмақ;

үшіншіден - Қытай үкіметіне ешқандай тұрғындарсыз өлкені беріп, олардың жергілікті әкімшілігі мен әскерлерін узақ уақыт бойына азық-түліксіз қондырумен біз қытайлықтардың араздығын туғызамыз. Бұл жағдай трактатта көрсетілген орыс-қытай сауда қатынастарының дамуына қауіп төндіреді" [5]. Әскери министрлік Колпаковскийдің ұсынысын толық қолдады. Министрлікпен келісе отырып, Колпаковский 1862 ж. 24 сәуірде өкілетті комиссарға "Қытай әкімшілігін Іле өлкесі тұрғындарын біздің иелігімізге қоныс аударудан ашық түрде айнытуға

болады деп оларға түсіндіру қажет” [6] деген хат жіберді.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар бірқатар ұйғыр кедейлеріне әсер етті. Ресей үкіметі тарапынан берілетін материалдық көмек алу үмітін жоғалтқан олар қоныс аударудан бас тартты. Бірақ ұйғырлардың көпшілігі алған бетінен қайтпай, көшіп келе берді. Дәулетінің басым бөлігінен айырылса да, шаруалар Жетісуға ағыла берді. Біртіндеп қоныс аударушылар-ұйғырлар мен дүнгендер, қалаларға, казак станицаларына, орыс шаруалары поселкелеріне орналаса бастады. Егер 1883 ж. олардың 2818 адамы қалаларға орналасса, 1894 ж. - 5732 адамы, 1901 ж. - 6864 адамы, яғни 1883 жылғы санға процентпен шаққанда 243,6% қалаға қоныс тепті.

Ұйғыр мен дүнгендердің Оңтүстік Қазақстанға келуі бір дүркіндік қоныс аудару қозғалысы болды. Бұдан кейінгі уақыттарда олар тек табиғи жағынан ғана өсіп отырды. 1897 жылғы халық санағы материалдарында Жетісу облысына 55999 ұйғыр және 14130 дүнген тіркелген [7,9]. XX ғасыр басында ұйғырлар мен дүнгендердің табиғи өсімі жалғасып отырды: 1904 жылы олардың саны: ұйғырлар 62449, дүнгендер - 16763; 1907 жылы ұйғырлар 63445, дүнгендер - 20032 болып, 1914 жылы ұйғырлар саны - 78729, дүнгендер 20100 адамға жетті. 30 жыл ішінде ұйғырлар мен дүнгендер 81,3 процентке өскен, оның ішінде дүнгендер 2 еседей, ал ұйғырлар 73,5 процентке өскен. Осы уақыт аралықтарында қоныс аударушылардың кейбірінің өз отандарына қайтуы немесе басқа облыстарға көшу процестері де жүріп жатты: Мысалы, 1913 жылғы облыстық шолуда ұйғырлар мен дүнгендердің жалпы саны 106033 болса, жоғарыда көрсетілген 1914 жылы олар 98829-ға дейін азайды. Құлжалықтардың Қазақстанның басқа облыстарына немесе Қытайға қайта көшуін олардың өлкемізге келгеннен кейінгі тұрмыс жағдайларының ойдағыдай қалыптаспауымен және патша үкіметінің жерге орналастыру саясатының қанағатты жүргізілмеуімен түсіндіруге болады.

XX ғасырдың басында қазақтар тұрақты мекен иемденіп тұрғын үй сала бастады. Шаруашылықтың отырықшылық мәдениеті оңтүстік өлке үшін жаңалық емес еді. Өлкеде орта ғасырларда өркендеген қалалар жеткілікті болатын. Бұған осы аймақтағы Жібек жолы тармақтарының өтуі, Сыр, Шу өзендері алқабында қала мәдениетінің дамуы және отырықшылық мәдениет басым дамыған орта-азиялық елдердің көрші орналасуы ықпал еткен болатын. Дегенмен, қарастырып отырған кезеңде қазақ халқы отырықшылық мәдениетіне баса көңіл бөле бастады. Оның бірнеше себептерін атап өтсек: біріншіден, патша үкіметінің отарлау саясаты нәтижесінде қоныстанушылар «бос жатқан жерлер» деген сылтаумен қазақтың шұрайлы жайылымдарына қоныстанды, бұл патша үкіметінің саяси қысым көрсетуі арқылы жүзеге асты. Халық тұрақты мекен-жай орнатпаса көптеген жерлерінен айрылып қалатынын түсінді. Екіншіден, мал шаруашылығын жүргізетін өріс алқабы азайды. Үшіншіден, қазақ жеріне каптиталистік қатынастардың енуі, сауданың дамуы, өнеркәсіп орындарының ашылуы - экономикалық орталықтануды талап етті. Мұрағат деректері 1914 жылдары Сырдария өлкесінде таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар қалмады деген мәлімет берді [4; 8 п.].

Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі сауданың өркен жайуына айтарлықтай ықпалын тигізді. Ресейдің сауда капиталы Қазақстанның ең шалғай аудандарына еніп, жергілікті шаруашылықтарды Ресейдің, Батыс Еуропаның рыноктарымен тығыз байланыстырды.

Патша үкіметінің қайта құруларын жүзеге асыру барысында өлкедегі сауданың дамуына үлкен көңіл бөлді. Әкімшілік-саяси шаралар отарлық сипатына қарамастан көп жағдайда жергілікті халықтың сауда байланыстарының кеңеюіне ықпал етті.

Кәсіпкерліктің өркендеуіне табиғи байлық базалық негіз болды. Қарастырылып отырған аймақта жер асты қазба байлығы саласында кәсіпкерлік бірнеше себептерге байланысты өте нашар қарқынмен жүрді. Бүкілресейлік бірінші халық санағында оңтүстік өлкеде минералды қазбадан басқа тау-кен байлықтары айтарлықтай орын алмағандығы тіркелген [5; 16 б.].

Сондықтан, кәсіпкерлердің басым бөлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру және өңдеу бағытында қызмет етті. Бұл оңтүстіктің климаттық ерекшелігінің осы саланы жандандыруға қолайлылығымен түсіндіріледі.

Ә. Бөкейханов қазақ даласының шаруашылыққа қоятын талабының өте жоғары екендігін айта келіп, оған қарсы шығуға адамның күші шектеулі болғандықтан, табиғатқа ынғайлану керектігін жазды [4].

Сондықтан да, қарастырылып отырған аймақтағы кәсіпкерлік, табиғи ерекшеліктерге сәйкес, агроөнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру салаларында жанданды. Бір сөзбен айтқанда кәсіпкерлерге табиғи-климаттық факторлардың ерекшелігі айтарлықтай әсер етті. Аймақтың байлығы метрополия мен отарды тығыз байланыстырып, кәсіпкерліктің дамуына ынғайлы жағдай туғызды.

XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанның шикізат және еңбек ресурстары тек Ресейдің ғана емес, шетелдіктердің де үлкен қызығушылығын тудырды. Қазақстанға шетелдік капиталдың енуі, оны әлемдік капиталистік шаруашылыққа тартты. Шетелдік кәсіпкерлердің Қазақстандағы іс-әрекеті патша үкіметіне ұнай қойған жоқ. Соған сәйкес, орыс тауарларын өткізу нарығына өзге мемлекеттер кедергі келтірмес үшін және отар аймақты игеруді күшейту мақсатында патша үкіметі бірқатар тиым салу актілерін қабылдады. Мысалы, 1861 жылы рұқсат етілген, зауыт қожайындарына шетелден темір мен шойынды баж салығынсыз әкелуге 1880 жылы тиым салынды [5; 1 п.].

Елдегі кәсіпкерліктің дамуы қаржылық қолдауға мұқтаж болды. Ресейдің шет аймақтарындағы «бос жерлерді» экономикалық игеру, бай шикізат көздерін пайдалану, тауар өткізу нарықтарын кеңейту – осының барлығы банк бөлімшелері мен несиелік мекемелердің құрылуымен қатар жүрді. Осының нәтижесінде, орыс және шет ел капиталы Ресей империясының шет аймақтарына енді.

Ақша-тауар қатынастарының дамуы Қазақстанда банк-несие жүйесінің дамуын қажет етті. Соған сәйкес, акционерлік, коммерциялық банктердің бөлімшелері, несие қоғамы және қалалық қоғамдық банк, мемлекеттік банк бөлімшелері, несие кооперация және басқа да ұсақ несие бөлімшелері құрылды.

Ресей капитализмінің ең жоғарғы дәрежесі – қаржы монополистік капиталы отарларға ене

отырып, эквивалентті емес айырбас жүйесінде монополиялық бағаға ие болып, шикізат көздерін иелену арқылы өз капиталының ауқымын кеңейтті. Капиталдық қор жинау процесі жүрді. Осы аталған Ресей капитализмінің бағыттары революцияға дейінгі Қазақстанда көрініс берді. Ц. Фридманның есептеуі бойынша, Ресейдегі аса ірі банк монополиялары Қазақстанның аумағында мынадай: Сібір сауда бөлімшесі – 7; Орыс сауда-өнеркәсіп бөлімшесі – 4; Орыс-Азия бөлімшесі – 3; Сыртқы сауда үшін орыс бөлімшесі – 2; Волжск-Камск коммерциялық бөлімшесі – 2 бөлімшелерге иелік етті [6; 18 б.].

Осылайша, патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлауы, осы өлкеге банк монополиясының енуімен, қаржы банк жүйесінің құрылуымен қатар жүрді. Жаңа пайда болған сауда-өнеркәсіп орындарына несие бере отырып, банктер Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына қарқынды түрде ықпал жасады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда қатынасын күшейткен, кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен фактордың бірі – теміржол құрылысы болды. Қазақстан территориясында теміржолдардың салынуы, көлік қызметінің дамуын жеделдетті. Қазақстан әлемдік индустриялық дамуға тартыла бастады.

Теміржолдар салу арқылы, патшалық Ресей Орта Азия мен Шығысқа баратын жолын ашып, сыртқы сауданы дамытуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, өзінің шекаралық-территориялық қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Қазақ жерінде теміржол магистралының салынуы, патшалық Ресей тарапынан саяси-стратегиялық және экономикалық мән-маңызыға ие болды. Алғашқы теміржолдар қазақ жеріне және Орта Азия территориясына әскер енгізуге, осы аймақтардағы көтерілістерді басу, әскери қадағалау мен бақылауды күшейту мақсаттарында салынса, кейінірек аталған теміржолдар қазақ даласынан өндірілген шикізат өнімдерін Ресейге, ондағы тауарларды Қазақстанға жеткізу үшін, экономикалық мақсатта пайдаланыла бастады.

Теміржолдар салу ісі XX ғасырдың басында Қазақстан территориясын жылдам қарқынмен қамти бастады. 1901-1905 жылдары салынған Қазақстанды кесіп өтетін Орынбор-Ташкент теміржолы Сібір теміржолынан кейінгі екінші орындағы теміржол болып саналды. Бұл теміржол Қазақстан мен Орта Азияны отарлауға арналғандығы белгілі. Орынбор–Ташкент теміржолының оңтүстік бөлігі Түркістан өлкесінің Сырдария облысы арқылы, ал, солтүстік бөлігі Орынбор губерниясының Торғай облысы және Орал облысының Темір уезі арқылы өтті. Магистралдың жалпы ұзындығы - 2090 шақырымға тең болды. Теміржолдың орталық басқармасы Орынбор қаласында орналасты [7; 194 б.].

Қазақстанның оңтүстік өлкесі арқылы өтетін теміржолдар арқылы Ресейге ауылшаруашылығы өнімдері жеткізіліп, Мәскеу мен Петербург арзан орыстардың малдарына қарағанда дәмді етпен қамтамасыз етілді. Қазақ малдарының еті семіз де дәмді болады, сонымен қатар қойының құйрығы кез келген ағылшын тағамынан тәттірек, қазақ қойының еті мен жылқы малының қымызы көптеген ауруларға емдік қасиеті бар, олар тіпті басқа ұлттар ауыратын аурумен ауырмайды деп жазды сол замандағы баспа беттерінде [8; 33 б.].

Осылайша қазақ малының өнімдері Ресейге тасыла бастады. Мысалы: 1901-1904; 1907-1910; 1911; 1912 жылдар арасында Сібір және Ташкент теміржолдары арқылы Ресейге тасылған мал басы келесі диаграммада көрсетілген [9; 10].

Диаграммадан көріп отырғандай 1904–1905 жылдары Орынбор–Ташкент теміржолымен мал және оның өнімдері тасылған жоқ. Бұл осы уақытта Орынбор–Ташкент бағытындағы темір жолдың енді салынғанына байланысты болатын. Сібір теміржолы арқылы: 1901-1904 жж. (орташа бір жылдық есеппен) – 1 672 000 бас, 1907-1910 жж. – 1 995 500 бас, 1911 жылы – 2 562 000 бас, 1912 жылы – 2 529 000 бас мал Ресейге әкетілді. Ал, Орынбор–Ташкент теміржол бағыты арқылы 1907-1910 жж. – 466 750 бас, 1911 жылы – 1 119 000, 1912 жылы – 545 000 бас мал тасылды [9; 10]. Яғни, Қазақстанның оңтүстік өлкесінде теміржол торабын жүргізу арқылы Ресей империясы арзан мал шикізат өнімдерімен қамтамасыз етілді.



Ескерту: Васильев В.А. Проект орошения долины реки Чу в Семиреченской области.- Петроград, 1915 г. материалдары бойынша

Сурет 1 - Қазақстанның оңтүстік аймағынан темір жол арқылы сыртқа шығарылған мал басы

Қазақстанның оңтүстік өлкесіне банк, несие жүйесінің енуі және теміржол тораптарының тартылуы қазақ жерінің байлығын Ресейге тасылу деңгейін күшейтті. Нәтижесінде еліміздің оңтүстік өлкесінің империяға және көрші облыстарға шығаратын тауар көлемі арта түсті. Олар негізінен мақта, өсімдік майы, тері мен жүн, жеміс–жидек т.б. әртүрлі тауарлар болатын. Мысалы: 1910 жылдары Түркістан өлкесінен экспортқа шығарылған тауарлар көлемі келесі диаграммада берілген [10; 22-23 бб.].

Қосымшада көрсетілгендей Түркістан аймағында экспорттың басым бөлігін мақта иеленген. Сонымен қатар, қаракөл терісі (қаракөл қойының жаңа туған қозысының терісі) және қойдың жүні мен терісі де сыртқа шығарылған Мысалы: 1850 жылы бір дана қаракөл терісі — 1 р. 20 к. тұрған болса; 1912 жылы оның бағасы - 6 рубльге жетті. Ал, басқа мал терісі осы жылдар аралығында 20 копейкадан - 40-60 копейкаға өсті. Сонымен қатар өлкедегі Сырдария өзені күріш дақылын өсіріп сыртқа шығаруға мүмкіндік берді.

Оңтүстік өлке қарастырып отырған кезеңде Қазақстанның өзге жерлеріне қарағанда сауда-экономикалық қатынастардың жоғары дамуымен ерекшеленеді. Оған аймақтағы қала мәдениетінің дамуы, Ұлы жібек жолы тәрізді сауда жолдарының көптеген тармақтарының осы аймақты қамтуы, халықтың тығыз орналасуы тәрізді бірнеше себеп-салдарларға байланысты болды.



Ескерту: Экономический обзор Туркестанского района. - Ашхабад: Электропечатня, 1913 г.бойынша құрастырылды

Сурет 2 - 1912 жылы Түркістан аймағынан экспортқа шығарылған өнімдер

өнімдердің басым бөлігін қамтыды. Түркістан даласында малшаруашылығымен айналысқандардың басым бөлігін қазақтар құрады. Мал өнімдерін сыртқы саудаға шығарған жергілікті халық айтарлықтай пайда тапты. Бұл мал өнімдерінің бағасының өсуінен байқалды.

Ресей империясының отарлау әрекеттері негізінде Қазақстанның оңтүстігі жаңа экономикалық аймаққа айналды. Алғашқыда әскери-стратегиялық мақсатта салынған темір жолдар, біртін келе қазақ жерінің табиғи байлығын Ресейге таситын және ол жақтан

өнеркәсіп өнімдерін елімізге жеткізетін маңызды жол торабына айналды.

Орыс капиталистері жаңа аумақты игеру мақсатында көптеген қаржы операцияларын жүргізді. Қазақ жеріне банктік несие жүйесінің енуі кәсіпкерлерді ақшамен қамтамасыз етіп, кәсіпкерліктің жандануына ықпал етті. Сонымен, қазақ жерінде несие жүйесінің дамуы және тауар тасымалын қамтамасыз еткен теміржол тораптарының салынуы Қазақстанды әлемдік рынокқа тартып, кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына негіз болды.

1. Материалы по истории политического строя Казахстана. – Т.I. Масаевич М.Г. Алма-Ата: «Издательство академии наук Казахской ССР», 1960. – 440 с.

2. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. −Алма-Ата: «Издательство Академии наук Казахской ССР», 1960. – 293 с.

3. Тоғжанов Г. Казахский колониальный аул. – Москва: Издание научно-иследовательской ассоциации по изучению национальных и колониальных проблем, 1934г. – 320 с.

4. ҚР ОММ, 44-қ., 1-т., 22297-іс, 3-4 пп.

5. Первая всеобщая перепись населения Российской империи. 1897 г. – Т. 86. – СПб., 1905. – 200 с.

6. Бөкейханов Ә. // Қазақ., −1913. − №16. – 12 б.

7. ӨР ОММ, И-17-69-қ., 1-т., 536-іс, 52

8. Фридман Ц.Л. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане (1900-1914 г.г.) –Алма-Ата, 1974. – 210 с.

9. Асылбеков М.Х. Развитие сети железных дорог Казахстана в XIX -XX века // Казахстан в канун Октября. – Алма-Ата, 1968. −С. 194-204.

10. Туркестанский сборник. − 1869 г. −Т. 25. −СПб., 1870. −С. 33.

11. Васильев В.А. Проект орошения долины реки Чу в Семиреченской области. Гт (Введение к проекту Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины). - Петроград, 1915. –460 с

12. Материалы для изучения хлопководства. Главное Управление Землеустройства и Земледелия. Сост. Член комитета. А.Ф.Губаревич-Радобыльский., под ред. Секретаря комитета Н.И. Салоховского. СПб: тип. «В.О.Киршбаума», 1912. - 23 с.

* * *

В статье рассматриваются проблемы экономического положения Туркестанского генерал-губернаторства в период 1861-1914 годов.

* * *

The given article describes the economic condition of Turkistan general – governorship in 1861-1914.

Б. Х. Валиева

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЕВРЕЙСКОЙ ДИАСПОРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Республика Казахстан - многонациональное государство, в котором в мире и согласии проживают представители более ста национальностей. Полиэтничность населения, уходящая корнями вглубь многовековой истории, в сочетании с современной политикой национальной толерантности, создает благоприятные условия для роста самосознания и духовного возрождения всех национальных групп, проживающих в республике. Одной из ярких диаспор в Казахстане является еврейская диаспора.

Первыми евреями на территории Казахстана были так называемые николаевские солдаты и их потомки, которые поселились в городе Верный (сейчас Алматы) после предоставления крепости статуса города в 1867г. К концу 1870-х гг. сложилась еврейская община города. В мае 1884г. была открыта синагога, находившаяся в маленьком деревянном здании. В 1897г. в Верном проживали 99 евреев, в уезде вместе с городом — 177. В 1908г. в Верном было зарегистрировано еврейское молитвенное общество [1]. В 1910г. в Верном было 206 евреев, в Актюбинске — 35, в Акмолинске (ныне Астана) — 154. На территории Казахстана оседали только те евреи, которые имели право жительства за пределами черты оседлости. Среди евреев, проживавших на территории Казахстана в начале 20 века, было много врачей: А. Рязанский, создавший в Верном больницу Красного Креста, М. Розенблюм и другие; фармацевты, владельцы промышленных и ремесленных предприятий: Гирш Гамбург (завод по производству безалкогольных напитков), М. Л. Бленд (большая мебельная мастерская) и другие [2].

В 1920–30-х гг. еврейское население увеличивалось как за счет молодежи, приезжавшей из местечек черты оседлости на стройки пятилеток, так и благодаря большому числу политических ссыльных, отправленных в Казахстан. В 1926г. в Казахстане проживали 3600 евреев, в 1939г. — 19 200 [3]. В Алма-Ате жил накануне последнего ареста М. Гоц, в 1928–29 гг. находился в ссылке Л. Троцкий. В Актюбинске в ссылке жил член ЦК Бунда М. Губин (1886–1937), аресто-

ванный и расстрелянный в ноябре 1937г. В Алма-Ате был расстрелян М. Либер [4].

В 1941–45 гг. многие евреи были эвакуированы в Казахстан, в первую очередь в Алма-Ату. Среди них были известные кинорежиссеры, операторы, работавшие в Центральной объединенной киностудии: Г. Рошаль, С. Эйзенштейн, Ю. Райзман (1903–91); в Алма-Атинской студии кинохроники: Д. Вертов. Евреи, приехавшие из западных регионов страны, жили и работали в Казахстане и в послевоенные годы. Многие из них сыграли выдающуюся роль в развитии искусства республики, среди них: Е. Брусиловский — один из основоположников казахского музыкального искусства; П. Зальцман (1912–85), художник, ученик П. Филонова, главный художник Казахфильма; главные режиссеры Алма-Атинского театра русской драмы Я. Штейн (в 1945–57 гг.), А. Локшин (в 1960-х гг.) [5].

В 1959г. еврейское население Казахстана составляло 28 тысяч человек, в 1970г. — 27 700.

В 1948–53 гг. во время борьбы с «космополитами» в Казахстан, в частности в Караганду, были сосланы многие евреи-интеллигенты, среди них: Н. Коржавин, переводчик Ю. Айхенвальд (1928–93), поэт, математик А. Есенин-Вольпин (родился в 1924г.) [6].

В 1950–60-х гг. рост еврейского населения Казахстана был связан с приездом евреев в составе групп, посланных на освоение целинных и залежных земель (1954–1960), на развитие промышленности, науки и культуры Казахстана. Так, управляющим треста «Целинтрансстрой» был Л. Лямин, начальником «Целинэнерго» В. Левин. Первыми целинными совхозами руководили Лия Гольдберг, И. Пимштейн, С. Франк. В создании первого вуза города Акмолинска (Целинограда) — Акмолинского сельскохозяйственного института — активно участвовал профессор М. Гендельман (родился в 1913г.), в 1961–83 гг. был ректором института. В этом институте кафедру почвоведения в 1958–65 гг. возглавлял М. Половицкий (родился в 1918г.), кафедру планировки сельскохозяйственных районов и населенных мест — М. Спектор (родился в 1934г.) [7]. Значительное число ученых-евреев возглавляли кафедры в других вузах Казахстана.

В 1970–80-х гг. численность еврейского населения Казахстана сократилась. Многие евреи репатриировались в Израиль или выехали в США, Канаду, Австралию и другие страны мира. В 1968–91 гг. из Казахстана выехали на постоянное место жительства в различные страны 4 800 евреев. Некоторые еврейские семьи уезжали в Россию, в первую очередь в Москву и Ленинград. По переписи 1979г., в Казахстане проживали 23 500 евреев, по переписи 1989г. — 19 900.

С конца 1980-х гг. началось возрождение еврейской жизни Казахстана. В 1989г. в Алма-Ате был создан еврейский культурный центр «Шалом». В 1990г. начала выходить газета «Шалом». В 1990-х гг. создавались различные организации евреев Казахстана: Региональный центр Ва‘ада СССР (впоследствии Ва‘ад Казахстана), Ассоциация еврейской молодежи Казахстана, межреспубликанский фонд содействия изучению и развитию еврейской культуры «Дрор» (президент А. Фиглин, родился в 1948г.), отделений «Маккаби», Бней-‘Акива, Бней-Брит. В Алматы были открыты еврейский детский сад, две воскресные школы. Были созданы культурный центр «Бет Исраэль», общество дружбы Казахстан—Израиль. Создавались еврейские общины и культурные центры в других городах Казахстана. В начале 1993г. в Астане был организован еврейский культурный центр «Алеф». В апреле 1994г. была открыта еврейская воскресная школа «Мехина».

В 1994г. главным раввином Казахстана стал представитель движения хасидов Хабада И. Э. Кохен (родился в 1972г.). С 1997г. начал действовать Еврейский общинный дом, в котором разместились синагога и библиотека.

В 1990–2000-х гг. многие евреи Казахстана уехали в Израиль, США, Канаду, Австралию и другие страны. Так, в Казахстане, согласно переписи 1999г., проживали 6800 евреев (местные еврейские организации называют более значительное число)[8].

По данным различных источников в настоящее время в Казахстане проживают евреев от 7000 до 45000 человек. Но в переписи населения республики за 2009 год евреи вообще не упоминаются…

Агентство Республики Казахстан по статистике огласило данные о численности и этническом составе населения страны. "Численность населения республики на 1 января 2010г. по оперативным данным с учетом переписи населения 2009г. составила 16196,8 тыс. человек. Доля казахов на начало 2010г. составила 63,6%, русских - 23,3%, узбеков - 2,9%, украинцев - 2,0%, уйгур - 1,4%, татар - 1,2%, немцев - 1,1%, других этносов - 4,5%", - отмечается в официальном отчете. Евреи среди крупных этнических общин не упоминаются, и

значит, были включены в определение "другие этносы" (общая численность – 714.200 человек).

Сегодня еврейская диаспора стала неотъемлемой частью многонационального Казахстана. В отношениях между Казахстаном и Государством Израиль некоторую роль играют восстановление достоинства этнических евреев Казахстана. Дипломатические отношения между Республикой Казахстан и Государством Израиль были установлены 10 мая 1992г. Посольство Израиля в Казахстане функционирует с августа 1992г., посольство Казахстана в Израиле — с мая 1996г. В декабре 1995г. и в апреле 2000г. президент Казахстана Н. Назарбаев посетил Израиль с однодневным визитом. Были подписаны различные соглашения об укреплении двусторонних связей. В 2003г. израильский экспорт в Казахстан равнялся 28,2 миллиона долларов, а импорт из Казахстана в Израиль — 1,1 миллиона долларов, в 2004г. объем взаимной торговли составлял 300 миллионов долларов.

В начале 2000-х гг. ведущими еврейскими организациями Казахстана были: Еврейский конгресс Казахстана (ЕКК) и Ассоциация «Мицва». Выходили три еврейские газеты: «Давар», «Шалом», «Мабат». Еврейские общины функционируют в Алматы, Астане, Караганде, Кокшетау, Кзыл-Орде, Уральске, Чимкенте, Темиртау, Семипалатинске и в других населенных пунктах. Большую помощь еврейскому населению оказывает Джойнт, поддерживающий в различных городах Казахстана благотворительные центры «Хесед» [9].

В 2002г. президент Еврейского конгресса Казахстана, президент Евразийской промышленной ассоциации, председатель Совета директоров Евразийского банка А. Машкевич) на учредительном съезде Евроазиатского еврейского конгресса (ЕАЕК) в Москве был избран его президентом. Штаб-квартира ЕАЕК находится в Казахстане. ЕАЕК играет большую роль в развитии иудейско-исламского диалога, в поисках путей улучшения отношений между евреями и мусульманами. Этой цели была посвящена Первая международная конференция мира и согласия, созванная по инициативе президента Казахстана Н. Назарбаева 13–16 февраля 2003г., в которой участвовали президенты Таджикистана, Киргизстана, министры иностранных дел Азербайджана, Афганистана, Турции, руководители ряда международных еврейских организаций.

В сентябре 2004г. в Астане была открыта крупнейшая в Центральной Азии синагога «Бейт Рахель—Хабад Любавич», названная в честь матери А. Машкевича (на средства возглавляемой им организации ЕАЕК и ЕКК эта синагога была построена).

12–13 ноября 2002г. ЕАЕК и «Мицва» организовали в Алматы международную конференцию «Из истории евреев в Казахстане». 1–2 мая 2004г. прошла Вторая международная конференция «Евреи в Казахстане. История, религия, культура».

С распадом Советского Союза, обретением Республикой Казахстан независимости в 1991 году заложили основы коренных изменений политики по отношению к культурам этнических групп, в том числе евреев. Каждая диаспора получила возможность начать процесс возрождения своих традиционных этнических культур, национального образа жизни, укрепления национального менталитета, формы возрождения культуры и общественной деятельность еврейской диаспоры обрели большую содержательность и гибкость.

Оба государства, признавая вклад еврейского населения в развитие суверенной Республики Казахстан, подтверждают взаимный интерес в соответствии с действующим законодательством. Об этом свидетельствует тот факт, что евреям Казахстана на основе их свободного волеизъявления предоставлялась и предоставляется возможность поддержания и развития своего языка, культуры, национальных традиций, религиозной самобытности.

Только сохраняя и развивая свою этническую самобытность и культуру, казахстанские евреи смогут достойно представить себя как интегральную часть в многонациональной семье народов Казахстана в деле укрепления и развития дружественных взаимоотношений. Посильно способствовать прогрессу и безопасности своей прародины в современном мире нового тысячелетия.

Казахстану необходимо межнациональное согласие, которое обеспечит социальную стабильность и гражданский мир. В целях дальнейшей консолидации этносов, проживающих в республике, важно исследовать как истоки формирования, так и само явление - межнациональное согласие. Прошлое и настоящее этнических групп может служить ключом к пониманию этих проблем, что послужит гарантом стабильного роста и развития страны.

1. Бек Д.С., «Еврейская история», 1897г.
2. «Еврейский вопрос», пер. С.Харитонского, Киев, тип. Петра Барского, 1905г., стр.40
3. ЦГА РК. ф.44, оп.1, д.3532, л.9
4. ЦГА РК. ф. 51, оп.1, д.36, л.30

5. Пасманик Д.С., «Судьбы еврейского народа», Москва, изд-во «Сафрут», 1917г., стр.237
6. «Из истории евреев в Казахстане XIXв - начало XXв», Ассоциация «Мицва» РК, Алматы, 2002, выпуски 1,2,3.
7. И.Гринберг, «Евреи Алматы», Алматы, 2003 г.
8. Итоги переписи населения 1999 г. Республики Казахстан, Алматы, 2001.тт.1-4
9. Кабульдинов З.Е., «Народы Казахстана: история и современность», Астана, Арман, 2008, стр.200

* * *

Аталмыш мақала Қазақстанға еврей халқының қоныс аударылу тарихы мен еврей диаспорасының қалыптасуына арналады. Сонымен қатар 1870 жылдан бастап Қазақстан аумағына еврей қауымының орналасу тарихы, индустриаландыру жылдары мен тың игеру жылдарындағы еврей халқының өсу динамикасы қарастырылған. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы еврей диаспорасының ролі көрсетілген.

* * *

Given article is devoted history of resettlement of Jews to Kazakhstan, to formation and formation of the Jewish diaspora. In it the history of moving of the Jewish community in territory of Kazakhstan during the period since 1870, dynamics of increase in the Jewish population in days of industrialisation, in days of a virgin soil is considered. The role of the Jewish diaspora in formation of sovereign Kazakhstan which became, an integral part of multinational republic is shown.

Р. С. Буктугутова

ПРЕДСТАВИТЕЛЬСВО НАСЕЛЕНИЯ СТЕПНОГО КРАЯ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЕ

На протяжении всего XX века тема взаимоотношений между Казахстаном и Россией оставалась одной из самых приоритетных в исследованиях казахстанских историков. Она сохранила свою актуальность и сегодня, когда Казахстан и Россия стали, суверенными государствами. Однако история внесла свои коррективы в разработку указанной проблемы, по-новому расставила акценты в различных ее аспектах. В связи с установлением взаимо-отношений двух стран на новой основе, внимание историков России и Казахстана привлекли такие сюжеты, которые ранее находились на обочине магистрального развития исторической науки. К ним, в частности, можно отнести историю избирательных кампаний и деятельность депутатов Степного края в Государственной думе России.

Степное генерал-губернаторство было обра-зовано в 1882 г. для проведения в жизнь национально-административных реформ, устройства транзитных путей, развития городов, промышленности и торговых связей. В его состав включили такие области как Акмолинская, Семипалатинская и Семиреченская. Первые две области ранее входили в Западно-Сибирское генерал-губернаторство, которое было упразднено. А Семиреческая область до 1882 года входила в Туркестанское генерал-губернаторство, в ее же состав она вернулась в 1899 г.[1]

Для административного управления Акмолинская и Семипалатинская области в конце XIX – начале XX вв. делились на 5 уездов, всего в Степном крае насчитывалось 10 уездов. Акмолинская область состояла из следующих уездов: Омский, Петропавловский, Кокчетавский, Атбасарский, Акмолинский. В состав Семипалатинской области входили Каркаралинский, Павлодарский, Семипалатинский, Усть-Каменогорский, Зайсанский уезды

Из работ казахстанских историков особый интерес представляют следующие работы: Сеитов Э.Т. А.Н. Букейханов как историк и общественно-политический деятель. Автореф. дис…канд .ист .наук Алма-Ата, 1996; Малтусынов С.Н. Социально-экономическое и политическое положение Казахстана и Государственная Дума. Автореф. дисс… канд. ист. наук. Алма-Ата, 1981. Озганбай О. Государственная

Дума России и Казахстан (1905-1917 гг.). Алматы, 2000. Он же. Казахи – депутаты Государственной думы России.// Вестник Межпарламентской Ассамблеи. 1996. №2. С.30 – 31. Изюмов А.И. Деятельность депутатов I Государственной Думы от Степного края.// Известия АН РК. Серия общественных наук. 1992. № 3. С.52 – 57; Кожахметов Г.З. Государственная дума и народы степного края в 1905 – 1917 гг. Караганда, 1999; Аманжолова Д.А.Казахский автономизм и Россия. М, 1994; Алихан Букейханов.Шыгармалар.(Избранное). Составитель М.Койгельдиев. Алматы, 1994; Изюмов А.И. Деятельность депутатов I Государственной Думы от Степного края.// Известия АН РК. Серия общественных наук. 1992. № 3. С.52 – 57; Кожахметов Г.З. Представительство и участие нардов Туркестана и Казахстана в Государственной Думе.//Известия АН РК. Серия общественных наук. 1990. № 2. С.78 – 84; и др.

Кульминационным моментом в нарастании социально-политической напряженности в на-чале XIX в. явилась попытка перехода к конституциональным формам правления. Такой по-пыткой в России явились выборы в Государ-ственную Думу.

Выборная кампания в I Думу в казахской степи началась в конце апреля 1906 г. В это время Государственная дума уже приступила к работе, а в волостях Семипалатинской области только успели выверить списки избирателей.

Основная предвыборная борьба развернулась в городах Степного края: Омске, Акмолинске, Семипалатинске, Петропавловске, Усть-Каменогорске.

Для участия в работе Государственной думы первого созыва А.Н. Букейханов выехал в Петебрург лишь 3 июля 1906 г., доехав до места своего назначения незадолго до роспуска I Думы . 9 июля 1906 г. I Государственная дума была распущена, а ее депутаты насильственно разогнаны. Но большинство членов I Думы, несогласные с ее насильственным роспуском, тайно собрались в г. Выборге, где ими было подготовлено обращение к царю и отдельно обращение – «Народу – от народных представителей», известное более как Выборгское воззвание. Историческое обращение было подписано более 200 депутатами. Однако А.Н. Букейханов не оставался в стороне от участия в общественной жизни. После роспуска I Думы многоопытный журналист и талантливый публицист А. Букейханов в 1906 – 1907 гг. сотрудничал в омских газетах «Иртыш», «Омич» и «Голос степи», близким по своим идейным позициям к местному отделу конституционно-демократической партии. В непростой ситуации проходили выборы депутата I Государственной думы от казахов Акмолинской области. Выборы проходили 15 июня 1906 г. в городе Кокчетаве. Баллотировались в депутаты шесть человек. Победу одержал 36-летний мулла Шаймерден Косшыгулов (1874-1937). Он получил 94 голоса выборщиков Акмолинской области. Среди своих земляков он был известен тем, что боролся в защиту интересов кочевого населения от колонизации и переселения, являлся сподвижником видного религиозного деятеля Науана Таласова, за что систематически преследовался властями. Незадолго до выборов Ш. Косшыгулов был выслан администрацией за пределы Степного края в Якутию, но по требованию населения царские власти вынуждены были разрешить ему вернуться. По завершении выборов областная избирательная комиссия разбирала жалобу, авторы которой утверждали, что Ш. Косшыгулов не знает русского языка, а это в свою очередь ведет к нарушению статьи 55 «Положения о выборах в Государственную думу», по которой воспрещалось избирать в думу лиц, не знающих русского языка. Но право лишения Косшыгулова обретенного им статуса депутата предоставлялось только Государственной думе. Однако ввиду досрочного роспуска I Дума не успела рассмотреть вопрос об утверждении итогов выборов депутата от инородческих волостей Акмолинской области.

Выборы во II Государственную думу в Степном крае прошли в те же сроки, что и в центральных губерниях России – в январе – феврале 1907 г.

Подготовка к ним началась сразу же после формирования уездных и городских избирательных комиссий, то есть после ноября 1906 г. Сроки избрания выборщиков для городов были определены с декабря 1906 г. по февраль 1907 г., а в сельской местности – в декабре 1906 г. Выборы членов Государственной думы от русского населения должны были пройти 16 февраля 1907 г., а от казахского – 20 февраля. Выборы в Степном крае дали следующие результаты: от казахского населения Акмолинской области во II Думу был избран Ш. Косшыгулов, от Семипалатинской области – Т. Норекенов, управитель Сейтеновской волости; от русского населения Семипалатинской области – Н.Я. Коншин, от Сибирского казачьего войска – И.П. Лаптев, по политическим убеждениям кадет; от

русского населения Акмолинской области социал-де-мократ А.К. Виноградов.

После избрания депутатом в Думу Шаймерден Косшыгулов попал в самую горячую круговерть жизни российской имперской столицы Петербурга. Обилие крайне противоречивых политический течений, не прекращающаяся между ними идеологическая борьба, новые впечатления способствовали повышению его политического кругозора.

Шаймерден Косшыгулов с целью пробуждения национального сознания казахов приступил по договоренности с редакцией выходившей в Петербурге газеты на татарском языке "Улфат", редактором которой был Абдрашит Ибрагимов, к изданию на свои личные средства приложения "Серке". Возглавил эту газету Мыржакып Дулатов.

Первый номер газеты "Серке" вышел в свет в марте 1907 г. Он был отпечатан в типографии Антокольского. Особенный интерес для историков представляет стихотворение "Молодым", подписанное под псевдонимом "Аргын". В этом стихотворении отражена основная политическая направленность и цели, преследуемые издателями. По образному определению автора стихотворения, "Серке" должно было возглавить «стадо слепых овец», то есть пробудить сознание народа и повести борьбу за его права и свободу. Очевиден тот факт, что существование этого издания было недолгим[i]. Подготовленная для второго номера М. Дулатовым под псевдонимом "Аргын" программная статья под заголовком "Наша цель" сразу же приковала внимание цензуры и вызвала особое беспокойство старшего советника управления печати Министерства внутренних дел В. Смирнова. Вследствие этого по второму номеру «Серке» бдительной государственной цензурой было сделано следующее заключение: «Это прокламация, обращенная к казахскому народу и направленная на возбуждение казахского населения против всех представителей и органов правительства, как местных, так и центральных…». Неудивительно поэтому, что отпечатанный и готовый к распространению тираж номера «Серке» 7 июня 1907 г. был арестован.[2]

В I, а затем во II Думе был образован ряд фракций и групп, в которые вошли и депутаты от Степного края. Широкую известность получили трудовая группа, мусульманская фракция, группа сибирских депутатов и ряд других.

Мусульманская фракция начала свою работу в I Государственной думе, но окончательно была сформирована во II Думе. Казахское население Степного края в ней было представлено депутатами Ш. Косшыгуловым и Т. Норекеновым. Другие районы Казахстана представляли Т. Алабергенов, Б. Кулманов, А. Беремжанов и Б. Каратаев. Цель объединения заключалась в том, чтобы обеспечить права и интересы национальных мусульманских окраин России. Депутаты фракции принимали активное участие в подготовке проекта закона по аграрному вопросу. Опираясь на программу партии «Иттифак-аль-муслимин», депутаты – мусульмане подготовили свой вариант решения аграрного вопроса. В первоначальном варианте звучал призыв – передача земли в собственность областей, а, затем справедливое распределение земли между коренными жителями – не только занимающихся полеводством, но и кочевым животноводством. Далее было высказано требование полностью приостановить приток в Степной край российских переселенцев. Применительно к условиям Казахстана было внесено предложение о праве лиц, ставших обладателями земельных наделов, полученную долю земли передать в ведение аульной общины, для более справедливого распределения земельных участков. После передачи в Думу этих документов мусульманские депутаты сделали запрос в высшие органы власти о противозаконных действиях в казахской степи переселенческой комиссии.

II Государственная дума начала свою работу 20 февраля 1907 г. и по своему составу, вопреки ожиданиям правительства, она стала более левой чем первая. Всего в Думу было избрано 518 депутатов. Кадетский центр «растаял» вследствие усиления обоих флангов, особенно левого. По сравнению с первыми выборами кадеты потеряли 80 мест, отвоеванных у них преимущественно левым блоком. Трудовиков во II Думе было 104, эсеров – 37, народных социалистов – 16. Социал-демократов было избрано 65. Всего левые партии завоевали 222 мандата, или 43 % от общего числа членов Думы. Во II думе усилилось также правое крыло. Черносотенцы и октябристы получили 54 места (10 %).[3]

Среди многих вопросов, обсуждавшихся во II Думе, самым наболевшим был вновь аграрный. К нему, как и прежде, было приковано все внимание депутатов Государственной думы.

Переселенческая политика царизма в Казахстане носила колониальный характер. В данной связи коренное население степи рас-

сматривалось как объект этой колонизации, призванной не только решить аграрный вопрос, но и укрепить позиции России в регионе. Потеря 45 млн. десятин земли явилась самым тяжелым последствием этой политики для казахского населения. Акмолинская область была важнейшим колонизационным районом страны. Только за девять лет с 1893 – по 1901 гг. в области было изъято из казахского землепользования 1,5 млн. десятин, такая же площадь была экспроприирована за последующие шесть лет (1902 – 1907 гг.). Поэтому не случайно аграрные требования легли в основу многих наказов и пожеланий, направляемых в Думу и определяли в существенной мере деятельность ее депутатов от Степного края.

Представители Казахстана, и Степного края в том числе, в полном составе прибыв во II Думу, имели возможность участвовать в прениях по аграрному вопросу. Так, например, депутат от Уральской области Космодемьянский, выступая в прениях 16 мая 1907 г., обрисовал тяжелое положение казахского населения, у которого правительство отбирает его земли, не считаясь ни с экономическими условиями, ни с бытом, ни с психологией кочевников. Депутаты от казахского населения во II Думе, входя в мусульманскую фракцию, приняли посильное участие в защите интересов региона. Так, депутат Б.Б. Каратаев в своем выступлении по аграрному вопросу на заседании 16 мая 1907 г. указывал, что переселенческая политика проводится ценой разорения казахского населения, изгоняемого не только с земель, но и жилищ.

В ходе работы I и II Думы депутатам от казахского населения не представилась возможность выступить с трибуны, поэтому они использовали другие способы выполнения наказов избирателей. Так, депутаты Б. Каратаев, Ш. Косшыгулов, А. Беремжанов, Т. Норекенов в период работы II Думы посетили Главного управляющего землеустройством и земледелием князя Васильчикова, которому изложили свои соображения о положении казахского населения с целью обратить внимание правительства на необходимость остановки переселения. В ответ князь Васильчиков произнес: «В XX столетии необходимо прекратить кочевой образ жизни киргизов, вследствие этого переселение является необходимым».

Государственная дума первого и второго созывов кроме земельного вопроса обращалась к вопросам управления и административных реформ на национальных окраинах России. В деятельности Государственной думы первого и второго созывов, наряду с указанными проблемами, нашли отражение вопросы правовой и судебной системы Казахстана, правда, они рассматривались не отдельно для Степного края, а в общероссийском масштабе.

Для подготовки законопроектов во II Думе создавались различные комиссии. В комиссию о неприкосновенности личности, состоявшую из 33 членов, был, выдвинут социал-демократ А.В. Виноградов – депутат от русского населения Акмолинской области. Он же был избран членом библиотечной и продовольственной комиссий. В комиссию о местном суде вошел депутат от Семипалатинской области Н.Я. Коншин, имевший юридическую подготовку.

Необходимо признать, что из всех важных проблем, касавшихся региона, аграрный вопрос был более широко рассмотренным в I и II Думах. Это было связано с тем, что вопрос борьбы за землю являлся наиболее злободневным и был главным в революции 1905 г. Участвуя в обсуждении аграрного вопроса, депутаты Степного края примыкали к различным партиям и фракциям. Завязывались контакты, которые сыграют свою положительную роль позже, когда доступ в Думу депутатов от Степного края будет вообще перекрыт. Оценивая в целом деятельность Думы, необходимо признать, что даже при ее урезанных правах, она обладала свойственными парламенту демократическими принципами, структурой и функциями. И даже в период реакции эти ее положительные черты сохранялись. Можно сказать, что в практике принятия решений имел место плюрализм мнений, позволявший левым фракциям, если не препятствовать принятию закона, то критиковать самодержавие.

Вместе с тем подводя итоги деятельности I и II Государственных дум, в которых участвовали депутаты от Степного края, мы вынуждены признать, что не было принято ни одного закона, облегчившего положение национальной окраины. Естественно, причиной этого не была недостаточная активность депутатов. Это тот случай, когда причиной явились объективные обстоятельства, система государственного устройства, точнее ее неготовность к принятию парламентских форм управления.

1. Центральный Государственный Архив Республики Казахстан. Ф.64. Оп.1. Д.125. Л.2.

2. Родионов Ю.П. Выборы в I и II Государственные думы от казахского населения Акмолинской области// Ва-

лихановские чтения – 5. Материалы Республиканской науч-но-практической конференции. Т.2. Кокшетау. 2000. С.79.

3. Толочко А.П., Буктугутова Р.С. Общественное движение в Степном крае в 1895-марте 1917 гг. Хроника, материалы, документы. Омск, 2004. С.9.

* * *

Мақала отандық тарихтағы көкейкесті және толық емес қарастырылған мәселелерге арналған. Автор мұрағат құжаттардың негізінде Далалық өлкедегі I және II Мемлекетік думадағы сайлау кампаниялардың барысын және дайындығын қарастырады.

Далалық өлке думадағы депуттаттардың қызметі туралы сөз болады. Автордың мұсылмандық фракция жұмысына жаңа көзқарасы. Осыған байланысты Ақмола облысынан Мемлекеттік дума депутаты, молла Шәймерден Қосшығұловтың сайлау тарихы және қызметі қарастырылады. Мақаланың қорытынды бөлімінде автор Мемлекеттік думаның қызметі конституциялық басқару формасына көшу мүмкіндік болды деген түйін жасайды.

* * *

The article deals with an actual, hardly ever studied problem of Kazakhstan History. Having made a thorough analysis of the archives the author studies the preparatory work and the course of the electoral campaigns to State Dumas I and II, as organized and conducted in Steppe Province.

Much attention is paid (given) to the activities of the Steppe Province deputies in the Duma. The author reveals a new approach to the activity of the Muslim Faction. In connection with this it is of interest to note the activities of Shaimerden Kosshigulov, Mullah, the representative of Akmola region in the State Duma.

The concluding idea of the article is that the activities of the State Duma was a kind of transition stage towards the constitutional forms of government.

Д. М. Мұқатова

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСҚА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

1914 жылы басталған I дүниежүзілік соғыс ресей империясына қараған халықтардың өмірін тым ауырлатып жіберді. Соғыс бұратана халықтарды ұлттық езгіге салу күшейіп, жергілікті жерлердегі патша шенеуніктерінің озбырлығы мен зорлық-зомбылығы өлшеусіз өсті. Соғыс кезінде қазақтардан көп мөлшерде шикізат, азық-түлік, мал және басқа да материалдық заттар алынып, шаңырақтарға жаңа әскери салықтар енгізілді [1, 270 б].

Әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі қазақтардың қайыршылануына әкеп соғып, олардың наразылығын туғызды. Нәтижесінде I дүниежүзілік соғыс Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік дағдарысты одан сайын күшейтіп, Орталық Азияны, соның ішінде бүкіл қазақ даласының аудандарын қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске алып келді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында Сырдария облысындағы қазақтар мен орыс шаруаларының арасындағы қарым қатынастардың шиеленісіп кетуіне және қарсы жақтардың бір-бірімен соғысуына империяның әскери-әкімшілік орындары тікелей кінәлі еді. Мысалы, 1916 жылы Сырдария облысының Черняев уезінде қызметте болған М.Тынышбаев Сырдария облысындағы көтерілістің өршеленіп кетуіне қазақтар емес, тікелей орыс билігі мен шенеуніктері айыпты екендігін айтып, Түркістан генерал-губернаторына болған оқиғаларды талдап көрсетеді [2, с.47].

Осы мәселеге байланысты Сырдария облысындағы көтерілісті өз көзімен көрген куәгер Бройдо 1916 жылдың 3 қыркүйегінде Ташкент сот палатасының прокурорына берген «қазақ көтерілісі» туралы көрсетпесінде орыс-әкімшілік билік орындарының көтеріліс тұсындағы әрекеті жөнінде былай деп мәлімдеген еді: «...бұдан шығатын қорытынды: қазақтардың көтерілісі бүкіл әкімшіліктің әдейі қасақана жасалған іс-әрекеттерінің жемісінен туындады. Себебі олар үкіметтің отаршылдық қызметін одан әрі жүргізу үшін қазақтарды құрту арқылы жерлеріне орналасуды көздеді. Сонымен қатар олар арандату бұйрықтар бере отырып, орыс қоныстанушыларынан әскерлер жасақтап, қазақтарға айдап салған. Осылайша қазақтарды өзімізге жау етіп алдық...» [3, с.111]. Патша өкіметі өз орыс мұжықтарын қазақ жеріне әкеліп қоныстандырған кезде олардың қауіпсіздік жағдайы мен үстемдік құру мүмкіндіктерін бір сәтте естен шығарған жоқ. Орыс қоныстанушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бір жолы, әрине, оларды қаруландыру болып табылды. Жалпы алғанда орыс қоныстанушыларын қаруландыруды Түркістанда жаулап

алған кезден бастап-ақ жергілікті әскери әкімшілік қолдады. Түркістан өлкесіне түпкілікті қоныстануға барған орыс мұжықтарын және әскери қызметінен босағаннан кейін сол жерде қалып қойған төменгі шендегілерді қаруландыру шаруашылық жағынан да, саяси жағынан да қажет екендігі туралы алғаш әскери мекемелерге пікір айтып, ұсыныс жасаған бұрынғы Сырдария облысының әскери губернаторы Гродеков еді. Ол 1891 жылғы 15 қыркүйекте Түркістан генерал-губернаторына жазған баяндамасында Ресейдің сыртқы және ішкі стратегиялық мүддесі үшін «орыс қоныстарын» қаруландырудың маңызы зор екендігін, сондайақ өлкеде әскерді ұстап тұру тиімді болмаған жағдайда, Түркістанға қоныстануға келген орыс шаруаларын қаруландыру арқылы әскерлердің санын біртіндеп қысқартуға болатындығын жазады [4, 46 б]. Осылайша патша өкіметі қазақ даласына келіп қоныстанған шаруаларды қаруландыру арқылы оларды әскердің орнына пайдалануды көздейді. Бұл орайда Түркістан генерал-губернаторы Гродековтың «винтовкалармен қаруланып, оны күтіп ұстауды, атуды, найзамен шаншуды үйренгеннен кейін Түркістандағы әрбір жаңа орыс поселкасы, орыс әскерлерінің батальонына бара-бар» деген сөзі өз уақытында патша отаршыларының ұраны болып кетеді. Әсіресе Әндіжан көтерілісінен кейін отаршыл өкімет орыс шаруаларын жанжақты қаруландыруға кіріседі. Соның айғағы ретінде сол жылы Сырдария облысындағы шаруаларға 1134 винтовканың таратылуын жатқызуға болады [5, 58 п]. Сонымен бірге патша өкіметі Түркістандағы қоныстанушы мекемелер мен теміржол шенеуніктерін де және депо қызметкерлерінің қауіпсіздіктерін естен шығарған жоқ. 1912 жылы 8 шілде айында Түркістан генерал-губернаторының рұқсаты бойынша жоғарыда аталған қызметкерлер жаппай қарулана бастайды. Ал 1915 жылы 3 наурызда Түркістан генерал-губернаторының бұйрығының негізінде Түркістандағы теміржол шенеуніктері мен станциядағы депо қызметкерлеріне 182 тапанша мен 1000-нан астам бердан мылтық беріледі [6, 26 п]. Облыстағы көтеріліс ең алдымен 1916 жылы 11 шілде айында Ташкент қаласында басталды. Мыңнан асатын халық Ташкенттегі полиция мекемесінің алдына келіп жиналып, тыл жұмысына адам алу туралы жарлыққа қарсы шықты. Патша әкімшілігі оларға қарсы Ташкенттегі прапорщиктер мектебінен бір рота әскер шақыртып қарудың күшімен халықты қуып таратып, 6 адамды өлтіреді. Осыдан кейін Ташкенттегі жағдай ушығып, қаланың бірнеше аудандарында ашық түрде көтерілістер болады. Әсіресе Ташкентке жақын Қауыншы және Тойтөбе деген қыстақтарда болған көтеріліс кезінде халық әскермен шайқасқа түседі. Бірақ жазалаушы әскер көтеріліске қатысқан халықтың көбісін қырып тастайды. Осы көтерілістерден кейін Ташкентте сот болып, Ташкент қаласы бойынша 20 адамды, Тойтөбеден 8 адамды дарға асу туралы үкім шығарылады [7, 10-16 пп]. Ақмешіт уезіндегі көтерілістен кейін 70 адам жазаға тартылады. Сол жылы қазанның 16-да Қазалы уезіндегі көтеріліске қатысқан қазақтар жазалаудан қашып, Ырғыз пен Торғай уезіндегі көтерілісшілерге қосылу үшін көшіп кеткен. Қазалы қазақтарының Торғай көтерілісшілерімен қосылмас үшін және Арал теңізіндегі балық кәсібін сақтау мақсатында патша өкіметі осы аймаққа әскер аттандырады [8, 180 б]. Әулие ата уезіндегі көтеріліс Көшеней болысында басталады. Көтерілісшілер Краш деген орыс шенеунігін өлтіріп, жергілікті патша әкімшілігіне қарсы шығады [8, 181 б]. Бұл Әулиетата уезіндегі көтерілістің басы ғана болып, уездегі жағдай күн өткен сайын күшейіп, артынша Сусамыр болысындағы қазақтар да көтерілісті ұйымдастырып, Белубуддинский, Николайский, Перовск деген орыстардың поселкаларына шабуыл жасайды. Орыс мұжықтары болса қазақтардан қауіптеніп Аулиеатаға көшіп кетеді [8, 181 б].

Уезде орын алған жағдайды облыстың әскери губернаторы Торғай облысының әскери губернаторына былай деп түсініктеме береді: «...Мерке-Пішпек, оның артынша Мерке-Әулиеата телеграф байланысы үзілді. 30 тамыздың түнінде топталған қазақтар Мунька почта станциясына шабуыл жасаған. ...Меркенің төңірегіндегі елді мекендер қиратылған. Кузьминко селосы да талқандалған. 22 тұрақ өртенген. Гладышев деген шаруаны өлтіріп кеткен» [9, 68 б]. Әулиеата уезіндегі жағдайдың тым ушығып бара жатқанын байқаған патша әкімшілігі жедел түрде нақты шаралар қабылдау қажеттігін түсінеді. Оны Түркістан генерал-губернаторының көмекшісі М.Р.Ерофеевтың 1916 жылы 6 қыркүйекте әскери министр Д.С.Шуваевқа жіберген жеделхатынан көреміз: «2 қыркүек күні Ташкенттен Әулиеатаға, Мерке ауданына запаста тұрған бірінші Сібір полкынан күзетке екі рота әскер жіберілді...» [9, 69 б]. Өз орыстарын қорғауға және көтерілісті басу үшін патша өкіметі Әулиеатаға Ташкенттен әскер жіберіп, орыс мұжықтарын қаруландырады. Көтеріліске шыққан қазақтар Шелдуар мен Мөңке арасындағы телеграфты талқандап, тамыздың 25-де

Мерке ауданындағы бірнеше орыс поселкаларын талқандап, қаланың өзіне шабуыл жасайды. 29-30 тамызда екі мың қазақ көтерілісшілері Меркеге қайтадан шабуыл жасаған кезде оларды патшаның бір рота әскері қарсы алып, оларды қырып салады. Бұдан кейін жазалаушылар көтерілісшілердің аулдарына аттанып, қазақтарды аяусыз «тыныштандырады». Мәселен Ново-Тройцк ауданына жіберілген Бундировтың әскері 150 қазақты өлтіріп, 4340 мың қойын, 23 түйесін, 255 сиырын тартып алып кетеді. Патша әскерімен қатар қаруланған орыс мұжықтары да жергілікті әкімшіліктің рұқсатымен қазақтардың ауылдарын талқандап, малдарын поселкаларына айдап әкетіп отырған [8, 182 б].

Жазалаушы әскерлер көтерілісті аяусыз басып қана қойған жоқ, сонымен қатар көтеріліс жасаған қазақтардың жерін жапа шеккен орыс мұжықтарына таратып бере бастайды. Оны Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің 1916 жылғы №220 бұйрығынан көруге болады [10, 158 п]. Онда ол көтеріліс болған уездерден қазақтарды қуып шығып жерлерін казактар мен қоныстанушы орыстарға таратып беру жөнінде жазылады. Бұл туралы мәліметті толығымен 1917 жылдың 22 ақпанында Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің патшаға жіберген №587 хабарламасынан да кездестіреміз. Мәліметте 1916 жылғы Түркістандағы көтеріліс 1898 жылғы Әндіжан көтерілісі сияқты орыс билігіне қарсы сипат алғанын және Әндіжанда көтеріліс жасаған аудандардан жергілікті тұрғындарды қуып шығу туралы сол тұстағы патшаның үкімі болғанын патшаның есіне салып, көтерілістер болған уездерден қазақтарды қуып шығу туралы өзінің үкім шығарып, жергілікті әкімдер мен тұрғындарға хабар бергенін және оны бекітіп беру туралы мәлімдейді. Осы орайда ол: 1) көтерілістер болған уездерден қазақтарды қуып шығу туралы №220 бұйрығын, 2) осы уездердегі қазақтардан тартып алынатын жердің көлемі туралы анықтама, 3) бұл ұсынысқа егіншілік министрі 1916 жылы 11 желтоқсанда жауап жазған №995-ші жауап пікірін жібергенін мәлімдеп, мұны бекітіп беру жөнінде патшадан сұраған [11, 188 п]. Жалпы алғанда 1916 жылғы Сырдария облысында болған көтеріліс қазақтарға қандай қайғы-қасірет әкелегенін 1921 жылғы 20 қаңтарда Әулиеата қаласында өткен кеңестік Түркістан автономиясын мекендеген қазақтардың аймақтық съезінде айтылған деректерден көруге болады. Бұл съезде мынадай баяндама жасалады: «...Көтеріліске дейін уезде барлығы 48 болыстық болды. Көтеріліс тұсында патша әкімшілігінің қазақтарға озбырлық көрсетудің нәтижесінде болыстықтың 17-сі толығымен жойылып, Қытай жеріне ауып кетуге мәжбүр болды... кейін қазақ атауымен белгілі болған 21 болыстық түгелдей жойылып, оның орнына орыс атауымен 21 переселенқоныстанушылардың мекені пайда болды» [12, 397 п].

Генерал-губернатор Куропаткин бекіткен сот үкімі бойынша ғана Түркістан өлкесінде орыс шаруаларынан құрылған қарулы топтардан қаза тапқандарды қоспағанда, 1917 жылы 1 ақпанға дейін 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129 адам қамауға кесілген. Патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы әділетсіз жарлығының қасіретті зардаптары осындай болды [13, 649 б]. Ресей либерал-демократиялық қозғалысының өкілдері 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы шығуының ең басынан-ақ оның заңсыз екенін көрсетіп, егер бұл әділетсіз жарлық жүзеге асырыла бастаса, халық толқуларының пайда болуы анық екенін ескерткен еді. 1916 жылы шілде айындаақ мұсылмандар, кадеттер мен трудовиктер фракциясының өкілдері болып табылатын Мемлекеттік Дума мүшелері Ішкі істер министрлігі мен Әскери министрлікке жарлықты жүзеге асыру шарттарын дереу анықтауды талап еткен болатын. 1916 жылы тамыз айында Мемлекеттік Думаның депутаттары А.Ф.Керенский мен К.Б.Тевкелев өз фракцияларының тапсыруымен Түркістанға барады. Комиссияның құрамында мұсылман фракциясының бюро мүшелері М.Шоқай мен Ш.Мұқаммедияров та бар еді [14, 37 б]. Мемлекеттік Думадағы трудовиктер фракцияның жетекшісі А.Ф.Керенский қазақ даласында болып жатқан оқиғаларды орыс тарихының масқара беттері деп сипаттама береді. Яғни, Мемлекеттік Думаның 1916 жылы 13 желтоқсандағы жабық мәжілісінде Түркістан өлкесінде болған оқиғалар талқыға түсіп, мәжілісте баяндама жасаған А.Ф.Керенский Түркістан өлкесінде 1916 жыл ойранын ұйымдастырған және бастан аяқ «бұл іске жауапкер тек патша өкіметі» деген тұжырым жасап, «кінәсіз ондаған мың адамды өлімге душар еткен» отарлық жүйені өзгертуді, Түркістанды басқаруда жергілікті халықпен санасатын жаңа тәртіп енгізуді күн тәртібіне қою керектігін ұсынған болатын [15, 189 б]. Белгілі қайраткердің бұл мәлімдемесі Түркістан өлкесіндегі отаршыл билік жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын Мемлекеттік Дума мінбесінен ашық мойындаудың өзі болатын.

Керенскийдің түркістандықтарды Мемлекеттік Думада қорғап сөйлеуінде М.Шоқайдың

ықпал етуі мүмкін еді. А.Ф.Керенскийдің қазақ даласына жасаған сапарына кезінде М.Шоқай былай деп анықтама берген болатын. Ол Керенскийдің Ресей империясының билігіндегі орыс емес ұлттар арасында өзіндік орны бар адам дей отырып, былай дейді: «Оның 1916 жылы Түркістанға жасаған сапары, Ташкент, Әндижан және Нинайаттардағы, мемлекеттік Дума мінбелерінен патша өкіметі саясаты туралы Түркістанда дүрбелең тудырған себептерді айтқан сөздері Керенскийдің атын тек Түркістанда ғана емес, Ресейдің күллі түріктер қоныстанған аймақтарына белгілі етті» [16, 104-105 бб].

М.Шоқайдың Керенскиймен бірге қызмет істеуі оның іс жүзінде мұсылмандық және түрікшілдік идеяларды қолдауына алып келді және отарға түскен түрік тілдес халықтардың азаттық күрес бірігу қажет екенін түсінді.

1. Бөкейханов Ә. Таңдамалы (Избранное). /Гл. ред. Р.Нургалиев.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. -478 б.
2. Тынышбаев М. История казахского народа. Ал-маты: Санат, 1993. – 220 с.
3. Бройдо Г.И. Восстание киргиз в 1916 г // Восстание киргизов и казахов в 1916 году. Бишкек, 1991.
4. Раджапов А.Ө. Оңтүстік Қазақстан 1917 жылғы қос революция тұсында. Алматы, 1997. – 157 б.
5. ӨР ОММ. 17-қ., 1-т., 17654-іс.
6. ӨР ОММ. 1-қ., 4-т., 1740-іс.
7. ӨР ОММ. 1-қ., 25-т., 171-іс.
8. Қаһарлы 1916 жыл (Құжаттар мен материалдар жинағы). Алматы: Қазақстан, Т.2. 1997. – 247 б.
9. Нұрлыбеков К. Әулиеата үезіндегі көтерілістер // Қазақ тарихы. №4. 2005. 67-69 бб.
10. ҚР ОММ. 19-қ., 1-т., 623-іс.
11. ҚР ОММ. 380-қ., 1-т., 1-іс.
12. ӨР ОММ. 17-қ., 1-т., 273-іс.
13. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т.3. Алматы: Аиамұра, 2002. -768 б.
14. Ахметова Ж.Қ. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістандық кезеңі (1917-1918). Алматы, 2006. -147.
15. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі. Астана: Елорда, 2004. -216.
16. Шоқай Мұстафа. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, Т.1. 1998. -512 б.

* * *

В статье подробно исследуется влияние народно-освободительного движения 1916 года в Сырдарьинской области на межэтностные отношения

* * *

In article is in detail researched influence is given birth-liberation motion 1916 in Syrdariinskoy area on between ethnic relations

Ұ. Ш. Исмағұлов

КЕҢЕСТІК ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ МӘСЕЛЕСІ

Кеңестік кезеңдегі қоныстандыру саясаты тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта өзінің шынайы бағасын ала бастады. Түрлі зерттеу жұмыстары жазылды, тарихи еңбектер жарыққа шықты. Әрине,осы мәселенің әлі де болса қаралар, сараланар тұстары көп деп ойлаймыз. Әсіресе, осы қоныстандыру шарасының түрлі одақтық, федерациялық деңгейдегі бас қосу, мәжілістерде қандай дәрежеде талқыланғанын ашып көрсету қажетті мәселелердің бірі деп есептейміз.

Жалпы Қазақстан мен Орталық арасында республика аумағына сырттан және іштен қоныстандыру мәселесі төңірегінде кескілескен тартыс жүреді. ҚазАКСР өкілдері ол әрекетті бұрынғы патшалық қоныстандыру саясатының жалғасы ретінде көреді. Өз пікірлерінде оны ашық та айта алды.Сол әрекет барысында жерге орналасуы тиіс келімсектердің қазақ өлкесіне қай кезден бастап келгендеріне жер беру мәселесі үлкен қайшылық туғызады, мерзім жиі-жиі өзгереді. Бұл жөнінде БОАК жанындағы Қазақстан өкілі міндетін атқарушы Көшербаев « орналастыру үшін өз бетімен келушілердің келу мерзімінің шегін жиі-жиі өзгерту өз бетімен қоныстануды заңдастыру, бұрынғы биліктің отаршыл саясатын жалғастыру, келімсектер толқынының одан әрі өршуіне ықпал ету және автономиялық республикалардың байырғы тұрғындарының бірінші кезекте жерге орналасу

құқықтарын жою болып табылады» - деп, тіке айтады [1,10-п.].

Осы жағдай 1926 жылы 23-қаңтарда БОАК Комиссиясының ҚазАКСР және Қырғыз автономиялық облысында жерге орналастыру және жерді пайдалану мәселелерін талқылау жөнінде отырыста да көрінеді. Оған Аспендияров, Әлібеков, Құдайқұлов, Селиверстов және Серафимов қатысады. Отырыста қоныс аудару әрекеттеріне байланысты мәселе қарастырылып, тиісінше қаулы қабылданады. Қаулы мазмұны мынадай болды:

1. ҚазАКСР және Қырғыз автомиялық облысы жеріне БОАК ерекше нұсқауына шейін қоныс аударуды жабу мәселесі мақұлдансын;

2. ҚазАКСР және Қырғыз автомиялық облысына өз бетімен қоныс аударуды тоқтату мақсатында БОАК Президиумының 1925 жыл 14-қыркүйегіндегі қаулысына сәйкес КСРО басылым беттерінде жоғарыда көрсетілген автономиялық республика мен автономиялық облыс территориясына қоныс аударуға тиым салынғаны жайындағы нұсқауы кеңінен жариялансын...

3. ҚазАКСР және Қырғыз автомиялық облысының жергілікті жердегі билік орындарына өз бетімен келуші барлық келімсектерді әкімшілік тәртіппен кейін қайтару құқығы берілсін [2,28-п.].

Орталық өкілдеріне 2 және 3 тармақтар түрпідей тиеді. Серафимов қаулының алғашқы нұсқасындағы келтірілген «ойластырылмаған қоныс аудару» деген сөйлемдегі «ойластырылмаған» сөзіне қарсылық білдіреді. Тұрған аймағы халқы тығыз орналасқан аймаққа жатса, кезкелген адам туыстарын іздеп, жерге ие болу үмітімен сол жаққа сіңісуге тырысатындығын жеткізіп, бұл арада халқы тығыз орналасқан аудандарда қазақ және қырғыз жерлері қоныстануға келмейтіндігі жайында хабар таратылуы айтылғаны жөн еді дейді.

Аспендияров «ойластырылмаған қоныс аудару» сөйлемін «өз бетімен қоныс аудару» сөйлемімен ауыстыруға болатындығын айтып өтеді.

Сөз алған Әлібеков келімсектердің қара топырақты аудандарда қалыптасқан дағдыларымен далалықта шаруашылық жүргізе алмайтындығын айтып, «ойластырылмаған» сөзін сол жағдайларды анық көрсететін нық,салмақты сөзбен ауыстыруды талап етеді. Пікірін «Егер тұрғындар қалауы үкімет тарапынан қолдау тапса,онда келімсектердің ұйымдасқан түрде жылжуына жағдай жасалады. Ал өздері әрекеттенсе, ол «ойластырылмаған қоныс аудару» болып шығады және осы сөздің еш сөкеттігі болмайды»-деп,аяқтайды [3,-28-п.].

Қырғыз өкілі Құдайбергенов Серафимовтың өзі Қазақстанның оңтүстігі мен қырғыз өлкесінде артық жер жоқ екендігін білетіндігі, сондай-ақ БОАК 1925 жыл 14-қыркүйектегі қаулысы барлығын айта келіп, «Сондықтан да біздің ұсынысымызда Қазақстан және қырғыз жеріне қоныстану мүмкін емес екендігі нақты, табанды түрде көрінуі тиіс»-дейді[4,-28-п.].

Серафимовты қолдаушы Селиверстов «әкімшілік тәртіппен кейін қайтарып жіберу» кеңестік заңдылықтар мен Конституцияға сәйкес келмейтіндігі, адам құқығын аяқ асты ететіндігі жөнінде қамкөңілдік білдіреді. Сөйлеуші мұжықтардың қоныс аударуға болмайтындығы, болған жағдайда кейін қайтарылып жіберілетіндігі жайындағы қаулымен таныстырылса да олар адами қасиеттерге деген сеніммен малмүлкін сатып, бәрібір жолға шығатындығын, егер барған жерінен әкімшілік тәртіппен қуылса темір жолдар бойындағы қайыршылар қатарын күрт көбейтіп жіберетендігін алға тартып, қиналыс білдіріп,мынадай пікір айтады: «Осы мәселені басқаша қарастыруға болмай ма екен? Әкімшілік тәртіп құқығын алып тастап қатаң ескертумен шектелсе қайтер еді? Әкімшілік тәртіп жолымен кетіру шарасы – тым ауыр, тым қатал және тым қатыгез шара» [5,29-п.].

Жалпы, 1925 жылдың 11-сәуіріндегі ҚазАКСР ОАК қабылдаған декретте де өз бетімен қоныс аударушыларға қолданылатын түрлі әкімшілік шаралар көрсетілген еді. Бірақ ол декретті БОАК қабылдамай тастағаны белгілі. Серафимов осы жағдайды алға тартып, жергілікті жердегі билік орындарына әкімшілік тәртіппен қуу құқығын беруге болмайтындығына тағы да тоқталып өтеді. Оған негіздеме ретінде ол қоныстандыру шарасының қазіргі таңда Одақтың және партияның басты міндеттерінің бірі болып отырғанын, ОАК жанынан БҚК құрылғанын, осы жағдайлардың қоныстандыру ісінің күн тәртібінде нық тұрғандығын көрсететіндігін жеткізеді.

Серафимов республика ішіндегі тұрғындарды жермен қамтамасыз ету үшін әлі де болса жер қорын толық анықтай алмай жатқан кезде, әрине, қоныс аударуға тиым салу керектігі түсінікті екендігін, сол себепті өзінің де ҚазАКСР территориясына келімсектердің келуін қаламайтындығын, олай болса « әкімшілік тәртіппен кейін қайтаруға құқылы» сөйлемін «өз бетімен қоныстану әрекетін тоқтату мақсатымен» сөйлемімен ауыстыруды айтады [6,20-21-п.].

Оған жауап ретінде Аспендияров былай дейді: «...БОАК 1925 жыл 14-қыркүйекте қабылдаған осы қаулысы қоныс аударуға тиым салатын бесінші қаулы болды. Мен сонда ҚазАКСР декретінің күшін жоймау жөнінде айтқанымда Михаил Иванович (Калинин) «Жоқ, біз енді қоныс аударуға тиым салу жөнінде нақты шара қолданамыз»-деген-ді. 1925 жыл 14-қыркүйекте өз бетімен қоныстануға тиым салатын қаулы қабылданды. Мәселе Қазақстан мен Қырғыз автономиялық республикасының барлық өз бетімен келушілерді қабылдай алмайтындығында болды. Қазіргі таңда Самара губерниясынан тікелей көлік-арбаларымен ағылуда, темір жолы бойынан кездестірмейсіңдер. Олай болса шынымен де сол тиым салу баянды болуы үшін қандай да болмасын шара қолдану керек. Бұл арада әңгіме кордон қойылып, келгендерді сол арқылы кейін қайтаруда емес, әңгіме жерге өз бетімен отырып алып шаруашылық жүргізе бастайтын келімсектерде. Олар тез арада куылуы керек. Әйтпесе, бір жылдан кейін оларды жерге отырғызуға мәжбүр боламыз. Осы жағдай қандай да болмасын бір қатаң шара қолдануды талап етеді. Сол себепті де «Жергілікті органдарға әкімшілік тәртіпппен кейін қайтару құқығын беру» сөйлемін қалдыру керек. Халқы тығыз аудандардан келімсек қаптайтынын Серафимовтың өзі мойындап отыр. Бұған көз жұмып қарауға болмайды. Біздің комиссия өз бетімен келушілерді тізгіндеу шарасын қарастыру үшін құрылды. Сондықтан, аталмыш тармақ керек және дұрыс тармақ болып қала береді.Шара жергілікті орындарда қабылданатын болады»[7,21-п.].

Әлібеков қоныс аудару жоспарлы, ұйымдасқан түрде болуы тиіс екендігі, сол себепті де өз бетімен қоныс аудару рұқсатсыз әрекет болып саналатындығы, осы мәселені бірыңғайлауды ақырына дейін жеткізу керектігін сөз қылады. Ол Селиверстовтың әкімшілік тәртіппен кейін қайтару әрекеттерін адам құқығын бұзу және қазіргі заң талаптарына қайшы болып табылмай ма деген пікірлеріне «Қажет жағдайда біз әкімшілік жаза емес, ату жазасын қолданамыз. Бұл әрекет қатыгездік шара болып көрінуі мүмкін. Бірақ, кезкелген жағдайға нақты шарамен кепілдік берілуі керек, басқаша болуы мүмкін емес»-деп,жауап береді.

Құдайбергенов те тармақтың сол күйінде қалу керектігін, онсыз барлық іс-әрекеттер келімсектердің алдағы уақыттарда стихиялы түрде ағылуының тоқталатына кепілдік бере алмайтындығын айтып, оппоненттеріне: « Егер сіздер басқа жақтың азаматтарының мүддесі мен құқықтарына жан ашығандық білдірсеңіздер, жерін басқа біреулердің тартып алмасына кепілдігі жоқ Қазақстан мен Қырғыз автономиялық облысындағы бұратана тұрғындардың да мүддесін, құқықтарын қорғауыңыз керек. ... Қазақстанды алыңыз, мұнда жерге орналастыру аяқталған жоқ, сондықтан кезкелген келімсек жерді басып қалумен айналысады. Егер Қазақстанға және Қырғыз автономиялық облысына келімсектер жұмыс істеу мақсатымен келсе, оларды кейін қайтару әрекеті болған емес. Ал,егер жер иеленіп, шаруашылық жүргізу үшін келген болса, ондай келімсектерді үзілді-кесілді түрде кейін қайтару керек»-деген пікір білдіреді.

Отырыс соңында Орталық өкілдері тарапынан «...жергілікті билік орындарына өз бетімен келушілерді әкімшілік тәртіппен қайтарып жіберуге құқы бар» деген тармақты алып тастауға ұсыныс түсіріледі. Алайда ол ұсынысты қолдап 2, қарсы 3 адам дауыс беріп тармақ өзгеріссіз қалады[8,33-34-пп.].

РКФСР ХКК өзінің 1928 жыл 27-сәуірдегі мәжілісінде (№25 хаттама) «БҚК баяндамасы бойынша қабылданған КСРО ХКК қаулысынан туындаған директиваларды орындау шаралары» жайындағы мәселені тыңдап, РКФСР Мемлекеттік жоспарлау мекемесіне 3 күн ішінде қоныстандыруға жер бөлуге мүмкіндік бар және тез арада астық-бидай шаруашылығын құруға жарамды аудандарды анықтау мақсатында ҚазАКСР жер қорларын зерттеуді ұйымдастыру мәселесін жасақтауды тапсыру жөнінде мазмұнда қаулы қабылдайды.

РКФСР ХКК осы және КСРО ХКК 1928 жыл 3 сәуірдегі қаулыларын Қазақстанды егін шарушылығы арқылы жайланудың алғашқы баспалдағы ретінде қарастыра отырып, ҚазАКСР Орталықтағы өкілі атынан орынбасары Ромин және хатшы Жантеміровтің қол қоюымен 1928 жыл 8 мамырда (№2317) БОАК Президиумына мәлімдеме жіберіліп, сол қаулылардың Қазақстан мүддесін бұзып отырғандығы және БОАК мен РКФСР ХКК күні бүгінге шейін келе жатқан заңдарына, заңдық актілеріне қайшы екендігі, сол себепті төмендегі негіздемелер аясында қайта қарауға жататындығы келтіріледі:

1. 1924 жылы 17 сәуірде ҚазАКСР Жер Кодексінің 142, 168 баптарында және 141, 168, 170, 194- баптарының қосымшаларында белгіленген талаптарды орындау, сондай-ақ жерді жергілікті жағдайға бейімдеп дұрыс және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында БОАК мен РКФСР ХКК «Көшпелі,жартылай көшпелі және отырықшылыққа өтіп жатқан тұр-

ғындарды жерге орналастыру» Ережесін бекітеді.

Осы Ереженің І-бабына сәйкес «жерге жерге орналастыру мекемелерінің бастамасымен жүргізілетін жерге орналастыру жаппай және міндетті сипатта болады және ол қазіргі таңда көшпелілерге, жартылай көшпелілерге арналған жазғы, басқа да маусымдық жайылымдары, оларға тиісілі көш жолдары жоқ отырықшы-егіншілік аудандардан басқа ҚазАКСР барлық аудандарын қамтиды».

Ереженің 3-бабы бойынша «Жер Кодексінің 155-бабына сәйкес арнайы қажеттіліктерге бөлінгеннен қалған жерлер 3-бап негізінде жерге орналастыру қоры»- деп белгіленеді.

Ереженің 6-бабында «Ережеге сәйкес жерге орналастыру жұмысы барысында барлық жерге орналасушыларға қажетті жер мөлшерін ақырына шейін анықтап болмайынша ҚазАКСР территориясындағы бос жерлерді пайдалануға жол берілмейді»-деп,көрсетіледі.

Кейінгі кездері Қазақстанға КСРО басқа аудандарынан өз бетімен қоныс аударушылық байқалуына байланысты БОАК Президиумы 1925 жылы 14 қыркүйекте (№20 хаттама) басқа республикалар, губерниялар және облыстардан Қазақстанға және Қырғыз автономиялық облысына қоныс аударуға тиым салынуы жөнінде қаулы қабылдайды.

1927 жылдың 28 ақпанында БОАК Президиумы төмендегі мазмұнда қаулы шығарады: «ҚазАКСР көшпелі және жартылай көшпелі аудандарындағы мемлекеттік жаппай жерге орналастыру жыл сайын мемлекеттік бюджеттен сол жоспарды жүзеге асыруға қаржы бөліп отыруды көрсететін Мемлекеттік Жоспарлау мекемесінің 1925 жыл 4 шілдедегі жоспарына ыңғайластырылып жүргізілуі керек».

Жоғарыда келтірілген РКФСР ХКК мен БОАК қаулыларының үзінділерінен байқағанымыздай Қазақстанның бұратана тұрғындарын жерге орналастыру ісіне шындығында үлкен мән берілген және осындай көзқарас аясында Қазақстанда 1924/25 жылдан бастап жаппай міндетті жерге орналастыру жүргізіліп келеді. Бұл жұмыс БОАК Президиумының 1926 жыл 30 тамыздағы (№69 хаттама) қаулысы бойынша 1936 жылы аяқталуы керек болады.

РКФСР ХКК 1928 жыл 27 сәуірдегі қаулысына сәйкес сырттан қоныстандыруға артық жер анықтау бағытында ҚазАКСР жер қорларын зерттеу жұмысын ұйымдастыру жоғарыда атап көрсетілген БОАК мен РКФСР ХКК қаулыларына қайшы келеді және БОАК 1924 жыл 14 сәуірдегі Ережесі бойынша жүргізіліп жатқан жерге орналастыру жұмыстарының қалыпты жүрісі мен қарқынын тежейді.

ІІ. Қазақстан территориясы өзінің табиғи-тарихи жаратылысы, климаттық, топырақтық-ботаникалық және гидрологиялық жағдайы жағынан жер шаруашылығына келмейді, олай болса егіншілік қоныстануға жарамсыз болып табылады. Сондықтан, ол жерлерді экстенсивті жайылымдық мал шаруашылығына пайдалану тиімді болар еді. Қазақстанның солтүстік жағындағы қара топырақты, қоңырқай қызғылт топырақты, жылдық жауын-шашын түсімі 250-300 мм. болатын кішігірім бөлігі егіншілікке келуі мүмкін. Бірақ, бұл бөлікте де жылдың бір мезгілдерінде жауын-шашын түсімі аз, орташа жылдық температурасының жоғары болатыны жиі кездеседі. Сондықтан, мұнда астық-бидай шаруашылығы тұрақты, берік дамыды деп айтуға болмайды. Бұған бұл аудандардың кей жылдардағы бидай өнімінің орташа көрсеткіші жөніндегі статистикалық мәліметтері дәлел бола алады.

Айтылған пікірге тағы бір дәлелдеме ретінде мынадай жағдайды ескертіп өткен жөн: революцияға дейін пайда болған бірқатар қоныстанушылар өнімділіктің төмендігіне, жер қабаттарының тез тозатындығына байланысты өз учаскілерін мүлдем тастап кетуге немесе егіншіліктен мал шаруашылығына көшуге мәжбүр болды.

Осы көрсетілген жағдайлар әлі күнге шейін Мемлекеттік Жоспарлау мекемесі тарапынан да, басқа да билік орындары тарапынан да (БҚК басқа) келіспейтіндігін білдірген дау-дамай туған жоқ, қайта РКФСР ХКК 1927 жыл 2 наурыздағы арнайы қаулысымен расталды. Қаулыда былай деп көрсетілді: «Қазақстанның табиғи-тарихи жаратылысы халық шаруашылығының негізгі саласы болып табылатын мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы екендігі ескеріле отырып, Қазақстан Одақтың халық шаруашылығы жүйесінде мал шаруашылығы ауданы болып танылсын».

Міне, осылар тез арада астық-бидай шаруашылығын құру мақсатында артық бос жер табуға бағытталған РКФСР ХКК 1928 жыл 27 сәуірдегі қаулысының дұрыс еместігін және оны қайта қарауды қажет ететіндігін көрсетеді.

Жоғарыдағы айтылғандар негізінде БОАК жанындағы ҚазАКСР өкілдігі БОАК Президиумынан РКФСР ХКК 1928 жыл 27 сәуірдегі қаулысын бұзуды және КСРО БОАК Президиумынан КСРО ХКК Қазақстанда егіншілік қоныстандыру үшін артық жер анықтау жө-

ніндегі мәселеге қатысты 3 сәуірдегі қаулысының жойылуына ықпал етуін сұрайды.

Ескерте кетер жай, БОАК жанындағы ҚазАКСР өкілдігі жоғарыда аталып өткен қаулыларды қабылдаған РКФСР ХКК және КСРО ХКК бірде бір отырысына шақырылған жоқ». [9,43-45-пп.].

Алайда БОАК 1928 жыл 14-мамырдағы отырысында ҚазАКСР өкілдігінің КСРО ХКК 3-сәуірдегі Қоныстандыру үшін Қазақстанда артық жер анықтау жөніндегі қаулысын жою керектігіне байланысты ұсынысы қабылданбайды, керісінше, сол артық бос жерлерді анықтауға экспедиция жіберу мәселесі мақұлданады.

Ал РКФСР ХКК 1928 жылы 22-мамырда ҚазАКСР жер қорларын зерттеуді ұйымдастыру мәселесіне байланысты КСРО ХКК 1928 жыл 3 сәуірдегі қаулысының 5-тармақтың жүзеге асыру бағытында шешім қабылдайды. Онда: «ҚазАКСР жер қорларын зерттеу жұмысы ерекше экспедицияға жүктелсін. Бірінші кезекте Орал губерниясының және Түрксіб темір жолы бойына тартылатын аудандар зерттелсін»-деп, көрсетіледі[10,12-п.].

Зерттеуге жоғарыда аталған аймақтармен қатар Елек, Ақтөбе, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Семей, Өскемен, Лепсі, Талдықорған, Алматы уездері және Қостанай округі тартылады.

Қоныстандыру мәселелері республика шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспарын талқылау барысында да қарастырылады.

ҚазАКСР шаруашылығының бесжылдық жоспары 1927 жылдың қазан айында РФСР Мемлекеттік Жоспарлау мекемесінде және ЕХК қаралады. Айта кетер жай, осы жоспар БҚК ведомосвоаралық бас қосуында да талқыланған еді. Бас қосуда жоспарды жасақтау барысында 1927 жыл 17 сәуірдегі Ереженің бірқатар талаптары бұзылғаны, яғни отырықшы тұрғындардың аудандары нақтыланбағаны, тек қазақ көшпелі тұрғындарының ғана емес, шаруашылықтың басқа да түрлерін жерге орналастыру баптары назарға алынбағаны сөз болады. Сонымен қатар, жоспарда қоныстандыру және жерге орналастыру бөлімі мәселесі тіптен жоқ екендігі, сол себепті 60% кедей және орташалар болып келетін тұрғындарды жерге орналастыру қарастырылмағаны айтылады[11,39-п.]. РКФСР Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Президиумы жоспарды 1927 жылдың 28 қазанындағы отырысында қарайды. Ауыл шаруашылығы секциясына жоспар бойынша қорытынды есеп жасауға тапсырма беріледі. Онда отырықшылыққа өту проблемасына, шаруашылықтың тиімді түріне, қоныстандыруға қажетті жер қорына, өлкенің бөлек-бөлек аудандарының ерекшелігіне назар аудару қажеттілігі ескертіледі.

Отырыс барысында айтылған қоныстандыру үшін жер қорын анықтау керектігі жөніндегі ұсынысқа ҚазАКСР Мемлекеттік Жоспарлау мекемесіндегі өкілі Маслов «жерге орналастыру ісі аяқталып болмайынша біз ешқандай жер қорын анықтамаймыз»-деп,жауап береді[11,39-п. келесі жағы].

1927 жылы 19 қазанда РКФСР ЕХК Жерге орналастыру және Мелиорация Басқармасының Қоныстандыру бөлімінде ҚазАКСР жерге орналастыру, мемлекеттік жер мүлкі, мелиорация және балық шаруашылығы жөніндегі 5 жылдық перспективалық жоспарын талқылау бойынша қорытынды жобасын тыңдау мәжілісі болады.

Мәжілісте БҚК кеңесшісі Феджерком өкілі Богдановскийдің қорытынды пікірі тыңдалады. Богдановский өз сөзінде ҚазАКСР ЕХК жоспарлары Қоныстандыру Комитетінің, Феджеркомның, РКФСР ЕХК келісімдері арқылы жасақталуы керектігін айтады, яғни олардың жоспарларында Қазақстанның орасан зор территориясын бүкілодақтық маңызы бар істерге қарастырылып отырғаны ескертіледі. Богдановскийдің пікірінше 200 млн.га құрайтын территорияның бар болғаны 2,2 млн. қазақ және 1,5 млн. жуық европалық тұрғындар мекендейтін солтүстік бөлігі халқы тығыз орналасқан аудандардан БҚК белгілегендей 10-20 мың жұмыс күшін орналастыруға келетін болды. Ал ҚазАКСР ЕХК ол атап көрсеткендей қолда малы болмағандықтан 60%-і мал шаруашылығымен айналыса алмай отырған кедей және орташалар мүддесін аяқ асты етіп, байлар қолдауымен көшпелі шаруашылықты дамытуды нысана ретінде алған болып шықты.

Мәжілістің қорытындысы төмендегідей бағытта өрнектеледі:

1) Жоспар ЕХК губерниялық және облыстық Жерге орналастыру Басқармаларына түсірген нұсқаулар талабына сәйкестендіріліп қайта жасақталуы керек;

2) ...Жерге орналастыру бар жерді көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарына бөліп беру мақсатын көздемеуі керек, керісінше, территория мен тұрғындарды төрт негізгі бөлікті (жерге орналастыру, қоныстандыру, мемлекеттік жер мүлкі, мелиорация) қамту арқылы ұйымдастыру шарасы ретінде қарастырылуы қажет;

3) Жоспар 1924 жыл 17 сәуірдегі Ережеде және БОАК Президиумының 1927 жыл 28 ақ-

пандағы қаулысында көрсетілген талаптарға сай құрылуы керек [12,88-п.].

Мәжілісте қоныстандыру мәселесіне қатысты мынадай мазмұнда шешім қабылданады:

1) Жоспарда қоныстандыру шарасын жүргізуге мүмкіндік беретін жер қоры жайында мәлімет жоқтығы және қоныстандыру жоспарын БҚК таратқан бағдарламаға сәйкес жасақтау керектігі ескерілуі тиіс;

2) Жоспарға 60%-і малмен ойдағыдай қамтамасыз етілмеген кедей және орташаларды отырықшы-егіншілік аудандарға қоныстандыру мәселесін кіргізу талап етілсін;

3) Мыналарды атап көрсету керек: ... г) Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуын жоспарлау көшпелі шаруашылық негізінде қарастырылуы дұрыс емес. Себебі, оның салдары жерге орналастыруда отырықшылыққа көшуге мүмкіндік бар аудандарда бір шаруашылыққа 136 га., таза көшпелі аудандарда 600-700 га жер бөлуге алып келеді[13,90-91-пп.].

Еңбек және Қорғаныс Кеңесі БҚК баяндамасы негізінде республика басшылығының келісімін алмай-ақ артық қор бар желеуімен 1929 жылы 18 қаңтарда Қазақстанның қоныстандыруға ашылуы жайында қаулысы шығады. Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының отырысында (13 ақпан 1929 жыл) аталмыш мекеменің іс әрекетіне наразылық білдіреді. Дегенмен, Қазақстан басшылығы белгіленген шараларды орындауға мәжбүр болады[14,1-3-п.].

Сөйтіп, Орталық қоныстандыру мәселесінде революцияға дейінгі кезеңдегі біржақтылықты ұстанып, патша үкіметінің отаршыл жер саясатын жалғастырушысы болып қала берді.

---

1. Ресей Федерациясының Мемлекеттік Мұрағаты, 3260-қ.,5-т.,52-іс.
2. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
3. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
4. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
5. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
6. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
7. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
8. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
9. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
10. РФ ММ.,1235-қ.,120-т.,170-іс.
11. РФ ММ.,3260-қ.,7-т.,29-іс.
12. РФ ММ.,3260-қ.,7-т.,29-іс.
13. РФ ММ.,3260-қ.,7-т.,29-іс.
14. РФ ММ.,1235- қ.,141-т., 245-іс.

З. С. Тоқбергенова

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ 1917 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫҢ КҮШЕЮІ КЕЗЕҢІНДЕ

1917 жылғы шілденің басында Россияның орталығы Петроград қаласында түптеп келгенде елдегі қосөкіметтілікті жоюға әкеп соқтырған, қоғамдағы азаматтық қарама-қарсылықтардың күшеюіне әкеп соққан оқиғалар орын алды. 3-4-ші шілдеде Петроградта большевиктер партиясы ұйымдастырған жұмысшылар мен солдаттардың Уақытша үкіметтің соғыс саясатына қарсы бағытталған және “бүкіл өкімет жұмысшы-солдат кеңестеріне берілсін!” деген ұранмен өткен демонстрациясы болды. Бұл демонстрацияны Уақытша үкімет қарулы күш қолданып, басып-жаншыды. Азаматтық соғыстың тікелей қаупі төнді, ал мұндай саяси хал-ахуал елдің орталығында ғана емес, оның ұлт аймақтарында да азаматтық қарама-қарсыластықтың күшеюіне әкеп соқты.

1917 жылғы шілденің ортасында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі облыстарының жұмысшы және солдат депутаттары өкілдерінің өлкелік конференциясында Кеңестердің өлкелік атқару комитеттің эсерлер мен меньшевиктерден тұратын басшылығы осы өңірдегі өкімет билігін толығымен Уақытша үкіметтің Түркістандық комитетіне беру туралы мәселе қойды және конференцияға қатынасушыларды осы ұсынысты қолдауға шақырды [1]. Айтылмыш конференция 14 шілдеде Түркістан елі мен өлкесіндегі дара билікті (единовластие) Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарына беру туралы шешім қабылдады.

Бұл шешім Түркістан өлкесінде, ең алдымен Сырдария облысында, Уақытша үкіметтің жеке дара билігін орнатудың және сонымен қатар жергілікті Кеңестердің дербестігін жойып,

олардың бұдан былай билік жүйесінен аластатудың бастамасы еді.

Петроградта жартылай жасырын жағдайда өткен (1917 ж. 26 шілде - 3 тамыз аралығында) большевиктер партиясының алтыншы съезі елдегі бүкіл өкімет билігін Уақытша үкіметке беріп, "халыққа сатқындық жасаған" меньшевиктер мен эсерлерді айыптап, ендігі кезекте өкімет билігін солардан тазартылған жаңа кеңестерге берілуін қамтамасыз ететіндей қарулы көтеріліс әзірлеу қажет деп тапты. Съезд шешімдерінде бұл күресте жеңіске жетудің шешуші шарты жұмысшы табы мен кедей шаруалардың одағы болатындығы баса көрсетілді. Съезд қарулы көтерілісті әзірлеу кезеңінде партия мүшелеріне "ашық және астыртын жұмыстарды ұштастыру тактикасын қатаң ұстауды, насихат пен үгітті… буржуазия өкіметі құламай тұрғанда еңбекшілердің бейбітшілікке де, жерге де, ұлттық теңдікке де қолы жетпейтінін түсіндіруге баса көңіл бөлу ұсынылды" [2].

Біртіндеп большевиктер ықпалы күшейе бастаған Қазақстан мен Түркістандағы жергілікті кеңестер бір жағынан, Уақытша үкіметтің сол аймақтардағы органдарынан (оның Түркістан комитетінен, облыстық және уездік атқару комитеттерінен), іргелерін аулақ сала бастаса, екінші жағынан, жергілікті халықтардың ұлттық-демократиялық ұйымдарына ("Алаш" пен "Шора-и-ислам" партияларына) менсінбей қарап, олармен санаспайтын позиция ұстады.

Түркістандағы ұлттық демократиялық күштердің Уақытша үкіметті сендіру арқылы оны өлкедегі ұлт мәселелерін (ең алдымен автономия мәселесін) әділ шешуге қол жеткізу жолындағы үміттері сағымға айнала бастады; Уақытша үкіметтің ұлт мәселесінде іс жүзінде тарих сахынасынан кеткен патша үкіметінің саясатын сақтап қалғандығына көпшіліктің көзі жете бастады.

Өлкенің саяси өмірін жандандырып, ондағы қарама-қарсылықты күшейте тусуге Түркістанның федералистер партиясын құру әрекеттері белгілі дәрежеде әсер етті.

Түркістан федералистер партиясының бағдарламасы дайындалып, оның мәтіні (тексті) 1917 жылғы қыркүйек айында Гулям Арифжановтың баспаханасында литографиялық әдіспен жарық көрді. Партия бағдарламасы кіріспеден және 10 бөлімнен тұрады: мемлекет пен автономия; ұлт мәселесі; дінге көзқарас; жер мен су мәселесі; жерге жекеменшік орнату жөнінде; жұмысшылар; заң мәселелері; халық ағарту ісі, т.т. Осы құжатқа жан-жақты талдау жасаған өзбек ғалымы С. Ағзамходжаевтың пікірі бойынша жалпы алғанда Түркістан федералистері партиясының бағдарламасының басты мақсаты Ресей демократиялық Республикасының құрамындағы Түркістанның ұлттық-территориялық автономиясын құру болып табылды [3].

Дәл осындай басты мақсат 1917 жылғы шілде айында құрылған "Алаш" партиясының бағдарламасының жобасында да айқындалған еді [4].

Тұтастай алғанда Түркістан федералистері мен Алаш партияларының бағдарламаларында ұқсастық (тіпті сабақтастық десе де болады) көп. Атап айтқанда олардың екеуінің де мазмұны онон баптан (бөлімнен) тұрады және олар бірбіріне өте ұқсас. Түркістан федералистері партиясының бағдарламасының негізгі бөлімдері жоғарыда аталды. Дәл соларға ұқсас баптар "Алаш" партиясы бағдарламасының жобасында да орын алған. Олар негізінен мынаған саяды: мемлекеттік құрылыс; жергілікті бостандық; дін; билік және сот; ел қорғау мәселесі; салық; жұмысшылар; ғылым-білім үйрету; жер мәселесі [4].

Осы мәселелерді шешу жолдарын анықтауда екі партия бағдарламаларында ұқсастық та, айырмашылық та орын алған. Алғашқы ұқсастық Ресейдің мемлекеттік құрылысы мен автономия мәселесіне байланысты. Екі партияның да бағдарламалық талаптарында Ресейдің демократиялық федеративтік республика болуы және оның құрамында оған кіретін басқа мемлекеттік құрылымдармен терезесі тең қазақ және Туркістанның жергілікті халықтарының ұлттық-территориялық автономиялары құрылуы талап етілген. Екінші ұқсастық адам құқына байланысты: аталмыш партиялардың бағдарламалық талаптарында елдің тұрғындары олардың тіліне, діліне, нәсіліне, жынысына қарамай тең болсын делінген. Осындай ұқсастықтар екі партияның оқу-ағарту, билік жүргізу, сот жүйесін құру, жұмысшылар мәселелеріне байланысты талап тілектеріне тән. Атап айтқанда Алаш партиясы да, Түркістан федералистер партиясы да, балаларды тегін оқытуды, жергілікті халықтар тілінде жоғарғы оқу орындарын ашуды, билік пен сот жүйесінің "халықтың тұрмыс ыңғайына қарай болуын", өнеркәсіп орындарында жұмысшылар үшін сегіз сағаттық жұмыс күнін белгілеуді талап етті.

Енді осы партиялардың бағдарламалық тұжырымдарындағы айырмашылыққа келетін болсақ, ол ең алдымен жер мен суды пайдалану мәселелеріне қатысы бар екендігін байқаймыз. Алаш партиясының бағдарламалық талаптары

мен оның көсемі Әлихан Бөкейхановтың көзқарасы бойынша жер, оның астындағы және үстіндегі байлық бүкіл халықтың игілігі, жерді жеке меншікке сатуға болмайды делінсе, Түркістан федералистер партиясы жерге тұрақты жеке меншік орнатумен қатар су пайдаланудың тиісті ережелері болуын талап етті. Алаш партиясы негізінен өркениетті елдерге тән сот жүйесін құруды жақтап, тек қана "қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен (яғни-әдет заңдары бойынша - З.Т.) қаралуы" қажет дей келіп, молданың қарауына "неке, талақ (ажырасу - З.Т.), жаназа, балаға ат қою сияқты істер" жататындығын анықтады [5].

Түркістан, оның ішінде Сырдария мен Жетісу облыстарында, 1917 жылғы Петроградтағы шілде оқиғаларынан кейін қалыптасқан саяси хал-ахуал жергілікті әртүрлі бағыттағы саяси ұйымдар мен қозғалыстардың арақатынастарын белгілі деңгейде шиеленістірді. Олардың біразы (атап айтқанда кадеттер, эсерлер, "Алаш" партиясы, "Шуро-и-ислами", жекелеген жастар ұйымдары) елдегі билікті түгелдей өз қолына алуға тырысқан Уақытша үкімет пен оның жергілікті мекемелерін қолдаса, немесе оларға іш тартса, екіншілері (большевиктер, солшыл эсерлер, жекелеген қалаларға орналасқан гарнизондағы солдаттар комитеттері, жергілікті халықтар жұмысшыларының кедейленген топтары, майданның тыл жұмыстарынан елге оралғандарының біраз бөлігі, "жас қазақ", "қазақ-қырғыз жастарының революциялық одағы" сияқты ұйымдар) жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерін ашық жақтайтын болды.

РСДЖ(б)П-ның орталық органдары жер-жердегі өз ұйымдарымен, соның қатарында Түркістандағы, тұрақты байланыстар орната бастады.

1917 жылғы Петроградтағы шілде оқиғаларынан кейінгі екі-үш айдың ішінде оған дейін меньшевиктердің ықпалы басым болған Черняев біріккен социал-демократиялық ұйымында большевиктердің ықпалы күшейді [6]. 1917 жылдың күзінде негізінен славян халықтары өкілдерінен тұратын Черняев большевиктерінің және оларды жақтаушылардың қатары А.Байсейітов, Ш.Бурнашев, Қ.Дауысов, Ұ.Бәкішев сияқты жергілікті халық өкілдерімен толықтырылды. Бұлардың қатарында 1894 жылы туған ұлты өзбек Рахым Тақабаев, оның замандастары Дүйсен Ерімбетов, Сайрашбай Қырғызбаев, Қилыбай Көсеубаев, т.б. болды [7].

Нәтижесінде Сырдария облысының кейбір өңірлерінде (негізінен жұмысшылар мен солдаттар шоғырланған қалалар мен ірі елді мекендерде) Кеңестердің беделі және оларға деген большевиктердің ықпалы өсе бастады.

Жаңа жағдайда Түркістанның, оның ішінде Сырдария облысының, түпкілікті халықтарының саяси белсенділігі күшейді. Мұны "мұсылман", яғни түпкілікті жұмысшылары депутаттарының кеңестерінің құрылуынан анық көруге болады. Белгілі қоғам қайраткері, әскери дәрігер, әрі тарихшы С.Ж. Асфендияров "Наша газета" айналымының 1917 жылғы 5 қыркүйекте жарияланған "Мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі" ("Совет мусульманских рабочих депутатов") атты мақала жариялады. С.Ж. Асфендияровтың пікірінше мұсылман жұмысшылары кеңесінің құрылуы – олардың саяси белсенділігінің артуының нәтижесі. Кеңесті құру идеясы, дейді С.Ж. Асфендияров, "ең алдымен тыл жұмыстарында болып қайтқан жұмысшылардың санасында пайда болды. Осы жұмысшылар әуел баста 16 адамнан тұратын ұйымдастыру бюросын құрады. Оның қызметі өлкелік жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі тарапынан қолдау тапты" [8]. 1917 жылғы 15 шілдеде көптеген қазақ жұмысшыларының қатысуымен өткен Ташкент тұрғындары ("мұсылмандары") өкілдерінің қалалық жиналысында мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі құралып, оның атқару комитеті сайланды. Осы атқару комитеттің төрағасы болып сайланған С. Ж. Асфендияров өзі басқаратын ұйымның міндеттерін былай деп түсіндірді: "…біз, Түркістандағы мұсылмандар ішіндегі жұмысшы қозғалысының ізашарлары (пионерлері) ретінде, ешбір күмәнсіз орыстың демократиялық ұйымдарымен қоянқолтық, қол ұстасып бірге боламыз, халқымызды азат ету жолындағы күреске кірісіп отырған біздер саналы күрескерлер ретінде әлемдік еңбек армиясының қатарына тұрамыз" [8].

Сырдария облысының (әрі Түркістан өлкесінің) орталығы Ташкентте құрылған мұсылман жұмысшылары депутаттарының кеңесінің үлгісімен көп кешікпей облыс уездерінің орталықтары мен өлкенің басқа облыстарында қазақ депутаттарының кеңестері де пайда бола бастады.

Осы процеске ұйымдасқан бағыт беру үшін 1917 жылғы 2-5 тамыз орталығында Ташкент қаласында бірінші Түркістан өлкелік қазақ депутаттары кеңесінің съезі болды. Оған Жетісу, Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарының өкілдері қатынасты. Съезд шешімінде қазақ депутаттары кеңестерінің басты мақсаты өлке-

нің түпкілікті халықтарының мүддесін қорғау деп мәлімдеді [9].

Дей тұрғанмен де, жергілікті халықтар өкілдерінен құрылған Кеңестер енбекшілердің халық бұқарасына айтарлықтай ықпал жасай алмады. Олардың қызметі негізінен Ташкент қаласы мен өлкенің жекелеген облыс және уезд орталықтарымен шектелді. "Мұсылман" халықтары өкілдерінің кеңестерін айтпағанның өзінде шілде оқиғаларынан кейінгі Түркістандағы саяси текетірес жалпы алғанда Уақытша үкімет органдарының басымдылығымен айқындалды. Олар жергілікті кеңестерді жекелеген өңірлердің қоғамдық-саяси өміріне араласуынан, екінші "өкімет" рөлін атқарудан біртіндеп шеттетуге бағытталған әрекеттерін күшейтті, кеңестердің қызмет аясына көптеген кедергілер жасады.

1917 жылдың тамыз айында бүкіл елде оның Түркістан мен Қазақстан сияқты отарлы ұлттық аймақтарындағы саяси хал-ахуал қатты шиеленесті. Егер осыған дейін мемлекеттегі іс жүзіндегі шындық билік үшін негізінен екі күш – бірінші жағынан, Уақытша үкіметтің төңірегіне топтасқандар, ал екінші жағынан, Кенестер төңірегіне біріккен күштер күресіп келсе, енді елде әскери диктатура орнату мүмкіндігі пайда болды.

Көп кешікпей, сол кезде Ресей армиясының бас қолбасшысы болған генерал Л.Г. Корнилов қарулы бүлік бастап, 1917 жылғы 25 тамызда батыс майданнан айтарлықтай әскер бөлімдерін Петроградқа қарай бағыттады және Уақытша үкіметтің отставкаға кетуін талап етті.

Мұндай жағдайда большевиктік үгітшілер қызыл гвардия жасақтары арасындағы жұмыспен шектелмей, Корнилов басқарған әскери бөлімдердегі солдаттар мен казактарға Корнилов бүлігінің ел тағдыры үшін қаншалықты қауіпті екендігін түсіндіріп, олардың бетін қайтару бағытында айтарлықтай табыстырға жетті.

Нәтижесінде екі-үш күн өтпей жатып Корниловшілдер Петроградқа жетпей тоқтатылды, 31 тамыз күні бүліктің басылғандығы жөнінде ресми түрде жарияланды. Корнилов және оны жақтаған бірнеше жоғарғы шен иелері (генералдар Лукомский, Деникин, Марков, т.б.) тұтқындалды.

Корнилов бүлігін басу барысында большевиктер үлкен саяси беделге ие болды. Елдің орталық аудандары мен шет аймақтарында кеңестердің большевиктендіру процесі басталды. Мемлекеттегі саяси хал-ахуал күрт өзгерді. Большевиктер "Барлық өкімет кеңестерге берілсін!" деген ұранды қайтадан көтерді.

1917 жылғы 29 тамызда Корнилов бүлігі туралы телеграф хабарын алғаннан кейін Түркістан қаласы жұмысшыларының, гарнизон солдаттарының, Түркістан теміржол станциясы тұрғындарының көп адам қатынасқан митингісі болды. Митинг қабылдаған қарарда Корнилов бүлігі қатаң айыпталды және барша халық революция ісін қорғауға шақырылды [10]. Түркістан қалалық кеңесі "контрреволюциямен күресу үшін" жауынгерлер (әскери) жасақ (дружина) құрды. Бұл туралы орталыққа хабарлаған Кеңес басшылығы "жауынгерлер жасағының революцияны ішкі және сыртқы жаулардан қорғау үшін әркез дайын тұратындығын мәлімдеді" [11].

Уақытша үкіметке қарсы бағытталған қарсылық толқыны өлкенің әскери гарнизондарын түгел қамтыды [12]. Мұндай жағдай, атап айтқанда Перовск қаласында уақытша орналасқан екінші және үшінші запас полктарының солдаттары арасында анық көрінді.

Азық-түлік тапшылығы салдарынан облыс қалаларында жұмысшылардың, солдаттардың, жергілікті ұлт өкілдерінің толқулары мен билік жүйесіне деген қарсылықтары күшейді [13].

Шаруалардың жер мен су үшін күресі жаңа серпінге ие болды. 1917 жылғы 5 қыркүйекте Сырдария облысының комиссары округтік сотқа мынадай мәлімдеме жолдады. "Жер мен су көздерін тартып алу жалғасуда, ешкім ешбір заң мен қарарға бағынбайтын болды, сот үкімдері орындалмайды, жалпы алғанда барлық жерде анархия үстемдік етуде" [14].

13 қыркүйекте ескі қаладағы шейхантауыр мешітінің жанында 15 мыңдай адам қатысқан митинг өтті. Жергілікті тұрғындардың шақыруымен оған қалалық кеңестің атқару комитеті мен революциялық комитеттің мүшелері қатынасты. Митингке қатынасушы ескі қала тұрғындары Ташкент қалалық кеңесінің атқару комитеті мен ревком мүшелеріне сенім білдірді [15].

13 қыркүйекте Ташкентте өкімет іс жүзінде қалалық кеңестің қолына көшті, болған оқиға туралы телеграф арқылы өлкенің барлық кеңестеріне хабар берілді.

Ташкент қалалық кеңесінің атқару комитетінің негізінен солшыл эсерлер мен большевиктерден тұратын жаңа құрамы сайланды.

Өрши түскен саяси текетірестердің бір жағында солшыл эсерлер мен большевиктер ықпалында болған Ташкент қалалық жұмысшы және солдат депутаттар кеңесі, екінші жағында Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оның шылауына айналған кеңестердің өлкелік атқару комитеті болды.

Съез қабылдаған Түркістанның келешектегі саяси құрылысы туралы қабылданған шешімінде демократиялық Россия федеративтік республикасының құрамында Түркістан халықтарының "Түркістан федеративтік республикасы" атанған автономия құру идеясы ұсынылды және ол парламенттік республика болған жоқ делінді [3]. Қалай болғанда да бұл идеяның кейінірек, 1917 жылдың қарашасында "Түркістан ("Қоқан") автономиясын құруға түрткі болғаны белгілі.

Большевиктердің еңбекші бұқарасына жасаған ықпалы күн өткен сайын үздіксіз өсе берді. Елдің басқа өңірлеріндегі сияқты, Сырдария облысында да, көптеген жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің басшылығына большевиктер немесе оларды жақтаушылар келе бастады.

Сырдария облысының, бүкіл Түркістан өлкесінің большевиктері партияның VI съезінің шешімдеріне сәйкес буржуазияшыл өкімет билігін құлатып, Кеңес өкіметін орнату үшін жанжақты дайындықтар жүргізді.

1917 жылғы 13 қазанда Ташкент кеңесі аса маңызды қарар қабылдады. Онда бұдан былайғы кезде барлық әскери бөлімдер, полктар мен рота командирлері "әскери бөлімдердің және гарнизондардың таратылатын топтарын бір жерден екінші жерге ауыстыру үшін жергілікті кеңестердің атқару комитетінің рұқсатын алу міндеттелді" [13].

18 қазанда кәсіподақтар мен әскери бөлімдердің өкілдері қатынасқан Ташкент қалалық кеңесінің кеңейтілген мәжілісі соғысты тоқтатуды, тұтқындалған революционерлерді босатуды, барлық жерлерді жер комитеттеріне беруді, жасырын дипломатияны жоюды талап еткен большевиктер ұсынған шешім жобасын қабылдады. Бұл шешімді қолдап 89 кеңес мүшесі дауыс берді, 4-ақ адам қарсы дауыс беріп, 6 кісі қалыс қалды. Ал мұның өзі Ташкент қалалық кеңесі түгелге дерлік большевиктердің соңынан ергендігін көрсетті [13].

Қорыта келгенде, Түркістандағы азаматтық қарама-қарсылықтың шиеленісуі мен "төмендегілердің" мемлекеттік билікті өз қолында ұстап тұрған "жоғарыдағыларға" наразылығы күшейген жағдайында осыған дейін Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарын (ең алдымен оның Түркістан комитетін) қолдап келген эсерлер мен меньшевиктердің бірлігі әлсіреп, олар бөлектене бастады. Атап айтқанда эсерлер партиясынан олардың солшыл қанаты, ал меньшевиктерден "меньшевик-интернационалистер" аталған тобы бөлініп шықты. Солшыл эсерлер мен меньшевик-интернационалистер Уақытша үкіметке қолдау көрсетуден бас тартып, "бүкіл өкімет кеңестерге берілсін" деген большевиктік ұранды қолдай бастады. Өкімет үшін күресте орталықтағы және ұлт аймақтарындағы, атап айтқанда Түркістан мен Қазақстандағы большевиктер тактикалық тұрғыдан солшыл эсерлермен және меньшевик-интернационалистермен одақтасты. Сондай-ақ большевиктер қызметінің, әсіресе қарулы күштер арасында жандануына байланысты үкімет билігінің қарулы көтеріліс арқылы кеңестердің қолына көшуінің алғы шарттары жасалғанын көреміз. Осындай жағдайда аймақта тәуелсіз Түркістан автономиясы идеясы да пісіп-жетіле бастады.

1. Подготовка и проведение Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане" /Сборник документов. – Ташкент: Фан, 1970.– 163 с.

2. Нұрпейісов К. Ұлы Октябрь Қазақстанда. - Алматы: Білім. – 1977. - 30 б.

3. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. - Ташкент, "Шарк", 2000. – 4, 56 с.

4. Қазақ.- 1917.- 21 қараша.

5. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы, 1995. – 221 б.

6. Григорьев В.К. Противостояние: Большевики и непролетарские партии в Казахстане. 1917-1920 гг. – Алма-Ата: Казахстан 1989. - 75 с.

7. Из истории борьбы за власть Советов в Казахстане // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Т. 17. – Алма-Ата, 1963. – С.147-149.

8. Асфендияров С.Ж. Совет мусульманских рабочих депутатов города Ташкента //Наша газета. - 1917. - 5 сентября.

9. Хроника событий Октябрьской революции в Узбекистане. - Ташкент. 1957. – 138 с.

10. Шымкент облыстық мұрағаты. Қор-57, тізбе-5, св.1, іс-2, 4-парақ.

11. Елеуов Т. Установление и упрочение Большой Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1961. – 197 с.

12. Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане: летопись событий 27 февраля 1917 г. – 30 июня 1918 г. – Алма-Ата, 1967. – с.154; 158-160.

13. Подготовка и проведение Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане" /Сборник документов. – Ташкент: Фан, 1970. – с.163,190,192.

14. Пашинцева З.В. Борьба за установление и упрочение Советской власти в Сыр-Дарьинской области // В кн.: Установление Советской власти в областях Казахстана /Сборник статей.

15. Иноятов Х.Ш. Победа Советской Власти в Туркестане. - М.: Мысль, 1978. – 184 с.

* * *

В статье рассматривается политическая обстановка в Туркестане, в том числе в Сырдарьинской области, сформированная после июльских событий 1917 года в Петрограде. Подробно изложены усложненные взаимоотношения между различными направлениями местных политических

организаций и движений, усиление авторитета краевых Советов и рост влияния большевиков на них.

* * *

In this article, the political situation in Turkistan is considered and in Syrdarian region as well formed after July's events of 1917 – s in Petrograd. The complicated relations between the different directions of the local political organizations and movements are profoundly stated, the string thinning of Soviet authorities and the growth of Bolshevik's (Majority's) influence upon them.

А. К. Булгынбаева

XX ҒАСЫРДЫҢ 20 - ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘКІМШІЛІК - АУМАҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қоғамдағы қатынастар мен құбылыстарды зерттеу, қоғамдық ғылымдардың, солардың ішінде, тарих ғылымының нақты міндеті. Өлке тарихының өткен кезеңдеріне зер салғанда, тарихи үрдістердің құжаттық негізділігіне деген қажеттілікті ескере отырып, XX ғасырдың басындағы Кеңес өкіметінің орнауымен болған Шығыс Қазақстандағы әкімшілік - аумақтық өзгерістерді көруге болады.

1919 жылы Семей қаласы, осы жылдың 10 - желтоқсанында Өскемен және Риддер қалалары азат етілді. Осы жылдың соңына қарай ревкомдар елдің барлық аудандарында құрылды. Олар губерниялық, уездік, болыстық, селолық және ауылдық болып бөлінді. 1919 жылғы 22-желтоқсандағы №37 Семей облыстық ревкомының нұсқауымен Уақытша Өскемен уезінің ревкомы құрылды.

1920 жылы 2-қаңтарда жұмысшы-шаруа қорғаныс кеңесі губерниялық, уездік ревкомдарды таратып, оларды кеңестердің атқару комитетінің қарамағына берді. Бұл кезде ақ гвардияшылар барлық жерде талқандалған болатын.

Кеңес мемлекетінің алғашқы жылдарында елде губерния, уез, болыс сақталды. 1920 жылдары Қазақстанның территориялық - әкімшілік құрылымы неше мәрте өзгерді. 29-сәуірдегі ведомствоаралық комиссияның қаулысымен Өскемен ревкомының 1-мамырдағы №70 және 6-мамырдағы №4890 Семей губревкомының бұйрықтарымен Алтай губерниясы Змеиногорск уезінің Бұқтырма өлкесінің Бұқтырма, Зырян, Михаил-Романов, Николаевка, Черновин, Верх-Бұқтырма, Богатырев және Петровка болыстары Семей губерниясына қосылды [1. 19].

1920 жылы 3-мамырда басқаруға қолайлы болу үшін 17 сәуірдегі Өревкомның №6 бұйрығын негізге алып, Өскемен уезі бойынша төрт болыс құруды ұсынды:

1. Ново-Усть-Каменогорск болысы құрамына енген селолар: Ново-Усть-Каменогорск, Уваров, Защита участкелік, Ульбинка, Украинка, Герасимовка, Феклистовка, Донской, Черепановка, Ермаковка, Таврия, Шайтановка, Троицк, Актөбе, Саратовка, Нетесовка, Самсоновка, Шелиха (9 Уревком).

2. Усть-Бухтарма болысы құрамындағы селолар: Бұқтырма, Березовка, Старо – Александровка, Ново – Александровка, Черемшанка, Вороновка, Северный, Братск және Усть-Тульск.

3. Батыс болысының құрамындағы селолар: Батыс, Мало – Красноярск, Большенарым, Мало – Нарым, Казнаковка, Чистодарь.

4. Алтай болысының құрамындағы селолар: Алтай және Өрел [2. 56].

Қазіргі облыстың аумағы (территориясы 1917 жылға дейін), Семей губерниясының Зайсан, Өскемен уездеріне және қалған біраз бөлігі Алтай губерниясының Змеиногорск уезіне кірді. 1920 жылы 4-тамызда Сібревкомның қаулысымен Змеиногорск уезінің кейбір болыстары Өскемен уезіне қарады. Осы уездің 31 болысынан Бұқтырма уезі құрылды.

Сонымен қатар елдегі ауыр территориялық-экономикалық жағдайға байланысты жергілікті тұрғындардың сұранысы бойынша, 1920 жылы 24-қаңтарда Змеиногорск уезінің өкілдері Семей губревкомына Бұқтырма болысының біраз бөлігін өздерінің қармағына алу жөнінде арнайы ұсыныс жасады. Осы күні бірден Семей губревкомы Сібір ревкомына жіберген жеделхатта шекаралық аймақтағы ауыр географиялық және экономикалық жағдайлара байланысты Змеиногорск уезін Семей губерниясына беру жөнінде ұсыныс жасады. Осы жылдың 16-20-сәуірі аралығында құрылған Ведомствоаралық комиссия Змеиногорск уезінің 8 болысын ауыр экономикалық, әкімшілік және географиялық жағдайларға байланысты, Семей губерниясынъ Бұқтырма өлкесіне беріп, оған төмендегі болыстарды енгізу көзделді: Бұқтырма, Зырян, Михаил-Романов, Николаевка, Жоғарғы-Бұқтырма, Черновин, Богатырев, Петров. Оған Алтай губерниясы Змеиногорск уезінің: Ново-Покров, Өскемен, Зырян, Михаил-Романов, Бұқ-

тырма, Жоғарғы-Бұқтырма, Богатырь Черновин, Петров, Николаев, оған ќоса Самар, Защита, Красивой, Полтава, Кутузов, Пограничный, Урюпин болыстары енді [3. 110].

Жаңа уездің құрылуының негізгі себептері: 1. Сібір ревкомында болған бес халық жиналысының шешімдеріндегі халықтың ұсыныстілегіне байланысты; 2. Елді мекендердің губерниялық және уездік орталықтан қашықтығы; 3. Өлкені басқарудың қиындығы; 4. Көз және көктем айларында уез орталықтарымен қатынас

жолдарының мүлде болмауы; 5. Өлкенің шекаралық жағдайы; оның табиғат байлықтары (өлкеде күміспен мыстың, қорғасынның, ішінара темір рудаларының және алтын көздерінің молдығы, Батыс Сібірдің марал өсірудің орталығы болуы мұнда белгілі «Рахман қайнары» минералдық көзінің орналасуы) және уез орталығы болмағандықтан халықтың шаруашылықты дамытуға деген белсенділігінің жеткіліксіздігі еді. Әрі қарай Бұқтырма уезінің құрылуы жөніндегі мәселе Қазақстанға Семей губерниясының берілуімен өзара байланыста болды. Өйткені 1920 жылы 26-тамыздағы БОАК және ХКК декретімен РСФСР-дің бір бөлігі ретінде КАКСР құрылды да, оған бұрынғы Семей губерниясы, Бұқтырма өлкесінсіз бекітілді. Барлық территориялық мәселелер Қырревком мен Сібревкомның өзара келісімімен шешіліп, РСФСР Орталық мекемелерінен рұқсат алуға тірелді.

Жаңа әкімшілік бөліниc бірліктерін бөлу үшін, Сібревкомының 1920 жылы 3-қыркүйекте Ерекше Ведомствоаралық комиссиясы қрылып, Алтай губерниясы Змеиногорск уезінің: Зырян, Михаил-Романов; Бұқтырма, Жоғарғы-Бұқтырма, Черновин, Петров, Николаев, Самар, Защита, Красивой, Полтава, Кутузов, Пограничный, Урюпин болыстарын; Семей губерниясы ерекше Бұқтырма уезіне орталығы Большенарым болып ұсыныс жасалды. Сібревкомның 1921 жылғы 27-ақпандағы қаулысымен комиссияның шешімін бекітіп қойған жоқ, НКВД арқылы БОАК-нің Президиумының қарауына жіберді. 13-маусымда БОАК-нің қаулысымен Бұқтырма уезі орталығы Большенарыммен КАКСР-нің Семей губерниясына берілді. Екі губерния арасындағы нақты шекара 4-6-шілде де Семей қаласындағы Аралас комиссиясының мәжілісінде бекітілді [3.111]. Осылайша, 1921 жылы Бұқтырма уезінің құрылуымен елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылымында өзгерістер болды.

Бұқтырма уезін құруда екі фактор ескерілді: халықтың ұсынысы және этникалық жағдай. Құрылу процесі бірнеше кезеңнен тұрды: 1. Алтай губерниясының құрамындағы Бұқтырма уезінің құрылуы; 2. Уездің Қырревком территориясының аумағына біріктірілуі. Ал сыртқы фактор – Қытай шекарасындағы қақтығыстар еді.

Уез территориясындағы халық саны 100 мыңнан астам болды [4. 2]. 1920 жылдың тамыз-желтоқсан айларында, Өскемен уезіндегі 56 болыстағы халықтың саны 243707 адам болды [5. 4].

1920 жылы 13-20 тамыздағы Кремльдегі В.И.Лениннің басшылығымен өткен мәжілісте Семейден барып қатысушы Ә.Ермеков «Қазақ өлкесінің жағдайы және оның шекарасын анықтау» атты баяндамасында Ертіс жағалауындағы жерлерді Қазақ республикасына қосудың қажеттілігін көрсете отырып, Ресейден қоныс аудартуды тоқтату, отырықшыланған қоныс аударушылардың, екі халықтың арасында жауластық тудырмау керек екендігін атап өтті. Бұл ұсыныс В.И.Ленин және көптеген басқа да делегаттар тарапынан қолдау тапты. Ал, Сібір ревкомының мүшесі В.И.Соколов Сібірдің Ертістен бөлінбейтіндігін атап көрсетеді. Ал, ұлттық Халық комитетінің өкілі Г.К.Орджоникидзе өзінің баяндамасында Қазақстан территориясына орыс шаруаларының орналасу тарихына тоқталып, патша заманының отарлық саясатын атап өтті. Ол Кеңес республикасына бұрынғы орыс казактары мен қоныс аударушылар қоныстанған қазақ жерлерін толығымен қалдыруды ұсынды. Мәжіліске қатысушылар бірауыздан Семей аумағын Ертістің оң жағалауымен қоса, Қазақ республикасына қалдыруды шешті [6. 56].

Қазақ АКСР-інің Орталық Атқару Комитетінің I сессиясының негізінде, Семей губерниясы 1920 жылы 11- желтоқсанда құрылды.

1921 жылы уездердің құрамы 30 болыстан тұрды:

1. Бұқтырма уезі: Алтай, Баты, Бұқтырма, Богатырь, Буденовка, Боран, Жоғарғы-Бұқтырма, Защита, Зырян, Катон-Қарағай, Красивая, Құлажүргін, Күршім, Кутузов, Нарым, Некрасов, Николаев, Петровка, Пограничный, Подгорный, Поздняковская, Полтавская, Пролетарская, Самар, Соловьев, Темір-Тұрғысын, Тимофеевка, Үржар, Чернов, Шыңғыстай.

2. Зайсан уезі: Базаров, Басман-Базов, Белокаменка, Благодаринка, Благосовск, Борсайрык, Букань-Олеговск, Боран, Горный, Дарственное, Иванов, Қорбуған, Кендірлік, Көкпекті, Қалжыр, Құлжал, Лобин, Майтерек, Маңырақ, Нарым, Өкпекті, Петропавловск, Пограничная, Подгорная, Теріс-Айрық, Тополев-Мыс, Хабар-Ассуй, Қара-Ертіс, Шілікті, Шорға.

3. Өскемен уезі: Айыртау, Ақбала, Бобровка, Большенарым, Буконь, Быструха, Велико-Дмитреевка, Владимировка, Георгиевка, Глубокое, Каменка, Қарабұжыр, Моршенск, Колбинская, Кондратьев, Құлынжұн, Михайло-Архангельская, Отрадное, Предгорненская, Риддер, Секисовка, Сібе, Сұлұсары, Тайынты, Тарғын, Троицк, Ұлан, Черемшанка, Шар, Чистополь [7. 46].

1921 жылдың наурызына дейін Бұқтырма уезі арнайы түрде жеке уез болып бөлініп, шекарасы анықталған жоқ. 1921 жылы 2-маусымда Бұқтырма уезі құрамындағы 15 болысымен РСФСР-дің Алтай губерниясынан Қазақ АКСР-інің Семей губерниясына берілді [8. 161].

1921 жылы 13-маусымда Бобровка, Большереченск, Быструха Предгорный, Өскемен, Черемшанка, Чистополь болыстары Өскемен уезіне, Бородулиха, Қайыңды, Воздвижен, Выдриха, Ново-Покров, Ново-Ульба Черняев, Красноярск болыстары Семей уезіне берілді. [9. 58].

Осы жылы 16-тамызда Өскемен уездік атқару комитетінің президиумының №36 хаттамасымен уез: Бұқтырма және 2 жеке казак станицаларымен, Бобровка, Риддер, Владимир, Өскемен, Велико-Дмитриевка, Георгиевка, Самар, Михайл-Архангельск, Предгорный, Лосиха, Секисовка, Быструха, Ұлан, Тарғын, Николаев, Сұлусары, Буконь болыстарына біріктірілді. 1926 жылғы санақта Өскемен уезінің халқының саны: Өскемен қаласында 13928, Риддерде 9468, Риддерсіз уездің отырықшы 138996 адам болды. Уездің халқының саны 162392 адам, оның 79736-ы әйел, 32591-і ер адамдардан тұрды.

1923 жылы 24-тамызда Өскемен уездік кеңесінің сьезіне 180569 адам-ның атынан 214 делегат қатысқан. Болыстардан 172 адам болды. 1923-1924 жылдары Өскемен уездік атқару комитетінің мүшелері 11 адамнан тұрып, уездік атқару кеңесінің төрағасы Н.И.Похватиловский, Жер комитетінің төрағасы Б.Тогузов, басқару бөлімінің меңңерушісі И.С.Сухоплюсов болды [10. 17].

Бұқтырма өлкесі Монғол және Қытай шекараларымен шектесіп, әкімшілік жағынан Өскемен уезіне бағынды. Ал оның болыстарының бір бөлігі Алтай губерниясының Змейногор уезінің құрамында болды. Бұқтырма өлкесіне Кенді Алтайдың кең территориясы кірді. Бұл қазіргі Зырян, Серебрянск қалалары, Большенарым, Катон-Қарағай, Самар және Күршім аудандарының біраз бөліктері енді. 1925 жылы Бұқтырма уезінің аумағы 33778 шаршы верста, елді мекендер 196 орыс селолары мен 66 қазақ ауылдарындағы халықтың саны 113219 адам, оның 81204 орыс, 32015 қазақтар еді [11. 6].

Уездің әкімшілік желісі 7 болыстық атқару комитетінен құрылды. Олар: 3 қазақ, 4 орыс; 88 ауыл-селолық кеңестердің 29-ы ауылдық, 59-ы селолық болды. 1920 жылдары Бұқтырма ауданынан Катон-Қарағай ауданы құрылды. 1925 жылы уез аумағында 196 орыс селолары мен 66 қазақ ауылдары болды. Уезде 37952 бас ірі қара, 37646 жылқы, 512 түйе, 65698 қой, ешкі, 1069 өгіз өсірілді.

Жоғарғы-Бұқтырма (орталығы Сенное селосы) және Солоновка болыстарынан Позднякovский болысы құрылды, (болашақтағы Большенарым ауданының территориясы). Келесі Боран болысының Пролетар, Николаевка болыстарынан Пролетар болысы құрылып, кейіннен Зырян болысына қосылады. Округтарды құрудағы басты мақсат – жергілікті кеңестердегі жетекшілікті күшейту болды [12. 2].

1920 жылдары ауданның әкімшілік бөлінісі: Күршім өзенінің оңтүстік жағалауында орналасқан Семей болыстары Полтавская (Буденовка селосы); Күршім, Қызылтас және Майнап арасындағы; Урнорская (Үлкен Кесек) Семей губерниясының Өскемен уезіне қарады. Күршімнің сол жақ жағалауындағы Күршім-Алтай, Дарствен және Майтерек болыстары Семей губерниясының Зайсан уезіне қарады. 1920 жылдан 1927 жылға дейін бұрынғысынша қалып, бірақ Семей губерниясының Бұқтырма уезінің қармағына өтті.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Зайсан уезіне Семей губерниясындағы 9 болыстық атқару кеңесі кірді. Оның екеуі болыс атқару кеңесі орыс отырықшы тұрғындарынан, 4 болыстық атқару кеңесі казак тұрғындардан және 3 болыстық атқару кеңесі аралас халықтардан тұрды. Уездің халқының саны 125294 адам, оның 72 пайызы қазақ көшпелі тұрғындарынан, 28 пайызы орыс халқынан тұрды. Уездің территориясында Көкпекті, Буконь, Зайсан және Кендірлік орыс-казак станицалары орналасты. Көкпекті және Буконь станицаларының халқы уездің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасып, егіншілікпен айналысты [13. 5]. Уез экономикалық жағынан алдыңғы орында болды. Бұл уездің казактары қосымша балық аулаумен айналысады. Халық бұрынғы казак дәстүрлерін сақтай отырып, бір-біріне көмек көрсетті. Ал Кендірлік, Зайсан станицалары уездің оң жағында орналасты. Қытаймен шекарадағы халық егіншілікпен айналысып, ирригациялық жүйемен суғарды. Зайсан уезінің Максимов болысы 1908- жылдан тіркелді. Орталығы Успенка

поселкесі, ал 1925 жылы күзден Алексеевка поселкесіне көшірілді. Монғолия мен Алтай тауларының биігінде, Марқакөл көлін айнала Алекссевка, Николаевка поселкелері таудың етегіндегі Алқабек өзенінің жағасында орналасты. Болыс территориясы 1377 шаршы верстаны құрады. Халқы орыс-старожилдар, оның 37 пайызы кержақтар, тек 10 пайызы қазақтар, барлығы 1427 үй, 6873 адам, оның 3715-і әйелдерден тұрды. 1920 жылдардың соңында уезде әкімшілік жағынан ықшамдау аудандарға бөлу жұмыстары қолға алына бастады. 1926 жылы ақпан айында әкімшілік орталығы Зайсанда қалалық кеңес құрылды [14. 17].

1924 жылы Зайсан уезіндегі халық саны 125299 адам, оның 59209 әйелдер, 66090 ерлер болып, 26320 шаруашылықтан тұрды [15. 3]. 1926 жылы Зайсан қалалық кеңесінде халықтың мөлшеріне қарай ауылдық-поселкелік кеңестер ұйымдастырылды. Ауданда алғаш отырықшылыққа бетбұрыс жасаған қазақ ауылдары Топтал (Айнабұлақ), Жарсу, Лагерь, Кеңөткел, Қызылсұңқар, Шаңдықала (Қуаныш) құрылды [16. 3].

Ал, 1926 жылдары уезде көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар 19390, көшпелі және отырықшылар 26320, қала халқы 811, отырықшы халық 6119, барлығы 125299 адам; оның 36077-ін орыс, 4976-ын казактар, 89222-сін қазақтар құрап, уездің территориясы 67 мың шаршы шақырым болып, 1 шаршы шақырымға 2 адамнан келген. Сол сияқты халықтың мүліктік жағдайы ауқаттылар 4,7 пайыз, кедейлер 59,1 пайыз, орташалар 36,2 пайызды құрады. Қазақстанның шалғай ауылдарында Кеңес мемлекетінің ықпалының нығаюына оларды кеңестендіру саясаты әсер етті. Әкімшілік– территорияларды қайта құру қажеттігі туды. 1926 жылға дейін құрылған уездер мен губерниялар экономикалық талдаусыз жалпы жобамен бөлінді. Қазақстанда 6 губерния, 2 округ болды. Әрбір губернияның жер көлемі 0,5 млн, уездер 60-80 мың шаршы шақырым жерге орналасты. Болыстардың жер аумағы 10 мың шаршы шақырым болды. Байланыс, жол қатынастарының нашар болуы, жергілікті кеңестердің шаруашылық ұйымдастыру, мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізуге кедергі болды.

1926 жылы Шығыс өңіріндегі халықтың саны 4919974 адам болса, оның 174913-і қазақтар, 263134-і орыстар, 37857-і украиндар және қалғаны басқа ұлт өкілдерінен тұрды. Ал 1939 жылы халық саны 527790 адам болып, қазақтар 115578, орыстар 360448, украиндар 26973 және басқа ұлттар болды. Бұдан халықтың санының 34 пайызға азайғаны білінді [17. 23]. 1930 жылдары Шығыс Қазақстандағы қазақ халқы көп зардап шекті, олардың саны 53,3 пайыздан 27,6 пайызға дейін төмендеді.

1927 жылы наурызда VI Бүкілодақтық Кеңестер съезінде, Қазақстандағы территорияны әкімшілік бөлудің тиімсіздігі, аудандардың табиғи жағдайы есепке алынбағандығы, жергілікті жерде кеңес өкіметін нығайтуда басшы қызметкерлердің ауыл адамдарымен байланысын жақсарту атап өтілді. Бұқтырма уезі таратылып, уездік атқару комитеті де жойылды. Уездің болыстарынан Семей округінің аудандары құрылды. Семей, Өскемен болыстарынан және Бұқтырма уездерінен құрамында 23 ауданы бар Семей округі құрылды (1923 жылы 17-қаңтарда Бұқтырма уезі таратылды).

Әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша Қаз АКСР-інің ОАК-нің I сессиясында Семей губерниясы 1920 жылы 11-желтоқсанда құрылды. 1920 жылы 3-мамырда басқаруға қолайлы болу үшін Өревком 1920 жылғы 17- сәуірдегі N6 бұйрықтың негізінде уезде 4 болыс құруды ұсынды: Ново-Усть-Каменогорск, Усть-Бухтарма, Баты, Алтай. 1923 жылы бұл уез болыстары біріктірілді. 1921 жылы 2-маусымда Бұқтырма уезі құрымындағы 15 болысымен РСФСР-дің Алтай губерниясынан Қазақ АКСР-інің Семей губерниясына берілді. Бұқтырма уезіне Зырян, Серебрянск, Большенарым, Катон-Қарағай, Самар жєне Күршім аудандарынынь бөліктері кірді. 1928 жылы 17-қаңтарда Семей губерниясы таратылып, округтік бөлу енгізілді. Кеңестік жүйенің орнығумен Семей, Өскемен, Бұқтырма, Зайсан уездерінен Семей округі құрылып, құрамына 23 аудан кірді. Бұқтырма уезі 1923 жылы 17-қаңтарда таратылды.

Облыстық және уездік сьездердің шешімімен құрылған земстволық басқармалар және жергілікті атқару кеңестері, мемлекеттік және шаруашылық басқаруды іске асырды. Атап айтқанда, 1918 жылы Өскемен уездік атқару комитетінде 12 селолық кеңес жұмыс істеп, оған 118 елді мекен қарады. Ішінара елді мекендерге байланысты, орыс-қазақ кеңестері болды. 1918 жылы Семей өңірінде 262 ауылдық, селолық кеңестер құрылды.

XX ғасырдың 1920 жылдары Шығыс Қазақстан өңірінің жергілікті кеңестері: уездік, болыстық, ауыл-селолық, поселкелік кеңестердің атқару комитеттері әкімшілік – саяси жұмыстар жүргізді. Бұқтырма уезінде 1917-1918 жылдары контрреволюциялық күштердің басым болғаны байқалады. Шығыс өңірінде Бұқтырма,

Зайсан, Өскемен, Риддер аймақтарында контреволюциялық күштерді талқандау қиын жағдайда өтті. Мұнда 1919 жылдары құрылған Бұқтырма, Өскемен, Зайсан уревкомдарының қызметі нығайтылды. 1920 жылы 9-қаңтарда Зайсан қаласының азат етілуімен, Кеңес өкіметі Шығыс Қазақстанда нақты орнықты. Кеңестердің нығаюымен Өскемен, Зайсан және Бұқтырма уездеріндегі ревкомдар кеңестермен ауыстырылды. 1921 жылы Зайсан уездік кеңесі құрылды. 1927 жылы болыстар мен уездер жойылды.

1. ШҚОММ. - 321-қор. – 1-тізбе. – 1-іс. – 2-парақ.
2. ШҚОММ. - 321-қор. – 1-тізбе. – 1-іс. – 19-парақ.
3. Алтайская губерния–Казахстан 1917 – 1925. История административно-территориального разграничения (Сборник документов и материалов). – Барнаул. –ОАО «Алтайский полиграфический комбинат». – 2001. – 308 с.
4. Назырбаев Қ. Тарих қойнауынан сыр шертеді //Арай, 1998.– 20 қаңтар. 2 б.
5. ШҚОММ. - 13-қор. – 1-тізбе. – 3-іс. – 4-парақ.
6. Аканов М.К. Из истории воссоединения Прииртышских земель казахского края //Казахстан на пути государственнной независимости: история и современность. Материалы межд. научно-практ. конф. – Сем. гос. университет им. Шакарима. Часть II. – Семипалатинск, 2001. – С.480
7. Нурпейсов К. Становление Советов в Казахстае. – Алматы, 1972.
8. ШҚОММ. - 13-қор. – 1-тізбе. – 13-іс. – 16-парақ.
9. ШҚОММ. - 13-қор. – 1-тізбе. – 18-іс. – 58-парақ.
10. ШҚОММ. - 3-қор. – 1-тізбе. – 63-іс. – 12-17-парақ.
11. ШҚОММ. - 203-қор. – 1-тізбе. – 1-іс. – 6-парақ.
12. Масалов Ә. Ауданның ірге тасы осылай қаланған еді // Ленин туы, 1988. 6 қазан.
13. ШҚОММ. - 279-қор. – 1-тізбе. – 62-іс. – 5-парақ.
14. ШҚОММ. - 788-қор. – 1-тізбе. – 8-іс. – 17-парақ.
15. ШҚОММ. - 279-қор. – 1-тізбе. – 8-іс. – 3-парақ.
16. ШҚОММ. - 788-қор. – 1-тізбе. –63-іс. – 3-парақ.
17. Алексеенко А.Н. Народы Восточного Казахстана. – Усть-Каменогорск. – 1994. – 52 с.

Н. С. Аликулова

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАС КЕЗІ ЖӘНЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН

1941 жылғы 22 маусымда гитлерлік Германия Кеңес еліне қарсы опасыздықпен шабуыл жасады.

Маңызды экономикалық аудандар, миллиондаған кеңес адамдары, көптеген материалдық құнды заттар дұшпанның тылында қалып қойды.

Қысқа мерзім ішінде көп адамды, заводтардың жабдықтарын, азық-түлік қорларын, малды материалдық және мәдени қазыналарды алыстағы тылға көшіру қажет болды.

Қыстың жақындап қалғанын, ал эвакуацияланған халықтың екінің бірінде ең қажетті бұйымдары жоқ екенін ескере отырып, Эвакуация жөніндегі кеңес майдан шебіндегі халықтың едәуір бөлігін ауа райы жылы өлкелерге - Орта Азия мен Қазақстанға орналастыруға тырысты.

Соғыс жылдарында Батыс Қазақстан туған жерінен кетуге тиіс болған мыңдаған кеңес халқының екінші үйіне айналды. Соғыс жылдарында эвакуациялау негізінен үш бағытқа бөлінеді: жеке босқындар, КСРО-ның батыс аудандарының бейбіт халқын шығысқа эвакуациялауды ұйымдастыру және өндіріс орындары мен мекемелердің инженер-техник мамандарды және кәсіби жоғары жұмысшыларды жанұяларымен бірге эвакуациялау болды *[1, 247 б.]*.

1941 жылдың шілденің орта шенінде Қазақстанға эвакуацияланған халықты әкелген алғашқы эшелондар келе бастады *[2, 75 б.]*.

Батыс Қазақстанға алғашқы босқындар легі шілде айында келе бастады. 1941 жылдың 1 тамызында ғана Батыс Қазақстан облысына 1469 адам келді. Олардың негізі бөлігі 543 адам Могилев облысынан, қалған 107 адам Смоленскіден, 88-і Витебтен, 26-і Минскіден, 22-і Москвадан т.б. облыстардан болды. Олардың дені балалар болды. Могилев облысынан 15 жасқа дейінгі ата-анасыз 96 бала болды. Келген босқындар облыс территориясына: Орал қаласына-767 адам, 371-і Зеленов ауданына, 197- сі Приуральск ауданына, 104-і Каменск, 9-ы Теректі және Бурлин ауданына 1 адам орналастырылды. Батыс Қазақстанға халықты эвакуациялаудың негізгі кезеңі 1941 жылдың тамызынан-1942 жылдың қараша айына дейін жүргізілді. 1941 жылы Батыс Қазақстанға 16 704 адам эвакуацияланды. Эвакуацияланғандар тамыз айында-2561, қыркүйекте- 2616, қазанда-3100, қарашада-2385 және желтоқсан айында 4671 адам болды.

Кейін тағы да Украйна КСР-інен 8149 адам, Белорусия КСР-інен 3960 босқын адам келді *[1,249 б.]*.

1941 жылдың аяғында республикаға эвакуацияланғандардың жалпы саны 386492 адам болды, олардың ішінде 136,5 мыңнан астамы бала болды.

Эвакуацияланған жұрттың тасқыны 1942 жылы да толастамады.

Соғыс жылдарында Батыс Қазақстандықтар кішкентай бүлдіршіндерге қамқор болып, өз бауырына басты.

Гурьев қаласына 1942 жылы 1-мамыр қарсаңында 2535 бала келіп, орналастырылса *[3,354 п.],* Батыс Қазақстан облысына 8 балалар үйі эвакуацияланды. Онда 1000 жуық балалар болды. 1941 жылы УССР, БССР, РСФСР–дан 5 балалар үйі келсе, 1942 жылы Сталинград облысынан 3 балалар үйі келді *[4, 8 п.]*.

1943 жылы Батыс Қазақстан облысында 18 балалар үйі болды. Онда 1760 бала тәрбиеленсе, 1945 жылы облыстағы 15 балалар үйі мен түрлі мектеп-интернаттарда 2547 бала тұрып білім алды *[1, 253 б.]*.

Батыс Қазақстан өңірінің еңбекшілері соғыс жылдары эвакуациямен келген мыңдаған адамды бірге туған бауырындай жылы шыраймен қарсы алды. Соғыс зардабын шегіп, тыл зоналарына пана іздеп келген кеңес адамдарына туысқан қазақ халқы барынша қамқорлық көрсетіп, олармен қолда барын бірдей бөлісті.

1941 жылдың күзінде апа-сіңілімен келген Паша Ангелина Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы Буденный МТС-іне келді. «Қиыр шетте жатқан қазақ ауылы Теректіде біз өз үйіміздегідей сезіндік, бізді туған бауырындай қарсы алды» - деп еске түсіреді *[2,76 б.]*.

Осылайша, республика 850273 адамды қабылдады. Оның ішінде Батыс Қазақстан облысы-37182 адам (4,4 %); Ақтөбе облысы-34115 (4,0%); Гурьев облысы -9278 (1,1%) қоныстанушыларды қабылдаған *[5, 484 б.]*.

Батыс Қазақстан облыстарына-80575 адам эвакуацияланған. Республика бойынша эвакуацияланғандардың 20,8 пайыздан астамын қабылдаған. Бірақ, Батыс Қазақстан облыстарына байланыстың күре тамырында орналасқанын, майданның ең жақын тылы екенін ескерсек бұл көрсеткіш одан да көп болуы мүмкін.

КСРО Ғылым академиясының жекеленген институттары, Украйн КСР-інің бірқатар ғылыми мекемелері және еліміздің оқу орындары да Қазақстанға орналастырылды.

Батыс Қазақстан аймағына бұл шарадан тыс қалмай, әскери мамандар даярайтын білім ордасына айнала бастады. Батыс Қазақстан облысына Ворошилов атындағы Қызыл Тулы Одесса жаяу әскер училищесі, 22 және 40- әскери авиациялық әуе атқыштар мен радистер және кіші авиация мамандар мектебі, Москвадаға радио мамандарын даярлайтын мектеп, Сталинград майданының кіші лейтенанттар мен рота командирлерін даярлайтын курстары, 249-полк немесе НКВД–ның 35-дивизизиясы, 1 және 43-байланысты жөндеу және қалпына келтіру бөлімі, 489-байланыс бөлімі батальоны, 106 және 111-телеграф құрылысы ротасы, әскери-оперативтік байланыс бөлімі, 54-танк резерві базасы, №3 майданның темір жол паркі әуеден бақылайтын батальондар, химия қорғаныс батальондары, Орталық және округтік азық-түлік, авиа қоймалары барлығы 10-нан астамы көшірілген *[6,3 б.]*.

Берік тыл жасау және республиканың бүкіл экономикасын соғысқа бейімдеп қайта құру бірінші дәрежелі маңызы бар міндеттер болды. КСРО-ның европалық бөлігінде бірқатар өнеркәсіп кәсіпорындарын шығыстағы аудандарға эвакуацияланды. Оның ішінде Қазақ КСР-іне мейлінше көп орналасты.

1941 жылдың шілде айында Қазақстанға 94 кәсіпорын эвакуацияланды. Кейін 10 қарашада тағы да 44 өнеркәсіпорны келді *[7,1 п.]*.

Эвакуацияланған кәсіпорындар негізінен байланыс жолдары мен тараптары дамыған және қалаларда жұмыс күші көп Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарына орналастырылды *[1,252 б.]*.

Соғыс жылдарында Батыс Қазақстан облыстарына әскери госпитальдарда эвакуацияланды.

Ақтөбе облысына эвакуацияланған госпитальдар Ақтөбе қаласына,Ембі, Шалқар, Мартукке орналастырылды. Эвакуацияланған госпиталдардың 450-койкасы Ақтөбеге, 250 койкасы Мартукке, 300 койкасыEmbіде орналастыру туралы шешім қабылданып, оларға мектеп және балабақша ғимараттары берілген *[8,4 п.*].

Орал қаласына эвакуациялық № 2343, №1806, №3261,№304, №2997, №3011, №4111 әскери госпитальдарының эшелондары келіп, жаралалыларды емдеу үшін қаладағы мектептер, техникум, балабақша, әкімшілік ғимараттарына орналастырылды. Орал қаласының өзінде-ақ майданнан жараланып келген жауынгерлерді емдейтін 20 әскери госпитальдар болған *[6,3 б.*].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан-әскери госпитальдар орналасқан негізгі аймаққа айналды.

Аймақтың колхоз-совхоздары өздері қамқорлыққа алған госпитальдарды азық-түлікпен

қамтамсыз етіп отырды. 1942 жылы 15 маусымға дейін жаралы жауынгерлерді шепке алған мекемелер мен кәсіпорындар тек Батыс Қазақстан облысы бойынша госпитальдарға 12,8 т ет, 3271 тауық пен үйрек, 3,7 т ұн, 3,3 т тары, 170 кг қант пен конфет, 2,3 т май, 1344 л сүт тағы басқа көптеген азық-түлік берген *[9,270 б.*].

Аймаққа орналасқан госпитальдарға жергілікті халық өз көмектерін аяған жоқ. Олар тұрмыстық заттар, төсек-орын, тіпті жаралы жауынгерлерге өз қандарын беріп донорлар да болған. Ақтөбе облысындағы үй шаруасындағы әйелдер тігу жұмыстарына көмек берген. Медбике Ефименко қателі ауруларға көмек беріп, олардың қасында 4 тәулік бойы болған, кейін жауынгерлер жақсарып, тамақ жей бастаған. Феодрова, Ахмеджанова, Исаева, Сафонова т.б. адал еңбектері үшін алғыстар алған *[10,8 п.*].

1941 жылы қазан айындағы мәлімет бойынша Ақтөбе облысындағы №2450 және №3601 госпитальдарында ауыр науқастарға 1260 адам кезекшілікте тұрған. Ақтөбе қаласындағы үй шаруасындағы әйелдер 2000 пар іш киім тіксе, Шалқарлық әйелдер - 4000 дана ішкиім және терезе жапқыш, Эмбалық үй шаруасындағы әйелдер 4000 сом жинап госпиталь қажеттігіне берген. Колхоздар жаңа жылдық сыйлыққа май, ет, ұн т.б. жіберген *[10,38 п.*].

1941 жылы 23 маусымда Алматының бір топ доноры республика еңбекшілеріне «Өз қанымызды Отан қорғауға берейік!» деп үндеу арнады. Мыңдаған жұмысшылар, жұмысшы әйелдер, колхозшылар мен колхозшы әйелдер өздерінің қанын Қызыл Армия жауынгерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтап қалу үшін берді.

Мәселен, 1944 жылғы мәлімет бойынша соғыс жылдарында Ақтөбе облыс көлемінде 300 –ден астам донорлар болған. Олар 3,5 жыл ішінде 425 кг өз қандарын тапсырған. Мысалы, К.М. Духина 1942 жылдан бері донор болып, ол 26 рет 9 кг қан тапсырса, Е.П.Шишова 1939 жылдан бері донор болып, 9 кг қаннын 27 рет тапсырған. Л.Д.Сметанина 1941 жылдан донор болып, 9 кг 50 гр қанын 23 рет, Е.М.Загородная 1941 жылдан бері донор болып, 8 кг қанын 22 рет тапсырған. Бұдан басқа да көптеген донорлар болған *[11,5 п.*].

Соғыс өсіп-өнген жерінен адамдарды ғана ауыстырған жоқ. Гитлершілердің шабуылына ұшыраған батыстағы аудандардың ауыл шаруашылығының материалдық ресурстары да дереу алып кету керек болды. Трактор паркін, бағалы ауыл шаруашылық жабдықтарын эвакуациялау ұйымдастырылды. Кеңес Армиясының бөлімдері кейін шегінген кезде колхозшылар колхоз малын елдің ішіне қарай айдады. Мал Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Гурьев облыстарына қарай айдалды.

Батыс Қазақстан облысының территориясынан мал айдайтын негізгі трассалар өтті, бұл трассалар бойынша эвакуациямен келген мал облыстың аудандарына ғана емес, сонымен бірге Ақтөбе мен Гурьев облыстарына шетсіз-шексіз кең даланың қиын түкпіріне айдалды *[2,78 б.*]. Мәселен, Сталинград облысынан эвакуацияланған мал 3 негізгі трасса арқылы жіберіледі.

1. Оңтүстік трасса.

Морозовка және Сайхан пунктерінен алынған мал Ақтөбе облысына дейін 900 км айдалады. Малдың қозғалысы 45 күнге есептелген. Трасса Морозовка пунктіндегі «Большевик» колхозының орталығынан басталып, Орда ауданындағы пункт Шандыкөлден аяқталады.

2. Солтүстік трасса.

Мал қабылдау Тарасовка хуторындағы территориядан басталып, Жәнібек ауданының шекарасына дейін жылжиды. Барлық трассаның арақашықтығы 700-750 км.

3. Орталық трасса.

Сталинград облысының Вишневка пунктінен мал қабылданып, Ақтөбе облысына беріледі. Орташа арақашықтығы 800 км болды.

Сталинград облысынан келген малды қабылдау Орда ауданының Сайхан және Морозовка пунктерінде және Жәнібек ауданының Вишневка және Тарасовка пунктерінде жүргізілді *[12,71-73 пп.*]. Ростов және Сталинград облыстарынан және Калмақ АССР-інен Батыс Қазақстан облыстарына малдар эвакуацияланды.

1941 жылы Ақтөбе мен Гурьев облыстарына 39878 мал орналастырылған. Ал, 1942 жылдың аяғына дейін Қазақстанға барлық түліктен 552,7 мың бас эвакуацияланса *[2, 80-81 бб.*], 1943 жылы 1-тамызындағы хабарлама бойынша Батыс Қазақстан облысының колхоздарына 169433 бас мал эвакуацияланған. Оның ішінде: мүйізді ірі қара-30697 бас, қой- 131607 бас, жылқы— 6429 бас, түйе- 710 бас болған. Бұған дейін 12958 бас мүйізді ірі қара, 29124 бас қой, 2458 бас қой, 259 бас түйе болды *[13, 11 п.*].

Бұл көрсеткіш арқылы 1941-1943 жылдары аралығында Батыс Қазақстан өңіріне малдардың толастамай кегенін аңғаруға болады.

Батыс Қазақстанға сонымен қатар мәдени орындар да эвакуацияланған болатын. 1941 жылы қазан айында Ақтөбе облысына Қалмақ ССР-інен Калмақ мемлекеттік драма театрі келіп, Хобда ауданының Ново-Алексеевка ауылына қоныстанған *[14,483 б.*].

Жалпы, Ұлы Отан соғысының бас кезіндеақ Батыс Қазақстан өңірі – Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Гурьев облыстары майдан шебіндегі халықтың негізгі легін өз қамқорына алған екінші үйі, соғыс экономикасының негізгі тірегі, әлеуметтік және рухани мәдениет қамқоршысы бола бастады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан өңірі әлеуметтік-экономикалық маңызды нысандардың бірі болды.

1. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана.- Алматы, 2004, С. 247.
2. Қазақ КСР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. -Алматы, Ғылым.1984.
3. Маңғыстау Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 855-қор, 1-тізбе, 147-іс.
4. Батыс Қазақстан Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 850-қор, 9-тізбе, 156-іс.
5. Батыс Қазақстан тарихы. II.т., Ақтөбе, 2006.
6. «Жайық дәрігері», 2005, 5 мамыр, №18.
7. Қазақстан Республикасы Президенттік Мұрағаты. 708-қор, 5/1-тізбе, 1184-іс.
8. Ақтөбе Мемлекеттік Облыстық Мемлекеттік Мұра-ғаты. 13-қор, 10-тізбе, 312-іс.
9. Балақаев Т., Алдажұманов Қ., Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж). –Алматы. «Ғылым», 1985.
10. АОММ. 13-қор, 10-тізбе, 312-іс.
11. АОММ. 13-қор, 14-тізбе, 191-іс.
12. БҚОММ. 850-қор, 9-тізбе, 75-іс.
13. БҚОММ. 850-қор, 9-тізбе, 74-іс.
14. История Актюбинской области.- Актобе. 2006.

* * *

В данной статье рассматривается социально-экономической роль Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны.

* * *

In given clause (article) the role of the Western Kazakhstan within Great Domestic war is considered (examined) social and economic.

С. Д. Дильманов, Ә. Қ. Ахметов

ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕУ ЛАГЕРЬЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ ТҰТҚЫНДАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ (XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫ)

Еңбекпен түзеу лагерьлерінің болған жылдары КСРО ІІМ-ІІХК-БМСБ тұтқындардың еңбек өнімділігін арттыруға айтарлықтай көңіл бөлген. Олар бұл мақсатта оларды ынталандыру әдісін қолданылған, атап айтқанда лагерьлік контингентке көтермелеу шараларын қолданған. 1924 жылғы Еңбекпен түзеу Кодексі [1] еңбекпен түзеу лагерьлерінің қызметін регламенттейтін маңызды нормативтік құқықтық құжат болып табылған және тұтқындардың ынталандыруы ГУЛАГ жүйесіндегі озық әдіс ретінде сипатталған.

Еңбекпен түзеу лагерьлерінің қызметі 1924 жылғы ОРСФО Еңбекпен түзеу Кодексімен емес, 1930 жылғы 7 сәуірдегі КСРО Халық Комиссарларының Кеңесімен бекітілген «БМСБ еңбекпен түзеу лагерьлері туралы Ережемен» [2], КСРО ІІМ-ІІХК-БМСБ нұсқауларымен және бұйрықтарымен реттелген.

Еңбекпен түзеу лагерьлерінде режимнің үш түрі қолданылған: бастапқы, оңайлатылған және жеңілдікті. Бастапқы режим лагерьге түскен кезде тұтқындардың барлық категориясы үшін міндетті болған, бірақ әрбір категория үшін режимнің осы түрінде болудың өз мерзімі болған. Үкіметтің пікірінше: категориясы қандай ауыр болса, лагерьде болудың мерзімі сондай ұзақ болған.

Жұмыс шарттары режимге сәйкес болған: бастапқы режимде қарауылшы жасақтың қарауымен жалпы жұмыстар және лагерь шегінде тұру белгіленген; оңайлатылған режим мекемелердегі, кәсіпшіліктердегі жұмысты және кәсіпорындары қасындағы жатақханаларда тұру мүмкіндігін ескерілген; жеңілдікті режим оңайлатылған режимнің барлық мүмкіндіктерінен басқа тұтқынға лагерь шегінен шығуға және лагерь басқармасындағы әкімшілік-шаруашылық лауазымдарға орналасуға рұқсат еткен [3].

Ережеде, алғашқы рет кеңес кезеңінің еңбекпен түзеу заңнамасының тарихында тар мағынадағы көтермелеу шаралары заңнамалық бекіту алды (яғни тұтқындардың ұсталу шарттарын өзгертпейтін шаралар) [4].

Ережеге сәйкес көтермелеу шараларына мыналар жатқан: а) жеке лагерь немесе лагерьлер басқармасы бойынша жеке ісіне енгізумен бұйрықта алғыс жариялау; ә) сыйлық сыйақысын беру; б) тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту (кездесу, нормадан және ке-

зектен тыс корреспонденцияны алу мен жіберу құқығын беру). Тұтқындарға сыйлық ақы беру: а) ақшалай сыйақы; ә) күшейтілген азық-түлік паегі; б) оңайлатылған режимге жылдам ауыстыру; в) қоныспен және қоныссыз мерзімінен бұрын босатуға ұсыну ретінде жүзеге асқан [5].

Ереженің талдауынан шығатын көтермелеу шараларын жіктей отырып, олардың екі түрін белгілеуге болады: моральдық және материалдық. Моральдық көтермелеу шаралары, материалдыққа қарағанда, өзінде қандай да болсын экономикалық игілікті қамтымайды. Моральдық көтермелеу шараларына алғыс жариялау жатады. Өйткені уақыттың сол кезеңінде алғыс жариялау тек «тәрбиелік-ескертетін сипатқа» ие болған [6].

ЕТЛ-да негізгі материалдық көтермелеу сыйлық сыйақы (сыйақы) беру болған. КСРО ІІХК ГУЛАГ-ының нұсқауында тұтқындарға олардың адал жұмыс үшін сыйақы ретінде сыйлық сыйақы түрінде жалақы берулуі мүмкін деп белгіленген. Тапсырылған нормаларды орындап, белгіленген сападағы өнімді өңдеген тұтқындарға ғана сыйақы берілген.

Тұтқындарға берілетін сыйлықтың мөлшері кәсіптер тізбесімен және белгіленген сыйақы шәкілімен анықталған [7]. Еңбектің сандық ғана емес, сапалық та көрсеткіштері бағаланған. Орындалатын жұмыстың сапасына үлкен мән берілгеннен кейін, сапалық көрсеткіштері үшін арнайы сыйлық беру жүйесі әзірленді. Қосымша сыйақы негізгі сыйақының 15 % мөлшерінде белгіленді [8].

Ережеге сәйкес «ынтасын көрсеткен» тұтқындардың еңбегіне сыйлық беру ақшалай сома, келесі режим түріне жедел ауыстыру, лагерьлер мен колониялардан мерзімінен бұрын босату түрінде ғана емес, оларды азық-түлік паегімен қамтамасыз ету түрінде де жүзеге асқан. Өйткені контингенттің тамақтануына олардың өндірістік міндеттерді орындау жетістігі байланысты болды.

Тұтқындарға көтермелеу шаралары мен сыйлық беруді қолданудан басқа тұтқындарды ынталандыру шартты мерзімінен бұрын босату және қамаудың өтемеген мерзіміне аталмыш лагерьдің ауданында тұру жолымен жүзеге асырылған. Шартты мерзімінен бұрын босату үшін негіздеумен тұтқынның үкімнің шығарылуына дейін сайлау құқығымен пайдаланғаны қажет болды [9].

ЕТЛ әкімшілігі тұтқындарға көтермелеу шараларын қолдану тәртібін, тұтқындарға қарауылшы жасақсыз жүру және лагерь аумағының шегінде тұру құқығын беру тәртібін, азық-түлік пен бірінші қажеттіліктегі тауарларды сатып алу және кездесуді беру тәртібін өздері белгілеген.

ЕТЛ ұйымдастырылуына байланысты 1926 ж. ОРСФО Қылмыстық кодексінің 56 І б. КСРО БОАК мен ХКК 1930 ж. 20 мамырдағы Қаулысымен өзгертулер енгізілді [10]. ОРСФО ҚК 56 І б. сәйкес әлеуметтік қорғаудың мерзімді шараларына үкім шығарылған, түзелуі байқалған тұлғаларға шартты мерзімінен бұрын босату қолданылған. Ереже шартты мерзімінен бұрын босатуды қамаудың өтелмеген мерзіміне лагерь ауданында тұрумен немесе тұрусыз шартты мерзімінен бұрын босату ретінде нақтылады. Үкімнің шығарылуына дейін сайлау құқықтарын пайдаланған және бостандығынан айырылу үш жылға дейінгі мерзімге сотталған ғана тұтқындардың шартты мерзімінен бұрын босатылу құқығы болған.

БМСБ ГУЛАГ-ы 1931 ж. 30 тамыздағы № 278 нұсқаумен арнайы кенттерге тұрумен шартты мерзімінен бұрын босатудың келесі негіздемелерін белгіледі [11]. Тұруға әлеуметтік шығу тегі жұмысшылар мен крестьяндардан болған; тұрмыстық және лауазымдық қылмыстар үшін сотталған; өздерін лагерьде жұмысқа қабілетті, тәртіпті және тапсырылған жұмысқа адал көрсеткен; жартысынан кем емес жазалау мерзімін өтеген тұтқындардың категориялары аударылған. Бұл ретте тек БМСБ ГУЛАГ-ының рұқсатымен төңкеріліске қарсы қылмыстар үшін сотталған тұтқындарды отарлауға жол берілген. ГОПО ГУЛАГ-ының 1931 ж. 17 қазандағы № 330 нұсқауы шартты мерзімінен бұрын босату бірінші кезекте өндірістік-шаруашылық міндеттерді шешу үшін қолданылған деп белгілейді [12].

ХХ ғасырдың 30-шы жылдары тұтқындардың еңбек қызметін ынталандыру ретінде келесі көтермелеу түрлері қолданылғын: а) жеке лагерь немесе лагерьлер басқармасы бойынша жеке ісіне енгізумен бұйрықта алғыс жариялау; ә) сыйлық сыйақысын беру; б) өзіне жеке кездесу, еркін серуендер беру, нормадан және кезектен тыс корреспонденцияны жіберуді қоса алып тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту [13]. Алайда, «Тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту» түсінігінің мазмұны нақты анықталған жоқ, сондықтан да лагерь әкімшілігі бұл саладағы әр түрлі жеңілдіктер мен шектеулерді кеңейту үшін кең мүмкіндіктерге ие болды.

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарының екінші жартысынан тұтқындарды көтермелеудің жаңа түрлері пайда болды. Шартты олар жеке және ұжымды деп бөлінді [14].

Жеке көтермелеу түрлері ретінде грамотамен наградтау, ақшалай, сағаттармен, костюмдермен және киімнің басқа да заттарымен сыйлық беру, тоқсанға стаханов есепке алу (жұмыс күндерін есепке алудың ең жоғары нормасы), жазалау мерзімін қысқарту, отбасымен тұру құқығын беру, курстар мен оқу комбинатына жіберу, белсенділерді шаруашылық, әкімшілік және мәдени-тәрбиелік жұмысқа жылжыту, күшейтілген режим ротасынан немесе айыптық изолятордан мерзімінен бұрын босату қолданылған.

Еңбекті ынталандыру әдістері негізінен идеологиялық болған – «батыл әрекет айлығын жариялау», «жоспарды орындау үшін күрестің кесімді айы», ауыспалы Қызыл туды беру, сондай-ақ жұмыс күндерін есепке алу және екпінділерге сыйлық беру.

1934 жылғы 1 қаңтардан бастап екпінділер-тұтқындарды ең жақсы есепке алу үшін екпінді кітапшасы енгізілді. Онда өндірістік нормалардың орындалуы, мәдени-тәрбие жұмысына қатысуы, жұмыс күндерінің есепке алуын есептелуі белгіленген. Екпіндінің кітапшасы жарыс және екпінділік жөніндегі аудандық немесе учаскелік штабтың арнайы қаулысы бойынша берілген. 110 % кем емес өндірістік нормаларды асырып орындау, қоғамдық және мәдени-көпшілік жұмысқа қатысу және лагерь тәртібін сақтау берудің негіздемесі болып табылды. Екпіндінің кітапшасы қалаулы құжат болып табылып, иесіне жеңілдіктер мен мерзімінен бұрын босатылу құқығын берген. Сондай-ақ оның жақсы жұмысы мен үлгілі мінез-құлқын айғақтан.

1935 ж. 29 мамырдағы № 143 бұйрықпен КСРО ІІХК ГУЛАГ-қа ЕТЛ-да өздерінің жұмысымен екпінді ғып көрсеткен, оларға тапсырылған нормаларды орындаған және асыра орындаған, лагерь тәртібін сақтаған тұтқындарға көмек көрсету міндетін жүктеген. Осыған байланысты стахановшылар-екпінділерді электр жарығы, радиоқондырғылары бар, төсектермен жабыдқталған үй-жайларда орналастыра бастады [15].

Ұжымдық көтермелеу түрлері ретінде еңбек ұжымына ең жақсы жатақхананы беру, тамақтануды ең жақсы ұйымдастыру мақсатында оларға меншікті асүйлерін бөліп беру, оларға бақша дақылдарына жер учаскелерін бекіту, мінездемеде ұжымның жұмысына қатысу фактісін көрсету, қосымша азық-түлікті сату, лагерьдің шегінде жекеменшік тұлғалардан азық-түлік сатып алуға рұқсат ету; музыкалық аспаптармен, спорт жабыдқтарымен наградтау және с.с. кеңінін қолданылған. Әдетте ұжымдық жұмыс еңбек өнімділігінің ұлғаюына және лагерь тәртібін бұзу санының төмендеуіне көмектескен. Еңбек ұжымдарын құру барлық лагерьлер бойынша кең таратылу алды. Әкімшілік тіпті айыптық изоляторларда ұсталған тұтқындарды мерзімінен бұрын босатып, оларға осындай мүмкіндік бере отырып, бұл бастаманы қолдады [16].

Еңбек ұжымдарының дамуында мүддесі бар лагерьлердің әкімшілігі олардың дамуы үшін барлық қажеттіні жасады.

Зерттелген жылдары еңбекпен түзеу лагерьлерінде стаханов қозғалысы құрылады. 1935 ж. пайда болған қозғалыс тек барлық елді ғана емес, тұтқындар санындағы екпінділер арасынан бағасын тапты. Бірақ дегенмен ГУЛАГ басшылары атағандай, лагерьлер мен колонияларда 1936 жылдың басына стахановшылар бойынша жұмыс істейтін жүз мың тұтқын есептелген. Олар өзінің үлгісімен басқаларды жоғары өндірістік көрсеткіштер үшін күреске тартқан. Қарлаг Басқармасының бастығы 1936 ж. 28.01. № 36 бұйрықта былай деп көрсеткен. «Стахановшылар сияқты өз жұмысын құрған тұтқындар жаңа рекордтарды өздері ғана беріп жатқан жоқ, олар өздерінің үлгісімен қатардағы лагерьшілердің көпшілігін жоғары еңбек өнімділігі үшін күреске қызықтырады». Мысал ретінде бұйрықта келесі мәліметтер беріледі. Мысалы, лагерь тұтқыны А.М. Селянин ҚК 59-3 б. бойынша 5 жыл бостадынғынан айырылуға сотталған. 1935 жылғы егін жинау компаниясында комбайншы болып жұмыс істеп жүріп, 160 га нормасы кезінде 792 га жинаған. Бұл КСРО ең жақсы комбайншыларының өңдеуінен асып түсті және ол осы үшін Ленин Орденімен наградталды [17].

Жеңілдіктер мен көтермелеу жарыс пен екпінділікті ынталандырды және сонымен тек өндірістік көрсеткіштердің жақсаруына ғана емес, тәртіптің нығайтылуына да көмектескен.

Еңбекпен түзеу туралы ереже тұтқындар үшін мерзімінен бұрын босату тәртібін реттеген жоқ. сонымен бірге, БМСБ ГУЛАГ-ының басшылығы лагерьлердің өндірістік-шаруашылық қызметі үшін тұтқындарды ынталандыру қажет екендігін түсінді. Әдеттегі көтермелеу нормалары бұл қызметті орындай алмады. Сондықтан өтелген жазалау мерзіміне жұмыс күндерін есепке алу жүйесі назарға алынды. Ол әкімшілікке тұтқындардың еңбегін ғана емес, сонымен бірге олардың түзелу жолына тұру талаптарын да ынталандыруға мүмкіндік берді. Сондықтан 1931 жылғы 1 тамыздан бастап ЕТЛ-

да ұсталатын тұтқындар үшін өтелген жазалау мерзіміне жұмыс күндерін есепке алу жүйесі енгізілді [18]. Бұл мақсатта БМСБ ЛУЛАГ-ы 1931 жылғы 22 қарашадағы № 415 нұсқаумен бекітілген арнайы «Жұмыс күндерін есепке алу бойынша нұсқауын» әзірледі. Нұсқауға сәйкес есепке алулар барлық тұтқындарға олардың қылмыс құрамы мен белгіленген жазалау мерзімене қарамастан қоланылуы мүмкін еді.

Нұсқауда тұтқындарға есепке алуды есептеу «егер олардың жалпы міңез-құлқысы мен өндірістік нормаларды орындауы қанағаттанарлық болып қалатын болған» жағдайда ғана жасалады деп әдейі айтылған. Мұндай тұжырым өндірістік норманы орындау жағдайы кезінде лагерь тәртібін мардымсыз бұзу есепке алуды есептеуге әсер етпегені туралы қорытынды жасауға болады.

Тұтқындарға жұмыс күндерін есепке алуды енгізу оның тиімділігін кесімді талдауды, жұмыс істейтіндердің өздерінің еңбегінің жемісіндегі мүддесін арттыру үшін құқықтық сипаттағы да қосымша шараларды қабылдауды талап етті. 1932 жылғы бір тоқсанға жасалған жұмыс күндерін есепке алу тәжірибесін жалпылау Қарлагтың басшылығына «аттестаттау комиссияларының бірқатар бөлімшелерінде есепке алуға үстірт қараған, жұмыс күндерін есепке алуды еңбек өнімділігін арттыру ынтасы ретінде есепке алмаған: жалқауларға, маскүнемдерге және өндірістік өндеу нормаларын орындамағандарға пәрменді есепке алу жасап, керісінше шынайы екпінділерге қалыпты есепке алу есептеген» деген қорытынды шығарған [19].

Басқа лагерь ОГПУ Дмитлагінің 1934 жылғы 17 маусымдағы «Жұмыс күндерін есепке алу бойынша кампаниясын өткізу тәртібі туралы» нұсқау хаты белгілі қызығушылық тудырады [20].

Хатта жоспарлы тапсырмаларды немесе өндеу нормаларын орындаған және асырып орындаған, мәдени-ағартушылық және қоғамдық жұмысқа қатысқан тұтқындарға ғана жұмыс күндерін есепке алуды қолдану ұсынылған. Есепке алу кампаниясы өзіне: жұмыс қорытындылары мен тұтқындардың тұрмыстағы мінез-құлқысын тексеруді; бұл жұмысқа жұртшылықты белсенді тартуды енгізді.

Есепке алулар екі түрге бөлінген: қалыпты есепке алулар мен пәрменді есепке алулар. Қалыпты есепке алулар тоқсан ішінде жоспарлы тапсырмаларды немесе өндеу нормаларын орындаған, мәдени-ағартушылық және қоғамдық жұмысқа қатысқан және лагерьде белгіленген тәртіпті сақтаған тұтқындарға қатысты қолданылған. Екпінді есепке алулар тоқсан ішінде жоспарлы тапсырмаларды немесе өндеу нормаларын жүйелі түрде асырып орындаған, мәдени-ағартушылық және қоғамдық жұмысқа қатысқан, лагерьде белгіленген тәртіпті сақтаудың үлгісі болған шын мәніндегі еңбек екпінділеріне ғана қатысты қолданылған.

Есепке алуларды есептеген кезде орындалатын жұмыстың сипатына қарай саралау әдісі қамтамасыз етілген. Өндірістегі бригадирдан бастап прораб көмекшісі лауазымына дейін жататын техникалық персоналға тиісті басшының тікелей қарамағында болған тұтқындарды еңбекте қолдану ұйымының бригадасы, буыны немесе басқа да құрылымы жалпы жоспарлы тапсырмаларды немесе өндеу нормаларымен бірге жұмыстар сапасы бойынша тапсырмаларды орындаумен орындаған немесе асырып орындаған жағдайда ғана қалыпты және пәрменді есепке алуларды қолдану көзделген.

Әкімшілік персоналдың қызметкерлеріне олардың есеп беру кезеңінде лагерь және оларға ведомстволары астындағы мекемелер бойынша тиісті тәртіпті қамтамасыз еткен жағдай кезінде ғана есепке алулар қолданылған. Бұл ретте олардың тұтқындардың мұқтаждықтарына қызмет көрсету бойынша әкімшілік аппаратының жұмысын үлгілі жолға қою талап етілген.

Мәдени-тәрбие аппараты мен тәрбие құрамының қызметкерлері есепке алуларды есептеген кезде өте қатал жағдайға қойылған. Оларға өздері тұратын өндірістік бірлестіктерімен жоспарлы тапсырмалар мен өндеу нормаларын орындау және асырып орындау жағдайы кезінде, сондай-ақ аталған қызметкерлердің тұтқындарды екпінді еңбекке қатыстыру саны бойынша еңбек жарыстарына қатысу, тұтқындардың жұмыстардан бас тартуларын жою, олардың басшылығындағы тұтқындардың арасында сауаттылықты жою бойынша міндеттемелерін орындау және асырып орындау жағдайы кезінде ғана әдеттегі және екпінді есепке алулар қолданылған.

Санитарлық қызметтердің қызметкерлері тұтқындарға медициналық көмекті толық және уақтылы көрсету, моншалар мен кір жуу комбинаттарының жұмысын тиісті ұйымдастыру, барақтар мен учаскелер аумағындағы барлық санитарлық іс-шараларды орындау жағдайы кезінде ғана есепке алуларға құқығын алуы мүмкін болған.

Шаруашылық қызмет көрсету персоналының қызметкерлеріне есепке алуларды есептеу келесі жағдайлармен ескертілген: а) әр түрлі тамақтандыруды дұрыс ұйымдастыру; ә) асүй-

лерде, асхана мен каптеркаларда ұрлаулардың жоқ болуы; б) бірінші кезекте еңбек екпінділерін киім-кешек үлесінің барлық түрімен толық және уақтылы қамтамасыз ету; в) тұтқындар киімі мен аяқ киімін уақтылы және сапалы жөндеу.

Басқарма, аудандар бөлімдері мен учаскелерінің басшылық персоналы лауазымдарында жұмыс істеген тұтқындарға есепке алу Дмитлагтің Орталық Аттестациялық Комиссиясымен жүзеге асырылған [21].

1935 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген КСРО ІІХК еңбекпен түзеу лагерьлері мен қамау орындарында ұсталатын сотталғандарға жұмыс күндерін есепке алу туралы уақытша ереже оған дейін қолданыста болған 1931 жылғы Жұмыс күндерін есепке алу жөніндегі нұсқаудың күшін жоқ қылды [22]. Олардың салыстырмалы талдауы жұмыс күндерін есепке алуды қолданудағы келесі өзгертулерді атап айтуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, тұтқындарға жұмыс күндерін есепке алу бойынша материалдарды қарастыруға құқығы бар әкімшілік комиссиялардың құрамы белгіленді: бас әкімшілік комиссияның (БӘК) төрағасы – лагерь басқармасының бастығы; БӘК төрағасының орынбасары – ЕТЛ басқармасы үшінші бөлімінің бастығы; сондай-ақ өндірістік, есепке алу-бөлу және мәдени-тәрбие бөлімдерінің бастықтары. Лагерьлер пунктерінің деңгейіндегі әкімшілік комиссиялар осындай ұстаным бойынша жинақталған.

Екіншіден, Орталық әкімшілік комиссия тікелей КСРО ІІХК ГУЛАГ-ы қасында құрылды.

Уақытша ережеге сәйкес жұмыс күндерін есепке алу тұтқынның сотталған қылмысының сипатынан, есепке алу кезеңінде жұмсалған еңбектің саны мен сапасынан, белгіленген тәртіп ережелерін сақтаудан, тұтқынның соталғанға дейінгі әлеуметтік шығу тегінен тура тәуелділікке қойылған. Іс-тәжірибеде жұмыс күндерін есепке алулар барлық жұмыс істейтін тұтқындарға есептелген және тек ұстау режимін өрескел бұзу жағдайында ғана тұтқындар олардан жазалау тәртібінде айырылуы мүмкін еді.

Тыңшылық, лаңкестік, диверсиялар, отанын сатқаны үшін сотталған адамдарға, сондай-ақ антикеңестік саяси партияларының бұрынғы мүшелеріне жұмыс күндерін есепке алу әрбір жеке жағдайда тек ІІХК ГУЛАГ-ының рұқсатымен ғана қолданылған.

ІІХК еңбекпен түзеу лагерьлеріндегі жазалау мерзіміне жұмыс күндерін есепке алу негізінде тұтқындарды ынталандырудың бар іс-тәжірибесі тұтқындардың көптеген жағдайларда шын мәнінде жазалау мерзімінің жартысын немесе бірде үш бөлігін өтегендеріне әкеп соқты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1938 жылғы 25 тамыздағы жабық мәжілісінде Каринская станциясынан Хабаровск станциясына дейін темір жол құрылысында өздерін көрсеткен тұтқындарды мерзімінен бұрын босату туралы мәселе қарастырылды. И.В. Сталин былай деп белгілеген: «Біз лагерьлердің жұмысын бұзып, жамандық істеп отырмыз. Әрине, бұл адамдарды босатылу керек, бірақ мемлекеттік шаруашылық жағынан бұл жаман». Мерзімінен бұрын босатуға балама ретінде ол айрықша өздерін танытқандарды үкіметтік наградалармен наградтауды ұсынды. Төрт тұтқын «Еңбек өзгешелігі үшін» медальдарымен наградталды [23].

Ынталандыру жүйесімен қатар тұтқынның жоғары еңбек өнімділігін көтермелейтін бөлшектерден ғана тұратын басқа да жүйелер болды. Олардың бірі тұтқынға бекітілген норманы асырып орындаған бір жұмыс күнін оның қамау мерзімінің бір жарым, екі (немесе одан көп) күнге есептеу іс-тәжірибесіне байланысты болды. Осындай іс-тәжірибенің қорытындысы өзін жұмысты жағымды көрсеткен тұтқындарды мерзімінен бұрын босату болып тыбылды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1939 жылғы 15 маусымдағы № 34 жарлығынан кейін тұтқындардың еңбегін ынталандыру құрылымы елеулі өзгергенін атаған жөн. Бұл жарлық КСРО ІІХК ЕТЛ-да жазалауды өтеп жатқан тұтқындар үшін шартты мерзімінен бұрын босатуды жойды [24].

1939 жылғы жазда Бериянның бұйрығымен ІІХК барлық қамау орындары бойынша «есепке алу» жүйесі жойылды. Бұл ретте дәлелдеме есепке алулардың бар іс-тәжірибесі көптеген жағдайларда сотталғандар шын мәнінде жазалау мерзімінің жартысын немесе бірде үш бөлігін өтегенді білдірген, ал бұл лагерь жұмыс күшін барынша пайдалану ұстанымына қайшы келген дегенге келтірілген. Аталмыш құжат, шынында, көтермелеу тәсілі ретіндегі қамау мерзімін қысқартуды толығымен жоймаған. Ұзақ уақыт ішінде еңбек өнімділігінің жоғары көрсеткіштерін беретін жеке тұтқындар үшін шартты мерзімінен бұрын босатылу мүмкіндігі сақталды [25].

1939 жылғы 2 тамызда ГУЛАГ бойынша № 00889 бұйрығымен «КСРО ІІХК еңбекпен түзеу лагерьлерінде тұтқындарды ұстау режимі туралы уақытша нұсқау» енгізілді [26]. Жалпы аталмыш бұйрық лагерьлердегі режим мен еңбек шарттарын жалпы жою рухында жазылған,

онда сонымен қатар «бас тартқандармен» айтарлықтай қатты ұстау туралы талаптар бар.

Есепке алу жүйесі мен шартты мерзімінен бұрын босатуды жойып, КСРО ІІХК қалыптасқан жағдайдың шығу жолдарын іздеуге мәжбүр болды: төңкеріліске қарсы қылмыстар үшін сотталғандарға кооpеспонденцияны, посылкалар мен сәлем-сауқат алуда енгізілген шектеулер алынды, істерді қайта қарастыру туралы өтініштер қабылданды және т.т.

Режим сақтаған, өндірісте өзін жақсы көрсеткен және белгіленген норманы асырып орындаған тұтқындарға қатысты лагерь басшылығы жағынан келесі көтермелеу шараларының қолданылуы мүмкін еді: жеке іске енгізумен сап алдында және бұйрықта алғыс жариялау; сыйлық (ақшалай, табиғи) беру; туысқандарымен кезектен тыс кездесу беру; посылкалар мен сәлем-сауқаттарды шектеусіз алу құқығын беру; туысқандарына айына 100 сомнан аспайтын сомада ақша аудару құқығын беру; ең білікті жұмысқа ауыстыру. Одан басқа, онбасы жақсы жұмыс істейтін тұтқындарға қатысты прораб немесе лагерь пункті бастығының алдында стахановшылар үшін ескерілген жеңілдіктерді беру туралы өтініш білдіре алды.

«Стахановтың еңбек әдістерімен» жұмыс істеген тұтқындарға арнайы қосымша жеңілдіктердің қатары берілді [27], атап айтқанда: жайдақ ағаш кереуеттермен немесе төсектермен жабдықталған және төсек-орын жабдығымен, мәдени бұрышпен және радиомен қамтамасыз етілген ең жөнделген барақтарда тұру; арнайы жақсартылған ауқаттану; жеке асхана немесе жалпы асханада бірінші кезекте қызмет көрсетумен жеке үстелдер; бірінші кезектегі киімкешек үлесі; лагерь дүкеншесімен басымды қолдануға құқық; лагерьдің кітапханасынан кітаптарды, газеттер мен журналдарды бірінші кезекте алу; біліктілік алу немесе жүргізушінің, тракторшының, машинистің және т.т. тиісті біліктілігн алу үшін лагерь ішіндегі курстарға іссапарға жіберу [28].

Уақытша нұсқау лагерьлер әкімшілігі лауазымды тұлғаларының үш деңгей бойынша тұтқындарға көтермелеу шараларын қолдану бөлігіндегі құқықтық дәрежесін нақты айқындады: лагерь пунктінің бастығы, бөлімше бастығы және лагерь бастығы.

Белгіленген өндірістік тапсырмаларды орындау мүддесінде көтермлеу шарасы ретінде барынша тұтқындарға туыстарымен кездесу беру қолданылды. Жеке кездесулер, үкімде немесе БМСБ, БМСБ қасындағы Айрықша мәжілістің, БМСБ үштігінің қаулысынан көшірмеде немесе ерекше тәртіппен берілген нұсқауда ерекше нұсқаулар барларға қатысты адамдардан басқа, барлық тұтқындарға белгіленген. Алайда кездесулерді беру тұтқындардың еңбекке деген қатынастарынан тікелей тәуелділікке қойылған. Кездесулер лагерьдегі жақсы мінез-құлқы, еңбекке адал қатынасы, мәдени-көпшілік жұмысқа белсенді қатысуы үшін көтермелеу шарасы ретінде қолданылды. Еңбекте өздерін ерекше көрсеткен тұтқындардың туыстарымен кезектен тыс кездесулерді көтермелеу ретінде алуы мүмкін еді. Нұсқау бойынша тұтқындарға кездесу алты айда бір рет, ал көтермелеу ретінде екі айда бір ретке дейін берілуі мүмкін [29]. Террор, тыңшылық, отанды сату, диверсия, төңкеріліске қарсы троцкийдің, зиновьевтің, оң ұйымдарға, сондай-ақ басқа да антикеңестік ұйымдарға қатысу үшін сотталған, фашистік және ұлтшылдық ұйымдардың қатысушыларына, қашқындарға, антикеңестік партиялардың мүшелеріне (меньшевиктер, эсерлер және т.б.) және шетелдік боданға, олардың қылмыстарының құрамына қарамай, сондай-ақ бандитизм мен қарулы қарақшылық үшін сотталған тұтқындарға кездесу ІІХК ГУЛАГ-ы бастығының рұқсатымен ғана берілген.

Өндірістік тапсырмаларды орындаған тұтқындарға Уақытша нұсқауға сәйкес сыйақы төленген. Алатын сыйлықтың сомасы орындайтын норманың пайызынан тікелей тәуелділікке қойылған. Тұтқынның сыйақысының негізгі мөлшері еркін жалданба қызметкердің ставкасынан 10 % құраған. Жоспарлы тапсырманы асырып орындағаны үшін сыйақы ақшаның сомасы өндеу пайызының өсуіне сәйкес өскен [30]. Кәсіпорын мен тұрмыстағы мінез-құлқына қарай көтермелеу ретінде лагерь бөлімшесінің рұқсатымен айына 100 сомнан көп емес жеке ақшаның берілуі мүмкін еді.

Елдің халық шаруашылығы саласындағы күрделі және ірі көлемдегі міндеттерді орындау тұтқындардың санынан мамандардың кәсіби даярлығын ұйымдастыруды талап етті. Уақытша нұсқау біліктілік алу немесе арттыру курстарына жіберу сияқты көтермлеу шарасын ескерген. КСРО ІІХК сол бұйрығына сәйкес тұтқындарды жаппай техникалық оқыту жүйесі енгізілді, сондай-ақ «Тұтқындарды жапппай техникалық оқыту туралы ереже» бекітілді [31]. Ережеге сәйкес жаппай техникалық оқыту желісі мыналарды құрады: өндірістен үзбей-ақ білікті жұмыс күшін дайындаудың қысқа мерзімді курстары; 2-6 ай ішінде өндірісте жұмыс істейтіндерді, оларды өндірістік тапсырмалардан босатусыз оқытуға есептелген техникалық

минимум курстары; тұтқындарды өндірістен үзбей өз мамандықтары бойынша екі-үш аралас мамандыққа оқытатын, жұмыстар өнідірісінің механикаландырылған тәсілдеріне үйретететін біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстары; стахановтың еңбек әдістерін тапсыру және зерделеу, оларды енгізу мектептері; шеберлер (онбасылар) мектептері. Қарағанды ЕТЛ-ында мамандарды дайындау үшін пайда болған оқу комбинаты дербес әкімшілік-шаруашылық бірлік болды және ЕТЛ өнідірісінде ғана емес, сонымен қатар халық шаруашылығында да қажет кәсіптерге оқытуды ұйымдастыруда үлкен тәжірибе жинады. Қарлагтың оқу комбинатының жұмыс тәжірибесін ГУЛАГ басқа лагерьлер жұмысының іс-тәжірибесіне енгізу үшін ұсынды.

Уақытша нұсқау тұтқыннан ертеде жарияланған жазалауды алу сияқты көтермелеу шарасын ескерді.

Жазалайтын саясаттың күшейтілуімен ІІХК басшылығы, біздің пікірімізше, ертеде жарияланған жазалауды алу сияқты көтермелеу шарасына үлкен үміттерін жүктеді. Бұл көтермелеу шарасы басты түрде ЕТЛ-да ұстау тәртібін бұзатын тұтқындарды ынталандыру үшін ескерілген. Лагерь басқармасының бастығы, лагерь бөлімшелерінің бастықтары егер тұтқынның өндірістегі жұмысы, оның тұрмыстағы мінез-құлқы және тәртібі оның түзелуін куәландырса, онда олар жариялаған сөгісті мерзімінен бұрын алуға құқықты болды. Одан басқа, егер тұтқынның мінез-құлқы және оның екпінді еңбегі оның түзелуін куәландырса, онда лагерь бөлімшесінің әрбір бастығы өзінің бастамасы бойынша, солай тұтқынның өтініші бойынша да жоғарғы бастық алдында жарияланған сөгісті жою немесе алу туралы өтініш білдіре алды. Бұл уақыттың жағымсыз сәті аттестациялау комиссияларын жою болып табылды [32]. Аттестациялау комиссияларының қызметі ЕТЛ туралы Ережеде ескерілді. Аттестациялау комиссияларын жою бұрын лагерьлерде ынталанидру үшін кеңінен қолданылған жұмыс күндерін есепке алулар мен шартты мерзімінен бұрын босатумен негізделді.

Жеке құрылыстарда жұмыстардың аяқталуына байланысты жаппай мерзімінен бұрын босату және бұл объекттерде жұмыс істеген тұтқындарға жазалау мерзімін қысқарту туралы мәселелер туындады. КСРО ІІХК басшылығы әрбір нақты жағдайда босатылуға жататын тұтқындардың саны туралы мәселені алдын ала талқылаған. Мысалы, өндірістік нормаларды жүйелі түрде асырып орындағаны үшін, ерекше зауыттардың құрылысында көрсеткен еңбек өнімділігінің жоғары көрсеткіштері және өндіріс пен ЕТЛ-дағы тәртібі үшін Айрықша мәжіліс шешімінің негізінде 44 тұтқын мерзімінен бұрын босатылып, 15 тұтқынға үш жылға дейін мерзімі қысқартылған [33].

«Мәскеу-Жайық» каналы құрылысының аяқталуы бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1938 жылғы 16 сәуірдегі «Жазалау мерзімін өтегеннен кейін өз еркімен «Мәскеу-Жайық» каналының құрылысында қалған бұрынғы тұтқындардан сотталуын алу туралы» жарлығымен КСРО ІІХК басшылығының Дмитлагтың алты жүз тұтқынынан сотталуын алу туралы өтініші қанағаттандырылды [34].

ІІХК басшылығы еңбекпен түзеу лагерьлерінің қызметінде тиісті тәртіп келтіруге тырысты. Ол үшін ІІХК үштіктерімен сотталған адамдардың істерін қайта қарастыру бойынша кампанияны ұйымдастырды. Ішкі істер Халық комиссариаты мен КСРО Прокурорының бірікккен бұйрығының шығарылуы одақтас республикалардың халық комиссарларына, өлке мен облыстар ІІХКБ бастықтарына өз бетінше ІІХК-ІІХКБ бұрынғы үштіктерімен белгіленген жазалау мерзімдерін 3-5 жылға дейін қысқарту туралы шешім шығару, ЕТЛ-дағы қамауды жер аударумен алмастыру немесе қамаудан босатумен шын мәнінде өтеген мерзіміне дейін жазалауды қысқарту құқығын берді [35]. В.Н. Земсковтың деректері бойынша 1939 жылы ЕТЛ-дан 223, 6 мын тұтқын мерзімінен бұрын босатылған [36].

Сонымен, Ережеде бекітілген мемлекеттің еңбекпен түзеу саясаты тұтқындарды ынталандыруды ұйымдастыру ісіндегі ілгерінді бастаманы бейнеледі. Елімізде жүргізілген индустриаландыру еңбекпен түзеу лагерьлерінде тұтқындар санынан еңбек ұжымдарын құруды, олардың еңбегін ынталандыру түрлері мен әдістерін ескертуді тудырды.

Лагерьлердің бастапқы құрылу кезеңінде тұтқындардың еңбек белсенділігін белсендіру үшін көтермелеу шараларының кең аясын қолданды. Көбінесе олар ведомстволық нормативтік актілермен регламенттелді. Бұл ретте жетекші рөл жұмыс күндерін есепке алу мен саралу тамақтандыру нормаларында болды.

---

1. Кеңестік еңбекпен түзеу құқығы бойынша нормативтік актілердің жинағы (1917-1959 жж.) – М.: Мем. баспа. 1959. 128-б.
2. Кеңестік еңбекпен түзеу құқығы бойынша нормативтік актілердің жинағы (1917-1959 жж.) – М.: Мем. заң баспасы. 1959. 231-б.
3. ЕТЛ туралы ереже. 1930. 16-б.

4. Сизый А.Ф. Бостандығынан айырылған адамдарға қолданатын көтермелеу шараларының даму тарихынан.// ЖММ еңбектері. II шығарылым. –Волгоград. 1976. 81-б.
5. ЕТЛ туралы ереже. 1930. 25-б.
6. Басков В.И. Сотталғандардың құқықтық мәртебесі. – Құқықтану, 1978, № 2, 61-б.
7. ГАРФ. 9489-қ. 2-т. 6-іс. 45-п.
8. ГАРФ. 9489-қ. 2-т. II-іс. 74-п.
9. ЕТЛ туралы ереже. 1930. 42-б.
10. КСРО мен ОРСФО 1917-1952 жж. қылмыстық заңнамасы тарихынан құжаттар жинағы. 354-п.
11. ГАРФ. 9401-қ. 12-т. 94-іс. 168-п.
12. ГАРФ. 9401-қ. 1-т. 98-іс. 36-п.
13. Детков М.Г. Кеңес мемлекетінің жазалайтын саясатының мазмұны және оны отызыншы-елуінші жылдарында бостандықтан айыру түріндегі қылмыстық жазалауды орындау кезінде жүзеге асыру. – Домодедово, 1992, 94-б.
14. Кузьмин С.И. ЕТМ: тарихы мен қазіргі заман // Адам: қылмыс пен жаза. – Рязань. № 1 . 1996. 35-б.
15. Авербах Л.И. Қылмыстан еңбекке. – м. 1936. Беломор-Балтық каналы. – М. 1934.
16. Беломор-Балтық каналы. – М. 1934.
17. ҚО ІІМ мұрағаты 16-б., 1 іс, 51-54-п.
18. ГАРФ. 9401-қ. 1-т. 98-іс. 29-п.
19. ҚО ІІМ мұрағаты 24-б., 1 іс, 78-п.
20. Детков М.Г. Кеңес мемлекетінің жазалайтын саясатының мазмұны және оны отызыншы-елуінші жылдарында бостандықтан айыру түріндегі қылмыстық жазалауды орындау кезінде жүзеге асыру. – Домодедово, 1992, 99-б.
21. Сонда, 100-п.
22. ГАРФ. 9489-қ. 2-т. ЗО-іс. 89-п.
23. Кузьмин С.И. Лагерьшілер (ГУЛАГ айшықтамасыз) // Жас гвардия. 1993. № 5. 164 б.
24. ГАРФ. 9401-қ. 1а-т. 39-іс. 144-п.; 7523-қ. 67-т. 10-12-п. ГУЛАГ (Бас лагерьлер басқармасы). 1918-1960 жж. 116 б.
25. ГАРФ. 7523-қ. 67-т. 2-іс. 10-12-п. ГУЛАГ (Бас лагерьлер басқармасы). 1918-1960 жж. 116 б.
26. ГУЛАГ (Бас лагерьлер басқармасы). 1918-1960 жж. 456-473 б.
27. Тұтқындарды «дені сау» стахановшылар деп ресми санауға жөн болмағаннан, олар үшін «стахановтың еңбек әдістерімен жұмыс істейтіндер» деген айту арнайы енгізілді. Алайда, лагерьлердің әкімшілігінде барлық қызметкерлер бұл тілдік норманы сақтамаған, өйткені жеке ЕТЛ есептерінде, атап айтқанда, Норильск комбинатының есебінде тұтқындарға да қатысты «стахановшылар» деп айтылған.
28. ІІХК 1939 жылғы 2 тамыздағы № 00889 бұйрығы; ГАРФ. 9401-қ. 1-т. 35-іс. 23-п.
29. ГАРФ. 9401-қ. 1-т. 35-іс. 7-п.
30. КСРО ІІХК 1940 ж. № 085 бұйрығы ЕТЛ-дағы тұтқындардың тамақтануы туралы ереже.
31. ГАРФ. 9401-қ. 12-т. 321-т.ж. 97-п.
32. ГАРФ. 9401-қ. 1-т. 35-іс. 26-п.
33. ГАРФ. 9401-қ. 12-т. 95-іс. 76-п.
34. Детков М.Г. Кеңес мемлекетінің жазалайтын саясатының мазмұны және оны отызыншы-елуінші жылдарында бостандықтан айыру түріндегі қылмыстық жазалауды орындау кезінде жүзеге асыру. – Домодедово, 1992, 57-б.
35. Кузьмин С.И. Лагерьшілер (ГУЛАГ айшықтамасыз) // Жас гвардия. 1993. № 5. 164 б.
36. Земсков В.Н. ГУЛАГ (тарихи-социологиялық аспекті) // Социологиялық зерттеулер. 1991. № 6. 19 б.

* * *

В научной статье на основе законодательных нормативно – правовых актов рассматриваются вопросы стимулирования законных исправительно-трудовых лагерей 1930-е годы. Раскрывается формы и методы поокущения лагерного контигента. Знамительное место отводится правовому положению должностных лиц администрации лагерей в части применения поощрения к заключенным.

* * *

The questions of stimulation of prisoner reform camps in 1930 year are considered on the basis of legislative standard-legal acts in the scientific article. The forms and methods of encouragement of camp contingent are revealed. The legislative position of officials of administrative camps in a part of use of encouragement to prisoners occupies a large place.

Э. О. Қырықбаева

XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХЫНАН

1985 жылдың сәуір пленумынан кейінгі саяси өмірдегі өзгерістер Одақтық республикаларда да жаңа қоғамдық серпіліс ахуалын қалыптастырды. М.С. Горбачевтың КСРО үкіметі басына келген сәт»нен бастап өмірге енген «қайта құру, жариялылық» реформасы одаққа кірген ұлттың өз тағдырынан тарихы мен рухын, дәстүрлі әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, байлығы мен елдігін, жерлігі мен ұлттық бірлік, ата-баба мұрасын іздеудегі жаңа ынтаға серпіліс берді. Экономика мен қоғамдық өмірдегі мәдениет, білім, әлеуметтік тоқырау халыққа эволюциялық саналылық алып келгені сөзсіз болатын.

Қазақстанның өзге де облыстарындағыдай еуропалық тілдес ұлттардың көп тұруы әсерінен орыстанған Семей өңірі де біраз аршыланудың қоғамдық тазартылуын қажет етті.

Қайта құрудың барысында республикаларда және оның ішкі облыстарында, қалаларында, аудандарында, еңбек ұжымдарында көп өзге-

рістерің нышандары байқала бастады. Алайда, белгіленгендердің бәрі бірдей нақты іске айналмай отырғанын, жұмыстың бұрынғы әдістері мен стилінің екпіні әлі де баяу жойылып жатқанын көрмеуге болмайтын. Осылардың ішінде Семей қаласы да бар. Мұнда тоқырау жылдарында жинақталған бірсыпыра экономикалық, әлеуметтік, экологиялық түйін жатты.

Бай табиғи ресурстары мен дамыған өнеркәсібі, әсіресе жеңіл және ұқсатушы өнеркәсіп орындары бар бұл қала әлеуметтік дамуда артта қалып отырған. Соған байланысты КСРО Министрлер Кеңесі 1987 жылдың күзінде Қазақ КСР-дегі «Семей облысының экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету» шараларын белгілеген.

Олардан Ертістің Семей өңіріндегі кеңес және шаруашылық органдарының жаңа міндеттерін жасау және оны жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бұған қоса партия шаруашылық басшылық жиналысында оған басты көңіл қойылды. Активте Қазақ КСР-ң Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н.Ә. Назарбаев сөз сөйледі. /1/.

КСРО Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Үкіметі қабылдаған сапалық жағынан жаңа экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымдар құрауды көздейтін шаралар белгіленген облыс еңбеккерлерінің республиканың бірқатар министрліктері мен мекемелері үйлескен күш-жігерімен қысқа мерзімде орындауға көмектесетін болған.

Мұның бәрі әрине, ынталандыруды, облыс, әсіресе Семей қаласының тұрғындарының еңбек ырғағына қосымша серпін берген. Алайда, ешбір жағдайда, нақты шаралар қолданылмайтын болса, олардың орындалуы өзінен-өзі қамтамасыз етіледі деп үміттену дұрыс емес еді. Облыстық, соның ішінде қала еңбекшілері шын мәнінде жанқиярлықпен еңбек етуі, сондай-ақ алға жылжуға кедергі болатын нәрсенің көбін алмастыру керек болатын. Мысалы, ескірген жабдықтарды жаңалармен алмастырудың мүлдем жай қарқыны алға жылжудың ең басты кедергілерінің бірі екендігі белгілі. Комбайн жөндеу заводында және басқа да жергілікті өнеркәсіп орындарының бірқатарында оны пайдалану коэффиценті өте төмен болған.

Құрылыс комплексіде ерекше көңіл бөлінуді қажет етті. Өйткені, Шульба, ГЭС-ң төртінші агрегаты, индустриалды совхозындағы шошқа өсіретін комплекс, бақыршық кен-металлургия комбинаты қуаттарының бір бөлігі іске қосылмай қалған. Жаңа құрылыс тресі «Монолитті» белсендірек іске қосу, жылжымалы-механикаландырылған колонналық қуаттарын арттыру, тиісті мөлшерде көмектесу керек еді /2/. Осы және басқа да бірқатар мәселелерді шешу арқылы ғана Семей ГЭС-1 мен ТЭЦ-3 іске қосылмақ, ТЭЦ-1 мен бірінші бу қазаны қайта құралады деп үміттенуге болатын. Бұл қаланы ластанудың көптеген ұсақ ошақтарынан арылтуға, ауаны сауықтандыруға мүмкіндік беретін еді.

Адамдардың денсаулығын қорғау мәселесі де өткір қойылған. Елеулі ауралардың балалар мен аналар өлімінің өскені соңғы жылдары байқалған.

Соңғы жылдары ауылшаруашылық өндірісін интенсивтендіру, шаруашылық есеп элементтерін еңбекті ұйымдастырудың және оған ақы төлеудің жаңа прогрессті әдістерін енгізу жөнінде едәуір күш жігер жұмсалды.

1989 жылдан бастап республикаларда мемлекеттік-аграрлық өнеркәсіптік комитетінің барлық кәсіпорындары мен ұйымдары толық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға көшті. Бұл шараның аса маңызды экономикалық және әлеуметтік мәні бар еді. Өйткені бұл жаңашылдық агроөнеркәсіптік комплекстің барлық қызметкерлерінің мүдделерін қорғаған. Бұдан мынадай бір қорытынды шығады: еңбекшілер ақша санауды шыңдап үйренеді, оны білгірлікпен жұмсай біледі.

Алайда «шаруашылық жүргізудің» көптеген мысалдары мұның керісінше болатындығын дәлелдеген. 1988 жылы облыстың совхоздары мен колхоздары машина-трактор паркін ұстауға 27 миллион сомнан астам ақша шығындаған. Бірақ, егер көптеген қоймалар қажетсіз қосалқы бөлшектерге аузы-мұрнынан шыға толып тұрған болса, бұл шығынды ұтымды деп атауға болмас еді.

Қырсыздық пен жауапсыздықтың осы арналарының бәрі экономиканың ең баста қожыратқыш күші – залалдылықты туғызуын, облыстың 17 шаруашылығының 1988 жылды 7,3 миллион сом залалмен аяқтауы алаңдатарлық жағдай еді.

Кез келген ең сарапталған, ойластырылған шешімді еңбек ұжымдарына творчествалықпен және практика жүзінде қолданылмайынша ол тек ізгі ниет күйінде ғана қалмақ. Демек, Кеңес және шаруашылық ұйымдарының негізгі міндеттері адамдардың жаңа жағдайдағы жұмысқа мүмкіндігінше тезірек қосылуын қамтамасыз етуге ұмтылуы ғана болғандығы да сондықтан. Өндірістің ең басты технологтары ретіндегі мамандардың инициативасына, сондай-ақ ең-

бектің арендалық турына «жол ашу» керек болған.

Аграрлық секторды басқару ісін қайта құруды аудандық буыннан бастаған жөн еді. Нақ осында жабдықтаудың, өнім өткізудің, құрылыстың және аграрлық-өнеркәсіптік комплекстегі әріптестердің финанстық есебінен күшті орталығын құру маңызды. Олардың тәжірибесі облыстық деңгейдегі өзара қатынастардың формасын айқындайды, ал облыстардың тәжірибесі, өз кезегінде республикалық басқару буынының неғұрлым тиімді құрылымын көрсетпек. Сондықтан мұнда да әрбір аймақтың нақты жағдайын ескеретін іскерлік, жаңашылдық көзқарас қажет.

Назардан тыс қалдыруға болмайтын басқа бір мәселе – қаладағы экологиялық жағдай. Мұндағы проблемалар шешілгенінен гөрі тезірек еселене түсті. Табиғатты пайдалану нормаларын өрескел аяққа басқан ұйымдардың өктемдігі салдарынан жағдай шиеленісті.

Су ресурстарын қорғаудың және ұтымды пайдаланудың жай-жапсары елеулі алаңдатушылық туғызуда. Көптеген аймақтар қазірдің өзінде судың өткір тапшылығын сезініп отыр және оның сапасы нашарлай түсуде.

Ірі өзендерді қандай тағдырдың күтіп отырғанына барынша жұрт немқұрайлы қарай алмайды. Мысалға, Ертісті алар болсақ, бағзы бір кезде мөлдір сулы өзен енді түсті металлургия және энергетика кәсіпорындарының тазартылмаған сарқынды суын құюы салдарынан ластануда. Осы кезге дейін олардың су тазарту комплекстері қағаз жүзінде бар деп есептелінгенмен, іс жүзінде жоқ. Ертіс бойындағы қалалар Павлодар, Семей, Өскемен ластанған суды ағызуда. Ал бұл сарқынды суды іске пайда келтіретіндей етіп те пайдалануға болатын еді. Мәселен, Алматы облысындағы сарқынды су жиналатын Сорбұлақ көлінен таяудағы жерлерді, яғни жемдік дақылдар егілетін 30 мың гектар жерді суландыруға пайдаланған. Мұндай мүмкіндіктер облыстарында да бар /3/.

Экономикалық жағдайдың жайсыздығы жергілікті халықтың ренішін туғызып, еңбекшілердің Семей облысындағы полигонда өткізілген ядролық жарылыстардың бүгіні мен ертеңіне алаңдаушылық білдіруін түсінушілікпен қабылдай аламыз.

Семей полигоны Қазақстанның қанша жеріне, халқына материалдық, әлеуметтік-экономикалық зиян келтіргені әлі күнге дейін есептелген жоқ.

Семейдегі қырық жылдық ядролық сынақ қоршаған орта мен ондағы тұрғылықты халықтың денсаулығына орны толмас зиянын тигізді. Аурулардың, өлім-жітімнің (әсіресе, балалар, әйелдер, ересек адамдар арасында) деңгейі бұл өлкеде басқа өлкелермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары /4/. Семей өлкесі тұрғындарының денсаулығына және қоршаған орта объектілеріне ықпал ету жәрежесі, радиациялық бөліктерге бөлінген шектер мына кестеде көрсетілген:

Аймақтарды бөлу	Тұрғындарға әсер ету дозасы	Облыс, аудан, елді мекендері
Төтенше радиациялық ықпал ету аймағы	100	Семей облысы: Абай, Бесқарағай, Жаңасемей аудандары
Радиациялық ықпал	30-100	Бесқарағай, Жаңасемей аудандары, Абай және Абыралы аудандарының бір бөлігі
Радиациялық ықпалы жоғары аймақ	7-35	Семей, Курчатов қалалары, Шұбартау Жаңа Шульба, Бородулиха, Шар, Жарма, Аягөз аудандары

Радиоактивті шаң-тозаң жер қыртысын, топырақты, өсімдіктерді, су көздерін ластады. Жер асты сулары, өсімдік дүниесі жоғалуда. Сынақтар өткізілген кезеңнің зиянды әсері адамдардың екінші және үшінші ұрпақтарына ауыр зардабын тигізуде.

Облыстық онкологиялық диспансерден алынған мәліметтерге қарасақ, «Семей облысы бойынша 1975 жылдан 1990 жылға дейінгі мерзімде жас балалардың ауруға шалдығуы алта

есе, ал өлім - төрт есеге дерлік артқан. Әсіресе, жаңа туған және бір жас шамасындағы сәбилер өлімі өте жоғары, 36 пайыз құрайды» /5/.

Семей полигонының адам денсаулығына зияндылығы туралы Семей медициналық институтының ғалымдары Н.Сағымбаев, Ғ.Ысқақовтар жасаған тұжырымдарда ең басты факті, қатерлі ісік ауруларының Семей аймағында басқа өңірлермен салыстырғанда 30 пайыздан асып кеткендігі, ал адам қазасының 1,4 есе артқандығы айтылады. Соған қарамастан 40 жыл бойына мемлекет полигонға жақын жатқан бірқатар аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға ешқандай қаржы бөлмей келген.

Полигон жабылып, ядролық сынақтар тоқтатылғанымен жергілікті халықтың азап шегуі одан ары жалғасуда. Республикадағы қазіргі экономикалық қиыншылықтарға байланысты зардап шеккен жұртшылыққа қамқорлық көрсету мәселесі практикалық тұрғыдан шешімін таппай отыр.

Қатерлі ісіктердің қатарына ақ қан ауруы да жататыны белгілі. Осының салдарынан қан азаю ауруы, әсіресе, балалардың 65-70 пайызында кездеседі.

Семей өңіріндегі тұрғындардың қатерлі ісікпен ауырғандары мен өлгендерінің 100 мыңнан астам адамға шаққандағы көрсеткіші төмендегідей: /6/.

Ауру түрлері	Ауырғандардың көрсеткіштері			Өлгендердің көрсеткіштері		
	1990,	1989,	1988	1990,	1989,	1988
Қатерлі ісікпен ауырғандардың саны, соның ішінде әртүрлі рак ауруларымен ауырғандар және өлгендер	203,9	196,4	191,4	112,8	149,8	109,8
а) тыныс жүйесінің рагі	34,9	34,8	31,8	24,1	39,7	20,4
ә) асқазан рагі	28,8	24,1	25,6	18,0	20,7	20,0
б) қылтамақ рагі	20,6	20,4	21,4	14,6	20,9	15,9

Семей полигонының ықпалы мен себепсалдары облыс, қала тұрғындары арасындағы көші-қон мәселесіне де қатты әсер етті. 1990 жылғы статистикалық мәлімет бойынша (кеңестік әскер қатарынан, түрмеден келгендерді және т.б. қоса есептегенде) 32,4 мың адам Семей облысына келген екен, сонымен бірге, 37,8 мың адам тұрғылықты жерін ауыстырған. Басқа елге көшіп кетушілердің басым көпшілігі тұрғылықты емес халықтан тұрады. Тек 1990 жылы облыстан 18,9 мың адам қоныс аударса, 12,87 мың адам көшіп келді. Семей облысынан басқа республикаларға 8,5 мың адам (оның 5,1 мыңы – орыстар, 0,6 мыңы – украиндықтар, 0,5 мыңы – қазақтар, 0,2 мыңы - немістер) көшті. Облыс аумағына шет елден және басқа облыстардан 5,3 мың адам (оның 3,4 – орыс, 0,6 – қазақ, 0,3 – украиндықтар, 0,2 – татар, 0,3 – неміс халқы) көшіп келген.

Көшіп-қонушылардың басым көпшілігі еңбек жасындағыларды құрайды. Қалалық жерге келгендердің 80 пайызы еңбек жасындағылар, ауылдық жерге көшіп келген адамдардың 75 пайызы – еңбек жасындағылар.

Қаладан көшіп кеткендердің 73 пайызы, ауылдан кеткендердің 75 пайызы еңбек жасындағылар. Олардың ішіндегі 16-29 жастағылары қаладан кеткендердің – 59 пайызын және ауылдан кеткендердің – 58 пайызын құрайды /7/.

Ауылдық жердегі әлеуметтік-тұрмыстық, экономикалық жағдайдың төмен болуы, жұмыссыздық, мектепке дейінгі балаларға арналған орындардың жабылуына және т.б. мекен-жайлардың жойылуына байланысты ауыл адамдары талай жыл мекендеген орындарын тастап, қалаға бет алған. Әсіресе, осындай келеңсіз жағдай жастар арасында басым.

1990 жылдардағы көші-қон дәрежесінің осыншалық, сандық сипат алуы кейінгі жылдардағы қала экономикасының тұралап қалуына себепкер болды. Жаңа экономикалық саясатқа енуде мұндай дағдарыстың республиканың барлық жеріне тән екендігі белгілі, алайда оның Семей өңіріндегі сипаты барынша күрделі жағдайда екендігі өкінішті-ақ.

«Семей облысындағы әлеуметтік даму мәселелерінің, экологиялық жағдайдың күрделілігі»,- деді Н.Назарбаев, кеңес және шаруашылық органдарының ұйымдастырушылық жұмысының едәуір күшейтілуін, оларға ұдайы назар аударылып отыру қажеттігін атаған. Ол осы сапарында ядролық құрылғыларды сынауға арналған полигонда болып, бірқатар селолық аудандар мен Семей қаласындағы сауда, тұрмыстық қызмет кәсіпорындарымен және денсаулық сақтау органдарымен, тұрғын үй құрылыстарымен танысты, жергілікті халықпен сұхбаттасты./8/

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және «ғасырлар жобаларын» жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға әкеліп соқты. Сұның өзі Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды.

Семей өңірі өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуы жағынан Қазақстанның бірқатар облыстарына қарағанда едәуір артта қалып келеді. Өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқыны баяулай бастағаны байқалған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайту мен жұртшылыққа ақылы қызмет көрсету көлемін өсірудің қолда бар резервтері нашар пайдаланылған. Құрылыс ұйымдарының қуаттарын арттырудағы артта қалушылық өндіргіш күштерінің дамуын тежеген. Әлеуметтік мәдени саланың материалдық-техникалық базасын дамыту, әсіресе тұрғын үй құрылысы жұртшылық қажетінен артта қалып отыр. Бірқатар аудандарда және облыс орталығында экологиялық жағдай күннен күнге нашарлай түскен..

1990 жылы облыстық атқару комитеті хатшысы А.С.Еременко жасаған баяндамада да біраз жайлардың басы ашылды: «біздің экономикамыздың қазіргі жағдайының ды күрделі екендігін мойындауға тиіспіз»,- деді баяндаушы – «тұтыну рыногы тұрғындар сұранысын қанағаттандыра алмай, проблемалар өте баяу шешіліп отыр. Жұмыс жақсы да, тиімдірек істелуде. Бірақ тұтыну рыногында тауар жетіспейді. Адамдардың тұрмыс дәрежесі төмен» /9/. Міне, басты себебі. Ең алдымен шаруашылықты жүргізудің ескі әдістері мен тәсілдері және интенсификацияны, ғылыми-техникалық прогресті қабылдамау экономиканың даму қарқынын тежеп, өндіргіш күштердің жалпы тоқыраушылдығын туғызды.

Семей газ аппаратурасы зауыты облыстағы іргелі кәсіпорындардың бірінен саналады. Кезінде ол өз өнімін бүкіл Кеңестер Одағының түпкір-түпкіріне жөнелтіп, халықтық сұранысын қанағаттандырып келген. 1985 жылы еңбек ұжымы үшін ең табысты жыл болыпты. Осы мерзімде 305 мың дана газ плитасы шығарылған екен. Мұндай жоғары еңбек өнімділігі кәсіпорын өмірінде бұрын-сонды болып көрмеген. Бұл жылы мұнда 1300 жұмысшы еңбек еткен.

Өкінішке орай, одан кейінгі 1986-1987 жылдар еңбек ұжымына айтарлықтай қуаныш әкеле қоймады. Бұл кезде бұрынғы терең тамырлы өзара экономикалық байланыстардың шайқалып тұрған жайсыз жылдары еді /10/.

Одақ кезінде бүкіл халықшаруашылығы тек жоспарлы түрде ғана дамытылып келгені баршаға аян. Ал жаңағы Семейден шығарылатын газ қондырғыларына қажетті материалдарды Бакудегі зауыттардың бірінен алатын. Одақтың өз ішінен бүлініп, ыдырауы экономикалық байланыстардың әлсіреуіне әкеп соқты, яғни, қоғамда болып жатқан саяси оқиғалар тізбегі. 1991 жылы газ аппаратурасы зауыты бұрынғыдай болмаса да шикізатқа байланысты шама келгенше өнім шығарумен болды. Енді мұнда 1300 жұмысшыдан небәрі 460 адам қалды. Бұл зауыт Кеңес үкіметі тұсында Одақтағы газ плитасын жасаумен айналысатын 6 кәсіпорындардың бірі болатын. Соның ең үлкені Белоруссиядағы Брест қаласында орналасқан. Ал қалған төртеуі Ресейде. Осы 6 кәсіпорын арасында өнім өндіру жағынан Семейдің зауыты Белоруссиядан кейінгі екінші орынды алған.

Осынау қоғамдық дағдарыс жылдары рухани серпіліске қадам беруші семейлік қаламгер М.Р.Сұлтанбековтың қаламынан құнды шығармалар жарық көреді. Абайды, М.Әуезовты, туған өңірді өзге бір тұстарынан танытар оның шығармалары мұраға толы. Қаламгер 1960-жылдары жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқара жүріп, 1971 жылы «Абай мәселелерінен» кандидаттық диссертация жазды. Драматургтық талантын да шыңдауға біраз еңбек сіңірді /11/.

Өтпелі кезеңде халықтың рухани өмірін сақтап қалуда Семей облыстық партия мұрағаты қызметі де зор еді. Осы жылдары құрылғанына 70-жылдай уақыт ішінде бірнеше қоғамдық бақылау қарамағында болған мұрағат негізі 1920 жылы 29 наурызда Семей губерниясында қаралып, өлкенің құнды мұраларын сақтау

мақсатында құрылған болатын. Мұрағатта әр тарихи кезеңдердегі өлке, қала тарихы, Батыс-Сібір жағырапия қоғамы мүлкі, білім, ғылым, денсаулық сақтау, экономика салаларын кеңестік дәуірде, одан кейінгі кезеңді қамтитын мәліметтік деректерге толы. Мұнда М.О.Әуезовтың, Кеңес Одағының Батыры Г.С.Титовтың баяндамаларының үнтаспалары, Семей ядролық полигонының бейнекөріністері де сақталған.

Семей облысының білім беру ісіндегі қайта құру жүйесінде атқарған істері оның шаруашылық ұйым мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар шараларға арқау болды.

Бұл «мектеп -балабақша», «мектеп-кәсіптік бағдар беру-өндірісі», жоғары оқу орындарында ғылыми-өндірістік бірлестік құру істерімен іске енеді. Дегенмен, Семей өңірі орта және жоғары мектеп жөніндегі реформаны іске асыруда түпкілікті қол жеткізе алмады. Мұның бір ғана дәлелі, мәселен еңбек және демалыс лагерлері құрылысының жоспарлы 83-нің орнына 38 ғана салынады. Педагогикалық маман орналастыру ісі де қарқынды болмады. Сондай-ақ, соңғы жылдары оқу мекемелері басшыларының 46 пайызы өзгеріп, 100 ұстаз тұрғын үй сұранысымен мұқтаждық көрді. Балалар үйі, балалар бақшасының жағдайы да осындай қалде еді /12/.

Ресми газеттермен қатар 80-90 жылдары «Бірлесу», «Айна», «Сөз» секілді басылымдар шыға бастады. Мұндай басылымдар түрлі дәрежеде қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерді көтерді. 3 қалалық кеңес депутаты құраған «Азаматтық қоғам» газеті де бірқатар антикоммунистік, антикеңестік мәселелер айтып, біраз мәселелерді қозғайды.

Семей өңіріндегі 90-жылдардағы жалпы дағдарыс нышандарының көрініс беруі әртүрлі сипатта болды. Қала бірқалыпты экономикалық ауыртпашылықты басынан кешіре отырып, жаңа өтпелі кезеңге аяқ басты. Түбегейлі өзгерістерге көп үміт қойылып, бұқаралық белсенділік өсті. Туралаған экономиканың қуатты серпеліс күші ретінде ғылыми-техникалық прогресс негізіне жаппай жаңа шаралар жоспарлары белгіленіп, жоғары тиімді шаруашылық бағдарламалары қабылданды. Алайда, істен гөрі даурықпа сөзі көп, іскерліктен гөрі ыждағаттылығы аз 80-шы жылдардың екінші жартысында экономикалық түбірлі қайта құруды ұйымдастыру мүмкін болмай қалды. Қабылданған шешімдердің көбі орындалмайтын арман бейнесінде елестеді. Мұндай жағдай Семей өңірінің әлеуметтік-экономикалық тіршілігіндегі қордаланған проблемаларды шешу негұрлым кейінгі тарихи кезеңге ығыстырылып тасталғандығын аңғартты. Өйткені, Семей өңірінің экономикалық даму бағыты экстенсивтік сипатта жүрді, мұның мәні күрделі қаржыны, энергетикалық күшті, өндіріс алаңдарын үстемелеу арқылы өндірілетін өнімді көбейту болып, ал өндіріс тиімділігін арттыру бағыты мүлдем ескерілмеді. Сондықтан жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарының экономикалық өсуінде «дағдарыстық белгілердің» қордалана бастағандығын өнеркәсіпті дамытудың экстенсивті методологиясының қалыптасуымен түсіндіруге болады. Өкінішке орай, Кеңес елі нарықтық механизмдер тетігін іске қосып, қоғамдық меншік көзқарасынан арылып, еңбекшілердің өз еңбегінің түпкілікті нәтижелеріне деген қызығушылығын арттыру арқылы еңбек өнімділігін көтеру, оның жаңа биік сатысына шығу мүмкіндігіне қызығушылық білдірмеді. Өйткені, мұндай экономикалық саясат бүкіл қоғамның негізін, партияның жетекшілік құдіретін шайқалтады деп қорықты.

1. ШҚО ЖТҚО. 710-қ., 4-т., 967-іс., 15-20 п.
2. Народное хозяйство Казахстана. 1987. №1., с.5-7.
3. Чирков М. Ертістің Семей өңірі: дамудың жаңа кезеңдері //Социалистік Қазақстан, 14 сәуір 1989 ж.
4. ШҚО ЖТҚО /п/. 103-қ., 72-т., 21-іс., 9- п.
5. Семей таңы. 24 желтоқсан 1991 ж.
6. Коэффициенты рождаемости и естественного прироста населения. Статистический ежегодник Казахстана за 1990 г. Алматы: Казинформцентр, 1991. -443 с. (12).
7. ШҚО ЖТҚО. 710-қ., 4-т., 967-іс., 1п.
8. Назарбаев Н.Ә. Ортақ үйіміздегі татулық пен келісім үшін //Семей таңы, 4-сәуір 1995 ж.
9. Экономикалық сала-шешуші сала // Семей таңы, 4 мамыр 1990 ж.
10. Ізденіс іспен бекітілсе (Семей газ аппаратуралары зауытының бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы // Семей таңы, 16 мамыр 1995 ж.
11. Сұлтанбеков М. Великие таланты М.Ауезова. Семипалатинск. 1993.- 45 с.
12. ҚР ПМ. 708-қ., 1363-т., 77-іс., 5-6 п.

* * *

В статье указаны некоторые стороны социально-экономических кризисов, с которыми столкнулся Семипалатинский регион в 80-х годах XX столетия.

* * *

In article some parties of social and economic crises which the Semipalatinsk region in the eighties XX has faced centuries are specified.

Д. Қыдырәли

ТҮРІКШІЛДІК – ТҮРІК ТЕКТЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Славян, түрік, финн-угор, моңғол, парсы тектес халықтар мекендеген Кеңес Одағының тарихындағы ең бір «нәзік», шиеленген түйіндері бар мәселе, әрине, этногенез, тіл, ұлт мәселесі болғанын білеміз. Бұл мәселелер Кеңес Одағының ыдырау кезеңінде 90-жылдардың экономикалық және саяси қиындықтары көлеңкесінде қалып, кенжелеу дами бастады. Әрине, кеңестік тарих ғылымында аса бір ыждағаттылықпен зерттелген, мектеп бағдарламасына да енгізілген тақырыптар да болды, олар славян халықтарының ортақ тарихы, Киев Русі, моңғол шапқыншылығы, Алтын Орда мен орталықтанған Орыс мемлекеті арасындағы күрес, Ресейдің еуропалық аренаға шығу тарихы сияқты империялық санаға қызмет ететін мәселелер еді. Мұның өзі кеңес идеологтарының ойында туған ұлт айырмашылықтарының жойылуы, ұлттардың араласып, біртұтас «кеңес халқына» айналуы туралы қияли идеямен қосылып, осы араласу орыстандыру формасында жүреді деген жобаны туғызды. Бұл жоба бойынша Кеңес Одағы жеріндегі барлық халықтардың мәдениеті, тілі, ділі және салт-санасының да айырмашылықтары жойылып, біртұтас «кеңестік өмір бейнесі» қалыптасуға тиісті болды. Сырттай қарағанда бұл қияли жоба халықтар достығын қамтамасыз ететіндей көрінді, іс жүзінде бұл достықты емес, өзара жауласушылықты күшейтетін еді, өйткені бұл ұлттық мәдениеттердің өзара байланысы, бірін-бірі байытуы емес, сол ұлт атаулының жойылуы, сөйтіп «кеңес халқы» деп аталған бұлыңғыр бейнені қалыптастыруға ұмтылу, демек, ұлттық сананы жою болып шығатын еді. Алайда отаршылдар қазақ халқының түріктік тегі мен қазақтық санасын жоя алмады. Тілі мен тегін ұмытпай қастерлеген қазақ халқы президент Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Сонау алыс-жақын ғасырлардың өн бойында дала билеушілері аса қуатты империялардың қысымына және ішкі алауыздықтың дүмпуіне төтеп бере жүріп, ең басты байлығымызды-ұлттық тұтастық пен ұлттық жер аумағын сақтап қала алды» [1].

90-жылдарға дейін түрік тектес халықтар орналасқан жерлерде бір ғана тәуелсіз мемлекет (Түркия) болған болса, Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде бес түрік тәуелсіз мемлекеті пайда болды, оның төртеуі бұрынғы Түркістан аймағында орналасқан. Тәуелсіз Қазақстанның болашақ даму нышандары ұлттық идеяның негізі болуға тиісті түрік халықтарының тарихымен тығыз байланысты.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін нарықтық экономика мен либералдық демократияға өту кезеңінде тұрған Қазақстан үшін ғасырлар бойы жалғыз ғана тәуелсіз түрік мемлекеті болып келген Түркиямен қарым-қатынас жасау айрықша маңызды болды. Түркияның сол кездегі президенті Тургут Өзал да жас тәуелсіз мемлекеттердің алдында тұрған қиын да күрделі өтпелі кезеңдегі дамуына көмек беруді туысқан түрік халқының құрметті міндеті деп санады. Түрік елдерінің әртүрлі саладағы ынтымақтастығының айрықша маңыздылығын Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деген еңбегінде де былайша атап өткен болатын: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді» [2]. Осылайша қазақ халқы өзінің әуелі Ресей империясының, одан кейін Кеңес Одағының құрамында болған кездерде жоғалтып алуға сәл ғана қалған түріктік тегін қайта тауып, болашақ даму бағдарын анықтауға мүмкіндік алған еді.

Байырғы замандарда әлемдік өркениеттің неғұрлым дамыған және ірі ошақтарының бірі болған Түркістан – Әбунасыр әл-Фараби, Мұхаммед әл-Хорезми, Әбу Әли Ибн Сина,

Әбурайхан Бируни, Қожа Ахмет Ясауи, Әлішер Навои, Ұлықбек сияқты ғылым мен рухани мәдениеттің даналарының отаны. Егер Ренессанс Шығыста батыс елдерінен ерте басталғанын еске алсақ, сол шығыстық Қайта өркендеудің ғаламат дарынды өкілдерінің негізгі бөлігі Түркістан топырағынан өрбігенін де атап өту қажет. Тек орта ғасырлардың аяғы мен жаңа дәуірдің басында өзара қақтығыстар мен бытыраңқылықтың зардабы Түркістанды ірі мемлекеттердің бәсекелестік күрес аренасына айналдырып, ақырында оның жеке аймақтарын әртүрлі кезеңдерде Ресей империясы отарлап алды. Батыс Түркістанды жаулап алуымен Ресей империясы өзінің Евразия құрлығындағы тұғырларын елеулі түрде нығайтты, сондықтан Түркістаннан айырылу оның экономикалық дамуына ғана емес, геосаяси мақсаттарына да ауыр соққы болар еді. Сондықтан Ресей патшалық үкіметі Түркістаннан айырылып қалмауға барлық күшін салды. Сол кезден бастап түрік халықтарының азаттық күресі басталды. Ресей империясының Түркістан деп аталған отарлық иелігі Кеңес Одағы кезінде бірнеше жеке кеңестік республикаларға айналды, алайда олар түрік халықтарының тәуелсіз мемлекеті болған жоқ, сондықтан тәуелсіздік жолындағы күрес жалғаса берді. XX ғасырда бұл күрес өзіндік идеологиясы мен теоретиктері, бағдарламалары мен жетекшілері бар саяси күреске айналды.

Түрік халықтарының азаттығы жолындағы күрес түрікшілдік идеясына негізделді. Кейбір батыстық және ресейлік зерттеушілер түрік халықтарының бірлігі идеясын «пантүрікшілдік» деп атап, оны пангерманшылдық идеясына ұқсас деп сипаттайды. Л.К. Куртынова түрік халықтарының бірігуі туралы идея Түркияда ұлттық сезімнің оянуымен байланысты, ал ұлттық сананың оянуы XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропада пангерманшылдық сияқты ұлтшылдық иедялардың кең таралу кезеңінде басталды деп жазады [3]. Ресей дипломаты А.Н. Мандельштам Зареванд деген бүркеншік атпен шығарылған «Түркия және пантүрікшілдік» деген кітаптқа жазған алғысөзінде пантүрікшілдік қозғалысына түрткі болған идея Осман мемлекетінде туған жоқ, ол Ресейдегі түрік-татарлар ойлап тауып, Түркияға әкелген сасяи ағым деп көрсеткен [4]. А.Н. Мандельштам Ресейдің мемлекеттік қызметкері болғандықтан, әрине, түрікшілдік идеясына айрықша жағымсыз көзқараста болғандығы белгілі. Қазіргі кейбір Ресей зерттеушілерінің түрікшілдік идеясы Ресей түріктерінің арасында шығып, Түркияға сырттан енгізілген деген пікірлері осы Мандельштамның ойына негізделген болуы мүмкін. Алайда түрікшілдіктің Түркияда XIX ғасырдың соңғы үштігінде дербес түрде қалыптасқанын Зия Гөкалып пен Юсуф Ақшора жеткілікті дәлелдермен көрсеткен. Түркияның қоғамдық-саяси өмірінде де, мәдени өмірінде із қалдырған саясаткер, ғалым, ақын және Ыстамбұл университетінің профессоры Зия Гөкалып (1876–1924) әдеби шығармаларында түрік халықтарының бірлігін жырлады және түрікшілдік туралы бірқатар еңбектер жазды. 1923 жылы Анкарада жарық көрген «Түрікшілдіктің негіздері» деген кітабында түрікшілдікке анықтама береді және оның тарихына шолу жасайды. Гөкалып түрік халықтарының бірлігі туарлы идея Түркияда және Ресей империясының қоластындағы түрік халықтары арасында әуелі әдеби шығармалар бетінде жеке-жеке пайда болып, даму барысында түрік зиялыларының еңбектері мен іс-әрекеті арқылы өзара ұштасып кеткендігін көрсетеді. Зия Гөкалыптың аталған еңбегінің «Түрікшілдіктің тарихы» деп аталған бөлімінің мәтініне жүгінейік:

«Түрікшілдіктің біздің елімізде пайда болуынан бұрын Еуропада түріктерге байланысты екі қозғалыс бой көрсетті. Бұлардың біріншісі – француз тілінде «Turquere» деп аталған «Түрікті жақсы көрушілік», яғни түрікке деген тамсанушылық. Түркияда жасалған жібек және жүн маталар, кілемдер, алашалар, ағаш заттары, кітап түптеушілердің, оны көркемдеушілердің туындылары, маңғалдар, канделябрлар сияқты түрік өнерінің өнімдері Еуропадағы өнерсүйгішердің назарын көптен-ақ өзіне аударған-ды. Олар түрік туындылары болп табылатын бұл әсем дүниелерді басқа халықтардың көркем туындыларымен бірге көрмелерге қоятын. ...Еуропада пайда болған екінші ағым «Түркология» деп аталды. Ресейде, Алманияда, Мажарстанда, Данияда, Францияда, Англияда көптеген ғалымдар көне түріктер, ғұндар, монғолдар туралы тарихи және археологиялық зерттеулер жүргізе бастады. Түріктердің өте көне ұлт екендігін, кең аймаққа тарайтынын және түрлі кезеңдерде бүкіл әлемге үстемдік еткен жиһангер мемлекеттер мен биік өркениеттер құрғанын алға тартады.. Рас, бұл зерттеулердің тақырыбы Түркия түріктері емес, ежелгі Шығыс түріктері болатын. ...Сұлтан Абдулғазиз билігінің соңғы жылдары мен сұлтан Абдулхамиттің таққа отырған алғашқы жылдарында Ыстанбұл үлкен идеялық қозғалыстың мекеніне айналған еді. Мұнда әрі «Әнжүмән-и даниш» (Ғылым академиясы) өмірге келген, әрі Дарүлфүнүн

(университет) ұйымдастырылған болатын. ...Абдулхамит сұлтандығының соңғы жылдарында Ыстанбұлда түрікшілдік ағымы қайтадан жандана бастады. Ресейден Ыстанбұлға келген Хұсейінзаде Әли бей медицинадағы түрікшілдік негіздерін түсіндіріп жатты. Оның «Тұран» атты өлеңі тұраншылдық мұраттарының тұңғыш рет алға тартылуының белгісі еді. Грек соғысы (1897 ж.) басталған кезде түрік ақыны Мехмет Емин бей (Юрдақұл): «Мен Түрікпін, дінім, тегім – ұлы дүр» деп басталатын алғашқы өлеңін жариялады. Бұл екі өлең Түркияда жаңа революцияның басталатынын хабарлап жатты» [5]. Гөкалыптың айтуынша, түрікшілдікті әдебиетте және ғылымда негіздеген түрік зиялыларының шығармашылығына Леон Кахунның 1896 жылы Парижде жарық көрген «Азия тарихына кіріспе» атты еңбегінің зор ықпалы болған.

Ю.Ақшораның 1928 жылы жазылып, 1981 жылы Анкара қаласында жарық көрген «Жаңа түрік мемлекетінің жолбасшылары» деген еңбегінде түрікшілдік және тураншылық идеяларының өзара байланысы және қолданылу аясы, Османлы мемлекетінің Танзимат кезеңіндегі және «жас түріктер» қозғалысы кезеңіндегі ұлттық санасының ояну жағдайлары, «османшылдық» пен «жас түріктердің» көзқарастарындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар жан-жақты талданған (Бұл еңбекті Анкарада басылған түрікше нұсқасынан Д. Қыдырәлі қазақшаға аударып, ол М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен шыққан «Ұлығ Түркістан» жинағында баслыған). Осы еңбегінің «Алғашқы түрікшілдердің жалпы ерекшеліктері» деп аталған бөлімінде түрік халықтаның бірлігі идеясының Түркиядағы алғашқы нышандарына сипаттама берген: «Тіл саласындағы түрікшілдік ағымының саналы іздерін Ибрахим Шинаси мырзаның еңбектерінен көруге болады. Шинасидің түрікшілідік пікірі әдебиетте Зия паша, сөздік саласында Ахмет Уефик паша, филологиялық зерттеулерде Мұстафа Желаледдин паша тарапынан қолдау табады». Аталған авторлардың еңбектеріне талдау жасай келіп, Ю.Ақшора «Османлы түріктері арасындағы түрікшілдік ағымының алғашқы кезеңі 1865-1870 жылдар арасында пайда болды» деген қорытынды жасайды [6]. Түрік халықтарының бірлігі идеясын жүйелеп, бір негізге біріктіргендер Исмаил Ғаспыралы, Юсуф Ақшора, Зия Гөкалып сияқты түрік зиялылары еді. Исмаил Гаспринскийдің көзқарастарын түрікшілдіктің мәдени-ағартушылық бағытындағы ағымы, Зия Гөкалыптың идеяларын тұраншылдық ағымның негіздері, ал Юсуф Ақшораның идеяларын түрікшілдіктің саяси ілімі деп бағалауға болады

Исмаил Ғаспыралы (1851-1914) түрікшілдік туралы арнайы еңбектер жазған жоқ және түрікшілдіктің концептуалдық негіздерін жасау мақсатын қойған жоқ (И. Ғаспыралының ағартушылық көзқарастары мен іс-әрекетіне 2.1 бөлімде жәдитшілердің қызметін талдаған жерде сипаттама беріледі). Алайда Ғаспыралының жалпы түрік халықтарының прогресті жолмен дамуы, ғылым мен білімге ұмтылу мәселесі толғандырды, сондықтан оны түрікшілдіктің гуманистік идеологиясының негізін салушы деп бағалауға болады. Ғаспыралының «Тілде, пікірде және істе бірлік» деген сөздері түрік бірлігінің ұранына айналды. Ғаспыралының өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеген А.Беннигсен ол туралы былай деп жазады: «Ғаспыралы Ресей империясының түрік-мұсылмандарын біріктірудің қажеттілігін «Тілде, пікірде және істе бірлік» деген бір ғана сөз тіркесімен білдірді. Оның ойынша, оның кішкентай ғана туған халқын – Қырым татарларын ғана емес, Ресей империясындағы барлық түрік халықтарын құтқарудың жалғыз ғана жолы бүкілтүріктік және бүкілисламдық бірлесу болып табылады» [7]. Ғаспыралы Еуразияның кең байтақ даласында христиандық Батыс пен буддистік Шығыс арасында өмір сүріп жатқан түрік халықтары олардың мәдени айырмашылықтарын жойып, бірегейлендіруге бағытталған империялық саясатқа тек бірлесіп қана қарсы тұра алады дейді. Түрік халықтарының бірлігі туралы идеяларын Ғаспыралы «Тәржіман» газетінде жарияланған «Орыс мұсылмандары. Мұсылманның ойлары, пікірлері және байқағандары», «Орыс-шығыс келісімі» атты мақалаларында баяндаған.

Ғаспыралының түрікшілдігі тек теория деңгейінде қалып қоймай, іске асырыла да бастады. Түріктер бірлігінің негізі тіл бірлігі деп түсінген Ғаспыралы ең әуелі тілдік реформа жасау қажет деп тапты. Сонымен қатар жеке түрік халықтарының ғасырлар бойы өз бетінше өмір сүруінің нәтижесінде олар біртұтас түрік тілінде емес, негізі бір болса да, бір-бірінен айырмашылықтары бар әртүрлі тілдерде сөйлейтінін ескеріп, ол жалпы түрік грамматикасы мен лексикасын қалыптастыру кезек күттірмейтін міндет деп санады. Гаспыралы Исмаил бек 1906 жылы 15 наурыз күні «Тәржіман» газетінде жариялаған «ашық мектуб» атты ашық хатында бүкіл түріктер үшін қажетті «ортақ түрік тілі» туралы былайша ой қозғайды: «Адамдарды бөлетін үш нәрсе бар: бірі жолдың ұзақтығы, бірі діннің басқалығы, енді бірі тілсіздік. Бұдан

жиырма бес жыл бұрын ұлт ахуалын ойлап отырып, әлсіз басыммен дертімізге дәрмен іздеген кезде көргенім, дініміз бір болғанымен, жолдың алыстығы мен тілсіздік бізді бөліп тұр… Осы кезде барлық «білімді зиялы» бауырларым сияқты мен де түрік тілінде есімімді жаза алмайтын едім… Өйткені, асыл қауым, ұмырлы, шыдамды және батыр текті түрік ұлтының шашырай түсіп, Қытай қорғанынан Ақтеңізге дейінгі аралықты жайлағанына қарамастан, даусының шықпай жатқаны тілсіздігінен, яғни «ортақ тілге» ие болмағандықтан туындап отыр. Бұл сеніммен өмір сүрдім, бұл сеніммен мазарға кіремін» [8].

Исмаил бек Ғаспыралы дүниенің төрткіл бұрышындағы түрік халықтары үшін ортақ «түрік жазба тілін» жасау үшін білек сыбана кірісті. Исмаил бек осы мақсатын жүзеге асыру үшін 1883 жылдан 1914 жылға дейін 32 жыл бойы үздіксіз шығып тұрған «Тәржіман» газетінде өзі ыңғайлаған «ортақ түрік тілін» пайдаланды. Исмаил бектің бұл әрекетіне Мұса Акигит, Фатих Халиди және Мұхаммед Zahир Бигиев сынды кейбір татар зиялылары да қолдау білдірді. Ал Исмаил бектің әрекетіне қарсы шыққандар, оның «Тәржіман» газетінде қолданған тілдің барлық түрік тілдерін қамтитын «ортақ түрік тілі», бар болғаны Османлы (яғни Стамбул түрікшесі) мен Қырым татарларының тілдерінің араласқан түрі ғана екенін алға тартты. Мәселе түсініктірек болуы үшін төменде Гаспыралының түрік әлемі үшін «ортақ түрік тілі»деп ұсынған тілді сол қалпында оқып көрейік. Мәселен, Исмаил бек «Тәржіман» газетінің 1883 жылғы 10 сәуірдегі алғашқы санында «редакциядан» деп аталатын беташар мақаласында оқырмандарға былай деп жазды: «Газетемізін нешріне башладығымыздан оқуижыларымыза ифадеміз олдур ки, русчасында құлландығымыз лисан түрік лисанының шивесіне уе исламларын матбуғат хаққында олан итиқадларына мүмкін қадар ұйғынжадур. Бұнын иле берабер мағишет-и медениеден файделі ахбар уе ефкар-ы беяны уе левазымат-ы миллиемізден жемиет-и рус хабердар ейлемек «Тержүманын» башлыжа хикметі олажағы малұм еділур. Меслегіміз зор уе гүш олдығыны билүб халықлар арасындан бир хайли сахиб-і малумат уе ахлақ бізі Ңүсн-і гөнүлден уе муавенет-и лазымеден ташламазлар үмидиле теселлі ейлемектейіз» [9].

Ғаспыралыны түрікшілдіктің негізін жасаушы ретінде Зия Гөкалып та айрықша жоғары бағалаған: «Түркияда Абдулхамит бұл қасиетті ағымды тоқтатуға тырысып жатқанда Ресейде екі үлкен түрікшіл өсіп келе жатты. Олардың бірі – Мырза Фатали Ахунзаде. Оның әзери түрікшесімен жазған комедиялары Еуропаның барлық тілдеріне аударылды. Екіншісі – түрікшілдіктегі мұраты «Тілде, пікірде және істе бірлік» болған Ысмаил Ғаспыралы. Оның Қырымда шығарған «Тәржүман» солтүстік түріктері қалай түсінсе, Шығыс пен Батыс түріктері де солай түсінетін. Бұл газет барлық түріктердің бір тіл арқылы бірігуі мүмкін екендігінің дәлелі болды» [10]. Расында, Гаспыралы Исмаил бектің «Тәржіман» газеті XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде бүкіл түрік әлемі үшін «ортақ жазба тілі» қалыптастыру жолында жасалған аса маңызды қадам болды. Исмил бектің «жәдит» мектептері мен «Тәржіман» газеті Османлы түріктері, әзірбайжандар, татарлар, башқұрттар, қазақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер, ұйғырлар арасында үлкен беделге ие болғанымен, аталған түрік қауымдарының зиялылары 1900-1920 жылдары арасында шығарып, жариялаған газет-журналдар арқылы Исмаил бек армандаған «ортақ түрік жазба тілін» емес, керісінше, әрқайсысы өздерінің аймақтық түрік жазба тілдерін дамытуды көздеді. Ал Кеңестік билік толық үстемдік құрған 1925 жылдан кейін мұндай «ортақ жазба тілі» жобасы туралы түрік әлемінде сөз қозғаудың өзі қиынға айналды [11].

Өмірі мен мақсат-мүддесі мәңгілікке түрік халықтарының бірлігі идеясымен байланысты болған Юсуф Акшора 1876 жылы Симбирск қаласында татар кәсіпкерінің жанұясында дүниеге келген. Әкесі қайтыс болған соң шешесімен бірге әуелі Симферопольға, ал 1883 жылы Стамбұлға келген. Ақшора лицейде, одан кейін Әскери мектепте оқыған. Мектепті жақсы бітірген Ақшораны офицерлер дайындайтын оқу орнына жіберген, алайда Абдулхамид II сұлтанды тақтан түсіруді мақсат тұтқан топқа қосылғаны үшін оны тұтқындап, өлім жазасына кескен, кейіннен Типолиге өмірлікке жер аударған. Екі жылдан кейін Ақшора Туниске қашып кеткен де, әрі қарай Парижге жеткен. Парижде Сорбонна университетінде және Еркін сасяси ғылымдар мектебінде білімін жалғастырған. 1905 жылы Қазанға келіп, “Мұхаммедие” медресесінде ұлттық тарих пәнінен дәріс оқыған. 1908 жылы Стамбұлда “Türk jurdu” журналын шығарған. Юсуф Ақшора 1904 жылы «Үш түрлі саяси жүйе» деген еңбек жазды (Бұл мақала 1904 жылы Каирде шығатын «Turk» газетінде жарияланған, кейіннен Түркияда жарық көрді). Кейінірек көптеген ғалымдар осы еңбекті түрік ұлтшылдығының негіздері деп атады. Бұл кітапта Юсуф Ақшора елдегі түрлі

этностар бет-бетімен тарап немесе өздерінің тәуелсіздігін талап ете бастаған тұста түрік халқын сақтап қалатын жалғыз жол – ұлтшылдық, түрікшілдік саясаты болатынын ғылыми түрде дәлелдеуге тырысты. Осыдан кейін бұл сөз Қырым және Қазан татарлары, Кавказ мұсылмандары мен әзірбайдандар арқылы қазақ даласына да жетті. Ю.Ақшора үш түрлі саясат деп, біріншіден, Түркиядағы османлы түріктерінің бірлігін, екіншіден, мұсылмандық бірлік, үшіншіден, жалпы түрік халықтарының бірлігін атайды. Ақшора түрік халықтарының бірлігі олардың тегінің, тілінің, әдет-ғұрыптарының, қалыптасу тарихының ортақтығына негізделген, сонымен қатар бұл халықтардың көпшілігін дін ортақтығы да біріктіреді дейді [12]. Ақшора османшылық, исламшылдық және түрікшілдікті салыстырып талдай келе, түрік халықтарының азаттық жолындағы бірлігінің нағыз тиімді негізі түрікшілдік деген қорытындыға келген. Ақшораның түрік халықтарының бірлігін негіздеген ойлары мен идеялары кеңестік кезеңде қатты сынға ұшырады. Өйткені Кеңес Одағындағы слаяндардан кейінгі сан жағынан аса көп түрік этносының бірлігін насихаттау кеңес идеологтарының социалистік қоғамда «ұлттардың бірігіп кету» (слияние наций) процесі жүреді деген идеясына қайшы келіп қалатын еді.

Еуропалық және ресейлік авторлардың еңбектерінің басым бөлігінде «түрікшілдік», «тұраншылдық», «пантүрікшілдік» және «пантұраншылдық» түсініктері көбінесе синоним ретінде қолданылады. Германия Федеративтік Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Саяси мұрағатында және Федералдық мұрағат қорында сақталған неміс зерттеушілерінің тураншылдық идеясына талдау жасаған еңбектері және осы идеяны жақтаушылар деп саналған түрік эмигранттарының іс-әрекеттерін бейнелейтін құжаттарын талдай келіп, зерттеуші Г.К. Көкебаева түрік халықтары азаттық қозғалысының идеялық негіздерін талдауға арналған шетелдік және отандық зерттеулерде «тураншылдық», «пантураншылдық», «түрікшілдік» және «пантүрікшілдік» түсініктері көбінесе синоним ретінде қолданылатынын айтады. «Турандық идея» деп аталған құжатта: «Туранизм = пантүркизм. Ол – Анадолы түріктерінен басқа да бүкіл түрік халықтарын – түркістандықтарды, татарларды, Қырым түріклерін, әзірбайжандарды, т.б. біріктіруге ұмтылады. Бұл мәселеге орыс үкіметінен қағажу көріп, бытырап қалған, енді қайта бірігуге ұмтылып отырған Ресей түріклері ерекше назар аударады...» – деген сипаттама берілген [13].

Кезінде кеңес зерттеушілерінің де басым бөлігі «пантұраншылдық» және «пантүрікшілдік» түсініктерінің арасынан айырмашылық көрмеді. Мәселен, М.К. Зулалянның еңбегінде түрік халықтарының бірлігі идеясын «пантүрікшілдік» және «пантұраншылдық» деп атап, айрықша сынай отырып, өзінше олардың айырмашылығын көрсетуге тырысқан, алайда оның аталған түсініктерге берген анықтамасы ғылыми негізсіз, жалаң антитүріктік ұстанымының нәтижесі екенін көреміз. Мәселен, М.К.Зулалян: «Пантүрікшілдік идеология түріктердің басқа түрік тілдес халықтарды жаулап алу идеологиясы болса, пантұраншылдық Түркияның басшылығымен Тынық мұхитынан Скандинавияға және Жерорта теңізіне дейін созылып жатқан «Ұлы Тұранды» құруды насихаттайды», – деп жазады [14].

«Пантүрікшілдік» және «пантұраншылдық» атауларының ғылыми түсінік емес, Ресей империясының Түркістандағы, Еділ бойы мен Кавказдағы геосаяси мақсаттарына кедергі келтіретін түріктердің тегі, тілі және тарихы ортақтығынан туатын түрік халықтарының Түркиямен туысқандастық сезімін әлсірету үшін ойлап табылған конъюнктуралық түсініктер екенін есте ұстауымыз қажет. «Пантураншылдық» және «пантүрікшілдік» деген түсініктер орта ғасырларда Еуразия құрлығындағы аса үлкен мемлекеттердің бірі болған және сол уақыттан бастап бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін еуропалық халықаралық қатынастарда өзіндік орны болған Осман мемлекетінің жағымсыз бейнесін қалыптастыру үшін пайдаланылды.

«Мир Ислама» журналында 1913 жылы жарияланған белгісіз автордың «Панисламшылдық және пантүрікшілдік» атты мақаласында «Пантүрікшілдердің өз доктриналарын ақтау үшін келтіретін негізгі дәлелі эволюцияның заңдары бойынша ірі халықтардың ұсақ халықтарды жұтып қою қаупі туралы идея болуы мүмкін, мұның өзі пангерманшылдық пен панславяншылдық доктриналарынан алынған сияқты. Нақтылай айтқанда, пантүрікшілдік барлық жерде байқалып отырған латын, славян, герман, англосаксон және қытай нәсілдерінің ықпалына қарсы тұру мақсатымен ірі ұлттар құру қажеттілігінен туып отыр», – деп жазады. Алайда мақаланың авторы түрікшілдердің бұл дәлелін тым негізсіз деп табады, оның ойынша, пантүрікшілдердің осы тым артта қалған ұстанымы тұрандықтардың «өркениеті аса төмен деңгейде» болуынан туған, өйткені, «қазіргі заманда тіл ғылыми жағынан емес, тек қана практикалық жағынан

жеке халықтарды біріктіретін буын болып отыр» [15]. Аталған мақаланың авторы түріктерді айрықша ұнатпайды да, менсінбейді, парсы мәдениетін мақтайды, алайда түрікшілдердің негізгі идеяларын – түрік халықтарының тіл жағынан аса жақын екендіктерін жоққа шығара алмайды.

М.Шоқай 1930 жылы «Иени Түркістан» журналының №26 (14) санында түрік тілінде жарық көрген «Тұран мемлекеті хақында» деп аталған мақаласында пантұраншылдықты Ресейде не себептен қаралайтынын былайша көрсеткен: «Орыстар пантұраншылдықтан әрдайым қорқады. Олар түп-тұқияны Тұран тайпаларынан шығатын Түркістан түріктері мен Еділ бойы түріктерінің этникалық табиғи жақындасуын Ресей билігіне жасалған сатқындық ретінде қабылдайтын еді. Тіпті көшпелі қазақ елінің балалары мен отырықшы өзбек жұртының балаларын бір мектепте бірге оқытпау туралы арнайы жоба да әзірленген еді. Қазақ балаларының Қазан, Уфа және Оренбург сияқты ірі қалалардағы татар мектептерінде білім алуы қылмысқа пара-пар болатын. Татар оқу орындарында білім алып жатқан Түркістандық шәкірттердің есімдері патшалық биліктің арнаулы құпия полициясында тіркеуде тұратын. Осылайша 12-15 жасар балалар Ресейдің дұшпаны болып саналатын. Қарапайым тілмен айтқанда, тұрандық болып туылғандықтан, Ресей бізге қас дұшпан ретінде қарайтын. Кеңестік кезеңде де бұл жағдай өзгермеген қалпы қала берді. Түркістан, Тұран, түріктер. Бұл сөздер жүйені мойындамайтын, төңкеріске қарсы, аттарын атауға тыйым салынған қылмыскерлердің есімдері іспетті. Большевиктер бізді жеке тайпаларға бөліп, жіктеуде. Татарлар, башқұрттар, қазақтар, қырғыздар, өзбектер, қарақалпақтар тағысын тағы... Бұлардың барлығы да Тұранның перзенттері һәм түріктер. Алайда оларға түрік және өзгелерімен бауыр екенін айтуға тыйым салынған. Тыйым салынғанына қарамастан, халық ішкі түйсігімен туыстықты түсініп, бірлікті ұғына білуде» [16]. Демек, «пантұраншылдық» және «пантүрікшілдік» терминдері негізінен белгілі бір идеологиялық мақсатқа бағытталған еңбектерде қолданылатын, ғылымға сәйкес келмейтін түсініктер ретінде қабылдануға тиісті. Сондықтан ғылыми әдебиетте, ғылыми пікірсайыста «пантұраншылдық» немесе «пан-түрікшілдік» деген түсініктер емес, «тұраншыл-дық» және «түрікшілдік» түсініктері қолда-нылуы қажет.

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
2. Сонда, 121-б.
3. Куртынова Л. К. Некоторые особенности турецкого буржуазного национализма в период его зарождения. // Ближний и Средний Восток. История, экономика, политика. Ч. 1. – М.: Наука, 1987. – С. 97.
4. Мандельштам А. Введение // Зареванд. Турция и пантуранизм. — Париж: Книжное дело, «Родник», 1930. – С. 7.
5. Гөкалп З. Түрікшілдіктің негіздері // Ұлық Түркістан [Мәтін] / М. Қ. Қойгелдиевтің жетекшілігімен; құрастырып, аударған Д.Қыдырәли. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 85-б.
6. Акчура Ю. Жаңа түрік мемлекетінің жолбасшылары // Ұлық Түркістан [Мәтін] / М. Қ. Қойгелдиевтің жетекші-лігімен; Құрастырып, аударған Д. Қыдырәли. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 80-81-б.
7. Bennigsen A. Ismail Gasprinski (Gaspraly) and the Origins of the Jadid Movement in Russia // Исмаил-бей Гаспринский. Русское мусульманство. Oxford: Society for Central Asian Studies, 1985. –P.12.
8. Қожаоғлы Т. Ортақ түрік жазба тіліне талпыныс // Тұтас Түркістан идеясы [Мәтін] / құраст. М. Қойгелдиев, Д.Қыдырәли. – Астана: Астана полиграфия, 2008. – 114-115-б.
9. Сонда, 113-б.
10. Гөкалп З. Түрікшілдіктің негіздері..., 86-б.
11. Қожаоғлы Т. Ортақ түрік жазба тіліне талпыныс..., 115-116-б.
12. Akçura Y. Üç Tarz-ı Siyaset. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınlari, 1976.
13. Көкебаева Г.К. Еуропадағы түркістандық эмигранттар және түркі халықтарының тәуелсіздігі // Отан тарихы. – 2004. – № 3-4. – С. 14.
14. Зулалян М. К. Вопросы древней и среднедревней истории Армении в освещении современной турецкой историографии. – Ереван: Изд-во АН Армении, 1970. – 16-б.
15. Панисламизм и пантюркизм //Мир Ислама. Издание Императорского общества востоковедения. Под редакцией Д.Позднева. – Год 2. – Спб., 1913. – С.596-619.
16. Шоқайұлы М. Тұран мемлекті хақында // Ұлық Түркістан [Мәтін] / М. Қ. Қойгелдиевтің жетекшілігімен; Құрастырып, аударған Д.Қыдырәлі. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 233-234-б.

ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. К. Сарсембина

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ (1941-1945 ЖЖ.) КЕҢЕСТІК ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тоталитарлық қоғамда тәрбие жұмыстары кеңестік педагогиканың қағидалар мен әдістеріне сүйене отырып жүргізілді. «Кеңестік құндылықтар» арқылы «кеңес адамын» тәрбиелеу мазмұнына айрықша көңіл бөлінді. Халық ағарту ісінің жай-күйі партия комитетіне баяндалып отырды. Кеңес халқын қалыптастыруда орыс емес ұлттардың мүддесі аяққа жаншылды. Ұлттық және интернационалдық тәрбие бір мазмұнда қарастырылды. Тәрбие беру ісінің «кеңестік патриотизмге» негізделген мазмұны қарқынды насихат жұмыстары арқылы балаларға зор ықпал етті. «Кеңестік балалар тәрбиесі ерекше құндылықтарға негізделген» деген идея басшылыққа алынды.

Кеңес мемлекеті «социалистік» тұрғыдағы білім беру ісінде қоғамдық тәрбие жүйесін жетілдірді. Кеңес мектебінің балалары саяси ұйымдар (пионер қозғалысы) мен насихаттау (балалар әдебиеті, мектеп оқулықтары, плакаттар) жұмыстарына көгенделді. Патриоттық тәрбие мен интернационалдық тәрбие айрықша тәрбие нысанына айналды. Кеңестік ұлттарды қалыптастыруда өзге ұлттардың бір-біріне жақын болу қағидасы ескеріліп, ұлттық ерекшеліктерге назар аударылмады. «Ұжым» мен «жұртшылық» тәрбиесі мәселелеріне кеңестік педагогика ерекше басымдық берді. 1964 жылы жарық көрген А.С.Макаренконың «Трудовое воспитание» деп аталатын еңбегінде балалар ұжымын ұйымдастырудың тиімді жолдары талданды. Балаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес ұжымға біріктіру сабаққа даярлануда, баланы дамытуда, ортақ оқулықтарды пайдалануда ыңғайлы деп дәлелденді. Кеңестік мектепте оқушылар ұжымы ұйымдық қызметінің негізгі түрлері: қоғамдық-саяси жұмыс, қоғамдық-еңбек, мәдени-ағарту, спорт жұмыстары және оқушыларға адамгершілік тәрбие беру, олардың жалпы білім дәрежесін арттыру болып табылған [1,13]. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағатындағы 1946-1947 оқу жылындағы Қазақ КСР - гі мектептер жұмысы туралы есебінде: «Семей облысының 50 жеті жылдық және орта мектептерінде оқытушылардың жетекшілігімен жоғары сынып оқушыларының ішінен лекторлық топтар құрылды. Бір қатар мектептерде БК(б)П тарихы мен ағымдағы саясатты оқыту бойынша үйірмелер ұйымдастырылды. Қала мектептерінде ұжыммен кино, театрға бару тәжірибеден өтті: Шымкент қаласының орта мектептері мен облыстың аудан орталығының оқушылары үздік картиналарды ұжымдық түрде қарауға қатысты»- деп жазылған[2, 200 п].

«Жалпы ортақ іс үшін» идеясы жауапкершіліктен гөрі, жарыстарда «бірінші болу» сезімін қалыптастырды. Осылайша біржақты тәрбие өмірден орын алып, жеке тұлғаның қабілеті мен бейімділігі ескерілмеді. Кеңес мемлекетінің баланы ұжым үшін тәрбиелеу міндеттері біржақтылыққа, тұйықтыққа алып келді. Балалар білім беру мен тәрбие нысанына айналды Балалар мен жастар тәрбиесіне қатысты шараларға әйелдер кеңестері мен ата-аналар комитеттері белсенді түрде араласқан. Ал, балалар мейрамдарын өткізуге, республикалық және одақтық ірі қалаларға туристік жорықтар ұйымдастыруға, ұжым болып дем алуға (балық аулау, табиғатқа серуен жасау), әр түрлі техникалық, көркемөнерпаздар үйірмелеріне, спорттық секцияларға басшылық етуге инженерлер, техниктер, мәдениет қызметкерлері және басқа да мамандар тартылған.

1951 жылғы 12 желтоқсандағы РСФСР Ағарту министрлігінің «Мектептегі тәртіпті нығайту туралы» бұйрығының 1 параграфында: жеті жылдық және орта мектептің директорларына, бастауыш мектеп меңгерушілеріне БК(б)П ОК идеология мәселесі жөніндегі және партия мен үкіметтің мектеп туралы қаулыларын басшылыққа алу қажеттігі айтылды. Осы мақсатта а) сабақтың алғашқы күндерінен бастап мектепте қатаң тәртіп пен белгіленген ішкі тәртіпті талап етіліп, оның орындалуы қатаң бақыланған; б) «Оқушыларға арналған Ережені» өмірге енгізу жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, оқушыларға мектепте және мектептен тыс уақытта ережені қалтықсыз және саналы орындау міндеті жүктелген. Сонымен бірге жастарды және балаларды ұжымда тәрбиелеуге ерекше мән берілген. Ереже мен тәртіпті бұзу, мектептің, сыныптың, оқушының өзінің «ар-намысын аяққа таптау» болып есептеліген [3,188 б]. Кеңестік тәрбие беру мәселесінде балалар құқығы ескерілмеді. «Оқушыларға арналған Ережені» басшылыққа ала отырып тәрбие жұмыстары жүргізілді. Сол уақыттың шындығын көрсететін дерек көздерінде 1952 жылы 16 жасқа толмағандарға оқу күндері кино мен театрға мектеп басшылығының рұқсатынсыз немесе ата-анасыз баруға тиым салынғандығы да жазылды. Оқушылар мектеп директорының тікелей қадағалуымен, үлкендердің, мұғалімдердің, пионер жетекшілерінің бақылауымен әрі ұйымдасқан тәртіппен сабақ күндерінде сабақтан тыс уақытта кино мен театрға бара алған. Сондай-ақ, әрбір оқушының тәртібі мен оқу үлгерімі қатаң ескерілген [3,191б.]. Жеті жылдық және орта мектептерде сабақтағы және үзілістегі баланың тәртібі есепке алынуы үшін, V сыныптан бастап «оқушылардың тәртіп журналы» енгізілген. Сынып жетекшісі, мұғалімдер, сол сыныпта сабақ жүргізушілер оқушылардың мақтаулы мінез-құлқын және «оқушылар үшін ережені» бұзғанын сипаттайтын жазбаларды «оқушылардың тәртіп журналына» түсірген. Әрбір оқушыға 2-3 парақ арналған. Оқушылардың тәртібін бағалауда келесідей өлшемдер басшылыққа алынған: а) «5» балл оқушылардың мектеп қабырғасындағы кінәратсыз тәртібіне қойылады; б) «4» балл оқушылардың тәртіп бұзғаны байқалған жағдайда қойылады. «4» баллмен бағалауды бір тоқсанда қоюға болады. Егерде оқушы түзелмесе педагогикалық кеңес одан әрі оқушы бағасын төмендетуді қарастырады; в) «3» балл оқушы ережені қатты бұзғанда қойылып, мектептен шығару мүмкіндігін ескертеді. «3» баллды бір тоқсанда қоюға болады; г) Оқушының белгіленген сынақ мерзімінде тәртібі түзелмесе, онда педагогикалық кеңес оқушы тәртібін түзету мақсатында одан әрі мектепте қалдыру туралы мәселені талқылайды. Мектептен шығару дәрежесіне жеткен оқушы тәртібіне «2» балл қойылады. «Оқушыларға арналған Ереженің» орындалуы қатаң бақыланып, міндеттелген. Осы аталған ереже бұзылған жағдайда «Оқушылардың тәртібі журналына» толтырылып, оқушы күнделігіне түсіндірулер жазылған (алайда, оған баға қойылмаған). Оқушылардың тәртібі туралы баға тоқсан мен жылға ғана қойылып, оны мектептің педагогикалық кеңесінің шешімінсіз төмендетуге рұқсат болмаған. Оқушының тәртібі туралы оның ата-анасына арнайы ақпараттар беріліп отырылған. Әрбір мұғалім тәрбие жұмыстарының нәтижесіне тікелей жауап беретін болған. Астана қалалық мұрағатындағы «Оқушылардың мінез-құлық ережесінің орындалуы» жөніндегі «1954-1956 жылдардағы мектеп жасындағы балаларға арналған тәрбие және оқыту методикалық құралдары» деген дерек көздерінде: «Оқушыларға арналған Ережені орындау жөнінде оқушыларға қойылған біріңғай талаптардан ата-аналар нені білу керек? Мектеп оқушылары көшеде және қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстап, мәдениетті болуға міндетті. Олар кішпейіл, әрі әдепті болып, айналасындағыларға ұят келтірмейді. Ешкімге соқтығыспайды, айқайлап сөйлеспейді. Қатты күлмейді, айтуға болмайтын жерде өлең айтпайды. Жасы үлкен адамға кездескен жерде жол береді. Егерде байқамай біреудің тыныштығын алып іліп-қағып кетсе сол жерде кешірім сұрайды. Таныс адамымен кездескен жерде амандасады»-деп те жазылған[4,84]. Сонымен қатар мұрағат қорында: «Ақмола, Степняк қалаларының орта мектептерінде кешіккен оқушылар келесі сабаққа директордың немесе оқу ісінің меңгерушісінің рұқсатымен жіберіледі және бұл туралы ата-аналарына мәлімдейді. Тәртібі мен сабаққа қатысымы күнделікке түсіріледі және сынып жетекшілері ата-аналарды өз балаларының күнделіктерін қадағалауға міндетті. Мектепте мұғалімдер кезекшілігі тағайындалып, балалармен үзілістер және басқа да шараларды өткізуді ұйымдастырады. (Көптеген мектептерде арнайы сағаттар бар). Оқу жылы бойы мұғалімдер саналы тәртіпті көтеру жөнінде жұмыстар жүргізді және оқушыларға жоғары талап қойылды. Бірақ та облыстың жекелеген мектептерінде тәртіп бұзушылық кездесіп, мектептен шығарылып, жекелеген жағдайларда сотқа

берілді»- деген мәліметтер бар[5,47 п]. «Оқушыларға арналған Ереже» қатаң бақыланғанымен, тәртіп бұзушылық фактілері кездесіп отырған.

Соғыстан кейінгі он жылдықтарда патриотизм мен интернационализмге тәрбиелеудің жаңа әдістері пайда болған. Кеңес мектебіндегі тәрбиенің жаңа мазмұны 1957 жылы Мәскеуде өткен жастар мен студенттердің YI Бүкіләлемдік фестиваліне дайындық кезінде жүзеге асырылды. Кеңес мектебінің тәрбие жұмысында Отан туралы, бейбітшілік пен халықтар достығы қозғалысы туралы кинофильмдер көрсетіліп, одақтас республикалар мен шетел композиторларының шығармашылығына арналған кештер өткізілді. Ал, көрмелердің экспозицияларында халықаралық балалар мен жасөспірімдердің қозғалысы, бүкіләлемдік жастардың фестивалі көрініс берді. Сонымен қатар КСРО халықтары мен социалистік елдердің әндері мен билерін, ойындарын үйрену міндеттелді. 1957 жылы 29 қарашада БЛКЖО Орталық комитетінің 8 пленумы «В.И.Ленин атындағы пионер ұйымдарының жұмысын жақсартуға арналған шаралар туралы» Қаулы қабылдаған. Онда көптеген аудандық, қалалық комсомол комитетерінің БЛКЖО XII сьезінің «өндірістегі үздік комсомолдардың пионерлермен жұмыс жасау бағыты туралы» нұсқауларын нашар орындағандығы туралы жазылған. Тәлімгер кадрларды іріктеуде қойылатын талаптардың төмендегендігі, оның салдарынан балалармен жұмыс жасау деңгейі төмендегендігі ер адамдар арасынан шыққан тәлімгерлердің өте аздығы да айтылған [3,292б]. Пленумда пионерлерді қалалар мен ауылдарды көгалдандыру, металл сынықтарын жинау, жас төлдерді бағу, үй қояндары мен үй құстарын өсіру, бау-бақшаларды отырғызу, жүгері өнімін өсіру, көп жылдық шөп тұқымдарын жинау және т.б. жұмыстарға тартуды қолдаған. Бір сөзбен айтқанда оқушыларды қоғамдық «пайдалы еңбекке» тарту көзделген. Яғни, арзан еңбек күшін пайдалану мақсаты ойластырылған. Оқушылардың сабаққа даярлану және өз бетінше білім алуға жұмсалатын уақыты қысқарған. Осының салдары кейінгі жылдары көрініс тауып, басқаша мазмұндағы қаулылардың шығуына себеп болған. Мемлекет пен педагогика ғылымдар Академиясы мұғалімдердің оқушыларға саралау тұрғысынан қарау талаптарын жүзеге асыра алмады. Ал, саяси басшылық білім беруге «қалдықтық принцип» бойынша қаражат бөлді.

Қазақстан К(б)П ОК хатшысы Шаяхметовке жолдаған Талдықорған облыстық партия комитетінің хатшысы жолдас Кондратенконың мәлімдемесінде: «Біз сізге 1947 жылдың 31 қарашасында КП (б) Киров аудандық комитетінің № 469 бұйрығын хабарлаймыз: Мектеп жұмысында жиһаз жетіспеушілігі қатты байқалады; парта, стол, орындық сынып тақталары, құрылыс материалдарының жоқтығы сол жерде жиһаз даярлауға мүмкіндік бермейді. Сондықтанда көптеген мектептерде бір партада 4-5 оқушыдан отыр.[5, 83п] Ауданда бірде бір қазақ орта мектебі жоқ, сондықтанда 7 сыныпты аяқтаған қазақтарды кейбір қиындықтарға қарамастан басқа аудандарға жіберуге тура келеді. Аудан орталығында тұратын қазақтар аз емес, ал олардың балаларын аудан орталығында оқытатын қазақ мектептері жоқ, бұған басты себеп ғимараттың болмауы. Сонымен қатар Сізден 7 сыныпты аяқтаған қазақтардың ана тілінде оқуын жалғастыру мүмкіндігіне біздің ауданымызда қазақ орта мектебін ұйымдастыруға араласуыңызды сұраймыз» - деп баяндалады. [6,84 п]

Кеңес мектебінің негізгі міндеттерінде «социалистік Отанды қорғауға дайын болу», «кеңестік патриотизм сезімін қалыптастыру» идеологиясы ерекше мәнге ие болды. Бұл міндеттер 1966 жылдың 10 қарашасында ОК және министрлер Кеңесі қабылдаған «Жалпы білім беретін орта мектептерді одан әрі жақсарту бойынша шаралар туралы» қаулысы мен 1970 жылдың 8 қыркүйегінде министрлер Кеңесінің қаулысымен мақұлданған жалпы білім беретін орта мектептердің Жарғысында жазылды. Кеңес мектебінде оқытудың тәрбиелік сипатында дүниеге ғылыми материалистік көзқарас қалыптастыру көзделді. Сол уақыттарда педагогикалық әдебиеттерде бұл мәселе жан-жақты терең зерттеліп, теориялық тұрғыдан қорытылмаған деген тұжырымдар да айтылды. Кеңестік «жалпыұлттық» мақтаныш сезімін жоғары деңгейде тәрбиелеу басты мақсат болып, балалық шақ еңбек лагерлерімен сипатталды.

Заңға сөзсіз «бағынатын» азаматтарды қалыптастыру ерте жастан басталды. Мектеп өмірі біріңғай тәртіп пен ережеге бағынды. Әскери рух мектеп бағдарламасында, әдебиеттерде, пионер жұмысында айқындалды. Ал, отбасының рөлі бала тәрбиесінде басты орынға қойылмай, қоғамдық санамен жүзеге асырылды. Кеңестік идеология бойынша «неғұрлым бала-бақшамен, мектеп-интернаттармен қамтамасыз етсек, коммунистік тәрбие беру ісі нәтижелі болады» деген пайымдаулар үстем болды. Осыған сәйкес 1960 жылы 15 ақпанында КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің бала тәрбиесінде отбасына үлкен көмек берудің қажеттігі туралы арнаулы қаулысы жарияланды. Кеңестік тәрбие

беру мәселесінде жауапкершілік отбасына емес, қоғамға жүктелді. «Балаларды күту және оларды тәрбиелеу қоғамдық іс болады» - деп тұжырымдалды [7,78]. Жаңа адамды қалыптастыруда отбасындағы құндылықтар ескерілмеді. Отбасындағы тәрбиені қоғамдық тәрбиемен алмастыру қағидасы қателіктерге ұрындырды. Кеңес мектебінің оқушысы уақытының көбін қоғамдық білім беру мекемелерінде өткізді. Коммунистік тәрбие теориясы: ұжымшылдық, кеңестік патриотизм, еңбекті құрметтеу, тәртіптілік, қоғамдық парыз қағидаларымен қаруіланды. «Жан-жақты даму» ұжымдық өндіріс жағдайындағы, ғылыми–техникалық жетістіктерді үздіксіз қолдана алатын жұмысшының жан-жақтылығымен түсіндірілді.

Тоталитарлық қоғамдағы ұлттық республика жағдайында патриоттық және интернационалдық тәрбиенің ерекшелігі орыс тілінің мәртебесімен сипаталды. Кеңес ұлтын қалыптастыру проблемасы аралас неке арқылы да жүзеге асырылды. Аралас неке отбасында балаға интернационалдық тәрбие беріп қана қоймай, ұлттарды жақындастырады –деп қате пайымдалды. Мысалы, Талғар қаласының С.Сейфуллин атындағы № 2 қазақ орта мектебінде 16 ұлттың балалары; қазақ, орыс, корей, чуваш, лезгин, молдаван т.б. оқыса, Алматы облысының Талғар ауданының Калинин атындағы колхоздың № 70 мектебінде 20 ұлттың балалары оқыған [8,33]. КСРО-ның түрлі аудандарында жүргізілген зерттеулерде 16-дан 20 процетке дейін аралас неке болғандығы туралы айтылады [9,193].

Мұғалім мен оқушыға қысым жасау билікті оқу мен тәрбие жұмысының жаңа әдістерін іздестіру, түрлі типтегі мектептер салып, оған кадр дайындау қажеттігінен босатып, білім беру саласына қаражат үнемдеуге мүмкіндік жасады. Кеңес мектебіндегі білім берудің проблемалары айтылмай, ақысыз білім беру, оның ұлты мен әлеуметтік тегіне қармастан ер балалар мен қыз баларға тең оқу «мүмкіндігі», адамгершілік, интернационализм, үлкендерді құрметтеу мәселелері қайта-қайта айтылып, кеңестік құрылыстың «демократияшылдығы» насихатталды. Кеңес қалаларының гүлденуі; отбасында үлкендердің кішілерге қамқорлық жасауы; ер балалар мен қыздардың достығы, бақытты балалық шақ насихат жұмыстарының негізгі мазмұны болды. Ал, жақсы үлгерімге жету әрбір оқушының «патриоттық» парызы деп міндеттелді.

1963 жылғы КОКП ОК маусым Пленумында Партияның идеологиялық жұмыстарының кезекті міндеттері туралы» шешім қабылданды. Маусым пленумы барлық идеологиялық майданның қызметкерлерін «КСРО халықтарының мәдениетін өзара байытуға белсене ықпал етуге, кез-келген ұлтшылдық көріністеріне, жершілдікке, ұлттық ерекшеліктерді уағыздауға, өткенді дәріптеушіліке, кертартпа салт пен дәстүрлерді мадақтауға қарсы үздіксіз күрес жүргізуге» міндеттеді. Ұлтшылдық ұғымының мәні кеңестік идеологияға сай «өз табиғатында социализмге, марксистік-лениндік дүниетаным-ға, халықтар достығына қас, социалистік ұлттардың жақындасуы мен дамуы обьективті процесіне қарама-қайшы»- деп тұжырымдалды [8,21]. Сөйтіп, білім ұлттық мазмұнынан айрылып, «кеңес адамын» қалыптастыруға бағытынан таймады. Әрқашанда бір-бірімен ажырамайтын білім мен тәрбие ісі халықтың түсінігіне сай икемделмеді.

М.Жұмабаевтың «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [10,100 б]-деген көзқарасы бала тәрбиесінде ұлт тәрбиесін қолданудың маңыздылығын дәлелдейді. Бүкіл қоғам өмірінің, жеке адам іс-әрекетінің бір жақты саясатқа бағындырылуы салдарынан ұлттық мүдде аяқ асты болып, ұлтты ұлтжанды қасиетке тәрбиелеудің бірден-бір жолы ұлттық тәрбиеге тосқауыл қойылды. Кеңес қоғамы баршаға білім алуға мүмкіндіктер жасады. Білім мен тәрбие мәселесі алдымен ұлт мүддесі, одан қалды адамзат мүддесі тұрғысынан қаралмай, жеке адам мүддесі тұрғысынан зерделенді.

1. Б.И.Дашевский «Оқушылар коллективінің ұйымдық қызметі туралы»// Қазақстан мектебі.- 1965.-№ 1-13.

2.Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты.- 708 қ.,-10т.,-1432 іс -200 п

3. Народное образование в СССР. Сборник документов(1917-1973гг) Москва: «Педагогика»- 1974г -188, 191, -292 б

4. Астана қалалық мұрағаты.- 369 қ – 1т., - 124 іс-84 п

5. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты.- 708 қ- 10 т.,- 1430 іс-47 п

6. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты.- 708 қ- 11 т.,- 1689 іс- 84 п

7. Ф.И.Иващенко.Труд и развитие личности школьника-Москва:Просвещение. -1989г.-78 б

8. Жумаканов А.Р. Патриотическое и интернациональное воспитание в школе. Алма-Ата: Мектеп-1971ж -21, 33б
9. Харчев А.Р.Брак и семья в СССР.Москва-1964 ж-193б
10. М. Жұмабаев Шығармалар жинағы.- Алматы: Жазушы.- 2005.- 100 б.

* * *

В данной статье излагается проблемы воспитания учащихся в послевоенные годы в советской школе. Дается анализ воспитательной работы детей в тоталитарном обществе.

* * *

Then is diven an fccount problems of pupils upbrindind after war in USSR.Upbrindind of chiIdren in totalitarian society is examined.

Н. Б. Манкеев

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚазҰПУ: АСПИРАНТУРАДА ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГ КАДРЛАР ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ (1960-1970 жж.)

Еліміздің халық ағарту саласын жақсартудың маңызды алғышарттарының бірі жоғары оқу орындарын одан әрі дамыту болып табылады. Мұның өзі ең алдымен ғылыми-педагогикалық кадрлар құрамын жетілдірумен тікелей байланысты. Ал, жоғары оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың негізгі нысаны – **аспирантура** болғандығы бәрімізге белгілі. Осы орайда Абай атындағы ҚазҰПУ аспирантурасының да еліміздің ғылыми-педагог мамандарын даярлауға қосқан үлесі аз емес. Тарихқа көз жүгіртсек, осы қара шаңырақ жанынан 1938 жылы тұңғыш рет аспирантура ашылып, қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ мектептеріне арналған орыс тілі және тарих мамандықтары бойынша ғылыми кадрлар даярлау жұмыстарын жүргізген болатын. Аспирантура тұңғыш ашылғанда барлығы 12 аспирант қабылданып, олардың арасында Мәлік Ғабдуллин, Әлішер Тоқмағанбетов, Ахметхан Ахметжанов, Нұрмаш Шоқаев тәрізді ғылым жолына түскен азаматтар болған еді [1]. Содан бері халық ағарту саласының ғылыми кадрларын даярлауды үзбей жалғастырып келген бұл аспирантурада 60-жылдары да түрлі бағыттар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, көптеген аспиранттар мен ізденушілер арнайы тақырыптарда кандидаттық диссертация жазумен айналысты. Әдетте, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы алға қойып отырған проблемаларға экономикалық жағынан негізделуі, аспирантурада ғылыми кадрлар даярлау мен олардың мамандығын арттырудың маңыздылығына ерекше көңіл бөлуді талап еткен. Ендігі жерде институтта ғылым докторлары мен профессорлар жеткіліксіз болғандықтан өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының ірі мамандары ғылыми зерттеу жұмыстарына көптеп тартыла бастады. Алайда, аспирантура бітіргендер арасында көпшілігінің мерзімінде кандидаттық диссертация қорғамауы, аспиранттардың ғылыми жұмысын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар екендігін көрсетті. Ал, мұндай кемшіліктер негізінен министрліктер мен ведомстволар тарапынан тиісті бақылаудың болмауы және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда идеялық-саяси тәрбие беру мәселелерінің жеткіліксіз болу салдарынан туындаған еді. Осыған байланысты КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі 1961 жылы 13 маусымда «Ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдаған болатын [2]. Аталмыш қаулыда «Ғылымның лайықты ізбасар кадрларын даярлау ғалымдардың аса маңызды міндеті болып есептелсін» деп атап көрсетілді [3]. Осы кезден бастап институтқа ғылыми зерттеулер жүргізу және озат тәжірибені өндіріске енгізу үшін ғылыми қызметкерлердің жалақысын сақтап, басқа жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға алты айға дейін мерзімге ғылыми іссапарға жіберу құқығы берілген. Сонымен қатар, ғылыми кадрларды өндірістен қол үзбей даярлауды одан әрі жақсартып, ұлғайту мақсатымен қолданылып жүрген жеңілдіктерді толықтыруға байланысты сырттай оқитын аспиранттар өздерінің сұрауы бойынша төрт жылғы оқудың барысында аптасына бір күн негізгі жұмыстан босатылды. Ал, оған жалақысының 50 пайызы мөлшерінде ақы төленетін болған. Ендігі кезекте жоғары оқу орындары, өнеркәсіп, совхоздар мен колхоздар, ғылыми зерттеу мекемелері және басқа да ұйымдар жіберген адамдар аспирантураға түсуге рұқсат етілді. Себебі, аспирантураға жіберу таңдаулы мамандардың жақсы жұмыс істегені үшін оларды көтермелеу шарасы ретінде қарастырылса керек. Жіберілген адамдардың кемінде екі жыл практикалық жұмыс стажы

болуға тиіс еді және олар аспирантураны бітірген соң өздерін оқуға жіберген ұйымдардың қарамағына қайтып барды. Сол кезде олардың көпшілігінің аспирантураны белгіленген оқу мерзімінде кандидаттық диссертация қорғап бітірулеріне барынша мән берілген. Осы орайда институтта ғылыми-педагогикалық мамандар даярлаудың жылдық және перспективалық жоспарлары жасалынып, олардың орындалуына қатаң бақылау жүргізілгенін айтқан жөн. Ал, бұл жоспарларды жасағанда ғылым мен техниканың аса маңызды салалары бойынша ғылыми кадрлар даярлауды кеңейте түсу қажеттігіне баса назар аударылып, теория мен практиканы дамыту үшін бірінші дәрежелі маңызы бар ғылыми-техникалық прогресті одан әрі қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулерді едәуір ұлғайтып, оның сапасын арттыру және басқа да өзекті ғылыми мәселелерді шешу жолдары қарастырылған болатын. Осының негізінде ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлауды көбейту және жақсарту, халық шаруашылығының талаптарына сәйкес олардың мамандығын арттыру жұмыстарын үнемі жүзеге асыру шаралары қолға алынды [4].

Осыдан келіп, институтта өндіріске енгізілген нұсқалы жаңа машиналарды, іске қосылған нұсқалы құрылыс орындарын жасау жөнінде, өндірістің технологиялық үрдістеріне енгізілген түбегейлі өзгерістер жөніндегі баспасөзде жарияланған еңбектер «ғылым кандидаты» ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған диссертациялармен бірдей қабылданатын болды. Ал, Жоғары Аттестациялық комиссия халық шаруашылығы үшін неғұрлым өзекті мәселелер жөніндегі ғылыми еңбегін диссертация ретінде тапсырған адамдарды, соның ішінде көбінесе өндіріс қызметкерлеріне ерекшелік жасап, кандидаттық емтихан тапсырудан ішінара немесе толық босатты. Сөйтіп, мемлекеттік басқару органдарының ғылыми қызметке неғұрлым қабілетті шығармашылық күштерді тарту қажеттілігі туралы нұсқауларды жүзеге асыра отырып, институт оқытушыларының құрамын жоғары дәрежелі мамандармен қамтамасыз етуде үлкен ұйымдастыру шаралары жүргізілді [5]. Соның ішіндегі ең маңыздысы ғылыми кадрларды жоспарлы дайындауды ұйымдастыру болып табылады. Мұнда мәселе тек сандық өсуде ғана емес, негізінен алғанда олардың сапалық дәрежесінің дамуында, яғни идеялық сенімділігі мен жеке ғылым салалары бойынша теориялық дайындығы жоғары жас ғалымдарды қалыптастыруда болды. Олай болса, Абай атындағы ҚазМПИ (сол кездегі атауы) 60-жылдардың өзінде-ақ жастарды ғылымға тарта отырып ғылыми кадрлар даярлаудың өзіндік жүйесін қалыптастырған болатын.

Мұндағы негізгі бағыт тәжірибеден өткен жастарды аспирантура арқылы ғылым жолына баулу болды. Себебі, кеңес ғалымдарының 70%-ы осындай аспирантурада оқығандар еді. Айталық, КСРО Ғылым Академиясы әлеуметтік зерттеулер институтының қызметкерлері И.П.Гурев, В.В.Зверев және А.И.Колчиндердің мәліметтері бойынша аспирантураның тиімділік маңызы 80% шамасында болған. Яғни, аспирантурадан өткен бес адамның әрбір төртеуі ертелікеш «ғылым кандидаты» деген атақ алады екен [6]. Демек, институттағы жұмыс тәжірибесі ғылымның өзекті және жаңа бағыттары бойынша кадрлар даярлауда аспирантура рөлінің маңызды болғандығын көрсетеді. Сондықтан, Абай атындағы ҚазМПИ қызметінде ғылыми кадрларды аспирантура арқылы даярлаудың кең қанат жаюы заңды нәрсе еді. Осыған байланысты аспиранттар санының өсуі мен диссертация қорғау жөніндегі мәліметтерді мына бір кестеден анық байқауымызға болады.

Абай атындағы ҚазМПИ аспирантурасында оқыған аспиранттар мен қорғалған диссертациялар жөнінде мәлімет (1960-1970 жж.)

№	жылы	аспиранттар				диссертациялар	
		жалпы саны	1 курс	2 курс	3 курс	қорғал-ған	қорғал-маған
1	1960	24	9	9	6	-	6
2	1961	33	15	9	9	8	1
3	1962	42	18	15	9	9	-
4	1963	61	28	18	15	10	5
5	1964	68	22	28	18	9	9
6	1965	85	35	22	28	12	16
7	1966	81	24	35	22	12	10
8	1967	96	37	24	35	18	17

9	1968	98	37	37	24	16	8
10	1969	111	37	37	37	10	27
11	1970	112	38	37	37	11	26
	барлығы	**811**	**300**	**271**	**240**	**115**	**125**

Мәселен, институтта аспирант даярлаудың бір жылдық көрсеткішін талдар болсақ, 1960 жылы институтта барлығы 24 аспирант, оның ішінде бірінші курста – 9 (Н.Ғабдуллина, Қ.Сағатов, А.Домнушкина, О.Зикрин, В.Зимовнова, Н.Қамбарова, С.Тойшыбаева, Р.Қыдырбаева, В.Маркович), екінші курста – 9 (А.Тілегенова, Н.Хмель, Р.Пумпянская, П.Щетинин, В.Штейн, А.Ибатов, М.Айтжанов, Д.Құрмәлиев, Р.Тұрғанәлиев), ал, үшінші курста – 6 адам (А.Омаров, Қ.Өмірәлиев, В.Парфентьев, С.Нұрханов, И.Назаров, Б.Баймұханов) ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысқан. Ал, осы аспиранттарды мамандық бойынша бөлсек, қоғамдық ғылымдар бойынша – 8, тарих-филология факультетінде – 10, физика-математика факультетінде – 4, жаратылыстану-география факультетінде – 2 адам оқыды. Олардың ішінде 15 қазақ, 6 орыс ал, қалған 3-еуі өзге ұлт өкілдерінен болған екен [7].

Өзіміз көріп отырғандай, ғылыми кадрларды аспирантура арқылы даярлау жұмыстары институтта кеңінен жүргізілген. Институт басшылығы тиісті министрліктер нұсқауымен аспирантура арқылы ғылыми кадрлар даярлау жөнінде жоспарлар әзірлеп, арнайы шараларды белгілеп отырды. Сонымен қатар, осы оқу орнының аспирантурасына түсуге үміті бар адамдар тізімін республикалық Жоспарлау комитетіне жіберіп, алдын-ала тапсырыстар берген. Бұл ұйымдастыру шараларының бәрі институт Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде арнайы талқылаудан өтіп, аспирантураға ғылымға шынайы ықыласы бар жас оқытушылар тартылды. Сонымен қатар, аспирантура арқылы ғылыми кадрлар даярлау мәселесі жоғары басқару органдарының мәжілісінде күн тәртібіне қойылып, үнемі тексеріліп отырған. Мәселен, КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1967 жылғы 16 қарашада қабылдаған «Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды жақсарту туралы» қаулысы осы бағыттағы жұмыс шараларының мақсатын айқындаған негізгі партиялық-мемлекеттік құжат болып табылса керек [8]. Мұның өзі қоғамның қай саласында болмасын мәселені партиялық қаулы-қарарлардың күшімен шешудің айқын көрінісі еді. Әрине, бұрын да солай болып келгендігіне күмән жоқ.

Қаулыда жоғары мамандығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды жақсарту – ғылымды дамытудың басты шарты ретінде көрсетілді. Сонымен қатар ғылыми кадрларды даярлау ісіне мемлекет органдарының, ғылыми зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындары тарапынан басшылықты жақсарту мен бақылауды күшейту мақсаты көзделген. Диссертациялық жұмыстарға қойылатын талапты күшейтуге, аспиранттар санын көбейтуге, ғылыми кадрлар даярлау ісін жоспарлауды жақсартуға бағытталған шаралар белгіленгенін айтқан дұрыс [9]. Институтта ғылыми зерттеу жұмысына қабілеті бар жас мамандарды аспирантураға іріктеп алу жұмыстарына барынша мән берілді. Десек те, институтта оқып жүрген аспиранттардың көпшілігі Алматы қаласының тұрғындары болатын. Олардың арасында терең ғылыми мақсаты жоқ, аспирантураға тек мәртебелілік және бәсекелестік түсінігімен келген басшы қызметкерлердің балалары да аз болған жоқ. Осыдан келіп аспирантураны аяқтағандардың жіберілген облыстарға баруы сын көтермейтін деңгейде болды. Бұл кезде аймақтағы қарапайым отбасылардан шыққан талантты жастардың жолына тамыр-таныстық тосқауылы мен басқа да заңсыз кедергілер қойылған еді. Демек, республиканың ғылыми әлеуетінің аймақтық жүйесінде ақтауға келмейтін сәйкессіздік қалыптасқан. Сонымен қатар, аспиранттардың көпшілігі диссертацияларын белгіленген мерзімде аяқтап үлгермеген. Кейбір диссертациялардың ғылыми дәрежесі төмен болып, оларда ғылым мен практика үшін пайдалы қорытындылар мен ұсыныстар болмады. Сонымен қатар аспиранттарға жетекшілік ету үшін Ғылым Академияларының академиктері мен мүше корреспонденттері, ғылым докторлары мен профессорлар жеткілікті тартылмаған. Яғни, ғылыми-педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілмегенін байқаймыз. Сол себепті ғылымның неғұрлым өзекті салалары бойынша аспиранттар даярлау жоспарлары үнемі орындалмай келген. Осы арада айтылар тағы бір мәселе, Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жанындағы Жоғары Аттестациялық комиссия ғылыми зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындары Кеңестерінің қызметін бақылау жөніндегі өздеріне берілген құқықты дұрыс пайдаланбай, диссертациялардың сапасына тиісінше талап қойып отырмады

[10]. Соған байланысты 60-жылдары институтта ғылыми-педагог кадрларды сапалы түрде даярлауға барынша назар аударылып, диссертацияларды өзектілігін арттыру шаралары жүргізілген. Сөйтіп, диссертацияларда шын мәнінде жаңа ғылыми қорытындылар мен практикалық ұсыныстардың болуына қол жеткізілді. Сонымен қатар диссертациялар жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарды, техниканы, елдің экономикасы мен мәдениетін дамыту үшін неғұрлым маңызды проблемаларды талдап шешуге көмектесетін түрде жазылды. 60-жылдары институт аспирантурасына кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істеп жүрген, әсіресе өндірістік тәжірибе мен теориялық білімді ұштастыруды қажет ететін мамандықтар бойынша ғылыми жұмысқа бейімділігін көрсеткен мамандарды кеңінен тарту жұмыстарының жүргізілгенін айтуымыз керек. Сонымен қатар, ғылыми жағынан неғұрлым дайындығы мол жас мамандарды ғылыми-педагогикалық жұмысқа пайдалану және аспирантураға қабылдау үшін институт өзіне қалдырып отырған. Аспиранттарды оқуға қабылдағаннан кейін оларға философия, шетел және орыс тілдері бойынша жүйелі түрде сабақтар жүргізілді. Сонымен қатар, олардың ғылыми жетекшілері бекітіліп, арнайы шақырылған кітапхана және мұрағат қызметкерлері оларға түрлі әдебиеттер және мұрағат деректерімен қалай жұмыс жүргізу керектігін мұқият түсіндірді [11]. Мұндай ұйымдастыру шараларының аспиранттардың ғылымға деген ынтасын оятып, қызығушылықтарын арттыру ісінде тигізген әсері зор екендігі сөзсіз. Осы арада 60-жылдары аспирантурада қазақ тілі, қазақ әдебиеті, КОКП тарихы, педагогика, психология, философия, орыс тілі, орыс тілін оқыту әдістемесі, химия, ботаника, ауылшаруашылық негіздері, физикалық география, жоғары математика, элементарлық математика тәрізді мамандықтар бойынша аспиранттар даярланғанын айта кеткеніміз жөн [12].

Институтта 60-жылдары диссертациялардың сапасын көтеру және аспиранттық әзірлік мерзімін тиімді пайдалану мақсатында кандидаттық емтихан тапсырған мамандарды аспирантураға қабылдау кеңінен практикаға айналдырылып, олардың аспирантураға қабылдануына жеңілдіктер жасаланды. Ал, аспирантураға түсетін мамандардың барлығы болашақ ғылыми жетекшілерімен міндетті түрде әңгімелесетін тәртіп енгізілгенін айтпай кетуге болмас. Өз кезегінде институт Кеңесі аспиранттардың жұмысына үнемі бақылау жасап, диссертация тақырыптарын, ғылыми жетекшілерін дер кезінде бекітіп отыруды, аспиранттарға ғылыми жетекшілік етуге Ғылым Академияларының академиктерін, ғылым докторлары мен профессорларды кеңінен тарту жұмыстарын жүргізген. Бұған мысал ретінде, зейнеткерлікке шыққан ғылым докторлары мен профессорларды институт жұмысына пайдалану мақсатымен институтта консультант-профессор лауазымы енгізілгенін айтуымызға болады. Консультант-профессорлар ең алдымен ғылыми-педагог кадрларды даярлау ісіне көмектесу үшін шақырылып, штатты қызметкерлер үшін белгіленген тапсырманың жартысын атқаруға міндеттенді. Ал, оларға зейнетақысын сақтай отырып, кафедра профессорының лауазымды жалақысының жартысы төленетін болған [13].

Аспиранттарға мамандық жөніндегі ғылымдарды оқып үйренумен қатар сол кездегі ғылымның методологиясын терең игеріп, оны ғылыми зерттеулерге және қоғамдық өмір құбылыстарын талдауға қолдануды үйрену аса маңызды міндет болып саналды. Сондықтан, аспиранттардың барлығы да Ленинград, Мәскеу, Харьков т.б. қалаларға диссертация жұмыстары бойынша арнайы жолдамамен ғылыми іссапарларға жіберілген [14]. Сөйтіп, ұжымның қоғамдық өміріне, бұқаралық-саяси және тәрбие жұмыстарына белсене қатынасу аспирант қызметіне жақсы баға берудің қажетті шарты болып есептелінді. Сонымен қатар қорғалған кандидаттық диссертацияларды микрофильмге түсіріп, диссертация тақырыбы жөнінде мәліметтер министрліктер мен ғылыми зерттеу мекемелеріне, басқа да жоғары оқу орындарына хабарланды. Ал, қажет болған жағдайда осы ұйымдардың сұрауымен диссертация көшірмелері жіберіліп отырған [15].

Қорыта айтқанда, 1960-1970 жылдары Абай атындағы ҚазМПИ аспирантура арқылы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда бірқатар табыстарға қол жеткізгенін байқаймыз. Мұндай жетістіктер сол кездегі институт дамуына да оң әсерін тигізіп, ғылыми зерттеу жұмыстары мен ғылыми-педагог кадрлар даярлаудың маңызды алғышарттарын қалыптастырды.

---

1. «Тарихтың тағылым айдыны». Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультетінің 75 жылдығына шыққан кітап. Алматы, 2009, 36 б.
2. ҚР ПМ (Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты)
   17 қор, 59 тізбе, 404 іс, 58 б.
3. ҚР ПМ 17 қор, 59 тізбе, 404 іс, 59 б.
4. ҚР ПМ 17 қор, 59 тізбе, 405 іс, 120 б.
5. «Правда» газеті. 17 маусым 1961 ж, № 168, 3 б.
6. Основные принципы и общие проблемы управ-

ления наукой. Москва, 1973 г, стр.129.
7. ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық Мем-лекеттік мұрағаты)
1142 қор, 1 тізбе, 346 іс, 195-197 бб.
8. КОКП сиездері мен конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, 9 том, 1967 ж, 414-422 бб.
9. ҚР ПМ 17 қор, 59 тізбе, 405 іс, 119 б.
10. ҚР ПМ 17 қор, 59 тізбе, 405 іс, 117 б.
11. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 346 іс, 205 б.
12. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 366 іс, 108-110 бб.
13. «Правда» газеті. 17 маусым 1961 ж, № 168, 4 б.
14. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 346 іс, 198-199 бб.
15. ҚР ПМ 17 қор, 59 тізбе, 405 іс, 122 б.

* * *

В данной статье рассматривается количественный и качественный рост научно-педагогических кадров КазНПУ имени Абая в 1960-1970 годах, а также раскрываются причины возникших в то время трудностей и пути решения данных проблем.

* * *

In this article is considered quantitative and qualitative growing of the scientific personnel (frames) of KazNTTU by named Abay in 1960-1970 years, but in the same way open the reasons appeared in that time of the difficulties and way of the decision problem data.

Ш. Қ. Ахметова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халыққа білім берудің кез келген елдің мәдени құрылысының өзегі болып табылатыны баршаға аян. Ал, Қазақстандағы білім беру тарихына үңілсек, патшалық Ресейдің «ағартушылық ізгі іс-шаралар» деген атаумен енгізген оқу-ағарту жүйесінің қазақ халқының болмысына кері әсері аз болған жоқ. Әрине, олар отарлау саясаты «жабайы, тағы» халықты сауаттылыққа, мәдениетке үйрету» ұранымен жылы жабылып, аңғарылмай қалған, яғни «сауаттылық пен ағартушылықпен нәрлі ұрығын себе отырып, сонымен қатар өзінің отаршылдық принциптеріне сүйеніп, халықты қараңғылық пен надандықтың шеңберінде ұстауға тырысқан. Бұл іс-шараларды мектеп жүзеге асырған [1]. XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында Ресей құрамына кірген Қазақстан ондағы нарықтық қатынастарға да кіріктірілді. Жергілікті басқару мен өзге де қоғамдық міндеттерді атқару үшін кадр даярлауды мақсат тұтқан орыс патшасы әкімшілігі XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ жерінде өндіріс пен ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін кадрларды даярлап шығаруға бағытталған кәсіптік-техникалық сыныптар мен училищелерді ашу және кәсіби тілмаштарды даярлау ісін белсенді түрде қолға алды. Ресейдің өзіндегідей Қазақстанда да отарлаушылардың саясаты үкіметтің халықтың артықшылығы бар топтарынан шыққан балаларға классикалық білім, ал төмен таптардан шыққан балаларға нақты білім беру болды.

Бұл орайда айта кетер маңызды жайт бар, ол – патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының халықты орынтандыруға негізделгендігі. Батыс-Сібір генерал-губернаторының Семей әскери губернаторына жіберген құпия хатында орыс патшасы әкімшілігінің қазақ халқының «исламдануынан» қорыққаны айқын көрініс тапқан: «3. Ішкі Істер Министрінің а. ж. 20.01-де маған берген № 8 тапсырмасына сәйкес қырғыз тілінде татар әліпбиі орыс әріптерімен ауыстырыла ма екен. 4. Татар мешіттерінің жанындағы мектептерде орыс тілі оқытыла ма, оларды (яғни татар мешіттерін) кім бақылайды... Осы мәліметтерді жасырын жинақталып, маған жеткізілсін...» [2]. Яғни патша үкіметі «Егер Далада, қалай да болса, ислам діні насихатталса, ол қырғыздарды орыстандыру ісін айтарлықтай қиындатып, үкіметтің барлық игілікті бастамаларын тоқыратады... ...қырғыздарды орыстандыру үшін олар меңгерген татар әліпбиін орыс әліпбиіне ауыстыру қажет. Бұл оңай шаруа емес. Сондықтан татар әліпбиін орыс әліпбиімен алмастыру рет-ретімен және қатарынан бірнеше жыл бойы жүргізілуі тиіс...» [2, 4-11 парақ], – деген саяси пиғылын іске асырып бақты. Сонымен қатар орыс-қазақ мектептерін ғана мемлекет қаржыландырып отырды. Ал қазақ балалары оқитын бастауыш мектептер негізінен қазақ халқы өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылғандығын патша үкіметі сынға алып, бұл жағдайды балаларды жаппай оқуға тарту ісіне кедергі ретінде қарастырды. Сондықтан сол кезеңде қазақ жеріндегі оқу орындарының дені орыс тілінде оқытатын гимназиялар мен приход училищелерінен құралған. Мысалы, Жетісу өңірінде 1884 жылы бес қалалық училище, 23 ер балалар приходтық училищесі,

ер балалар мен қыздар бірге оқитын 7 приходтық училище болған [3]. Ал жалпы Қазақстан аумағын алсақ, Верный қаласында орналасқан ер балаларға арналған екі сегіз сыныптық, қыз балаларға арналған екі жеті сыныптық, сегіз сыныптық бір әскери гимназия, Орал қаласында орналасқан нақты білім беру училищесінің алты, жеті және сегіз сыныптық ер балаларға арналған гимназия, Семей қаласында орналасқан ер балаларға арналған төрт сыныптық және қыз балаларға арналған сыныптық гимназия, т.б. оқу орындары болған [4].

Ал, қазақ жерінде ең алғашқы мұғалімдерді даярлау жөніндегі оқу орны Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен және басшылығымен 1883 жылғы сәуірдің 10-да ашылды – ол қазақорыс мектептері үшін оқытушылар даярлайтын педагогикалық курс болды. Бастапқыда оған қабылданатын жастардың саны 60 деп жоспарланған, бірақ іс жүзінде 20 адам ғана оқыды. Және де онда сабақтардың орыс тілінде жүргізілуі қадағаланған. Айта кетер жайт – қазақтың діни мектептердің ұстаздарына қарағанда, орыс мектептеріндегі оқытушылардың әлеуметтік белсенділігі жоғары болды, олар орыс-қазақ мектептерін ашып, халықтың сауатын ашуға, мәдениет деңгейін көтеруге, ұстаздық тәжірибелерін жетілдіруге ынта-жігер танытты. Алайда олар негізінен қазақ емес, орыс мәдениетін насихаттап, қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін «ескіліктің қалдығы» деп қабылдаған.

Сондықтан да қазақ даласының ұлы перзенттері білім беру, халықты ағарту ісінің дұрыс жолға қойылуы үшін жанын аямаған. Адамның ең жақсы қасиеттері табандылық, тұрақтылық, әділеттілік және шыншылдық, сыпайыгершілік және ақылдылық болып табылады деген қағиданы жас ұрпаққа насихаттаған ұлы Абай, жастарды өнер-білімге, мәдениетке үндеуден жалықпаған Ыбырай Алтынсарин, тек білім мен ғылым ғана адамға күш-қуат беріп, халықтың ілгері дамуы мен өз игілігі үшін күресіндегі қаруы бола алады, тек оқу-білім ғана оны тәуелсіздік пен бостандық жолына шығара алады деген Шоқан Уәлиханов көтерген ағартушылық бастаманы жоғарыда аталған қазақ зиялылары, ұлтымыздың рухани қорына үлес қосып, ұлттық сана-сезімді оятуға тырысқан атақты энциклопедист ғалымдар, дарынды публицистер, айтулы педагогтар ретінде танымал А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейхановтар жалғастырып, халыққа білім беру ісіне зор үлесін қосты. Олар қоғамдық-саяси тақырыптарға жазылған көптеген мақалаларында, кітаптарында ұлттық ділдің ұлттық тілмен ажырамастығын байланысын баса айтып, балаларды қазақ мектептерінде, ана тілінде оқыту мен қатар қағаздарын қазақ тілінде жүргізу қажеттілігіне, жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің маңыздылығына, оқыту мен тәрбиелеудің тығыз байланыста болу керектігіне көңіл қойып, сондай-ақ теория мен тәжірибенің, теориялық білім мен өнердің ара қатынасын ажыратып, бір-біріне тәуелділігін айқындап, бірқатар дидактикалық ой-пікірлерін қалдырған [5].

Атап айтқанда, қазақтың алғашқы әліпбиін құрастырушы ретінде танымал ұлы публицист, ақын әрі ғалым А. Байтұрсынов білім берудің қазақ даласындағы жай-күйін жіті зерттей келе, қазақ халқының ішінде хат танитын, білімді азаматтардың кемдігін қынжыла көрсете отырып, «оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі бұл заманда не нәрсе болмасын, машинаға айналды. Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, киім тігетін машиналар, соқы-сайман, арбашана, киім-кешек, ыдыс-аяқ – бәрі де зауыт-фабрикаларда істеліп шыққан. Бұл істеліп шыққан нәрселердің сүйегінен іс ақысы он есе қымбат... Қазақ басқа жұрттың өнерін қымбатқа сатып алып отыр. Осы заманғы жан таңқаларлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкке құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген ғылым. Дүниенің бір шетінен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған да ғылым. Отарба, от кемелерді жүргізген ғылым» [6],– деп, аса көрегенділік танытқан. Ал қазақтың белгілі ақыны әрі педагогы М. Жұмабаев өзінің төл еңбегінде: «...Жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осылай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы», «бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін», – деп, жасөспірімдерге ғылым-білім беруді ғана емес, тәрбиелеуді де ұстаздардың басты міндеттері қатарына жатқызған [7]. Ал жаппай қуғын-сүргіннің құрбаны болған тағы бір аяулы азаматымыз, белгілі жазушы-публицист-ғалым Ә.Бөкейханов өзінің еңбектерінде дидактикалық әдіс-тәсілдерге, тәжірибеге сүйенудің зор маңызын атап көрсете отырып: «... тәжірибә көзбен көрген, қолмен ұстағаннан басталады. Ақыл зерек тексеріп тергеп, терең толқып, кестелеп көзбен көргеннен қолмен ұстағаннан қортынды шығарады. Бұл неше сыннан өтіп, таспадай сыдырылып, таяқтай жанылып, білім негізі болып шығады. ...Тәжірибә жолымен білімге шыныққан адам білгенін

көріне ала кіреді. Тәжірибәдан алған білім ұмытылмайды, төл ат болады. Осы күнгі тәжірибәсіз білімде негіз... жоқ. Білім анасы – тәжірибә» [8], – деген.

Ағартушылық ісіне ден қойған қазақ зиялылары патша өкіметінің орыс тілін мектепте күштеп оқыту, араб әрпін қолданып келген қазақтарға орыс әрпін енгізу арқылы орыстандыру, ислам дініндегі халықтың бетін христиан дініне бұру саясатын жүзеге асырғанын, бұл іс-әрекеттердің отаршылдық сипатын ашып көрсеткен. Сондықтан қазақ халқының белді де беделді азаматтарының бастамасымен өткізілген келелі жиындарда осы мәселеге айрықша көңіл бөлінді. Қазақ зиялылары жас ұрпақты тәрбиелеу, сол арқылы қазақ халқының болашағын айқындау мәселесіне көп көңіл бөлген. Ақпан төңкерісі жеңіп, патгшаның тақтан түскені туралы хабарды қазақтың зиялы қауымы зор қуанышпен қабылдап, енді алға қойған мақсатқа, яғни елдің тағдырына қарсы мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге, білім беруге, мәдениетті дамытуға зор құлшыныс танытты. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 223 санында Минскідегі бұратана бөлімінде жүрген Ә. Бөкейхан, М. Дулатов, М. Есболова, Т. Жаманұранов бастаған 15 қазақ зиялысының Қазақстанның барлық орталықтарына белгілі адамдардың атына жазылған жедел хат жарияланды. Ол жедел-хатта: біріншіден, халықты билікке қолдау көрсетуге шақыру керек болса, екіншіден, сол билікті қолдау арқылы, соның шеңберінде ұлт тағдырына қатысты зәру мәселелерді шешуге шақырды [9].

Атап айтқанда, 1917 жылғы сәуірдің 2-нен 8-іне дейінгі кезеңде Орынбор қаласында болып өткен Торғай облысы қазақтарының съезінде күн тәртібіндегі ең басты маңызды мәселелер қатарында халыққа білім беру мәселесі қарастырылып, елдің бүкіл халқы «міндетті түрде бастауыш білім алу керек. Мектептерде алғашқы үш жылда оқу ана тілінде жүргізіледі. Мектептерде ұл балалар мен қыз балалар бірге оқытылады. Мектептер земстволық және мемлекеттік қаражатпен қамтамасыз етіледі» [10], – деген шешім қабылданды.

Сол жылы 25 сәуір мен 7 мамыр аралығында Омбыда өткен Ақмола облыстық қазақ съезінің делегаттары әр түрлі тап өкілдерінен құралғандықтан, онда айтыс-тартыс көп болып, «ер балалар қыз балалардан бөлек оқысын» деген сияқты пікірлермен қатар оқу орындарын мұғалім кадрлармен қамтамасыз ету үшін Ақмола облысының кейбір медреселерінің оқушыларына 50 сом мөлшерінде стипендия тағайындалсын деген шешім қабылданды. Ал, дәл сол аралықта, яғни 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында Семей облысының съезінде қабылданған қаулыда: «Оқу-ағарту ісі бәрінен де қымбат», - деп атап көрсетіліп, жалпыға бірдей тегін оқу қажет, қоғамдық мектептердің бәрінде оқу қазақ тілінде жүргізілуі тиіс, мектептерді тұрғындарға жақындату керек деген шешімдер қабылданды. Яғни осы аталған съездерде қазақ қоғамында оқу ісін дұрыс жолға қоюдың демократиялық жолдары ұсынылып, оларды бірінші бүкілқазақ съезіне шығару ұйғарылып, 1917 жылғы 21-26 шілдеде болып өткен бірінші бүкілқазақ съезінде олар Қазақстанның ең маңызды қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелер қатарында кең талқыға салынды. Съезде оқу-ағарту ісі бойынша: бастауыш білім жалпыға бірдей болсын; бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде жүргізілсін; мектеп оқулықтары, әдістемелік құралдар және мерзімді басылымдар қазақ тілі емлесімен жазылсын деген маңызды қаулылар қабылданды.

Сонымен қатар осы бірінші бүкілқазақ съезінің шешімімен құрылған «Алаш» партиясының сол жылы қабылданған бағдарламасында да оқу мәселесіне баса назар аударылды, атап айтқанда, білім беру мен ғылым мәселелеріне арнайы тарау бөлініп, онда: оқу орындары барлық азаматтарға ашық әрі ақысыз болуы тиіс, бастауыш мектептерде оқу балалардың ана тілінде жүргізілуі керек, қазақтар үшін университеттерде оқыту қазақ тілінде жүргізілуі қажет, сондай-ақ, оқу ісі мемлекет ісімен біріктірілмей, өз алдына автономиялы түрде жүргізілуі тиіс, яғни өкімет оқу ісіне кіріспеуі керек, мұғалім, профессор қызметтері сайланбалы болуы керек, жалпыға ортақ білім беру принципіне сәйкес барлық жерлерде тегін кітапханалар ашылуы тиіс, – деген шешімдер болды [11]. Сонымен, қазақ ұлтының зиялылары қазақ халқының ұлттық мектебін қалыптастыруды неден бастау керегін айтып, халыққа бағыт-бағдар берді.

Осы игі істер одан әрі қарай жалғасын тауып, 1917 жылғы 5 желтоқсанда өткен жалпы қазақ-қырғыз съезінің шешімімен оқу-ағарту ісі жөніндегі комиссия құрылды. Оның құрамына Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Елдос Омарұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Телжан Шонаұлы сияқты белді де беделді азаматтар, белгілі қоғам және әдебиет қайраткерлері кірді. Комиссияның алдына қойылған міндеттердің қатарында: ұлттық мектептерге арналған бағдарлама әзірлеу, мұғалімдерге арналған басшылық құрал әзірлеу, балаларды тәрбиелеу жөнінде нұсқаулықтар шығару, қазақ-қырғыз мектептері-

не арналған ұлттық білім беру ережесін әзірлеу, қазақ тілінің төл емлесін жасау, оқулық кітаптарды қазақ тіліне аудару сияқты аса маңызды мәселелер қамтылды [12]. Комиссия құрамындағы ағартушылар ұстаздыққа теориялық білім деңгейі ғана емес, адамгершілігі де жоғары, дүниетанымы терең, өмірлік тәжірибесі мол адам тағайындалуы қажет деп санаған. Алайда Қазақстан жерінде қазақтың ішінен осы қасиеттердің барлығын бойына толық жинаған адамдардың саны жоқтың қасы, яғни, ең алдымен теориялық білімі терең адамдар аз болғандықтан, мұғалімдікке, негізінен, Қазан қаласындағы мұғалімдер семинариясының, Орынбордағы қазақ мектебінің, Неплюев кадет корпусының түлектері тартылды.

1. Қазақ. – 1917. - № 238.
2. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. 15 қор, 1 тізбе, 52 іс, 1-2 парақ.
3. Записки об устройстве Семиреченской области в составе Степного генерал-губернаторства, составленная в 1883 году. – Верный, 1884. – С. 90.
4. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1999. – 442 б. – 256 б.
5. Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялары мен ұстанымдары сабақтастығы: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2008. – 476 б.
6. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы, 1991. – 254 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1990.
8. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – 489 б.
9. Касымбаев Ж.К. История Казахстана. – Алматы: Рауан, 1995. – С. 168.
10. Қазақстан мектебі. – 2004. – № 45.
11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. – 228 б.
12. Мартыненко Н. Алашорда. Айқап. – Алматы, 1992. – 156 б.

* * *

В данной статье рассматриваются некоторые проблемы начального периода истории развития системы образования Казахстана.

* * *

In the article some problems of Kazakhstan early period educational system are looked through

Г. Қ. Тунгатарова, Н. А. Тасилова

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жылдар жылжып, уақыт өткен сайын Тәуелсіздігіміздің мәні жарқырай ашылып, маңызы арта түскенін бүгінгі өмірдің өзі көрсетіп отыр. Қол жеткен табыстарымыз бен жетістіктеріміз туралы сан рет айтылды да, жазылды да. Олардың қатарында еліміздің рухани әлемінің дамуында бірден-бір үлес болып табылатын, ұлттық мәні зор «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын қосар едік.

Бағдарламада: «Тәуелсіздіктің тарихи кезеңінің қысқа ғана мерзімінде Қазақстан территориясындағы мемлекеттілігіміздің рухани ұрпақтар жалғастығын, өткен ғасырлар байланысын, ата-бабалар сабақтастығы мен салт-дәстүрлерін көрсететін жалпы адамзаттың тарихи-мәдени және өркениетті үрдістердің толыққанды құрамдас бөлігі ретінде еліміздің үлкен мәнді дамуының қолдауына ие болды»-деп көрсетілді. Сондықтанда “Мәдени мұра” – ұлт руханиятының барша бағыттарын қамтитын жоба.

"Мәдени мұра" бағдарламасы міне, осы рухани-мәдени сұраныстан туындаған халқымыздың болмысы мен белсенділігінің тұтастығы мен өресін білдіретін тарихи-мәдени мұраларды жинауға, сол арқылы рухани және зияттылық (интеллектуалды) әлеуетін көрсетуге әрі көтеруге бағытталған. Оның басты *мақсаты*, президентіміз Н.Назарбаев атап көрсеткеніндей, "ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты" болатын мәдениетті ашып беру, ұлтымыздың өркениеті мен мәдениетін,

оның тарихын ұлықтаған ұлы тұлғалардың үлесін танытатын мәдени мұраны сақтаудың, қазақстандықтардың рухани кемелденуінің өркениет көшінен кейін қалмауын қамтамасыз ету" [1].

Сайып келгенде, жадымызды жаңғыртуға арналған қазақтың тарихы мен мәдениетіне, тағдырына қатысты қаншама "ақтаңдақтар" ашылып, мұрағат түпкірінде шаң басқан жәдігерлеріміз жарыққа шықты. Аталмыш бағдарламаның міндеті осы мұраларды зерттеп қана қоймай, оларды пайдаға асыру мәселелеріне көбірек назар аудару керек [2.544]. Осы орайда "Мәдени мұра" бағдарламасы - мәдениетке деген мемлекеттік көзқарасты айқындаған маңызды жоба болды.

Жалпы ел мен елдің, ұлт пен ұлыстың арасын идеология емес, мәдениет жалғастырады. ***Мәдениет*** – адамзат тарихының күретамыры**,** ал мәдениеттің күретамыры – адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген ***материалдық құндылықтар*** болып табылады. Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Ал ұлттық мәдени құндылықтар ұлттың тек ежелден келе жатқан, ертеден меншіктенген қазынасы, игілігі, алтын қоры, асыл мұрасы ғана емес, сонымен қатар, ұлттың бүгінгі таңда басқа халықтардан бұрын ойлап тапқан, бұрын қол жеткізген, бұрын игерген ғылымдағы, өндірістегі, мәдениеттегі, өнердегі бірінші табысы.

«Мәдени мұра» бағдарламасын қолға алғалы бері ғылым саласында ашылмаған, жазылмай қалып жүрген көптеген ғылымға үлес қосарлық құнды еңбектер аударылып, жарыққа шығып жатқаны баршаға белгілі.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті басқа елдерден кем емес. Мысалы, қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларының әлемдік мәдени мұраларымен бірге терезесі тең екендігін осы аз уақыттың ішінде дәлелдеп шықтық. Бұл қатарда атқарылған игі шараларды атап өтсек: Жалпы 230, оның ішінде 79 аталым кітап шығарылған. Айталық, 100 томдық *"Бабалар сөзі"*, топтамасының бай ауыз әдебиетімізді жинақтауға мүмкіндік берген 50-ге жуық кітабы, әлем әдебиеті кітапханасының 10 томдығы, қазақ әдебиеті тарихының 10 томдығы, қазақ халқының барлық философиялық мұрасының 20 томы, сондай-ақ қазақ өнерінің тарихы, қазақ музыкасының антологиясы, *"Әдеби жәдігерлер"* сериясы бойынша т.б. шыққан кітаптар бар [3. 260].

Осы құнды еңбектерді ақпараттық технологияны пайдала отырып, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шығып жатқан еңбектердегі ұлттық мәдени құндылықтар туралы мәліметтерді жинап, жүйелеп, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп, дәстүрлі оқулық әдебиеттер мен мультимедиалық ресурстарға енгізуге болады. Сөйтіп ұлттық мәдени мұраларды білім мазмұнына енгізе отырып, осы салаларда біздің де ұрпақтарымыздың жаңа құндылықтар жасауына мүмкіндік тудыруға аға ұрпақ біздер міндеттіміз. Сол себептен де халқымыздың, ұлтымыздың, төл тарихымыздың жазба деректерін «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде алыс- жақын шет елдерде қалған ғылыми құнды мұраларды елімізге әкелініп, зерделеніп халқымызға ұсынылып отыр.

Осы ретте мемлекеттік бағдарлама аясында жарияланған рухани игіліктерімізді атай өтсек, Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ, бірқатар Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-зерттеу экспедициялар ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз болып келген Қазақстанның тарихы, этнографиясы, өнері туралы бес мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдары табылған.

Келешектің кепілі жас жеткіншекті оқыту мен тәрбиелеу ісінде ұлттық сананы қалыптастыру орасан зор орын алады. Сол себептенде жоғарыда атқарылған істерді еліміздің білім алушы жастарына жеткізу үшін «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген экспедициялық зерттеулердің нәтижесін оқу бағдарламаларына енгізу қажеттілігі туындайды.

Ежелгі және ортағасырлардағы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар (Қойлық, Талғар, Қараспан, Түркістан, Сауран, Сарайшық, Жанкент т.б) жайлы мәліметтерді, және Отырар мен Бозұқ қалаларынан табылған қазба жұмыстарының нәтижелерін және Ежелгі Тараз қаласының Алматы мен Жетісуда сақтар мен үйсіндердің орналасуына қатысты және бұл деректер арқылы оқушылар Қазақстанның тарихы жөніндегі білімдерін кеңейтуге мүмкіндік алады.

Мәдени мұра бағдарламасының негізінде жарық көрген Қазақстан тарихы парсы деректерінде (5том), «Қазақстан тарихы түркі деректерінде» (5 том), «Қазақстан тарихы моңғол деректерінде» (3том), «Қазақстан тарихы араб деректерінде» (3том), «Қазақстан тарихы қытай деректерінде» сериялырынан оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға әсер ететін материалдарды іріктеп қарастыру.

Осыған байланысты, сөзсіз, «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жұмыс істеп жатқан

көптеген ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің жұмыстар аз емес, бірақ орындалуы тиіс жұмыстар одан да көп. Атап айтсақ мәдени мұраны зерттеу мәселелерін: С.Ақатай, М.Х. Балтабаев, А.Сейдімбек, С. Қасиманов, Б.К. Байжігітов, Н. Шаханова, Қ. Жарықбаев, С.К.Қалиев, А. Қалыбекова, К.Ж. Қожантаева, М. Мұқанов, Ә. Нысанбаев, Ұ.М. Әбдіғапарова, А.П. Сейтешев, С.А. Қанапова, Ш.Ә. Ақбаева және т.б. еңбектерінде көрсетілген.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мәселесін ұлттық тәрбиемен қабыстыруға қатысты пікірлер сонау Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Т. Тәжібаев сынды басқа да ғалымдардың еңбектеріне арқау болған.

Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғалымдар саласында зерттеу жүргізузі ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы мәдени мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғалымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда.

Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, болашақ мамандарға тәлім-тәрбие беру мәселелерін зерттеуде елеулі үлес қосқан қазақстандық ғалымдар Қ.М. Арынғазин, Қ.Ж. Аганина, Ш.Ә. Әбдіраман, Б. Әбдікәрімұлы, С.Ә. Әбдіманапов, Ғ.З. Әділғазинов, Е.З. Батталханов,

А.А. Бейсенбаева, В.В. Егоров, С.Т. Егоров, С.Т. Каргин, Б.Т. Кенжебеков, Н.Ә. Мыңжанов, Л.А. Шкутина, Н.Д. Хмель, т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың тәрбиесі мәселелерін А.Қ. Қалимолдаева, Е.С. Салтанов, Ү.К. Санабаев зерттеулері арналды.

Педагогика, педагогика тарихы мен теориясына ұлттық тәлім-тәрбие беру үдерістеріне қатысты әр-түрлі мәселелерін Қ. Жарықбаев, С.К. Қалиев, К. Құнантаева, Ш. Таубаева, Қ.Ж. Аганина, Ә.Т. Табылдиев Б. Альмухаметов,, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, А. Ильясова, Р. Дүйсембінова, Т. Тәжібаев, Қ. Бержанов, С. Мусин, Г.М. Храпченков, М.М. Сарыбеков, Э.А. Урунбасарова т.б. ғалымдардың еңбектерінде қамтылған. Олардың ішінде қуғын сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының мұралары туралы нысанды пікірлер де кездеседі. Ал Ш. Жұматаева, Е. Жұматаева, І. Халитова, А. Құдиярова, Қ. Шалғынбаева, Р. Көшенова, А. Тұрсынова, Р. Үсенбаева, А. Елькеева, т.б. ғалымдар жиырмасыншы ғасырдың басындағы жекелеген қазақ зиялыларының еңбектері туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олардың саяси-әлеуметтік іс-әрекеті мен шығармашылық мұраларын оқып үйрену бойынша ғылыми-зерттеу еңбектерінде қазақ зиялыларының тәлімдік көзқарасы сол кездегі заман талаптары мен ағымына қарай талданып, олардың еңбектерін қазіргі кезде пайдалану жолдарын қарастырған. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде, студенттердің дүниетанымдық құндылықтарын қалыптастыру арқылы оларды білімділікке ынталандырып, білім берудің сипатын арттыру мәселелері қойылған. Сонымен қатар білім берудің әрбір кезеңдеріне білім жүйелерінің жетілген жаңа үлгілерін енгізу міндеттелді, оның ішінде, гуманитарлық тәрбие парадигмасына айрықша мән беріліп - мәдени мұра басылымдарын зерттеп, әдістемелік жүйе жасап шығаруға назар аударылып отыр.

Қазақтың Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Дулати, Қ. Жалаиридың, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ғ. Қарашев, Х. Досмұхамбетов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай сынды зиялыларының баға жетпес мұралары негізінде студенттерді тәрбиелеу қазақ халқының болашағын қалыптастырушы күш деп білеміз.

Студенттердің интеллектуалдық білімін қалыптастыруда мәдени мұраларды да пайдалану мәселелері толық зерттелмегені, оқу-тәрбие үдерістерінде оның мүмкіндіктері жан-жақты қолданылмай отырғандығы, арнайы зерттеуге түспеген қырларының бар екендігін көрсетеді. Осыған орай «Мәдени мұра» бағдарламасы басылымдарының бүкіл халыққа, әсіресе студент жастарға, тарихи-мәдени құндылықтар мен ата-баба мұраларын, оқу – тәрбие үдерісінде пайдаланту арқылы олардың инетеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру бүгінгі таңда Қазақстан педагогика ғылымының алдында тұрған көкейкесті мәселе.

Бұл міндеттерді шешудің алғы шарттары соңғы кездегі дайындалған зерттеулерде қарастырылған. Осы зерттеулердің мынандай бағытта дамып келе жатқанын атап көрсетуге болады: адам мен құндылықтардың әлеуметтік, философиялық, психологиялық негіздерін С. Нұрматов, Қ. Жүкеш, Т. Әлсатов, К. Ибраева, С. Ерасов, т.б. ғалымдар қарастырған.

Қазақстандық ғалымдар да ұлттық тәрбие беру мәселелеріне көңіл аударған. Л. Ахметова кеңес дәуіріндегі ұлттық тәрбиенің тарихи-

лығын, С. Дьяченко, В. Приман өтпелі кезеңдегі ұлттық еркшеліктерін, К. Меңлібаев патриоттық тәрбие дәстүрін, А. Қалимолдаева қазіргі кездегі болашақ мамандардың отансүйгіштігін қалыптастыру әдістерін қарастырған.

Педагогика ғылыми саласында ғылыми-педагогикалық білімді модельдеуге арналған қомақты ғылыми еңбектер бар, олар: педагогика курсының логикалық құрылымдық сұлбасын құру (Г.К. Нұрғалиева), педагогикалық инноватика (Ш.Т. Таубаева, С.Н. Лактионова) кәсіптік педагогикалық білім беру мазмұнының кестелер, модельдер, суреттер және т.б. арқылы көрсету (А.П. Сейтешев, Т.С. Садықов, Л.Х. Мәжитова, Н.Д. Хмель, И.А. Нәби, К.Ө. Өстеміров және т.б.).

Осы ғылыми мұра аясында жасалынып жатқан іс-шаралдар аз емес. Айтар болсақ әдебиеттану, философия, тарих, мәдениеттану салалары бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар айтарлықтай Ежелгі Шығыс, Грекия мен Рим тарихының еңбектерінің зерттеліп қазақшаға аударылып жатқандығы, немесе Аристотель, Платон, Макиевели Вольтер, Руссо т.б. сынды дана-ойшылдарының еңбектері қазақ тіліне аударылып, философтардың «қазақша сөйлеуі» қазіргі жастарға гуманитарлық пәндер арқылы оқып үйренуі, болашақ жастарымыздың интеллектуалдық ой - өрісінің дамуына септігін тигізері айтарлықтай дәлел.

Міне осындай ғылыми іс-шаралар жастарымыздың мәдениетін әлемдік деңгейге көтеретін құрал. Осыған байланысты әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде реформалар жүріп жатыр. Осы реформаларға сәйкес жоғары мектептердің оқу үрдісіне мәдени мұра басылымдарын енгізу белсенді түрде қолға алынып отыр. Ол бүгінгі заман талаптарынан туындап, болашақ мамандардың даярлығын жетілдіруді көздейді. “Қазақстан Республикасының 2015–жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында” “білім беру жүйесінің нарықтық экономика мен ашық азаматтық қоғам талаптарынан айқын артта қалушылық себептерінің бірі – мемлекет тарихын, мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтарын білуге негізделген жасөспірім ұрпақтардың мәдениетін және азаматтық ұқсастықтарын қалыптастырудың пәрменді тетіктерінің жеткіліксіздігі”- деп атап көрсетілген. [4.23]. Өйткені, «Мәдени мұра» бағдарламасы басылымдарын жүйеленген білімді оқу - тәрбие үдерісіне енгізе отырып, білім кеңістігін қалыптастыруда таптырмайтын өзекті мәселенің бірі десек қателеспейміз. Себебі, әрбір мәдени құбылыстар білімдік таным арқылы туындап отырады, әрі мәдени құндылықтар білімнің деңгейін, ауқымын, мазмұндылығын анықтауға өлшем бола алады. Осы орайда, «Мәдени мұра» бағдарламасы басылымдары білімнің құндылығын арттырып, ЖОО студентерінің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда септігін тигізеді. Сол себептенде білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер еліміздің жас жеткіншегіне білім беріп, тәрбиелеу ісіндегі басым бағыттарын байқатады. Сөйтіп бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Бүгінгі оқыту үдерісінде әр сабақта жаңа идеялар негізінде жасалған жаңаша оқытудың тиімді жолдарын іздестіру мәселесі ең өзекті мәселенің бірі. Мұның өзі оқу-тәрбие үдерісін оқушының жеке қабілетіне қарай ұйымдастыру мәселесін жан-жақты зерттеуді қажет етеді. [5, 273]. Ал келешек ұрпақтардың өнегелі мәдениеті мен азаматтық ұқсастықтарын қалыптастырамыз, тәлім-тәрбие беру жұмысын өркениетке сай жоғары дәрежедегі тұғырға қоямыз десек, мектептен кейінгі білім беру жүйесіне, әсіресе жоғары оқу ұйымдарына арналып жазылған, *ұлттық мүдде* тұрғысынан аса маңызды тәлім-тәрбиенің түп тамыры да, қайнар көзі де – ұлттық мәдени мұралар, яғни.ұлттық мәдени құндылықтар туралы оқулық әдебиеттер мен мультимедиалық ресурстар жазылуы тиіс демекпіз. Сол себептен де мәдени мұраны ұрпақтан–ұрпаққа жеткізу мәселенің мәні зор. Осы бағытты жүзеге асыруда оқу пәндеріне мәдени мұра материалдарының енгізілуі, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтартың қалыптасуына негіз бола алады. Өйткені, ол бүкіл адам баласының ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін және небір тамаша тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тарихи ұлы тұлғалардың халық үшін жасаған ерлігін баяндай отырып, білім алушылардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді. Нәтижесінде, білім алушы жастар - адамгершілігі жоғары, өз елін, отанын сүйетін, саналы азамат болып қалыптасуына үлкен үлес қосары даусыз. Мысалы тарих пәні сабағында білім алушылардың ғылыми көзқарасы жүйеленіп, адамгершілік, имандылық, отансүйгіштік, бауырмалдық сияқты қасиеттері қалыптасады.

Оқытушы білім алушыларды үнемі қосымша тарихи жаңа ақпараттармен, құлағдар етіп, оқу- тәрбие ісіндегі әдіс тәсілдерді жетік пайдалана білуі тиіс. Сондықтан, тарих пәндері арқылы білім алушы жастардың дүниетанымын тереңдетіп, ұлтжандылыққа тәрбиелеу талабы

қойылады. Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің күрделі және жауапты міндеттерін сәтті шешу оқытушы тұлғасына, оның өнегелік ұстанымына, кәсіптік шеберлігіне, эрудициясы мен мәдениетіне байланысты. [6.260]. «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы жетілдіру.

Оның мағынасын ғалымдар түрліше анықтайды: - оқу үрдісіне мәдени мұра басылымдарын енгізу үшін мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогикалық жүйелерді бүтіндей бағалаудың және ол жүйелердің тиімділігі жөніндегі жаңа ақпарат туындауына байланысты жаңа мақсаттар қоюдың тұтас үрдісі.- мәдени мұра бағдарлама басылымдарын - тәжірибеде жүзеге асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы десек те қателеспейміз, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс- тәсілдер оның құрамдас бөлігі ғана. Ал педагогикалық жүйенің әдіс- тәсілдері - оқу үрдісіне белгілі бір мақсатты көздей әсер ететін педагогикалық ықпал. Демек тәрбие мазмұнында терең ғылыми негізде бола отырып, көп қырлы дәстүрлер мен халықтың ұлттық психологиясы бейнеленуі қажет. Өйткені кезкелген халықтың мұрат тұтар ұлттық құндылықтары болады. Осы құндылықтар арқылы ұлтқа тән өзіндік санасы, ой- пікірі, елдің тарихи даму барысында қалыптасқан түрлі көзқарасы т.б сомдалған оқушы-жастарды отаншылдық рухында тәрбиелеудің бірден-бір жолы. Ұлттық тәрбие қалыптастыруды жүзеге асырудың шарттары төмендегідей деп білеміз:

- оқыту және тәрбие мазмұнына енген оқу материалдары іс-әрекеттерінің тәрбиелік, ұлттық дүниетанымдық элементтері;

- ұлттық тәрбиені қамтамасыз ету ұстанымдары;

- ұлттық тәрбиені тәжірибеде қолдануды қамтамасыз ететін оқытудың әдістері.

Бүгінде білімді де тәрбиелі жастар – еліміздің келешегі. Сол себептенде оларға қоғам алдындағы жауапкершілікті ұғындыру бағытында олардың біліктілігімен қатар тәрбиелік қырын да қатар шыңдау қажет деп білеміз.

Осылайша мәдени мұра бағдарлама басылымдары негізінде ұлттық тәрбиені қалыптастырудың ғылыми педагогикалық негіздері айқындалса, онда оқушы-жастардың ұлттық санасезімі жетіліп, тұлғалық қасиеттері жан-жақты дамиды, өйткені оларға әлемдік құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді кіріктіре меңгертуге мүмкіндік туғызылады. Бұл қадымды қарыш мемлекетімізге мұраты биік, өз халқын заманның жаңа игіліктерімен қамтамасыз ету қабілеттілігіне жетелейтін бағыт-бағдарымен ерекшеленеді. «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау...» делінген, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында. Осы тұрғыдан қарағанда біз жастарды оқыта отырып, тәрбиелейміз, өмірге саналы да білімді тұлға даярлап шығару кез-келген оқу орнының негізгі алдына қойған мақсаты. Ендеше Ұлттық тәрбие нақыштарына неше сағат бөлінсе де артық болмас еді. Және де ол тек жоғары оқу орында ғана емес барлық білім ошақтарында тіпті балабақша іргетасында да оқытылса ешқандай артықтығы жоқ. Бұл дегеніміз - *ұлтшылдыққа қарай бет алу емес,* қазақ халқының мәнді де саналы тәрбиесін Қазақстанда білім алатын басқа ұлт өкілдеріне насихаттау, қазақ халқының мәнді де маңызы терең тәрбиесін түсіну арқылы қарым-қатынасты нығайта түсу. Қазақстан халықтарының ынтымақтастығы мен татулығын сақтауға, олардың тарихы мен мәдениетін оқып-тануды мақсат ететін, намысы биік асыл ұрпақты тәрбиелеу ісіне қол ұшын беру;

Еліміздің мәдени мұралары негізінде жастарға оқу- тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру – жалпы адамзат мәдениетінің біртұтас бөлігі болып табылатын ұлттық рухани-мәдени қазыналарымыз жөнінде мол мағлұматтар алуымызға мүмкіндік берері сөзсіз.

---

1. Назарбаев Н. "Мәдени мұра мемлекеттің соны стратегиялық ұстанымы // Егемен Қазақстан. –2007. –14 ақпан.

2. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. -7-том. -Астана: Аударма, 2006. -544 б.

3. Құл-Мұхаммед М. "Мәдени мұра": мақсаткерлік жұмыс мәйекті болмақ // Ақиқат,– 2008. -№ 11. –19-21-бб.

4. Ә.Т.Дүйсебек Ұлтық мәдени мұраларды білім мазмұнына енгізудің кейбір өзекті мәселелері. // «Ұлтық мәдени мұраларды білім мазмұнына енгізудің кейбір өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның сатериалдар жинағы. –2009. 23б.

5 Аганина Қ.Ж., Тунгатарова Г.К.-Мәдени мұра материалдары бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу құралы». Тарихи-мәдени мұраның өркениеттер диалогындағы ролі; Халықтар.ғыл.теория.конф.мат.-ы.-Алматы:Алматы: МСӨИ, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2009. – 273б.

6 Аганина Қ.Ж., Байоразова А. Ж., Тунгатарова Г.Қ. «Мәдени мұра бағдарламасы негізінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын жетілдіру». Тарихи-мәдени

мұраның өркениеттер диалогындағы ролі; Халықтар. ғыл. теория. конф.мат.-ы.-Алматы:Алматы: МСӨИ, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2009. – 443б.

* * *

В данной статье рассматривается вклад государственной программы "Культурное наследие» в национальное воспитания молодого поколения. По реализации государственной программы "Культурное наследие» преподаватели вузовов и школ внедряют полученные новые знания в учебный процесс, и разрабатывают новые технологии обучения и воспитания студентов и учеников.

* * *

In given article the government program contribution "the Cultural heritage is considered? In national education of young generation. On government program realisation" the Cultural heritage? Teachers вузовов and schools introduce the received new knowledge in educational process, and develop new technologies of training and education of students and pupils.

Л. Т. Махатова

80-ЖЖ. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халықты еңбекпен қамту әрқашан өзекті мәселелердің бірі болған. Кеңес үкіметі кезеңінде бос жұмыс ресурсына бай елді мекендердің назардан тыс қалу тәжірибесі қалыптасты. Оған кеңес министірліктерінің жергілікті тұрғындардан кадрлар дайындауға қаржы жұмсамауы себеп болды. Бұл жағдайда экономикалық себептер демографиялық мәселелерден де маңызды рөл ойнады. Оның ішінде құрылымдық саясат, инвестициялар, технологиялық жабдықтау мен жаңа құрылысқа капитал бөлінісін ерекше атап өтуге болады. Дәл осы жылдарда республикада орын алған технократиялық жарылыс бұл мәселеге де өз әсерін тигізді. Қазақстанның индустриялық дамуы елдегі әлеуметтік-экономикалық, табиғи және демографиялық жағдайды есепке алмай жүргізілді. Оның салдары өндіріс инфрақұрылымдары мен өндіріс күштерінің өңірлер бойынша орналастырылуының диспропорциясына әкеліп соқты.

Нәтижеде өндіріс кәсіпорындарын орналастыру тепе-теңдігінің ауытқуы қазақ тұрғындар көбірек шоғырланған және еңбек ресурсы артығымен жиналған өңірлерде емес, керісінше шикізат ресурсына бай, кеңес басқармаларының көзқарасы бойынша тиімді болып көрінген үлкен қалаларда орын алды. Мысалы, 1980 жж. екінші жартысында барлық жұмыс орындарының 85,3% әлдеқашан индустриялық орталыққа айналған облыс орталықтары иеленді. Соның ішінде 90% Шымкент облысына тиесілі болды. [1].

Еңбек ресурсы артығымен шоғырланған Оңтүстік Қазақстан тұрғындарына жақсы ойластырылмаған салалық құрылым шиеленіскен мәселеге айналды.

Осы орайда Оңтүстік Қазақстанда жылдар бойы еңбектің шектеулі саласы сақталып, түрлі әлеуметтік-демографиялық және кәсіби топтар арасындағы жұмыспен қамтылу теңсіздігі өсті. Өз кезегінде бұл еңбек резервін құрайтын адамдардың салмағын асырды. Мұндай еңбек резервіндегі адамдардың көп бөлігі жұмыс пен мамандыққа мұқтаж әйел азаматшалардан құралды. Тек 80 жж. ішінде ғана бұл еңбек резерві екі есеге көбейіп, орта есеппен бір қалаға 10% жетті. [2]. Арыс сияқты қалаларда өнеркәсіп орындарында қоғамдық өндірістегі жұмысшылардың 10% ғана жұмыс істеді.

Мұндай саясат жақсы нәтиже бермеді және әлеуметтік мәселелердің ұшқындауына себепші болды. Кеңес министірліктері мен ведомстволары ең төменгі дәрежедегі экологиялық, тұрмыстық жағдайларда өмір сүріп, қажетті әлеуметтік-мәдени қызметпен қамтамасыз етілмеген жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін жақсартуға көңіл бөлмеді. Керісінше қоныс аударып келген тұрғындардың алғашқы қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын қамдауға баса назар аударды.

Осыған қарамастан, 1980 жж. ортасында кейбір ірі кенқазушы және кенөңдеуші өндіріс орындары жергілікті еңбек ресурсы есебінен жұмыс күшімен қамтамасыз етіле алмайды деген болжау жасалды. Мысалы, мұндай кәсіпорындар қатарына Жаңатас қаласындағы «Қаратау» өндіріс бірлестігін, Қызылорда облысындағы «Шалқия» кенішін т.б. жатқызуға болады. [3]

Бұл жағдайдың орын алуы ірі өнеркәсіп ошақтарының бірін тұрғыны аз, бірақ табиғи ресурсы бай өңірлерге, екіншісін еңбек ресурсы жыныстық бөлінісі бойынша қажетті жұмыс күшін бере алмайтын пункттерде құрылуына байланысты болды. Қажетті оқыту мен қайта дайындау жұмыстарын жүргізіп, өз дәрежесінде көңіл бөлінсе, жұмыс күшін жергілікті тұрғындардан құруға болатынына қарамастан, еңбек

ресурсы тапшылығы маңызды мәселе болып қала берді. Ведомстволықтар еңбек ресурсын Қазақстаннан шет жерден алдырып, жергілікті тұрғындардың наразылығын оятты.

Дегенмен, кейбір жағдайларда жұмыс күші жергілікті тұрғындардан құралсын деген нұсқаулар да болды. Бірақ олардың қаншалықты дәрежеде іске асқандығын болжау қиын. Мысалы, 1983-85 жж. «Қаратау» өндіріс бірлестігінде Жаңатас қаласына 2150 адамның жұмыс күшін қажет ететін жаңа техника енгізу қарастырылған. Қаладағы жылдық еңбек ресурсының өсуі 1980-85жж. 350 адамға жетті. Егер өндіріс орны тек ер адамдардың еңбек күшіне мұқтаж болған деп есептесек, жергілікті тұрғындар оның 855 адамын, жалпы 40% ғана бере алады екен. [4]. Осы себепті жұмыс күшінің жетіспейтін бөлігін республиканың басқа облыстары мен аудандарынан қарастыру жоспарланған. Бұл жолы да жаңа өндіріс объектілерін орналастыруда министірліктер мен ведомстволықтар елдегі салалық құрылым мен еңбек ресурсының жыныстық өсіміне мән бермеген. Мысалы, 1980 жж. әйел еңбегін пайдаланушы салалардың дамуымен ерекшеленген Ленгір қаласы 1981-1985 жж. қосымша әйел еңбегін қажет ететін кәсіпорындармен толықтырылуы қаралды.

Дәл осы кезде Арыс, Қаратау және т.б. қалалар мен қала кейпіндегі Қызылорда облысының поселкелерінде дамыған транспорттық-экономика мен қажетті еңбек ресурсы болса да ешқандай өнеркәсіп орындары шоғырландырылмады. Осының салдарынан жергілікті тұрғындар бұл өңірлерден көше бастады.

Осы орайда, жаңа өндіріс орындарын ауылды жерлерде шоғырладыру тек қана еңбек ресурсының тиімді пайдалануына ғана емес, сонымен қатар ауыл тұрғындарының ауылдан көшуін азайтып, қала мен ауыл халқының тығыздығын реттеуге себепші болуы керектігін атап кеткен жөн.

Сонымен бірге, облыстың кейбір ауылдық жерлерінде жаңа өндірістік және өндірістік емес (теплицалар, құсфабрикалары, мал асырайтын комплекстер) объектілерді орналастыру қиын мәселеге айналды. Өйткені, үлкен жұмыс күшіне деген мұқтаждықты еңбек ресурсының шамалы өсімімен жауып отыру мүмкін емес еді. Бұл өз кезегінде еңбек ресурсын өндірістің шоғырлануына қарай қайта орналастыруды қажет етті.

1981-85 жж. соғылуы жоспарланған кәсіпорындарды әйел және ер азаматтардың еңбек күшін бірдей қажет етуін есептеп, қалалық поселкелерде, әсіресе Ленгер, Шардара т.б. қалаларда шоғырландыру қарастырылған.

Кейбір экономикалық дамуы талапқа сай келмейтін қалаларда (Арыс) халықтың жеке үй шаруашылығымен айналысуы кең етек жайды. Бұл елді мекендерде пайдалы қазбалардың тапшылығы үшін өндіріс орындары соғылмаған.

Ал ауыр өнеркәсібі дамыған қалаларда (Кентау) әйел еңбегін пайдаланатын өндіріс орындары болмады. Сол үшін ондай елді мекендерде қоғамдық өндірісте үлесі жоқ әйелдер пайызы өсті.

Осы кезде қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру және қолда бар еңбек ресурсын дұрыс пайдалану мақсатында аудан орталықтары мен кіші және орта қалаларында ірі кәсіпорындардың филиалдарын, халық тұтыну заттарын өндіретін кәсіпорындар мен цехтарды шоғырландырудың маңызы жоғары болды.

Аталған ұсыныстар іске асқан жағдайда қоғамдық өндіріске 80,0 мың адамды қосып, ішкі өнімді 1040млн. рубльға көтеру мүмкін еді. [5].

Бос еңбек ресурсының болмауы себепті, жеңіл өнеркәсіптің қолданыстағы техникасын жалпы жұмыс күші санын көбейтпеу немесе облыстың басқа аудандарынан еңбек ресурсын алдыру жолымен дамыту жоспарланды. Мысалы, Кентау қаласында еңбек ресурсына тапшылық 0,3 мың адамды құрады.

Өндіріріс саласында Қазақстанның ауыр өнеркәсіп және кен өндіру ісі дамыған өңірлеренің алға шығуы және Б тобына жататын салалық топтың өңірлік комплекстері өте төмен дәрежеде қалуы әсіресе кіші қалаларға қатты әсер етті. 1979-1989 жж. Қазақстанның кіші қалаларында халықтың жұмыспен қамсыздандырылуы төмендеді. Жұмыспен қамтылу дәрежесі ең төмен топтарға өндіріс саласы нашар дамытылған елді мекендер кірді. Оларға ең алдымен қалақұрушы базасы жасалынбаған Қазалы мен Арал өңірін қосуға болады. Бұл өңірлердегі жұмыспен қамсыздандыру тек төмен дәрежеде ғана емес, сонымен қатар өте тұрақсыз сипат алды. Аталмыш топқа Түркістан қаласын жа жатқызуға болады.

Жұмыспен қамсыздандыру дәрежесінің төмендігі салалық кәсіпкерлігі дамыған қалаларда да кездесті. Мысалы, Қазалының құрылыс материалдарын өндірумен айналысуы, жергілікті тұрғындардың жұмысқа тұру мүмкіндігін төмендетті. Қалақұрушы базаның қызметіне себепші табиғи-шикізат ресурстарының таусылуы еңбектің өндіріс факторларына тәуел-

ділігін көрсетті. Мысалы, Арал теңізінің құрғауына және экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты, Арал өңірінде жұмыс орнының жалғыз көзі болған балық аулау және балық өңдеу кәсібі жоғалды. Кәсіптің жоғалуы жергілікті тұрғындардың, әсіресе еңбекке жарамды жастағы адамдардың бұл өңірлерден көшуін көбейтті.

Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы тұрғындардың жұмыспен қамтылу мәселесінің шешілу жолдары қарастырылмады. Арыс, Қазалы және т.б. қалаларда тұрғындардың коп пайызы жеке үй шаруасымен айналысты. Мұндай экономикалық тұрғыдан нашар дамыған қалаларда қоғамдық өндірістегі жұмысшылардың өнеркәсіпте 5-10% ғана жұмыс істеді. Республиканың кіші қалаларында еңбек ресурсын өнеркәсіпте пайдалану резервілері болған деуге негіз бар. Арыс, Қазалы, Ленгір,Сарыағаш, Түркістан, Шардара және т.б. қалаларда жалпы облыс бойына есептегенде тұрғындар санының салмағы экономикалық көрсеткіштеріне қарағанда жоғары болған. Бұл қолда бар еңбек ресурсы толығымен пайдаланылмаған дегенді білдіреді.

Қазақстандағы жұмыспен қамтылу жағдайы 1990жж. соңына келіп тығырыққа таялды. Бұл көбіне кеңес дәуірінде жинақталып, шешімін таппаған мәселердің есебінен іске асты. Еңбек нарығының шектеулілігі, қазіргі күнге дейін сақталып келе жатқан кіші қалалардағы жұмыссыздықты тудырды. 1998ж. республикада орта есеппен жұмыссыздық 3,7%, 1999ж.-3,9, ал 2000ж.- 3,7% құраса, әкімшіліктің, кіші қалалар мен аудандарды жұмыспен қамту қызметінің және экспертердің берген бағасы бойынша агроөнеркәсіптік қалаларда бұл көрсеткіш 25,4, 25,0 және 23,4% құрады. Бұл кіші өндіріс қалаларындағы жұмыссыздықтан 5 немесе одан да көп пункттер бойынша жоғары деген сөз.

Елдегі жұмыспен қамтылу мәселесі экономиканы реформалауға ғана емес, сонымен қатар өткен кезеңдердегі даму жолымен де тікелей байланысты. Ұзақ жүргізілген салалық мамандандыру, кіші қалалардағы өндірістік және әлеуметтік блоктар арасындағы сәйкессіздік бүгінгі күнге дейін еңбек нарығына өз әсерін тигізіп келеді. Осыған орай агроөнеркәсіптік қалалар құрылымдық жұмыссыздық, жұмыс күші кәсіби құрамы жағынан ұсыныс пен сұраныстың теңсіздігі бойынша ақсап келеді.

Осылайша, 70-80жж. республикада, соның ішінде еңбек ресурсына бай Оңтүстік Қазақстанда еңбекпен қамсыздандыру саласында шиеленіскен мәселелер қоры жинала берді. Бұл мәселелер экономиканың құрылымдық деформациясы, оны басқарудағы ысырапшыл механизм, өнеркәсіп ошақтарын орналастыруда тұрғындар көбеюінің өңірлік ерекшеліктерін ескермеу, әлеуметтік қамдану аспектілерін көзге ілмеу салдарынан пайда болды. Сондықтан, еңбек ресурсына бай өңірлерде жұмыспен қамту мәселесін еңбек нарығына қойылған жұмыссыз тұрғындардың контингентке сай өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту және қайта дайындау жұмыстары нәтижесінде жергілікті тұрғындардан кадрлар шығарып, прогрессивті технологияларды пайдалану жолымен шешу керек.

---

1. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты, Ф.245, Оп.3, Д.346, Л.27
2. ЦГА,Ф.1479, Оп.8, Д.6482, Л.32.
3. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д.6498, Л.24.
4. ЦГА,Ф.1479, Оп.8, Д.6479, Л.37.
5. ЦГА,Ф.1479, Оп.8, Д.6479, Л.41.

* * *

В 70-80 годы в республике шло постепенное накопление проблем в сфере труда и занятости, особенно в Южном Казахстане, регионе с трудоизбыточным населением. В политике занятости населения трудоизбыточных регионов должно учитываться своеобразие контингента безработного населения, представленного на рынке труда.

* * *

During 70-80 years there were a huge number of problems connecting with unemployment in our republic. Especially, in South Kazakhstan region. In solving such problems it is necessary to take into account regional differences of total population.

ЖАЛПЫ ТАРИХ

А. Ж. Сыдықов

VIII-XI ҒҒ. БҰЛҒАРЛАР МЕН ВИЗАНТИЯ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ СИПАТЫ

Бұлғарлардың тарихы ежелгі уақыттан басталады. Алайда, ресми түрде мойындалған үзінді деректер, ежелгі бұлғардың мемлекеті туралы толық сипаттама бере алмайды. Ежелгі және қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан бұлғар халқының нағыз тарихын қалпына келтіру үшін, олардың қазіргі жағдайының көлеңкесі арқылы қарастырылуы кедергі жасайды. Сонымен қатар, қазіргі билеуші ұлттар өздерінің өткендегі қуаттылығы жайлы аңыздар ойлап тауып, олардың қуаттылығы кейінірек келгенін ескермейді және кейде басқа халықтардың жетістіктеріне негізделеді. Бұл әлемде барлығы өзгеріске ұшырайды. Өзге халықтардың тарихы сияқты, бұлғар тарихы өзара байланысқан екі - мифологиялық және өзінің тарихи бөлімінен тұрады. Бұлғар тарихының мифологиялық бөліміне толқталмай-ақ қояйық, алайда, онда ежелде ұлы істер атқарған халықтың басынан кешірген нағыз оқиғаларын табуға болады. Енді тарихи бөлімді қарастырайық.

Бұлғарлар, болғарлар (лат. Bulgares, грек. Βούλγαροί, қазіргі болгар, прабългарилер, протобългарилер) - көшпенді тайпалар, олар IV ғасырдан бастап шығыс Қаратеңіз жағалауынан Каспийге дейінгі далаларда қоныстанған, VII ғасырдың 2 жартысында Дунай маңы, ал кейінірек Орталық Волга және басқа да аудандарға қоныс аударған. Олар қазіргі заманғы болғарлар, қазандық татарлар, гагауздар, чуваштар, балқарлықтар сияқты халықтардың этногенезіне қатысқан және өздерінің атын Болгария мемлекетіне қалдырған. Қазіргі заманғы тарихнамада оларды белгілеу үшін келесідей терминдер қолданылады: протоболгарлар, праболгарлар, көне бұлғарлар. Қазіргі заманғы ресейлік тарихнамада әртүрлі этностарды шекаралау үшін бұлғарлар деп қазіргі Болгарияда тұратын халықты атайды. Олардың ата бабаларын және де Волгалық Бұлғариянының халқын бұлғарлар деп атайды. Бірақ та бұл қатаң заң емес. Қатаң Ұ әріпі бар «болғарлар» деген форманы, византиялықтар пайдаланған. Қазіргі заманғы болғарлар дауысты «Ъ» әріпін пайдаланып, өздерін българлар деп атайды.

Бұлғарлық мемлекеттердің құрылуы VII—VIII ғғ. жатқызылады. Аварлар Паннонияға кеткеннен кейін және өздерінің ішкі қақтығыстары салдарынан өздерінің батыс иеліктерін басқаруды жоғалтқан, Түркі қағанатының әлсіреуінен бұлғарлық тайпалар қайтадан өздері жайлы мәлімдеуге мүмкіндік алды. Олардың бірігуі Кубрат ханның қызметімен байланысты. Онногурлар (уногундурлар) тайпасын басқарған бұл билеуші, бала кезінен Константинопольда император сарайы аясында тәрбиеленген (кейбір даулы болжамалар бойынша 12 жасында шоқындырылған). 681 ж. император IV Константин мен Аспарух хан арасында бейбіт келісім жасалды. Келісім бойынша Византия империясы мен бұлғарлар арасындағы шекара анықталды. Н.С. Державиннің айтуынша осылай Болгария мемлекетінің халықарлық қатынастарда заңды түрде мойындалуы бекітілді [1, с. 5].

Алайда IV Константиннің ізбасарлары бұл келісім шартты бұзған болатын. II Юстиниан Ринотмет (685-695; 705-711), Никифор I Геник (802-811) және олардың өзге ізбасарлары бұл-

ғарларды жеңіп, оларды империяға бағындыруға тырысты (тек II Василий Болгаробойц ғана XI ғ. басында оны іске асыра алды) [2, С. 250-270]. Алайда бұл әрекеттер сәтсіз аяқталды. Кейбір императорлар бұлғарлар көмегін жиі пайдаланды. Юстиниан II өзі тақты қайтарып алу масатында Тервельден (701-718) көмек сұраған. Анастасия мен Феодор Скутариоттың «Жалпы хроникасында» Тервель өз келісімін беріп, өзі әскерді басқарған деп жазылған [2, с. 252-253]. Бұлғар әскерлерінің көмегімен II Юстиниан өзіне императорлық билікті қайтарып алды. Бұл оқиғаға «741 ж. әмбебап хроникада», «IX ғ. Ведастин хроникасы», Константинополь патриархы Никифор (806-815) және «Славян-бұлғар тарихының» соңғы авторы - Паисия Хилендарски секілді деректерде пайымдалған. [3, с. 332-333; 11, с. 66].

VIII ғ. барысында Византия империясы мен Бұлғарлар арасындағы қарым-қатынастар толқымалы түрде қалыптасты. Бұлғария арабтарға қарсы соғыста Византия үшін серіктес болса, византиялық аумақтар бойынша жау болды. Бұл екі мемлекет арасындағы ауыр қарым-қатынастар (Византия мен Бұлғария), гректер мен славян-христиандардың пұтқа табынатын бұлғар халқымен діни байланыстарына еш кедергі болмады.

Бұлғарияда діни дуализм өмір сүрді – түркі (протоболгар) және славяндық пұтқа табынушылық. Тарихшылардың ойынша, протоболғарлық және славяндық түрдегі пұтқа табынушылық халықтың өнер мүмкіндіктерін шектеді [4, с. 63-64]. Ол алға басуды әлеуметтік және мәдени дамуда шектеді. Славяндардың басты құдайы Перун болса, бұлғар-түркілерде Тәңір болды. Перун құдай-жай атқыш ретінде сипатталады. Оның есімімен Балқан түбегіндегі географиялық атаулар бар. Перун батыс, балтық жағалауы және оңтүстік славяндар арасында танымал болды. Тәңір немесе Танграның Перунмен қызметтері және құдайлар пантеонында алатын орны ұқсас болды. Ол түркі тайпалары арасында (бурят, қалмық, татар, якут және т.б.) танымал болды. Бұлғар хандары, бұлғар-түркі және славяндар арасында даулы жағдайларды туғызбау үшін, жоғарыда аталған діндердің ешқайсысын жалпы мемлекеттік деңгейге шығаруға тырыспады.

Жалпы алғанда VIII ғ. соңы – IX ғ. бірінші жартысында жаңа қалыптасып келе жатқан бұлғар мемлекетін өзіндік тіл және дәстүрлі көзқарасы бар екі этникалық топ қоныстанды (славяндар мен түркілер). Византиялық империяның бұлғар халқына діни әсері алғашқыда тек ауықауық сипатта болды. Алайда, бұлғар мемлекетіндегі христиан-славяндар мен гректер (белгісіз себептермен Бұлғарияда өмір сүрген) және пұтқа табынушылар арасында байланыстар орын алды.

Ф.И. Успенскийдің ойынша, Византиямен тұрақты қатынастардың болуы, беделді бұлғар жанұяларының Константинопольде жиі болуы және көптеген грек клирлерінің Бұлғарияда тұтқындалуы, бұлғар хандығында амалсыз мәдени төңкеріс тудыруы қажет еді [5, с. 97]. Сонымен қатар, П. Ангеловтің пайымдауынша, Бұлғарияның христиандықты қабылдауы, оның пұтқа табынушы мемлекет ретінде қажетсіз оқшалануынан құтқарды [6, с. 177]. Сондықтан, елдің христиандыққа жаппай өтуі, оның Византиямен бір деңгейде болуына, Балқан түбегінде зор ықпал етуіне мүмкіндік берді.

Бұлғарияның христиандыққа өтуіне дейін, I Борис хан тұсында елде ауыр жағдай орнады. Алғашқы онжылдық Византияға қарсы соғыста жеңіліс табумен (855-856 ж.ж.), Шығыс-Франк корольдігі, Ұлы Моравияның Бұлғарияны әскери одаққа итермелеу мақсатында оған деген қысымның артуымен сипатталды.

Христиандықты қабылдау үрдісін әрі қарай қарастыру үшін, жоғарыда айтылған Бұлғарияның христиандық жолға түсу жолының негізгі алғышарттары мен себептерін жалпылау қажет.

- Біріншіден, Бұлғария державасының екі ғасыр бойы өмір сүруі нәтижесінде елдің бірлігі және өздерінің бұлғар суперэтносының бір бөлігі ретінде сезіну пайда болды;
- Екіншіден, дамуға кедергі болған адамдардың діни қалдықтарын жою керек болды;
- Үшіншіден, Византия империясымен мәдени-діни және экономика-саяси байланыстар елдің қарапайым халқы мен оның билеушілері санасына әсер етті;
- Төртіншіден, Бұлғарияның көршілермен халықаралық жағдайы, бұлғар мемлекеті еншісінде болмады.

Бұл мәселені шешу үшін I Борис хан, біріншіден, Константинополь мен Рим арасында дипломатиялық және мәдени-жасампаз қызметті өрістетті. Қандай христиандық шіркеу сенімін қабылдау керек деген мәселені шешу барысында I Борис дін тұтуға қарағанда саяси факторға басымдылық берді. Өйткені, Рим мен Константинополь арасында шиеленіскен ойын, тәуелсіз шіркеу құруға жол ашты [4, с. 64].

IX ғ. Бұлғарияның тақ басына Византия үшін қауіп төндіретін қуатты жауынгер және ішкі ұйымдастырушы Крум келді. Ол Македония мен Фессалияның славян тұрғындарын өз

жағына қарата алатын қуатты жау бола алатынын сезген Император Никифор, ол жерлерге империяның өзге бөліктерінен отаршылдардың көп бөлігін көшірді. Деректер бойынша, қоныс аударғандар арасындағы үлкен келіспеушілік тудырған бұл шара арқылы император, онда тұратын славяндардың бұлғарларға қосылып кету мүмкіндігін болдырмауға тырысты. Бұлғарлармен бірнеше рет қақтығыстардан кейін Никифор 811 ж. Крумға қарсы үлкен жорық ұйымдастырды, алайда жеңіліс тапты. Алайда, Византия үшін қауіп Крумның кенет қайтыс болуымен уақытша жойылды. V Лев билігі кезінде «Бұлғарияның ежелгі тарихындағы танымал тұлғалардың бірі болып саналатын Крумның тікелей ізбасарының бірі Омуртаг, Византиямен бірге кем дегенде 30 жылға арналған келісім жасасты». Келісімнің негізгі шарттарының бірі – Фракиядағы екі мемлекеттің шекарасын анықтау болды. Бұл шекараның іздері жер окоптары қалдықтары түрінде қазіргі уақытқа дейін сақталған.

Осыдан кейін, Бұлғария тақ басы Бористің (Богорис, 852-889) қолына өткен кезде (оның есімімен Бұлғарияның христиандыққа өтуі байланысты), IX ғ. 50ж.ж. ортасына дейін бұлғар-византия қарым-қатынастарда айтарлықтай маңызды оқиға орын алмады. Христиандық Бұлғарияда Бориске дейін, негізінен империяға қарсы соғыста тұтқындалған византиялық тұтқындар арасында танымал болды. Пұтқа табынушылықты бұлғар патшалары «жолдан тайынғандар мен жолдан тайындырушыларды» қатты қудалады. Ф.И. Успенскийдің айтуынша, «Бұлғарияда христиандық ертеден тарай бастағанына еш күмән жоқ....VIII ғ. өзінде хан аясында христиандар болған. Бұлғар тарихындағы көптеген толқулар мен хандардың жиі ауысуы, христиандықтар мен пұтқа табынушылар арасында күреспен түсіндіріледі» [5, с.98]. Бористің христиандыққа бет бұруы, оның Византиямен өзара жақындасуын іздеуге мәжбүрлеген мемлекеттің саяси жағдайына байланысты болды.

I Борис басқару жүйесінде тиянақты дәстүрі бар орталықтандырылған мемлекетті қалады. Онымен қоса, Еуропа мемлекеттері арасында беделі бар басқармалы дін қажет болды. Бұл мақсаттарға христиандық сай келді. Басында нақты қандай христиандық ағым – батыс-рим немесе грек-шығысқа басымдылық беру қажет деген ойлар маңызды болмады. Өйткені формальді түрде христиандық әлі ортақ болды. Бұлғар билеушісінің барлық келесі қызметтері, бұл мақсатқа жетуге бағытталды [7, С. 135-170]. Соңында, хан I Борис константинопольдік үлгіні тандаған болатын. Бұлғариядағы болгомильдіктің тарауы мен Византияның өз мүдделері үшін Бұлғарияны бағындыруға тырысуы, Бұлғария мемлекетін ыдыратып, оның толығымен Византия империясының қолына өтті.

Византия империясының Бірінші Бұлғар патшалығымен діни байланыстардың нәтижесінде, бұлғар халқы мемлекеттігінің қалыптасуына өз үлесін қосып, христиандық сенім аясында біріктірді.

Византияның славяндық мемлекеттермен қатынастардағы идеологияның негізі: «өркениетті әлемнің» билеушісі мен соты болып табылатын - Константинополь императоры басқаратын «христиандық мемлекеттер қоғамы туралы» теория болып табылады. Славяндық мемлекеттердің византиялық патриархтан тәуелділігін империя астанасында саяси тәуелділіктің ажырамас бөлігі деп есептеді. Византиядан христиандықты қабылдаған славян мемлекеттерінің билеуші таптарының византиямен қарым-қатынастында өздерінің саяси өз еріктілігін сақтап қалуға және Константинополь патриархынан тәуелділікті минимумға жеткізу, маңызды болды [8, с. 295]. Бұл мәселелерді шешу үшін Бұлғарияның атынан бұлғар патшасы I Симеон шықты, ол Византиялық империямен қарым-қатынасты ушықтыру саясатын жүргізе бастады. Ол билік басына келгенннен бастап византиялықтармен ұзаққа созылған соғыс бастады. Осы уақытта Византия тұрғындары арасында қорқыныш тудырған венгрлер Византия аумағына басып кірді. Арабтар тарапынан келетін қауіп қайта жанданды. 902 ж. Димитриада талқандалса, 904 ж. арабтардың шабуылынан ең ірі қала - Фессалоника құлайды. Византия империясының әлсірегенін пайдаланған I Симеон Византияның астанасы Константинопольді басып алады. Патшайым Зояның төңкерісі бұлғарлар мен византиялықтар арасындағы әскери қақтығысқа алып келеді. Тек 927 ж. I Симеонның өлімі Балқанда бейбітшілік пен бейбітшілік жағдайдың орнығуын X ғ. 60-шы жылдарына дейінгі мерзімге мүмкін қылды [9, с. 79-80].

I Симеон билік басында болған кезең (893-927жж.) - бұл бұлғар-славян мәдениеті үшін “Алтын ғасыр”. Балқан түбегінің барлық аумағын, Қара, Мәрмәр, Эгей және Адриат теңіздері арасында орналасқан және солтүстігінде Карпат тауларына дейінгі жерлерді қамтитын, ол уақытқа ірі болып саналатын державада, Симеон екі күшті мәдени орталықтарды ұйымдастырды.

Симеон билігі тұсында Бұлғария аумағы ұлғайды; оның шекарасы Қара теңізден Адриат теңізіне дейін және төменгі Дунайдан бастап,

Фессалоникаға жетпей Фракия мен Македонияға тереңдей берді. Симеон есімімен, Балқан түбегіндегі грек билігін славяндық билікке ауыстырудың алғашқы талпыныстары сипатталады. Симеонның өлімінен кейін, тақ басына византиялық императормен жақындасқан момын Петр келді. Империя Петрдің патша лауазымын мойындады. Сонымен қатар, Симеон кезінде құрылған бұлғарлық патрирлық мойындалды Бейбітшілік қырық жылға жуық созылған болатын. Бұлғарияның сәтті жеңістерінен кейін «бұлғар қуатынын құлауын әзер жасыратын» [10, с.100] келісім шарттары Византия үшін қанағаттанарлық болды. Бұл келісім Роман Лакапиннің ақылды және батыл саясатының нағыз табысы. Симеон тұсындағы «Ұлы Бұлғария» ішкі проблемалармен күресте болды. Бұлғарияның саяси әлсірегенін көрген пешенегтер мен мадьярлар шабуылдарын жиілетіп, 934 ж. Константинопольге дейін жеткен

Симеон патша тұсында Византияның қас жауына айналған, тіпті оның астанасы мен император жанұясына қауіп төндірген Бұлғария, XIғ. басында толығымен талқандалып, Византияның бір бөлігіне айналды.

Бұлғарияда христиандықтың таралуы және Византияның өз мүддесі үшін бұлғар мемлекетін өзіне бағындыру талпынысы бұлғар мемлекеттігін әлсіретеді, бұл өз кезегінде Бұлғарияның толығымен Византияның тәуелділігіне түсуіне алып келеді. Бірінші Бұлғар патшалығымен діни байланыстар нәтижесінде Византия империясы христиан дінінің қарамағына жинау арқылы бұлғар халқының мемлекеттігінің дамуына үлкен үлес қосты. VIII ғ. соңы мен IX ғ. басы және IX ғ. ортасына дейінгі Византия мен бұлғарлар арасындағы діни қатынастар өте қызықты. Бұл кезде аталмыш байланыстар бұлғар державасының саясатына, экономикасына, мәдениетіне және тағы басқа салаларына өз әсерін тигізді. I Борис христиан дінін енгізуі бұлғар державасы үшін прогрессивті болды. Дәл осы діни ерекшеліктер негізінде бүгінгі күнгі бұлғар дәстүрлері, теңдесі жоқ әлемдік әдебиет пен жоғары деңгейдегі сәулет өнері қалыптасты.

1. Державин Н.С. История Болгарии: В 3 т. Т. 2. Болгария времени первого и второго царств (679-1393). – М.: Изд-во АН СССР, 1946. – С.5
2. Латински извори за българската история: Т. II. – София: Българската академия на науките, 1960. – С.250-270
3. Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. - 1947. - Вып. 3. - С. 81, 276.
4. Койчева Е., Кочев Н. Болгарское государство с середины VIII до конца IX в. // Раннефеодальные государства и народности: Южные и западные славяне VI-XII вв. – М.: Наука, 1991. - С. 63-64
5. Успенский Ф.И. История Византийской империи: В 5 т. Т. 3. Период Македонской династии (867-1057 гг.). – М.: Астрель; АСТ, 2002. – С.97
6. Ангелов П. Роль дипломатии в создании и укреплении Болгарского государства // Этносоциальная и политическая структура раннефеодальных славянских государств и народностей. – М.: Наука, 1987. – С. 177
7. Приск Панийский. Готская история // Вестник древней истории, 1948, №. 4. - С. 244-267.
8. Литаврин Г.Г., Наумов Е.П. Межэтнические связи и межгосударственные отношения на Балканах в VI-XII вв. // Раннефеодальные государства на Балканах: VI-XII вв. – М.: Наука, 1985. – С. 295
9. Nicolai Mystici Epistola XX (PG, t. CXI, col. 133).
10. S. Runciman. Romanus Lecapenus. Paris. 1965. - p. 100.

* * *

В данной статье автор рассматривает краткую историю Болгарии и дает подробный анализ термину «болгары». Основную часть статьи автор посвящает проблеме взаимоотношении болгаров с Византийской империей в VIII-XI вв.

* * *

This article is about the short description of history of Bulgars. It contains some information about the term “bulgals”. The author analyzed the relationships between bulgars and Byzantium empire on VIII-XI C.

Ғ. Б. Жұматай

ФРАНЦИЯНЫҢ ТРОПИКАЛЫҚ АФРИКАДАҒЫ ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ

Империялардың, соның ішінде отарлық империялардың әлем тарихы мен жалпы тарихи дамуға тигізген ықпалы айтарлықтай. Осы бағытта сонау ұлы географиялық ашулардан XX ғасырдың басына дейін бірде құрылып, бірде күйреп келген Француз отарлық империясының алатын орны ерекше. Ауқымы жағынан Британ және Ресей отарлық империяларынан ғана кем түсетін, француз империясының географиясы жер шарының бес құрлығы мен үш мұхитын

шарпып жатты. Француз отарлық империясының діңгегін Қара Африка құрады.

Сахарадан оңтүстікке қарай жатқан жерлерді француздар әдетте Қара Африка деп атайды. Өйткені француздар үшін Қара Африка нағыз Африка болып есептеледі. Сахара шөлі Солтүстік Африка мен Қара Африканы бөліп тұрған табиғи шекара. Осы шөлден солтүстікке қарай жатқан Африка тарихи, мәдени, лингвистикалық, діни жағынан тропикалық өркениеттерге қарағанда көбіне жеорта теңізі және араб-мұсылман әлеміне жақын болып келеді. Ал кеңестік тарихнамада Қара Африканың орнына Тропикалық Африка түсінігі қолданылды.

Франция отарларының басым бөлігін құрайтын Қара Африкадағы француз империясы негізінен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында құрылды. Жалпы француз отарлық империясында барлығы төрт генерал-губернаторлық болған: Үндіқытай Одағы, Француз Батыс Африкасы, Француз Экваторлық Африкасы және Мадагаскар. Яғни оның үшеуі Африкада орналасқан. XIX ғасырдың соңында француз конкистадорларының, миссионерлерінің, саудагерлерінің, ғалымдарының, дипломаттарының, саясаткерлерінің белсенді іс-қимылының арқасында іс жүзінде қара құрлықтың тең жартысына жуығына Францияның билігі, француз отарлық тәртібі орнады.

Осы уақытта жауланған француз территориялары ірі үш федерацияға немесе генерал-губернаторлыққа біріктірілді. 1895 жылы Француз Гвинеясы, Піл Сүйегі Жағалауы, Жоғарғы Вольта, Дагомея, Мавритания, Нигер, Сенегал мен Француз Суданын біріктіру нәтижесінде орталығы Дакар болып табылатын Француз Батыс Африкасы (ФБА), 1910 жылы Габон, Чад, Француз Конгосы мен Убанги-Шариді біріктіру нәтиежесінде орталығы Браззавилль болып табылатын Француз Экваторлық Африкасы (ФЭА), 1896 жылы Мадагаскар генерал-губернаторлығы құрылды. Ал 1919 жылғы Париж бейбіт конференциясының шешімі бойынша Францияға неміс отарлары Камерун мен Того мандаттық басқаруға берілді.

Сонымен Тропикалық Африкада Францияның бақылауындағы иеліктер отар және мандат статусын иеленді. Отар – дегеніміз өз тәуелсіздігінен айырылған ел немесе территория; мандат – дегеніміз белгілі бір державаға бұрын өзге отарлық державаның бақылауында болған территорияны мандаттық басқаруға беру жүйесі. Отарлар тек француз заңдары мен француз саяси жүйесі негізінде басқарылса, мандаттар Францияның иелігі болғанымен, халықаралық қауымдастықтың тікелей бақылауында болды. 1919 жылы қабылданған Ұлттар Лигасының Жарғысына сәйкес Камерун мен Того мандаттық жүйенің «В» категориясына жатқызылды. Оған сәйкес өркениетті мемлекет ретінде Франция мандаттық иеліктердің игілікті дамуы мен өркендеуін қамтамасыз етіп, болшақта өзөзін басқаруға, яғни тәуелсіздікке дайындауға міндетті болды. Дегенмен құқықтық және саяси жағынан мандатты басқару толығымен Францияның құзырына өткендіктен, олар іс жүзінде жаңа отарлар ретінде қарастырылды.

Тропикалық отарлар климаттық, табиғи жағынан ақ нәсілді француздар үшін қоныстануға қолайсыз болғандықтан, негізінен экономикалық және шаруашылық тұрғыдан объектісіне айналды. Тропикалық Африка мен Мадагаскардың дәстүрлі қоғамдық-саяси жүйесі түбірімен өзгеріп, еуропалық үлгідегі әкімшілік басқару жүйесі орнады. Француздар Қара Африканы генерал-губернаторлықтарға, өз кезегінде оларды федерацияларға бөлген сәтте көп жағдайда жергілікті этникалық, саяси, географиялық, тілдік, тарихи ерекшеліктерді ескерместен, географиялық ендік пен бойлық бойынша әкімшілік шекараларды жүргізді. Франция ФЭА мен ФБА-ға өз азаматтарын жаппай қоныстандыру саясатын жүргізбегенімен, оларды ассимиляциялауға және болашақта метрополияға интеграциялауға әрекет етті.

Англияға қарағанда отарлық басқарудың тікелей формасын басшылыққа алған Франция негізінен тропикалық иеліктердегі дәстүрлі институттар мен саяси жүйені қирату саясатын жүргізді. Отарлық әкімшілік жергілікті билік құрылымдарын ауыстырып, тайпалардың ішкі істеріне тұрақты түрде араласып отырды. Отаршылдыққа дейінгі дәстүрлі институттар сақталғанның өзінде, олар жаулаушылардың мүддесіне қызмет ететін отарлық әкімшіліктің ең төменгі сатысына, ал жергілікті тайпа көсемдері отарлық әкімшіліктің төменгі деңгейдегі шенеунігі дәржесіне түсірілді. Отарлық жүйенің барлық салаларына француз заңдары мен іс жүргізу жүйесі енгізілді.

Франция тропикалық иеліктерде жүргізіп отырған отарлық саясатын басқыншылық немесе жергілікті халықтарды қанау ретінде емес, керісінше өркениеттік миссияны орындау, Африканы барлық жағынан өркениеттендіру бағытындағы ұмтылыс ретінде қарастырды. 1789 жылы ұлы халық ұлы революцияны жасай отырып, адам құқықтары мен бостандықтары,

теңдік, еркіндік және бауырластық секілді универсалды принциптерді жария етті. Ал француз конкистадорлары осы құндылықтар мен идеалдарды бүкіл Тропикалық Африкаға таратты.

Республика үкіметтері қара құрлықтағы отарлық саясаттың барлық аспектісін өркениеттік миссияны орындау ретінде бағалады. Сонымен қатар Франция француз жауынгерлерін, миссионерлерін, саудагерлерін, дәрігерлерін тропикалық өркениеттерді отарлаушылар емес, керісінше африкалықтарды қараңғылық пен құлдықтан, Самори, Рабах секілді жергілікті тирандардың езгісінен құтқарушылар ретінде қарастырды [1, 215 б.]. Өркениеттік миссияны орындау, ассимиляция және интеграция Францияның тропикалық отарларға қатысты жүргізген отарлық саясатының идеологиялық негізіне айналды. Тіпті отарлар экономикалық тұрғыдан пайдасыз, метрополия үшін ауыр жүкке айналған сәтте де өркениеттік миссия отарлау саясатын жалғастырудың жалғыз себебі болып қала берді.

Өркениеттік миссияны орындау Францияның қара құрлықтағы отарлық саясатының идеялық негізі болғанымен, жергілікті халықтарға француз әкімшілігінің жүргізген саясаты өркениеттіліктен әлдеқайда алыс болды. Тропикалық Африка мен Мадагаскардағы француз отарларының тұрғындары екі категорияға бөлінді: біріншісі, метрополия азаматтары, екіншісі француз империясының бағыныштылары (sujets). Толыққанды коммуналардың тұрғындары толыққанды француз азаматтары ретінде қарастырылып, оларға барлық құқықтар берілді.

Африкалықтарға өркениеттілікке қол жеткізу оңайға түспеді. Натуралдану, яғни француз азаматы болу үшін ФБА-да немесе ФЭА-да дүниеге келіп қана қоймай, сонымен бірге француз мүдделеріне адалдығын дәлелдеу, кемінде он жыл француз мемлекеттік, әскери немесе жеке қызметте істеу, французша еркін сөйлеп, оқып, жаза білу, материалдық жағынан қамтамасыз етілген және мінез-құлқын оң болу қажет болды. Осының салдарынан африкалықтарды ассимиляциялау, жергілікті дәстүрлі ерекшеліктерді жою өте баяу жүрді. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында натуралданған африкалықтардың саны 80 мыңнан асып жығылды және оның басым бөлігін сенегалдық коммуналардың тұрғындары құрады. Француз азаматтығын алған африкалықтар жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері мен Бас Кеңестің жұмысына қатысу, оларға өз өкілдерін сайлау, ең бастысы метрополия парламентіне өкілдерін сайлау құқығына ие болды.

ФБА, ФЭА және Мадагаскардың қалған миллиондаған бұқарасы отарлық және дискриминациялық заңдарға бағынып, езгі мен қанау жағдайында қалды. Франция өз иеліктерінде бұрын белең алған құлдық жүйені жойғанымен, оның орнына жаңарған отарлық құлдық жүйесін енгізді. Осының салдарынан миллиондаған африкалықтар тағдырдың тәлкегіне түсті. Француз әкімшілігі оларға қатысты дискриминациялық сипаттағы түземдік кодексті қолданды. Нәсілдік, ұлттық, экономикалық, саяси, мәдени езгіге ұшыраған африкалық бұқара уақыт өте келе француз отарлық тәртібіне қарсы күрес жүргізе бастады. Нақ осы саясат африкалық ұлтшылдықтың туындауына ықпал етті.

Тікелей басқару формасын қолданған Франция Тропикалық Африкада либералдық-демократиялық бағыттағы мәнді реформаларды жүргізуге аса ұмтылмады. Бірақ екінші дүниежүзілік соғыс барысында әлемде орын алған жағдай мен түбірлі өзгерістер француздардың империяға қатысты дәстүрлі саясатының біршама өзгеруіне, либералды сипат алуына айтарлықтай әсер етті.

Ауқымды либералды реформаларды бастан өткеріп көрмеген Француз империясы екінші дүниежүзілік соғыста қалыптасқан ғаламдық жағдайға байланысты күйрей бастады. Дегенмен ұлы өркениеттің өкілі ретінде француздар соғыстың бел ортасында отарлық империяны бүтіндеуге кірісті. Соғыс кезінде талан-таражға түсіп, ыдырай бастаған отарлық империяны, отар халықтардың тәуелсіздік жолындағы күресін енді тек дәуірдің шындығына сай түбірлі реформалар жүргізу арқылы сақтап қалу мүмкін болды. 1943 жылдың шілдесінде Француз Ұлт-Азаттық Комитетінің төрағасы генерал де Голль мен Отарлар істері жөніндегі комиссары Рене Плевен отарлық проблемаларға байланысты империялық конференция өткізу туралы мәселе көтерді. Де Голль осы турасында «Француз Одағының құрылуына негіз болатын жаңа саяси курсты бекіту үшін біз Браззавильдегі африкалық конференцияны шақыруға бел будық» деді [2, 216 б.]. Ондағы басты мақсат теңіздің арғы бетіндегі француз территорияларының статусын өзгерту, онда құрылымдық реформалар мен модернизация жүргізу, сондай-ақ метрополия мен отарлар арасында жаңа бағыттағы ынтымақтастық пен мәңгілік одақтастықты орнату.

Француз отарлық империясының тарихи дамуы ерекшеліктерін талдай келе соғыс барысында француз басшыларының империяда ауқымды реформаларды жүргізуіне негіз болған факторларды атап өту қажет. Біріншіден, отарлардағы жергілікті халықтардың ұлттық сана-

сезімінің оянуы және олардың тәуелсіздікке деген ұмтылыстары; екіншіден, басқа отарлық империялардағы прогрессивті өзгерістердің орын алуы, әсіресе Британияның өзінің бірқатар отарларына өзін-өзі басқару статусын беруі және тағы басқа; үшіншіден, екінші дүниежүзілік соғыс; төртіншіден, екінші дүниежүзілік соғыс барысында француз отарларына ұлы державалар тарапынан қауіптің төнуі, яғни француз империясының талан-таражға түсу факторы.

Генерал де Голль мен оның идеяластарының көзқарасынша ұлы держава ретінде Франция ішкі және сыртқы мәселелер бойынша толық дербес саясат жүргізуі қажет және француз империясының болашақ тағдырын тек Франция шешуі керек. 1945 жылы тамыздың соңында Құрама Штаттарға жасаған ресми сапары барысында генерал де Голль Ақ Үйдің жаңа қожайыны Гарри Труменге «Францияның Үндіқытайға қайта оралатындығы, сондай-ақ жергілікті халықтың талап-тілектерін ескере отырып, игілікті режимді орнататындығы және оны тек Франция ғана шешетіндігін» ашып айтты [3, 245 б.]. Генерал өз мәлімдемелерінің бірінде «Азия мен Африканың белгілі дәрежеде «отарланған» елдері үшін жаңа дәуірде тәуелсіздіктің таңы ататын болады, алайда бұл процесс әрқилы жағдайлар мен әртүрлі мерзімдерде жүзеге асады. Батыс оны тек түсініп қоймай, сондай-ақ оны шын ниетімен қалауы қажет. Ең бастысы бұл процесс оның қатысуымен жүруі қажет және оған қарсы бағытталмауы тиіс. Олай болмаған жағдайда тәуелсіздікке өту әлі өркениеттілікке жетпеген халықтар мен аяғынан нық тұрып үлгермеген мемлекеттерді ксенофобияға, қайыршылық пен анархияға әкеп соқтыруы мүмкін» деген болатын.

Францияның туы астында ұзақ уақыт бойы өмір сүріп келе жатқан түрлі халықтардың бұрын-соңды болмаған саяси-экономикалық, моральдық құқықтарға қол жеткізуі, олардың мемлекет құруға мүмкіндік алуы, ақыр аяғы ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізуі де генерал де Голльдың есімімен тығыз байланысты. Генерал «Мен теңіздің арғы бетіндегі территориялардың статусын өзгерту, ондағы жергілікті тұрғындарға құқықтар беру қажеттігін француз «империясының» ресурстары мен оның тұрғындарының көмегі арқылы соғыс қимылдарын жүргізе бастаған сәттен түсіндім» деп, либералды саясатты жүргізуге итермелеген факторды көрсетеді.

Империялық конференция 1944 жылы 30 қаңтарда француз Конгосының орталығы Браззавильде ашылды. Конференция ашылу салтанатында сөз алған генерал де Голль «Отарлардың болашақ мәселесін кейінге қалдыру үлкен қате. Өйткені әлемде болып жатқан ауқымды оқиғалар бізді асығуға міндеттейді... қиын-қыстау кезеңде нақ осы теңіздің арғы бетіндегі территориялар мен оның тұрғындары бір сәт те Францияға деген сенімділігінен бас тартқан жоқ... Сондықтан осы сәттен бастап метрополия мен империя арасында мызғымас байланыстар орнайды, сондай-ақ бастан өткен трагедиялық сыннан қорытынды шығара отырып, Франция өз өмірін және оған тәуелді халықтардың өмірін де қайта құруға ерекше мүдделі... Француз Африкасында және байрағымыздың астындағы басқа да территорияларда прогресс мәнсіз болмақ, егер ол жергілікті халыққа моральдық және материалдық игіліктер алып келмесе, егер жергілікті тұрғындар өз істерін өздері басқара алатын деңгейге біртіндеп көтерілмесе. Францияның мұндағы міндеті оларды мүмкін ету... оларға өз ерекшеліктерін, мүдделерін сақтай отырып, ұмтылыстарын құрметтей отырып, француз достастығына енуге мүмкіндік беруі қажет», - деді [4, 662-665 бб.].

Бұдан кейін конференция өз жұмысын бастады. Оған қатысушы делегаттар отарлардың болашақ дамуы мәселелерінің барлық аспектілерін талқылап, жобалар мен ұсыныстарды дайындады. Форумда отарлардың болашақ статутын анықтау мәселелерін талқылау барысында бұрыннан бері келе жатқан бір-біріне қарама-қайшы француз отарлық саясатының ассимиляция және ассоциация концепцияларының өткір бәсекесі жоғарыдан көрінді.

ФЭА-ның генерал-губернаторы Феликс Эбуе ассоциация концепциясы рухында отарларда саяси, әкімшілік, экономикалық қайта құрулармен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік саланы неғұрлым жетілдіре отырып, ассимиляция саясатын жүргізбей-ақ африкалықтарды Францияның азаматы болуға қолайлы жағдайлар жасау қажеттігін атап өтті [5, 72 б.]. Ассоциацияшылар мұнымен тоқтамай қоғамдық қатынастарды дұрыс реттеу үшін жергілікті салт-дәстүр мен институттарды сақтап қалу қажеттігін, оның үстіне полигамия, әйелдер бостандығын шектеу, жергілікті тұрғындарды күштеп жұмысқа тарту және жазалау секілді ескі салт пен жүйелерді толық жоюды, жер-жерлердегі медицина мекемелерін көптеп салып, оған тиісті мамандарды дайындау қажеттігі, сондай-ақ отарларға бәріне бірдей білім беру жүйесін ендіру, өндіріс орындарында, мәдениет саласында, ауыл шаруашылығында жұмыс

істейтін мамандарды жергілікті халық өкілдерінен дайындау қажеттігін баса айтты.

Ассоциацияшылар тобы алда құрылатын Ұлттық жиналыстағы отарлар өкілдіктерінің аясын кеңейтуді, жергілікті билікті орталықсыздандыруды, отарларды өзін-өзі басқаруға мүмкіндіктер жасау мәселесін көтерді. Сондайақ конференция отар халықтардың бір бөлігіне француз азаматтығын беруді метрополия мен отарлар арасындағы ынтымақтастықтың жүзеге асуының негізгі өзегі деп есептеді. Француз азаматтығын тек екі жағдайда беру шешілді: жергілікті халықтардың француз саяси және азаматтық құқықтарын отарлар шеңберінде ғана жарамды деп тану; отарлық әкімшілік алдында еңбегі сіңген және жақсы қырынан көзге түскен жергілікті тұрғындарға француз азаматтығын беру. Өз кезегінде ассимиляцияшылдар жергілікті салт-дәстүрлер мен институттарды сақтау ұмтылыстарын кейінге кетушілік деп бағалады.

Жак Шабан-Дельмас біртұтас, бөлінбейтін Француз империясы аясында отарлық парламентті құру идеясын көтерді. Оның пікірінше парламенттің міндетіне «француз қауымдастығының саяси бірлігін қамтамасыз ету және оған кепілдік беру, сонымен қатар «Франция – отарлар» блогын құрушы әр бір территорияның өмірі мен еркіндігін қорғауы» жатады. Ол «ассимиляция концепциясын метрополия мен отарлар арасындағы ынтымақтастықты толыққанды жүзеге асыра алатын әдіс, ал ассоциация бар жерде ондай ынтымақтастықтың болуы мүмкін емес» деген мәлімдеме жасады [6, 75 б.]. Ассимиляцияшылар ауқымды либералды реформалар жүргізу арқылы империяны француз департаменттеріне айналдыруды көздеді.

Отарлық парламентті құру мәселесі бойынша конференция нақты шешімге келе алмай, оны Франция азат етілгеннен кейін шақырылатын Құрылтай жиналысында қарастыру шешілді. Кез келген формадағы отарлық өкілділіктің мақсаты «Француз Одағының немесе француз қауымдастығының» саяси бірлігі мен тұтастығын сақтау болып белгіленді. Сонымен бірге конференция болашақта отарларды Француз Республикасының Конституциясын дайындау процедурасына қатыстыру үшін олардың өкілдерін Ассамблея құрамына енгізу туралы шешім қабылдады.

Отарлардың ішкі саяси жүйесі туралы конференция еуропалықтар мен жергілікті элита өкілдері тең дәрежеде өте алатын жергілікті сайланбалы органдарды құруды ұсынды. Жергілікті органдар өз бақылауындағы территорияларда бюджетті қарап, қабылдауға міндетті болды, ал қалған мәселелерге байланысты олар губернатор жанындағы кеңесші орган ретінде бекітілді [7, 392-393 бб.]. Жалпы алғанда отарларда құрылатын органдар бұрынғыша метрополия тағайындаған губернаторға тәуелді болып қала берді.

Делегаттар отарлардағы саяси-әкімшілік реформалармен қатар рухани, әлеуметтік, экономикалық проблемаларды да кеңінен талқыға салды. Әлеуметтік салада метрополия мен жергілікті ресурстарды пайдалана отырып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу және еркін еңбек нарығын қалыптастыру, жұмыс режимі мен жалақы көлемі жағынан жергілікті кадрларды еуропалықтармен теңестіру, жыл сайынғы демалыс және зейнетақы жүйесін, сегіз сағаттық жұмыс күнін ендіру, мәжбүрлеп жұмыс істету және әкімшілік жаза қолданатын ескі заңдарды, көп некелікті жою және әйелдерге құқықтар беру, барлығына бірдей білім беру жүйесін енгізу, кәсіподақтарды құру және олардың қызметін жетілдіру, медицина мекемелерінің желісін арттыру, метрополия мен жер-жерлерде дәрігер мамандарын дайындау тәрізді шараларды жүзеге асыру көзделді.

Француз империясының болашақ саяси ұйымдастырылуына байланысты ұсыныстардың преамбуласында былай делінді: «Франция отарларда жүргізіп отырған өркениеттік миссиясының мақсаты автономия туралы кез келген идеяны, француз империясынан тыс тәуелсіз дамуды жоққа шығарады. Тіпті алдағы уақыттарда отарлық иеліктерде өзін-өзі басқару үкіметінің құрылуына жол берілмейді» [8, 390 б.].

Конференция өткеннен кейін оған байланысты түрлі пікірлер айтылды. Де Голль Браззавилль аяқ асты бүкіл әлемнің назарын өзіне аудартты. Браззавилль соғыс барысында ұлы державалық статусынан айырылған Францияның қайта өркендеуінің бастамасы деді. Француз тарихшысы К. Яконо конференцияның нәтижелерін талқылай келе мынадай тұжырым жасады: «Либералды іс-шараларды жүргізу, бірақ француз суверенитетінің аясында; экономикалық, әкімшілік және әлеуметтік реформалар жүргізу, бірақ саяси салада ешқандай зиянды өзгерістер болмауы қажет, керісінше отарлық тәртіпті аса құрметпен сақтау. Осымен бірге отарсыздану туралы жағымды хабардың барлық жерге таралуына үміт туғандай болды. Бірақ 1944 жылдың басында отарсыздану француз санасына жат құбылыс болды, сондықтан француз африкандығы күндердің күнінде

африкандық французға айналады деген идеал сақталынды» [9, 56 б.].

Браззавилль конференциясының тарихи маңызы өте жоғары болды. Өйткені ол бір жағынан Францияның отарларға қатысты дәстүрлі саясатына либералды реформаторлық сипат берсе, екінші жағынан отарланғандардың саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық жағдайларының айтарлықтай жақсаруына жол ашылды, үшіншіден, жаңа француз отарлық саясатының доктриналық негізі қаланды. Дегенмен Браззавилльде қабылданған шешімдер декларативті сипат алды. Сондықтан Форумда қабылданған жобалар мен ұсыныстар метрополиядағы Құрылтай жиналысы тарапынан заңдастырылуы тиіс болды. Генерал де Голль бұл жөнінде «Әрине губернаторлар жиналысы империяны Француз Одағына айналдыруға бағытталған конституциялық мәселелерді шеше алмады. Алайда даңғыл жол салынып қойды, енді тек сонымен жүру ғана қалды» деуі осының айғағы [10, 217 б.]. Браззавильде қабылданған жобалар мен резолюциялар Француз Республикасының Уақытша Үкіметі мен 1945-1946 жылдардағы Құрылтай жиналыстарының отарлық мәселеге байланысты қабылдаған шешімдерінің, жүргізген шараларының платформасына айналды.

1. Bouche D. Histoire de la colonisation française (1815-1962). – Paris, 1998. – T. 2.

2. Шарль де Голль. Военные Мемуары. Единство 1942-1944 годы. – М.: Иностранная Литература, 1960. – Т. 2.

3. Шарль де Голль. Военные Мемуары. Спасение 1944-1946 годы. – М.: АСТ, Астрель, Транзиткнига, 2004. – Т. 3.

4. Шарль де Голль. Военные Мемуары. Единство 1942-1944 годы. – М.: Иностранная Литература, 1960. – Т. 2.

5. Суховерхов В.В. Генерал де Голль и Браззавильская конференция 1944 г. // Вестник МГУ. – Серия 8 История. – 2000. – № 6. – С. 62-81.

6. В.В. Суховерховтің аталған мақаласы.

7. La France du XXe siècle. Documents d'histoire. Présentés par O. Wieviorca et Ch. Prochasson. – Paris, 2004.

8. Ibidem.,

9. Yacono X. Les etapes de la decolonisation française. – Paris, PUF, 1994.

10. Шарль де Голль. Военные Мемуары. Единство 1942-1944 годы. – М.: Иностранная Литература, 1960. – Т. 2.

* * *

В статье рассматривается особенности и специфика колониальной политики Франции в Тропической Африке и Мадагаскаре, а также анализируется формирование новой колониальной политики в контексте Браззавильской конференций.

* * *

In article it is considered features and specificity of a colonial policy of France in Tropical Africa and Madagascar, and also formation of a new colonial policy in context Brazzaville of conferences is analyzed.

Р. С. Мырзабекова

РЕСЕЙДІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРІ

Экономикалық және саяси астарлары бірбірімен ұштасқан Ресей мен Орталық Азия байланыстарының ұзақ және бай тарихы бар. Орталық Азия бағыты Ресей сыртқы саясатының маңызды тармағы болды. Аймақтың географиялық шекаралары мен ұлттық мүдделерінің түйісінде, Еуразияда орналасқанын ескерсек, бұл заңдылық болып табылады.

Орталық Азия Ресейдің экономикалық мүдделерінің орталығы болды. Өткен тарихқа көз жүгіртетін болсақ, XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азия Ресей империясының құрамына кірді, аймақтың экономикалық байланыстары негізінен Ресеймен шектелді.

Ресей империясы құлағаннан кейін, Ресей-Орталық Азия байланыстарының жаңа сатысы көрініс алды. Оның ішінде КСРО кезеңінде Орталық Азия мен Ресей арасындағы байланыс өзінің ең жоғарғы шегіне жетті. КСРО құлағанға дейін Ресей Орталық Азия үшін аймақтың қазіргі сипатын қалыптастырған прогрессивті дамудың қозғаушы күші болғандығы жасырын емес. 1991 жылы КСРО құлағаннан кейін, РФ мен Орталық Азия елдерінің арасындағы байланыс коллапсқа ұшырады. 1990 жылдар бойы Ельциндік Ресей Орталық Азия аймағымен экономикалық байланыс орнатуға көңіл бөлген жоқ. Ресей үкіметінің басына В. Путин келгеннен кейін ғана, посткеңестік аймақтың Ресей үшін маңыздылығы мойындалып, байланыстарды қалыптастыруға, саяси жақындасуға көңіл бөліне бастады.

8-желтоқсан 1991 жылы КСРО ыдырап, оның орнына ТМД құрылды [1].

1992 жылы жазда Ресей сыртқы саясатында, оның ішінде «жақын шет елге қатысты» бетбұрыс басталды. Жақын шет елдерге қатысты Ресей саясатының мазмұны алғаш рет Приднестровьедегі (Молдова) қақтығысқа Ресей әскерін кіргізуден көрініс алды. Ресейдің осы әрекетіне Батыс тарапынан ешқандай реакцияның болмауын Мәскеу «жақын шет елдерге байланысты саясатына берілген еркіндік», - деп қабылдады [2].

«Жақын шет ел» түсінігі айналымға 1991-1992 жылдың басында енді. Алғашқы кезде бұл терминнің географиялық мазмұнынан көрі саяси мазмұны негізге алынды. Сондықтан, Ресеймен тікелей шекарасы бар Финляндия мен Польша «алыс шет ел» ретінде, ал Ресеймен түйісетін шекарасы жоқ Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан «жақын шет ел» болып танылды. «Жақын шет елге» қатысты Ресей саясатының маңызды ұстанымдары мен мақсаттары 1993 жылы сыртқы саясатының Концепциясында және өзге де іргелі құжаттарында жарияланды [3]. Екі құжатта да «жақын шет елге» байланысты бірқатар мәселелер көтерілді, тұжырым «Ресей ұлы держава, өзінің өмірлік маңызы бар ұлттық мүдделерін қорғауға құқылы», - деген ұстанымнан шықты [4].

Ресей «жақын шет елге байланысты» саясатын жергілікті қақтығыстардың алдын алу, сол территорияда өмір сүріп отырған орыс ұлтының мүддесін қорғау, ТМД шеңберінде қақтығыстарға жол бермеу сияқты ұстанымдардан шығарды.

Орталық Азия аймағында әлемнің геосаяси бейнесінің өзгеруі жаңа жағдайдың қалыптасуына алып келді. Қазіргі таңда Орталық Азия еуразия кеңістігіндегі геосаяси жүйеде маңызды орны бар аймаққа айналды. Орталық Азияның жаңа геосаяси орнын анықтайтын бірнеше себептерді көрсетуге болады: а) Орталық Азия Еуразия құрылығының орталығында орналасқандықтан, бірқатар елдердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығында маңызды стратегиялық роль атқарады; ә) Орталық Азияның әрбір мемлекетіндегі жағдай, еуразия кеңістігіндегі күштердің арақатынасын анықтап, болашағына әсер етеді; б) Орталық Азияның жер қойнауы шикізатқа бай, бұл көптеген елдердің қызығушылығын тудыратыны сөзсіз. Шикізат көздеріне бақылау орнату, жалпы аймақтағы жағдайды өз ықпалында ұстауға мүмкіндік беретіні түсінікті жағдай; в) Орталық Азия еуразиялық стратегиялық тұрғыда маңызды жолдардың түйісінде орналасқан. Мысалы, Орталық Азия елдері Иран арқылы Парсы шығанағына, Ауғанстан мен Пәкстан арқылы Үнді мұхитына, Қытай арқылы Азия Тынық мұхиты аймағына шыға алады.

Қазіргі таңдағы Орталық Азия жағдайына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, бұл жерде «жаңа ойыншылар» мен ежелден бір-бірімен бақталасқан мемлекеттердің мүдделерінің түйіскендігін байқауға болады. Орталық Азияның геосаяси жағдайына белгілі ықпалын тигізіп отырған мемлекеттердің ішінде Ресей Федерациясын бөліп көрсетеміз.

Ресей Федерациясы мүдделеріндегі Орталық Азияның орны мен біріншілігі әрбір кезеңдегі қалыптасқан жағдайларға сай, сатылық деңгейде болды. Ресей Федерациясының Орталық Азиядағы геосаяси, экономикалық, әскери мүдделерін төмендегі жағдайлар анықтап отырды деуге болады: Орталық Азия Ресей үшін оңтүстік шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін «белбеу»; көлік-коммуникация жолдарына бақылау орнату; мұнай факторы мен Каспий теңізіне ықпалын сақтау және Орталық Азияда өмір сүретін орыс ұлтының үлестік көрсеткішінің жоғары болуы да Орталық Азиядағы Ресей саясатына қозғаушы фактор болып табылады.

1991 жылдан бері Ресейдің Орталық Азиядағы мүдделерінің жалпы сипаты анық болғанымен, ұзақ уақыт бойы Ресей Федерациясының Орталық Азияға қатысты көздейтін мақсаты анықталған, мақсатқа жету жолындағы қағидалары көрсетілген толық қанды саясаты болған жоқ,- деп көрсетеді халықаралық қатынастарды зерттеушілер [5]. Егер 1991 жылдан бергі Ресейдің Орталық Азиядағы саясатына көз жүгіртетін болсақ, әр уақытта Ресей саясатын әр түрлі факторлар анықтағанын, бағыттарының да әртүрлі болғандығын, жүйелілік болмағандығын байқауға болады.

Жалпы, Ресейдің Орталық Азияға қатысты саясаты бірнеше сатыны басынан өткерді. Бірінші саты (1992-1995 жж.) – Орталық Азиядағы орны шектеулі болды, бұл аймаққа Ресейдің қызығушылығы аз болды деуге болады. Бұл сол кезеңнің ерекшелігімен байланысты болуы мүмкін. Себебі, 1992-1995 жж. бұрын КСРО құрамында болған мемлекеттер тәуелсіз мемлекеттер ретінде енді ғана аяғынан тұрып, өтпелі кезеңді басынан өткеріп жатты. Бұл кезде мемлекеттердің сыртқы мәселелерінен көрі ішкі мәселелердегі қиындықтар басымдылық тудырды. Ішкі экономикалық қиындық мемлекеттің сыртқы саяси мүдделерімен өзара байланысты екендігі дұрыс ескерілмеді.

Осы уақытта Ресей посткеңестік кеңістікте Орталық Азия аймағында аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға ұмтылды. Мысалы, 1992 жылы Ташкентте ТМД мемлекеттерінің Ұжымдық Қауіпсіздік Келісіміне қол қойылды (ДКБ). ҰҚК шеңберінде Ресей үш бағытты ұстанды: татулықты қолдаушы, кейбір жағдайларда шекараны бірлесіп қорғау, әскери байланыс. Бірақ Ресейдің Орталық Азиядағы үлесі тез әлсірей берді. Қазақстан мен Өзбекстан өздерінің әскери және шекаралық әскерін қалыптастырды, сондықтан Ресей тек Қырғызстан мен Түркменстандағы шекаралық күштерге ғана бақылау орната алды [6].

Екінші саты (1996-1998 жж.) – Ресей сыртқы саясатында басымдылығын анықтап, Орталық Азияға қарай бет бұра бастады. Бұның да бірнеше себептері бар деуге болады. Ежелден қалыптасқан мәдени, тарихи байланыстарды ескермегеннің өзінде, Ресейді Орталық Азияға бет бұруға итермелеген себеп – батыс елдерінің Ресейді жаңа геосаяси ойыншы ретінде Батысқа тартпай, керісінше шеттетуі болды. Мысалы, Ресей тәуелсіздігін алсымен, Батысқа бет бұрғандығы, сыртқы саясатта батыстық бағытқа басымдылық бергендігі жасырын емес. Бұл бағытта жасалған ұмтылыстары сәтсіздікке кездесіп, Батыс Ресейге құшағын аша қойған жоқ. Батысты керісінше, шикізат көздері мол, геосаяси мүдделерінде стратегиялық мақсаттарды көздеген Орталық Азия мемлекеттерімен байланыс орнату әлдеқайда қызықтырды. Осындай жағдайда Ресей өзінің ежелгі «бауырлары» Орталық Азияға қайта бет бұруға мәжбүр болды.

Үшінші саты (1999-2001 жж.) – Орталық Азия елдерімен жүйелілік сипаттағы екі жақты байланыстар орнату. Бұл уақыт аралығында жас Орталық Азияның көптеген мемлекеттері сыртқы саясатында көп векторлы саясат ұстанып, тек Ресейге қарап отырған жоқ. Өздерінің географиялық ерекшелігін және қалыптасқан саяси жағдайларды өздеріне тиімді пайдалана білді. Осындай жағдайда Ресей Орталық Азияны өз ықпалынан шығарып алмау үшін көп тер төгу керектігін түсініп, Орталық Азияға қатысты саясатына жүйелілік бере бастады.

Төртінші саты (2001 ж. қазіргі кезге дейін) – аймаққа жаңа күштердің қызығушылығы артып, Орталық Азиямен АҚШ, ЕО тарапынан байланыстар орнатыла бастады. Осы кезден бастап Ресей, Орталық Азия бағытындағы саясатына АҚШ-тың, Қытайдың ықпалын ескере отырып қалыптастырды.

Сонымен, 1991-2000 жылдар аралығындағы Ресейдің Орталық Азияға қатысты саясатын қорытындыласақ, Ресейдің Орталық Азияға қатысты саясаты КСРО-ның өзге мемлекеттеріне қатысты саясатының аясына кірді. Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін, Москва «Орталық Азия мен Қазақстанға» ерекше көңіл бөлген жоқ. Оларға саясаттағы жас, тәжірибесіз тұлғалар ретінде қарап, саяси және экономикалық жағынан Ресейге бағынышты деп есептеді. Тіпті, өтпелі кезеңде Орталық Азия Ресейге ауыртпалық жүктейтін, мәдениеті жағынан бөтен елдер ретінде есептеліп, олардан басын аулақ салғысы да келді. Сондықтан, 1992 жылдары Ресей Федерациясы Орталық Азияға қатысты қызығушылық білдірген де жоқ [7]. 1993 жылдан кейін Москваның батыстан беті қайтып, батысқа деген үміті үзілгеннен кейін ғана, ТМД Ресейдің бұрынғы қуатының қолдаушылары ретінде түсінгендіктен ғана Орталық Азия Ресейдің қорғаныс саясаты мен мүдделерінің аймағы ретінде жарияланды.

1995 жылы Ресей, Белорусь, Қазақстан арасында Кедендік Одақ қалыптастырылып, оған Қырғызстан мен Тәжікстан қосылды. Өкінішке орай, посткеңестік мемлекеттердің арасында жасалған көптеген келісімдердің тағдыры нәтижесіз болды. Кедендік Одақ саласында жасалған келісімнің нәтижесіздігі 1998 жылғы тамыз айындағы Ресейдегі қаржы дағдарысынан кейін белгілі болды. Осы уақытта Ресей кәсіпкерлері Қазақстанға өздерінің арзан тауарларын үйіп тастады. Сондықтан, Қазақстан үкіметі, 1999 ж. басында өз өндірушілерін қорғау үшін бірнеше айға Ресей тауарларының әкелуіне тиым салды. Ресей Орталық Азия мемлекеттерінің маңызды сауда әріптесі болғандығына қарамастан, Орталық Азия мемлекеттері Ресейден басқа да әріптестер іздей бастады. Сонымен қатар ТМД-ның өзге елдері Ресеймен бірге, немесе, Ресейсіз әріптестік қалыптастыруға дайын болды [8]. 2000 жылғы қазан айында Астанада Орталық Азияның 5 Президентінің кездесуінде ынтымақтастықтың жаңа ұмтылысы жасалды. Кедендік Одақ негізінде Еуразиялық экономикалық кеңістіктің негізі қаланды. Оның мақсаты Еуропалық Одақтың мақсатына жақын еді.

Осыдан кейінгі Ресейдің Орталық Азиямен ынтымақтастығы әртүрлі деңгейде болды, себебі, мемлекеттердің көздеп отырған саясаты мен ойланатын, шешуге тиісті мәселелері де әртүрлі еді. Мысалы, Қазақстан Орталық Азиядағы Ресеймен 7200 шақырым ортақ шекрасы бар, сонымен қатар, өзге елдермен

салыстырғанда орыс ұлтының проценттік үлесі үлкен мемлекет болып табылады. Бұл жағдайлар Қазақстанды Ресейге қатысты икемді саясат жүргізуге итермелейді. Екіншіден, Қазақстан буферлік мемлекет. Президент Н.Назарбаев 1990 жылдардың басында-ақ өз мемлекетінің саясатын «көп векторлы» деп анықтады. Және диверсификация мақсатында өзіне саяси және экономикалық әріптестер іздеді. Ресей Қазақстанға әріптестік қатынастар орнататын АҚШ, Қытай, Иран, Түркия сияқты көп мемлекеттердің бірі ғана болатын. Дегенмен, екі мемлекеттің геосаяси жағдайы оларды бір-біріне жақындыққа итермеледі [9]. Осы уақыт аралығында Ресеймен ортақ шекарасы жоқ өзге төрт Орталық Азия мемлекеттері Қазақстанмен салыстырғанда Ресейдің сыртқы саясатында аз орын алды.

Қырғызстан да Қазақстан сияқты өзінің тарихында Ресейдің ықпалында болды. Қырғызстан қойнауыныда алтыннан басқа байлық жоқ, өнеркәсіп әлсіз, сондықтан ол тек Ресей сияқты мемлекеттің қолдауына сүйенуге мәжбүр. Сондықтан Қырғызстан ешқашан Ресейден алшақтауға тырысқан жоқ және де Ресейден өзге де әріптестер табуға ұмтылды. Қазақстанмен салыстырғанда Қырғызстан мүмкіндігі шектеулі еді. Осыған қарамастан Қырғызстан өзінің реформаларына сәйкес ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып ДСҰ қабылданды. Бірақ өзге инвесторлардың кең қызығушылығын тудыруға қырғыз нарығының шектеулілігі кедергі болды. Ресей үшін бұл кішкентай таулы ел аса көп қызығушылық тудыра қоймады, сондықтан 1999 жылға дейін Ресей Қырғызстанға достық ниетте болғанымен, немқұрайлылықпен қарады.

1999 жылы Ресей үкіметінің басшылығын В.Путин алды. Осы жылы жаңа Әскери доктринаның жобасы жасалды [10]. Жылдың соңында В.Путин РФ Президенттігіне үміткер ретінде Ресейдің жаңа мың жылдықтағы міндеттері туралы жоспарлы мақаласын жариялады [11]. Келесі жылы В.Путин ұлттық қауіпсіздігінің жаңа концепциясын бекітті [12] Әскери доктринаның түпкі редакциясы қабылданды, [13] июнь айында Ресейдің сыртқы саясатының жаңа Концепциясын қабылдау туралы шешім шығарылды.

Орталық Азия бағытындағы Ресейдің сыртқы саяси қадамдарына жасалған анализ, соңғы уақыттырда осы аймақтағы Ресейдің орны стагнациялық сипатта болды деген қорытындыға әкеледі. Дегенмен, соңғы жылдары Ресей өзінің Орталық Азиядағы мүддесін нығайтты. Оған 2010 жылы 1 қаңтардан бастап іске қосылған Кедендік Одақты айтуға болады. Ал Қазақстан үшін бұл саясаттың қаншалықты тиімді болатыны болашақтың ісі.

Орталық Азия үшін Ресеймен байланыстағы экономикалық фактор маңызды болып табылады. Себебі, Орталық Азияның ұлттық экономикасының дамуына әлемдік шаруашылық байланыстармен интеграция, тұрақтылық, аймақтың қауіпсіздігі де байланысты. «Ұлттық мемлекеттердің мүддесін ескерген, олардың сұранысына жауап бере алтын аймақтағы позитивті экономика Орталық Азиядағы Ресейдің саяси-әскери орнының нығаюына мүмкіндік береді. Орталық Азия кеңістігінің Батыс ықпалында кетпеуіне жағдай жасалады», - деп көрсетіліп отыр [14].

Орталық Азия аймағында Ресейдің экономикалық және энергетикалық міндеттерінен туған кең геоэкономикалық және әскери мақсаттары жатыр. Бұл жерде Орталық Азия жүрегінде тұрған, әскери-стратегиялық, экономикалық жолдар түйіскен Қазақстанның орны ерекше [15]. Орталық Азия мемлекеттерінің Ресейге қатысты мүдделері арасында алшақтық бар. Орталық Азияның әрбір мемлекеті әртүрлі бағыттардағы, кейбір жағдайларда аймақ территориясынан шығып кететін өзінің ұлттық мүддесі тұрғысынан пайымдайды. Ресейге деген қатынасқа Кеңес дәуірінде жоққа шығарылған, қазіргі кезде өзекті мәселелердің біріне айналған ұлттық сана-сезім де әсер етеді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша Орталық Азиядағы Ресей саясатының қазіргі таңдағы тиімсіздігіне ықпал ететін бірнеше себептерді көрсетуге болады: Ресей Орталық Азия мемлекеттері үшін тартымды емес; Ресейдің ішкі саясатынан көрініс алатын ұстанымдар, көрші мемлекеттердің тұрақтылығына әсер ету мүмкіндігін азайтады; Ресей бизнесінің Орталық Азия нарығына енуіне мемлекет тарапынан қолдау аз [16]. Кейбір зерттеушілердің көрсетуінше «Азияның кілті Қазақстан», Қазақстан Орталық Азия мемлекеттеріндегі тұрақтылыққа, жалпы аймаққа және Каспий аймағына Ресей ықпалының өсуіне әсер ете алады [17]. Орталық Азиядағы тұрақтылық Ресейдің ұлттық қауіпсіздігінің мүддесінен шығады. Сондықтан Ресей өз шекарасынан тыс, көрші аймақтарда әріптестік, достық қатынастардың сақталуына мүдделі.

---

1. Соглашение о создании СНГ// Дипломатический Вестник.-1992.-№1.-С.3-6

2. Мигранян А. Россия и ближнее зарубежье // Независимая газета.-1994.- 18 января

3. Основные положения концепции внешней политики РФ// Дипломатический Вестник.-1993.-Январь, специальный выпуск; Основные положения военной доктрины РФ.// Известия.-1993.-18 ноября

4. Концепция внешней политики РФ утверждены Распоряжением президента РФ Б.Н. Ельцина от 23 апреля 1993 г. // Внешняя политика и безопасность современной России 1991-2002. Хрестоматия в 4-х Т.4. Документы. М., РоссПЭН, 2002. С. 38

5. Буркин А.И. Национальная безопасность России в контексте современных политических процессов. М., 2005.

6. Национальная безопасность России и договор СНВ-2// Кентавр.-1993.-№4.-С.50-63.

7. S.Gretsky.Russias Policy Toward Central Asia// Central Asia and the Caucasus.1997.-P.3; http://www.cac.org/dataeng/GRETSKY.shtml

8. Биргит Бауэр, Беате Эшмент. Политика России в Центральной Азии.

9. Nikolaenko V. Russia and Kazakhstan//International Affairs.-1999.-N1.-P.123.

10. Военная доктрина РФ (проект)// Красная звезда.-1999.-9 октября.-С.3.

11.Россия на рубеже тысячилетий//www.government/minister/articie_vvpl.html

12. Концепция национальной безопасности РФ// Независимое военное обозрение (интернет версия). http://nvo.ng.ru/concepts/2000-01-14/6_concept.html

13. Военная доктрина РФ, // Независимая газета.-2000.- 22 апреля.-С. 5.

14. Савельев В.К. Национальная безопасность России и гражданское воспитание// Мир образования – образование в мире.-2004.-№1.-С.134-141.

15. Наумкин В. Российская политика в отношении Казахстана // Стратегические перспективы: ведущие державы, Казахстан и Центральноазиатский узел. Лондон, 2004. С. 47-80.

16. Сидоров О.Н. Геополитические интересы Российской Федерации по отношению к сопредельным странам// Международные отношения и безопасность. 2004. № 6.

17. Российско-казахстанские взаимоотношения: К вопросу об активизации присутствия РФ в постсоветской Азии//Средняя Азия и Казахстан: Информационно-аналитический бюллетень. 2001. № 29.

* * *

В статье рассматривается отношения России с Центральной Азией, в которой политика, экономика и безопасность тесно переплелись друг с другом. Традиционно центральноазиатское направление было одним из ключевых во внешней политике России. Это представляется естественным, учитывая расположение региона в центре Евразии.

Сегодня Российская Федерация рассматривает ЦА в качестве важного фактора укрепления своих международных позиций. В статье анализируется к чему может привести наблюдающееся сегодня усиление присутствия России в Центральной Азии.

* * *

The relationship of Russia with Central Asian countries, where the politics, economics and security interconnected with each other was considered in this article. Traditionally, Central Asian direction was one of the main directions on Russia's foreign policy.

Today the government of Russian Federation considers the Central Asia as an important factor of strengthening of its own international positions. That's why the author analyzed the consequences of the increasing of Russian participation in Central Asia.

Д. Қ. Жекенов

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ – ХУ ЦЗИНЬТАО САЯСИ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

XXI ғасырда Қытай Халық Республикасының халықаралық қатынастардағы беделінің артуы, осы алып елді басқарып отырған Қытай Халық Республикасының төрағасы – Ху Цзиньтаомен тікелей байланысты. Олай болса, Ху Цзиньтаоның саяси тұлғалық қасиеттерін анықтау, қазіргі таңдағы Қытай саясатын түсінудің алғы шарты деп түсініміз.

Ху Цзиньтао 1942 жылы 25 желтоқсанда Аньхой провинциясының (Шығыс Қытай) Цзиси уезінде кедейлеу шаруа жанұясында дүниеге келген. Балалық шағы жапон жаулап алушыларына қарсы сегіз жылдық ұлт-азаттық күрестің шешуші, үшінші кезеңінің (1941 жылдың желтоқсан айымен 1945 жылдың тамыз айларының аралығы) уақытымен тұспа-тұс келеді. Елдегі ұлт-азаттық күрестің соңы 1945-1949 жылдар аралығын қамтыған азамат соғысымен ұласқан еді [1]. Жапондық жаулап алушылардан елді тазартып, ішкі азамат соғысында да өзінің ұтымды саяси шешімдерімен жеңіске жете білген Мао Цзэдунның ой-пікірлерін қытай халқымен бірге бойына сіңіріп өскен Ху Цзиньтао бала шағынан бастап өз мүддесін ұлттық мүддемен сабақтастырып бой түзеді. Ху Цзиньтаоның шыққан тегіне сәл көз жүгіртсек, оның ата-бабаларының әр саланың, әр деңгейдің адамдары болғандығын көреміз. Солардың арасындағы тарихи тұлғалардың бірі Мин династиясы (1368-1644) кезінде өмір сүрген Ху Цзунсянь. Ху Цзунсянь жапон пираттарына тойтарыс берген еді, сол ерлігі үшін император оған

қорғаныс министрі қызметін берді. Дегенмен Ху Цзунсяньды көре алмаған кейбір қызметкерлердің жалған ақпараттарына сеніп, император оны түрмеге жапты және 1565 жылы түрмеде қайтыс болған. Келесі император оған жала жабылғандығын анықтап, «династияға өлшеусіз қызмет еткені үшін» алғыс білдірді [2].

Ху Цзиньтаоның әкесі Аньхой провинциясында шай өндіру шаруашылығымен айналысатын. 1942 жылы Ху Цзиньтао дүниеге келгенге дейін шай шаруашылығы жапондық жаулап алушылардың шабуылдарының әсерінен дағдарысқа ұшырап, оның әкесі орта мектептің мұғалімі болып қызмет атқарды. Кейбір мәліметтер бойынша Ху бес жасқа толғанда анасы өмірден өтеді де, оны туысқан апасы Лю Бинся қолына алады. Келесі бір деректерге сүйенсек, Худың жанұясы өте кедей болғандықтан оның тәрбиесімен екі ағайынды ағасы айналысқан. Бала күніндегі досының естеліктерінде анасынан айрылған сәтте де Цзиньтао аса сабырлылық танытқандығын және барлық уақытын оқуға арнағандығын жазады.

Мао Цзэдунның қысқа мерзім ішінде коммунизмге жету мақсатындағы «Үлкен секіріс» утопиялық идеясы 1957 жылдың күзінен бастап қолға алына бастаған еді. Мемлекеттің онжылдық стратегиялық жаспарларына Мао Цзэдун «үш жылдық қарқынды еңбек» нәтижесінде қол жеткізу, экономикалық даму нәтижелері бойынша 15 жылда Ұлыбританияны, 20 жылда АҚШты, ауылшаруашылық өндірістері саласында үш жыл ішінде Жапонияны қуып жету жоспарланды [3]. Барлық қытайлық оқушылар іске асуы мүмкін емес осы идеялардың ықпалымен тәрбиеленіп ер жетті. Ху Цзиньтао да Мао Цзэдун негізін қалаған жаңа қытайды қалыптастыру идеясын қолдады және өз ойын іске асыру мақсатында 1959 жылы Пекиндегі аса беделді Цинхуа университетінің гидротехника факультетіне оқуға түседі де, 1964 жылы гидроэлектростанция инженері деген диплом алады. Бұған дейін 1964 жылдың сәуірінде Қытайдың комунистік партиясына өтеді. Өз факультетінің аспирантурасына сәтті экзамен тапсырып, оқуын 1965 жылға дейін жалғастырды және аспирантурамен қатар партияның тағайындаған Университеттің саяси нұсқаушысы қызметін қоса атқарды. 1965-1968 жылдары факультетінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысты.

1966 жылы «мәдени революция» басталып, әкесі репрессияға ұшырап, оның шай дүкені жабылды. Ал Ху Цзиньтаоның өзін «буржуазиялық жанұядан» шыққан деген желеумен саяси нұсқаушы қызметінен босатты. 1968 жылы «еңбекпен тәрбиелеу» жүйесі бойынша мемлекеттің батыс аймағындағы кедей Ганьсу провинциясына жіберіліп, Балық шаруашылығы және электроэнергетика министрлігінің құрылыс бригадасында әр түрлі қара жұмыспен айналысты. Талай адамдардың тағдырын сындырған «мәдени революция» Ху Цзиньтаоның мансап баспалдағының негізін қалады. 1969-1974 жылдар аралығында алғашқы жоғарылатуларға қол жеткізе бастады. Балық шаруашылығы және электроэнергетика министрлігінің төртінші инженерлік басқармасының технигі және бөлім хатшысы және бөлімдердің біріккен партиялық ұяшықтар хатшысының орынбасары қызметтерін рет-ретімен атқарды. Янцзы өзенінің жоғарғы ағысындағы екі гидроэлектростанцияның құрылыс жұмыстарына қатысты [4].

Ху өз министрлігінің жұмыстарымен Ганьсу провтинциясының аймақтарында өте көп жүрді. Осындай іс-сапарлардың бірінде 1970-ші жылдардың орта кезінде ҚКП провинциялық комитетінің хатшысы Сун Пиннің назарына ілікті. Кейіннен ҚКП жоғарғы қызметіне көтерілген Сун Пин Ху Цзиньтаоның қызметтік баспалдақтарда көтерілуіне өз ықпалын тигізді. 1974-1975 жылдары Ганьсу провинциясының құрылыс комитетінің хатшысы, 1975-1980 жылдары аталған камитетте жобалау-құрылыс басқармасының меңгерушісінің орынбасары, 1980-1982 жылдары камитет төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды [5].

Осы жылдардың аралығында өзінің бұрынғы курстасы – сол кездегі ҚКП ОК бас хатшысы Ху Яобанның ұлымен кездеті. Осы күтпеген кездесу көптеген саясаткерлердің көзқарастары бойынша Ху Цзиньтаоның мансаптық өсу жолына шешуші фактор болған. 1982 жылдың қыркүйек айынан желтоқсан айына дейін Қытай жастарының коммунистік одағы (ҚЖКО) Ганьсу провинциясы камитетінің хатшысы қызметін атқарды. Ары қарай, 1982-1984 жылдар аралығында ҚЖКО орталық комитетінің мүшесі және Бүкілқытайлық жастар федерациясының төрағасы болды. 1984-1985 жылдарда ҚЖКО ОК бірінші хатшысы қызметін атқарды. Соңғы қызметтерін атқару барысында Ху Цзиньтао өзінің шебер ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Нәтижесінде 1985 жылы ҚКП ОК он екінші шақырылымында коммунистік партияның қатарына алынды және оның сол уақытқа дейінгі ең жас мүшесі болды. Осы жылы қытайдың оңтүстік-батыс аймағындағы өте кедей Гуйчжоу провинциясылық комитетінің хатшысы және Гуйчжоу әскери округінің

партиялық комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Қытай провинцияларының басшылары арасында Ху ең жасы болатын. Гуйчжоу провинциясында нарықтық реформаларды сәтті іске асырды. Бұл қызметін 1988 жылға дейін атқарды [6].

1986 жылы Қытайда студенттердің демонстрациясы болды. Ху Яобан демонстрацияға қатысушылардың талаптарын қолдаған еді. ҚКП ОК Яобанды қызметінен шеттетіп, оны партиялық талқылауға салды. Ху Цзиньтао өзінің мансап сатысындағы жетекшісінің көзқарастарынан бас тартты. 1988 жылы Тибетте антиқытайлық ағымдардың күш ала бастағандығы, бұл аймаққа жаңа басшы тағайындау керектігін көрсетті. Ху Цзиньтао өз еркімен осы қызметке сұранды. Келесі бір деректерде оны саны жағынан аз халықтармен сәтті жұмыс атқарушы ретінде ҚКП ОК мақсатты түрде Тибетке жіберілді. Бұл аймақта жұмыс істеу ауа-райы жағынан да (Ху таулық жерлердің ауа-райын ауырсынатын), саяси жағынан да (ұлттық-діни мәселелер) Ху Цзиньтаоның беделі үшін аса үлкен сын еді. Оған қоса Ху Цзиньтао Тибет басшыларының ішіндегі ең алғашқы әскери тәжірибесі жоқ маман болатын. 1989 жылдың басында аймақта жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Ху Цзиньтаоның басшылығымен әскери режим орнатылып, көтерілісшілерге қарсы көзден жас ағызатын газ және соғыс патрондарын қолдану арқылы қатаң түрде басып жаншылды. Бұған қоса көптеген тибеттіктер әлі күнге дейін өздерінің діни көсемдері Панчен-ламаның (тибеттік буддистердің иерархиясында Панчен-лама бедел жағынан Далай-ламадан кейін екінші орында тұрады) өлімінің артында Ху Цзиньтаоның тұрғанына таң қалуда. Тибеттегі оқиғалардың барысындағы Ху Цзиньтаоның батыл қадамдары Қытайдың сол кездегі ықпалды басшыларының бірі Дэн Сяопинның назарын өзіне аударды [7].

1989 жылдың сәуір айында Ху Яобанның өлімінен кейін Пекинде студенттер демострациясы күш ала бастады. Шілде айының басында Тяньаньмэнь алаңында әскери күш қолдану арқылы демонстранттар басып жаншылды, бірнеше жүздеген көтерілісшілер өлтірілді. Ху Цзиньтао басқарып отырған Тибет аймағы бұл оқиға кезінде аса тыныш болды. Тяньаньмэнь оқиғасы ҚКП ОК Дэн Сяопин бастаған партия басшыларын дүр сілкіндірді. Үкімет басқаруға басқа белсенді және қазіргі мамандарға қарағанда жастау адамдардың керектігі түсінікті болды. Тяньаньмэнь оқиғасы нағыз қызған кезінде Дэн Сяопин ҚКП ОК бас хатшысы Чжао Цзыянды үй қамауына алып, орнына Шанхай қалалық комитетінің хатшысы Цзянь Цзэминді тағайындады. Билік басына келген Цзянь Цзэмин 1997 жылы Дэн қайтыс болғанға дейін қытай басшыларының ішіндегі Дэн Сяопинге тәуелді саясаткерлердің бірі болды. Ал Ху Цзиньтао қытай басшыларының төртінші буынының болашағы зор үміткері ретінде 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басындаақ Цзянь Цзэминнің тікелей мұрагері ретінде Дэн Сяопиннің назарында болды.

1992 жылы ҚКП он төртінші съезінде Ху Цзиньтаоның ескі жетекшісі Сун Пин барлық мемлекеттік орындарынан босатылды. Дегенмен Сун Пин алдын-ала ҚКП ОК мүшелерімен оның Политбюродағы орнына Ху Цзиньтаоны сайлайтындығына келісім алған болатын. 1992 жылы Ху Политбюро комитетінің тұрақты мүшесі және ҚКП ОК секретариатының мүшесі болды. Политбюрода оған партиялық құрылым және мамандардың орналасуы жөніндегі мәселелерді қадағалау тапсырылды. 1993 жылы осы қызметімен қатар ҚКП ОК жанындағы партиялық мектептің ректоры қызметін қатар атқарды. Биліктің жоғарғы сатысына аяқ басқан Ху Цзинь Тао әккі саясаткер ретінде барлық мүмкін болатын саяси қақтығыстардан, басқа партиялық қызметкерлердің көзқарастарына қарсы келуден аулақ болды. Мансап сатысында Ху Цзиньтаоның өзінен жоғарғы басшылардың тапсырмасын мүлтіксіз, толық атқаратындығын көрсете білді. Тап осы мінезімен ол ондаған жылдар бойы Цзянь Цзэминнің тікелей мұрагерлігіне үміткерлердің ең өтімдісі болып танылды [8].

1998 жылдың мамыр айында ол ҚХР төрағасының орынбасары болып сайланса, 1999 жылы ҚКП Орталық әскери кеңес (ОӘК) төрағасының және ҚХР ОӘК төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Дегенмен осы уақытқа дейін халықаралық аренада танымал бола қоймаған Ху Цзиньтао 1999 жылы НАТО әскерінің күшімен Белградтағы ҚХР елшілігін бомбалағаннан кейін, Пекиндегі американдық және британдық елшіліктердің алдындағы қытай демонстранттарын сабырлылық сақтауға шақырған ресми жолдамасынан кейін кең танымалдылыққа ие болды. Белградтағы елшілікте үш журналист қаза тауып, жиырма адам ауыр жараланған еді. Қытай халқы билікке тез арада өш алу керектігін мәлімдеп демонстрацияға шыққан болатын. Пекиндегі АҚШ елшілері төнген қатерден қауіптеніп, құпия қағаздарын жинақтап, қашып кетуге әзер отырған. Осы кездегі телеарналардан

берілген Ху Цзиньтаоның мәлімдемесі екі жақтың тынышталуына әсер етті.

Ху Цзиньтао 2002 жылы ҚКП он алтыншы съезінде ҚКП ОК бас хатшысы қызметіне Цзянь Цзэминнің орнына сайланды. Осы он алтыншы съезд ҚКП тарихында билік басындағы партия көсемдерінің бейбіт түрде билікті төртінші буын өкілдеріне тапсыруымен қалды. Бұл Дэн Сяопин қалыптастырған «мұрагерлік» жүйесінің сәтті іске асқандығының көрінісі болатын. Партияның барлық бұрынғы басшылары қызметтерінен заңды түрде кеткенімен билікке тікелей ықпал етіп отырды. Сонымен қатар, осы съезде партия 2020 жылы жан басына шаққандағы жылдық табыс мөлшерін төрт есе өсіруге уәде берді.

2003 жылы бүкілқытай ұлттық өкілдері жиналысының (БҰӨЖ) бірінші сессиясында Ху Цзиньтао ҚХР төрағасы болып сайланды. Сонымен қатар, ҚХР мемлекеттік кеңесінің басшысы болып отырған Чжу Жунцзының орнына төртінші буын өкілдерінің бірі – Вэнь Цзябао тағайындалды. 2002-2003 жылдары төртінші буын өкілдері биліктің көптеген салаларын қолдарына алғанымен, биліктің түбегейлі келесі буынға ауысқандығы туралы айтуға ертерек. Себебі Цзянь Цзэмин әлі ықпалды билік орыны ОӘК басшылығын, яғни Қытай халық-азаттық армиясын (ҚХАА) өз қолында ұстап отырған. Биліктің Цзянь Цзэминнен Ху Цзиньтаоға ауысу үрдісі тек 2004 жылы Ху ҚКП ОӘК, сәл кешірек ҚХР ОӘК төрағасы болып тағайындалғаннан кейін 2005 жылы ғана аяқталды [9].

Ху Цзиньтао биліктің ең жоғарғы сатысына көтерілген сәтте шетелдік бақылаушылар оның жеке саяси тұлғасы туралы нақты бір пікір айта алмады, тек оның реформа жасауды қалайтын адам ретінде, тіпті кейбіреулері оны «ұлы реформатор» ретінде көргісі келді.

Ху Цзиньтаоның ұстанымдары ішінде оның мемлекеттегі кедей аймақтарға көңіл бөлуін атап өтуге болады. Тіпті кейде ол қарапайымдылықтың белгісі ретінде жұмысқа велосипедпен баратын. Халықтың барлық таптарының көңіл-күйін түсінуге тырысты, олардың әрқайсысына жекелеген ресми сапарлармен барды. Халық арасындағы қарапайымдылығының арқасында әлеуметтік аз қамсыздандырылған топтардың наразылығын сәл де болса бәсеңдетті.

Экономкалық даму саласында батыстық нұсқаны жат көрмегенімен билікке келгенде көнеден қалған партиялық жүйені қолдап қана қоймай, мықтап бекітуді көздеді. ҚКП ішінде ҚХР төрағасы банк ісі мен жекеменшік бизнес саласында реформаны жеделдетуді көздейтін «оңшылдар» мен, шетелдік ықпалды тежеу және батыстық реформаларды азайтуды қолдайтын «солшылдардың» арасындағы тепе-теңдікті сақтай білді.

Сыртқы саясатта қытай басшылығы солтүстіккореялық ядролық проблеманы реттеу бойынша алтыжақтылы келісімді қолдады. АҚШ саясатына негізделген Цзянь Цзэминмен салыстырғанда, Ху Цзиньтао Еуро Одақ және басқа аймақтың беделді ойыншыларымен тығыз қатынас орнату арқылы тепе-теңдік орнатуға тырысты. Әрине еуропалықтармен ынтымақтасу аса сәтті бола қоймағанымен, Венесуэла, Иран, Канада және Австралия сияқты мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнатылды.

Сыртқы саясаттағы маңызды бір проблема – осыған дейінгі барлық қытай басшыларының басын қатырған Тайвань мәселесі. Ху Цзиньтао билікке келісімен бұл мәселені түбегейлі шешуді қолға алған. ҚПК ОӘК төрағасы болып сайлана салысымен, Тайвань мәселесін әскери күшпен болса да шешу керектігін мәлімдеді. Бұл мәлемдеме тек Қытай мен Тайвань саясаткерлерінің ғана емес барлық дүние жүзілік саясаткерлердің назарын аударды [10].

Дегенмен 2005 жылдың наурыз айында Тайвань Мәселесін шешудің төрт тезисін ұсынды. Бұл тезистерінде мәселені бейбіт жолмен шешудің барлық мүмкіндіктерін пайдалану керектігі айтылған [11].

2008 жылдың мамыр айында Ху Цзиньтаомен Тайваньды басқарушы «Гоминьдан» партиясының көшбасшысы У Босюнмен тарихи кездесу болды. Бұл кездесу – осы деңгейдегі басшылардың соңғы 60 жылдағы алғашқы кездесулері. Кездесудің екінші және үшінші кезеңдерінде де көптеген келіссөздерге қол жеткізілді. Ал Ху Цзиньтаоның 2008 жылдың 31желтоқсанында мәлімдеген Тайвань мәселесін шешу жөніндегі жаңа алты тезисі, Тайваньға ғана емес барлық халықаралық қоғамға жасаған сыйлығы болды. Осы алты тезисі арқылы ҚХР мен Тайвань арасындағы барлық мәселелерді бейбіт түрде келісім негізінде шешуге шақырды [12].

Қазақстан Республикасымен қатынасқа азкем тоқтала кететін болсақ, 2009 жылдың желтоқсан айында Қазақстанға кезекті ресми сапарымен келген Ху Цзиньтао өзінің бұл сапарының Қазақстанның тәуелсіздік алғанына он сегіз жыл толу қарсаңында өтіп отырғандығын атап өтіп, Қазақстан Президентін Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады, қазақстандықтарға өркендеу мен табыстар тіледі [13].

ҚХР төрағасы халақаралық сахнада өз беделін мықтап орнатты десе болады. Оның ай-

ғағы ретінде 2008 жылдың желтоқсан айында Newsweek журналының сараптамасы бойынша әлемнің аса ықпалды тұлғаларының арасынан көрінсе, Forbes журналының 2009 жылғы сараптамалық қорытындысы бойынша екінші орында [14].

1. История Китая. Под.ред. А.В.Меликветова, М., 1998 г.
2. Александр Чудодеев. Who есть Ху. — Итоги, 26.11.2002. — №47 (337)
3. История Китая. Под.ред. А.В.Меликветова, М., 1998 г.
4. Александр Чудодеев. Who есть Ху. — Итоги, 26.11.2002. — №47 (337)
5. Люди. Ху Цзиньтао. — Эхо планеты, 02.11.2001. — № 45-46 (708-709)
6. www.alchina.ru
7. Люди. Ху Цзиньтао. — Эхо планеты, 02.11.2001. — № 45-46 (708-709)
8. Александр Чудодеев. Who есть Ху. — Итоги, 26.11.2002. — №47 (337)
9. www.alchina.ru
10. Dalai Lama urges Tibet dialogue. — BBC News, 19.03.2008
11. Кундуз Рустембекова. Тайвань и Китай: экономические и политические отношения сторон. — Время Востока, 13.10.2008
12. Азат Чарыяров. Шесть тезисов Ху - новый подход к решению тайваньской проблемы. — Время Востока, 04.03.2009
13. Қазақстан – Қытай: ізгі достық, шынайы әріптестік. – Егемен Қазақстан, №416-418(25818), 15.12.09
14. Michael Noer, Nicole Perlroth. The World's Most Powerful People. — Forbes.com, 11.11.2009

* * *

В данной статье рассматривается жизненный путь нынешнего председателя Китайской Народной Республики Ху Цзиньтао, а также связь между формированием его политической личности и историческими событиями того времени. Кроме этого, дана оценка вкладу, внесенному Ху Цзиньтао в решение нынешних международных проблем, регулирование многолетнего конфликта между Китаем и Тайванем, а также политичесому авторитету лидера КНР.

* * *

This article deals with present Paramount Leader of People's Republic of China Hu Jintao's life and connection of his political individuality with historical events of that time. Aside from that, author considers Hu Jintao's contribution to solving contemporary international problems, regulation of longstanding conflict between China and Taiwan and assesses his political authority.

Ұ. Джолдыбаева

ЖАҺАНДЫҚ ОРНЫҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ-АЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Орнықты даму ұғымы ең алғаш рет «экологиялық даму» термині арқылы адамдардың өз тұрмыс жағдайын жақсартуы олардың өмір сүретін ортасының нашарлауына және табиғи жүйелердің тозуына апарып соқпайтын экологиялық бағытталған әлеуметтік-экономикалық даму деп 1972 жылғы Стокгольм конференциясында анықталған [1]. Әлемнің орнықты дамуы қажеттілігіне байланысты туындап отырған қиындықтар мәселесі бүкіл дүние жүзін толғандыруы себепті 1992 жылы Рио-де-Жанейрода болып өткен екінші жаһандық экологиялық форумда БҰҰ құрамындағы елдер «XXI ғасырдың орнықты дамуы жөніндегі күн тәртібін» қабылдады. БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау және даму мәселелеріне арналған осы аталған конференцияларында бүкіл әлем ғалымдары биосферадағы қалыптасқан экожүйелік тепе-теңдіктің бұзылуына байланысты жаһандық экологиялық апат қаупі төніп тұрғандығын бірауыздан мәлімдеді.

Жалпы, орнықты дамудың стратегиялық мақсаттары экономикалық даму мен әлеуметтік міндеттерге негізделсе, өз кезегінде бұл мәселелер қоршаған ортаның жай-күйімен тығыз байланысты. Мәселен, Орталық Азия аймағындағы шөлді-шөлейтті өңір тұрғындарының өмір сүруге қолайлы, жайлы аймақтарға қарай көшуі әлі орын алуда. Халықтың өмір сүру деңгейінің, медициналық қызмет көрсету деңгейінің төмендігі, ауыз су сапасының нашарлығы, қаражат тапшылығынан, азық-түлікпен қамтудың жолға қойылмауынан ауылдар мен шағын қалалардағы жеткіншектердің дұрыс тамақтанбауы, генетикалық өзгертілген ағзаларды тамаққа пайдалануы, шаңды және тұзды дауылдардың әсері халық денсаулығының нашарлауына, өмір ұзақтығының қысқаруына, халық саны өсімінің төмендеуіне, балалар өлімі жағдайларының көбеюіне әкеліп соғуда, басқа сөзбен айтқанда, дамудың тұрақсыздығын туындатуда. Яғни орнықты даму үшін кез келген мемлекетті экономикалық

жағынан әрі қарай дамыту және елдерді саяси біріктіруді жүзеге асыруға бағатталған стратегиялық жоспарларды іске асыруда экологиялық фактордың маңызы аса зор екеніне көзіңміз жетіп отыр.

Экологиялық қауіпсіздік ұғымы арнайы ғы-лыми әдебиеттерде биосфера мен адамзат қоға-мының қорғанылу жағдайы, ал «мемлекеттік деңгейде мемлекетті қоршаған табиғи ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде пайда болатын қауіп-қатерлерден қорғау» [2] деп анықталады. Демек, экологиялық қауіпсіздік та-биғи ортаның өмірлік маңызы бар функцияла-рының сақталуын және адамзаттың өмір сүруі мен тұрақты дамуы үшін қолайлы жағдайлардың туғызылуын білдіреді. Бұл орайда эколог ғалым В.И. Вернадскийдің мына анықтамасы дәл: «адам... өзінің қоршаған ортадан (биосфера немесе ноосферадан) тәуелсіз, еркін әрекет ететін табиғи құбылыс емес... Ол кем дегенде екі миллиард жыл бойы заңды түрде жалғасып жатқан ауқымды табиғи процестің көрінісі болып табылады... адамзат біртұтас... бұл бір-тұтастық адамның өзіне білінбейтін, стихиялы түрде оған бейсаналы талпынуы нәтижесінде оны тереңдетіп, бекітетін өмір сүру формалары арқылы көрініс табады... Кез келген құрлық немесе мұхиттың әрбір түкпірінде орын алған оқиға Жер бетіндегі көптеген жерлерде кіші және үлкен салдарларды туғызады... Қарым-қатынастар барған сайын қарапайымданып, жылдамдап барады. Олардың тәртіп-реттілігі жыл сайын артып, қарқынмен өсуде. Біз бұның адамзат тарихының кездейсоқ құбылыстары тоқ-тата алмайтын стихиялы қозғалыстың, табиғи құбылыс бастамасы екендігін айқын көріп отыр-мыз... адамзаттың биосфераға толық қоныс-тануы – ғылыми ой-өріс тарихының барысымен шартталады, ол қарым-қатынастардың жылдам-дығымен, көлік техникасы саласындағы та-быстармен, ойды бір сәтте жеткізу және бүкіл планетада бір мезетте талқылау мүмкіндігімен байланысты... Ерте ме, кеш пе, уақыт өткен сайын бұл өз әсерін тигізбей қоймайды, себебі биосферадан ноосфераның туындауы адамзат тарихынан гөрі әлдеқайда күрделі әрі әлеуетті табиғи құбылыс. Ол адамзаттың біртұтастық ретінде іс-әрекет жасауын талап етеді... Адам алғаш рет өзінің планета тұрғыны екендігін, сондықтан да жеке тұлға, отбасы немесе ру, мемлекет не мемлекеттердің одағы ретінде ғана емес, бүкіл планеталық аспектіде ойлап, іс-әрекет жасай алатындығын және жасауға тиіс екендігін шынайы түсінді» [3, 34-35 бб.].

Адамзат пен табиғат арасындағы байланыстарды бағалаудың орны ерекше, себебі халықтың табиғи қормен қамтамасыз етілуі, Жер биосферасының жай-күйі, осыдан келіп әлемдік әлеуметтік және саяси ахуал Жер шары тұрғындарының санына, олардың аумақтарда орналасуына және шаруашылық қызметінің көлеміне, яғни табиғатқа келтірілетін антропогендік, дәлірек айтқанда, техногендік ықпалға тікелей байланысты. Қазіргі кезде саны қарқынды түрде өсіп отырған адамзаттың биосфера өнімдерін пайдалану мөлшері бастапқы таза құрлық өнімдерінің 7 пайызына жетіп, биосферадағы биохимиялық айналымның бұзылуына әкеліп соғуда. Экономикалық және демографиялық даму процестерін ескерсек, Жер шарының биологиялық қорының жуық арада қайта қалпына келмейтіндей жағдайға ұшырауы әбден ықтимал. Сонымен қатар табиғи қорды пайдалану барысында қоршаған табиғи орта өнеркәсіп өндірісі және көлік құралдарының қалдықтарымен ластануда. Атмосфералық ауаның шамадан тыс мөлшерде ластануы нәтижесінде озон қабатының бұзылып, радиациялық және температуралық режимдер айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Соның салдарынан адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін күннің ультракүлгін сәулеленуі пайда болып, тіпті климаттың жаһандық өзгеру қаупі туындауда. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау адамның табиғатпен қарым-қатынас жасау барысында суды, топырақ пен жер қойнауын, атмосфералық ауаны, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін тағы басқа табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сауықтырып, сапасын жақсарту және молықтыруды көздейді. Алайда қазіргі кезеңде өркениеттің дамуы адамдардың өз сана-сезімінен гөрі қоршаған ортаны жылдам өзгертіп жатқандығын

көрсетіп отыр. Адамзат қызметінің шектен тыс әсер ету жағдайында жер биосферасы мен оның жекелеген құрамдас бөлшектері, яғни әр деңгейдегі экожүйелердің дұрыс қызмет ету және қайта жаңғыру мүмкіндіктері шектелуде. Сайып келгенде, осы әлеуметтік-табиғи мәселе «қоғам – табиғат» жүйесіндегі өзара қатынастарды бірлесе және келісе отырып шешу қажеттілігін туындатқан таза әлеуметтік проблемаға айналды.

Табиғи қордың жеткіліксіздігі, қоршаған ортаның сапалық тұрғыдан нашарлауы тікелей зорлық-зомбылық туғызбағанымен, кедейшілікті, мәжбүрлі көші-қонды, босқындардың қоныс аударуын, кейбір жерлердің бос қалуын, ал ке\йбір жерлерде артық мекендеу пайда болуын, осыдан келіп этникалық-саяси қайшылықтарды және саяси тұрақсыздықты туындатуда. Табиғи ортаның күрделі құрылымдық жүйесінде өзін-өзі реттеудің ауқымды қоры бар, алайда оны анықтап, айқындау ісі биосферада орын алып жатқан процестерді сауатты түрде зерттеп, өмірдің барлық салаларындағы атқарылып жатқан қызметтерді олардың ықтимал экологиялық нәтижелері мен салдарларын ескере отырып жүзеге асыруды талап етеді. Сондай-ақ, қазіргі таңда қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи факторларға байланысты болып табылатын «жайлы» қауіптердің маңызы күштеу факторларының маңызынан кем болып отырған жоқ – олардың әлемдегі күштердің орналасуына, сондай-ақ жекелеген аймақтарда соғыстар мен қарулы қақтығыстардың пайда болу ықтималдығына, сонымен қатар кейбір мемлекеттік режимдердің тұрақтылығына кері әсерінің артуы маңызды мәселеге айналды. Демек, әлемдік және ұлттық деңгейдегі ұдайы өсу құрылымына және әлеуметтік-экономикалық даму процестеріне зор ықпалын тигізіп отырғандықтан, экологиялық мәселелер жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтар арқылы қарастыруды қажет ететін категория болып отыр. Осы аталған мәселелер қатары дүние жүзі ғалымдарының талқысына салынып, оларды толық шешудің жолдары мен әдіс-амалдары іздестірілуде. Шекараралық және жаһандық сипатқа ие бұл проблемаларды жеке мемлекеттер дербес түрде шеше алмайтындықтан, бүкіл халықаралық қоғамдастық бірлесе күш жұмсауда.

Жаңа заманда ғы алғашқы тұжырымдама экономиканы дамытуды табиғи жүйелердің мүмкіндіктерімен, табиғи қорды тиімді де ұтымды пайдаланумен ұштастыру, яғни экономикалық және экологиялық талаптардың тепе-теңдік қағидасы негізінде ұштастырылуы қажеттілігіне алғашқы рет баса назар аударылған экологиялық тұрақты дамуға арналды. Ол тұжырымдамада дамудың негізгі ұйымдастырушылық түрі экономикалық-экологиялық жүйе деп танылды. Кейіннен экологиялық даму тұжырымдамасы орнықты даму тұжырымдамасына ұласты. Осы құжатқа сәйкес халықаралық қатынастардағы орнықты дамуға бағытталған әр түрлі жобалар аясында, атап айтқанда: әлемнің даму дина-микасы туралы ақпаратты қорытындылау негі-зінде экономикалық даму және экономикалық мамандану дың әр түрлі нұсқаларындағы эко-логиялық-экономикалық жағдайлардың даму болжамдары мен сценарийлерін әзірлеуде; техногендік ықпалдар әсерінен биосфераның, ірі аймақтық табиғи кешендердің жай-күйі мен климаттың өзгеруін табиғи-ғылыми болжауда; қоршаған ортаға жасалатын антропогендік-техногендік ықпалды азайту үшін, экологиялық бағытталу және табиғи қорды пайдалану мен өндірісті сапалы экологияландыруды реттеу мүмкіндіктерін зерттеуде экологиялық фактор міндетті түрде есепке алынуда. Сонымен қатар экологиялық даму мен табиғатты пайдалануды басқарудың аймақтық және ұлттық міндеттерін орындауда халықаралық ынтымақтастық құру мен күштерді біріктіру көзделеді: «...елдердің арасындағы экономикалық қатынастарды ынталандыру арқылы олардың ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін де шешуге болады» [4, 191 б.].

Көптеген жылдар бойы ұлы державаның құрамында болған Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттердің басты мүддесі – халыққа төнуі мүмкін сыртқы қауіптердің алдын алып, мемлекеттіліктерін сақтап қалу. Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейінгі жылдары олардың біршама геосаяси трансформацияға ұшырағаны белгілі, яғни кейбір аймақтардағы экономикалық қатынастар жүйесі тығырыққа тіреліп, саяси жағ-

дайдың шиеленісуі әлі де орын алуда. Ұлттық мемлекеттіліктерін нығайту мен аймақтық қауіпсіздікті сақтау, бүкіл дүниежүзілік қатынастардың толыққанды субъектісі ретінде әлемдік қоғамдастыққа кіру үшін, өңірдегі мемлекеттер ықпалдаса бірігуге талпыныс танытуда. «Орта Азия мемлекеттерінің интеграциясына олардың экономикасының біркелкілігі кедергі жасап тұр – негізінен, олардың бәрі шикізатты болып табылады. Шикізатты экономикалар арасында кооперацияның тығыз деңгейіне жету оңай емес. Соған қарамастан, бұл процесс жүзеге асты, қазір көлемі аз болса да, аймақтық даму мәселелерін шешуге және бір-бірін толықтырып отыруға жеткілікті жаңа жобалар жасалуда» [5]. Жаңа геоэкономикалық жағдайда орталық-азиялық республикалар бір-бірімен тығыз байланыста әрекеттестік жасау арқылы ғана өз тәуелсіздіктерін нығайтуда. Демек, мемлекеттердің бірлесе ықпалдасуы осы өңірдің келелі келешегінің жарқын жолы болып табылады. Өңірдегі елдердің бірігуі алғышарттарына мәдени-тарихи және діни тамырларының ортақтығы ғана емес, экологиялық мәселелер және сыртқы қауіптер сияқты факторлар жиынтығы да жатады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы ақпанның 28-індегі Қазақстан халқына жолдауында стратегиялық дамуға қатысты бірқатар міндеттердің ішінде: «Оныншы міндет – жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерілету.

Бүгін біз басқа елдермен көкейкесті проб-лемалардың кең ауқымын шешуде ынтымақ-тасып отырмыз. Бұл... экологиялық апаттарға қарсы күрес те. Біз алдағы уақытта да өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық қоғамдастық-тың жауапты мүшесі ретіндегі өзіміздің рөліміз бен беделімізді нығайта беретін боламыз...» [6], – деп, осы мәселеге баса назар аударған.

Орнықты дамуға көшудің басымдықтары ретінде: халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп-қатердің алдын алу және азайту, экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану т. б. қатар орнықты даму үшін ғылым мен білім беруді одан әрі дамытуға баса назар аударылған [7]. Экологиялық қауіпсіздіктің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі – негізгі табиғи қорға қол жеткізу ғана емес, адамзатқа орасан зор әлеуметтік-экономикалық залал келтіріп отырған және болжамды уақыт мерзімінде аймақты әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздыққа апарып соғуы ықтимал экологиялық қауіптердің алдын алу, яғни атмосфералық ауаны, суды және топырақты ластанудан қорғау, су қорын ұтымды пайдалану, шөлді-шөлейтті аймақтардың көлемін азайту, егін алқаптарының тозуын болдырмау, халықтың экологиялық салдарлармен шартталған ауру-сырқаулары және көші-қонына тосқауыл қою, климаттың өзгеруіне және табиғи апатты құбылыстарға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру, экологиялық арандатулардан сақтау халықаралық орнықты дамудың факторлары болып табылады.

2003 жылғы 3 желтоқсанда мақұлданған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжы-рымдамасында аталып өткендей, ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік «тұрақты дамудың міндетті шарты... және табиғи жүйелерді сақтаудың және қор-шаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі» [8, 5 б.] болып табылады. Тұжырымдамада жа-һандық және ұлттық экологиялық проблемалар шеңбері белгіленген. Жаһандық проблемаларға: климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биологиялық әралуандылықты сақтау, ал ұлттық экологиялық мәселелерге экологиялық апат ай-мақтары, Каспий қайраңы ресурстарын игеру барысында туындаған проблемалар, су ресурс-тарының сарқылуы мен ластануы, байырғы ластанулар, трансшекаралық сипаттағы мәселелер, әскери-ғарыш және сынақ кешендері поли-гондарының табиғатқа тигізген әсері, ауаның ластануы, қоршаған ортаның радиоактивті, бактериологиялық және химиялық заттармен ластануы, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың залалы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсері жатқы-зылған. Бұл тұжырымдамада аталған проблемаларды шешіп, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары мен жол-дары ретінде табиғатты пайдаланудың эконо-микалық тетіктерін, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты

пайдалану саласындағы мем-лекеттік бақылау жүйесін, экологиялық сарап-тама және табиғатты пайдалануға рұқсат беру жүйесін, экологиялық мониторинг жүйесін жетілдіру және қоршаған ортаны қорғау сала-сындағы индикаторлар мен көрсеткіштердің жүйесін индикативті әлеуметтік-экономикалық жоспарлау мен мемлекеттік экологиялық ста-тистика практикасына енгізу көзделген. Соны-мен қатар Қазақстан Республикасының қор-шаған ортаны қорғау және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған заңнамасын жетілдіру, экологиялық үгіт-насихат жүргізу, экологиялық білім беру, экологиялық қауіпсіздікті ғылыми қамтамасыз ету, осы сала-дағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту әрі күшейту қажеттілігі де қарастырылған.

Бұл тұжырымдамада белгіленген шараларды орындау мерзімі үш кезеңге бөлінген: I кезең – 2004-2007 ж.ж., II кезең – 2008-2010 ж.ж. және III кезең – 2011-2015 ж.ж.

Бірінші кезеңнің жоспарына сәйкес Қазақ-стан Республикасы Үкіметінің 2004 жылы жел-тоқсанның 6-сында қабылданған № 1278 Қаулысымен "Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жыл-дарға арналған бағдарламасы" бекітілді. Онда қоршаған ортаны қорғау, экологиялық сақтан-дыру, өндіріс пен тұтыну қалдықтары, эколо-гиялық аудит туралы заң актілерін әзірлеу, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторин-гінің бірыңғай жүйесін құру көзделген. Осы аталған шараларды іске асыру мақсатында "Қазгидромет" Республикалық мемлекеттік кә-сіпорны аясында Республикалық қоршаған орта мониторингі орталығы құрылды. 2005 жылғы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Заңы бекітілді. Сонымен қатар бұл кезеңде табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы суды үнемдеу, шөлейт-тенуге қарсы күрес, байырғы ластануларды жою, өнеркәсіп және тұрмыс қалдықтарын басқаруды жетілдіру, қоршаған ортаның мониторингі жө-ніндегі бірқатар бағдарламалар іске асырылды.

Тұжырымдамада белгіленген екінші кезеңде 2008-2010 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бағдарламасын іске асыру арқылы орнықты дамуды қамтамасыз ету және қоршаған ортаның жай-күйі сапасын жақсарту қарастырылған.

Үшінші кезеңде барлық белгіленген бағдарламаларды іске асыруды аяқтап, табиғи ортаның сапасын басқару жүйесін қалыптастыру және оған тигізілетін зиянды әсерлерді барынша азайту арқылы қоршаған орта нысандарының тиісті сапасы мен қоғамның экологиялық орнықты дамуының қажетті деңгейіне қол жеткізу көзделген.

Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде жаһандық серіктестікке қатысып, эко-логиялық саясатты тиімді жүргізудің дүние-жүзілік жүйесіне қосылып отыр. Атап айтқанда, халықаралық келісімдердің ережелерін практи-калық тұрғыда іске асыру; қоршаған ортаның жай-күйін бақылап, сапасын бағалаудың жалпы әдіс-тәсілдерін, өлшем-рәсімдерін пайдалану және әзірлеу; бұл саладағы халықаралық тәжіри-бені пайдалану; нақты бағдарламалар мен жо-баларды шешу үшін халықаралық ұйымдардан қаражат тартуды жандандыру; іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулер жүргізу іске асырылып та отыр, және осы іс-шараларды келешекте де қарқынды пайдалану қарас-тырылып отыр. Табиғатты қорғау қызметіне неғұрлым кеңірек қатысу мақсатында бұл саладағы барлық бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдығы ескеріліп, тиісті іс-шаралар жүзеге асырылуда. Дегенмен де, техникалық және өзге де көмек түрлерін алу оны тиімді пайдалануды талдаумен үйлесуі тиіс. Жергілікті жағдайлар туралы неғұрлым толық ақпаратқа ие болып отырған мекемелер мен сарапшылар табиғатты қорғау жөніндегі бір-

лескен жобаларға белсенді араласуы керек.

1. Программа действий. «Повестка дня на XXI век» и другие документы конференции в Рио-де-Жанейро. – М., 1993. – 225 с.

2. Данилов-Данильян В.И., Арский Ю.М. Экологический энциклопедический словарь. – М.: Ноосфера, 1999. – 856 с. – С. 749-750.

3. Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста. – М.: Наука, 1988. – 520 с.

4. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.

5. Касенов У. Интеграция в Центральной Азии как фактор региональной безопасности // Казахстан и мировое сообщество. – 1996. – № 3.– С. 11-16.

6. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Елбасының Қазақстан халқына жолдауы // Алматы ақшамы. – 2007. – 3 наурыз.

7. Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы // http:// www.nature.kz

8. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жж. арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы. – Астана, 2003. – 30 б.

* * *

В данной статье рассматривается проблема экологи-ческой устойчивости в свете устойчивого развития Рес-публики Казахстан и центральноазиатского региона.

* * *

In this article the problem of ecological stability in light of the steady development of Republic of Kazakhstan and Central Asia region is researched.

Д. М. Бекманова

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОГО АППАРАТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Внешняя политика Республики Казахстан, как независимого государства начинается со времени провозглашения суверенитета.

Сегодня, внешняя политика любого государства тесно взаимосвязано с его внутренней политикой, вытекает из его целей и принципов отношений с другими странами. Отличительной особенностью внешней политики Казахстана является многовекторность и сбалансированность, что предполагает отсутствие жесткой зависимости внешнеполитического курса от поведения того или иного партнера, учет развития ситуации в том или ином регионе, изменения коньюктуры мирового рынка.

Самостоятельная внешняя политика суверенного Казахстана определяет главную задачу - формирование и развитие внешнеполитических органов. Дипломатическая служба Казахстана имеет богатую, но противоречивую в некоторых аспектах историю.

Октябрьская социалистическая революция 1917 г. внесла коренные изменения в политическую и экономическую жизнь мирового сообщества.

Социалистическое государство, которое внесло в международные отношения идеи мира, выступило на международной арене за торжество принципов суверенного равенства всех государств, права наций на самоопределение, за уничтожение аннексионистских договоров, закабаливших малые народности и государства.

Новые, социалистического типа субъекты международного права (Советская Россия, другие советские республики) выступили с новыми международно-правовыми доктринами, нашедшими отражение в первых декретах Советской власти. Декрет о мире от 26 октября (8 ноября) 1917 г. не только провозгласил мир между воюющими государствами и народами, но и установил свод новых принципов и норм взаимоотношений государств на новых, демократических началах.

V съезд Советов рабочих, солдатских, крестьянских мусульманских депутатов 1 мая 1918 г. торжественно провозгласил образование Туркестанской Автономной Советской Социалистической Республики и под аплодисменты мусульманских депутатов торжественно заявил о неразрывной связи Советского Туркестана с РСФСР.

Туркестанская АССР занимала южные и юго-восточные области современного Казахстана: территории нынешних Алма-Атинской,

Джамбулской, Чимкентской и Кзыл-Ординской областей; Ферганскую и Самаркандскую области Узбекской ССР; значительную часть территории Кыргызстана, Туркменской ССР и Каракалпакии.

В первоначальный период после Октябрьской революции Туркестанская АССР в целом ряде случаев самостоятельно осуществляла внешнеполитическую деятельность. И объем этой деятельности был значителен. Туркестанская АССР, будучи неразрывной частью РСФСР, непосредственно сама вступала в отношения с иностранными государствами по широкому кругу вопросов. Этому способствовали определенные причины: во-первых, Советский Туркестан занимал пограничное положение по отношению к государствам и народам Востока и, как считалось, силой своего примера мог оказать революционизирующее влияние на угнетенные народы Востока; оказать такое влияние Туркестан мог при наличии возможности непосредственного общения с ними. Во-вторых, Туркестанская республика была слишком отдалена от центра Советской России и длительное время оторвана от него фронтами гражданской войны. В-третьих, нужно было срочно решать вопросы в связи с нахождением в Туркестане многих тысяч освобожденных Октябрем военнопленных — подданных Австро-Венгрии, Германии и других стран Европы, а также отходников из сопредельных стран (в разные годы здесь трудились примерно 350 тыс человек). В-четвертых, была необходимость вступать в политические и экономические отношения с Ираном, Афганистаном, Западным Китаем с целью решения вопроса о бежавших в эти страны белогвардейцах, басмачах, а также с целью быстрого решения вопросов удовлетворения экономических потребностей населения и народного хозяйства Туркестана на месте.

Народный Комиссариат иностранных дел Туркреспублики за период своего существования с мая 1918 г. по 1919 г устанавливал дипломатические и консульские отношения с Афганистаном, Бухарой. Хивой, рассматривал претензии и жалобы иностранцев, регулировал их правовое положение на территории республики, занимался отправкой иностранных миссий из Ташкента в Москву; оказывал содействие в интернировании тех иностранных граждан и подданных, которые совершали недружелюбные акты по отношению к Советскому Туркестану и т.д. Деятельность НКИД регулировалась «Положением о комиссариате иностранных дел Туркестанской республики в Российской федерации», которое устанавливало следующие направления его деятельности: 1) политические сношения с иностранными правительствами; 2) покровительство в чужих краях нашей торговле и вообще интересам республики; 3) ходатайство о законной защите граждан республики по делам их за границей.

В реализации международных договоров СССР в 20 годы XX столетия принимала участие и Казахская АССР. Как автономная республика РСФСР, она не была субъектом международного права, но се участие в международно-правовых отношениях РСФСР и СССР заслуживает внимания.

Восстановление дипломатических и консульских отношении между СССР и Китаем на основе Соглашения об общих принципах для урегулирования вопросов между СССР и Китайской республикой от 31 мая 1924 г. позволило Казахстану вступить в интенсивные экономические отношения с Западным Китаем, которые, до заключения этого соглашения были эпизодичными.

В соответствии с заключенными в 1921 г. торговыми соглашениями между нашей страной и Германией, Норвегией, Австрией, Италией Казгосторгу в числе других хозяйственных организаций и органов НКВТ СССР было предоставлено право выхода на западноевропейские внешние рынки. С целью осуществления этого права Казгосторг в 1921 г. образовал торговые представительства в Берлине и Лондоне. В западноевропейские страны Казахстан экспортировал пушнину, мех, шерсть, масло, зерно, импортировал продукцию легкой промышленности, как сухопутным, так и водным путем.

1 февраля 1944 г. был принят Закон СССР «О представлении союзным республикам полномочии в области внешних сношений и о преобразовании в связи с этим Народного Комиссариата иностранных дел из общесоюзного в союзно-республиканский Народный Комиссариат.

Министерство иностранных дел Казахстана образовано в феврале 1944 г. Его создание не только в Казахстане, но и в других союзных республиках, связано с образованием Организации Объединенных Наций. Именно тогда, в том далеком, 1944 г., согласно Закону от 1 февраля, все союзные республики получили право вступать в непосредственное сношение с иностранными государствами.

Созданное внешнеполитическое ведомство республики не было самостоятельным, все основные функции выполняло Министерство иностранных дел СССР. С 1944 по 1974 г.г. обязанности министра иностранных дел по совместительству выполняли заместители председателя Совета Министров Казахской ССР.

С 1989 года Казахстан получил право иметь своих представителей в посольствах СССР, однако, лишь в тех странах, которые представляют для него непосредственный интерес. Ко времени распада СССР Казахская ССР имела экономические отношения более чем с 80 странами мира, а с 97 государствами – поддерживало культурные связи.

В декабре 1991 года Республика Казахстан приобрела свою истинную независимость в своей новейшей истории.

Именно тогда перед суверенным Казахстаном стояла сложнейшая задача - создание казахстанской внешнеполитической службы. Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев в своем труде "На пороге XXI века" так охарактеризовал положение страны в момент обретения независимости: "У нас не было традиций внешнеполитической деятельности. Министерство иностранных дел Казахстана выполняло далеко не дипломатические функции. Представьте себе страну, перед которой стоят все эти сложнейшие проблемы, но нет ни одного дипломатического представительства за рубежом, нет самых элементарных наработок по внешнеполитическим вопросам, не говоря уже о традициях внешней политики, нет квалифицированных кадров".

Независимый Казахстан был официально признан 117 странами мира, со 105 из них были установлены дипломатические отношения. В стране были открыты более 50-и иностранных посольств и представительств международных организаций. Дипломатические миссии Республики Казахстан были открыты в более 30 государствах мира.

Суверенный Казахстан, создавая свой внешнеполитический аппарат взял много позитивного из мирового и Российского опыта организации, структуры и ведения дипломатической службы, а также подготовки и расстановки профессиональных кадров.

Положение "О Министерстве иностранных дел Республики Казахстан" было утверждено Указом Президента Республики Казахстан 2 июля 1992 г. При разработке этого документа были использованы нормы международного права, законы Республики Казахстан.

Министерство иностранных дел Республики Казахстан, согласно этому Положению, обретало статус центрального органа дипломатической службы страны, обеспечивающего осуществление внешней политики Республики Казахстан. Было подчеркнуто, что деятельность МИД по реализации внешнеполитического курса осуществляется непосредственно под руководством Президента Республики Казахстан. В Положении были четко определены функции МИД, структура и персонал, порядок прохождения службы, замещения должностей, присвоения дипломатических рангов, вопросы оплаты труда, финансового и материально-технического обеспечения.

Дипломатическая служба любого государства немыслима без разветвленной сети загранпредставительств. Перед внешнеполитическим ведомством стояла задача открытия Посольств Республики Казахстан в различных странах. МИДом были подготовлены и утверждены Указом Президента от 2 июля 1992 г. Положение "О Посольстве Республики Казахстан", Положение "Об основных обязанностях и правах Чрезвычайного и Полномочного Посла Республики Казахстан.

В 1997 году был принят Закон «О дипломатической службе в РК», в феврале 2000 года был принят обновленный вариант Закона, в котором государство закрепило основные профессиональные и моральные требования к работникам дипломатического корпуса.

В 1993 году РК присоединилась к Венской конвенции о консульских сношениях от 18 марта 1963 года. Консульская деятельность, начиная с института консулов в древнем мире развивалась и совершенствовалась в средние века, в новое и новейшее время. Консульский институт возник задолго до появления постоянных посольств, основной обязанностью которых было содействие отечественным торговцам на территории иностранных государств. В качестве примера можно остановиться на консульской деятельности Русского Туркестана. Впервые правовой статус русского консула в Западном Китае был оговорен Пекинским договором 1860 года, а первые русские консульства были учреждены в 1882 году в Кашгаре, Чугучеке, Кульдже, которые укрепили торговые связи казахов, киргизов с жителями Кашгарии.

Консульская служба РК это часть дипломатической службы, направленная на расширение торгово-экономических, научно-технических, гуманитарно –культурных связей с зару-

бежными странами, а также на защиту прав и интересов юридических и физических лиц.

Основными задачами органов дипломатической службы РК на современном этапе являются:

1) разработка концепции и основных направлений внешней политики Республики Казахстан и представление соответствующих предложений Президенту и Правительству Республики Казахстан;

2) разработка для Президента Республики Казахстан предложений по внешнеполитической и внешнеэкономической стратегии Республики Казахстан и реализации международных инициатив Президента:

3) реализация внешнеполитического курса Республики Казахстан, содействие осуществлению внешнеэкономической политики и укреплению международного авторитета Республики Казахстан;

4) обеспечение дипломатическими средствами и методами защиты суверенитета, безопасности, территориальной целостности и нерушимости границ Республики Казахстан, ее политических, торгово-экономических и иных интересов во взаимоотношениях с другими государствами и на международной арене;

5) защита прав и интересов граждан и юридических лиц Республики Казахстан за рубежом;

6) реализация дипломатическими средствами и методами усилий Республики Казахстан по обеспечению международного мира, глобальной и региональной безопасности;

7) осуществление дипломатических и консульских отношений Республики Казахстан с иностранными государствами, международными организациями;

8) координация международной деятельности других центральных исполнительных органов в целях обеспечения проведения единого внешнеполитического, внешнеэкономического курса и инвестиционной политики Республики Казахстан в отношениях с иностранными государствами и международными организациями;

9) анализ политического и социально-экономического положения в мире, внешней и внутренней политики иностранных государств, деятельности международных организаций и обеспечение центральных государственных органов необходимой информацией.

Сегодня Республика Казахстан с учетом своего геополитического положения формирует многовекторный характер внешней политики. Это диктует необходимость установления взаимовыгодных отношений со странами Азии, Европы, Америки. В связи с этим, дипломатическая служба и весь внешнеполитический аппарат РК выступает в роли важного инструмента содействия политическому, социально-экономическому развитию Казахстана, как члена мирового сообщества.

1. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана, как суверенного государства. Алматы, 1992 год

2. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века Алматы, 1995 год

3. Токаев К. Внешняя политика Казахстана: приоритеты и задачи Казахстана. «Казахстанская правда» 22 октября 1994 г.

4. Токаев К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. Алматы, 2004 г.

5. Закон о дипломатической службе в РК. Алматы, 2008 г.

6. Актуальные проблемы внешней политики Казахстана. Москва, 1998 г.

* * *

The article studies problems of foreign political apparatus formation in the Republic of Kazakhstan. Great attention is payed to the question of Independent Kazakhstan diplomatic service activity at modern stage.

* * *

Ғылыми мақалада тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саяси аппаратын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазақстан Республикасының дипломатиялық жүйесінің ерекшеліктері, кемшіліктері және жетістіктері көрсетілген.

А. С. Абдирайымова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

Тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстанның сыртқы сауда секторын реформалауының маңызды мәселелеріне мыналар жатады: өзінің

сыртқы сауда стратегиясын құру, дүние жүзіндегі мемлекеттермен көп жақты сауда байланыстарын орнату, соның ішінде ЕО-пен байланыс орнату, дүниежүзілік шаруашылыққа интеграцияның маңызды қолайлы жолдарын іздестіру, дүниежүзілік нарыққа шығу.

Тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстанда экономикалық реформаларының стратегиясы, біріншіден, экономика мен саудада структуралық өзгерістердің активизациясын болжаған (шамалаған), Қазақстанның сыртқы сауда саясаты сол кезде шет елдер және Достастық мемлекеттерімен сауда қатынастары жүйесін қалыптастыруға бағытталған болатын. Ол Қазақстанның дуниежүзілік нарыққа кіруге, сонымен қатар нарықтық экономика принциптеріне сәйкес келуіне бағытталған.

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда стратегиясын жүзеге асырылуына келесі принциптер негіз болады: экономиканың айқындылығы (ашықтылығы); эффективті валюталық режим; сауда инфрақұрылымның дамуы, Қазақстанның дүниежүзілік нарыққа қатысуының ұлғайтылуы, сыртқы саудада салыстырмалы және конкуренттіліктің басымдылығының толық масштабты орындалуы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы принциптерге сәйкес экономикалық реформаларының стратегиясы бойынша сәйкес бағдарламаны өңдеп шығарады (жетілдірді).

Бірінші бағдарлама «Экономиканы стабилизациялаудың мемлекеттік бағдарламасы» (1991-1992 жж). Ол республикааралық және мемлекеттік тапсырыстың сыртқы сауда жүйесінің реттелуін қарастырады, сонымен қатар, сыртқы экономикалық қызмет сферасында шаруашылық жүргізуші субьектілерінің қызметтерін мемлекет тарапынан бақылау жүйесін құру болып табылады. Екіншісі-«Дағдарысқа қарсы бағдарлама» (1993-1995) сыртқы сауда сферасында мемлекеттік стратегия құруға бастама болды. Үшіншісі-«Қазақстанда экономикалық реформалардың орташашұғыл бағдарламасы» (1996-1998 жж) сыртқы экономикалық және ішкі шаруашылық қызметтерінің мүдделерін рационалды түрде сақталынуының саясатын өткізуді болжады [1].

Өзіне Республиканың сыртқы сауда секторын кіріктіретін экономикалық реформалардың стратегиясын мемлекеттік бағдарламамен анализдеу келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

- Ең алғаш тәуелсіздік жылдары сыртқы экономикалық сферада түпкілікті өзгерістер байқалмады, өйткені мемлекеттік сатылымдар мен тапсырыстар жүйесі орын алды.

- 1994 жылдан бастап орын алды, сыртқы сауданы либерилазациялау шаралары мақсатты (нысаналы) өріс алды, нақты және нормативтік актілер орындалды, ұлттық экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, сыртқы сауда жүйесі қалыптасады.

- сыртқы сауда сферасында прогрессивті тенденциясы ұлттық нормалар мен ережелерге сәйкес сыртқы сауданы реттеудің келесі шаралардың жүзеге асырылуын тұжырымдады.

Экономикалық реформалар стратегиясы бойынша бағдарламалардың шегінде өткізілетін барлық шаралар сыртқы саясатқа және Қазақстанның сауда балансының дұрыс (жағымды) сальдосын құруға елеулі әсер ететін, сонымен қатар мемлекет бюджетіне қаржы мүмкіндіктерінің келіп түсуіне ықпалдасады. Өзінің кезегінде өткізілген шаралар мемлекетте ауқымды макроэкономикалық стабилизацияға жетуге жағымды ықпал жасалды. Сондай-ақ мемлекеттер арасындағы сауда қатынастары ең алдымен экономикалық және саяси жағдайына байланысты бәріне мәлім.

2000 жылы 2 қазанда Қазақстан Республикасының коллегиясы отырысында Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның сыртқы саясатында түйінді, ауқымды бағыттардың бірі. Республиканың сыртқы саяси қызметінің функционалды міндеттерін жүзеге асыру болып табылатынын атап кеткен болатын.

Қазақстан Республикасында пайда табуда сыртқы саясаттың функционалды міндеттерінің бірі ең алдымен экономикалық міндет – Қазақстан үшін.

Қазіргі таңда Қазақстан орта Азияда қуатты, экономикалық өмірге бейімді және саяси ырымшыл мемлекет болуы тиіс. Қазақстан трансевропалық нарыққа ұтымды жол алу мүмкіндігін алу қажет.

XXI ғасырда сауда-сатық пен мемлекеттер арасында сауда қатынастарда халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқаратыны анық. Қазіргі кезде Қазақстан басқа мемлекеттермен сауда байланыстарын дамытуда. Дүниежүзілік нарық үздіксіз дамуда, сол себепті Қазақстан әрқашан дүниежүзілік нарықта болатын өзгерістер мен үрдістерді болжап, зерделеп отыруы шарт.

Сауда-саттық қазіргі таңда осы заманғы дүниежүзілік дамудың негізгі тенденциялардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен ЕО бір-бірімен қарым-қатынас стратегиясын ұйымдастыруда. Қазақстанмен сауда байланысының дамуы бұл стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Ең алғаш ЕО пен СССР-дің арасында сауда-саттық, коммерциялық және саяси достастық туралы келісім «сауда-саттық, коммерциялық және саяси достастық туралы келісім» 1989 жылы 18 желтоқсанда ЕО пен АО мемлекеттері арасында сауда-саттық қатынастарын либерализациялауға (дамытуға) алғаш кірпіш қаланды, кейінірек, әрине Тәуелсіз Қазақстан енді.

Жоғарыда айтылып кеткендей, ҚР мен ЕО арасында сауда-саттық келісімінің негізгі аспектілері 1995 жылы 23 қаңтарда одақтастық пен жөнінде сауда-саттық бойынша уақытша келісімге 1995 жылы 5 желтоқсанда қол қойылды.

РФ-нан кейін ЕО Қазақстанның екінші ірі сауда одақтасы болып табылады. Ал Қазақстан Орталық Азияда ЕО-тың негізгі сауда одақтасы болды [2].

2000 жылы 9 қазанда Еуропалық Қоғамның ЕО-ң қаулысына толықтырулар енгізді. Ол толықтыруларды ЕО ҚР-ның экономикасын нарықтық деп атап өтті. Бұл тәртіптің артықшылығы Қазақстанның экспортерларына олардың мемлекеттік экономика жағдайында емес, нарықтық экономика жағдйында әрекет етуіне мүмкіндік алды.

2000 жылы 12 қазанда ҚР мен ЕО арасында екі жақты сауда дамуы жөнінде қаулы өз күшіне енді.

ҚР-ның кіруі 1996 жылдан басталды. Қазақстанның кіруі Республиканың сыртқы саясатында ауқымды бағыт болып табылады және де Республиканың дүниежүзілік саудада барлық мемлекеттермен тең құқықта әрекет етуіне көрсетеді. Қазақстанның экспортерлері өз бизнесін қалаған мемлекетте жүргізуге мүмкіндік алады. Яғни еркін нарықтық экономикада.

Сондықтан ЕО Қазақстанның кіру ықыласын жақтайды. 2001 жылы шілде айында Қазақстанның делегациясы Женевада кіретін 15 мемлекеттердің өкілдерімен келіссөз жүргізді. Ол келіссөзде ЕО, Жапония, АҚШ және Австралиямен тауарлардың нарыққа уақытылы жету мәселелері бойынша келісімдерге қол қойылды. Экономика және сауда министрі Ж.Кулекеев 2001 жылы 24 шілдеде өткен пресс-конференцияда Қазақстанның ДЖС-ға кіруі қолайлы болады, айтқанымен ол белгілі бір уақытты (мерзімді) қажет етеді деді.

Қазақстанның жер көлемі тұтас Батыс Еуропа елдерінінің аумағына тең. Батыс пен солтүстігінде Қазақстан Ресеймен (6467 км), онтүстігінде Түрікмениямен (380 км), Өзбекстанмен (2300 км) және Қырғызстанмен (980 км), шығысында Қытаймен (1460 км) шектеседі. Каспий теңізі арқылы Қазақстан Әзірбайжанға және Иранға, ал Волга – Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады..

Қазақстан Республикасымен алыс, жақын шетелдер саяси-экономикалық жағынан қатынаста болуға мүдделі. Оның басты себебі, Менделеев кестесіндегі белгілі элементтердің республикада 99- ы табылған, 70-інің қоры зерттеліп, 60-тан астамы өндіріске қосылған. Ғалымдардың бағалауынша, Қазақстан минералдық қоры бойынша әлемде 6 орында, тек қана зерттелген қойнауларының өзі 10 триллион АҚШ долларымен бағаланады, Қазақстан аумағында 400-ден аса көмір орындары бар, ал көмірдің жалпы қоры 140-160 млрд. тоннамен бағаланады.

Мұнай қоры 2 млрд. 32 млн деп анықталып, газ қоры 1 трлн. 170 млрд. куб. м. құрайды.

Сөйтіп, республикамыз әлемде вольфрам қоры бойынша 1 орында, хромит және фосфор кені бойынша 2, ал марганец кені бойынша 3 орынға шықты. Бұл көршілес халықтардың экономикалық жағынан қызықтырса, саяси жағынан біздің Азия мен Еуропа елдерін жалғап жатқан геосаяси жағдайымыз одақтасуға мүдделі етеді.

Осы факторлерге қазақ жерінде 130 астам ұлттың бейбіт өмір сүріп жатқанын қосыңыз. Елбасы әлеуметтік салаға көп мән беріп, оны жандандыруға, қазақстандықтардың өмір сүру сапасының өсуін және әл-ауқатын арттыру барысында әлеуметтік нормативтер – төменгі күнкөріс деңгейін, еңбекақысының, зейнетақы, жәрдемақы төлемдерінің төменгі мөлшерін өсіруге негізделген нақты шаралардың жолдары мен тәсілдерін анықтап көрсетті [3].

Міне осы аталмыш ерекшеліктер, 1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан БҰҰ-н мүше болып, 120-дан астам әлем мемлекеттері танығаннан бастап, Қазақстан Республикасы 70-тен астам мемлекетпен елшілік деңгейдегі дипломатиялық қатынаста.

Қазақстан 800-ден астам мемлекетаралық келісімшарттар мен келісімдерге қатысады. Республикамыз 9 халықаралық қаржы ұйымдарының мүшесі болып табылады.

Ел мен мемлекет өмір салтын өзгертудің экономикалық, саяси және идеологиялық міндеттерін орындауы, жаңа құндылықтарды қалыптастыруы қажет болды. Кеңестік дәуірде қоғамдық мүдделердің кез-келген санада қабылдануына жеке мүдделерге қарағанда басымдық берілді. Құқықтық сананың идеологияландырылған теориясындағы тұжырымдама жекенің қоғамдыққа саналы түрде бағынуын мойындады. Бұл идеологтар тарапынан құқыққа деген нормативті көзқарас тұрғысынан түсіндіріледі. Бірақ, көптеген зерттеушілер пікірінше, нормативті тұжырымдаманың ұзақ уақыт үстемдік жасауы құқық пен заңды теңестіруге әкеледі. Отандық құқық тарихында бұл ұғымдарды бөлмеу абсолютизмге әкелді, онда нормативті тұжырымдама айқын сенімге ие болды.

Сыртқы саясатта Қазақстан Республикасы транзиттік ел ретіндегі бағдарламалары да басты бағытта. Атап айтсақ, Қытайда іске асырылып жатқан Бірыңғай көлік стратегиясы («Қарқынды қадам») және "Go West" («Батысқа қарай жүру») ҚХР-дің батыс провинцияларын жедел дамыту бағдарламасы. Олар ірі көліктік инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде Қазақстан-Қытай шекарасында құрылып жатқан «Қорғас» еркін сауда аймағына жаңа темір жол желілерін (атап айтқанда, пайдаланудың алғашқы жылдарында тасымалдау көлемі жылына 6 млн. тоннадан асатын Цзиньхе – Қорғас), сондай-ақ "Шығыс-Батыс" бес стратегиялық автомобиль жолын (соның ішінде Ляньюньганьь – Қорғас, Шанхай – Хэфэй – Сиань - Қорғас) салуды жүзеге асыруды көздейді, бұл Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан транзиттік жүк ағынының перспективті ұлғаюын болжауға мүмкіндік береді [3].

Бостон портынан (АҚШ-тың солтүстік-шығыс бөлігінде) бастау алып, Норвегиялық Нарвик портына дейінгі теңіз жолы бойынша өтетін Трансазиялық темір жол магистралінің (Петропавл – Достық) Солтүстік дәлізі бағыты бойынша Норвегия, Швеция, Финляндия және Ресей аумақтары бойынша өтетін, Суэц каналы арқылы оңтүстік теңіз дәлізіне балама болып табылатын АҚШ – ҚХР бағытындағы "N.E.W. - corridor" көлік дәлізін дамыту перспективалары.

Қазақстан – Еуразия бел ортасында орналасқан мемлекет, оның табиғи ресурстары бай және экономикалық қуаты күшті. Жер көлемі жағынан тоғызыншы орында тұрған, шамамен 2 млн 724,3 мың шақырым жерді алып жатқан осындай алып елдің көршілерімен және алыс, жақын шетелдермен байланысын күшейту – бұл мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы басты бағытты анықтаса керек. Себебі, Азия аумағының 6,1 %- ын алып жатқандықтан Қазақстан Республикасы әлемдегі ірі мемлекеттер қатарына жатады.

1. Внешная политика Казахстана:сб.ст. / редкол.; Даненов Н.Ж. и др. – Алматы; Москва, 1995. – 208 с.

2. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Центральная Азия в мировой политологии. – Алматы:КИСИ при президет\нте РК, 2005. – т.1. – 704 с.

3. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда, 2006. – 372 с.

* * *

В данной статье автор рассматривает основные направления внешней политики Республики Казахстан, на основе анализа двухсторонних дипломатических отношений раскрываются основные аспекты внешней политики РК.

Ч. К. Тургамбаева

«ПРОБЛЕМЫ ГЕНЕЗИСА ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ»

Современная Центральная Азия крайне неоднородна в политическом, социальном и экономическом отношениях, что во многом затрудняет процесс обеспечения ее региональной безопасности. Другой дестабилизирующий фактор – столкновение и пересечение российских региональных интересов с интересами таких мощных держав, как США и Китай.

Без установления в нем стратегического баланса сил на основе внутрирегиональных и внешнеполитических реалий, регион может еще долго оставаться неспокойным геополитическим пространством.

В связи с этим на повестку дня государств региона в качестве одного из главных приоритетов выдвинулась задача создания эффек-

тивной и надежной системы коллективной безопасности. Создание единой системы такого рода для всей Евразии представляется делом крайне сложным в виду беспрецедентного разнообразия интересов евразийских государств.

В ситуации возникновения и роста угроз региональной безопасности на западе, на востоке и на южном направлении целесообразно создавать сеть региональных и субрегиональных комплексов безопасности в виде соответствующих систем, соглашений, объединений государств.

Ценный и интересный положительный опыт деятельности в области создания региональной системы коллективной безопасности накоплен и продолжает нарабатываться в рамках Организации Договора о коллективной безопасности (ОДКБ).

15 мая 1992 г. в Ташкенте сроком на 5 лет главами Армении, Казахстана, Кыргызстана, России, Таджикистана и Узбекистана был подписан Договор о коллективной безопасности (ДКБ, вступил в силу в 1994 г.). В 1993 г. к нему присоединились Азербайджан, Белоруссия и Грузия. 2 апреля 1999 г. Арменией, Белоруссией, Казахстаном, Кыргызстаном, Россией и Таджикистаном был подписан Протокол о продлении ДКБ, в соответствии с которым он продлевается автоматически на пять лет.

Тем не менее, после подписания Договора о коллективной безопасности реализация его замысла столкнулась с рядом объективных трудностей. Начальный этап функционирования Договора, подписание которого состоялось всего через пять месяцев после образования СНГ, в полной мере отразил специфику конкретно-исторической ситуации, возникшей тогда на пространстве бывшего СССР. Договор о коллективной безопасности рассматривали как своего рода военно-политическое ответвление Содружества; членство в ДКБ и СНГ было практически идентичным. Три участника Содружества Молдавия, Туркменистан и Украина не подписали Договор о коллективной безопасности (Молдавия - из-за разногласий с Россией и Украиной на почве конфликта в Приднестровье, Туркмения провозгласила статус нейтрального государства, а Украина ограничилась статусом наблюдателя). Само образование круга участников ДКБ показало, что в рассматриваемый период это соглашение по объективным причинам не могло стать основой военно-политической организации бывших советских республик. К этим причинам необходимо отнести следующие факторы.

Во-первых, после распада СССР практически все составлявшие его ранее республики, получившие независимость, приступили к поиску самоидентификации в области внешней и военной политики. Имела место тенденция к усилению разнонаправленности военного курса государств Содружества, возникшая в результате обретения суверенитета и возможностью поиска альтернативных партнеров в военной области. В таких условиях были неизбежны множественность векторов внешней и военной политики и слабая заинтересованность в военно-политической интеграции.

Во-вторых, основной массив интеграционных усилий на постсоветском пространстве был вписан тогда в рамки СНГ, созданным - в том числе - и как форма «цивилизованного развода» новых независимых государств. Однако, следует иметь в виду, что само Содружество Независимых Государств в тот период также находилось на стадии становления, формирования нормативно-правовой и структурно-организационной базы. Эволюция военно-политической интеграции на постсоветском пространстве определялась общим состоянием интеграционных связей государств Содружества, в значительной степени определялась результирующей конфигурацией внешнеэкономических и внешнеполитических интересов каждого из них. Военная составляющая СНГ воспринималась скорее как необходимый «довесок» к другим, более важным его компонентам, в связи с чем Договор о коллективной безопасности оставался несколько в стороне от магистрального военно-политического процесса и не играл роли объединяющего начала.

В-третьих, при разнонаправленности военно-политических векторов курса ряда стран СНГ последний характеризовался также определенной сдержанностью в отношении России как несущей опоры коллективной безопасности в Евразии.

В-четвертых, ряд исследователей считают, что реальной опасности странам, подписавшим договор, в конкретно-исторической внешнеполитической ситуации 1990-х годов не существовало (не случайно в преамбуле документа ничего не говорится о каких-то конкретных угрозах, побудивших заключить это соглашение, а вероятный противник представлен в виде абстрактной страны-агрессора). Действительно, в рассматриваемый период трудно было себе представить такого рода агрессивные действия со стороны, например, Турции, Ирана или Китая/1/

В-пятых, на постсоветском пространстве сложился тогда ряд узлов и противоречий, некоторые из них переросли в вооруженные конфликты (и остаются не распутанными). Ряд государств-членов ДКБ испытывал насущную необходимость в ликвидации угроз не внешнего характера, а находящихся внутри сообщества

стран ДКБ. Поэтому явно или латентно дали себя знать сложившиеся противоречия или отсутствие интеграционных стимулов. Подключаясь к Договору о коллективной безопасности, большинство его участников помимо собственно интеграционных целей как таковых руководствовались прежде всего своими узкими интересами и рассчитывали получить дивиденды, используя его как инструмент решения собственных задач. Представления о военных угрозах у каждого члена ДКБ были тогда разные.

Так, Молдавия, как было сказано выше, разошлась с Россией и Украиной из-за Приднестровья. Армения вступала в ДКБ опасаясь войны с Азербайджаном (и даже Турцией) из-за конфликта в Нагорном Карабахе и в расчете на поддержку России. Азербайджан, в свою очередь, надеялся на «умиротворение» Армении в карабахском вопросе посредством коллективного воздействия в рамках ДКБ. Узбекистан был обеспокоен неопределенностью ситуации в Таджикистане и возможностью быть захлестнутым волной экстремизма в случае проникновения исламских экстремистов из Афганистана на свою территорию через Таджикистан (следует отметить, что единственной реальной силой, способной оказать Ташкенту помощь при таком сценарии, была тогда именно Россия). Таджикистан также опасался исламского вторжения и возможных акций со стороны Узбекистана и в целом, будучи раздираем гражданской войной, также мог полагаться только на помощь России. Грузия намеревалась заручиться поддержкой России в вопросе об установлении контроля над Абхазией и Южной Осетией/2/

В-шестых, в 1992-93 гг. сама Россия явно ослабила свое внимание к азиатским и другим республикам бывшего СССР из-за чрезмерной увлеченности идеей установления «стратегического партнерства» с Западом/3/.

В результате, почти на всем протяжении 1990-х годов на фоне обозначившихся расхождений и разногласий, свертывания военно-стратегических связей, заинтересованность в развитии механизмов ДКБ ослабевала. Договор не нес нагрузки объединяющего фактора, а заседания его органов проходили как «приложение» к повестке дня органов Содружества. ДКБ преимущественно рассматривался его создателями не столько как составная часть интеграционной политики, сколько как инструмент, направленный на разрешение всех разногласий между ними, а также с другими государствами мирными средствами.

Юридически данный Договор имел солидную и прочную основу, характерную для оборонительного союза. Хотя впоследствии эта основа была не только сохранена, но и углублена, на начальном этапе она оставляла ряд вопросов открытыми вследствие того, что имелось явное противоречие между соглашением и реальностью.

Так, в Статье 1 Договора указывалось: «Государства - участники подтверждают обязательство воздерживаться от применения силы или угрозы силой в межгосударственных отношениях»/4/. Вместе с тем, две страны-члена ДКБ - Армения и Азербайджан вели друг с другом войну, а еще две - Таджикистан и Узбекистан могли легко при случае применить силу друг против друга. В Статье 4 договора говорится: «Если одно из государств участников подвергнется агрессии со стороны какого-либо государства или группы государств, то это будет рассматриваться как агрессия против всех государств - участников настоящего договора»/5/. Не указано, однако, какая - внешняя или внутренняя - агрессия имеется в виду. Все это создавало неопределенности в отношениях государств-участников. Не был также прописан механизм принятия решений об оказании военной помощи, что, с другой стороны, придавало ДКБ определенную декларативность. Следует признать, что в целом, в рассматриваемый период ДКБ не отличала высокая эффективность. Далеко не все проблемы внутри стран Договора удалось благополучно разрешить.

Тем не менее, последовательная позиция России в вопросе о сохранении и упрочении ДКБ полностью оправдала себя как с точки зрения ее собственных интересов, так и исторической перспективы. После отказа от прозападного «крена» во внешней политике и смены руководства российского МИД, усилия Москвы по восстановлению своих позиций на постсоветском пространстве начали приносить плоды. Главным стимулом и опорой обозначившейся активизации деятельности ДКБ стало усиление Россией ее интеграционного вектора на направлении «ближнего зарубежья» в конце 1990-х годов, что было вызвано рядом причин внутреннего и внешнего порядка. В целом, российское руководство твердо взяло курс на возрождение страны как одного из лидеров мировой политики, более эффективной включенности в региональные и субрегиональные процессы и структуры, обоснованно позиционируя себя как главная движущая сила сближения государств СНГ на основе общей заинтересованности в стабильном устойчивом развитии и обеспечении безопасности.

Так, крупные конфликты, в конечном итоге, были урегулированы с учетом, прежде всего интересов России. В Таджикистане утвердился пророссийский режим Э.Рахмонова. Нагорный Карабах остался армянским. Грузия не смогла вернуть контроль над Абхазией. При этом в Таджикистане и Абхазии действовали миротворческие силы СНГ, состоявшие главным образом из российских военных.

Возможно по этой причине, некоторые государства разочаровались в плодотворности многостороннего сотрудничества с участием России. Азербайджан, Грузия и Узбекистан объединились вместе с Украиной и Молдавией в блок ГУУАМ, ориентирующийся на сотрудничество с НАТО. Эти страны вышли из ДКБ, не пролонгировав его в 1999 г.

Ситуация начала быстро и радикально меняться в конце 1990-х годов обусловленная следующими факторами:

- обострение ситуации в Афганистане, потребовавшее уже осенью 1996 г. (к концу сентября талибы взяли под контроль все провинции страны за исключением северных, захватили Кабул), а затем и летом 1998 г. (активизация военных действий талибов вблизи южных границ СНГ) принять меры по ограждению южных рубежей зоны действия Договора и Содружества в целом от внешних посягательств (в 1996г в связи с угрозой из Афганистана состоялась встреча руководителей государств-участников ДКБ в Алма-Ате);
- активизация деятельности поддерживаемых талибами и другими фундаменталистскими центрами в арабо-мусульманском мире банд-формирований из числа мусульманских экстремистов - выходцев из стран Центральной Азии с определенной социальной опорой в них (в 1997 г. возникло Исламское движение Узбекистана, поставившее целью свержение режима И.Каримова и создание в «исламского халифата», а летом 1999 г. и 2000 г. исламские боевики прорвались из Афганистана через Кыргызстан и Таджикистан в Узбекистан, но были отброшены армией Узбекистана);
- обострение военно-политической ситуации на юге Кыргызстана осенью 1999 г. и весной 2000 г.;

последующих «волн», сохранение напряженности на кавказском направлении.

Взятые в совокупности эти факторы вызвали объективную необходимость не просто оживления деятельности в рамках ДКБ, но и потребовали перехода на более высокую ступень военно-политической интеграции в виде наращивания усилий по созданию конкретных механизмов военной безопасности (в первую очередь - региональных сил коллективной безопасности), задействования консультативного механизма ДКБ, активизации военно-технического сотрудничества, востребованности ресурсов России, а также согласования внешнеполитических позиций и подходов фактически на союзническом уровне.

В итоге новые реалии геополитической обстановки, связанные прежде всего с угрозой активизации международного терроризма и экстремизма, а также императивы внутри- и внешнеполитического развития потребовали нового, качественно более высокого по сравнению с СНГ уровня консолидации и координации коллективных действий, адекватной адаптации к общемировой тенденции и сплочения в деле противодействия глобальной угрозе.

---

[1]. А.Лямзин. Договор о коллективной безопасности СНГ: эволюция и перспективы/ Мульти-медиа журнал «Проект Ахей». 25 апреля 2004г.: http://mmj.ru/newest_history.html?&article=71&cHash=32b979b589

[2]. Системная история международных отношений в четырех томах. События и документы. 1918-2003. / Под ред. А.Д. Богатурова. Том третий. События 1945-2003. - М.: Научно-образовательный форум по международным отношениям. 2003. С.528.

3. В.Гогитидзе. Центральноазиатские государства - новые игроки на международной арене/Обозреватель. № 12 (179), 2004. С.122.

4. Договор о коллективной безопасности. СНГ, 15 мая 1992 г. Официальное интернет-представительство ОДКБ. См. на сайте: http://www.dkb.gov.ru/start/index.htm

5. Там же

6. Бордюжа Н. Организация Договора о коллективной безопасности. М., 2003

7. Договор о коллективной безопасности // Внешняя политика и безопасность современной России. Т.4. М., 2002

8. Западная Азия, Центральная Азия и Закавказье: интеграция и конфликты. М., 1995

* * *

Бұл мақалада постсоветтік әскери-саяси бірігу генезисінің мәселелері қарастырылады.

* * *

государств-участников ДКБ с перспективой

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

М. Елеуов

СЫРДАРИЯНЫҢ ОРТА АҒЫСЫ МЕН ҚАРАТАУДЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ 1960 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ АШЫЛУ ТАРИХЫ

1962, 1964-1966, 1970 жылдарда Шымкент пединституты экспедициясының археологиялық тобы Бәйдібек (бұрынғы Алғабас ауданы), Түлкібас, Сайрам аудандарында барлау жүргізіп, Бәйдібек ауданынан ортағасырлық Ақтөбе (1962 ж.), Домалақтөбе (Домалақ ана), Жартытөбе, Жартытөбе 1, Көктөбе (1964 ж.), боралдайлық Ақтөбе 1, (1970 ж.), Түлкібас ауданынан Жартытөбе, Қарауылтөбе (1964 ж.), Ванновка, Шөлтөбе (1965 ж.) елді мекендері мен қалаларын ашып зерттеді [1]. Топ жетекшісі Н.П. Подушкин 1966 жылы Наймантөбе мен жаскешулік Жартытөбеде стратиграфиялық қазба [2], 1964-1968 жылдарда Қарауылтөбеде кең көлемде қазба жүргізіп, оның б.з.д. 1ғ.-б.з. 1ғ. және 2-4 ғасырлар кезіндегі құрылыс горизонттарын ашты [3]. 1967-1968 жылдары Арыс өзенінің орта ағысында (Сайрам ауданы) жүргізген зерттеулер кезінде Жартытөбе (1967 ж.), Ақтөбе 1, Оймауыт қалалары мен елді мекендері ашылып, зерттелді [4].

1966 жылы Хорезм археолого-этнографиялық экспедициясының Сырдария бағыты тобы Түркістан оазисінде, Сырдарияның сол жағасында және Сығанақ оазисінде барлау жүрген кезде Түркістан қаласынан 18 км оңтүстік-батыста орналасқан Ақтөбе және 21 км жердегі оңтүстік Қостөбе елді мекендерін ашып, Шорнақтөбе, Садықата қалаларында қайта зерттеу жүргізді. Экспедиция Сырдарияның сол жағасындағы ортағасырлық Қаратөбе, Абызтөбе, Келінтөбе қалаларында қосымша зерттеулер жүргізіп, Мейрамтөбе қаласының жанындағы елді мекенді ашып, Сығанақ оазисіндегі ортағасырлық Ордакент пен Ақтөбенің тарихи-топографиялық құрылымын зерттеді [5].

1964-1965 жылдарда Жетісу археологиялық экспедициясының солтүстік Қаратау тобы (Л.Б. Ерзакович) ортағасырлық Созақ, Ақсүмбе, Құмкент қалаларында байқау қазбаларын жүргізді. Созақ қаласындағы байқау қазбалары үш жерде жүрді. Оның орталық бөлігінің шығыс шетінде қазылған 1-байқау қазбадан бес құрылыс кезеңдерінің қалдықтары ашылып, қаладағы тіршіліктің X-XX ғасырлар кезінде болғаны анықталды [6]. Құмкент пен Ақсүмбе қалаларында жүргізілген байқау қазбалары, бұл қалаларда XIV-XV ғасырлардың мәдени қабаттары жоқ екенін анықтап, Құмкент қаласының Қоқан кезеңінде де өмір сүргенін көрсетті [7].

1966-1967 жылдары Жетісу археологиялық экспедициясы Қаратаудың солтүстік, оңтүстік беткейлерінде, Арыс өзенімен Сырдарияның орта ағысында барлау жұмыстарын жүргізді, соның нәтижесінде Боралдай өзенінің жағасында орналасқан Ақтөбе, Боралдай 1, Боралдай 2, Көктөбе, Ақтөбе, Сарытөбе ортағасырлық елді мекендері ашылып, зерттелді. Сығанақ оазисіндегі Жаңақорған (Ордакент), Бестам қалалары қайта зерттеліп, Нәнсай және Қаратау-дың солтүстік беткейінен Бүркітті 1 қалалары ашылды [8].

XX ғасырдың 60-70 жылдарында Сырдария бойындағы тарихи-мәдени мұраларға ерекше көңіл бөліп, оларды зерттеуге өзіндік үлес қосқан Ә. Қоңыратбаев болды. Зерттеуші Шиелі, Жаңақорған аудандарында орналасқан археологиялық және тарихи ескерткіштерді зерттеп, оларға қатысты аңыз-әңгімелерді жинастырып, бұзылып бара жатқан ескерткіштерді сақтау мәселесін көтерді [9].

1967 жылдан бастап өлкетанушы А. Әміров Шиелі ауданында Сырдарияның оң жағасы мен Қаратаудың оңтүстік беткейі аралығында бірнеше жыл барлау жүргізіп Үлкен Мортық, Кіші Мортық елді мекендерін ашып, ортағасырлық Бестам қаласында шағын көлемде қазба жүргізіп, осы қалаға қатысты аңыз - әңгімелерді жазып алған [10].

1969 жылы жарияланған Л.Б. Ерзаковичтің «Караванные пути юга Казахстана в XIII-XYIII вв.» атты мақаласында Қазақстан арқылы өткен Плано Карпини (1246ж.), Вильгельм Рубрук (1253ж.) және Гетумның (1254ж.) жолдарына талдау жасалып, XIII-XYIII ғасырлар кезіндегі Оңтүстік Қазақстанның керуен жолдары, олардың жүрген бағыттары көрсетілген [11].

1969-1970 жылдары Отырар археологиялық экспедициясы (К.А. Ақышев) Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау беткейлерінде бағыттыіздеу, археолого-топографиялық, аэротүсіріс, аэробарлау және байқау қазбаларын жүргізді. Барлаудың барысында Сырдарияның сол жағасындағы ортағасырлық Келінтөбе, Келінтөбе II, Қаршығалық, Қандоз, Қотан елді мекендері мен қалаларды ашып, Қаратөбе, Абызтөбе, Ақтөбе, Мейрамтөбе, Қырөзгент, Аққорған қалаларында

қайта зерттеулер жүргізді [12]. Экспедиция 1970 жылы Түркістан оазисіндегі ортағасырлық Шаштөбе, Жиделітөбе, Баршынтөбе, Қарашықтөбе 1, Қарашықтөбе 2, Ақтөбе, Төрткүл 1, Төрткүл 2, Жөйнек, Шаға, қызыләскерлік Төрткүл қалалары мен елді мекендерін ашып, Міртөбеде қайта зерттеулер жүргізді және Қаратаудың солтүстік беткейіндегі шолаққорғандық Ақтөбе, Айдарлытөбе, Қарасуан, Күлтөбе қалалары мен елді мекендерін ашып, зерттеді [13].

1973 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институты мен Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің арнайы тобын басқарған Т.Н. Сенигова Түркістандағы Күлтөбе қаласының жобасын түсіріп, алғашқы қазба жұмыстарын бастап, оның үстінде жатқан ерте ортағасырлық ыдыс сынықтарын жинап, VII-VIII ғғ. кезінде Отырарда соғылған теңге тапты [14].

1972-1973 жылдарда Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының палеоэтнографиялық тобы (С.Жолдасбаев) ортағасырлық Сауран қаласынан 10 км солтүстік-шығыстағы Шағырлы 1, Шағырлы 2 елді мекендерін ашып, қазба жүргізді [15]. Осы топ Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Күлтөбе (1972-1973 жж.), Раң (1973 ж.) қалаларында қазба жүргізіп, Күлтөбенің X-XVIII ғасырларда, Раңның XII-XVIII ғасырлар кезінде өмір сүргенін анықтады [16].

1975 жылы палеоэтнографиялық топ Сырдарияның орта ағысында ортағасырлық Отырар мен Сығанақ қалалары арасында барлау жүргізіп бір мәдени қабаты бар 20 елді мекендерді ашып [17], Ақтас мешіті, Жалғызтам, Бозқарада қазба жүргізді [18].

1978 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (Қ.Байбосынов) Қаратаудың оңтүстік-шығысын алып жатқан Жамбыл облысының Жуалы мен Жамбыл аудандарында барлау жүргізіп, Жуалы ауданынан ортағасырлық Қарасаз, Кәрі Қорған мұнарасы, Құлансай қаласы мен мұнарасы, Мүрделітөбе, Қоңыртөбе қалалары мен елді мекендерін ашты және Бауыржан Момышұлы ауылынан 2 км жердегі қалада, Бурнооктябрь 1, Қарабастау елді мекенінде, қарабастаулық Мүрделітөбеде, Қарабастау ауылынан 2 км шығыстағы бекіністе, Көлтоған бекінісінде, Шақпақата қаласында қайта зерттеу жүргізді [19]. Жамбыл ауданында-Аса ауылынан 13 км батыстағы елді мекен, Төрткүл, Үлкен Төрткүл, Ақтөбе, Көктөбе елді мекендері ашылып, Әулиебастау, Төбе, Бектөбе, қаракемерлік Бектөбе, Қаракемер, Қаракемер ауылынан 2,3 км жердегі елді мекен мен қалалар қайта зерттелді [20].

1978 жылы Шымкент пединституты экспедициясының археологиялық тобы Қапшағай шатқалында орналасқан Ақтөбеде 2 қазба және стратиграфиялық кесік қазып, елді мекеннің 1-4 ғасырлар кезінде өмір сүргенін анықтады [21]. Осы топ (А.Н. Подушкин) 1979-1982 жылдар аралығында Сайрам, Бәйдібек, Түлкібас аудандарының Қаратауға қатысты бөліктерінде барлау жүргізді. Барлаудың барысында Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылы төңірегінен ортағасырлық Сағындықтөбе, Үшқорғантөбе, Қожақорғантөбе, Бағнынтөбе, ауылдың солтүстік шетіндегі екі елді мекен, Тілеутөбе елді мекендері мен қалалары (1979 ж.) ашылып зерттелді [22].

Бәйдібек ауданында Шаяннан 1,5 км оңтүстіктегі елді мекен, Ақтөбе, Есейтөбе, Сіргесалдытөбе, Төрткүлтөбе, Жүзімдіктен 4 км оңтүстіктегі, 8 км солтүстік-шығыстағы елді мекендер, Ақтөбе 2, боралдайлық Ақтөбе, Жалаутөбе, Сарқырама, Тұрақтытөбе, Шалдар қаласы, елді мекені, ленинтулық Боралдай елді мекендері мен қалалары (1980 ж.) ашылды [23].

1980-1981 жылдарда жүргізілген барлау кезінде Түлкібас ауданынан ортағасырлық Түлкібас, Жанұзақ, Қарабастаутөбе 1, Қарабастаутөбе 2, Жабағалы төбе (1980 ж.), Ванновка, Құлантөбе, Владимирское, Высокое елді мекендері, Елтайтөбе, Керейт, Маматтөбе (1981 ж.) елді мекендер мен қалалары ашылып, қайта зерттеу жұмыстары Мүрдетөбе 1, Мүрдетөбе 2 (1980 ж.) және Төрткүлтөбе қаласында (1981 ж.) жүргізілді [24].

Экспедицияның А.Н. Подушкин басқарған тобы 1980 жылы Қаратаудың солтүстік беткейінде (Созақ ауданы) барлау жүргізіп, ортағасырлық Сарыжаз елді мекенін ашып, Майтөбе қаласында байқау қазбасын жүргізді. 1983 жылы Қаракөл шатқалындағы ортағасырлық екі елді мекен, Күрдек, Қарлығаштөбе, Көктөбе, Қалғансу, Жүзей, Балықшы, Қошқарата қалалары мен елді мекендері ашылып, Ақсүмбе, Қызылкөлтөбе, Тарсатөбе, Созақ қалалары қайта зерттелді [25].

1979,1980 жылдарда ОҚКАЭ-ның ирригациялық, Қаратау топтары Сығанақ оазисінде, Сырдарияның сол жағасында, Түркістан оазисінде зерттеу жүргізді. 1979 жылы ОҚКАЭ-ның ирригациялық тобы (В.А. Грошев) Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі ортағасырлық қалалардың суландыру жүйесін зерттеу кезінде Сығанақ қаласының төңірегіндегі Төменарық, Бұзықөзек каналдарын және онан шағын екі каналдың ескі

арнасын ашты [26]. 1980-81 жылдары осы топ Сырдарияның сол жағалық орта ағысындағы Артықата, Бұзық, Ақтөбе қалаларын, Қандөз төртқүлін суландырған Шолақарықты және Мейрамтөбе, Қотан, Қаршығалықты суландырған Мейрамарық ортағасырлық каналын ашып, олардың бағыттарын, ұзындығын анықтады [27].

1979 жылы ирригациялық топ Түркістан оазисінде жүргізген зерттеулер кезінде басы ортағасырлық Сауран қаласынан оңтүстік-шығыстағы шағын өзеннен басталатын ені 7 м, тереңдігі 1,8 м келетін каналды ашты, ол 3 км-ден кейін кәрізге қосылып қалаға қарай аққан [28]. Сонымен қатар, барлау кезінде ортағасырлық Түркістан қаласының төңірегінен әртүрлі ұзындықта сақталған 3 арық, Қаратаудан ағатын Иқансу өзенінен басталған Дәулетбай және Тентексай арықтары ашылды [29]. Сауран қаласының кәріздері зерттеліп, олардың бағыттары анықталды [30].

1979 жылы ОҚКАЭ-ның Қаратау тобы Дәуленбайтөбе елді мекенінде қазба жүргізіп, оның I-V ғғ. кезінде өмір сүргенін анықтады [31]. Экспедиция 1980 жылы Түркістан оазисінде барлауды жалғастырып Түркістаннан шығыста 7 км жердегі ортағасырлық қаланы, Ғартөбе, Іштөбелік екі елді мекенді, ибаталық Ақтөбе, Ибата, Қорыстөбе, текелік Ақтөбе, Шаға 2, Шаға 3 елді мекендерін ашып, Шаға 1 елді мекенінде қайта зерттеу жүргізді [32].

1980 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы Сарысу ауданынан ортағасырлық Ақтөбе, Үшбас елді мекендерін ашып, 1981 жылы Саудакент қаласында және Талас ауданындағы Ақмола бекінісінде қайта зерттеу жүргізіп, Арбатас, Ақтөбе елді мекендерін ашты [33].

1982 жылы Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті (ҚазМУ) археологиялық экспедициясының тобы (М.Елеуов) Қызылорда облысы Шиелі ауданының Еңбекші ауылы жанында орналасқан ортағасырлық Мортық елді мекенін ашты [34]. Осы археологиялық топ 1990 жылы Шиелі мен Жаңақорған аудандарында барлау жүргізіп Шиелі ауданынан ортағасырлық Шиелі төртқүлін, ортақшылдық Мортық, бәйгеқұмдық Жаман Ақтөбе және Омбай елдімекендері мен қаласын ашып, бұрыннан белгілі ортақшылдық Ақтөбе, Қызылтам, Ноғайқорғанда зерттеу жүргізді [35]. Сол жылы археологиялық топ Жаңақорған ауданындағы сығанақтық Ақтөбе елді мекенінің тарихи-топографиялық жобасын қайта түсіріп, байқау қазба жүргізді [36].

1980-1989 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының Қаратау тобы Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі Қызылсай шатқалдарында барлау жүргізіп, Қырыққыз (Қыз қорған) және Балақорған бекіністерін ашып, зерттеді. К.А. Ақышевтің пікірі бойынша, тастан қаланған бұл бекіністер Қаратаудың солтүстік беткейі мен Түркістан оазисін байланыстырып жатқан Қызылсай шатқалы арқылы өткен жолды жауып тұрған [37].

1986 жылы ирригация тобы Сауран қаласының кәріз желісін, сақталған егістік алқаптарының жобасын түсіріп, 1986-1988 жылдар аралығында кәріздің екі құдығын қазды [38].

1986 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы тарих, археология және этнография институтының ескерткіштер Жинағы археологиялық экспедициясы Түркістан оазисіндегі Төртқүлтө-бе 2, Шойтөбе, Ішкент, Қаратөбе және Сауран қалаларында зерттеу жүргізді [39].

1989 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының тарихи және мәдени ескерткіштердің жинағы экспедициясы (К.М. Байпақов, П.Е. Қаратаев) ортағасырлық Бектөбе, Қаракемер қалаларында қайта зерттеу жүргізді. 1990 жылы Қазақ ССР ҒА ортағасырлық қалаларды зерттеу экспедициясы Күзембайтөбе елді мекенінің оңтүстік жағында тазарту жұмыстарын жүргізіп, оның екі мәдени қабаты барын анықтап, «қыш күйдірушілер кварталындағы» екі құмданның оттығын ашты. 2000 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (К.М. Байпақов) ортағасырлық Шақпақата және Мүрдетөбе елді мекендерінде қайта зерттеу жүргізді [40].

Ортағасырлық Сауран қаласында 1:1000 масштабты түсіріс кезінде оның топографиялық құрылымына қатысты жаңа деректер алынып, шаруашылық аймағындағы жеке үй қожалықтарының орналасу ерекшеліктері анықтала түсті, сонымен қатар, қаланың осы бөлігіндегі екі үйде қазба жүргізілді [41].

1992 жылы ҚазМУ-дің археологиялық экспедициясының тобы (М.Елеуов) Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы Құмбұлақ елді мекенін ашып, 1993-1994 жылдары қазба жүргізіп, IV-VI ғғ. кезінің құрылыстарын ашты. Осы топ 1993 жылы Құмбұлақ елді мекенінен 3 км жерде Қосүйеңкі ауылында орналасқан ортағасырлық Қосүйеңкі елді мекенін ашып, 1994 жылы Шиелі ауданындағы Шиелі төртқүлінде қазба жүргізіп, оның VIII-XII ғғ. кезінде өмір сүргенін анықтады [42].

1992 жылы Қызылорда педагогикалық институтының Шежіре археологиялық тобы (Т.Мамиев) Қызылорда облысы Сырдария ауданының солтүстік-шығыс бөлігінде (қазіргі әкімшілік-территориялық бөліниіс бойынша Шиелі ауданына қарайды) археологиялық барлау жүргізген кезде М.Шоқай кеңшарының Бірлестік бөлімшесінен солтүстік-шығыста орналасқан Тазтөбе, Мортық, Рабат 1, Рабат 2, Рабат 3, Рабат 4, Рабат 5 бекіністі мекендерін ашып, ортағасырлық Нәнсай және Бестам қалаларында қайта зерттеу жүргізді. [43].

1994 жылы баспадан шыққан «Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область» атты энциклопедиялық үлгідегі Жинаққа Қаратаудың әртүрлі бөліктерін алып жатқан аудандар бойынша барлығы 109 ортағасырлық қалалар мен елді мекендер кірген [44]. Оның ішінде 1960 жылға дейін ашылған елді мекендер мен қалалар Түркістан ауданында 9, Бәйдібек ауданында 6, Созақ ауданында 10, ал 1960 жылдан кейін ашылғандары Түркістан ауданында 21, Бәйдібек ауданында 19, Сайрам ауданында 10, Түлкібас ауданында 18, Созақ ауданында 13 ескерткіш.

Т.Қоңыратбевтың 1996 жылы жарыққа шыққан «Ертедегі ескерткіштер» атты еңбегінде Сауран, Сығанақ, Көккесене, Өзгент, Қорасаната, Оқшыата, Бестамға қатысты зерттеулерге шолу жасалған [45].

1996 жылы ҚазМУ археологиялық экспедициясының тобы (М. Елеуов) Сырдарияның сол жағалық орта ағысындағы ортағасырлық Қаратөбе-Мейрамтөбе қалалары аралығында барлау жүргізіп, Қаратөбенің жобасын түсіріп, Кіші Ақшоқат елді мекенін ашып, Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі Құмбұлақ елді мекеніндегі қазба жұмыстарын жалғастырды [46]. Түркістан оазисінің тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің Жинағын жасау мақсатымен Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі Өгізтау шатқалында археологиялық барлау жүргізіп, осы шатқалда орналасқан ерте ортағасырлық елді мекенді, Қазақ хандықтары кезіндегі қаланы ашып, зерттеу жүргізді [47].

1997 жылы Түркістан оазисіндегі зерттеу жұмыстары жалғасып Құсата, Оранғай, Қарашық 1,2,3, Құмтүйін 1,2, Қазқорған ортағасырлық елді мекендері мен қалалары ашылды және Қазқорған елді мекенінде, ортағасырлық Жүйнек қаласында археологиялық қазба жүргізілді [48].

1999 жылы Мемлекеттік құрылыс жөндеу және жаңғырту басқармасының Түркістан қаласындағы филиалының қаржыландыруымен «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының ғылыми-зерттеу бөлімі және Түркістан археологиялық экспедициясы бірігіп Түркістан ауданында орналасқан орта және кейінгі ортағасырлық қалалар мен қоныстарда археологиялық зерттеулер жүргізетін арнайы топ құрылды. 1999-2004 жылдар аралығында осы топ (М.К. Тұяқбаев) Түркістан оазисінде кең көлемде зерттеу жүргізіп, бұрын есепке алынбаған 22 қалалар мен елді мекендерді және 20 жуық әртүрлі кәріз жүйелерін ашып, 25 ескерткіште стратиграфиялық қазба жүргізіп, олардың өмір сүрген уақытын, даму кезеңдерін анықтады [49].

2001 жылғы қыркүйек айында Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің (ХҚТУ) Археология ғылыми зерттеу орталығы ашылды. Осы орталықтың Тұран археологиялық экспедициясы (М.Елеуов) 2001 жылы ортағасырлық Қарашық қаласының тарихи-топографиялық құрылымын зерттеп, цитадельде қазба (қазба 1) жүргізіп, оның жоғарғы қабатынан XIII-XIV ғасырлар кезіндегі құрылыстарды, ал шаруашылық аймағынан – қала өмірінің соңғы кезіндегі құмдандар кешенінде қазба жүргізді. [50]. Экспедиция 2002 жылы Қарашық қаласының цитаделіндегі қазбаны жалғастырып XI-XII ғасырлар кезіндегі бөлмелерді ашты, осы қазбаның шығыс бөлігінде қазылған стратиграфиялық кесіктен он құрылыс кезеңдерінің құрылыстары ашылып, цитадельдің VI-XIV ғасырлар кезінде өмір сүргені анықталды. Қаланың шаруашылық аймағында жүргізілген қазбадан XIII-XIV ғасырлар кезіндегі құмдандар кешені, рабадтың қамалына салынған кесіктен әбзелдерімен жерленген жылқы табылып, қамалдың екі кезеңде салынғаны белгілі болды [51].

2002 жылы Түркістан археологиялық экспедициясының «Түркістан оазисі» бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізген тобы Түркістаннан солтүстік-батысқа қарай үш жерден кәріз тізбектерін ашты, олар: Шорнақ ауылынан солтүстік-шығыста, Бабайқорғанға бұрылатын жолдың оң жағында (ұзындығы 100-1200 м); Бабайқорған ауылының тау жағындағы кәріз құдықтары 0,8 км аралықта сақталған; Қарашық өзені мен Ермексай өзегінің аралығындағы кәріз құдықтары 0,7-0,8 км жерді алып жатыр. Ашылған кәріздер мотодельтапланмен суретке түсірілген [52].

2003 жылы Қызылордада қаласында шыққан «Оқшы Атадағы 7 әулие» атты кітапта Оқшы атада жерленген тарихи тұлғалар мен оларға қатысты аңыз-әңгімелер берілген [53].

2003 жылдан бастап ежелгі Сығанақ қаласын А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология, этнология және мұражай ісі кафедрасының С.Жолдасбаев басқарған Сығанақ археологиялық экспедициясы зерттей бастады. Зерттеу кезінде шахристанның солтүстік-шығыс қабырғасында көлемі 20х12 м кесік басталды және қала рабадының әртүрлі бөліктерінде көлемдері 12х8; 16х14 м екі қазба жүргізіліп, кейінгі ортағасырлық құрылыс орындары (бөлмелер, кесене) ашыла бастады [54]. 2004-2009 жылдары Сығанақ қаласындағы зерттеу жұмыстары «Мәдени мұра» бойынша онан әрі жалғастырылды.

2004 жылғы қыркүйек-қараша айларында Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасының «Қызылорда облысының тарихи ескерткіштерінің жинағын баспаға даярлау» тақырыбы бойынша Қызылорда облысының Шиелі мен Жаңақорған аудандары көлемінде ХҚТУ Археология ғылыми-зерттеу орталығы мен Білім және Ғылым министрлігінің Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының бірлескен экспедициясы (М. Елеуов, Ж.Құрмақұлов) жұмыс жүргізді. 2004 жылғы барлау Шиелі ауданының шығыс шекарасынан бастап, батысында Сырдария ауданына (Көкжиде каналы) дейін, оңтүстіктен солтүстікке қарай Сырдарияның оң жағасынан Қаратаудың солтүстік беткейі аралығында, ал Жаңақорған ауданында – Сырдарияның сол жағасымен 15-20 км аралықта Балтакөл-Бәйкенже ауылдары аралығында, оң жағасында-Қаратаудың оңтүстік беткейіне дейінгі аралықта жүрді. 2005 жылғы барлау жұмыстары Қаратаудың осы екі ауданға қатысты оңтүстік беткейінде Бесарық өзенінен Жалғыз ағаштың бұлағы дейінгі аралықта, Сарысу өзенінің төменгі ағысы, Телікөлдің айналасында жүргізілді [55].

2004, 2005 жылдарда жүргізілген барлаудың нәтижесінде Шиелі ауданы көлемінде орналасқан Ақбұлақ, Жетімтөбе, балабилік Төрткүл, Рабат 1, Рабат 2 ортағасырлық елді мекендері мен Майшы тоғаны және 8 кесененің орны ашылып, Мортық, Бестам, Шиелі төрткүлі, ортақшылдық Мортық, Қызылтам, Ақтөбе, Төңіректам, Нәнсай, Омбай, балабилік Мортық, Жаман Ақтөбе, шоқайлық елді мекен қайта зерттелді. 2005 жылы Сасықбұлақ қарауылтөбесі ашып, зерттелді [56].

Жаңақорған ауданында 2004 жылы жүргізілген барлау кезінде Ақтас, Түгіскен, Тасқынбай, Абызтөбе елді мекені, Үлкен Ақшоқат, Бәйтік, Көктөбе, Артықата елді мекендері, 2005 жылы Тақиятөбе, Саудабазар, Қоспа, Үшкілтөбе елді мекендері және Ақтөбе тоғаны ашылды. Сонымен қатар, 2004 жылы ортағасырлық саурандық Қостөбе 1, Қостөбе 2, талаптық Қостөбе 1, Қостөбе 2, Сығанақ, Балапантөбе, Қырөзгент, Молдақорған, Алғыр-Салғыр, Ақкорған, Мейрамтөбе, Келінтөбе, Келінтөбе елді мекені, Құмиян, Абызтөбе, Қаратөбе, Раздыата, Ақтөбе (көктөбелік), Бұзық, Артықата, 2005 жылы, қосүеңкілік Ақтөбе, Ақата, Құмбұлақ, Көкен батырлық Ақтөбе, Асарық қалалары мен елді мекендері қайта зерттелді [57].

2006 жылы Тұран археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) Жамбыл облысының Жуалы, Жамбыл, Талас және Сарысу аудандарының Қаратаудың тауаралық және тау алды жазықтарын алып жатқан бөліктерінде барлау жүргізді. Жүргізілген барлаудың барысында Жуалы ауданынан ортағасырлық 22 қалалар мен елді мекендер: Шайхана, Көктөбе, Ақсай, Мыңбұлақ, Ұзынбұлақ, Көкбұлақ 1, Көкбұлақ 2, Көкбұлақ 3, Қасқыртөбе, Шойбек, Ащыбұлақ, Көктөбе, Адыраспантөбе 1, Адыраспантөбе 2, Адыраспантөбе 3, Ынтымақ, Қарасу 1, Қарасу 2, Шақпақ, Шыңбұлақ, Дарбаза, Берікқара және Сарысу ауданынан Бұрқаты, Үшбас ашылды. Сонымен қатар, Жуалы ауданынан Шақпақата, Нанжер 1, Нанжер 2, Ақтөбе, Құланауыз және Талас ауданынан Майтөбе, Арбатас, Тамды қаласы мен Тамды елді мекендері қайта зерттелді [58].

2007 жылы жеке кәсіпкер «Археолог» Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталық» мекемесімен жасалған келісім-шарт бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданының археологиялық картасын жасау мақсатында кең көлемде барлау жүргізді. Бәйдібек ауданының барлық ауылдық округтерінде барлау жүргізілген кезінде бұрыннан белгілі Есейтөбе, Шалдар, Жалаутөбе, Домалақана, төменгі боралдайлық Ақтөбе қалашықтары мен елді мекендердің орналасқан тарихи-топографиялық құрылымдары толықтырылды, ақбұлақтық Ақтөбе елді мекенінің жобасы қайта түсірілді және осы уақытқа дейін есепке алынбаған 17 ортағасырлық елді мекен ашылып есепке алынды, олардың қатарында: Аршалы, Қостөбе 1, Қостөбе 2, Мыңбұлақ 1, Мыңбұлақ 2, Мыңбұлақ төрткүлі, Досанбұлақ, Көктөбе, Шақпақ, Шаян қалашығы, Кеңес төрткүлі, Желсай, Қошқарата, Амансай [59] және Сасықсу, Қарабастау, Қарағашты елді мекендері бар [60].

2001, 2002-2004 жылдар аралығында Тұран археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) Түлкібас ауданында барлау жүргізіп 66 ортағасырлық қала мен елді мекен, 3 қарауыл мұнара ашып, 16 қала, елді мекенде қайта зерттеу жүргізді. 2001 жылы экспедиция ортағасырлық Шөлтөбе қаласында, 2002 жылы (ванновкалық елді мекен, күмісбастаулық елді мекен, Қарабастау, кемербастаулық елді мекен, Азаттық, Жаскешу, Төрткүлтөбе, Керейт, Машат) қайта зерттеу жүргізіп 17 елді мекенді (ақбиіктік елді мекен, Кемербастаулық төрткүл, Қарабастаулық елді мекен, мичуриндік елді мекен, Кіші Көкбұлақ, Үлкен Көкбұлақ, Керейттік 5 елді мекен, Дегелекжар, Алтын қазған Төрткүлі, Еңбек, қызылбастаулық елді мекен, Төбелдіріктөбе) және Түлкібас қарауыл төбесін ашып, зерттеді. Экспедиция 2003 жылы 6 ортағасырлық елді мекенді қайта зерттеп (ақбиіктік елді мекен, Құлантөбе, Қарабастаулық елді мекен, Мүрдетөбе 1, Мүрдетөбе 2, Жамбас арық), 42 елді мекенді (Шақпақтық Төрткүл, Тақиялытөбе, Тоғызқұмалақ, Аюжылға, Талдыбұлақ, Жабағлы, Қызылбел, Арыс, Қарағашты, Тереңсай, бақтыбектік Ақтөбе, сатайлық Төрткүл, Күмісбастаулық 3 елді мекен, амангелділік елді мекен, рысқұлдық төрткүл, Анарбайтоғай, Балықты 2, Балықты 3, Балықты 4, Балықты 5, Балықты 6, Мыңбай елді мекен, Қызылбастаулық 3 елді мекен, Машаттық төрткүл және 2 қарауыл мұнара (кіші ақсулық, Қарақшы) ашып, зерттеді.

2004 жылы экспедиция ортағасырлық Майтөбе, Қарабастау, Қарадың, Қараүңгір, Шеңгелді, Қоссарай, Исақбастау елді мекендерін ашып, зерттеу жүргізді [61].

2002 жылы ортағасырлық Төрткүлтөбе қаласының цитаделінде кең көлемде (16х18 м) қазба жүргізіліп, ұзындығы 28 м, ені 2-6 м, тереңдігі 11,5 кесік салынып,цитадельдің биіктігі 6,5 м пахса платформаның үстіне салынғаны анықталды [62]. 2003 жылы Жамбасарық елді мекенінің үстіндегі алаңда көлемі 10х12 м қазба және ұзындығы 8 м, ені 1 м, тереңдігі 5 м кесік қазылды [63].

М.К. Тұяқбаев 2004 жылға дейін Түркістан оазисінен ашылып, ғылымға белгілі болған әртүрлі тарихи кезеңдерден сақталған, жалпы саны 79 қалалар мен елді мекендерді орналасқан жеріне қарай (өзендердің бассейні бойынша) 8 шағын оазиске топтастырған, олардың саны: Сауран шағын оазисінде 11 (Ақтөбе 1, Ақтөбе 2, Шашана, Қаратөбе, Қаражон төрткүлі, Шағырлы 1, Шағырлы 2, Сауран, Міртөбе, Жалғызтам, Жаңа Сауран); Сидақата шағын оазисінде 11 (Көксарай 1, Шорнақтөбе, Мазартөбе, Сидақата, Сасықбұлақ, Ақтөбе, Айнакөл-Бабай, Бұзауқорған, Саухымата, Көксарай 2, Бабайқорған төрткүлі); Қарнақ шағын оазисінде 14 (Шаштөбе, Оқжетпес, Үштөбе 1, Үштөбе 2, Үштөбе 3, Жайдақ 1, Жайдақ 2, Жайдақ 3, Ақынтума, Жүйнек, Ғартөбе, Өгізтау 2, Қарнақ, Өгізтау 1); Қарашық шағын оазисінде 17 (Қазтөбе, Қарашық 1, Қарашық 2, Қарашық 3, Мейрамтөбе, Хантағы, Хантағы 1, Хантағы 2, Өрнек, Төрткүл 1, Құшата төрткүлі, Балақорған, Қызқорған, Кент, Төрткүл 2, Оранғай, Жылан қарауыл); Шаға шағын оазисінде: 8 (Біріншітөбе, Шаға 2, Шаға 3, Қотырбұлақ, Шаға 1, Қосқорған, Абдал Малик, жоғары Ташанақ); Иқан шағын оазисінде: 6 (Ақтөбе, Майбалық, Ибата, Дәуленбайтөбе, Жаңасар, Иқан); Шауғар шағын оазисінде: 6 (Шойтөбе, Күлтөбе, Сүри төрткүлі, Шойтөбе 1, Шойтөбе 2, Ескі Түркістан); Тамдыөзек шағын оазисінде: 6 (Құлантөбе, текелік Ақтөбе, Қорыстөбе, қаратөбелік Төрткүл, Қостөбе, Күншағыр) [64]

Тұран археологиялық экспедициясы 2004-2007 жылдар аралығында Түркістан оазисінде археологиялық барлау жүргізді. 2004 жылғы барлау шығысында Ойық ауылынан батысында Қаражон ауылына дейінгі аралықта, Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі тау алды жазығында және Біресек, Қызылата шатқалдарында жүргізіліп Қырққыз, Балақорған қамалдары қайта зерттеліп, 10 ортағасырлық қала мен елді мекендер (Көкбұлақ, шоқтастық Күлтөбе, Шаға ауылынан шығыста 3,9 км және 7,5 км жердегі елді мекендер, Тасанақ, Қызылата, Серт, Майдантал, Алмалысай, Есекбел) ашылып, зерттелді. 2005 жылғы барлау Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі Шылбыр, Тассарай, Иқансу, Құрсай, Хантағы, Біресек, Бойылдыр, Қызылата, Тайтума, Ермексу, Үйреката, Қысаша, Дәуқара (Көксарай), Ақтөбе, Жылағаната, Үшөзен, Қараүңгір өзендері бойында, өзенаралық, тауаралық, шатқалдарда жүргізіліп ортағасырлық 7 елді мекен ашылып (Шылбыр, Қызқамал, Ұлқорған, Аша, Ақтөбе, Аша бекінісі, Өгізтау бекінісі), Өгізтау қаласы мен Қырққыз, Балақорған қамалдары қайта зерттелді [65].

Тұран археологиялық экспедициясы 2007-2009 жылдары Қаратаудың солтүстік беткейінде орналасқан Созақ ауданында археологиялық барлау жүргізді. 2007 жылғы зерттеу жұмыстары ортағасырлық Бабата және Құмкент қалалары төңірегінде жүргізіліп Көкбұлақ, Ақтөбе елді мекендері ашылып, зерттелді [66]

2008 жылы Тұран археологиялық экспедициясы (құрамында Ә.Х. Марғұлан атындағы

Археология институтының Ж. Құрманқұлов бастаған Созақ тобы, А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері бар) «Абди Компани» акционерлік қоғамының (президенті Ә.Бимендиев) қаржыландыруымен Қаратаудың солтүстік беткейінде Созақ ауданында барлау жұмыстарын шығыстан батысқа қарай тау шатқалдарында, тауаралық жазықтарда, тауалды жазығында жүргізіп 8 ортағасырлық елді мекенді (Күлтөбе, Балатұрлан, Көктөбе, қарлығаштөбелік төрткүл, қарабұлақ төрткүлі, Тұздыбұлақ, Ырымкөз, Төбеттөбе) ашып, 30 ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді қайта зерттеп, олардың жобаларын лазерлі теодалитпен түсірді [67] және ортағасырлық Ақтөбе елді мекенінде 15х20 м көлемде қазба жүргізіп, екі құрылыс кезеңінің қалдықтарын ашты [68].

2009 жылы Сырдарияның орта ағысы мен Қаратауда жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында Қаратаудың солтүстік беткейінде ортағасырлық Шабақты елді мекені ашылып, Тамды қаласында кең көлемде қазба жұмыстары басталды; Сығанақ оазисінен Шиліөзек қалашығы ашылды; Түркістан оазисінде Бозбұтақ елді мекені ашылып, Хантағы төрткүлінің қамалында қазба жүргізілді, Шаян оазисінде көкбұлақтық Жартытөбе қайта зерттелді, Көкбұлақ елді мекені ашылды және Қаратаудың оңтүстік-шығыс беткейінде Боралдай тауы арқылы жүрген керуен жолдарының бағыттары анықталды [69].

Thus, on set of structural attributes and a ware material, we can define the earliest in cemetery of Oj-Dzhajljau-VII the burial places revealed in constructions of 1 and 3. The orientation of chains of family fencings is typical of them on the general patrimonial cemetery. At later stage family or separate barrows - fencings are arranged. The cremation of body remains of died at the certain stage becomes conducting funeral tradition at the population of a Bronze Age of natural boundary Oj-Dzhajljau. The position of a corpse were kept only at burial places of children of infantile age and on occasion of peripheral burials.

Settling of this region by tribes originated from Central Kazakhstan began in second half of II millennia BC tribes with mixed Alalul and Fedorovo cultural traditions of an Andronovo cultural - historical generality in funeral ritual. It allows to unit to date burial places within the limits of XIV - XII centuries BC. Having generated in Andronovo period, these traditions had received the further development in late bronze with the regional differences for everyone micro region.

Рис. 1. Топографический план могильника





Рис. 2. Конструкция 1 могильника Ой-Джайляу-VII: 1 – план раскопа;
2 – план погребений 9,10; 3-6 – керамика.



Рис. 3. План раскопа конструкции 2 могильника Ой-Джайляу-VII.



Рис. 4. Материалы конструкции 2 могильника Ой-Джайляу-VII:
1-3 – планы погребений; 4-6 – керамика.



Рис. 5. Конструкция 3 могильника Ой-Джайляу-VII:
1 – план раскопа; 2, 3 – планы погребений



Рис. 6. Керамика из погребений конструкции 3 могильника
Ой-Джайляу-VII.



Рис. 7. Бронзовые украшения из погребения 2 конструкции
3 могильника Ой-Джайляу-VII

САРЫАРҚАДАҒЫ ТҮРК ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Орталық Қазақстан даласы ежелден адамзат баласының тұрақты мекені болғаны белгілі. Қазірде тас, қола дәуірлерінен бері сақ, ғұн, үйсін, ерте түрк дәуірлерінің және одан кейінгі этнографиялық кезеңдердің де ескерткіштерінің баршылық екендігін күні бүгінге дейін жүргізілген зерттеулер дәлелдеп берді.

Ортағасырларда Орталық Қазақстанның Ұлытау тауларында, Сарысу мен Кеңгір өзендерінде қалалар, билеушілер ордасы, қыстаулар мен жайлаулар, сонымен бірге металлургтер мекендері орналасқан. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілері Н. Витзен, Д.Г. Мессершмидт, Г.Ф. Генс, П.И. Шангин, Г.И. Спасский, А.И. Левшин өздері көрген көптеген қалалар мен елді мекендердің орындары, кесенелері жайлы жазды. Бүгінде бұл ортағасырлық ескерткіштердің біршамасы ашылды.

Академик Ә.Х. Марғұлан Сарыарқа даласында болған алғашқы зерттеушілердің мәліметтері бойынша және өз байқауларын қорытындылай келе, ғылымда Сарыарқаның қалалық мәдениеті жайында жаңа әлем ашты. Бұл көптеген елді-мекендер мен қалалар: Ақсу өзенінің Қара-Кеңгірге құяр сағасындағы Хан Ордасы; Нұра өзеніндегі ортағасырлық елді мекен; Сарысу өзеніндегі Қарағаш, Қарасақал, Белен-Ана, Жезді өзеніндегі Басқамыр, Аяққамыр және тағы басқалар.

Сарыарқа даласында ортағасырлық Қырық-құдық, Батағай және Бозоқ қалалары орналасқан. Қарасу өзенінің сол жағалауында орналасқан Қырық-құдық қаласы ерте ортағасырларға (VII-IX ғғ.) тән. Ал Батағай қаласының тарихи атауы «бата» және «кай» сөздерінің қосындысынан тұрады. Яғни бата алған немесе бата берілген деген ұғымды білдіреді. Қала XIX ғасырдан бері белгілі. Нұра өзенінің маңында орналасқан қала уақыты жөнінен XI-XIV ғғ. қамтиды.

Орталық Қазақстандағы соңғы жылдардың жаңалығы еліміздің астанасы Астана қаласының батысында 5 шақырым қашықтықта орналасқан Бозоқ қалашығының ашылуы болды. Ортағасырларда Бозоқ қаласының оңтүстік шығысында 2 шақырым жерден керуен жолы өткен. Ескерткіш ең алғаш 1816 жылы кен инженері И.П. Шангиннің назарына іліккен. Қалашық 1997-2003 жылдары К.А. Ақышевтің басшылығымен зерттелді. Қалашықты К.А. Ақышев ең алғаш «Ақжол» қаласы деп атаған. 2000 жылы қала жанындағы Бозоқ өзенінің атына байланысты қалашық Бозоқ деген атауға ие болады. Жазба деректер бойынша «Бозоқ» терминімен ежелгі және ортағасырлардағы көшпелілердің әскери жүйесіндегі шығыс қанатты атаған. Орталық бөлік *орда, орду* деп аталса, шығыс иелік – *бозоқ*, батыс иелік – *үшоқ* делінген (Акишев К.А., 2008, 15 б.). Бозоқ қаласы X-XI ғғ. (мүмкін VIII-X ғғ.) далалық Жібек жолының бойына салынған қала-қамал немесе әскери резиденция бола отырып, ортағасырлардағы ірі мәдениет ошақтарының біріне айналған (Акишев К.А., 2008, 23 б.). Қазірде Бозоқ қаласын ғалымдар Астананың арғы тегі болған ортағасырлық ерекше қала ретінде сақтап қалуды ұсынып отыр.

Сарыарқа даласы қола дәуірінің өзінде-ақ жер өңдеушілер, малшылар, қолөнершілер мен кен қазушылардың мекені болған. Халық өз бұйымдарымен Сарыарқадан алыс жатқан елдерді қамтамасыз етіп отырды. Орталық Қазақстандағы мыс өндіру және мыс пен қола балқытудың үлкен орталықтарының бірі Жезқазған маңайында орналасқан ортағасырлық ірі қалашықтың бірі Милықұдық. Милықұдық ежелгі және ортағасырлық Жезқазғанның орталығы болған. Ол Жезқазған кенішінің оңтүстік шығыс шетінде орналасқан. Қалашық ежелгі және ортағасырларда Қазақстанның аса ірі өндіріс орталығына айналған (Марғұлан Ә.Х., 1973, 3-42 бб.).

Араб географы әл-Идриси оғыздар мен қыпшақтар елін суреттей отырып, олардың мыс пен күміс өндіретін орындары бар екенін атап өткен. Оның мәлімдеуінше «Оғыздар елі құнарлы, оның тұрғындары бай келеді. Олардың жерлерінде қорытылған күмістің төрттен бірі өндіріледі және кендерінен көптеген металл шығады деседі. Шаштық көпестер оларға айырбасқа көп тауар артқан түйелер сатып алады». Бұл жөнінде академик Байпақов К.М. былай дейді: «Әл-Идрисидің айтуы бойынша бұл кен орындары оғыздар мен қыпшақтар елінде Шаштан солтүстікке қарай 18 күндік жерде орналасқан. Егер керуеннің бір күндік жолы 30-40 шақырым десек, онда Шаштан кен орындарына дейін 700 шақырымнан сәл асатын қашықтық болып шығады. Бұл қазіргі Жезқазған қаласы тұрған жерге сәйкес келеді» (Байпақов К.М., 2005, 246 б.).

Сарыарқаның далалық алқаптарында ескерткіштердің тағы бір түрі жерлеу орындары

таралған. Бүгінде Орталық Қазақстан даласындағы түрк дәуірінің жерлеу ескерткіштері бір қалыпты зерттелмей отыр және күні бүгінге дейін зерттелгені саусақпен санарлықтай десек асыра сілтегеніміз емес. Сол себепті Орталық Қазақстандағы түрк тайпаларынан қалған жерлеу ескерткіштерін зерттеу бүгінгі таңдағы негізгі өзекті мәселелердің бірі. Аталған аймақта ұзақ жылдар Ә.Х. Марғұлан, М.К. Қадырбаев, А.З. Бейсенов, Д.А. Кожаков сынды ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде түрлі кезеңдерге тән жерлеу орындары ашылды. Солардың ішіндегі түрктердің жерлеу ескерткіштері Егіз-Қойтас (Қадырбаев М.К., 1959, 153-169 бб.), Жарлы-1 және Жарлы-2, Тайымбұлақ қорымдарындағы қорғандардан кездесті (Бейсенов А.З., Кожаков Д.А., 2001, 150-156 бб.).

Орталық Қазақстанның жерлеу ескерткіштері негізінен тау етегінде, өзен жағалауларындағы шөбі шүйгін, желден қорғалатын ық жерлерде орналасқан. Қорғандардың көпшілігі әсіресе Ұлытау маңында (Ұлытау ауданы), Сарысу және Шерубай-Нұры өзендерінің жоғарғы ағысында (Шет ауданы), Қарқаралы, Қызылрай, Көрпетай (Қарқаралы және Қоңырат аудандары) және тағы да басқа таулардың маңынан орын тепкен. Бұл таулардағы ұсақ тау шөгінділері, ертедегі халықтарға қорған құрылысын тұрғызуға тиімді болды. Әдетте түрктердің бейіттері тастан немесе топырақтан үйілген.

Егіз-Қойтас, Жарлы 1, Жарлы 2 қорымдарындағы түрктердің жерлеу орындарын зерттеушілер VI-VII ғасырлармен кезеңдеді. Жерлеу орындарына мәйітпен бірге жылқы малы қойылған. Жарлы 2 жерлеу орнын зерттеу кезінде адамның байлаулы немесе ораулы қалпында қабірге салынғандығы анықталды. Жарлы 1 ескерткішінде жәшікке салынған сәбидің мәйіті табылды. Ал Тайымбұлақтың жерлеу орнында үлкен адам жерленген. Бұл қорғанның уақыты ғалымдардың пікірінше VIII-X ғасырларға сәйкес келеді.

Егіз-Қойтастық жерлеу орнынан табылған ақыреттік заттардың аналогтары Алтайдағы Кудыргэ және Солтүстік Балхаш ескерткіштерінен кездеседі. Жарлы 2 ескерткішінің жерлеу дәстүріне байланысты ұқсастық Қазақстан, Орта Азия, Оңтүстік Сібір, Жетісу сондайақ Орта Азияның түрлі аудандары, Тянь-Шянь мен Памирда, Талас, Шу, Ферғана жазықтарында, Ташкент оазисінде, Самарқандта және т.б. жерлерде табылған (Бейсенов А.З., Кожаков Д.А., 2001, 160 б.).

Жоғарыда аталған ескерткіштерде қыш ыдыс, қанжар, қорамсақ пен жебе ұшы, қола сақина сияқты жәдігерлердің жиынтығы табылды. Табылған жәдігерлердің құрамы аз. Дегенімен ғалымдар бұл ескерткіштерді кезеңдеуде жәдігерлердің аналогтары мен жерлеу дәстүріне жүгінді. Ат әбзелі, әшекей, тұрмыстық заттар мен қару бөліктері тәрізді жәдігерлердің жерлеу орындарынан табылуы ескерткіштердің хронологиялық уақытын анықтауда зерттеушілерге таптырмас олжа болып табылады. Сондайақ жерлеу орындарынан шыққан ақыреттік ас - уақ малдың жекелеген сүйек бөліктерінің кездесуі жерлеу ескерткіштеріне тән негізгі заңдылықтардың бірі.

Сарыарқа даласында түрк дәуірінің едәуір зерттелген ескерткіштерінің бірі – тас мүсінді ғұрыптық құрылыстар. Бұл аймақта таралған ескерткіштерді зерттеуге Ә.Х. Марғұлан, С.М. Ахинжанов, А.А. Чариков, А.М. Досымбаева, Л.Н. Ермоленко, Н.С. Гецов, Ж.К. Құрманқұлов және тағы басқа ғалымдар ат салысты.

Орталық Қазақстандағы тас мүсіндердің топографиялық орналасуында бірталай өзгешелік бар. Олар көбіне қола дәуірінің ескерткіштері сақталған жерлермен қабаттасып отырады. Қола дәуірінің тас шарбағы орналасқан жерлерде ерте түрк дәуірінің (VI-VIII ғғ.) тас шарбағы (ғұрыптық қоршау) мен тас мүсіндері кездеседі. Бұлар негізінен Атасу, Қарқаралы, Баянауыл, Беғазы тауларында сақталған (Марғұлан Ә.Х., 2003, 22 б.).

Орталық Қазақстанның тас мүсіндері Жетісу, Алтай, Саян аймақтарындағы VI-VIII ғасырларда жасалған тас мүсіндермен келіптес болып келсе де, олардан біраз айырмашылықтары да бар. Тас мүсіндердің кейде антропологиялық кескіні өзгеше, жалпы тұлғасы зор денелі, сом тұлғалы, дембелше, беті сәл жалпақтау келген, жақ сүйектері шығыңқы емес, кеуделі адамдарды кескіндейді. Алайда, бұл аймақтағы тас мүсіндерінің бет-әлпетін кескіндейтін көрсеткіштер бірдей емес. Мұнда жалпақ бетті мүсіндермен қатар, кең маңдайлы, ат жақты, сопақ бетті адамдардың мүсіндері де аз емес. Мүсіндердің көпшілігінің көз алмасы шығыңқы, түрі миндаль тәріздес. Көпшілігі үлкен қоңқақ мұрынды, танаудың түрі не дөңгеленіп, не үшбұрышты болып келеді. Бұл антропологиялық деректер Орталық Қазақстан мен Торғай даласын кейінгі заманға дейін мекендеген қазақтардың түріне дәл келеді (Марғұлан Ә.Х., 2003, 35 б.).

Мүсіндерді сомдауда бәдізші гранит, диорит, сиенит, габбро, құмайт, мергель, кейде диабиз сынды тақталы тастарды пайдаланған. Мүсіндер орнатылған ғұрыптық қоршаулардың

шығыс жиегінде балбал тастар тізбегі кездеседі. Бұлардың саны кейде 200 жетеді. Ғалымның пікірінше өлген адамның құрметіне, ас беруге немесе құрбандық шалуға жиналған әр тайпаның адамдары, бір-бір тастан қоятын болған. Мүсіндердің жанына қойылған балбалдар тізбегі әр ру, тайпа өкілдерінің қойған тастары (Марғұлан Ә.Х., 2003, 23 б.).

Орталық Қазақстан аймағындағы тас мүсіндер тобы Астана қаласының алдындағы Шұбардан бастап, Ерейментауының сыртына дейін ауық-ауық кездесіп тұрады. Оның тобымен кездесетін жері, Сілеті өзенінің басы, Кедей, Торғай өзендерінің бойы, Ерейментауының сыртқы жазықтары, Олжабай, Едіге сөрелерінің маңы. Торғай өзені бойындағы тас мүсіндердің бір тобын алғаш геолог А.Ж. Машанов байқаған. Бұл мүсіндердің ішіндегі қос мүсінді ғұрыптық құрылыс халық аузында «қос батыр» деп аталады. Қос батыр ескерткіші 2009 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының «Түрк мұрасы» бөлімі меңгерушісі А.М. Досымбаеваның басшылығымен зерттелді. Ескерткіш барлау жұмыстарының нәтижесінде Ақмола облысы Ерейментау ауданында, Құмай өзенінің сол жағалауындағы Торғай ауылынан оңтүстікке қарай үш шақырым жерде орналасқан. Осы маңдағы барлау жұмыстарының қорытындасы бойынша жеті қоршау мен олардың бесеуіне орналасқан бес тас мүсін табылды. Бұл ескерткіштер Қарағайлы 1 және Қарағайлы 2 деген атауға ие болды (Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты «Түрк мұрасы» бөлімінің 2009 жылғы есебі).

Орталық Қазақстанның киелі өңір екені хақ. Түрк дәуірі бұл өңірде өз мәдениетінің тамаша тарихи-мәдени ескерткіштерін қалдырды. Қалақоныстар мен елді мекендер, жерлеу орындары мен тас мүсінді ғұрыптық құрылыстар сынды ескерткіштерге жүргізілген зерттеулерден алынған заттай деректер жазба деректермен үндесіп, ортағасырларда Сарыарқаның кең жазира даласында өмір сүрген ата-бабаларымыздың тыныс-тіршілігінен сыр шертеді. Жоғарыда аталған ескерткіштердің зерттелуі негізінде жинақталған деректердің аймақтың ортағасырлардағы тарихына қосқан үлесі зор. Дегенімен Орталық Қазақстанда түрк ескерткіштерін зерттеуді одан әрі жалғастыру Ұлы Даланың этникалық картасын нақтылай түсуге, сонымен бірге ата-бабаларымыз түрктер мен осы аймақта өмір сүрген өзге де халықтардың мәдениетін және әлі де ашылмай жатқан құпия қырларын тануға қосар үлесі зор екені даусыз.

1. Акишев К.А. Городище Бозок: Семантика планиграфии и функции // Бозок в панораме средневековых культур Евразии. Астана 2008 г.

2. Акишев К.А. Предварительные итоги раскопок средневекового городища Бозок // Бозок в панораме средневековых культур Евразии. Астана. 2008 г.

3. Марғұлан Ә.Х. Джезказган – древений металлургический центр (городище Милыкудук) // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973 г.

4. Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. 2005 ж.

5. Кадырбаев М.К. Памятники ранних кочевников Центрального Казахстана //ТИИАЭ АН КазССР. 1959 г. Т. 7.

6. Бейсенов А.З. Кожаков Д.А., Средневековые памятники Центрального Казахстана // История и Археология Семиречья, Алматы 2001 г., Вып.2.

7. Марғұлан Ә.Х. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер //Шығармалар Т. 3.4, 2003 ж.

8. Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты «Түрк мұрасы» бөлімінің 2009 жылғы есебі.

* * *

Статья посвящена памятникам изучению проблемы развития культуры тюркских племен, на территории Сары-Арки в средневековую эпоху. Информативный потенциал статьи основан на анализе широкого круга письменных и археологических источников.

* * *

This article are dedicated to the study of the problem of development of the culture medieval Turks that lived to the Central Kazakhstan territory. The article are based to research of ancient written and archeological sources.

Е. В. Спинова

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ Н.Н.ПАНТУСОВА

Периодом зарождения археологической науки Казахстана считается конец XIX века, когда интерес к археологии проявили в большинстве своем не специалисты, а люди, оказавшиеся в Туркестанском крае в качестве чиновников царской администрации. Это они встали на стражу добросовестного отношения, познания и сообщения достоверных сведений

о памятниках данного региона. В 1895 году энтузиасты-востоковеды объединились в Туркестанский кружок любителей археологии (ТКЛА) – научно-краеведческую общественную организацию, просуществовавшую более чем 20 лет. Представители ТКЛА изучали археологию и историю материальной культуры Казахстана и Средней Азии и внесли заметный вклад в историко-археологическую науку.

В числе активных членов ТКЛА был Н.Н.Пантусов (1849-1909гг) – востоковед, археолог, этнограф, известный своими широкими научными интересами и трепетным отношением к архитектурным, архивным и этнологическим памятникам. В годы пребывания в Семиречье в качестве крупного чиновника российской администрации Н.Н.Пантусов совершал многочисленные поездки по краю, общался с местными жителями и переселенцами, знакомился с достопримечательностями региона, изучал имеющиеся в канцелярии Туркестанского генерал-губернатора архивные материалы, подготавливал отчеты о своих открытиях и наблюдениях, выступал на заседаниях ТКЛА.

В период с 1875 по 1909 годы Н.Н.Пантусовым был издан ряд ценных исследований, среди которых наиболее известны: "Заметки о древностях Семиреченской области" ("Известия Археологической комиссии",1904); **"**Фергана, по Запискам султана Бабера**"** (**"**Записки Императорского Географического Общества**"**, 1875); **"**Тарихи Шахрохи. История владетелей Ферганы. Сочинение муллы Ниязи Мухаммед бен Ашур Мухаммед, Хокандца**"** (Казань, 1885); **"**Древности Средней Азии. I. Китайский победный памятник на горе Гедынь-Шань. II. Каменный Бурхан в Токмакском уезде Семиреченской области**"** (Казань, 1897)

Бесценным свидетельством сущностной значимости проводимой туркестанскими любителями археологии работы являются протоколы заседаний кружка (1896 – 1916 гг.). В формате проводимого исследования нами была сделана выборка тех вопросов, которые выносились на обсуждение Н.Н.Пантусовым или имели непосредственное отношение к его деятельности. На наш взгляд, этот материал дает представление о круге научных интересов талантливого человека и многогранного исследователя.

Год первый – 1895-1896: Вице-председатель Н.П.Остроумов знакомит присутствующих с Инструкцией для членов-корреспондентов ТКЛА. Представляет интерес отчет "О развалинах Ак-тюбе и о некоторых археологических находках в Аулиеатинском уезде" (докладчик не указан).

Год второй – 1897: Среди организационных вопросов – составление и утверждение списка членов ТКЛА. Год третий – 1897-1898: Знакомство членов ТКЛА с подлинным текстом жалованной грамоты, данной Тимуром туркестанской мечети Хазрета Ясави. Год четвертый – 1899: Выступление Н.Н.Пантусова, посвященное целому ряду вопросов: "Дворец в Хазараспе", "Киргизское предание", "Могила Танеке Дюсетова", "Могила Чокана Валиханова". Докладчик предлагает также описание фотографически снятых им надписей в местности "Тамгалы-тас". Год пятый –1900: Заслушиваются сообщения Н.Н.Пантусова "Сведения о городе Сунаке"; "Алтып-Эмельская волость Капальского уезда"; "Ущелье Теректы и р. Коксу близ выселка Джангыз-Агача Капальского уезда". Среди организационных вопросов, решаемых в рамках археологического кружка, – "Археология в Закаспийском крае". Год шестой – 1900-01: Н.Н.Пантусовым подготовлен отчет о результатах раскопов "Могила Ак-Там (близ г. Джаркента)". Он же выступает с сообщением "Кегенский арасан". Представляет также интерес (в аспекте краеведения) выступление В.П.Колосовского "В Каратавских горах Чимкентского уезда". В этом же году заслушивается доклад Н.Н.Пантусова "О находке медного котла в Пишкекском уезде". Год седьмой – 1901-02: Н.Н.Пантусов знакомит членов кружка с результатами археологических изысканий "Надгробные христианские памятники в Алмалыке". Год восьмой – 1903: Члены ТКЛА анализируют "Перевод двух ярлыков Сенд-Марали хана"; "Письмена в шитском рисунке с изображением Алия". Среди прочих вопросов заслуживает внимания информация А.Аниховского "Раскопки курганов-могильников в Тургайской области". Год девятый – 1903-04: Члены кружка заслушивают доклады А.К.Кларе, А.А.Половцова, В.А.Каллаурова. Большой интерес вызывает сообщение В.В.Бартольда "Текст первой надписи в Варухском ущелье" и его добавление к заслушанному ранее отчету о поездке в Самарканд летом 1904 г. Год десятый – 1905: Организуется знакомство с Киргизской легендой о постройке Акыр-Таша. Проанализированы протоколы заседаний ТКЛА, подготовлен к обсуждению очерк деятельности кружка за 10 лет его существования (1895 -

1905). Год одиннадцатый – 1907: Н.Н.Пантусов рассказывает о результатах исследования кладбища на реке Кунгей-Аксу. И.Т.Пославский делает сообщение "О находке орудий каменного века", а А.О.Талько-Грынцевич – "О каменных находках в Азии". Год двенадцатый – 1908: В аспекте краеведения особый интерес вызывает сообщение С.Маллицкого "Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Яссавийского в г. Туркестане". Год тринадцатый – 1907-08: Заслушивается сообщение Н.Н.Пантусова "Христианское кладбище у ущелья Зауке".

Сделанная выборка демонстрирует разносторонность научных интересов Н.Н.Пантусова, а проанализированные историко-археологические изыскания позволяют утверждать, что его научная деятельность практически не изучена по ряду объективных и субъективных причин. Историографическая деятельность членов ТКЛА исследуется А.М.Куликовым, Р.М.Валеевым, О.Г.Пуговкиной и др. Но многие имена еще не получили достойной оценки. Среди них и Н.Н.Пантусов – ориенталист, чьи работы, по нашему глубокому убеждению, дают объективный свод фактического материала с достойной профессионального историка и археолога точностью. Научные труды Н.Н.Пантусова освещают целый ряд аспектов истории нашего государства и среди прочих направлений затрагивают вопросы формирования казахстанских этносов, в частности: непростую судьбу диаспоры уйгур, памятники христианам несторианского толка, найденные в Семиречье.

Работа по изучению результатов археологических изысканий Н.Н.Пантусова представляется актуальной по следующим причинам.

1. Тема исследования отвечает задачам, поставленным государственной программой "Культурное наследие", так как определенная часть археологических памятников Юго-Восточного Казахстана изучена и в свое время описана Н.Н.Пантусовым.

2. Историческая наука не располагает специальными исследованиями, посвященными изучению наследия Н.Н.Пантусова. Сведения о нем приводятся лишь в изданиях справочного характера или при описании других личностей, а также в ходе рассмотрения отдельных вопросов исторического и археологического аспектов научных разработок ориенталиста. Такое фрагментарное представление о жизни и деятельности Н.Н.Пантусова не позволяет в полной мере использовать его научное наследие для расширения сведений по археологии и истории Казахстана.

3. Материалы личного фонда Н.Н.Пантусова в Центральном государственном архиве Республики Казахстан являются ценным источником архивного и археологического содержания, введенного до настоящего времени в общеисторический потенциал науки лишь частично.

4. В год 15-летия Ассамблеи народов Казахстана актуальность исследованных Н.Н.Пантусовым вопросов, широта его научных интересов, без сомнения, привлекут внимание исследователей и могут быть оценены как весомый вклад ученого в работу по успешному развитию казахстанской модели межэтнического согласия.

Перспективная *цель исследования* заключается в изучении археологической деятельности Н.Н.Пантусова, анализе его научных изысканий как достоверных источников по истории и археологии Казахстана, объективной оценке его вклада в казахстанскую науку.

Сформулируем основные направления планируемого изыскания.

1. Поиск и систематизация биографических сведений о Н.Н.Пантусове. 2. Сбор и изучение эпистолярного наследия Н.Н.Пантусова. 3.Анализ работ Н.Н.Пантусова, определение основных направлений его изыскательской деятельности с учетом состояния их изученности в современной науке. 4. Оценка значимости научной деятельности Н.Н.Пантусова в деле изучения археологии, истории Юго-Восточного Казахстана и отдельных казахстанских этносов. 5. Анализ источниково-историографических и археологических исследований, подготовленных с использованием фактов из научных работ Н.Н.Пантусова.

Последнее направление связано с изучением публикаций историков и археологов А.Б.Никитина, Э.М.Исмаилова, Л.А.Чвырь, В.В.Гайко, А.В.Жука, Д.О.Плахуты и др.

Вопросы, связанные с описанием основных этапов биографии Н.Н.Пантусова и подробной характеристикой его научной деятельности в период пребывания в Средней Азии в качестве чиновника Семиреченской администрации, будут изучены путем всестороннего и глубокого анализа сведений о Н.Н.Пантусове и его научной деятельности, имеющихся в материалах фондов: канцелярии Туркестанского генерал-губернатора; Сырдарьинского областного правления; Туркестанского кружка

любителей археологии; Туркестанского народного музея Центрального государственного архива Республики Узбекистан; личного фонда Н.Н.Пантусова в Центральном государственном архиве Республики Казахстан.

Представляется, что значимость данного исследования в теоретическом и научном плане обусловлена необходимостью тщательного изучения публикаций Н.Н.Пантусова, тех трудов, на которые ссылается объект нашего исследования, а также тех научных работ, в которых имеются ссылки на его труды. Практическое применение собранный материал сможет найти при написании учебных и учебно-методических пособий по истории, археологии и этнологии Казахстана для средних и высших учебных заведений. Изложенные в работе новые сведения и факты найдут применение при составлении лекций на факультативные и элективные курсы по истории, археологии и этнологии Казахстана.

В освещении темы акцент будет сделан не только на описание вклада Н.Н.Пантусова в изучение археологии Казахстана, но и на раскрытие необходимости использования дости-жений предшествующих поколений ученых для эволюции современной исторической науки.

* * *

Мақалада автордың Түркістан археология жанкүйерлер үйірмесінің (1895-1917жж.) мүшесі – Н.Н. Пантусовтың еңбектерінің тарихи-археологиялық маңыздылығы туралы көзқарасы ұсынылады.

* * *

The article suggests the author's idea of the historic-archeological importance of N.N. Pantusov's works, who was an honorable member of the Turkistan Archeology Fans Society.

М. Қожа, Е. Есжан

М.Е. МАССОННЫҢ ТАРАЗ АЙМАҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

1927 ж. М.Е. Массон Әулиеата айналасындағы аймақты тарихи-археологиялық және тарихи-топографиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеуінің басты нәтижесі тарихи әдебиетте аталатын байырғы Тараз қаласының орны қай жерде деген сұраққа жауап берді. Тараз қаласының қалдықтары, ғалымның пікірінше, Әулиеата қаласы орнында болған. М.Е. Массонның осы қорытындысы, өкінішке орай, ғалымның өзі жазған ғылыми мақалада емес «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитетінің» атқарған есебінде жарияланды [1]. Аса қысқа жазылған хабарламада үш нәтиже алынғаны айтылады. Біріншіден, тарихи әдебиетте б.з. VI ғ. белгілі Тараз қаласы Әулиеата қаласы орнында болғанына көзіміз анық жетті делінген. Бұған қоса байырғы қамал орны, халық тығыз тұрған қала бөлігі мен қала шетіндегі үш қатар қабырғамен қоршалған аймақ шекаралары, тарихи әдебиетте XIII ғ. аталатын көне көпір орны анықталды делінеді [1, с. 268]. Екіншіден, көне керамикалық зауыт орындары, зороастрлық, христиандық және мұсылмандық мазарат орындары, жер асты жолы және 1261/2 ж. құлпытасы табылғаны айтылады. Үшіншіден, байырғы Тараз аумағының түрлі жерлерінде жүргізілген барлау жұмыстары барысында келесі археологиялық материалдар алынды: а) құрылыс және сәулеткерлік материалдар алынды, әсіресе, қаланың бастапқы дәуіріне жататын қаптама плиткалар аса қызықты; б) ислам діні келмей тұрған дәуірге жататын қыш ыдыс үлгілері, мұсылман дәуірінің XIV ғ. дейінгі шыны, қыш және тас ыдыс үлгілері; в) алғаш рет ыдыс ішінде ешбір қозғаусыз жатқан адам мәйіті аршылып тазаланды. Сонымен, М.Е. Массон көлемі жағынан Тараздан көп есе артық қала айналасындағы жерлерді қоршап тұрған екі сыртқы қорған іздерін және Талас өзенінің оң жағалауында Акбулум деген жердегі сыртқы үйме жал қалдықтарын анықтады [1, с. 268 - 269].

1925 ж. В.В. Бартольд зерттеушіге тарихи деректерде аталатын Талас өзеніні үстінен салынған ортағасырлық көпір орнын анықтауды

тапсырады. Бұл өзен жағасы құм мен тастан тұрғандықтан тез опырылып бас арнаның бағыты, жағалаулар сұлбасы тез өзгеріп отыратынына ғалым назар аударады. Оның байқауынша Әулиеата ауданында өзен жинаған тас қабаты 1 м, оның асты құм, одан төмен саз орналасқан. М.Е. Массон Әулиеатадан Үш күркі деген жерге дейінгі жерлерді қарап шығып ортағасырлық көпір салу үшін ең ыңғайлы орын - Әулиеатадан оңтүстік-шығысқа қарай, Талас өзені бойы жоғары теміржол көпірінен 1,5 км қашықтағы, Солдатское (бұрынғы Гродеково) елді мекенінен 1,5 км қашықта, Бесағаш қалашығынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан аймақ деп тапты. Бұл орында тастан тұратын Тектұрмас жотасы төмендей келеді және оң жағалауда аса биік емес. Нақ осы жерде XIX ғ. бірінші жартысында қоқандықтақтар үстем құрған кезде көпір болған екен. Орыс әскерлерінің келуіне орай оны қоқандықтар өздері бұзып тастаған. 1913 ж. қоғамдық қаражат есібінен осы жерде көпір салынған екен.

1925 ж. М.Е. Массонның күнделігі бойынша осы жердегі Талас өзені ені 24 қадам екен. Өзеннің оң жағалауында көпірге барар жолда ауданы 40 х 40 қадам бекініс орны бар деп жазады ғалым. Жергілікті халық зерттеушіге Талас өзені үстінен бірнеше көпір болғанын айтады [2, с. 42 - 43]. Көпірдің нақ осы жерде болғанын кейінгі зерттеушілер қолдады [3, 93 б.].

М.Е. Массонның 1928 ж. «Ескі Сайрам» атты мақаласында Әулиеата қаласына жақын жерде орналасқан Бесағаш қалашығынан 1898 ж. табылған тас ұстын қысқаша сипатталады [4, с. 29]. Ғалым оны Сайрамдағы тас ұстынмен салыстыра отырып «кейінгі заманға жатады» деп жалпылама көрсете салды. Кейін мұны ортағасырлық сәулет өнері тарихының білгірі Г.А. Пугаченкова нақтылап, оның қарахандық дәуірге жататындығын көрсетеді [5, с. 43].

Бесағаш қалашығы қазіргі қай қалашыққа сай келеді деген сұрақ орынды. Өкінішке орай, «Жамбыл облысының ескерткіштер жиынтығында» Бесағаш қалашығы көрсетілмеген. Бесағаш қалашығы Т.Н. Сенигованың «Ортағасырлық Тараз» атты кітабында да аталмайды [6]. Бесағаш қалашығының орнын анықтауда біз М.Е. Массонның 1978 ж. «Орта Азияның бұрынғы көпірлері» атты зерттеуіндегі Тараздың атақты тас көпірі орны жөніндегі мына сипаттамаға сүйендік: «Осмотрев ряд пунктов на протяжении от Джамбула до Уч-Курки, я пришел к заключению, что лучшее место для средневекового моста расположено к юго-востоку от тогдашнего Аулиеата, в 1,5 км от железнодорожного моста, выше по течению Таласа, к северо-востоку от городища у Бешагача и в 1,5 км от селения Солдатское (б. Гродеково)» [2, с. 42 - 43].

Біз қарастырған аймақта «Жамбыл облысының ескерткіштер жиынтығында» № 178 деп белгіленген VI-XII ғғ. жататын Жалпақтөбе қалашығы бар [7, 140 б.]. Бесағаш елді мекені қасында тек осы қалашық бар. Осыған орай, біздің пікірімізше, М.Е. Массон еңбегінде аталатын Бесағаш қалашығы № 178 деп белгіленген Жалпақтөбе қалашығына сай келеді. Және Тектұрмас қасындағы тас көпір орны осы қалашықтан қарағанда солтүстік-шығыста орналасқан.

1928 ж. Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитетінің хабарларына қарағанда М.Е. Массон Тараз қаласы орнынан Ташкенттегі Ортаазиялық музейге құрылыс және сәулеткерлік материалдар үлгілері, мұсылманға дейінгі және XIV ғ. дейінгі мұсылмандық ыдыс үлгілерін, алғаш рет табылған мата үлгілерін, тағы басқа заттарды алып келген [1, с. 274].

Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған «Перечень полевых, экспедиционных и стационарных работ археологического порядка, осуществленных с 1918 года М.Е. Массоном» деген қағазда ғалым 1927 ж. Тараз бен Бесағаш қалашықтарын зерттеумен қатар Айшабибі кесенесін зерттегенін жазады. Өкінішке орай, М.Е. Массонның осы кесене жөніндегі зерттеуі жарияланбады, оның қолжазбасы қайда жатқанын анықтай алмадық.

М.Е. Массонның 1950 ж. Г.А. Пугаченковамен бірге жазған «Гумбез Манаса» атты кітабында Тараз ескерткіштері мен аймақ тарихына қатысты көптеген мәліметтер береді. Ақыртас жөнінде қырғыздардың аңызын берген. Онда Ақыртасты Манас пен оның баласы Семетей салған екен. Ұлы таудан тас лақтырса әкесі тастарды өңдеп қалаған екен. Аңызда Манас қайтыс болғанша осы құрылыста тұрыпты [8, с. 9]. Талас аймағының тарихына қатысты М.Е. Массонның мына пікірі назар аударарлық: Жоңғар мемлекетін қытайлықтардың талқандауынан соң XVIII ғ. екінші жартысында Ферғанадан Талас аңғарына «сол» қанатына жататын қырғыздар көшіп келген [8, с. 57].

Кітаптың алтыншы тарауында ғалым құрылыстың кейінгі тарихын реконструкциялайды. Оның ішіне кейінгі мәйіттерді жерлеу жүргені, сыртқы жөндеулер, келушілер ара-

сында қырғыздармен бірге қазақтардың болғаны айтылады. Мысалы, Ұлы жүз ішіндегі Ботпай руы таңбасының болуы оның бір айғағы болып табылады [8, с. 56]. Кітапта Өзбекстан тарихи музейінен Бабаджи-хатынның жалпы көрінісі, фасад, Айша бибі кесенелерінің суреттері, М.Е. Массонның жеке архивінен Қарахан кесенесінің фотосуреттері берілген.

1. Умняков И.И. Археологическая и ремонтно-реставрационная работа Средазкомстариса в 1927 г. // Известия Средазкомстариса, в. III, Ташкент, 1928, С. 268-269.

2. Массон М.Е. Среднеазиатские мосты прошлого и проблема их изучения.Ташкент, 1977.

3. Проскурин А.Н., Тұяқбаева Б.Т. Тас көпір // Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы, 2002. 93б.

4. Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия Среднеазиатского комитета по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. Ташкент. 1928, с. 23 - 42.

5. Пугаченкова Г.А. О резных деревянных колоннах XIV-XV вв. в г. Туркестане // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия архитектурная, Вып. 1. 1945. С. 40 - 53.

6. Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 218 с.

7. Байпақов К.М. Жалпақтөбе (Жикиль) қаласы // Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы, 2002.

8. Массон М.Е., Пугаченкова Г.А. Гумбез Манаса. Москва, 1950.

* * *

В статье анализируются исследования известного археолога М.Е.Массона о памятниках Тараза.

* * *

M.E.Masson.s researches Ancient City of Taraz are analyzed in the present article.

Ержан Есжан

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ М.Е. МАССОННЫҢ КЕҢЕСТЕРІ

Тарихи-мәдени және рухани мұраларымызды түгендеп, есепке алып, зерттеп, дәріптеу егемендік алған соң ғана кең көлемде қолға алынып жаңа дәрежеге көтерілді. Осымен қатар тоталитарлық жүйе кезінде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи-мәдени мұрасын бағалай білген, оларды зерттеп танытқан археологтар болды. Атақты Ә.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам сияқты ғұлама-ғалымдардан да бұрын Орталық Азияның археологиялық ескерткіштерінің тарихи құндылығын бағамдай білген, кеңестер кезінде қазба жұмыстарымен алғаш айналысқан, көптеген тарихи және археологиялық жәдігерлерді тапқан Михаил Евгеньевич Массон (1897 – 1986 жж.) болды [1]. М.Е. Массон ғылыми кадрларды тәрбиелеуге көп үлес қосты. Қазақ археологиясының атақты мамандарының бірі - Х. Алпысбаев М.Е. Массонның шәкірті еді.

М.Е. Массонның қызметін, оның зерттеулерін, көзқарастарын, тұжырымдарын саралау Қазақстанның археология ғылымы үшін аса маңызды. М.Е. Массонның ғылыми тәсілдерін және оның археология ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтау өзекті тарихнамалық міндет болып табылады.

М.Е. Массон археологиялық қазу методикасына ерекше көңіл бөлді. Кеңестік дәуірде Орта Азияда алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген ол ортаазиялық ескерткіштерді археологиялық қазудың бұрынғы траншеялық қазу тәсілінің жарамсыз екенін түсініп, қазба жұмыстарын кең көлемде жүргізу қажеттілігін ұсынды және солай қазды [2, с. 44]. М.Е. Массон Ұлықбек медресесінің іргесіне салынған шурфтардың кесінділерінің сызбаларын жасады. Әрбір тереңдіктен алынған зат шифрленіп белгіленіп отырды [3, с. 36]. Ол ұйымдастырған экспедициялар - кешенді болды, экспедициялардың далалық және камералық жұмыстарына түрлі маман иелері тартылды [4, с. 3].

Ертедегі қалаларды осы тарихи-топография тұрғысынан зерттеуге М.Е. Массон өзінің бар ғұмырын арнады. Осы мәселені болашақта зерттеуге әрекет ететін іздемпаздарға өзінің жарты ғасырлық тәжірибесімен, кейбір ойларымен бөлісті.

«Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстандағы байырғы отырықшы мәдениет аумағындағы ортағасырлық ескерткіштерді тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеу» атты мақалада болашақ зерттеушілерге мынадай ескертпелер келтіреді:

1. Байырғы отырықшы мәдениет тараған Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның аудандарының даму кезеңдерін анықтау үшін ең алдымен осы аудандағы ірі елді мекендер тарихын, ең болмағанда жалпылама тарихын тану қажет.

2. Зерттеушілер міндетті түрде алдын ала осы аудан жөнінде барлық жазба деректердегі мәліметтермен танысуы тиіс.

3. Аудан тарихы жөнінде түсініктер мүмкіншілігінше кең болуы тиіс. Онда қазіргі және бұрынғы табиғи орта, географиялық, экономикалық жағдай қамтылуы керек. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу әдебиеттегі мәліметтермен қатар жергілікті өлкетану әдебиетіндегі мәліметтер де қамтылуы қажет. Археолог ауданның зерттелу тарихымен жете таныс болуы қажет [5, с. 5 - 6].

4. Аудан тарихын немесе археологиялық тарихын тануда оның бастапқыдағы жағдайын анықтаумен қатар оның келесі кезеңдердегі тіршілігін (қаңырап қалуын, бұзылуын, басқа мақсатта пайдалануын және басқа да болған өзгерістерін) анықтауға ұмтылу қажет. Кең түрде жергілікті тұрғындардан нысаналар жөнінде аңыз әңгімелер, олардың атауларына қатысты түсініктер сұрастырылуы қажет.

5. Ауданды зерттеудегі басты мақсат оның тарихын тану болып табылады. Осы мақсатта кешенді археологиялық экспедицияның жұмыс жасағаны орынды. Алайда мұны атқару таяу арада мүмкін емес болғандықтан әрбір экспедиция міндетті түрде нақты белгіленген міндеттерімен қатар кездесетін барлық дерлік заттық мәдениет ескерткіштерін сипаттап отыруы қажет.

6. Барлау барысында тек ірі қалашықтар, шағын елді мекендер мен сәулет ескерткіштері, ескі кен орындары , арықтар мен жол іздері ғана емес одан да майда нысандар да алдын ала тіркеуден өтуі керек. Мысалы, қыштан, тастан жасалған қабір белгілері - эпитафиялар. Орта Азия мен Қазақстанның эпиграфикасы әлі де даму басында тұр. Кездейсоқ табылған археологиялық нысаналар, әсіресе, арабтардың Орта Азияны жаулап алмай тұрғандағы тиындары жөнінде мәліметтер жинауы керек [5, с. 5 - 6].

7. Ортағасырлық сауда жолдарын зерттеуді қолға алу керек. Негізге «арабтардың жолсеріктерінің» мәліметтері алынуы тиіс. Жолдардың бағыттарын, олардың қауіпсіздігі қалай қамтылғанын аңғару керек.

8. Кез-келген жаңа нысананы қазбас бұрын оның археологиялық микрорельефін, мүмкін болған жерде шөптерімен археолого-топографиялық түсірілім жасалуы тиіс. Бұл, әсіресе, қалашықтар үшін маңызды. Аталған тәсіл арқылы негізгі көшелерінің сұлбаларын, базары мен қолөнершілер орамдарын, байлар тұрған орамдарын болжау керек. Қазудың траншеялық тәсілін қолдануға тыйым салынады. Алғашқы маусымдық шағын стратиграфиялық шурф салып, төменгі мәдени қабаттардың орналасуын анықтау керек. Ұзын қорғанды қалашықтардың қорғаныс белгілерін зерттеу ерекше тақырып болуы керек. Мұсылмандық мазараттар да зерттелуі тиіс.

9. Көп жылдық зерттеудің бір кезеңінде әр кезең бойынша археологиялық материалдар кестелерін жасау керек. Жинақтар құрастырып, оған зерттелген ауданның тарихи географиясын, археологиялық топографиясын және археологиясын танытатын зерттеулер енгізу керек.

10. Әрбір ауданның өз ерекшелігі барын ескеріп, оларды зерттеу бағдарламарының да әртүрлі болатынын ескеру қажет. Археолог-тармен қатар басқа да сала мамандары тартылуы керек [5, с. 5 - 8].

«Орта Азия қалаларының тарихи топографиясын зерттеу мәселесіне» деген М.Е. Массонның еңбегінде жас зерттеушілерге келесі кеңестер беріледі:

1. Байырғы Орта Азия қалаларының тарихын зерттеуші түркістандық зиялылар оның сол кездегі жағдайынан бастап өткеніне қарай бойлайтын. Олар бақылауларында жергілікті, көнекөз қарияларының түсіндірулеріне назар аударды. Бұл қалалық мекендер аймағындағы жеке бөліктердің үлес салмағы өзгеріске ұшырауын дұрысырақ түсінуді қамтамасыз етті. Орта Азияда жеке қалалар мен тұтас аудандарда кешенді тарихи - археологиялық зерттеу жүргізу басты міндет болып табылады. Алдын ала барлау жұмыстарының өзінде бір дәуір нысаналарын бөліп-жарып алмай, олардың негізі қаланғанынан бастап соңғы уақытқа дейінгі заттық мәдениет ескерткіштерінің барлық үлгілерін зерттеу қажет [6, с. 101].

2. Қалаларды зерттеуде өлкетануға қатысты XIX ғ. екінші жартысынан бастап Кеңес мемлекетінің алғаш құрылғаннан кейінгі 10-15 жылда жазылған әдебиетті назарда ұстау қажет. Бұны білу Орта Азияның өткені жөніндегі ғылыми ізденістер туралы қате пікірлерге ұрынбауға және нақты нысаналардың зерттелу тарихын толығымен қамту үшін қажет. Алдынғы зерттеушілердің еңбегі соншалықты ауқымды болмаса да көрсетілуі, бағалануының

арқасында жаңа авторлардың қосқан үлесінің көрінуі, айғақтануы тиіс.

3. Археологиялық-топографиялық зерттеулерде қаланың «үш бөлшекке жіктелуі» ұғымы айтарлықтай ықпал етуде. Әсіресе, 30-шы жылдардағы барлау жұмыстары және жартылай камералық жұмыстар, бұған қарама-қайшы фактілер берді. Рабадтардың аумағында шахристанның қасынан салынған қабырғалармен қоршалған жеке қала типтес территорияларды М.Е. Массон өзінің түсірген жоспарларында шартты түрде «шахристан П» деп белгіледі. «Мұсылман заманына дейінгі кезеңге» жататын қалалардың табылған соң, әсіресе, XX ғ. 30-шы жылдардың аяғында қалалардың үш бөлшекті құрылысының топографиялық схемасына сыймайтындығын дәлелдейтін көптеген айғақтар жинақталды. Бұл, әсіресе, құлдық қоғамның өзінде топографиялық қаңқасы қалыптасқан және феодалдық кезеңнің осы елді мекеннің құрылымына ықпал еткені қала жоспарларын түсіргенде көрініп тұрады. «Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы» деген арнайы курсты оқуда М.Е. Массон нақты дәлелдер мен қалалардың жоспарын анықтауда совет заманына дейінгі В.В. Бартольдтың қала топографиясына қатысты ортағасырлық қаланың дамуы жөнінде белгіленген тұжырымдары барлық ортаазиялық қалалар үшін, әсіресе, ұзақ уақыт өмір сүрген ірі қалалар үшін бірдей қағида бола алмайды деп көрсетті. Далалық жағдайда ортаазиялық қалалардың дамуын зерттейтін болашақ археологтар Хорезм, Оңтүстік Түркменстан және Өзбекстанда шахристаны жоқ ортағасырлық қалалар құландыларының барын және бұл араб деректерінің мәліметтерімен қошталатынын ескеру қажет.

4. Қалалардың тарихи топографиясын зерттеудегі ең басты міндеттердің бірі мүмкіншілігінше дәл қоршалған қала бөлшектерінің рөлі мен қызметтерін анықтау. Бұл үшін кешенді түрде түрлі жазба деректердің, топографиялық түсірілімдердің мәліметтерін, археологиялық стратиграфия және археологиялық микрорельефке жасалған байқаулар тартылуы қажет [6, с. 104 - 106].

5. Нысаналар сан алуан үлгіде болуы және сақталуы тұрғысынан әрқилы болуы ортақ далалық ізденістер үшін «Қаланы археологиялық тұрғыдан зерттеудің ортақ тәсілі» деген қағиданы шығаруға мүмкіндік бермейді. Алайда жас археологтардан қалашық үстінде қазба жұмыстары басталмай тұрып және қазба жұмысы барысында байқаулардың жаңа тәсілдерін іздестіруді талап ету орынды. Ізденіс тәсілдерін аудиторияда емес «далалық жұмыстар» барысында үйрену қажет. Ең басты археолог жылдам және қатесіз далада адам баласының қолымен жасағанын, не оның табиғи дүние екенін ажырата білуі тиіс. Мысал ретінде самарқандық Дарғомды айтуға болады. Кейбір археологтар жылдар бойы оны адам қолымен қазылған канал деп санап мүмкіншілігі келген жағдайда арнайы экспедициялар жасақтады. Шындығында, Даргом Зеравшан өзенінің байырғы өзгермелі өзектерінің бірі еді. Оның бұрын су аққан екі жағалауындағы байырғы өзектерінің қалдықтары негізінде қазіргі жоспардағы «меандр тәрізді» арнасы пайда болған [6, с. 110].

6. Ортаазиялық қалалардың тарихи топографиясымен айналысқанда осыған байланысты нумизматикалық мәліметтерге көбірек назар салу қажет [6, с. 113 - 114].

7. Болашақта жалпы күллі Орта Азияның немесе жеке аудандарының тарихи топографиясымен айналысатын зерттеуші-археологтар өзінің алдындағы ғалымдардың атқарған жұмыстарын пайдаланғанда міндетті түрде қай нүктелерді өздері көріп зерттегенін, ал қай нүктелерді жарияланған әдебиеттегі мәліметтерді немесе басқалардың байқауларын пайдаланғанын арнайы айтып отыру тиіс. Әдебиеттерді пайдаланғанда 20-30 жыл бұрынғы немесе кейінгі бір авторлардың еңбектерін пайдаланған қажет. Себебі, кейінгі анықталған фактілердің негізінде өзгерістер енгізіліп отырылады. Біреудің сөгуінен орынды жасалған сілтеме құтқарады [6, с. 114].

8. Байырғы заманда қолданған және олардың нақты өлшемдері белгісіз, жазба деректерде келтірілетін сандар негізінде жасалған есептерге аса сақ көзбен қарау керек. Көп жағдайда болжамды есептерді математикалық тұрғыдан қайта тексеруге, оларды негіздеу үшін қосымша дәлелдер іздеп уақыт кетіру қаншалықты қажетті екенін салмақтап ойланып алу қажет. Одан қайта жазба деректерден өзге, тексеруі негізделген басқа мәліметтер тапқан оңай [6, с. 116].

9. Зерттеуші-археолог қала қабырғалары барлық жағдайда қала құрылыстары мен шаһар тұрғындары алып жатқан қала аумағын анықтай алмайтынын есте сақтауы керек. Жайлы жағдай болып қала қорғандары салынған уақытта немесе көп уақыт өтпеген кезде сәйкестік болады. Елді мекен қасында бос жер болған жағдайда оларды есеппен қала өсімін ескеріп қабырғамен қоршап отырған. Көп жағдайда көпғасырлық бір жердегі қалалық тіршілік оның қала қабырғалары шекарасынан асып отырды. Ірі дағдарыстар мен қаңырап қалу кезеңдерінде

қабырға жалдары жайылып өз орнында қала береді де тіршілік аймағы қатты қысқарып тарылады. Қала халқының санын анықтауда қабырға маңызын асыра бағалауға болмайды. Жобамен дұрыс түсінік алу үшін нысананы жоспарлы стратиграфиялық зерттеу жүргізу қажет. Қала іші мен сыртында барлық мәдени қабаттарды қамтыған мүмкіншілігінше көп барлау шурфтарын салу керек [6, с. 120 - 121].

Осы айтылған тәсілдердің арқасында, әсіресе, жәдігердің тіршілік еткен мезгілін анықтауда, күрделі нысаналардың алғашқы қызметін белгілеуде, зерттеліп жатқан ескерткішке жазба деректерден алынған мәліметтерді сәйкестендіруде жасалған тұжырымдар айғақты, аса сенімді болып шығады.

1. Пугаченкова Г. Михаил Евгеньевич Массон - основатель среднеазиатской археологической школы. Ташкент: Университет, 1995.

2. Массон М.Е. Три эпизода, связанные с Самаркандскими памятниками старины. Общества охраны памятников истории и культуры Узбекистана. Ташкент, 1972.

3. Массон М.Е. Падающий минарет. Ташкент: Узбекистан, 1968.

4. Массон М.Е. Работы Термезской археологической экспедиции (ТАКЭ) 1937 и 1938 гг. // Труды Академии наук УзССР, серия 1, Термезская археологическая экспедиция, II, Ташкент, 1945. с. 3 - 9.

5. Массон М.Е. Историко-археологическое обследование средневековых памятников на территории районов древней оседлой культуры Средней Азии и Южного Казахстана // Средневековые города Средней Азии. Тезисы к совещанию в г. Фрунзе 24-29 ноября 1970 г. Л., 1970.С.5-8.

6. Массон М.Е. К проблеме изучения исторической топографии среднеазиатских городов // Культура Туркмении в средние века. Труды ЮТАКЭ, т. XVII. Ашхабад, 1980. с. 100-124.

* * *

В статье анализируются работы известного археолога М.Е.Массона о методике археологического исследования.

* * *

M.E.Masson.s researches of archeology are analyzed in the present article

Ә. М. Манапова

Ә. Х. МАРҒҰЛАН ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Соғыстан кейінгі жылдарда Ә.Х. Марғұланның негізгі ғылыми зерттеу жұмысы көне мәдени ескерткіштерге өте бай, бірақ шын мәнінде әлі толықтай зерттелмей келген Орталық Қазақстанмен тікелей байланысты болды.

Орталық Қазақстан еліміздің көрнекті аудандардың бірі болып саналады, тарихи мәдени ескерткіштермен де әйгілі. Бұл атырапта ежелден бері жаңа заманға дейін мекендеген халықтар туралы антикалық және орта ғасырлық тарихи жазба ерекшеліктерде ешбір мағұлыматтың жоқтығы белгілі. Сондықтан бұл кең тараптың зерттелмегендігі және ол туралы тарихи көне жазба деректердің болмауы қазақ даласында көне өркениет ошақтарының болуы мүмкін емес, тіпті тіршіліктің өзі мұнда өткінші сипатта болды деген сияқты теріс теорияның қалыптасуына себеп болды/1/. Ә.Х. Марғұлан ертедегі және орта ғасырдағы жазба деректерді жетік білгендіктен, ол осынау тарихи әділетсіздік пен олқылықтың орнын археологиялық ізденістер толықтырар деп шешті.

Негізінен археология секторы 1945 жылы Қаз ССР ҒА - ның тарих, археология және этнография институтының құрамында ұйымдастырылды. 1946 жылдың шілде айына дейін секторда басқарушы Ә. Марғұлан мен Жамбыл археологиялық пунктінің ғылыми қызметкері Г.И. Пацевичтен өзге ғылыми қызметкер болмады.

Есепті жылдың бірінші жартысы археологияның әр түрлі саласынан мамандынған ғылыми кадрлармен толықтырумен өтті. Осы мақсатта сектор Москва және Ленинградтың ғылыми мекемелерімен, сонымен қатар жеке ғалымдар С.В. Киселев, Б.Н. Граков, К.В. Сальников, С.И. Руденко және т.б. байланыста болды. Осы байланыстардың негізінде сектор кадр іріктеу және ғылыми зерттеу жұмыстарын қалыптастыруда жетістіктерге жетті. Сектордың негізгі жеткен жетістігі Қазақ ССР ҒА-ның мүше-корреспонденті Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен жүргізілген Қазақстанның ауданда-

рындағы археологиялық экспедицияның қорытындылары.

Ғылыми кадрлардың жоқтығына қарамастан, есепті жылы сектор алдына қойған жоспарынан артық іс тындырды.

Осы 1946 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды.

Алғашқы жылғы археологиялық экспедицияның алдына қойған мақсаты барлау жұмыстары болды, мұнымен қатар археологиялық қазба жұмыстары да жүргізілді. Алашаханның, Жошыханның мүрделері, ерте қыпшақ мүрделері ашылды/2/

Бұдан 3000-3500 жыл бұрын Қазақстан өзіндік ажарлы мәдениеттің орталығы болғандығын дәлелдеп өмірге алғаш әкелген Әлкей Хақанұлы Марғұлан болды/3/. Бұрын отырықшылық мәдениет пен қалалық өркениет Сырдария, Талас өзендерінің алабында, Шу өзенінің жоғарғы ағысында ғана деп есептеліп келген еді. Ә.Х.Марғұлан Орталық Қазақстанды алғашқы жылғы зерттеу нәтижелерінің өзінде-ақ ғылымда қалыптасқан тұжырымға түзету енгізді. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанды көшпенді және отырықшы тұрғындардың мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының тығыз байланыста болғандығы жөнінде жаңа мәліметтер табылды.

Әр жылдары өте кең территорияны Қаратаудың солтүстік беткейін, Шу өзенінің төменгі етегін, оңтүстігінде Сарысуды, шығысында шыңғыс тауын, Нұра өзенінің етегі және солтүстігінде Қорғалжын өзенінің жағасын, батысында Илек, Сағыз, Ембі өзендерінің бассейнін қамтыды. Мұннан неолит дәуірінің тұрағын, беғазы –дәндібай және андрон мәдениетінің зираттары мен елді мекендерін, халықтардың ұлы көші кезеңі мен ерте көшпенділер ескерткіштерін, тас ескерткіштер мен тасқа салынған суреттер, ирригациялық құрылыс пен ежелгі керуен жолдарын, YIII-X ғасырлардағы тастан жасалған архитектураның ескерткіштері және орта ғасыр қалаларын, XIII-XIYғ. мавзолейлер мен XIY-XIX ғ. қазақ күмбездерін ашты/4/.

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Орталық Қазақстанның ерте тарихының неолиттен бастап ерте темір дәуіріне дейінгі әр кезеңін зерттеді.

1946 жылғы зерттеу Мойынты, Сарысу өзендері бойымен, Бетпақ-даладан Ұлытау тауына дейігі кең алқапты, Торғай, Жіліншік өзендерінің жоғарғы ағысын, Кеңгір, Жезді, Байқоңыр мен Бұланты өзендерінің өңірін қамтыды/5/. Сарысу өзенінен неолиттік Бөрібас I,II тұрағы төбесінде жабайы ат, бизон, барыс бейнеленген Теректі-әулие үңгірі тұрағы/6/ табылды.

Жезқазғанда темір мәдениетіне дейінгі адам мүрдесі зерттелді. Ал Ұлытаудан қола дәуірінің бір топ ескерткіштері Жанайдар, Тоғызбай-күл, Айбас Дарасы, Едіге, Ұлытау елді мекені, Жанғабыл ашылды. Қара Кеңгірден ғұн қорғандары табылды.

Келесі жылы экспедиция өз жұмысын Шығыс Бетпақ -даланы, Қарағанды облысының оңтүстік шығыс және оңтүстігін, солтүстік Балқаш бойы мен Жаңа Арқа, Шет, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарын барлаумен жалғастырды. Барлау барысында Сарысу, Нұра, Ишим, Тоқырауын өзендері бойынан көптеген қола дәуірі ескерткіштері табылды. Қызыларай I,II, Беғазы I, II, III, Саңғыру I, II, III, Айбас Дарасы, Ақсу Аюлы I, II, Аққойтас, Ортау I, II, III, IY, т.б. комплекстері зерттелді,

Орталық Қазақстанның ертедегі малшылары мен металлургтерінің тұрақтары мен елді мекендерін зерттеу де жоғары дәрежеде болды. Сонымен қатар неолит пен қола дәуірінің көптеген тасқа салынған суреттері табылды. Бұлардың ішінде ерекше қызықтыратындары Бетпақ даладан, Шерубай нұра, Сарысу өзендерінен, Ұлытаудан кездесті/6/.

1947 жылы кіші плиталы Беғазы мавзолейі зерттелді, ал 1948 жылы кіші плиталы 2-3 мавзолейлері ашылды. Әлкей Хақанұлымен бірге осы 1948 жылы Москва Университетінің археология кафедрасының студенті Л.Р.Кызласов болды. Ол Марғұлан жайында жазған өзінің мақаласында Әлкей Хақанұлын үш қырынан көрсетеді біріншісі және негізгісі туған жеріне және өз халқына берілгендігі, екіншіден ғылымға берілгендігі, үшіншіден барлауға барынша тырысуы. Сонымен қатар сағаттар бойына жүре алатын «тума талантты шабандоз»/7/ еді деп есіне алады.

1949 жылы Ақшатау тауы мен Шерубай Нұра өзенінің құймасы, Соқыр өзенінің өңіріндегі қола дәуірінің ескрткіштері зерттелді.

1951 жылы Көрпетай тауының солтүстік Батыс және шығысында Нұртай өзенінің шығыс жақ аңғарында орналасқан Былқылдақ I, II, III, Қарасай, Темірастау, Қарабие қорғандарында зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1952 жылы Атасу ме Шерубай Нұра өзенінің жоғарғы жағында өз жұмысын бір жүйеге келтіріп, бірінші рет ғылыми зерттеу обьектісін жасады.

Осы 50 жылдары археологиялық экспедицияны басшылыққа алып жұмыс істеудің өзі Әлкей Хақанұлына оңайға түскен жоқ. Барлық

халқымыздың алдыңғы қатарлы азаматтары сияқты Әлкей Хақанұлы Марғұлан да репрессия толқынына тап болды. Осы кезеңдерде орган қызметкерлерінің бақылауында, өз қызметтестерінің сынағында болды. Бірнеше жыл жұмыссыз жүрді. Жас кезінен таңдап алған ғылым жолына әрқашан да адал болды/8/.

Әлкей Хақанұлы көп жылғы археологиялық зерттеу негізінде орталық Қазақстанда қола дәуінде жоғарғы дәржеде металлургия оның ішінде мыс, қола және тағы басқа да түсті металл өндіру дамыды деп көрсетті. Мұның куәсі көптеген молалар мен мавзолейлер архитектура ескерткіштері, тұрғын үйлері құрылысы, қыш және тас ескерткіштері, темірден және сүйектен жасалған заттар, металл балқытатын орындар.

Табылған ескерткіштер орта қола дәуірінен соңғы қола дәуіріне, ХШ-ҮШ ғғ. б.э.д., содан кейін соңғы қола дәуірінен ерте темір дәуіріне, ҮШ - ҮП ғғ. б.э.д. өту кезеңіне келеді. Б.э.д. II-I ғғ. зерттеу Орталық Қазақстанда көптеген ескерткіштерді Айшырақ, Егізек, Беласар, Балакүл болды, Байбала, Беғазы, мавзолей Бұғылы, Саңғыру, Айбас-Дарасы, Дәндібай, Былқылдақ, Кентті ашты.

Қола дәуірінің немесе Беғазы- Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері шығысы Абралы тауымен Шыңғыс жотасынан батысы Ұлытау тауына дейін созылып жатыр. Орталық Қазақстанның қола дәуірін айғақтайтын этап ескерткіштері өзіндік ерекшеліктерімен бөлініп көрінеді, бұл бізге дейін жеткен алғашқы монументалды құрылыс (ХП-Х және Х-ҮШ ғғ. б.э.д.)/9/ деп керсетті Ә.Х. Марғұлан.

Мұнымен қатар Ә.Х. Марғұлан көптеген металлургия ескерткітерін ашып көрсетті. Бұлар Жезқазған, Саяқ, Алабұға, Үрпек, Имантау, Шақпақ, сауда орталығы Бұғылы, Шортанды бұлақ т.б.

Қола дәуірінде алғаш рет ірі қоғамдық еңбек бөлінісі болды, алғашқы көшпенділер пайда болды. Адамзат матриархат дәуірінен патриархат дәуіріне өтті. Тұрғындар мал шаруашылығымен және металлургиямен айналысты.

Орталық Қазақстандағы ескілікті қауым тіршілігін суреттейтін ескерткіштер ортасындағы көзге көбірек түсетіндері әсіресе қорған обалар. Мұнда оның жолықпайтын жері кемде кем. Көбірек кездесетін жері Сарысу, Ұлытау төңіректері. Оларды зерттей келгенде ерте кездегі Орталық Қазақстанды мекендеген елдердің өркендеуі, тіршілігі, шаруашылық жағдайы туралы көптеген мағұлматтар береді. Обалардың кейбірі сыртқы құрылысында ішінен табылған заттар бойынша бөлектеніп оны жасаған кезден адамдардың арасында мүлік айырмашылығы болғандығын сипаттайды. Обалардан кейін Ұлытау төңірегінде кездесетін ескерткіштер немесе тас мүсіндер мен бағандар. Бұлар көбінесе VI ғ. кейін жасалған бұйымдар/10/.

Сары-су, Кеңгір өзендері мен оған жалғасып жатқан Бетпақ дала аудандарындағы ескерткіштерді зерттеген экспедиция ертеден архитектуралық құрылыстардың (мешіт, мавзолей) көпшілігін ашты. Х - ХҮ1-ғғ. жататын өте үлкен қала мәдениетінің қалдығын тапты. Құйма қыш ыдыстардың қалдықтары мен мәдени қабаттарға бай ескі қаланың орны Жеті-қоңыр, Бетпақ-дала, Шу өзенінің төменгі ағысында, Қаратауда көптеп ашылды.

Бетпақ -дала - Қазақстанның оңтүстігі мен орталық Қазақстан арасында жатқан байтақ шөл дала. Осы Бетпақ-даланың бойымен бірнеше көш-керуен жолы өтеді. Мұның ішінде белгілісі “Хан жолы”, “Қарқаралы жолы”, “Уанас жолы”, “Жеті қоныр жолы”, “Сары су жолы”. Бұлардың бәрі де бұрын оңтүстік өлкелерімен Орталық Қазақстанды, Ертіс бойын, Күнбатыс Сібірді байланыстырып, олардың арасында мәдени, сауда қарым-қатынасын күшейтуде маңызды болған белгілі жолдар/11/. Бетпақ-даладағы керуен жолдары мәселесі Әлкей Хақанұлының кең көлемде тоқталып зерттеген тақырыбы.

Марғұланның көп қырлы ғылыми зерттеу еңбектері арасында орта ғасырлық Қазақстандағы қыпшақтың этномәдени құрылымы мәселесі елеулі орын алады. Болашақта қазақ халқының этноқұрылымында қыпшақ мәселесі негізгі кілті болатынына сенімді болған **Ә.Х.** Марғұлан бұл мәселені жан-жақты қарастырып отырды.

Ортағасыр тарихы мен шығыстануды, филология мен фольклорды, этнография мен археологияны, топонимиканы жақсы білгендіктен Әлкей Хақанұлы қыпшақ мәселесі әр түрлі жағынан зерттеді.

Қыпшақтардың тарихы жөнінде Ә.Х. Марғұланның іргелі монографиялық, зерттеу қалдыра алмағаны өкініште-ақ, әйткенмен ғалымның бұл мәселедегі жоспарлары мен ойларының өзі ғылымға қосылған үлкен үлес. Жан-жақты қарастыра келе ол қыпшақтар көшпелі ғана тұрмыс құрмағанын мұнымен бірге олар көп салалы шаруашылықпен шұғылданғанын, мал да баққанын, егін де салғаньш, аң аулап, кен қорытьш, саудамен айналысқанын атап керсетті.

Ортағасырлық көпшелілердің ескерткіштерін ғылыми айналымға алғаш Марғұлан қосты/12/.

Барлығын саралап айта берер болсақ, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылыми еңбектері жан-жақты және қазақ тарихы үшін маңызы өте зор. Қазақстанда археология ғылымының негізін салушылардың бірі, ғылымның сан-саласын меңгерген парасатты ғұлама. Қазіргі кезеңнің негізгі белгісінің бірі ұлттық мәдениеттің қайта жаңғыруы - осы жолда Ә.Х.Марғұланның творчестволық еңбегі баға жетпес мұра.

1. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1989.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 1986.
3. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-арки. Алматы, 1992.
4. Козыбаев М.К. Слово об академике А.Х. Маргулане. Доклад на Маргулановских чтениях.
5. Кызласов Л.Р. К портрету ученого и человека // Евразийское сообщество. 1997 г., № 3.
6. Маргулан А.Х. Отчет о научно-исследовательской работе Института за 1946 год. Ф. 11. Опись 1.Д.8.
7. Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане. 1946 г. //Изв. АН КазССР, сер. археологическая, 1948 г. Выл 4.
8. Маргулан А.Х. К изучению памятников района р.Сары-су и Улытау // Вестник АН КазССР, 1948, №2.
9. Маргулан А.Х. Некоторые итоги и перспективы археологического изучения Казахстана // Изв. АН КазССР. Серия археологическая, 1948. Вып.1.
10. Маргулан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-дала // Вестник АН КазССР, 1949 г, №1.
11. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966 г.
12. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979 г.
13. Маргулан Д.А. Методологические проблемы исторической науки и научное творчество А.Х.Маргулана // Методы научного познания. Алматы, 1996г.
14. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы. 1986. 316
15. Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946) –Известия АН Каз ССР. Серия археологическая 1948,вып.4. 125-126 бб.
16. Козыбаев М.К. Слово о академике А.Х.Маргулане
17. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сарыарки. Алматы, 1992. стр.11.
18. Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане 1946 г. Изв. АН КазССР. Серия археологическая, 1948, вып.4.
19. Маргулан А.Х.К изучению памятников района р.Сарысу и Улытау . Вестник АН Каз ССР, 1948. № 2. стр.59
20. Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.) стр. 125-127.
21. Кызласов Л.Р. А.Х.Маргулан к портрету ученого и человека// Евразийское сообщество. 1997.№ 3
22. Маргулан Д.А. Методологические проблемы исторической науки и научное творчество А.Х.Маргулана. Методы научного познания, 1996 г.стр.114.
23. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана, Алма-Ата, 1979 г., с.18-19.
24. Маргулан А.Х. К изучению памятников района р. Сары-су и Улытау // Вестник АН КазССР. 1948 № 2. С.53.
25. Маргулан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-дала // Вестник АН КазССР. 1949, № 1, с. 19.
26. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1989. с.3-6

* * *

Систематическое исследование Алькея Хакановича Маргулана позволили сделать заключение о наличии памятников от эпохи неолита до средневековья в Центральном Казахстане.

В течение более трех десятилетий под руководством Алькея Хакановича велись археологические изыскания по следам культуры древних племен эпохи бронзы и ранних кочевников. По его инициативе был организован археологические и этнографические экспедиций в самые глубинные районы казахстанских степей и пустын. А.Х. Маргулан прошел маршрутами древних караванных путей, отыскал и выявил археологических памятников, систематически их описал и исследовал.

* * *

Systematic researches leaded by Alkey Hakanovich Margulan have allowed making the conclusion about presence of monuments from Neolithic epoch up to a Middle Ages in Central Kazakhstan.

Within more than three decades under a management Alkey Hakanovich Margulan were conducted archaeological researchers on traces of culture of ancient tribes of Bronze Age and early nomadic tribes. Under his initiative was organized archeological and ethnographic expeditions to the deepest areas of Kazakhstan steppes and deserts. A.H.Margulan has passed by routes of the ancient caravan ways, did the surveys and has revealed archaeological monuments, investigated them and described them systematically.

Б. Ш. Солтиева

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕГІ КЕЙБІР ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕР ТАРИХЫНАН

Табиғатта кездесетін көптеген минералды жылы сулар мен балшықтар, газдар бар. Жетісу жері қызыр дарып, құт қонған жер. Судың сакральдық тазалағыш қасиетіне байланысты ырым – жораларды әртүрлі отбасы – тұрмыстық, емдеуге байланысты әдет-ғұрыптар өте қы-

зықты. Арнайы дұға жазылған шүберекті, аурудың басынан үш рет айналдырып, ағын суға тастау керек, бұдан кейін ауру артына қайта бұрылып қарамауы тиіс. Айналдыру тәсілі арқылы шүберекке өткен ауруды су алып кетеді, ауру кісі артына бұрылып қараса, ол өзіне қайта келуі мүмкін.

Жетісу төңірегінде «қасиетті» су көздері – құдықтар, бұлақтар өте көп, олар әдетте әулиелі мазарлар маңына орналасады. Жетісудің әр жерінен аққан бұлақтың суы – шипа, нәрі – бал, қасиеті әр алуан. Найзатапқан, Райымбек бұлағы, Тұз көл, Тамшыбұлақ және т.б. сулар талай жанды дертінен, кеселінен арылтып, көсегесін көгерткен.

Бұл көздерден су ішкендер ауруынан, кейде күнәсінан арылады деген сенім халық арасында жақсы сақталған. «Зәм-зәм» аталған бұл суларға сұраныстар әлі де жиі кездеседі. Жалпы, «әулие» атанған адамдар мен су көздері арасында бір байланыс бар. Г.П. Снесарев былай деп көрсетеді, «өліп бара жатқан және қайта тірілуші құдайлар культі байқалған жерде су апаты дәлелдері кездеседі. Дәл осы себепті бұл культтің белгілерін қабылдаған Самархандтық Шахи-Зинда («тірі патша») аңыздарда құдық суына тірі кетеді, ал олардың киесіне жақын орналасқан оба – машад арығы қадір тұтылады(1).

Қазақтарда, жалпы суға байланысты екі жақты көзқарас қалыптасқан, су көздері бір жағынан құрмет, екінші жағынан үрей сезімін тудырған. Л.Я. Штенберг атап көрсеткендей, «жалтырап, арнасы бірде азайып не жоғалып, бірде кеңейіп асып төгіліп, бірде адамдарға өзінің арналарымен қайырымдылық жасап немесе оларды барлығымен асыраған өзен, кейде асау толқындарымен адамдардың үй-жайын қиратушы орасан зор тірі организм болып көрінеді»(2).

Нарынқол аймағының көркем табиғатының бір әдемі суреті – «Тұзкөл» көлі. Ол бұрын суында балық ойнап, аққу жүзіп, сулы көл болған деседі. Елдер суына шомылып, таудың етегінде үй тігіп, демалып жатады екен. Суы ащылау болса керек. Бір күні шөліркеген кісі сол көлдің суынан ішіп тұрып: «Ту, суы тұздай, әрі мұздай ғой» депті. Өзі бір қасиетті адам болса керек. Сол кісінің шөміш сап тұрған жері сол күйінде қалып, бүкіл көлдің беті тұз, асты батпақ болып кетіпті. Сол көлдің батпағынан алып, ауырған жерге тартса, тез жазылады. Ал жаңағы кісінің шөміш салған жері – үлкен бастау. Сол бастау суына арнайы келген адамдар тиын тастап, су ішеді. Суы өте шипалы(3).

Жетісу жерінің, оның ішінде Алматы облысының (бұрынғы Талдықорған) үлкен өзендерінің бірі Қаратал. Суының молдылығы мен үлкендігі жағынан Жетісуда Іледен кейін екінші орын алады. Балқашқа құяды. Оның бойына облыстың үш қаласы – Талдықорған мен Үштөбе және Қараталға құятын Қора өзенінің бойына Текелі орналасқан. Қараталдың ең басы болып саналатын Қора, Теректі, Шажа өзендері тау өзендері әуелі шығыстан батысқа қарай ағады. Қора өзені биік мұздақтан басталады, жол бойы оған әдемі-әдемі көп бұлақ қосылады. Қораға келіп қосылатын Бұрқан бұлақтың бойында Жетісуға мәшһүр әйгілі құлама бар. Жауыннан кейін суы молайып тіпті тамаша көрінеді. Су төмен қарай үш баспалдақ жасап құлайды, соңғыда дәу тастың үстіне соғылады. Сарыны мен арынынан аспан төңкеріліп келе жатқандай болса, ақ көбік бұрқыраған ағыны айбатымен шошытады. Құламаның дәл түбінде дөңкиген «Әулие тас» жатыр. Бұрын бұл тасқа сиынушылар көп болған. Қора өзенінің бойы өте әдемі. Қора Қараталға оң жағынан келіп құяды(4).

Қазіргі Ақсу ауданындағы Қапал кентінің атының шығу тегі Дулат елінің Жаныс руынан шыққан Қапал батырдың есімімен байланыстырады. Қапалдың атын «Қапалы» деген сөзден шыққан деген де әңгімелер бар, бірақ бұл дұрыс емес. Қапал батыр Есімхан кезінде өмір сүрген. Оның 1560-1640 жж. қарақытайлықтармен соғысқаны жөнінде Ш.Ш. Уәлихановтың да жазбаларында да кездеседі. Сондай-ақ оның зираттарының да Қапал станциясынан 40 км. жерде «Қарамола» жайлауында орналасқаны жөнінде ел аузынан кездестіруге болады(5).

Бұл аймақтарда бөлек рудың адамын өз зиратына қоспайды. Сондықтан Қапал батырдың зираты да бөлек орналасқан. Ел ақсақалдарының айтуы бойынша оның зираты 30-жылдарда төрт құлақты кесене болған. Қазір ол бұзылып төбе болып жатыр делінеді. «Қарамола» зираты қоңыр ауылының ақ тасты тауының бөктерінде орналасқан. «Қарамола» үйсін Төле бидің бәйбішесінің зираты жанында Төле би бұлағы ағады. Кейбір деректер бойынша сол ақ тасты тауында ұлы бабамыз Төле би қоныстанған дейді. Сондықтан Қапал батырдың да зираты осы Қарамола зиратына жақын орналасуы олардың арасындағы туыстықты білдіреме деген ой туады.

Көне түрік жазбаларында Баян жүрек тауы жөнінде кездеседі. Бұл да түрік мемлекетінің Енисейден Жерұйыққа дейін мекендеген қазақ елін көрсетеді. Баян жүрек тауы Жетісу (Жоңғар) Алатауының Қаратал сілеміндегі оқшау тау.

Алматы облысы Ақсу ауданында орналасқан. Баян жүрек осы Қапалдан 10 км. шамасында орналасқан. Баян деген қыздың атынан пайда болған. Көне заманда қалмақтармен соғыста қыз бен жігіт қашады. Жігіттің аты Саян болса, ал Баян қалмақтың қонтайшысының қызы. Бұл жігітпен қашқанда қалмақтардың өзі қызды садақпен атады. Сол кезде қайтыс болып, сол жерде жерленген.

Тастардың арасынан шығып жатқан су шындығымен қыздың мөлдір жасындай. Сол тамшылар Баянның жасы деген сөздер бар. Баянжүрек тауында 200-300 м. биіктіктегі су құламасы бар. Соның түбінде тас бейнесіндегі жүрек сол Баянның жүрегі делінеді. Баян жүрек-әулиелі тау(6) .

Сонымен Қапалда елге белгілі, емдік қасиеті бар – Тамшыбұлақ бар. Тамшыбұлақ – Ақсу ауданы Қапал ауылының ортасында орналасқан шипалы бұлақ. Тамшыбұлақты алғаш рет зерттеп, сол туралы тарихи деректерді 1859-1865 жылдары атақты саяхатшы, этнограф Ш.Ш. Уәлиханов жазған. Кезінде осы жерде Ш. Уәлихановта емделген. Бұл бұлақтың суын көне заманнан бері жергілікті халық әртүрлі ауруларды (көз, асқазан, сүйек-буын, жүйке ауруларын және т.б.) емдеуге қолданған. Тамшыбұлақтың табиғаты өте шұрайлы жерде орналасқан. Қыста да, жазда да бұлақ бастауынан су тамшылып ағып тұрады. Бұлақтың аты осыдан шыққан(7).

Қасиетті өңірдің табиғат байлықтарында да сан түрлі тылсым сыр жатыр. Айғайқұм, қату тауының құпиялары, Үйгентастың ерекшеліктері – бәрінде де, бір табиғи заңдылық пен мән бар.

Әнші құм, Айғай құм – Басшы ауылындағы Іле өзенінің аңғарын бойлай орналасқан үлкен қалқан және кіші қалқан таулары етегіндегі құмды төбе. Бұл табиғатта сирек кездесетін құбылыс. Панфилов және Кербұлақ ауданының аумағында жатыр. Бұл өзі тектес құм тауларының ішіндегі ең биігі. Биіктігі 150 метрдей, ұзындығы 8 км, ені 3 км. Қалқан тауынан соғатын желдің бағыты үнемі өзгеріп отыруы нәтижесінде құм түйіршіктері електеніп, бірегей құм қоспасынан тұратын төбеге айналған. Құм суынып жел әсерінен қозғалысқа келген кезде, одан кәдімгі сырнайдан шыққан ән ырғағына ұқсас үн естуге болады. Егер жел күшейсе, құмнан шыққан реактивті ұшақтың гүрілі сияқты дауысқа ұласады. Бұл табиғат құбылысы, дыбыс көбінесе түнде шығыстан салқын жел соққанда естіледі. Осы Әнші құмды есту үшін жолаушылар арнайы барып тұрған. Құм күн сәулесі мен шағылысып, алтындай жарқырайды. Әнші құм табиғат мемлекеттің қамқорлығына алынған. Ол Алтынемел (1996ж.) құрамына кіреді(8).

Өсімдік культі, соның ішінде ағаштар культі өте ерте пайда болған. Өсімдік әлемінің адам өмірінде маңызы зор, ол адамдарға жылу, жеміс, баспана береді. Ағаштар және жалпы өсімдіктер әлеміне байланысты түсініксіз құбылыстар оларға сакральды түр береді. Этнограф Л.Я. Штенберг, дінтанушы ДЖ. Фрезер өз еңбектерінде өсімдік әлеміне, соның ішінде ағаштарға табынудың шығу себептері негізін анимистік түсініктерден (9) және олардың жемістілік (10) күштерінен іздейді. Өсімдік әлемін сакрализациялау көріністері бүгінде халық санасында аз да болса көрінеді.

Ағаштардың жемістілік қасиетін Г.П. Снесарев(11), Л.Я. Штенберг(12) еңбектерінде көрсетілген мысалдардағыдай пайдалану қазақтардың діни санасында әлсіз көрінеді. Ол тек әулиелі жерлердегі «қасиетті» ағаштарға байланысты кездеседі. Әйелдер «қасиетті» ағаштарға шүберек байлап, ағашты сипау, сирек жағдайда оны құшу арқылы перзент сұрайды. Соның өзінде бұл нанымда жеке ағаштың сакральдық күші әлсіреп, ол «әулиемен» байланысты ғана көрінеді.

Бұндай қасиетті ағаштар көбіне мазар, бейіт бастарында, не қасиетті су көздері маңында орналасып, оларға табу қойылады. Бұл ағаштарды шабуға, бұтақтарын кесуге болмайды.

Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып ағашқа шүберек қиындыларын байлау әлі күнге дейін кездеседі. Бастапқыда алаң ашық жерлердегі қандай да бір көріксіз немесе жеке саяқ өсіп тұрған ағаштар қасиетті ағаш деп есептелді. Бұндай әдет-ғұрып «Чалаша» деген атау алған және бұл түркі-монғол халықтарының арасында тараған(13).

«Алпамыс батыр» жырында әулие ағаш қандай болу керек дегенде, бұлақ басында жалғыз бір қара ағаш өсіп тұрса және ол маңда ешқандай да адам болмай бос болса ол қасиетті ағаш деп есептелінген. Осы эпоста ағаш бұтақтарының сыңғырлағанын, басты кейіпкер осы ағаштың маңынан өтіп бара жатып өзінің мойнындағы ақ бөкебайын ағашқа байлағаны туралы айтылады(14).

Табиғатты тану, оның ерекше қасиеттерін мәпелеп, дәріптеу – халқымыздың ежелгі дәстүрлерінің бірі. Қасиетті өңірдің табиғат байлықтарында да сан түрлі тылсым сыр жатыр. Құмтекей, Шарын шатқалы, Айғайқұм, Қату тауының құпиялары, Үйгентастың ерекшелік-

тері –бәрінде де, бір табиғи заңдылық пен мән бар екені даусыз. Сондай табиғат таңғажайыбы бірі Жаркент жеріндегі - Әулие ағаш. Ол - Өсек

өзені мен Бұрақожыр өзенінің арасында, Жаркент-Арасан санаторийі тұрған шатқал мен Майлықара шоқысының шығыс-оңтүстігіндегі ойпатында тұр. Әулие ағаш тоғайының жанында Салпықтың бастау сазы деп аталатын судың шипалық қасиеті бар. Бұл бастауға емделуге немесе су ішуге келген адамды қабылдау, қабылдамау осындағы қасиетті жыланның еркінде екен. «Халық айтса қалт айтпайды» дейді, жыланның әділдігінде жергілікті халықтар куә. Әулие ағаш өткен ғасырдың отызыншы жылдарына дейін өз атымен аталса, одан бергі уақытта Үлкенағаш, Жуанағаш деген атаумен аталып келеді. Бұл ағаштың жуандығы сондай, жеті адамның құлашы әрең жететін алып қарағаштың жасы қазір 600-700 жыл деп есептеледі. Бір ғажабы, оның жер астымен төңірегіне таралған тамырларынан өсіп шыққан ұрпақтарының өзі кең ауқымды қамтып, жапырақтарынан күн сығалаған қалың тоғайға айналып тұр. Бұтақтарына шүберек байлап, түбегіндегі тоспа суға тиын тастайды. Ел нанымында осы ағашқа байланысты әр түрлі аңыз, дәріптеулер жиі айтылады. Сондай бір нанымдық әңгіменің бірінде «Әулие Ағаштың бұтағын кесіп алып, пайдасына жаратпақ болған бір бейбақтың отбасы түгел қырылып қала жаздапты»,- дейді. Содан бері бұл ағашқа және оның тамырларынан өсіп шығатын тоғайға ешкімнің жүрегі дауалап, тиіспейді екен. Табиғатта мұндай қарағаш 300-350 жылдан артық жасамайды екен, яғни бұл қарағаштың мұншама көп жасауы оның тектілігін, әулиелігін, киелілігін дәлелдейді. Қазіргі күнде әулие ағаштың айналасына тас төселіп, келушілер дем алып отыратын, серуендейтін аллеялар жасалған. Бұл жерге үй салынып, басында шырақшысы бар(15).

Әулие ағаш 7 ғасыр болған дүние жүзі бойынша 3 жерде бар. Қытайда, Қазақстанда, Арабияда. Тулы Темірханның әкесі Шамашурып әулие бабаның аса таяғын шаншығаннан пайда болған. 7 әулие бірігіп қажылыққа кетіп бара жатқанда түнеген орны. Кейінгі ұрпақтары қазіргі орманы (жан-жағындағы ағаштар) 1962 жылдан кейін пайда болған. 7 иесі бар: Байбосын, Бақболсын, Биболсын, Таңжары. Закария Алланың елшісі періштелер үкілі жыланы, Ақтиын. 7 баласының ортасында шипалы суы бар. Жуандығы 6,5 метр, тамырымен 11 метр (16).

Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Үңгіртас ауылында Үңгір бар. Айдарлы Айдahap Ата Айман-Шолпан – рухани сауықтыру орталығы Алматы облысы Жамбыл ауданы Үңгіртас ауылының маңында орналасқан. Бұл қасиетті жерде 1999 жылдың желтоқсан айында дәруіш Бифатима Даулетова көрсетіп берді. Дәуріш (дервиш) аспандағы бұлтты, желді қайтара алады деген мағана береді.

Айдарлы Айдahap Ата. Айман-Шолпан байрағы – бұл адамдарға құпия білімдерді беру үрдісінің бастамасының кілті. Бұл байрақ 2000 жылы 22 наурыз айында қойылған. Байрақ тұрған қырат бұл жердің түбіне дейін бағытталып жатқан иірімге кіретін жер. Ол иірім арқылы әр түрлі энергетикалық және ақпараттық құрылымдар өтеді. Иірім аймағында болу науқасқа шалдыққан адамдарға өте пайдалы. Мысалы, гипертония, демікпе және 1,2 дәрежелі ісіктер және т.б. Сонымен бұл жерге құпиясы мол кішкене ғана осы жотада перзент сүюді армандаған жандар барып, тілегін айтуға барады екен. Иірім аймағында 15-20 минут тұруға болады. Кейбір адамдар бұл аймақта 5-7 минут уақыттай тұрғаннан кейін шығып кетуі керек, яғни қара тастың ішінен әлсіреген кезде шығуы тиіс. Екінші энергетикалық бағаң. Бұл аспанға бағытталған энергия ағымдарының жерден шығатын орны. Ол энергетикалық ағымдар адамдардың энергетикалық қуатын тазартады және оны толықтырып, күшейтеді. Энергетикалық бағанның диаметрі шамамен 8 метрге жуық. Энергетикалық ағымда иірім – Байрақта болып келген соң тұрған жөн. Иммунитет күшін қалпына келтіргісі келген адамдарға тұру уақыты 10-20 минуттан аспау керек. Бағанада немесе байрақта тұрған кезінде өзін жайсыз сезінсе бастағанда энергетикалық шаңқайдан тез арада шығып кету керек. Әлем азаматы Даулетова Бифатима Әбдіхалық қызына қаншама кісі келіп кетіп жатады.

Шырақшысы Берік Әскерұлының берген ақпараты бойынша Қырымда орналасқан әлемнің ежелгі қалаларының бірі Феодосия қаласында дүниеге келген академик В.М. Бронников Алматыға Бифатима Даулетованың осы жер туралы айтып жүрген әңгімелерін естіген соң келген екен. Бифатима апай оқуды білмесе де, тек қазақ тілінде ғана сөйлей алса да, аккадемиктің өзі туралы, оның адамдарға беріп жүрген, болатынын болжап, ол қандай түрде және жер кіндігінің қай жағында орналасқанын бір ғана В.М. Бронниковтің білетінін мәлімдеген. 2000 жылы наурыз айында Алматыға келген сапарында В.М. Бронников байрақты

жасап, осы Үңгіртас өңірінде орналасады. Екі жасынан бастап іздеген рухани анасын академик В.М. Бронников Айманнан тапты(17).

Бифатима апай өзіне келген аян бойынша адамдарды әуелі ағын суға шомылдырады екен. Оның мәнісі – қалада небір шаң-тозаң мен сұмдықтан келген тән тазарсын дегені. Бұл кісі қара топырақтың қасиетінде ұмытпай, қара балшықты денеге жағып емдік қасиетін жасайды.

Ендіге кезекте, ұшықтау рәсімі екен. Қолына су құйып, «Бірлік, ынтымақ, иман» деген сөздерді айтқаннан кейін емделушілердің көздеріне су бүркіп, оң аяқ, сосын сол аяғын ұрып, қалған арманын орындауын тілейді. Мұның мәнісі – қандайда бір жағдайларды көруге куә болған көздердің тазалығын қамтамасыз ету. Осыдан кейін барып бас қақпа деп аталатын босағада әуелі құран оқылып, ниет жасағаннан кейін, үңгірге қарай жоғары көтеріледі. Бір қарағанда көзге көрініе қоймайтын тіктөртбұрыш тәріздес тастың үстінде саусақ іздері қалған екен. Бифатима апай Пайғамбарымыздың қолтаңбасы деп түсіндіреді. Салт бойынша тастың алдына тізерлеп отырып, қолыңды қойып, құран оқу керек. Содан кейін Алла тағаладан кешірім сұрап, қалған тілегінің орындалуын тілеуге болады.

Одан да жоғарырақ тас ғасырдың куәсі деуге болатын үш басты айдаһардың мүсінін көруге болады. Мұнда бір басы, бір аяғы бейнеленген және осы жерде «он сегіз жасар қызға ғашық болам, деп тасқа айналған Айдаһар атаның мүсіні» орналасқан екен, яғни бұл Айдаһар қанаты. Бұл батыс бөлікке орналасқан қуысы бар үңгір. Бұл қуыс арқылы көзге көрінбейтін үлдір өтеді (мембрана) өзіңнің қуатыңды тазарту үшін бұл қуыстың жоғарғы жағынан төмен қарай бір-бірден өту керек. Бұл мембрана арқылы өту шектеусіз. Дегенмен көптеген адамдар үшін бір реттен өту жеткілікті. Алдыңғы адам қуыстан өтіп кеткенше күте тұру керек.

Бифатима апайдың бойындағы қасиеті емшіге де, бақсыға да жатқыза алмайсың. Мен бақсы да, емші де емеспін, тек айтылған аянды ғана орындаймын. Ал тыңдамасам денемді құрыстырып жібереді»-дейді апамыз.

Бұл жерге тәу етушілер аптаның бар күні келіп жатады, әсіресе сенбі, жексенбі күндері. Сирия, Европа елдерінен келіп жатыр. Таудың арғы бетінде бұлағы бар. Ол қасиетті болғаннан кейін жайлап тамшылап ағады. Бірақ құрамы әр түрлі. Төменде Аллах деген жазу бар, соған халық барып суға түседі. Киелілігі тек адамдарды сауықтыруға көмектеседі. Бұл жерді Өзбекстан, Қырғызстан, Ашхабад, Ресей ғалымдары келіп зерттеген. «Жетісу – жер жәннаты» дегендей, бүгінгі Үңгіртас елді-мекені осының бір айғағы(18).

Жетісу өңірі мұндай қасиетті жерлерге өте бай елді –мекен. Осындай қасиетті де, киелі орындар елді таң қалдырмай қоймайды.

1. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обряды у узбеков Хорезма. М., 1969.-с.254.

2. Штенберг Л. Я. Первобытная религия в свете этнографии. Л.,1936.- С.236.

3. Қазақтың мифтік әңгімелері. А.,2001.- 128б.

4. Нұржекеев Б. Өзендер өрнектеген өлке. А.,1984.- 25-26бб.

5. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалылар. Шығармалар. А., 1985.-12б.

6. Алыбаев Марат. Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қапал кенті. Найман,1948 ж. туылған.

7. Жетісу энциклопедиясы. А.,2004.-583б.

8. Бұтабаев Ержаннан Құрманғалиұлы. Алматы облысы, Жаркент ауданы, Пенжім ауылы. Албан, 1951ж. туылған.

9. Штенберг Л. Я. Первобытная религия в свете этнографии. Л.,1936.- С.131

10. Дж.Фрезер. Золотая ветвь. М.,1998.- с.139-140

11. Снесарев Г.П. Реликты до мусульманских верований и обряды у узбеков Хорезма. М.,1969.- с.202-203

12. Штенберг Л. Я. Первобытная религия в свете этнографии. М.,1936.- С.41

13. Михайлов Т.М. Из истории бурятского шаманизма. Новосибирск,1980.с-186

14. Алпамыс батыр: Героический эпос в прозайческом пересказе. А-А.,1981. С-16

15. Омаров Е. Жерұйық өлке. А.,2003. -47-49 бб.

16. Бидабаева Рая Жапарқызы. Алматы облысы, Жаркент ауданы, Ақжазық ауылы. Суан, 1960 ж. туылған.

17. Берік Әскерұлы. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылы тұрғыны. 1974ж. туылған.

18. //Свобода слова. 24 апреля 2008г.

* * *

В этой статье рассматривается про святых местах Семиречинского края. А так же говарится про то, что история развитие святых мест, их виды и насколько имеет значение в Семиречье.

* * *

In this article (condact) taken of about Saint places. Laik a Sevenrivers in Kazakstan countries. And written about history developments of Saint places in our country. And their type and how mush they are meaning in Sevenrivers.

Б. Есбергенова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАРТАС БЕТТЕРІНДЕГІ ТҮРКТІК БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

Ерте түрк кезеңінен тарихи ақпар беретін негізгі деректік көздердің бірі жартастағы бейнелеу өнері болып табылады. Ерте түрк кезеңіне жататын түйелі керуендер, салт аттылылар, т.б. петроглифтер Сарыарқа өңірінде, Қаратау, Хантау тауларында сақталған. Сонымен қатар түрктердің күші мен ерлік рухын жеткізетін бөрілі байрақ ұстаған аттылы жауынгерлер бейнеленген петроглифтер Жетісуда, Алтай, Тарбағатай, Аңырақай тауларында, т.б. жерлерде кездеседі.

Жартастағы сурет өнерінің Орталық Азия территориясында жаппай ландшафтты топографиялық ерекшелігі «ғұрыптық және культтік іс әрекеттер өткізу үшін» арналған жер ретінде қызмет атқарған суретті жартастарға жанай жатқан алаңқайлар болып табылады /1/. Бұл өз кезегінде адамның мәдени іс - әрекеттерінің ізі қалған ғұрыптық жерлердің өзіндік ертедегі «ғибадатхана» ретінде қызмет атқарғандығын көрсетеді.

Ғалымдардың пікірінше аталған территориядағы жартас беттеріндегі бейнелеу өнерінің бірнеше жарқын кешендерін зерттеу нәтижесі бойынша жүргізілген ғибадатхана түрлерінің анализі табиғи храмдардың ішінде тайпа аралық ғұрыптық салтанаттар өтіп тұрған жер ретінде қызмет атқарған ірі ғибадатхананы атай отырып, нақтылы бір бөлігін көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай түрдегі ғибадатханаға Таңбалы жатады /2/. Зерттеушілердің бақылауынша, кішігірім рулық ғибадатханаларға тән ерекшелік сюжеттері бірыңғай, петроглифтер саны көп емес болып келеді. Мұндай ғибадатханалар «ру қамқоршыларын құрметтеу үшін және күнделікті культті атқару үшін қызмет атқарған» /3/. Зерттеушілердің пікірінше петроглифті ғибадатхана дамуы туралы мәселе өз кезегінде жартастағы бейнелеу өнері ескерткіштерінің көріністері мен тақырыптарында көрініс тапқан оның қызмет ету белгісімен тікелей байланысты. Петроглифтердің мазмұнының сипаты және жерлеу орындары болуы мүмкін олардың культтік элементтерінің сипаты зерттеушілерді ғибадатхананың киелі кеңістігін құрылымды түрде ұйымдастыру туралы шешімге алып келді. Киелі кеңістіктің жинақылығы тек суреттердің сюжеттерінде ғана емес, сонымен қатар «ғибадатхананың өзінің жоспарында, ертедегі адамның дүниеге көзқарасы туралы түйсігімен сәйкес ежелгі храмдар аясында көрініс тапты. Әр ғибадатхана өзіндік әлем үлгісін көрсетті /4/. Оларда негізінен аттылы адамдар, ту ұстаушылар, найзамен, т.б. қарумен шайқасу көріністері, садақшылар бейнелері, қасқырдың суреттері, жекпе-жек суреттері бедерленген.

Таңбалы ғибадатханасындағы түрк кезеңіне тән бейнелер, яғни салт аттылылардың аяқтары тікесінен салбыратып жіберілген, атқа осылай отырудың өзі ауыр қаруланған жауынгерлерге тән. Мұндағы ту анық көрсетілген. Найзаның ұшында үшбұрышты ұшы қашалған, ал тудың өзі тікбұрышты, оның жоғарғы бөлігі үлкен үш шашақты, ал төменгі бөлігі жай жалғыз шашақты болып келген. Зерттеушілердің пікірінше «салт аттылылардың осындай суреттері ең алдымен ғибадатханаға қатысты, әрі кәсіби әлеуметтік топтың символы, шығыста да, сондай-ақ батыста да бүкіл ортағасыр бойына әскери ақсүйектерге жататын ауыр қаруланған салт аттылыларды өзіндік белгісі болып табылады» /5/.

Жетісу петроглифтерінде осыған ұқсас бірнеше шашағы бар немесе қасқыр басты тулар кездеседі. Ешкіөлмес ғибадатханасында жаяу ту ұстаушылардың бірнеше бейнелері бар. Тулар әдеттегідей ұзын сапқа бекітілген төртбұрышты көздеме үлгісінде. Және екі жерде үш жалау немесе бау түрінде көрсетілген /6/. Ортасында бөрінің басын елестететін қиығы бар ту Құлжабасы тауынан да тіркелген болатын. Сонымен қатар осыған ұқсас төменгі жағында тілігі бар ту Кіндіктас тауындағы Ой-Жайлау шатқалынан да белгілі /7/. Ту тек айырмашылықтың белгісі ғана емес, сонымен қатар әскердің, тайпаның, халықтың бірлігінің символы болды. «Қолындағы ұзын найзасының ұшына бөрілі байрақ бекітілген аттылы жауынгер бейнеленген петроглифтер ежелгі түрк дәуірінің тарихи құжаты мәніне ие болады» /8/.

Батыс Түрк қағанатының орталығында орналасқан түрк көшпелілерінің екі, мазмұны бойынша әртүрлі культтік мемориалдарының құрамына кіретін петроглифтер мен таңбалар шоғырланған Жайсан және Мерке ғибадатханалары ортағасырлық бейнелеу өнері мен таң-

баларын ұсынады. Жартастағы бейнелеу өнері бойынша жалпы аналитикалық шолуда біздер тек түрктердің киелі кеңістігі туралы ұғымды сюжеттерімен және мазмұнымен толық ашуға мүмкіндік беретін суреттерге ғана көңіл бөліп тоқталамыз. Салыстырмалы талдау нәтижесінде Жайсан ғибадатханасының жартас беттерінде қандай суреттердің жиі кездесетіндігі және Мерке ғибадатханасының жартастағы бейнелеу өнерінде қайсысының тән еместігі белгілі болды.

Жайсан ғибадатханасындағы Үңгірлі сайындағы жартастардың шығар ауызының оңтүстік бөлігінде арасында бұқалардың, жылқылардың, тауешкілердің, түйелердің және бұғылардың көпсанды суреттері кездесетін жануарлардың жүздеген бейнелері шоғырланған. Ең негізгі және мазмұны бойынша басты көрініс тік келген жартас бетіндегі үлкен аумақтағы көрініс болып табылады. Онда түйенің үлкен мүсіні бұғы мүсінімен және бірнеше ұсақ тауешкі мүсіндерімен қатар қашалған. Жануарлар бейнесін мүсіндеуде жануардың мүсінінің жиегін жиектеп алып, ішін қашау әдісін қолданған. Аталған композицияның мазмұны жалпы сюжетпен тұтас берілген. Бір кесек таста бейнеленген екі өркешті түйе мен бұғы суреті бір-біріне қараған күйде, бірақ бастарымен бір бағытқа, солтүстік-батысқа қаратыла суреттелген. Түйенің қарсы алдында отырған бұғының басы кері бұрылған және екеуі де бейне бір өздерінің солтүстік-батыс жақтарындағы біреуге не бірдеңеге қарап қалған тәрізді. Екі өркешті түйе бейнесі қасындағы бұғыдан екі есе үлкен және тік келген жартас плитасының жартысына жуығын алып жатыр. Бірақ бұғының әсем бейнесі кеудесі бойынша түйеден кіші болғанмен, бір метрге жуық мүйіздерімен аталған Үңгірлі шатқалындағы тік келген жартас бетіндегі көріністің айтарлықтай жерін алып жатыр.

Қазақстандағы жартастағы бейнелеу өнеріндегі түйе бейнесі барлық ғибадатханаларда кездеседі. Бұл жануардың образы көптеген мыңжылдықтар бойы құрмет тұтынған нысанның бірі болып келген. Аталған жануардың бейнесі бейнеленген петроглифтердің көп мөлшері Орталық Қазақстанның жартастағы сурет өнерінде шоғырланған /9/. Сары Арқаның жартастағы бейнелеу өнеріндегі екі өркешті түйе образы ерте заманнан кейінгі орта ғасырларға дейінгі аралықты қамтиды. «Бейнелердің сюжеттік байлылығы мен орындалу шеберлігіне», экспрессияға толы жануарлардың бейнесін шынайы бере білуге көңіл аудара отырып, Ә.Х. Марғұлан «ертедегі шеберлер түйенің паң келбетін, арғымақтың сымбатты түр-тұлғасын, бұғының әсемдігін...» бере білгендігін жазды /10/. Түйе бейнеленген ежелгі суреттер көрінісін сипаттай келіп, «түйелі керуендердің қазақтардың Желмая жайлы аңызымен үндесетіндігін» атап көрсетеді. Сондай-ақ ғалымның пікірінше түйенің мүсінін үлкен етіп бейнелеу «Түйе пірі - Ойсылқара» турасындағы аңыздың көрінісі болып табылуы мүмкін /11/.

Қаратаудағы жартастағы сурет өнерін зерттеу барысында жеткен нәтижелер бойынша М.К. Кадырбаев пен А.Н. Марьяшевтің атап өткеніндей, «қола дәуірі мен ерте темір дәуірінің петроглифтерінде түйе бейнесі оқиғаның барлығы айналасында дамыған көптеген көріністердің орталық кейіпкері болды». Бұл турасында авторлар «түйе образы қатысқан көптеген көріністердің культтік сипаты жануардың ірі көлемімен және айналасындағы басқа бейнелердің пропорционалсыз ұсақ бейнелерімен ерекше көңіл аударатынын» көрсетеді /12/.

Жоғары суреттелген жануардың бейнесін қолдану Орталық Азия халықтарының культтік қолданбалы өнер туындыларындағы тамыры тереңде жатыр. Осындай түйе бейнеленген бұйымдар Сібір, Урал бойы, Батыс Қазақстаннан табылған металл тоға-айылбастарда орын алған /13/. Б.з.д. I м.ж. ортасында түйе бейнеленген айылбас-тоғалар әлеуметтік элитаны жерлеу атрибуттарының бірі болған /14/.

Қарғалыдағы усундық абыздың жерлеу орнынан табылған культтік заттардың арасынан бірюзамен әшекейленген түйе мүсіншелері бар екі алтын жүзік табылды /15/. Аталған жануардың образы шырағдан ретіндегі культтік мағынада ғұрыптық салтанаттар кезінде, салт-жораны атқару барысында қолданылған. Тұғырда орнатылған дөңгелек ыдыс секілді шырағданның жиектерінде бірінің артынан бірі жүрген түйелер және екеуінің ортасында қос-қостан тұрған түйелер бейнеленген /16/. Алматы территориясынан және оның айналасынан қоладан құйылған бөлек түйе мүсіншелері де табылды /17/.

Түрк кезеңінде де түйе образы бұрынғысынша жартастағы сурет өнерінің айрықша кейіпкері болып қала берді. Және оның бейнесі Ұлытау, Қаратау, Хантау тауларымен бірге Қазақстанның басқа да аймағында кездеседі /18/.

Ромб үлгісіндегі таңбамен бірге түйе бейнесі VII-VIII ғғ. монеталарда соғылған. Ол өз кезегінде түрк мемлекетінің эталонды, ақша өлшемі ретінде қолданыста болды. Аверсінде екі өркешті түйенің бейнесі, реверсінде ромб үлгісіндегі таңбамен және соғды тіліндегі «берекелі құдайшыл қаған» деген сөз тіркестерімен үйле-

сімділік тапқан монета VII-VIII ғғ. монеталар үшін де тән /19/.

Монументальды жартас бетіндегі бейнелеу өнері мен қолданбалы өнер ескерткіштерінің сюжеттерін талдау түйе бейнесінің күнделікті тұрмыста бірге болуынан оған деген құрмет пен оның халықтың дүниетанымымен тығыз байланысына куә болады. К.М. Байпақовтың пікірі бойынша сипатталған «образ белгілі бір даму жолын, яғни тарихи, мағыналық, мифологиялық жағынан көркем, әулеттік, әсемдік аспектілерді бастан өткерді». Автордың пікірінше қазақ дәстүрінде түйені құрмет тұту «түйенің ең қымбат құрбандық малы» болуымен көрініс тапты /20/.

Алтай, Тува, Монғолия жерлеріндегі шығыс түрк тайпалары қоныстанған аймақта түйе образының аз сандылығы және қазақ даласындағы осы бейне мен қасындағы бірге жүретін таңбалары бар монеталармен бірге суреттер мен культтік өнер бұйымдарының басымдылығы рулық тотемі аталған жануар образы болып табылған тайпалар мәдениетінің даму ареалын айқындауға мүмкіндік береді. Жайсан ғибадатханасындағы жартас беттеріндегі тік келген, бұтақты мүйізді бұғылардың бейнесі жергілікті Үңгірлі, Қасқырсай, Жиделі сай жерлеріндегі жартастардағы петроглифтер шоғырының барлығының дерлік ішінде көрсетілген. Бұғылар бейнесінің ерекшелігі мүйіздерінің бейнелену стилі болып табылады. Олар барлық тіркелген мәліметтер бойынша параллельді, тік бағытталған, бұтақты келген күйде көрсетілген /21/.

Орталық Азия мен Қазақстанның ежелгі халқының қолданбалы және монументалды өнерінде бұғыны бейнелеу дәстүрінің тамыры тереңде жатыр. Зерттеушілердің пікірінше «бұғы – үнді-ирандық және түрк-монғолдық мифологияның басты кейіпкерлерінің бірі, петроглифтерде күн түрінде фантастикалық жануар ретінде жиі көрініс табады» /22/.

Зерттеушілердің пікірінше Кобяковск 10 қорымынан шыққан абыздың диадемасында көрініс тапқан әлем ағашының жанындағы мифтік құстар мен бұғылар бейнеленген белгілі сюжет «тұрақты өмір ағымының жаңғыру идеясын көрсетеді және Евразияның ежелгі халқының әлем үлгісімен байланысты» /23/. Қарғалы диадемасындағы басқа жануарлардың бағыты сияқты алға қарай жүріп бара жатқан бұғы мүсінінің басы кері бұрылған күйдегі түрі есте қаларлықтай /24/. Қарғалы диадемасындағы бұғы мүсінінің бейнелену стилін Үңгірлі шатқалындағы жартаста қашалған басы кері бұрылған күйдегі түйе мен бұғының бейнелері қайталағандай.

Түрк халықтарының генеалогиялық аңыздарында бұғы образына ерекше роль берілген. Бұғы образының барлық жерлерде таралуы түрк тайпаларының рулық тотем туралы идеологиялық түсініктерімен байланысына әсер еткен болуы мүмкін. Бұғыға қасиетті рудың арғы тегі ретіндегі қарым-қатынас мемлекеттік заңдық деңгейдегі құрметті көрсететін дәлел болып табылатын декларация үшін қызмет етті деуге негіз бар. Бұл Тон жабғу қағанның (618-630 жж.) бұғыларды өлтіруге тыйым салған Жарғысынан белгілі. Қағанның жарлығына сәйкес заңдық тұрғыдағы құжаттарда барлық бұғылардың саналғандығы және әрқайсысына қоңырау тағылғандығы жазылған. Бұғыны қасақана немесе абайсызда өлтіргендігі үшін жазалау түрі өлім жазасы болып табылды /25/.

Жайсан ғибадатханасындағы жартастардағы жиі кездесетін сюжеттік композициялар ешкілерді ғұрыптық аулау тақырыбына арналған. Бір көріністе екі жаяу садақшының аң аулау көрінісі көрсетілсе, ал басқасында аң аулауды ізіне ит ерткен бес аттылы адам жүргізеді /26/. Аң аулау көрінісінде жаяу аңшылар мен аттылылардың қолдарында бейнеленген садақ түрлері анық берілген. Және де егер бірінші жаяу аңшылар қарапайым, доға түріндегі садақпен қаруланса, ал аттылы адамдардың садақ адырналарының иілуіне қарай отырып ортағасыр кезеңінің екінші бір бейнеленуі ретінде ой түйіндеуге мүмкіндік береді.

VII ғ. бірінші жартысында Шаш оазисінде таралған ақша бірлігінің аверсінде соғды тіліндегі аңыздармен қатар аттылы адамдардың бейнесі қашалған болса, монетаның реверсінде түрк таңбалары бейнеленген /27/.

Аттылы жауынгер бейнеленген аң аулау тақырыбы Қазақстанның, Алтайдың, Монғолияның көп санды жартастағы бейнелеу өнерінде орын алған. Сонымен қатар зерттеушілер аттылылардың образдары бар сюжеттер эволюциясының даму барысын сонау қола кезеңінен бергі монументалды өнерден көрсетіп берді. Жайсан ғибадатханасының жартастағы бейнелеу өнеріндегі жылқылар бейнесі жоғарыда сипатталған бұғы, түйелердің мүсіндері сияқты жиі кездесетін бейненің бірі. Ерте түрктік кезеңде табиғи галереялардан «садақпен оқ атқан және шауып бара жатқан күйдегі ортағасырлық жауынгердің, яғни қалыптасып болған орталықазиялық аттылы адамның прототипін» көруге болады /28/. Қазақтың дәстүрлі мемориалды өнерінде ат пен жауынгердің культі Батыс

Қазақстандағы құлпытастардан өз жалғасын тапты /29/.

Жайсан петроглифтерінің арасында жиі кездесетіні аттылы адамдармен бірге көрсетілген жылқылар бейнесі болып табылады. Зерттеушілер «ерте көшпелілер кезеңінде аттар мен аттылы адамдар бейнелерінің өнер бұйымдарындағы сияқты алтайлық петроглифтерде де ең кең таралған, көз тартарлық сюжеттері» екендігін атап көрсетеді /30/.

Авторлардың бақылауы бойынша Қазақстанның ортағасырлық жартастағы бейнелеу өнерінде «жиі кездесетіні аттылы жауынгердің бейнесі, жаяу және аттылы садақшылардың аң аулау көрінісі» және ол басқа көріністерде аттардың бөлек мүсіндерінің таңбалармен үйлесімділігін тудырады /31/. Ә.Х. Марғұланның мәліметтері бойынша «жылқыны құрмет тұту, жылқы культі, оның көшпелілердің өмір ағымындағы жан-жақты көрінісі жартастағы бейнелеу өнеріндегі алдыңғы орынға салт аттылы мен аттың шығатыны секілді біздерге эпикалық аңыз ретінде жеткен» /32/.

Мерке ғибадатханасының жартас беттеріндегі бейнелеу өнерінің әлемі көптеген тау ешкілерінің суреттерімен таныс. Ұсақ нүктелі қашау әдісімен орындалған көптеген тау текелер өте әсем күйде көрінеді. Тау ешкілер мүсіндері ерте және ортағасырлық жартастағы бейнелеу өнерінде бейнеленген жануарлардың арасында ең көп кездесетіндерінің бірі болып табылады. Олар сан мыңдаған жылдар бойы Евразия халқының культтік өнерінде бірге ұштасып келеді. Жартастағы бейнелеу өнерінде тау ешкілер бейнелерінің ерекшелігі мазмұны бойынша әр түрлі сюжеттерге қатысуы болып табылады. З. Самашев тау ешкілермен қатар антропоморфты кейіпкерлер бейнеленген көріністерді талдай келе, «тау ешкінің әр түрлі діни-мифологиялық жүйелерде құрбандық малы ретінде маңызды роль алғандығын» атап өтеді /33/. Зерттеушілердің пікірінше, жартастарда басқа кейіпкерлердің қасында тау ешкі бейнесінің бейнеленуін күнтізбелік мейрамдарға «немесе мамандандырылған құбылысқа»; ата-баба культіне негізделген «қандай да бір мейрамда құрбан шалу кезіндегі символ» ретінде түсіну керек /34/.

Тұтастай алғанда, зерттеліп отырған қайнар көздер құнды мәлімет болып табылады. Олар ортағасыр кезеңіндегі түрк тайпаларының дәстүрлі қоғамының дүниетанымын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Петроглифтердің шоғырланған жерлері бойынша зерттеу нәтижелері, бөлек бейнелердің, тақырыптар мен көріністердің анализі олардың көп кездесетін және топтасқан жерлерінің ғұрыптық рәсім өткізетін белгілі бір территория болғандығын дәлелдейді.

1. Кубарев В.Д., Цэвээндорж Д., Якобсон Э. Петроглифы Цагаан-Салаа и Бага-Ойгура (Монгольский Алтай). - Новосибирск – Улан-Батор – Юджин, 2005. - С. 37.

2. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. - Алматы, 1998. - С. 59.

3. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Указ. соч. - С. 60.

4. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения Каратау. - Алматы, 1977.

5. Байпақов К.М., Марьяшев А.Н, Потапов С.А. Тамғалы петроглифтері. - Алматы, 2006 ж. - 18 б.

6. Марьяшев А.Н., Рогожинский А.Е. Наскальные изображения в горах Ешкиольмес. - Алма-Ата, 1991. - С. 29.

7. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. - Алматы, 2002. - С. 141.

8. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Т. 3-4. Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген жартас гравюралары. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер. - Алматы, 2003. - С. 12.

9. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген еңбегі. 14-16 б., 23, 26, 40-42, 45, 47, 48 суреттер және т.б.;

10. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген еңбегі. - 14-16 бб.

11. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген еңбегі. 2003, -14, - 16 бб., 352-сурет.

12. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Указ. соч. - С. 177-178.

13. Акишев А.К. Новые художественные бронзовые изделия сакского времени //Прошлое Казахстана по археологическим источникам. - Алма-Ата, 1976. - С. 188, табл. II.

14. Кадырбаев М.К. Курганные некрополи верховье р. Илек //Древности Евразии в скифо-сарматское время. - Москва, 1984. - С. 89-90; 5, 1-2 – суреттер.

15. Самашев З.С., Григорьев Ф., Жумабекова Г. Древности Алматы. - Алматы, 2005. - С. 118.

16. Самашев З.С., Григорьев Ф., Жумабекова Г. Указ. соч. - С. 77-78.

17. Самашев З.С., Григорьев Ф., Жумабекова Г. Указ. соч. - С. 79.

18. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген еңбегі. - 16 б.

19. Бабаяров Г. Древнетюркские монеты Чачского оазиса (VI-VIII вв. н.э.). - Ташкент, 2007. - С. 20.

20. Байпаков К.М. Жетысу в древности и средневековье: урбанизация и средневековый город //SHYGYS. Издание Института Востоковедения МОН РК. - 2004. - №1. - С. 200.

21. Есбергенова Б.С. Түрктік Жайсан мәдени кешеніндегі петроглифтер// «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. - Алматы, 27 ақпан 2009 ж. - 61-64 бб.

22. Кубарев В.Д., Цэвээндорж Д., Якобсон Э. Указ. соч. - С. 59.

23. Гугуев В.К. Кобяковский курган (к вопросу о восточных влияниях на культуру сарматов I в до н.э. – II в н.э.) //Древние цивилизации: новые открытия. Вестник древней истории. - 1992. - №4. - С. 119.

24. Самашев З.С., Григорьев Ф., Жумабекова Г. Указ. соч. - С. 115.

25. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. - Алматы, 2002. - С. 91.

26. Досымбаева А.М. Западный Тюркский каганат. - Алматы, 2006. - С. 53.

27. Gaybullah Babayar. Göktürk kağanlığı sikkeleri kataloğu. The catalogue of the coins of

Turkic Qaghanate. TIKA. Türk işbirliği ve Kalkinma İdaresi Başkanliği. - Ankara, 2007. - 62-64 бб., no: 22-26.

28. Кубарев В.Д. Вооружение древних кочевников по петроглифам Алтая //Археология, этнография и антропология Евразии. Институт археологии и этнографии СО РАН. - Новосибирск, 2004. – 3 (19). - С. 78.

29. Тасмагамбетов И.Н. Кулпытас. - Астана, 2001. - 275-284 бб.

30. Кубарев В.Д., Цэвээндорж Д., Якобсон Э. Указ. соч. - С. 99.

31. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Указ. соч., 1998. - С. 42-43; рис. 217-220; Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Указ. соч., 2002. фото 37.

32. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген еңбегі. - 2003. - 16 б.

33. Самашев З.С. «Шаманские» сюжеты петроглифов Казахстана (к изучению мировоззрения древнего населения) //Вопросы археологии Казахстана. Сб. научных статей. - Алматы – Москва, 1998. – Вып. 2. - С. 204.

34. Самашев З.С. Указ. соч., - С. 205.

* * *

Петроглифы являются неотъемлемой частью единого по содержанию и назначению, культурного наследия тюркских племен.

Повсеместно на территории Центральной Азии, ландшафтно-топографической особенностью расположения памятников наскального искусства, являются прилегающее, к скалам с рисунками, площадки, служившие в качестве мест «для проведения ритуальной и культовой деятельности».

Исследуемые источники, являются бесценным материалам, которой позволяет произвести частичную реконструкцию мировоззрения, традиционного общества тюркских племен эпохи средневековья.

* * *

Егіншілікпен айналысатын аудандардағы елді мекендер (әсіресе, оңтүстік аймақтардағы) үлкендігімен, жоспарлы түрде салынуымен, жақсы салынған үй-жайларымен ерекшеленеді. Ал мал шаруашылығы тараған аудандарындағы қоныстар шағын, бір сызықты бойлап, жүйесіз салынған [10, С. 70-75].

Оңтүстік Қазақстанның біраз аудандарының экономикасы егін шаруашылығы арқасында

жақсы дамыды. Енді оған ирригациялық және басқа да ауыл шаруашылығының қиын жұмыстарын атқару үшін елді мекендердегі тұрақты адам санын қалыптастыру қажет болды. Әрине, бірнеше шаруашылықтардың бірігуінен пайда болған колхоздардағы орталық мекендер ірі қоныстар болып есептелді. Олардың құрамындағы тұрғын үйлердің саны 100-150-ге жетті. Бұлар өзеннің маңына және басқа да су көздеріне жақын орналасты. Ал теміржол және автокөлік жолынан алыс орналасқан ауылдар 30-35 үйден, көп шоғырланған жерінде 250-300 үйден кездеседі [11, 367-б.].

Қазақ колхоздары (мысалы, Жамбыл облысы Меркі ауданы Сұрат елді мекені) бос жатқан жерлерде, немесе ескі қыстаулардың орнына құрылды. 35-50 үйден тұратын шағын елді мекендер бір кейде екі көшеден дұрыс жоспарланбай, аралары алшақ болып, жүйесіз салынған. Бұл кезеңде қоныстарды салудың жоспарлануы түрліше болды. Жамбыл облысының таулы аудандарында тізбекті түрде салынған елді мекендер кездеседі. Оларда тұрғын үйлер сызықтық жүйеде орналасып, маңдай беті оңтүстікке қарай бағытталды. Осы үйлер тізбегінен белгілі бір алшақтықта келесі үйлердің тізбегі маңдай беті аталған бағытқа қарап орналасты [12, С. 15-16].

Ұжымдастырудан кейінгі алғашқы онжылдықта көтерілген қоныстардың неғұрлым архаикалық үлгі тәртібімен шоғырланған түрде ретсіз орналасқан құрылыстар да кездесті. Мұндай құрылыс түрінің мысалы болып Оңтүстік Қазақстан облысында Түркістан ауданының Шорнақ ауыл округінде Қызыләскер мекені саналады. Бұл жерде қазіргі кезде реттелген көшелі жоспардағы құрылыстармен қатар алғашқы түрдегі жоспарлар да сақталған.

Алайда, олардың әлі жетілмей жатқанына қарамастан, адамдардың мекендеген орындары болып, тұрғылықты халықтың оларда қоғамдық және мәдени-тұрмыстық ғимараттары бар орталықтары да болған. Олардың көбісі соғыстың қарсаңында, соғыстан кейінгі жылдары тұрмыстық жағдайларының жақсару белгілерімен (көгалдандыру, жарықтандыру) салынды.

Кейбір колхоздар ескі орыс ауылдарының негізінде құрылып, қазақтар орыстар және украиндармен бірге көршілес өмір сүре бастады. Мұндай көп санды дәрежелі қоныстарға Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Қараспан совхозы мен Обручевка атауымен белгілі украин селосының орнына пайда болған Жамбыл ауданы, Жангелдин атындағы колхозды жатқызуға болады.

Бұл қоныстар үй-жайларының нақты жоспарлы салынуымен, көшелерінің дұрыстығымен, көгалдандырылғандығымен ерекшеленеді. Бұған қоса, шаруашылықтың экономикасы нығайған сайын табысы да өсіп, ауылдың келбеті де өзгере бастады. Ескі жайлардың, қора-қопсылардың орнына жаңа ғимараттар, колхоз немесе совхозды басқару құрылымдарына қажетті кеңселер, клубтар, мектептер соғыла бастады. Осылайша елді мекендердің жаңа орталықтары өмірге келді.

Бау-бақшаны өсіруді жақсы дамытқан Оңтүстік Қазақстанда үйлі мекендерге бөлінген жер телімдері жеке шаруашылықта маңызды экономикалық роль атқарды. Олар республиканың басқа аймақтарына қарағанда жабық түрде салынып, айнала дуалдармен қоршалды.

Біз қарастырып отырған екі облыстың малшаруашылық аудандарындағы қоныстар бірбіріне жақын, үйлерінің маңдай бөлігі оңтүстікке қараған, қисық орналасқан болып келеді. Бұл мекендер көгалдандырылмаған, жер телімдерін иеленбеген, ал ғимараттары тұрғын үйлердің қатарына орналасқан.

Осы жылдары колхоздарда мамандандырылған құрылыс бригадалары болған жоқ. Бірақ Оңтүстік Қазақстанда адамдар ақшаға немесе малға жасырын түрде жалданып жұмыс істеді. Мұндай көне дәстүр жұмыссыздық белең алып тұрған бүгінгі күні септігін тигізуде. Жеке құрылыс жүргізудің арқасында үйлер сәулет басшылығының бақылауынсыз өсе берді. Бірақ уақытша құрылыс бригадалары бар жерлерде қоғамдық және шаруашылық орындар салынып жатты.

Совхоздардағы жағдай сәл басқаша болды. Мұнда көп жағдайда тұрғын үйлер салатын уақытша және тұрақты құрылыс бригадалары болды. Олар үйлердің тұрмысқа қолайлы болуы мен жоспарлы түрде соғылуына көп көңіл бөлді. Бірақ тұрмыс жағдайын жақсартуға көп көңіл бөлінбеді.

Қазақстандағы ауылдық жерлердің дамуының екінші кезеңі 1950 жылдардан бастап кейінгі жылдары да жалғасын тапқан колхоздарды нығайту кезеңі болып табылады. Шағын, экономикасы әлсіз артельдер бірігіп, олардың негізінде ірі шаруашылықтар құрыла бастады. 1953 жылғы 3092 колхоздың орнына 1959 жылдың басында 1523 колхоз ғана қалған.

Біраз колхоздар өзара бірігіп, қалғандары жақын совхоздардың құрамына енген. Мысалы, 1957-1958 жылдары 130 совхоз - артельдер

совхоздарға кіріп, 498 колхоз және 136 МТС базасының негізінде 201 жаңа совхоз құрылған. 1954 жылдан бастап, 1958 жылға дейінгі аралықта республикада 573 жаңа совхоздар құрылған. Олардың басым бөлігі жаңа жерлерге орныққан [13, С. 96-99; 14, С. 76-77].

Келесі кезеңдегі салынған елді мекендер республикада және оның облыстарында кең тараған түрлерімен айырықшаланады.

Ірілендіру барысында бір шаруашылыққа полиэтникалық құрамды колхоздар жиі бірігіп отырған. Олардың құрамында тек қазақ этносы ғана емес, өзбек, орыс және басқа да ұлт өкілдері болған. Соның нәтижесінде жаңа мекендердің ішкі және сыртқы көріністерінде инновациялар байқала бастады. Бұған ұқсас үрдіс жаңа құрылып жатқан совхоздарда да жүріп жатты.

Оңтүстік Қазақстанның әр түрлі аудандарының экономикасының ерекшеліктеріне, ауа-райының әр түрлілігіне, жергілікті құрылыс заттарына деген тәуелділігіне байланысты колхоздың елді мекендердің ерекшеліктері күрделі түрде өзгеріп отырды.

Жаңа жерлерге елді мекендерді салу жоспарланғанда, арнайы жасалған жобалар ұсынылды. Зерттелген аймақтың елді мекендерінде, яғни колхоздар мен ескі совхоздарда әкімшілік-шаруашылық орталықтар қайта құрылды. Тұрғын үйлердің біразы алмастырылды. Тұрғындардың көпұлтты құрамы сәулет пен жоспарлау саласына үлкен ықпалын тигізді. Орталық мекендер мен үйлердің сыртқы келбетінде, көшелердің орнығуында елді мекендегі көп ұлтты тұрғындардың ұлттық, тұрмыстық салт-дәстүрлері аралас көріне бастады. Жаңа құрылған ауылдар өнеркәсіпке бет бұрып, қала мекендеріне ұқсай бастады.

Зерттеліп отырған аймақтағы ауылдық және қалалық аймақтар елеулі қызығушылық туғызып отыр. Ауылдық елді мекендердің басым көпшілігі Оңтүстік Қазақстанда басым шоғырланған. Олардың жалпы саны 896 ауылды құрайды, бұл көрсеткіш 1999 жылғы республикалық көрсеткіштің басым бөлігін құрайды. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл жағдайды былай түсіндіруге болады. Біріншіден, тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ, бұл өңірдің халқы ежелден егіншілікпен айналысып, отырықшы тұрмыс кешті. Сол себепті бұл аймақта қалалық мәдениет дамып қоғамдық, көпфункционалдық және тұрғын үй салу дәстүрі қалыптасқан. Екіншіден, Ұлы Жібек жолының осы өңірді басып өтуі қоныстар мен қалалардың пайда болуына оң әсерін тигізді. Үшіншіден, халықтың тығыз қоныстануы және ауыл халқының қалада тұруға ұмтылуы да өз әсерін тигізбей қоймады.

1. Жолдасбаев С.Ж. Типы оседлых поселений по дан-ным археологических исследований Южного и Централь-ного Казахстана (XI-XIX вв.) // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – Алма-Ата, 1976. – С. 45-83.

2. Аджигали С.Е. Традиционная система скотовод-ческого поселения казахов (в историческом развитии) // Этнографо-археологические комплексы. Проблемы куль-туры и социума. Т.5. – Новосибирск, 2002.- С. 143-191.

3. Аджигалиев С.И. Культурно-исторические инно-вации в традиционной системе скотоводческого поселения казахов середины XIX века (к вопросу о генезисе ста-ционарных кыстау) // Культура кочевников на рубеже веков (XIX-XX, XX-XXI вв) Проблемы генезиса и транс-формации: Материалы междунар. конф., Алматы, 5-7 июня 1995 г. –Алматы, 1995. – С. 133-152.

4. Востров В.В. К истории развития оседлого жилища у казахов. Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. // Труды ИЭ АНСССР. Новая серия. Т. 18. –М. - Л., 1961.- С. 180-197.

5. Материалы по киргизскому землепользованию. Сыр-Дарьинская область. Чимкентский уезд. Т.1 Общий очерк киргизского хозяйства. –Ташкент, 1908. – 639 с.

6. Токарев С.А. К методике этнографического иссле-дования материальной культуры // Сов. этнография. – 1970. № 4. – С. 3-30.

7. Материалы по киргизскому землепользованию. Сыр-Дарьинская область. Аулиеатинский уезд. – Ташкент, 1911. – 699 с.

8. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сыр- Дарьинской области. – Таш-кент, 1915. – 260 с.

9. Қатран Д. Монғолиядағы қазақтардың дәстүрлі тағамдар жүйесі: Тарих ғыл. канд. диссертациясы. – Ал-маты, 1996. – 150 б.

10. Семенова М.И. Джамбульская область. Природа, население и хозяйство. – Алма-Ата, 1981. – 70-75 с.

11. Оңтүстік Қазақстан облысы // Қазақ энциклопе-диясы. – Т.1. – Алматы, 1994. – С. 365-368.

12. Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с сосед-ними народами Центральной Азии в XYII- начале XX в. – Алматы: Білім, 1995. – 276 с.

13. Михайлов Ф.К. Совхозное строительство в Ка-захстане (1946-1970 гг.) -Алма-Ата: Наука, 1973. – 256 с.
14. Савосько В.К., Шамшатов И. Колхозное строитель-ство в Казахстане (1946- 1970 гг.) – Алма- Ата: Наука, 1974. -262 с.

* * *

В этой статье на примере Южного Казахстана рас-сматриваются проблемы возникновения первоначальных поселений и жилищ, составляющих основу современных городов и сел.

* * *

In this article example of South Kazakhstan regard the problems of rising settlements and habitations which consist basic modern towns and villages.

Е. М. Тургунбаев

ШЕЖІРЕДЕГІ БІРТҰТАС ҚАЗАҚ ИДЕЯСЫ

Ұлттық идеяның этникалық тамырлары тереңде жатыр. Европалықтар оны Реформация кезіндегі Мартин Лютер кезінде қалыптасып, француз Ағартуы тұсында аяқталды деп есептейді. Ұлтшылдық азаматтық автономияны, территорияның және тарихи біркелкіліктің болуын талап етеді. Бұлардың бәрі бірге этникалық туыстық ретінде ұлттық идеологияның негізін құратын ұлттың басты ерекшелігін анықтайды [1, p. 48].

Этникалық топтың ішінде ұлттық идеал қалыптасады. Ол ынтымақтастықта болады, оның нақты бағдарламасы бар. Ұлтшылдық өзінің жерінің болғанын қалайды, ал жер - туған жер, осы жерде өз ұлтын қалыптастырады. Ұлтшылдық мына үш мақсаттың орындалуын талап етеді: азаматтық автономия, территория тұтастығы және тарихи біркелкілік. Бұлардың бәрі бірге ұлттық идеологияның негізін құратын этникалық бауырластық ретіндегі «ұлттың» ерекшелігін анықтайды.

Тарихтан белгілі мемлекет болу үшін туыстық қауымдастықтан азаматтық қауымдастыққа өту қажет. Белгілі бір мемлекет болғанда сол мемлекеттің азаматы деген атқа ие болады. Сөйтіп туыстық санадан жоғары мемлекеттік сана, яғни азаматтық сана қалыптасады. Мемлекетте өмір сүріп жатқан халықты біріктіретін күш-қуат болу керек, жаңа пассионарлық энергия қажет болды, оның аты – азаматтық [2, 65 б.].

Қазақтың сайын даласында мемлекет құрып, билік басына келген топ азаматтық санамен айналысты. Ұлт болу үшін ұлттық идея керек. Қазақ даласындағы ұлттық идеяның алғшқы тарихи формасы – Асанқайғының Жерұйығы. Бұл идея жаңа қауымдастық, яғни азаматтық қауымдастықты қалыптастыруда жетекші қызмет атқарды. Жер анықталды, енді азаматтықты күшейту жолында жұмыс жүргізу керек болды.

Асан Қайғы өмір сүрген уақытта Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай Ордасы ыдырап, Қазақ хандығы құрылды. Бұл мемлекеттер Жерұйық идеясына – ұлттық идеяға алып келді. Бұл тұрғыдағ Жерұйық халықтың бақытты тұрмысы. Асан Қайғы халыққа ортақ идея ұсынып отыр, оны бірлікке, туыстыққа шақырып, өзі осы идеяны насихаттады. Жерұйық дегеніміз қазақ мемлекеттілігінің жетекші ұлттық идеясы. Ұю деген мемлекет болу деген сөз. Ұю үшін Келісім, Бітім, Татулық керек, себебі Қазақ хандығына кірген ру, тайпалардың өздеріне тән тарихи-мәдени менталитеттері бар [2, 37 б.]. Сондықтан олардың жаңа мемлекеттің азаматтары, яғни қазақтар атанып кетуі қиындау мәселе. Сондықтан Асан Қайғы «Қарындасты жамандап, туысты қайдан табасың» деген. Мұндағы «қарындас» деп отырғаны тусқан жұрттың азаматтары. Діні бір, тілі бір, тарихы бір ру, тайпалар бір жерге ұйып жаңа ұлт болды, ол – қазақ этносы. Осы ұлттық сананы Асан Қайғы «қарындас», яғни туыс деген ұғыммен бейнелеп отыр [2, 38 б.]. Туысыңды жамандасаң, жауға жем боласың, елдігіңнен айырыласың деген ой айтады. Бұл ұлттық идеяның жанды жері. Осылайша Асан Қайғы «қарындастарына» жақсы жер – Жер-ұйық іздеп кетеді.

Жер анықталғаннан кейін азаматтықты күшейту ісі атқарылды. Қазаққа қарға тамырлы деген түсініктеме берілді. Қарға деген таулы жерде өсетін өсімдік, өзі аса биік болмаса да тамырлары жан-жаққа жайылған әрі тереңге кетеді. Дүниетаным мен метафораға құрылған қазақ туыстықты дөп басып, қарға тамырлы қазақ деген, себебі қазақ болып атанған ру, тайпалар қауымдатықтарының, яғни туыстары тым тереңде жатқан ру, тайпалар қауымдас-

тықтары бірігіп, жаңа мемлекет құруға ниет жасаған [2, 4-65 бб.]. Енді азамат деген қадірлі ұғымға айналды. Азамат ру, тайпа намысын қорғаушы емес, ол енді мемлекеттік мүддеген қызмет етеді. Сөйтіп қазақтарда азаматтық қауымдастық нығайып, мемлекет күшейген. Азаматтық сна қазақ қауымдастығының хандық дәуірінің нәтижесі. Азаматтық адамның тәуелсіздігі. Тәуелсіздік болған жерде ұлттық идея кең қанат жасыд.

Асан Қайғының дәуірінде өмір сүрген ағылшын ойшылы Томас Мор «Утопия» атты шығармасында Еуропадағы шіркеулік қанаудан құтыу жолдарын іздеп, тапсыз қоғамның моделін жасады. Асан Қайғының Жерұйығынан айырмашылығы басқаша «қалалардың одағы» ретінде баяндалып, «утопия» қоғамының адамдары Құдай заңымен өмір сүріп, қиянат атаулыны үстем өкілдерінен білмейді. Томас Мор теориялық негізде өзінің қайырымдылық қоғамын дәлелдеп берсе, Асан Қайғы іс жүзінде практикалық іс-әрекетімен «қиял-мекенін» дәлелдеуге ұмтылады [3, 173 б.]. Асан Қайғы көшпелі қазақ қоғамының мызғымас бірлігіне үлкен идеялық мазмұн беріп, өзінің ата мекенін тарихта сақтап қалу жолында жүруі тарихта мәңгі қалуының айғағы болды. Асан Қайғы Ұлы Қыпшақ даласында бүкіл түркі тілдес халықтардың ортасында желмаямен жүріп, үн қатып, болашақ қоғамның моделін өзекжарды толғауларымен дәлелдеп берді.

Қазақ хандығының негізін салған әз Жәнібек ханның шежіресі туралы М.Ж. Көпейұлы еңбектерінде әр түрлі деректер орын алған. Мұның өзі автордың мағлұматтарды жинастыруда бір ғана дерекпен шектелмей, барынша жан-жақты нұсқаларды қамтуға тырысқанын көруге болады. Сондықтан кейбір шығармаларында әз Жәнібекті Сайын хан (Бату) ұрпағы деп, ханның өзін «ноғайлының ханы» деп те көрсетеді. Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп шежіресі қазақ хандарының шығу тегін Әбілғазы сияқты Тоқай Темірден тарататын нұсқаны ұсынады; «... Шыңғыс хан, оның ұлы Жошы хан, оның ұлы Тоқай Темір, оның ұлы Өз Тесір, оның ұлы Хожас, оның ұғлы Жәнібек, он ұлы тоғыз ... Құйыршық әкесі Орыс хан Балақұл баласы, Құйыршық ұғлы Барақ, мұның баласы Жәнібек хан. Мұның 9 баласы болған. Жиренше әз Жәнібек осы Асан Қайғының замандасы, бастасы». М.Ж. Көпеев шежіресінде Жәнібек ханнан кейін (Керей хан мүлде аталмайды) қазақтарды билеген хандар ретінде Мұрындықпен (Бұрындықпен) қоса Жәдік Жәнібекұлы да айтылады: «Жәнібек хан өлгеннен соң Мұрындық хан болған. Жәдік те хан болған...» [4, 25 б.]. Әбілғазы шежіресіне сай келмейтін кейбір нұсқаларында автор Мұрындық ханды Жәнібектің баласы деп көрсетеді: «Жәнібек балалары: Ераншы, Махмұд, Қасым, Мұхаммат, Жаныс (Жаныш),Таныс (Таныш), Өсеке, Жәдік, Мұрындық» [4, 44 б.]. Тарихты зерттеуде жеткен жетістіктер мен тарихи деректер қорына қарай оырып, мұндай шежірелік жіктелуге әзіргі тарихшылардың көпшілігі қарсы екенін айта кеткен жөн.

Ыдыраған елдің басын қосып, қазақ халқының сыртқы жауларына қарсы белсенді күрес жүргізіп, Қазақ Ордасының саяси-экономикалық жағынан қайта өрлеуіне негіз болған Хақназар ханның бүкіл әскери-саяси ғұмыры осы еңбекте шежіре сөзі ретінде қысқаша баяндалады. Сонымен қатар, Көпейұлының шежіресінде Абылай хан, Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Қабанбай, Бөгенбай, шанышқылы Бердіқожа, Ұлбике, Шернияз сияқты тарихи тұлғалар жанжақты сөз болады [4, 27 б.]. Мұндай деректер Қ. Халид еңбегінде де көптеп кездеседі.

«Аталарын санағанда осы 1883 жылы Өзбек ханға дейін 29-30 буын десек, әр буынды 20-25 жылдан есептегенде сегізінші ғасырда келген Өзбек хан заманына тура келеді» деп өзіндік есептеулер жүргізген. Оған қоса еңбекті оқу барысында, шежіреші бұл тек ауызша тарихты жатқа білуші емес, ең бастысы – рулар мен тайпалар буынын анық айыра білуші болып табылатынына көз жеткізуге болады [4, 59-60 бб.]. Қ. Халид өз еңбегінде – «Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек. Қарт, қариялары бар жастарға бізден өсиет. Уақыт өтпей тұрғанда олардың сөздерін ұғып қалсын... Олардың сөздерін өздерінше аударып – төңкермей сол күйі тыңдап алу керек. Тыңдап отырғаныңызда анда-санда «е» деп қоймасаңыз мақсатыңызға жете алмайсыз. Олай етпесең менің сөзімді көңіл қойып тыңдап отырған жоқ деп, біразын алып қалады» деп жастарға өсиет айта отырып, қазақ шежірешілерінің психологиялық сипатын бергендей болады [60, 90-91 бб.]. Еңбегінің соңында, «Атамыз үш жүз дегені бір ата емес, бәлкім сол үш бөлінген жамағат, қауым аталған болуы керек. «Қазақта «қазақ» деген ата жоқ, бар деушілер болса ол ойша айтылған сөз, негізі дәлелсіз. Бәрі бай қотаннан тараған деуге жарамайды, тіпті одан болғанда да 600 жылға жетер-жетпес уақытта мұнша халық бір кісіден тарамайды... Қазақ насабшыларының нақылына қарасақ, осы 1883 жылы үш жүзге 20 атадан қосылады. 20 буынды мұндай халықты бір

кісіден есептеп шығару шындыққа жанаспайды. Олай болса Жәнібек хан бірнеше тайпа елді біріктіріп, бір кісідей өмір сүріп, олардан тұтас бір халық өсіп отыр... » деген жолдарымен шежіреге күмәндік білдіреді [4, 234 б.].

Әлеуметтік құбылыстардың ғылыми типологиясын жасау тәсілдерінің көп тарағаны - аналитикалық әдіс. Аналитикалық типология мынадай алғы шарттарды талап етеді: а) уақыт пен кеңістіктегі кең бақылауларды; ә)белгілі бір процестің дамуын жергілікті тарихи және дүние жүзілік тарихи процесс тұрғысынан тұрақты салыстырып отыру.

Алғы шарттарды орындай отырып, XVI-XVII ғ. қазақ қоғамын, Римнің патшалық кезеңін ежелгі кельттер, германдықтар, орта ғасырдағы ирланд қоғамдарын қоғамдық құрылысындағы және сатысындағы ұқсастықтарға байланысты бір типке жатқызамыз. Себебі аталған қоғамдар әскери-демократиялық сатыда тұр.

Ақ ордада Шыңғыс тұқымы арасында тартыс басталып, бүкіл халықта берекесіздік басталған кезде Керей мен Жәнібектің қол астындағы халықтың саны 200 мыңға жетті. Халықаралық жағдай тиімді болғандықтан Қасым ханның тұсында территория да, халық саны да өсе түмеді. Зерттеуші К.А. Пищулина бұл кезде Орта жүзге жататын рулардың бір бөлігі қосылуы мүмкін дейді [5, 263 .].

Қасым ханның баласы Тақырдың тұсында Қазақ хандығы бытыраңқылыққа ұшырап, саяси рөлінен айрылды. Алайда Қасым ханның ұлы Хақ-Назар қазақ руларының басын біріктіріп, Қасым хан тұсындағы территориясын қалпына келтірді және біріктіру саясатын жүргізу нәтижесінде қазіргі Кіші жүз территориясы қосылды. Үш жүздің қалыптасқан кезі Хақ-Назар тұсында болған сияқты, себебі Тақыр тұсында бытыраңқылыққа ұшыраған қазақ руларын біріктіруді мақсат еткен Хақ-Назар экономикалық байланысты нашар қазақ тайпаларын біріктіру үшін белгілі бір саяси шараларды іске асыруды мақсат еткен болу керек. Сондай шаралардың бірі – ру басылардың келісімі еді. Себебі жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғамда, әсіресе қазақ қоғамында ру басылардың рөлі жоғары болды. Сондықтан елді біріктіруді ойлаған хандар барлық рубасыларымен келісімде болуды ойлаған. Ал хан саясатымен келіспеген ру басылары қол астындағы рулармен көшіп кетіп отырған.

Ақсақалдар кеңесі елді басқару мәселесімен де айналысқан мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін ең маңызды нәрсе жер мәселесі болғандықтан дау туғызатын да сол. Сондықтан ақсақалдар кеңесі әр рудың жер иеліктерін белгілеп отырған ақсақалдар кеңесінің рөлі Қазақ хандығы дәуірінде ерекше болған. Хақ-Назар өзінің алдындағы Тақыр ханнан қазақтардың бас тартуын және бөліне көшуін түсінгендіктен, Жайыққа дейінгі және оңтүстіктің бір бөлігін қосып алған соң бірінші қолға алғаны жер мәселесі болды. Әр рудың жер иелігін белгілемейінше елде тұрақтылықтың болуы мүмкін емес еді. Сондықтан Хақ-Назар қол астындағы рулардың барлығын жиып, осы мәселені талқылаған болу керек. Ол туралы ауыз әдебиетінде мынандай мәлімет бар. Қазанғап Байболұлының «Төле би» тарихы атты жырында Төле би былай деді: «Үш жүзге енші бөлгенде, Бабама тиген Жырағаш». Төле би 1663 ж. дүниеге келген, ал бабасы, яғни атасының әкесі шамамен XVI ғ. екінші жартысында өмір сүрген сонымен руларға енші бөлген үлкен жиылысқа 300 – дей ру басылары қатысқан болу керек.

Көшпелі дүниедегі үштік жүйе негізінде жүздердің пайда болуын түсіндіруге тырысқан Ю.А. Зуев болды. Ол жүздер көшпелі дүниедегі тайпалардың өзара құдалық-жекжаттық қатынастарға негізделген одағының негізінде пайда болды деп есептейді. Автор: «сырт көзге триальды ұйымдасу институты үш рудың одағына немесе тайпалардың шеберлік байланысына ұқсас. Әр ру келесі бір руға қайын-атасының руы немесе күйеу баласының руы болып келеді. Бірақ бұл жерде байланыс қаған руына, яғни орталық руға қалған екі рудың некелік қатынасымен анықталады және олар бір-біріне автономды болып келеді. Руаралық осындай некелік қатынас жүйесін біз этникалық триумвират деп атадық және ол ежелгі көшпелілердің әскери тактикалық ұйымдасуына әсер етті және оларды оң, сол және орталық болып есептелді. Қазақ мемлекеттілігінің құрылу кезеңінде, сөзсіз бұрынғы дәстүрлердің жалғастырушысы ретінде, олардағы консервативтік күш скери тайпалық қйымдасудың үштік (триальды) жүйесі ретінде материалданды, бірақ олардың мазмұны туралы бұрынғы әлеуметтік институттарды» әлсіз реминисценциясы ғана еске салып тұрды», - дейді [6, с. 67-68].

Жүздер мәселесінің пайда болуына жаңа түсіндірме жасап, оның мазмұнын ашуға үлес қосқан белгілі тарихшы Т.И. Сұлтанов қазақ жүздерінің пайда болуы дәстүрлі ұлыстық жүйенің орнына жаңа жүздік жүйенің енгізілуімен түсіндіргенімен ол өз ойының мазмұнын аша қойған жоқ [7, 32 б.].

Қытай Халық Республикасында тұратын қазақ тарихшылары «Қазақтың көне тарихы»

деп аталатын еңбектерінде жүзде пайда болу кезеңін біздің эрамызға дейінгі кезеңге жатқызып, жүздер ұғымы көшпелі дүниедегі әскер құру дәстүрі бойынша оң, сол, орта деген бөліктерге сай болуы мүмкін деген болжам жасайды. Сонымен бірге көне дәстүрдегі ұлы, кіші иозылар тайпаларымен де байланыстырады.

Орыс тілінде шыққан еңбектерде қазақтың ірі руларын бірде «племя», бірде «род» деп жазады, ал оның бөлімдерін «подрод», «отделение» деп жазып жүр. Ал енді қазақ тілінде жарық көрген еңбектерінде тайпа да «ру», ру да «ру» аталып жүр. Тек Х. Досмұхамедов қана ру бірлестіктерін «арыс» деп атайды. Қазақтың ірі руларын «тайпа» (племя) деп, ал оның бөлімдерін ру топтары немесе арыс, ру топтарын құрайтын бірлікті «ру» (род) деп атаған дұрыс сияқты. Бұл классикалық (род – фратрия – племя) бөлшектеуге сай болар еді. Белгілі қазақ тарихының зерттеушісі М.П. Вяткин қазақ рулары «шаруашылық жағынан да, саяси жағынан да біртұтас бола қойған жоқ» деп есептейді, ол 1786 жылғы Ресейге ант берген кезде қол қойылған қағаздарды зерттей отырып, старшындардың 50-ден 2000-ға дейінгі, тіпті 10 мың үйге басшы екендігін анықтап, мынандай қорытынды жасайды: «...қазақ қоғамындағы саяси бірлік – старшын басқарған рудың бір бөлігі немесе әр түрлі рулардың бөліктерінің жиынтығы болды» [8, с.103].

Сонымен қазақ тайпасы бірнеше ру топтарына, ал ру топтары руларға бөлінді және белгілі саяси-әлеуметтік рөл атқарды. Мысалы, найман тайпасы үш ру тобына, ал ру топтары 13 руға бөлінеді. Дулат тайпасы 4 ру тобына, 24 руға бөлінеді. Әр руда орташа есеппен 2000-нан аса әулет (отбасы) болған. Рулар туралы XVIII ғ. Орынбор генерал-губернаторы мынандай мәлімет береді: «Арғынның тарақты руында 4000 семья, Қыпшақтың көлденең руында 200 семья, торайғыр руында 3500 семья бар» [9, с.71].

Сонымен, қазақ қоғамындағы саяси-шаруашылық-әкімшілік бірлік – ру, ал саяси-әлеуметтік-әкімшілік бірлестік – тайпа мен тайпалар одағы болды.Әдетте тайпа ұйытқысы бір атадан тараған ададар тобы болды. Осындай топ немесе «ру» осы тайпада үстем жағдайда болды және әдетте тайпа көсемі де осы топтан шықты. Көптеген басқа рулары, «басты румен», қандас туыс болмауы да мүмкін. Олар тайпа құрамына ерікті түрді, ал кейде әр түрлі себеппен күшпен қосылып отырды (шежіреде «тоқал балалары»). Тайпалық бірлестіктердің пайда болуына саяси жағдайлар – басқа тайпалардың қорғану немесе басқа тайпалардың жерін басып алу басты рөл атқарды және тайпа көсемдерінің мүддесі де елеулі әсер етті.

Мұсылман діні мен ислам мәдениетінің ықпалында болған көптеген түркі халықтары сияқты қазақ елі де халық ауыз әдебиеті шығармашылығында айтарлықтай ірі ескерткіштерін қалдырған. Ол ескерткіштердің көпшілігінен жалпы сол заманның құқықтық тарихы мен қазақтардың қоғамдық ұйымы, әлеуметтік қоғамның құрылымы, этникалық тарихы, қоныс аударған жерлері және т.б. туралы материалдарды табуға болады. Бұл материалдар тарихи фольклорға арналған, әсіресе, біз қарастырып отырған шежіре, бірақ ол жүйелі түрде қандай да бір ақпараттардың қосымша көзі болып саналған емес. Белгілі этнограф Мұқанов М.С. пікірінше, қазақ шежіресінің құндылығы ол – халық ауыз әдебиет шығармашылығының өнімі болып табылатындығы және XVIII ғ. соңында жазба түрінде сақталғанға дейін ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғандығында. Нақты тарихи жазбалармен қатар, қытай, араб, парсы және батыс еуропалық авторлардың қолжазбаларында қазақ шежіресінің ірі тарихи құнылық болып табылатындығының себебі, онда қазақтар саналы түрде өздерін біртұтас халық ретінде санайтындығы айтылады. Дегенмен де, шежіре қазақ этнографтары мен этникалық мәселелермен айналысатын зерттеуші-тарихшылардың арнайы, әрі толыққанды қарастыруға тұрарлық объектісіне айналған жоқ.

Бәрімізге белгілі, шежіре – бұл негізгі көзі қазақтардың генеалогиялық аңыз-әңгімелері ауызша түрде таратылатын дәстүр болған кезеңдегі ерте заманнан бастау алатын, XVII-XIX ғғ. қызықты және ақпараттық қолжазба ескерткіштерінің бірі болып табылады. Шежіре семантикалық аспектте «генеологиялық негіз бәйтерек» ретінде қарасытырылады, ал көптеген жағдайларда шежірелерден феодалдық байланыстар кезеңіндегі қазақтардың қоғамдық құрылымы, экономикалық дамуы және саяси тарихы туралы да апараттарды табуға болатын. Демек, нақ осы ақпараттар бізге ежелгі дәуірдің қолжазбалары мен аңыз-әңгімелерін жеткізген деуге болады.

---

1. Smith A.D. Nathionalism in the Twentieth Century. Canberra, 1979.
2. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. –Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3 Толысбай К. Асан Қайғының дүниетанымы. – Қызылорда, 2002.

4 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993.

5 Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV-начале XVI веков. Вопросы политической и социально-экономической истории. – Алма-Ата, 1977.

6 Зуев Ю.А. Историческая проекция казахских генеалогических преданий // Казахстан в эпоху феодализма. Проблемы этнополитической истории. – Алма-Ата, 1981.

7 Әмірбеков Ш. Қазақ мемлекетіндегі алғашқы саяси-әкімшілік реформа // Қоғам және дәуір. 2004. - №3. – 30-36 бб.

8 Вяткин М.П. Батыр Срым. –Алматы, 1994.

9 Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. – Алма-Ата, 1974.

* * *

В статье рассматривается национальная идея казахов на основе родословной. Автор используя теоретические работы о национализме, национальной идее Смита доказывает, что казахское шежире является основой национальной идеи казахов.

* * *

In this article is considered national idea of Kazakhs on the basis of shezhire – genealogies. The author uses theoretical works about nathionalism of Smith A.D. and proves that genealogies are the base of national idea of Kazakh people.

Е. М. Тургунбаев

ШЕЖІРЕ – ПОТЕСТАРЛЫ-САЯСИ ҚҰРЫЛЫМ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ БЕРЕТІН ДЕРЕК

Көшпелі қоғамға тән белгі көп сатылы, дамыған ру-тайпалық ұйымның болуы болып табылады. Көшпелілердегі рулық құрылымдардың екінші орында болатынын зерттеушілер көрсете отырып, ол жаңа қоғамдық-экономикалық қатынасқа ыңғайланады, ал өзінің өмір сүру жағынан қазақ рулары патриархалды-феодалдық қоғамның құралы болған [1, с.516].

Бұл жүйе біртұтас генеалогиялық тамырмен өзара байланысты. Ал генеалогия қауымдастықтың шығу тегін идеологиялық жағынан негіздейді [2 с. 16]. Л. Крэдердің өзі көшпелі қоғам шоғырланған топты көрсетеді деп айтса да [3, с.153], генеалогиялық ұйым қоғамдық санада болғанын ескерген жөн.

Түрлі топ мүшелері арасындағы тустық қатынасты патрисызықтық филиация принципі бойынша тік генеалогиялық сызық көрсетеді, ал оның тамыры терең 25-30 ұрпаққа кетеді [4, с.146]. Гродековтың айтуынша, қазақтың әдет құқығы бойынша туыстық қырық атаға дейін барады [5, с.27].

Туыстықтың генеалогиялық жүйесі көшпелілерде үстем болған себебі өмір сүрудің негізгі каналы ақпарат пен меншікті берудің диахронды әдісі болғандығында. Адам өмір бойы өзбетімен дүние жинай алмайды, оны мұраға ғана ала алатын болған. Сонымен қатар адам өмір бойы табиғат мерзімі туралы қажетті білімді де жинақтай алмайды, оны тек игере алады және өз аталары жинақтаған тәжірибені қолданады. Көшпелі өмір салты мұраға қалған меншік (мал, дүние) негізінде ғана, алдыңғы ұрпақтан қалған тәжірибе негізінде ғана мүкін болды. Осыдан келіп генеалогиялық туыстық және кеңістікте индивидтердің генеалогиялық принциптері жоғары болған.

Зерттеушілердің көпшілігі көшпелілерде әскери-потестарлы қатынас жүйесін реттеген функционалды ұйымның болғанын мойындайды [2, с.20]. Қоғамды әскери және потестарлы ұйымдастыру бірдей және параллельді жүруі мүмкін, алайда бейбіт уақытта олар бірін-бірі толықтыра отырып қоғамның бір иерархиялы құрылысы шеңберінде өмір сүрді.

Әскери-потестарлы ұйымды белгілеуде көбінесе тайпа ұғымы қолданылады. «Потестарлық тайпа» «генеалогиялық тайпаға» тең емес. Басқаша айтқанда интеграция туыстық генеалогия қағидаттары негізінде болса, қауымдастық топтардың арнайы функционалды құрылымдарға бірігуі бір басқа деп түсінеміз. «Генеалогиялық тайпа» тайпаның «әскери-потестарлық» негізін құраса, ал бірлестік геналогиялық туыстық қағидаттары негізінде жүзеге асады, бірақ бұл нұсқа тайпаның пайда болуы мүмкін болатын барлық жолдарын жоққа шығармайды. Көбінесе бұл керісінше болып жатқан. Саясатта түрлі топтар өз мүддесіне қарай әскери-потестарлық ұйымға интеграцияланды, тек кейіннен ғана бұл үрдіс идеологиялық жағынан ой елегінен өтіп, тұтас атау алып, біртұтас генеалогиялық тамырын жасады [6].

Көшпелі қоғамдағы әскери-потестарлық ұйым қоғамдық қатынасты реттеу үшін қажет болды. Қоғамдық қатынас жүйесінен саяси өмірге қатысты мәселелер жиынтығын реттеудің объективті қажеттігі шығады. Осы негізде түрлі

қауымдастық топтар әскери-потестарлы құрылымға интеграцияланады.

Әскери-потестарлы ұйым жайылым жерлерді, көш маршруттарын, барымтаны, біреу біреуді жерінен ығыстырғанда, әдет құқықтарын бұзғанда қауымдастық топтар арасындағы өзара қатынасты реттеу қажет болғанда пайда болды. Сондықтан потестарлық ұйым билік қызметін атқара отырып, қауымдық топтар мен бірлестіктер деңгейінде қоғамдық қатынастар жүйесіне әсер еткен жоқ. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар толығымен қауым аясында реттеліп, әскери-потестарлы ұйымның қатысы болған жоқ.

Әскери-потестарлы ұйым көшпелілерде бір тайпаның екінші тайпаға немесе бір тайпалық топтың екіншісінен үстем болуымен (аға тайпалар кіші тайпаға) де анықталды. Қазақтарда мұның ықпалы төлеңгіттер институтынан және генеалогиялық жүйеден, «аға» тайпадан байқалады [4, с.158]. Осыған байланысты ірі қоғам қайраткерлерінің саяси үстемдігіүстем тайпадан шыққан рулардың күшімен анықталды. Мысалы, Абылай ханның арғындарға ықпалы, Кенесарының қыпшақтарға, Нұралы ханның байұлына, Қайып ханның шекті мен төртқараға т.б.

Осындай негізде әскери саяси сипаттағы көшпелілер бірлестігінде династиялық ақсүйек тайпалар шығып, бүкіл потестарлы құрылыстың негізі болды. Мысалы, түркі тацзю империясында ашина тайпасы үстем болса, телелерде – сеяньто, қыпшақтарда – елбөрі т.б. үстем болды.

Көшпелі қоғамдағы потестарлы саяси ұйым уақыт пен кеңістікте үстемдігімен, үздіксіз сегментациясымен айырмашылығы болды. А.М. Хазановтың айтуынша, Шыңғыхан дәуіріндегі Монғол мемлекеті сыртқы экспансия нәтижесінде салыстырмалы түрде берік те тұрақты түрге ие болды [7, с.254]. Бірақ дамудың мұндай барысы антика мен орта ғасырда ғана болады. Сондықтан көшпелі қоғамдағы әскери-потестарлық ұйымның кең масшабтығы мен қауымдастығын асыра бағалауға болмайды деп санаймыз. Соғыс, сөзсіз, орталықтануды талап етеді, ал көшпелі өмір салты сегментацияны талап етті. Сондықтан, бір жағынан, өндіріс әдісі мен өмір сүру ортасы көшпелілердің бөлек болуын қаласа, ал әскери-потестарлық ұйым олардың интеграциялануын талап етті. Бұл қарама-қайшылық қауым мен тікелей өндірушілерді, потестарлық саяси ұйымның саласына кіргізбеу арқылы шешті, олар тек қауымдастық топқа әсер етумен шектелді. «Ықпал ету» саласын осылай бөлу биліктің таралуына, бүкіл қоғамды ыдыратуға әкелді. Сондықтан әскери-потестарлық ұйым сегментация мен дифференциацияға жақындады. Ірі көшпелі империялар сыртқы экспансия мен жаппай милитаризация негізінде пайда болды.

Әлеуметтік ұйымның негізі қазақ көшпелі қоғамының шаруашылық пен әлеуметтік бірлігін құрған түтін боды. «Көшпелі қауым» деген ұғымға тарихнамада түрлі талдау жасалған. В.Ф. Шахматов қауымға бірігу рудың, көршіліктің және жерді бірігіп пайдалану негізінде шықты десе [8, с.45], К. Толыбековтың пікірінше, көшпелі қауым жайылым жерді иеленуге байланысты ауылдың, рудың және тайпаның одағы болды [1, с.372]. Ә. Бөкейханов қауымды мал шаруашылығына деген мақсат біріктіреді дейді [9, с. 139]. И. Нұрақов экономикалық қажеттіліктен туған шаруашылық ұйым деп есептейді [10, с.71]. В. Тэрнердің байқауынша, Дж. Хиллери «қауым» терминінің тоқсан төрт анықтамасын қарастырған [11, с.197]. Көшпелі қауым Н. Масановтың түсінігінше, еңбек ететін индивидтердің ұйымы, әлеуметтік құрылым [4, с.134]. Мал шаруашылығы төңірегінде барлық еңбек операциясы жүзеге асады: мал жаю, оны жем-шөппен, сумен қамтамасыз ету, материалдық мәдениет заттарын жасау. Қауым ішінде шаруашылық топтары болды. Мысалы, қойшылардың топтарына келетін болсақ, 400-600 бас қой бағуға екі шабан жеткілікті [1, с.522]. 300-500 жылқы бағуға 3-4 жылқышы, 200 жылқыға 2-3 жылқышы қажет [1, с.527]. Сонымен территориялық-қауымдық ұйым материалдық өндіріс жүйесін реттейтін түрлі әлеуметтік организмнің бірлігі болып табылады. Еңбек бөлінісінің тұтас жүйесіне негізделген көптеген өндірістік немесе шаруашылық топтар территориялық-қауымдық ұйымның әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын құрды. Бірігіп еңбек етуге негізделген қауым өндірістік процесті қамтамасыз етті және көшпелі қоғамның өмір қызыметінің жүйесін реттеді. Өндірістік қатынастың барлық кешенінің мәні мен бағытын анықтады. Қауымға жақын жерде орналасқан су көздері, шабындықтар қауым меншігінде болды деуге болады. Шабындық жерлерді пайдалану суды пайдалану мен су көздерін иемденумен анықталды. Россияда XIX ғ. аяғында қауымға машиналы техникалық өндіріс енген жоқ, Столыпиннің аграрлық реформасы да толығымен техникаландыруды шешкен жоқ.

Қазақстан территориясындағы этногенетикалық үрдіс бірқатар потестарлық-саяси бірлестіктердің болуымен б.з. II мың жылдығы ор-

тасында нығайып, жаңа әлеуметтік-мәдени қауымдастық – қазақтар құрылды.

«Жеті ата» құрылысы онда негізгі жүйе құрылысы және агнат типіндегі қандас топқа жататын реттеуші роль жүзеге асатын генеалогиялық бәйтеректі көрсетеді. Ол барлық қауымның ата тегіне жақын генеалогиялық қатынасы бар арғы бабасының діңгегінен тарайды. Сондықтан оның гентильдік байланысы тығыз және қарқынды болуымен сипатталады. «Ұрпақ діңгегі» туыстық-рулық қатынастағы әлеуметтік-мәдени, шаруашылық-экономикалық, экологиялық күрделі жүйеде жалпы ұйымдық-басқару қызметін жүзеге асырады. Соңғысы туыстық-рулық қатынастағы қоғамда ұрпақ діңгегінен тармақталатын «генетикалық қашықтықты» анықтау негізінде генеалогиялық сегментация түрінде жүзеге асады [12]. Генеалогиялық бәйтеректің негізгі бөлімдері – ұрпақ діңгегі, төменгі, жоғарғы, жанындағы тармақтар, шын мәнінде, қоғамдық қатынастардың түрлі типтері мен деңгейлерін реттейтін институцианизацияланған бөліктерін көрсетеді. Нақ осы құрылыс аясында индивидтің де, отбасының да, қауымның да өмірі реттеліп, өсіп-өніп отырған.

Отабасы-некелік қатынастағы экзогамды «жеті ата» формасы патрилиниялық-генеалогиялық жүйемен экзистенциалды модус – қоғамдық қатынастың экзогамды-генеалогиялық принципті құрады. Осылайша территориялық-кеңістіктік орналасу және этникалық ұжымның өмірін ұйымдастыру қолға алынған. Мысалы, туыстардың келесі тобының осы патрилиниялық топтан бөлінуі (ұрпақтың жаңа ядросы сегізінші атадан басталып, патрилиниялық-генеалогиялық құрылыстан бөлінеді) және осы негізде өзіне қажетті территориясымен жаңа этникалық ұжым құрылады.

Кеңістіктік-территориялық орналасу және сегменттелетін топты ұйымдастыру жолымен рулық-туыстық қатынасты сегментациялау, шын мәнінде, осы этноэкожүйеде адам, материалдық және табиғи ресурстарды қайта бөлуді білдіреді. Сөйтіп, сегментация принципі көшпелі қауымның тепе-тең жағдайын динамикалы түрде сақтап, реттеудің саналы әрі тиімді әдісі болып табылады. Осы мағынада «жеті ата» экзогамды формасы көшпелілер өз өмірін өздері ұйымдастыратынын байқатады.

Сонымен қатар мұндай ұйымдастыру экономикалық, әлеуметтік, институционалдық, мәдени т.б. параметрлермен арнайы ерекше әлеуметтік кеңістікті (А.Ф. Лосев әлеуметтік космос дейді) құрып, ол диахронды және синхронды ақпараттың аккумуляциясын және трансмиссиясын қамтамасыз етеді, яғни қоғам ішіндегі ақпараттық байланыстың қажетті тығыздығы мен циркуляциялық ақпараттық байланысты қамтамасыз етеді [12]. Мұның өзі этностың өмір сүрудің фундаментальды қағидаты болып табылады. Ақпаратты байланыстың нақты тығыздығы адамзат білімінің, білік-тілігінің, бақылаудың бірлік жүйесі болып табылатиын этникалық ұжым-қауым ішінде ақпараттық өріс жасайды.

Сондықтан «жеті ата» әлеуметтік құрылысы жоғарыда аталған барлық құрылымдық-функционалдық параметрлерді - әлеуметтік, экономикалық, этноэкологиялық, институционалдық т.б. автономды түрді өмірді қамтамасыз ететін сапада қауымды ұйымдастырушы ретінде көрінеді.

Қазақстанның оңтүстік-шығысы Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарының түйіскен жері болып, Жетісудың үш бөлігі үш ұлысқа қарағандықтан, соңғы екі ұлысқа бөлінген тайпаларға да тоқталалық.

Шағатайға Рашид ад-диннің жазғанындай, Барулас, Қоңырат, Жалайыр, Найман тайпаларынан құралған 4 мыңдық, Үгедейге – Жалайыр, Сулдус және Конкоттан тайпаларынан тұратын мыңдықтар бөлініп беріледі. Бұл ұлыстарға бөлінген мыңдықтардың санын отбасымен қоса есептегенде, Жошы ұлысына бөлінгендермен бірдей. Бұлардың да жергілікті жердегі этникалық процестерге тигізген әсері өте төмен.

Осыған байланысты ойларымызды түйіндей келе, Шыңғыс ханның жаулап алған жерлерді ұлдарына бөліп беруіне байланысты моңғол тайпаларынан құралған әскери-әкімшілік негіздегі мыңдықтардың ұлыстардағы, оның ішінде Жошы ұлысындағы этнопроцестерге тигізген ықпалы елеусіз болды деп есептейміз. Сан жағынан олар өте аз болғандықтан көп ұзамай-ақ жалпы этноөмірге тез араласып, сіңісіп кетеді.

Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына моңғол тайпаларының келесі бір келуін, сөйтіп олардың бұл аумақтағы этнопроцестерге сандық жағынан әсер етуін біз, жалпы моңғол тайпалары келуінің үшінші кезеңіне жатқызамыз. Уақыт жағынан алғанда бұл кезеңге XIII ғасырдың 40-60 жж. аралығы жатады.

Бұл кезеңдегі тайпалардың бір орыннан екінші орынға, бір ұлыстан екінші ұлысқа қоныс аударуы, жылжуы деректерде арнайы түрде баяндалмайды. Рашид ад-диннің мынадай жазған бір дерегі ғана үшінші кезеңде тайпалардың қоныс аударғандығын дәлелдейді. Ол Жошы ұлысындағы төрт мыңдық тайпаның

жайын баяндай келе, «[Одан басқа] алыс және жақын туыстардың арасындағы өзара қырқысулар кезінде [ака ва ини] олардың бір бөлігі сонда [Тоқтай мен Баянның иеліктеріне] кетеді». Бұл жерде ирандық автор Үгедей мен Шағатай ұлыстарындағы 1240-1260 жылдардағы билік үшін жүргізілген күрестерді айтып отыр. Күрестердің барысы Рашид ад-динде жақсы баяндалғандықтан, біз оған тоқтап жатпай, тек оның негізгі қорытындыларын ғана атап өтеміз.

Шыңғыс ханның немерелері арасындағы қайшылық алғаш рет Батый мен Гүйік қаған ортасында басталып, ол 1248 жылы қағанның кенеттен қайтыс болуымен бейбіт аяқталады. Гүйіктен кейін таққа отырған Төлейдің ұлы Менгу қаған өзіне қастандық ұйымдастырды деген желеумен Гүйіктің әмірлері мен нойандарының 77-сін өлім жазасына кеседі. Менгу қаған қайтыс болғаннан кейін тақ үшін күрес оның екі інісі Құбылай мен Арығ-Бұқа арасында жүріп, біршама ұзаққа созылады және империяның көп бөлігін қамтиды. Бұл күреске Төлейдің ұлдарымен бірге Үгедейдің, Шағатайдың да ұрпақтары белсене араласады. Ақыры бұл күрес Монғол империясының бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетуіне әкеп соқтырады.

XIII ғ. 40-60 жж. Монғол империясындағы күрестердің көбі Жетісу, Мауереннахр, Шығыс Түркістан аймақтарында өтеді. Нәтижесінде жергілікті тұрғындар көп зардап шегеді. Ал Жошы ұлысында бұл кезде саяси тұрақтылық бар болатын. Кейбір жошылық сұлтандар ғана мысалы, Куинджи, Менгу Темір, Берке, Беркежар және тағы басқалары Үгедей мен Шағатай ұрпақтарының бірін қолдағаны болмаса, өз ұлысында соғыс өртінің тұтануына жол бермейді. Тұрақтылық сақталып отырғандықтан, Рашид ад-диннің жазғанындай Жошы ұлысына келіп паналағандар көбейе бастайды. Мысалы, Орда Еженнің ұрпағы Куинджидың ұлысына өз еркімен Үгедейдің ұрпағы Ширеки, Арығ-Бұқаның ұлы Букур келіп қосылады [13].

Жошы ұлысының шығыс бөлігі Үгедей ұлысымен оңтүстік бөлігі Шағатай ұлысымен шектесіп жатуы себепті, ол жақтағы қырқысулардың үздіксіз және шексіз болуы жергілікті тұрғындар мен көшпелі тайпалардың Жошы ұлысының шығыс бөлігіне немесе шығыс бөліктің сол тұстағы билеушісі Куинджидың қолына келуіне мәжбүрлейді. XIII ғ. 40-60 жж. қырқысулар кезінде де қандай тайпалардың Шығыс Дешті Қыпшаққа келгендігін дәп басып айта алмаймыз. Бірақ та болжаумен Жалайыр, Қоңырат, Барулас, Сулдус және т.б. тайпалардың бөлімдері деуге болады. Өйткені бұл айтылған тайпалардан құралған мыңдықтар кезінде Үгедей мен Шағатайға үлестіріліп берілген болатын.

Осылайша, XIII ғ. 40-60 жж. Жошы ұлысына көршілес ұлыстардағы соғыстар мен қырқыстар кезінде бірталай рулармен тайпалардың бөліктері келіп қоныс тебеді. Бірақ та олардың саны өте аз болғандықтан, Шығыс Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тез сіңісіп кетеді.

Осындай пікірлерден мынадай пайымдамаларға келеміз:

Біріншіден, монғол жаулаушылығы мен одан кейінгі жылдардағы кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Монғолия аумағынан негізінен түркі, сосын монғол тілдес тайпалар келіп қоныстанады. Біз бұл тарихи процесті шартты түрде үш кезеңге бөліп қарап, бірінші кезеңге – 1209-1224 жж. дейінгі уақытты жатқыздық. Бұл кезеңде Қазақстан аумағына Шыңғыс ханға бағынбай, онымен күрестерде жеңіліс тапқан Меркіт, Кереит, Найман тайпаларының келгендігін көрсеттік. Ұлыстардың құрылуына байланысты Жошыға берілген Сиджиут, Кингит, Хушин тайпаларының мыңдықтары – екінші кезеңде келсе, үшінші кезеңде – Үгедей мен Шағатай ұлыстарындағы өзара тартыстарға байланысты кейбір топтардың Жошы ұлысына келгендігі анықталды.

Екіншіден, бұл көшіп келгендер сан жағынан өте аз болғандықтан, бүкіл аумақтағы этнопроцестерге қатынасады, бірақ оған ықпал ете алмайды. Бірнеше ұрпақтар ауыса келе, бұл келгендердің бәрі де Жошы ұлысындағы этнос құрамына сіңісіп кетеді, кейбірі өздерінің рулық, тайпалық құрылымын сақтап қалса, кейбіреулері басқа күштірек тайпалардың құрамына енеді.

Үшіншіден, Монғол жаулауына дейін Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген тайпалар мен жаулап алу барысында көшіп келген тайпалар ассимиляцияланып ортақ этниммен атала бастайды да, XV ғасырдың ортасында қазақ этносын қалыптастырады.

Сонымен көшпелі қоғамдағы әскери-потестарлық ұйым жайылым жерлер мен көш жолдарына қатысты тайпааралық өзара қатынасты реттеу қажеттігінен туды. Оған сыртқы саяси жағдай да әсер етті. Оның қызметі бір тайпалық топтың екіншісіне үстем етуімен де байланысты

болды. Әскери-потестарлық ұйымды Н. Масанов мемлекеттілікке жатқызбайды [4, с.160].

1. Толыбеков С.Е Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века: политико-экономический анализ. – Алма-Ата, 1971.
2. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйтва и общественной организации. – М., 1976.
3. Krader, Lawrence. Social of the Mongol-Turkic pastoral nomads. Indiana University Publication, 1963.
4. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. – Алматы-М., 1995.
5. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – Т. 1. – Ташкент, 1889.
6. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – М., 1974.
7. Хазанов А.М. Социальная история скифов: Основ-ные проблемы развития древних кочевников Евразийских степей. - М:, 1975.
8. Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община: вопросы образования, эволюции и разложения. – Алма-Ата: Наука, 1964.
9. Бөкейханов Ә. Таңдамалы қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
10. Нураков И. К вопросу о пастбищно-кочевой аильной (аульной) общине у киргизов конца XIX – начала XX вв. // Социальная история народов Азии. - М., 1975. - С.65-73.
11. Тэрнер В. Символ и ритуал. – М., 1983.
12. Алимбай Н. Община как способ жизнедеятельности кочевников: о механизме реализации социальных отношений в кочевой среде // Отан тарихы. – 1999. - № 1. – С. 59-69.
13. Кәрібаев Б. Моңғол жаулап алушылығына байланысты Қазақстан аумағына тайпалардың қоныс аударуы // Алаш. – 2006. №4.

* * *

В статье рассматривается потестарно-политическая структура родословной как исторического источника. Автор сравнивает источники и историографические материалы.

* * *

In this article considered the potestar-political structura genealogical as historical source. The author comparatives source and historiographical materials.

А. А. Бекенжанова

ИРАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КИІМ ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазақтың дәстүрлі ұлттық киімі қазақ халқының мәдениетінің зерттелген саласына жатады. Соның ішінде Маңғыстау қазақтарының ұлттық киімдері туралы деректер бірқатар еңбектерде кездеседі. Мәселен, бұл туралы XIX ғ. – XX ғ. басында Р.Карутц, Ф.Михайлов, С.Руденко, Б.Залесский т.б. зерттеушілердің қалдырып кеткен деректері бар. Сондай-ақ XX ғ. мұрағат және әдеби деректердің, мұражайдағы жинақтардың, ел аузынан жиналған материалдар негізінде жазылған И.В.Захарованың, Р.Д.Ходжаеваның «Казахская национальная одежда XIX – начала XX вв.» атты еңбегінде Маңғыстау қазақтарына байланысты кейбір деректер кездеседі. Маңғыстау қазақтарының дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын зерттеген Ү.Қыдыралиннің еңбегінде де жергілікті халықтың ұлттық киімдеріне байланысты деректер молынан кездеседі.

Жалпы этникалық тұтастық сақталған орталар зерттелгенімен де, өзіндік ерекшеліктері бар алыс шет аймақтағы, соның ішінде алыс шет мемлекеттерде тұратын қазақтардың ұлттық киімі зерттеуге тұрарлық. Сондай-ақ қызығушылық туғызып отырған мәселелердің бірі – шет мемлекеті Иранда тұрып жатырған, кезінде Маңғыстау өлкесінен көшкен қазақтардың мәдениеті. Бұл мәселеге қатысты мәліметтер Иранда тұратын және тарихи Отаны Маңғыстауға көшіп келген оралмандардан сұрау арқылы, сонымен бірге мерзімді басылымдардағы мәліметтерден жиналды,

Иранда тұратын қазақтар бұрынғы заманнан сол елді мекендеп келе жатқан халық емес. Олар өткен XX ғ. 1929-33 жж. ашаршылық және кәмпескілеу салдарынан Маңғыстау өлкесінен Түрікменстан жері арқылы өтіп Иранның солтүстік-шығыс аймағына қоныстанған халық.

Иранға келіп қоныстанған қазақтардың ұлттық киімдері осы жердің табиғи-климаттық жағдайының әсерінен өзгеріске ұшырады. Бұрын Маңғыстауда тұратын қазақтардың ұлттық киімдері көшпелі елдің тұрмысына бейімделген ыңғайлы және жылы болып, көбіне малдың терісі мен жүнінен жасалатын еді. Қазақ халқының киімдері жас шамасына қарай ерекшеленген. Жастар киімі ою-өрнекті қызыл-жасыл болып келсе, үлкендер киімдерінде ою-өрнектер аз кездеседі.

Иранның қысы Маңғыстаудың қоңыр күзі не ерте көктеміне ұқсас, ал жазы ыссы болып келеді, сондықтан малдың терісінен, жүнінен жасалатын киімдер қолданылған жоқ. Ендігі жерде қазақтар арасында мақта матадан және

түрлі түсті жібек маталардан жасалынған киімдер қазақтардың тұрмысына ене бастады. Олар көрші орналасқан түрікмен, иран халықтарының жергілікті өндірісте шығарылған маталарын пайдаланған.

Ер адамның киімдері көбіне өзінің байырғы қалыптарының көбін сақтап қалады. Олар іш киімдер, әр түрлі көйлек, шалбар, бас киімдерден тұрады. Жасы келген ерлердің киімдері тік жағалы түзу болып тігілетін кең көйлек пен белінде буынатын жібі бар ұзын дамбал, көбінесе ақ, көк түсті маталардан тігілетін. Ол кең етіліп пішілетін де, аяғына қарай тарыла түседі. Отырып-тұруға қолайлы бұл киімдер егде жастағы Иран қазақтарының арасында осы күнге дейін сақталған. Ерлер көйлегінің етегі ұзын, кейбір кезде тізеге жетеді, алды тік жағалы әлде көкірекке дейін ашық болып, омырауына бірнеше ілгектер қадалады. Тұрмысқа қолайлы бұл киімдерді Иран қазақтарының егде буын өкілдері осы күнге дейін қолданып келеді. Ирандағы қазақтар бұл көйлектерді өздеріне қолайлығын ескере отырып, күнделікті киімнің қатарында сақтап қалған. Орта жастағы ер адамдар және жастар көпшілігі зауыттарда тігілген шалбарлар мен әр түрлі түсті көйлектер киеді.

Маңғыстау қазақтарының бұрынғы ұлттық бас киімдері: бөрік, тымақ, құлақшын, қалпақ және телпек болған. Әрине, Иран қазақтарының арасында осы өңірдің ау-райының жылылығына қарай бөрікті, тымақты қолдануын тоқтатып, тақия немесе ақ орамалмен басын орап алу кең тарай бастады.

Қазақ бұрыннан да үйде отырғанда жалаң-бас жүрмей, басына телпек киетін немесе ақ орамал тартатын.[1] Иран мұсылман мемлекетінде тұратын үлкен қариялардың көпшілігі басына сәлде киеді. Сәлдені қазақтарда үлкен қариялар мен молдалар ғана киген болса, Иранда тұратын қазақтар арасында орта жастағылар мен жастар арасында да сәлде салып жүретіндер кездеседі. Соған байланысты Т.Кәкішевтің айтуынша, басына сәлде орап алғанын көрсеңіз, «қажыға барып келген адам дей беріңіз». [2]

Иран қазақтары арасында сәлде орау кең етек жайған, қариялардың киетін сәлдесі көбіне ақ түсті болатын. Көршілес тұратын түркмендердің да арасында сәлде киіп жүргендер кездеседі, арасында молдалар бар. Бұл осы мемлекеттің халқының ислам дінін берік ұстануымен де байланысты.

Иранға көшкен қазақтардың аяқ-киімдері де өзгеріске ұшырады. Бұрын Маңғыстауда тұрған кезде қазақтар арасында кең тараған аяқ киім – қолдан тігілген түзу табан етік. Оның оң-терісі болмайтын, екі аяққа ауыстырып, ұзағырақ киюге мүмкіндік беретін. [3] Иранның жылы табиғатына байланысты қазақтардың киетіні жеңіл аяқ киімдер, оны тігу үшін зауытта өнделген терілерді жиі пайдаланады. Иран қазақтары арасында белгілі етікшілер болған, сол жерде тұратын қазақтардың көбісі оларға келіп аяқ киімдерін тіктіретін болған.

Әйелдердің күнделікті киетін негізгі киімдері – трапеция тәрізді ұзындығы тобыққа дейін келетін, омырауы жабық, жағасы тік көйлек. Әйелдердің киімдері түрлі-түсті мақта, жібек, барқыт маталарынан тігілген.

Иранды мекендейтін егде жастағы әйелдердің айтуы бойынша бастапқы көшіп келген кезде қазақтар өздерінің ұлттық киімдерін сақтап қалуға тырысқан. Үлкен кісілер шабу салған ұзын көйлек пен дамбал киген, көпшілігі ақшыл матадан тігілген, себебі егде жастағы адамдарға қызыл-ала араласқан көйлектерді кию ұят саналған. Маңғыстау әйелдері көйлегінің ерекшелігі – оның тым кең және өкшеге дейін жететін ұзын болуында. [1,18 б]

Орта жастағы әйелдер, келіншектер тік жағалы, кейбір кезде қайырмалы жағалы, мол, жеңі ұзын, тік пішіліп, етегі кеңдеу болып келген көйлектер киген. Жағасы, етегі, жеңінің жиегі әр түрлі түсті жібек жіптермен тігілген өрнектермен әшекейленген. Көршілес отырған түрікмен халқының ұлттық өрнектерін де кеңінен пайдаланып оны көйлектің етегіне, жеңіне салып киген.

Информаторлардың айтуы бойынша, бұрынғы кездері көйлектегі, камзолдағы, орамалдағы өрнектерді әйелдер өз ойынан шығарып әдемі жіңішке қылып өз қолдарымен тігетін. Соңғы кездері әртүрлі технологиялық жаңалықтардың нәтижесінде шетелдік қол тігін машинкалары пайда болып, соған орай істі қолмен тігуден гөрі, машинкамен тігу кең тарала бастайды. Қандай көйлек болмасын, көйлектердің омырауы түрлі әшекейлермен безендірілетін болған: ол үшін омырауының екі жағы кестеленіп, өрнек салынатын.

Ирандағы қазақ әйелдерінің киімі аймақтың ерекшелігіне қарай бейімделді. Олар түрлі-түсті, қанық баяулы, жылтырақ жібек, парча, әр-түрлі әдемі маталардан өздері тігіп киген.

Қыздардың ақ көйлегінің етегін қызыл қоңыр жібек жіппен қошқар мүйізді оюмен өрнектеп безендірген. Көйлектің омырауының төңірегін және жеңін оюмен өрнектеп кестелеуді кең қолданған.

Көршілес түрікмендердің де көйлегінің және шалбарының етегі өрнекпен безендірілген.

Түрікмен қыздарының көйлегі тобығына дейін түсіп, ішкі шалбарына (балақ) түскен ою-орнегі көрініп тұратын болған. Оның төменгі жағы жібек және тоқыма жіптермен әдемі болып безендірілген. Көптеген Шығыс халықтарында көйлек астынан киілетін әйелдерге арналған шалбарлардың болғандығы белгілі. Орталық Азияның және Сібір мен Еділ жағалауының түрік-монғол халықтарының арасында көйлек астынан киілетін әйелдерге арналған шалбарлар кең тараған. Көйлек астынан киетін шалбарды кестелеу ортаазиялық халықтарда қалыпты жағдай болды. [4]

Көйлектің тамағына күмістен жасалған үлкен дөңгелек таналар түйме орнына тағылатын. Мұндай түймелер барлық түрікмен халқының арасында кең таралған. Түрікмендердің ауқаттылары оны қымбат таспен безендіретін. Иран қазақтарының арасында да осындай түймелерді қыз-келіншектер кеңінен қолданған, оны өздері «құлжақа» деп атайды. Б.Логашованың еңбегінде осындай түймені «гульяка» деп атайды. [5]

Әйелдердің сырт киімі – бешпент, камзол, жадағай, ішік болды. Иран қазақтарының бешпенттерінің белі қыналып тігілген, етек жағы кең болып келеді. Жас қыздар киетін камзолдарын түрлі өю-өрнектерімен, бағалы тастармен безендіретін болған.

Иран қазақтары ақ көйлектің сыртынан жеңсіз бешпенттер киген. Бешпенттер қызыл, қара, қоңыр қызыл түсті барқыт, мақпал маталардан тігілген. Бешпенттің екі өңіріне екі, кейде үш қатар етіп әдемі зер жүргізілген. Мысалы, қара бешпенттің үстіне үш қатар етіп сары түстен зер салып киген.

Иран қазақтарының бешпенттерінің екі өңірі күміс теңгелермен және екінші қатарға алтын жалатылған түймелермен безендірілген. Белбеу жағы күміс және алтын жалатылған теңгелермен әшекейленген. Бешпенттің белінен қыналған тұсының астынан неше түрлі күміс, үстін алтынмен жалатқан теңгелермен әшекейлейтін болған. Соңғы кездері бешпенттердің алдыңғы және арқа жағындағы да өрнектер өзгеріске ұшырап, жергілікті халыққа тән өсімдік өрнектер, соның ішінде әр түрлі гүлдердің, жапырақтың өрнектері салынатын болды.

Иран қазақтарының арасында жадағай мен ішіктер ұзақ уақыт бойында қолданыста болды. Жадағай – түйе жүні салынып, мақпал, жібектермен тысталып, сырып тігілген ұзын жеңді сыртқы киім. Маңғыстау өлкесінде жадағай кеңінен таралған сыртқы киім болды. Жадағай қоданыстан шықса да, ішік ұзатылатын әр қыздың жасауында күні бүгінге дейін кездеседі. Жағасыз ішіктер әдетте мақпал, барқыт маталарынан тігіледі. Өңірін, етегін, жең ұштарын құндызбен жиектейді.

Ирандағы қазақтардың қыз ұзату тойындағы бір ерекшелік – қыздың жеңгелері оны киіндіріп, иығына «ішік» жабады. Ал жаңа түскен келін өз бөлмесінен шығып, той рәсімдеріне қатысу кездерінде «ішікті» басына дейін жауып, бүркеніп жүреді.

Дерек берушілердің айтуы бойынша, Иранда қыздардың киетін тақиясы «күпба» деп аталды. Түрікмен халықтарында қыздардың киетін бас киімі де «күпба» деп аталғаны туралы мәліметтер кездеседі. [6] Иран қазақтарында тақияны әшекейлеуге күміс тиындар кеңінен қолданылған.

Қазақ әйелінің бас киімін біз жаулық деп атаймыз. Ол нақты пішім емес, жай ғана матадан жасалған және ерекше жиналып, басқа оралады. Оны басқа киюдің әр түрі болған: қарапайым түрінен, 2-3 ораудан тұратын түрі де кездеседі, оны түйреуішпен бекітіп немесе тігіп қоятын.

Қазақстанның әр түрлі аймақтарында, тіпті жеке-жеке рулар ішінде осындай бас киімдер әр қалай аталған. Ең көп таралған аты – «жаулық» дейді, Маңғыстауда бұл жаулықты «Бұрама жаулық» деп атаған. [4, С.123]

Батыс Қазақстан әйелдернде бұрын кимешек түрі болмаған, олардың жаулық тәріздес бас киімі өзгелерден айтулы ерекше болған. Маңғыстау қазақтарының арасында әйелдер қос жаулық киетін, ол да жаулық тәрізді оралатын. Әйелдер кимешек кимеген кезде қос жаулық, яғни астыңғы және үстіңгі бұрама жаулық киген. Бұрама жаулықты тек қысты күнгі суықтарда ғана тартатын.[1,19б.] Мұнда өзге аймақтарда кездеспейтін ерекше бүрмелі жаулықты киетін.

Ирандағы қазақ әйелдері бұрама жаулықты кеңінен пайдаланған, қазіргі кезге дейін келін түскен кезде оның басындағы қызыл түсті мақпал орамалды алып, оның орнына «бұрама жаулық» кигізеді. Сол кезде, салт-дәстүр бойынша, келіннің сіңілілері бас орамалын жаулықпен ауыстыруға кедергі жасауға тырысады. [7]

Бұрама жаулық Орынбор қазақтарының арасында да қолданылған Бұл туралы Д.Ескекбаев пен Ә.Төлеубаевтың еңбегінде «ұзындығы метрге жететіндей матаны бір сүйемдей етіп бірнеше бүктеп орап басты айналдыра тартқан орамалды «бұрама жаулық» немесе «бұрама орамал» деп атаған»,- делінеді.[8]

Иран қазақтарында кеңінен тараған жаулықтың бірі – ілмелі жаулық. Келіннің бетін

ашқаннан кейін, басына ілмелі жаулық тағып, дастарханның шетіне отырып жақын ағайындарына шәй құйып береді. Ілмелі жаулықтың төрт шеті және ортасы қызыл, қоңыр жібек жіппен қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен кестеленген.

Дерек берушілердің айтуы бойынша, ілмелі жаулықты тігудің өзіндік тәсілі мен ерекшелігі болған. Біріншіден, ақ матаға өрнектерді сызып алады, сосын орамалдың жиегі мен ортасындағы өрнектерді қызыл жібек жіппен кестелеп тігеді. Дайын болған шаршы жаулықты үшбұрышты қылып, ішіне тік тұру үшін қатты қағаз әлде картон салып киеді.

Сонымен бірге қазіргі күнге дейін Иран қазақтары арасында келін түсіру, қыз ұзату тойларында «түрме белбеу» тағады. Иран қазақтары арасында келінге «бұрама» жаулықты кигізгеннен кейін беліне «түрме белбеу» орайды. Келіннің белін осы белбеумен екі мәрте орап шетін жіберіп қояды. Келін түсіру тойында келінді үйге жетпестен бұрын жігіт жақтың ағайындары қарсы алады, сол кезде күйеудің туған жеңгесі немесе нағашы жеңгесі келіннің белінен түрме белбеуді шешіп өзіне байлап алады. Түрме белбеу қызыл жібек матасынан екі жағы шашақты болып келеді.

Маңғыстау әйелдері өзбектің жартылай жібегінен және басқа да маталардан түрме белбеу тіккен. [4, С.103] Қызыл күрең түсті теріден белбеу буынған. Матадан шиыршық тәрізді етіп тігіп, екі қабатты жасап, соңы үшбұрышпен бітетіндей етіп тіккен. Таққан кезде әйелдер оны екі есе көлемді етіп таққан.

Қыз-келіншектер шашын өсіріп, оны өріп ұшына шашбау тағады. Қазақ халқы әйел шашының ұшында тіршіліктің күші бар деп есептеген және қиылған шашты аяқ астына тастамаған, жинап таза жерге жасырған. Сондықтан шашты қимай, бұрым етіп өріп, ұшына шолпы, шашбау байлаған. Шашбау түрлі тастардың немесе күміс теңгелерден тізіліп жасалады. Ол бір шетінен әсемдік үшін, екіншіден тіл-көзден сақтайтын болған. Тұрмыстағы әйелдердің шашбаулары қарапайым болса, бойжеткен қыздардың шолпы және шашбаулары әсем болған.

Осындай аса шеберлікпен тігілген ұлттық киімдерді қарапайым адамдардың қолымен жасалғандығы таң қалдырады. Иран қазақтары арасында іс тікпейтін, қолөнердің бір түрімен айналыспайтын әйел адам жоқ.

1979 жылы Иранда ислам революциясы жеңіске жеткеннен бергі кезеңде жергілікті қазақтардың киім киісінде өзгерістер пайда болып, мұндағы қазақтар мұсылман қауымының бір мүшесі ретінде қоғамдағы өзгерістерге сіңісе бастады. Иран мұсылман мемлекеті болғандықтан ол жақта әйелдер бас киімсіз жүрмейді. Ал, ислам төңкерісінен кейін бұл жалпыхалықтық сипатқа ие болды.

Қазіргі кезде Иранда тұратын егде және орта жастағы әйелдер кең көйлек киіп жүреді. Оның жағасы өз қалауы бойынша тік, әлде қайырма жағалы, жеңі ұзын, көйлектің ұзындығы өкшеге дейін жетеді. Бастарына ішкі жағынан кішкентай орамал, сыртына бүркеніп үлкен ақ орамал тартады, шашы, мойыны көрінбейді, себебі Иранда әйел адам денесін көрсетпейді, жалаңбас жүрмейді

Қазақ қыздары әртүрлі маталардан ұзын көйлек киеді, олар міндетті түрде басына түрлітүсті орамал тартады. Бәрінің шаштары ұзын, қиылмаған, араларында қос өрімділер де кездеседі. Иран, түрікмен, қазақ үлгілерінің бәрі де жеке-жеке емес, тұтаса, ұдықтаса бойжеткеннің үстінен көрінгенде көздің жауын алар-лықтай сәндікке айналады екен. [2, 10 б.] Бәрі де жастарына қарамай орамал тартады, себебі Иран елінде жалаңбас жүру – ең үлкен күнәнің бірі.

Соңғы жылдары қазақ халқына тән элементтерден тұратын ұлттық киімдердің басым бөлігі өзгерістерге ұшырағанымен, келін түсіру, қыз ұзату, басқа да мерекелерде қазақ халқы ұлттық киімін киіп, өзіне тән ұлттық ерекшеліктерді сақтауға тырысады.

1. Қыдыралин Ү.С. Маңғыстау қазақтарының дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрыптары. А., 2002.-16 б.

2. Кәкішев Т. Көш қонысты болсын десек // Қазақ әдебиеті, № 15,1995,10 б.

3. Маңғыстаудың дәстүрлі қолөнері. А., 2001.-106 б.

4. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда XIX-нач.XX в. А., 1964.- С. 85

5. Логашова Б. Казахи Ирана. М., 1976.-С.63

6. Васильева Г.П. головные и накосные украшения туркменок XIX-первой половины XX в.// Костюм народов Средней Азии. М., 1979.-С.178

7. Жеменей И. Иран қазақтары, А., 2007.-42 б.

8. Ескекбаев Д.Б., Төлеубаев Ә.Т. Орынбор қазақтары А., 2003.- 68 б.

* * *

В данной статье рассматриваются особенности сохранения и изменения различных видов национальной одежды казахской диаспоры в Иране.

* * *

This article is about observance and change various national clothes of Kazakh diaspora in Iran.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Б. Ш. Солтиева

ЕЛ ҚОРҒАҒАН – БАТЫР ӘУЛИЕЛЕР

«Би – дау тоқтатар, батыр – жау тоқтатар», - депті дана халқымыз. XYIII ғ. Қазақ қоғамындағы батырлық – бұл елдің өзін- өзі сақтау, қорғау қажетінен туындаған, өмірлік негізгі терең тарихи да табиғи құбылыс. Жаугершілік заман – XYIII ғасыр қазақ қоғамында батырлық, қазанат баптап, сауыт – сайман сайлап, дүйім жұрт аузына қариядан бата алып, жорыққа аттану арқылы батырлардың дәлелді көрнісі болған. Міне, осындай қимыл - әрекеттері үшін батырларды бүкіл қазақ қоғамы пір тұтқан.

Бабаларымызды жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартқан заманда да арын аяққа тап-татпай, намысын ту еткен, түн қатып, түс қашырған қилы-қилы тағдыры жатыр. Онда бабаларымыздың ұлын құл ,қызын күң етпеймін деп, ақ найзаның ұшымен, даналықтың күшімен о шеті мен бұл шетіне ұшқан құстың қанаты талған, жүгірген аңның тұяғы күйген ұлан – байтақ жерді «мың өліп, мың тіріліп» жүріп қорғап қалған қаһармандық ерлігі жатыр.

Сондай қилы-қилы тағдырдың иесі, сондай қаһармандық ерлік жолы бар, сондай қан кешуден өткен **Ер- Қарасай** бабамыз.

Жамбыл ауданы негізінен жырға да әнге де және т.б. өнерімен де бай аймаққа жатады. Бұл аудан қазақтың бай дәстүрлі мәдениеті қаймағын бұзбай сақтап отырған елді-мекен. Оның ішінде Үңгіртас ауылында Қарасай батырдың

тоғызыншы ұрпағы Тоқтамысов Асқардың отбасында Алтынайұлы Қарасай босағасы осы күнге дейін сақтаулы болған. Қазіргі күнде Шамалған аулында Қарасай батырдың атынан үлкен мешіт салынып, осы мешіттің жанына қоныс аударды. Қарасай батырдың осы босағасына көрші елді мекендеген қазақтарға дейін бейсенбі, жұма күндері тәу етіп, келіп - кетіп жатады. Бұл да халықтың әулиелікке табынуының бір көрінісі іспеттес. Тоқтамысовтардың айтуы бойынша босаға 400 жылдан бері атадан балаға мирас болып келе жатқан дүние екен.

Қарасай Алтынайұлы Жетісу өңірінің қазіргі Жамбыл ауданының Алатау баурайы Суықтөбе етегіндегі Қарасаз деген жерінде 1598 жылы дүниеге келген. Қарасай батырдың шыққан тегі Ұлы жүз Шапыраштыелінің Есқожа руынан шыққан.

Шапыраштыдан Желдіысқақ, Қалдыысқақ, Малдыысқақ деген үш бала туады. Желдіысқақтан – Айқым, Қалдыысқақтан – Асыл, Шыбыл, Малдыысқақтан – Екей, Еміл, Есқожа деген рулар тарайды. Емілдің баласы Жайықтан Жанай туады. Есқожадан Алысай, Алтынай, Шуаш есімді үш ұл туған. Алтынайдың үшінші әйелінен Қарасай батыр туған. Өсе келе ол ел қорғаған батыр болады. Есқожадан тараған аталар өсіп-өнген, бір-бірімен қыз алысып, қыз берісіп кетті. Олар «сегіз жам» (үлкен сегіз ата деген болса керек) Есқожа деп аталады.

Есқожа үлкен ұлы Алтынайды оқытыпты. Алтынай білімді, абыз деген атағы болған адам. Қарасайдың батырдың ата-бабалары Алтынемел, Матай тауларының, Іленің батыс жағалауындағы Асы, Үшқоңыр, Үлкенсаз, Майтөбе, Суықтөбе секілді шүйгін жайлауларды Шелек, Есік, Қаскелең, Қарғалы, Ұзынағаш, Қарақыстақ, Қастек тәрізді тау өзендерінің сағаларын жайлаған. Қарасай бабамыздың ерлік қимылдары жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылық жасауының алғашқы кезеңдерінде-ақ кең таныла бастаған(1).

Қарасай батырдың еліміздің батысы - Еділ мен Жайық, терістігі - Обаған мен Томаған, шығысы- Алтай мен Турфанда аттың тұяғы тимеген жер жоқ деседі. Орта жүз ханы Есім Шығайұлы Жетісуға келіп, қол жинап, Оңтүстік аймақта болып жатқан қазақ қалмақ ұрысына аттанады. Қалың қолды Еміл немересі Жанай Жайықұлы басқарады. 1620 жылы Қара Ертісте болған соғысқа 79 жастағы бас батыр, денсаулығына байланысты, қатыса алмады.

Жанай батыр жас өткен Қарасайға сын көзбен қарап ертеден баулыған. Ел басындағы небір қауіпті де қиын-қыстау сыңдардан өткен Қарасай елге оралған соң, Жанай баба ақсарбас шалып, жұрт алдында өзінің қылышы мен елінің бөрілі байрақты туын жиырма екі жастағы бас батыр Қарасай Алтынайұлына тапсырған.

Қарасай батыр өз заманындағы тарихи нар тұлға және ірі стратег дипломаты, майданның сан қырлы тәсілін меңгерген қолбасшы болды.

Қарасай өмірінің соңғы күніне дейін ант етіп қолына алған байрақты биік ұстады. Қазақтың елін, жерін жат жұрт шапқыншылығынан қорғау жолында аянбай күрескен, еліміздің әйгілі әскери қолбасшыларының бірі болды. Елу жыл бойы ат үстінен түспей, Ер Есім, Салқам Жәңгір, Әз Тәукедей ұлы хандардың тұсында екі жүздей ұрыстар жүргізіп, қырық тоғыз қиян кескі ірі шайқастарды басқарған, он тоғыз рет жекпе-жек айқасқа шығып жеңіске жеткен болатын(2).

Ат жалын тартып мінген шақтан алпыс алты жасына дейін батырдың қолынан найзасы түспеген. Ең соңғы ұрысқа досы Ағынтай батыр екеуі қатысып екеуі де жараланады. Кейін елшілік, ел басқару істеріне араласады.

Қарасай тек ірі батыр ғана емес, айтқаны дәл келетін әулие көреген, біреуге қатты тіс тастаса, теріс бата берсе, қара жер қарс айырылғандай қара жамылатын арқалы жан болған.

Сонымен қатар Қарасай батырдың әулиегіне де қатысты да біршама деректер ел аузында жақсы сақталған. Қарасай батыр біразға дейін бала көрмей жүрген екен. Түркменияда оның бір досы болады. Сол досы: «Бәйбішем ұл туса сен ал, саған құдай алдында сұраусыз»- депті. Қарасай батыр «Егер сен шын айтсаң, баланың кіндігі түсерде хабар бер. Бір торсықтай сүтті толтырып баланы босағаға қойып қой. Мен түнде келіп, керегені көтеріп алып кетейін» - депті. Міне сол бала Әуес болады. Бала 15-ке келгенде тұлпар ұстап әкел дейді. Ол ұстай алмайды, сонда Қарасай батыр ренжіп садақпен атып әкелсең де әкелмейсің бе депті. Әуес бала жылқыны садақпен атып тастап кетеді. Бірақ үйіне қайтпайды. Сонда Қарасай батыр бармағын тістеп әттең шикілігін білдірді ғой мынау деген екен. Содан кейін оның бәйбішесі Өтеп, Түрікпен, Көшек атты үш ұл туады. Балалары ер жеткен соң оларға жылқы күзетеді. Бір күні бақылауға барса, балалары ұйықтап жатқан екен. Қараса Көшек баласы екі қолын басына қойып жатса керек: «Сен өз ауылыңның шоқпары болады екенсің» - депті. Өтеп бүк түсіп

оранып жатса керек. «Сен бай болады екенсің»-деп жорамалдайды. Ал, Түрікпен деген баласы аяқ-қолын төрт жаққа жіберіп жатса керек: «Бұл батыр болады екен»-деп түйіндейді ойын. Шындығында батырдың осы ой түйіні бүгінде шындықты бейнелейді.

Өтептен тараған дардың көпшілігі ауқатты, Түрікпеннен кезінде көптеген батырлар: Сұраншы, Саурық, Қараш және т.б. Көшектен тараған дар бүгінде өз елінің шоқпары болып отыр деп дәлелдейді(3).

Тарихи деректер бойынша Қарасай батыр Төле бидің (1663-1756жж.) әкесі Әлібекпен әрі құрбы, тату-тәтті ағайын болған екен. Алты жасар Төленің тапқырлығына риза болған Қарасай батыр оған «сен үш жүздің биі боласың, саған айтар екі аманатым бар – оның біріншісі кенже ұлым Көшекті Дулат, Шапырашты болып ренжітпеңдер, түбінде одан ел басын сұрайтын хан туады, ал сол момын Көшегімнің басына мен дүниеден өткен соң зобалаң іс түседі, соны әділ шеш» деген екен(4).

Ел аузындағы деректер бойынша Қарасай батыр дүниеден өткен соң оның кіші ұлы Көшекке кісі өлімі туралы жала жабылып екі рулы ел арасында үлкен дау туады. Көшек елі мекендеген жерге көршілес орналасқан басқа бір даукес рудың қолынан өлген адамның денесі әкелініп тасталынады. Осыны желеу еткен кісісі өлген рудың басшылары құн төлеуді, одан кейін көшекке руымен отырған жерімен қоныс аударып, басқа жақа көшіп кетуді талап етеді. Даудың қисынсыз жерден жабылған жала екенін түсінген ру басшылары Қарасай батыр бабасының Төлеге айтып кеткен аманатын еске алып, «билікті тек Төле би айтсын, басқа билікке көнбейміз», - деп тұрып алады.

Билікті шешу Төле биге жүктеледі. Қарасай бабаның аруағын силап әдейі келген Төле би жауапкер болып танылған Көшектің қолына нан, құран және балта беріп, Көшек балам ақ болсаң ақ ант беріп же, құранды кеудеңе басып құдай алдында ант бер, осы балтамен мына мөлдіреп өсіп тұрған үш бәйтеректі әрқайсысын бір, бір шапқаннан қиып түсір, -дейді. Көшек сөзге келмей, нанды ақпын деп дәм татып, құранды құдай алдында кінәлі емеспін деп кеудесіне тосып ант беріп, балтаны қолына алып, дереу билікті орындауға тура ұмтылады. Бұл қимылдарды мүлтіксіз көз жібермей байқап тұрған Төле би Көшектің кіршіксіз таза, ақ екендігіне күмәні болмай Көшекке «тоқта» деп айғай салады. Осы кезде ілезде аспанды қара бұлт басып, күн күркіреп, найзағай ойнап, қасиетті баба бұлт болып келіп, бұлт арасынан «Көшек ақ, Көшек ақ, Көшек ақ» деген қаһарлы сөзімен үн қатады. Сонда Төле би «халайық міне, өздеріңіз естіп тұрсыздар Көшектің ақтығын, Қарасай бабаның өзі айтып тұр, бұған не дейсіңдер»- деген екен(5).

Ол өзінің көріпкелдігімен талай жаудың келетінін алдын ала біліп, тойтарыс берген. Сол сияқты Доламсара шайқасында Қарасай батыр 50 әскерімен 3000 қалмақтыда көріпкелдігімен, айлалығымен жеңгендігі жөнінде ел арасында аңыз әңгімелер бар.

Жетісуда Қарасай атымен аталатын жеті сай, үш қыстақ, бір тау, бір шоқы бар. Бұл жерлер де бекер аталмаған болса керек. Қаратауда үлкен үңгір бар, үңгір бірнеше тармақ. Бұл үлкен ұрыста, қыста боран болғанда қарасай батыр барлық мың кісілік қолымен осыған кіріп паналаған. Алатауда Терiскестеде Қарасай деп аталатын шұңқыр бар. Қарасай батыр қара жорғасымен осыған түсіп кетіп, бір апта жатқан екен.

1671 жылы 73 жасында қазақтың атақты батыры Қарасай Алтынайұлы Көкше жерінде қайтыс болады.

Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқианнан өзіме шейін» деген еңбегінде Қарасай батыр «хижраның 1049 – доңыз жылы тамыз айында жетпіс үш жасында дүниеден өтті. Сүйегі Арқада Айыртау деген жерге қойылды» деп келтірген(5).

Айыртау сілемдерінің етегін алып жатқан осынау биік төбе басындағы қорымға Шапырашты Қарасай мен Арғын Ағынтай батыр бабаларымыздың қатар жатуы екі ұлы адам арасындағы мәңгілік достықты, адами қарым-қатынастағы бірліктің белгісін білдіреді. 1997 жылы тамыз айында «Қарасай батыр ізімен» атты экспедиция Көкшетаудың айыртау бөктеріндегі Қарасай мен Ағынтай батырлардың зиратына арнайы белгітас қойды.

Қос батырдың зиратына арнайы белгітас қойды. Айыртау ауданындағы Құлшынбай төбесінде құшақ жазбай жатқан қос батырдың зиратына тәу етіп келушілердің көп-ақ(6).

Зерттеуші–қайраткер Мұхаметжан Тынышпаев «Материалы к истории киргиз – казахского народа» деген еңбегінде «Шапыраштының ұраны – Қарасай, таңбасы Ай, Тұмар» деп атап көрсеткен(7).

Табиғатта сыры ашылмаған, әлі толық зерттелмеген сан қилы құбылыстар бар. Соның бірі: Әр елдің, тайпаның, рудың, тіпті жеке бас адамдардың басқаға көрінбей өзіне ғана аян беретін, жақсылықта қолдап, жаманшылықтан қорғап жүретін аң, құс, жануарлары болады.

Қазақ осыны әруақты адамның қасиетті киесі, пірі, серігі деп санайды. Қауіп-қатерден, пәлежаладан сақтайды деп, оларға оқ атылмайтын, еті желінбейтін болған.

Қарасай бабамыздың да жолға шығарда, ұрысқа аттанарда соңынан қызыл шұбар жолбарысы еріп жүреді. Ол батырдың өзіне ғана көрініп, аян беретін қасиетті киесі, қыдырлы қызыры екен. Қарасай бабамыз бұл дүниеден өткеннен кейін қызыл шұбар жолбарысы Төле биге, одан Сұраншы батырға, одан Сарыбай биге, кейін Жамбыл атамызға ерген екен(8).

Қараш (1715-1813ж. ш.) – жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен батыр. Ұлы жүз Шапырашты руының Есқожадан тараған. Қараштың әкесі Жарылғап – Қарасай батырдың немересі.

Қарасайдың тұқымы (Түрікпеннен тараған**)** Қараш батыр туралы да ел аузында көптеген аңыздар баршылық. Қараш батыр – алыпқара күштің иесі, жас кезінен палуан, сайыскер болған. Қараш батырлығымен қоса қырғыз-қазақ арасына тату көршілік қарым-қатынас орнатып, ел бірлігін сақтаудағы әділеттілігіменде аты шыққан. Асау жылқыны жалынан ұстап-ақ жыға береді екен. Оның денесінің бітіміне қарай даусы да зор болған. Даусының зорлығы, қайтпас қайсар ерлігі, ел басқарудағы ақылдылығы, көп жайды алдын ала болжағыштығы, көріпкел әулиелігі туралы әңгіме көп. Жаз күндері Суықтөбе тауының шығыс жағын жайлайды екен. Биік шоқыға шығып (кейіннен Қараш шоқысы атанып кеткен) төменгі Ащы, Қопа жазығында отырған елге: «Мал- жан аман ба?» – деп айқайлайды екен. Сонда Қопа жағында мал жайып жүрген малшылар батырдың сәлемін еститін болған. Бұл жердің арасы шамамен 50-60 шақырым.

Батырдың даусын естіген күнгей жақтағы жаулары:

- Құрсын! Қараш әлі тірі екен. Қазаққа әзір баспаймыз, - дейді екен. Сол себептен де халық арасында «Баласы Қарасайдың Қараш батыр, жауына салады екен заман ақыр»- деген лақап бар екен.

Қараш батыр өмір сүрген уақытта қазақтар мен қырғыздардың ел билеушілері бірімен-бірі жиі қақтығысып, бірінің мал-мүлкін екіншісі барымталап тұрған кез болатын. Қараш батырдың жасақтары тегеруінді тойтарыс беріп отырған(9).

1742 жылы Жетісуға жоңғардың Қалдан Серен бастаған қалың қолы келеді. Қазақтың Үш жүзден құралған жасақтары жоңғар шапқыншыларына ойсырата соққы береді. Қопа, Аңырақай,Балқаш, Іле, Шамалған деген жерлерде қырғын соғыс болады. Қараш та жауға аттанып шапқан хас батырдың бірі болған. Ең алғаш рет Қараш батыр Қордай тауының маңында болған шайқаста көзге түседі. Ол қалмақтың батырын бірінен кейін бірін найзамен түйреп, жер құштырады. Тағы да Меркі жақтағы бір шайқаста Қараш пен Қаумен тұтқиылдан шабуылдап, алпыс қалмақты жер жастандырды. Қараш батыр Алатау бөктеріндегі Іле, Шу, Талас өзендері бойларындағы болған санқилы соғыстарда халықты жауға қарсы ұйымдастыру қабілетімен де көзге түсіп, атағы елге кеңінен жайылады. Қараш тек ер жүрек батыр ғана емес, сонымен де жасақтарды басқарған, шабуылға шығатын батыл қолбасшы ретінде танылса, бір жағынан әулиелігі де болған.

Қараш батыр таң қылаңдап, бозарып келе жатқан кездерден биік таудың төбесіне шығып алып, күндік жерден ауылға келе жатқан адамдарды (не болмаса жауды) байқап отырған болатын. Егер де келе жатқан жауды көрген болса, тез арада даярлық жасаған екен.

Қараш батыр әрбір сапарынан қалдырмай ертіп жүретін Боқтай деген немере інісі болған. Боқтайдың көзі өте өткірлігі соншалық, алыста тұрғанды қасында тұрғандай көрінеді екен. Бірде Қараш батырдың қарындасын қырғыздар алып қашып кетеді. Ол Боқтайды ертіп алып Суық төбенің қырғыздарға өтетін асуға шығады.

- Қарашы қырғыздар не істеп жүр,-дейді. Боқтай қолын қалқалап қарап:

- Шудың арғы жағында жеті боз үй тігіліп тұр. Алдында адамдар жүр. Қой бағып жүрген ақ сақалды шал, қасында қара шолақ иті бар дейді.

- Қараш батыр: Қызды қайтар! Қызды қайтарыңдар!- деп айғай салады: Қараш батырдың дауысы күнгейдегі қырғыздарға жетеді.

- Енді неғып жатыр қарашы,- дейді Қараш.

Боқтай:

- л үркіп, үйін жығуда, малын айдап қаша бастады.Үш адам атпен шапты. Шу суынан өтіп келеді.Арасында біреуі қыз, -дейді.

- е, онда қызды алып келеді екен,- деді Қараш.

Сонымен Бір шабуылда қырғыздар Қараш батырды қолға түсіпті. Батырдың киесі бар екенін білетін қырғыздар оған ешбір зәбір көрсетпей, тамағын беріп, қыс бойы бағыпты.

Ел ұйықтаған кезде бір келіншек Қараш батырға бір табаққа тамақ салып қымызымен қосып әкеліп тұрады. Бір күні батыр оған:

- енен қандай тілек тілеп келіп жүрсің?- дейді.

Келіншек:

- іздің әулиелігіңізді естіп, бата сұрайын деп едім, балам жоқ,- дейді. Қараш батыр оған ақ батасын береді.

Қырғыздар көктем шығып көшерде:

- ртеңгі күні жаяу тастап кеткенсіңдер,- деп кек қалмасын деген оймен батырдың қасына бір ат тастап кетеді.

Келесі жылы әлгі әйел балалы болады. Атын Жанқараш қойыпты. Жанқараш өсе келе елін билеп, халыққа сыйлы адам болыпты.

Қасиетті Қараш батыр ұзақ өмір сүріп, сегізінші мүшелігіне ілінгенде қатты ауырады. Қараш батыр өзінің қаза боларын біліп, мені сиқын жаныстың арасына апарып қойыңдар десе керек. Сонда шапыраштылар неге олай айтыныз, шапыраштының жері жетпей жатырма дегенде жоқ олай емес, менің аруағым сендерді қырғыздардың шабуылынан қорғап қалам десе керек. Содан көп кешікпей 1813 жылы 98 жасында дүниеден өтеді. Бұл сөзді қырғыздар естіп, біз оның әулиелігін көрейік деп сиқым жеріне шауып, малын айдап бара жатқан жолда, қырғыздар жаудан таса жолда (Кекілік деген жер) демалып отырғанда, аспаннан алақандай бұлт келіп, бұршақ жауып қырғыздарды қырғынға ұшыратады. Айдап келе жатқан малы кері өз жеріне қашып кетсе керек. Сол кезден бастап дулаттар мен шапыраштылардың арасында жақы қатынас орнайды. Осы әңгімеде де батырдың бойындағы әулиелікті көрсетеді.

1886 жылы Қараш жатқан жерге дулаттар шапыраштылардан бұрын ескерткіш орнатты. Қараш батырдың сүйегі сендердікі болғанымен еті біздікі, ол біздің жерімізге өз тілегімен келіп жатқан адам, бізді қырғыздардан қорғаған деген екен дулаттар. 1967 жылы Қараш батырдың үрпақтары, қастек ауылының тұрғындары қорғанды жөндеп, басына граниттен тас қойыпты(10).

Түрік әлеміне тұтастай танылмағанымен қазақ ортасында батырлығы әулиелік қасиетімен ұштастырыла аңызға айналғанның бірі- **Райымбек батыр**. Райымбек батыр (1730, Іле жағасы, Қара өткел өңірі- 1814 ж., қазіргі Алматы қаласы) - әулие, жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр. Ұлы жүз, Албан руы, Алжан тармағының Сырымбет атасынан тарады.

Хангелді немересі Райымбек үш жаста ат басын алып жүрді, бес жаста өзі ат ұстап мініп, жылқы айдапты. 7 жасында белгілі бір жігіттің соңында жылқы бағуға жарамды еді. Райымбектің нағашы атасы Жалайыр Орақ батырдың тұқымынан екен. Райымбек 7 жасқа келгенде нағашы атасы бір көк тай, садақ, айбалта, қылыш, найза, қалқан, сауыт, болат, семсер даярлап алып келіп Хангелді батырға тапсырады. Мынау менің жиенім Райымбектің жорыққа аттанғанда өзі жігіт болады, көк тайы ат болады, сонда мінетін аты, асынатын құралдары деп тапсырған.

Райымбек сол заманнан көк тайды өзі иеленіп, жүгендеп сол күннен бастап өзі меншіктеп бағуға, күтпекке алады. Көкойнақ деп ат қояды. Райымбек жігіт болғанда барлаушы ретінде бірнеше тапсырмалар орындаған(11).

Райымбек даналығы, елдігі мен ерлігі арқылы аты аңызға айналған хас батыр. Батырдың тас тұғыры - әскер қатарына аттанатын жастардың, жас жұбайлардың тәу ететін қасиетті орны. Райымбек ақылды да, айлалы батыр болған. Жастайынан шыңдалып, шыныққан. Райымбек батырдың аты аңызға, ұранға айналған. Райымбек өз атын өзі ұрандап жойқын шабуылдарға, кескілескен ұрыстарға жол ашқан, солар арқылы жауынгерлеріне дем берген, жігер берген хас батыр, дара тұлға. Батырдың ең үлкен еңбегі – Жетісу жерін жау қолынан азат етуі.

Қ. Сауранбаевтың шежіресінде Райымбек он бес жасқа келгенде атасы Хангелді жауға жасақ жинап, аттанып кетіпті дейді. Жас бала жылқышылармен бірге қалып қойса керек. Артынан сарбаздардың қалмаққа аттанып кеткенін естіп, анасынан, ауылдағы қарттардан бата алып, ішінен «Атам Сырымбет батырдың әруағы қолдай гөр, жаудан қайтпасқа мен серт беремін, жәрдемдеріңізді сіздер бер» деп жорықшылардың соңынан қуып жетпекке бел буады. Райымбек Қараталдың бойында шұбырып жүрген қалың сарбаздың ішіне келіп кіріп кетеді. Жорықшы сарбаздар өзен суынан өте алмай дағдарыста екен. Бұлардың бәрі жүріп отырып, Іле суының бойына келіп, одан әрі өте алмай, тек Райымбек қана өтеді. Іленің тасып, күркіреп-сарқырап арнасына сыймай жатқанына қарамай өзеннен әрі өтіп кетуі жұрттың бәрін таңқалдырады. Көпшіліктен рұхсат алған ол өз атын ұран ете дауыстап, көкойнақпен жүзе шығады да, қайта өтіп, жорықшыларға өзі ойлаған әдіс-шарасын ұсынады. Олар өзенді бойлап аман-есен өтеді. Райымбек батырдың бойындағы тамаша қасиеттері – кісілігі мен парасаттылығы, табанылығы, өзінің қасындағы батырлары мен сарбаздарын ұйымдастыра білетін ересен шеберлігі(12).

Райымбек бабамыз он бесінде ат жалын тартып мінген, қара қылды қақ жарып топқа кірген, ерлік істің иесі, әулиеліктің киесі болған. Бойшаң да, сұңғақ, жалынды жігіт шалт қимылдарға аса құмарпаз болғандықтан да сақапкерлердің, ауыл ақсақалдары мен ақыл-ойарымен алысты болжап, алдын ала қамданып әрекет жасайтын, жанары жау тіреген ауыл ерлерінің көзіне ерте түскен. Сондықтан да оны «он бесінде ат құлағын да ойнаған», «он алтысында орда бұзар жанкенті» атандырған. Райымбек он жеті жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанған. Райымбектің жан-жарасын соңынан білген ұлы жүз батырлары Хангелді батырға: «Балаңыз екенін неге айтпағансыз?!» деген сыңайда таңданыс білдіреді. Сонда батыр: «Райымбек көптің баласы» деген екен. Айналасын мойындатқан қолбасылық қабілеті, батырлық батылдығы, тәңірі берген әулиелік қасиеті ұлы жүз еліне ғана емес, тіпті жауларымызға ғана әйгілене түседі(13).

Райымбек батырдың жас кезінде кезекті қалмақтармен болған шайқаста қазақтың қолы жеңіліп, шегінуге мәжбүр болады. Олар Бұғыты тауы мен Торайғыр таулары арасында Көкпекті жазығын өтіп барып, Торайғыр тауының етегіне барып тығылады. Қанша күнгі ұрыстан әбден қажыған әскер су іздеп тәлекке түседі. Сонда Райымбек батыр бір тамшы суды аңсап, жерді қылышымен шұқып жібергенде, белгісіз бір бұлақтың суы атқып шыққан деседі. Содан қазақтың қолы әлгі суды ішіп, бұлақтың жағасында екі күн жатып, тынығады да, бар күш жігерін бойына жинап, жауға қарсы шабады. Әскер осы жерде жеңіске жетеді. Ал әскерді құтқарған бұлақ Райымбектің бұлағы деп атап кеткен. Бұл бұлақ қазір де бар(14).

Халқымыздың тарихынан мәңгі өшпейтін, «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» жылдарында ел қалқаны болған, туған жердің жоңғар басқыншылығынан қорғаған ержүрек қаһармандардың бірі - Райымбек батыр. Райымбек тумасынан дарынды, соғыс өнерін жас кезінен жетік білген, айлакер де, тәсілқой батыр.

XVII-XVIII ғасырларда бейбіт жатқан қазақ халқының басына қара бұлт үйіріліп, «Ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама» қасіретін төндірген жоңғар шапқыншылығына қарсы ақ найзасын көтеріп, ақ білегін сыбынып қаһарлы жауға қарсы аттанған Райымбек батырдың қаһармандық даңқы да ай, күн, жыл өткен сайын биіктеп, өр тұлғасы іріленіп, өсіп келеді. Райымбек батыр жауға қарсы аттан түспей, бел шешпей шайқасқан 30 жылдың соңғы жылында Наурызбай, Өтеген, Бөлек, малай батырлармен тізе қоса отырып, Жоңғар империясының соңғы күшін 1758 жылы қазіргі Сүмбе шекарасынан асыра қуып, жетісу жерінен ығыстырып, Текестің Құйғаны мен Іленің басталар тұсынан әрі қарай Жұлдыз ойпатына дейін ығыстырған. Райымбек батыр қалмақтармен соғыс кезінде қайтарып алған жерге өз ұрпақтарын орналастырған (15).

Ұлы жүз үйсін қазақтарының Россияға өз екркімен қосылуы үшін 1733 жылы Анна Ивановна жазған «Алдияр сәлемнама» деп аталатын дипломатиялық хатта былай делінген: «Біздер Қапай батыр, Төле би, Сатай батыр, қангелді батыр және Бөлек батыр бәріміз ұлы жүз қазақтарын Россияның қол астына алуын сұраймыз. Қосымша айтатын сөзімді өзіңізге жіберілген Аралбай мен Ырыскелді батырлар ауызша жеткізер».

Бұл «Алдияр сәлемнамаға» 1734 жылы келісім берілген. Ал, 1738 жылы ұлы жүздің ханы жолбарысқа үлкен орданың қазақтары Россия қарамағына өз бетімен кірді деген грамота жіберілген. Сонымен Аякөз приказының заседателі Г. Смельницкийге «ғарызнама» деп аталатын жалайыр, албан, дулат, шапырашты, суан, ысты т.б. ру бөлімшелері атынан жазылған осы аты аталған рулар үшін жеке округ ашылуын сұраған. Бұл өтінішке басқа адамдармен бірге Райымбекұлы Кенжеғұлда қол қояды(16).

Райымбек батыр осындай әділеттілігін дәріптеп, ел-жұрты «киелі, әулие, көріпкел» деп дәріптейді екен. Сондықтанда Райымбек бабаның батырлығы, ел намысын қорғағаны болғаны да әулиеліктің айқын көрнісі. МәшҺүр Жүсіп Көпеев әулие деген сөзге анықтама бере келіп, былай дейді: «Өмірінде кісі хақын жемеген, бір пендені ренжітпеген, қолынан келсе, жұрттан жәрдем, көмегін аямайтын, бар тірлігін еңбекпен өткізетін, таза, тақуа жанды әулие дейміз»,- депті(17).

Уәлихан Қалижанов ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтан алған сұхбатында: Әкем мен анам ұзақ перзент көрмеген соң Райымбек батырдың бейітіне түнеп, зиярат жасаған екен. Анам сол кезде түс көрген екен. Түсінде бір мөлдір үлкен көл суы бар екен. Енді суға түсемін дейді, су басымнан асса да демім тарылмайды. Жүзіп келемін, жүзіп келемін, судың түбіндеұзыннанұзын аппақ темірден, күмістен жасалған ұзын мылтық жатыр екен дейді.Сол мылтықты мойныма мосы құсап іліп, ана жағадан жүзіп отырып, жаңағы мосының ұзындығы солқылдап, екі жағынан жерге тигендей болып алып

шыққан екен. Таңертең түсін жорыған Райымбек батырды қорыған кісі айтыпты. Ұл табасың, мықты, жасы ұзақ болады. Осы ұлың сені мақтандырады, ел қорғайды деп айтқан екен. Ана мылтық болып келген, ел қорғайтын адам болады десе керек(18).

Енді бірде, Райымбек бір топ қолымен қашқан жауды қуып келе жатып Іленің суына кездеседі. Сонда ол көптің алдына шығып, астындағы көкшұбарын ойнақтатып: «аттарыңды бір-біріне тіркестіріңдер де бір мезгілде суға түсіңдер» деп бұйырады, өзі бастап Іленің суына түседі. Сонда Іленің суы қақ жарылып, жол беріпті –міс.

Райымбек батыр соңғы шайқаста ауыр жараланып, дүние саларында (жасы 80-ге тақаған кез) еліне: «менің сүйегімді қасиетті ақ атаныма артып қоя беріңдер, сол атан қай жерге барып шөксе, сол жерге қойыңдар – деген екен. Ұрпақтары атасының айтқанын орындап, сүйегін сол ақ атанға шөккен жерге қойыпты. Бұл жер бүгінгі Алматы қаласындағы Райымбек даңғылының бойында. Әулие батырды құрметтеген, қадірлеген халық бұл күнде Райымбек кесенесінің алдынды ақ атанның мүсінін орнатып, ары-бері өткен жүргіншілердің әулие-батыр бабаларына сиынып өткен орынға арналған. Күні бүгінге дейін халық сиынып, басына барып түнейді, зиярат етеді, тілек тілейді.»(19).

(2005 жылы Райымбек батырдың 300 жылдық мерейтойын тойлап өткен. Бүгінгі күнде халық арасында айтылып жүрген аңызда бабамыздың 300 жылдық тойын тойлар қарсаңында кесене үстіне ақ матаны жабатын кезде жел тұрып, жабылмай қойған соң, құран оқыған екен. Содан кейін барып жел басылып, жапқан екен.

Жалпы алғанда Жетісу өңірі дәстүрлі мәдениеттің қаймағын сақтап отырған жер деуге болады.

1. //Имандылық сыры. 2001. шілде
2. Қарасай батыр. А., 1998. -4б.
3. Үкібаев Мүсірәлі. Алматы аблысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылы. Шапырашты. 1947 жылы туылған.
4. Ағыбаев А. Ұран болған ұлы батыр. А., 2002. -185 б.
5. Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп қияннан өзіне шейін. А., 1993.-206-208бб.
6. Қарасай батыр. А.,1998.-20б.
7. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз – казахского народа. Ташкент,1925. –с. 28
8. //Қазақ батырлары. 2003. -№9.
9. Қазақ батырлары. А.,2008.-207б.
10. // Қазақ батырлары. 2000. -№6(29)-12б., //Жетісу. 1998. -30 шілде.
11. Қаупынбаев Т. Райымбек батыр. А., 2005. -101б.
12. Қазақ батырлары. А.,2008. -265б.
13. //Жетісу. 2005.-13 тамыз.
14. Қазақтың мифтік әңгімелері. А.,2001.-45б.
15. //Мұқағали. 2007. №5.-38б.
16. Қаупынбаев Т. Райымбек батыр. А., 2005. - 94б.
17. Сонда. -160б.
18. Уәлихан Қалижанов. Президент: көзбен көргендер мен көңілге түйгендер. А.,2008.-284-286 бб.
19. //Жетісу. 2005.-2 шілде.

* * *

В статье рассматривается про святых батыров, которые защищали народ. Повествуется про батыров Карасай, Караш, Райымбек которые воевали тяжелые времена и про их дар предсказывать будущее.

* * *

In this article written about the Saint Batyr's in wich carry of people Kazakstan. And speaks about Batyr's such as Karasay, Karach, Raimbek. They are faiting for Kazakh people durings the war. And the are also can speak about future.

А. Т. Бексеитова

ҚАРҚАРАЛЫ ОКРУГІ ЖӘНЕ АҒА СҰЛТАН ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ

1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» сәйкес қазақ даласында ашылған округтердің алғашқыларының бірі Қарқаралы округі. Қарқаралы сыртқы округі бұрынғы Бөкей иелігіндегі рулардың негізінде құрылды. Бөкей ханның билігі Орта жүздің 13 елі : алтай, төртуыл, шаншар, байбөрі, күшік, жалын, балашарын, кірін, қырғыз, тобықты, тарақты, қоңырат, қарпық руларына таралған. (қазіргі таңда бұл жерде Қарағанды облысының Қарқаралы, Ақтоғай, Шет және Бұқар жырау ауданының бір бөлігі, Шығыс Қазақстан облысының бірқатар аудандары және Павлодар облысының Баянауыл ауданының бір бөлігі орналасқан.) Қарқаралы округіне енген рулардың Бөкей ханға қарағандығын мұрағат құжаттары да растайды: «Қарқаралы округі Бөкей ханның иелігінде болған болыстардан құралады»/1/деп көрсетілген. Яғни, Қарқаралы округі құрылғанда, оған төменде көрсетілген 14

болыс қамтылады: шаншар, алтай, шор (қарауыл, қоңырат), төртуыл, сарым, әлтек, қояншы, керней, кәрсон, қоңырат, жабатай, манас, тарақты, байбөрі -/2/ деп көрсетілген. Бөкей ханның қарамағында Керей және Буранайман болыстарынан басқасы арғын рулары болды. Округтерді құру жөніндегі құжаттардағы рулардың кейбір сәйкессіздігі, ру аттарының орыс тілінде өзгертіліп, немесе болыстардың құрамындағы рулардың өзін де болыс ретінде шатастырып жіберілуінен туындаған болуы мүмкін.

Қарқаралы округі 1824-1868 жылдар аралығында құрылған 8 округтің ішіндегі ең үлкені. Округтің ашылу қарсаңында оның құрамында 20 000 аса шаңырақ және 80 000 аса халық болды. Кейін, яғни 1868 жылы Қарқаралы Семей облысының құрамындағы уездік қала болып бекітілді.

Қарқаралы округін ресми түрде 1824 жылы 8 сәуірде билік еткен сенаттың жарғысымен сыртқы округ және Қарқаралы приказы негізінде ашу үшін, қазақ даласына Омбы облысының басқарушысы С.Б.Броневский жіберілді. Бұл жөнінде Омбы облыстық басқармасының «Об учреждении в Киргиз-кайсацкой степи Управления » құжатында «Генерал-губернатор командировал для открытия в степи округов два другие отряда: один под начальством полковника Броневского в волости подведомственные наследникам хана Букея , другой подполковника Григоровского в волости состоявшие под управлением хана Валия» /3/- деген мәлімет берілген. Алайда, Ресейдің сол кездегі ірі мемлекет қайраткері М.Сперанский дайындаған 1822 жылы жарияланған Сібір қырғыздары туралы жарғыға» сәйкес қазақ даласында хандық билікті жоюға бағытталған әрекеттер халық арасында наразылық туғызды. Осындай жағдайда патша өкіметі халық арасына өкілдер жіберуге мәжбүр болды. Өкілдер болашақ округтерді ашуға байланысты жұмыстарды ұйымдастыруға яғни, дайындық жұмыстарын жүргізуге тиісті болды. Алайда, халықпен келісімге келе алмайтындығын түсінген Броневский, жергілікті сұлтандар мен байлардан көмек сұрайды. Келіссөз негізінде жергілікті сұлатандар мен билер халықтың атынан өздерінің келісетіндерін білдірді.

Осылайша,1824 жылы 8 сәуірде Қарқаралы округі ашылып, алғашқы аға сұлтаны болып Тұрсын Шыңғысұлы сайланды.

Полковник С.Б. Броневскийдің Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцевичке мәлімдегеніндей Бөкей ханның үлкен балаларынан аға сұлтан қызметіне үшеуі – Батыр, Тәуке және Тұрсын сұлтандар үміттене алатын еді. Бұған дейін Бөкей ханның немересі Тұрсын Шыңғысұлы Жамантай хан атымен белгілі болатын. Тұрсын Бөкей қайтыс болысымен-ақ «осындағы болыстарда» «хан» тағына отырды, бірақ оны бұл қызметке патша өкіметі бекітпеген болатын [4. 303 б.]. Бөкей кенеттен қайтыс болғаннан кейін оған берілген патша грамотасы, сондай-ақ «аса қадірлі сыйлықтар» Абылай ханның ұлы Шыңғыс сұлтанның үлкен баласы Тұрсынға тиді. Сұлтандардың көпшілік бөлігі Тұрсынның кандидатурасын батыл қолдағанына қарамастан, басқа үміткерлердің «асқан зор қаскөйлектері, зымияндағы мен зұлымдығы» Жарғыға сәйкес алғашқы аға сұлтанды сайлауға байланысты барлық Шыңғыс ұрпақтарының приказға келуін қиындатты.

Ресей армиясының майоры шені бар жоғары лауазымды адамды сайлау рәсімі мейілінше салтанатты түрде сұлтандардан, билерден, ақсақалдардан басқа халықтың қалың бұқарасының қатысуымен өткізілді. Сол жерде ақсақалдар мен байлар екі заседатель етіп Олжабай Ордауов пен Жаманбай Нұралинді сайлады. Көптеген сұлтандар, билер округтердің құрылуына өз наразылықтарын білдірді, оның көрінісі ретінде облыстық бастықтардың сән-салтанатты шараларына қатысудан бас тартты, соның ішінде округтің құрылуына, жаңа тәртіптерге Саржан Қасымұлы, Шоң билер ашық қарсылық көрсетті.

1824 жылы көктемде Тұрсын омбылық патша офицері Иван Семеновичтің басқаруында болған орыс-казак әскерінің күшімен Қарқаралы құрылсына кіріседі. Аз уақыт ішінде 100-ге жуық үй, әскери баспана, топырақ қорғанды қамал салынып, бір рота жаяу, бір бөлек атты әскер, бір топ зеңбірекші орналастырылды. Оған көмекке полковник С.Б. Броневскийдің қолбасшылығындағы 6-шы және 7-ші полктан 300 казак әкелінді. Аз уақыт ішінде Қарқаралы өзенінің оң қабағында көптеген тұрғын үйлер мен су диірмені салынды.

Қарқаралы округы ашылғаннан 1849-1850 жылдары Қарқаралыға орыс казактары көптеп қоныстандырыла бастады кейін, орыс көпестерінің қазақ даласында сауда-саттық ісін жеңілдету және оны одан әрі дамыту үшін орыс ақшасы еркін айналымға енгізілді. XIX ғ. басында орыстың ұсақ көпестері ауыл шаруашылық өнімдерін сату үшін, қазақ жерлеріне келіп, мұндағы жергілікі далалық жәрмеңке-

лерді жаулап ала бастады. Осындай жағдайда, XIX ғасырдың басында Қарқаралы округінде сауда-саттық ісі дамыды.

Бұдан басқа округте суармалы егін шаруашылығы да дами бастады. Оны мына деректен көруге болады: «Есберген Садырбаев сол кездегі Қарқаралы округына қарасты Кәрсөн-Кернейдің бірінші болыстарының бірі. Арқа еліне «байлық түбі егіншілікте» деп алғашқылардың бірі болып Мойынты, Шу, Тоқырауын, Нұра, Сарысу, Ямышев өзендердің бойында бидай және басқа да дақылдар отырғызған, қазірге дейін сол суармалы егін еккен жерлердің ізі сақталған және ол жер осы уақытқа дейін халық арасында «Есбергеннің екпесі» деп аталады. Осыны айғақтайтын сол кездегі Омбы генерал-губернаторында жауапты қызмет атқарған, Бас штабтың қызметкері, XIX ғасырдың 60-шы жылдарында қазақ халқы туралы құнды ғылыми еңбектер қалдырған М.Красовский мынадай мәліметтер келтіреді: Қаракесектің 17 болысында егіншілікпен тек Семей базарынан алыс жатқан елдер айналысады. Осыған байланысты базарға жақын орналасқан Айбике, Нұрбике, Шаншар, Жағалбайлы және Көшім-Байбөрі, Жалықпас пен Мәмбетей-Тобықты болыстарының ауылдарында егіншілікпен айналысатын бір адамды табу қиын. Осы округтің жерімен неғұрлым солтүстік-шығыстан оңтүстік бастысқа қарай жылжысақ соғұрлым егінішілікті көп кездестіреміз, ал Бетбақ далаға жақын Кәрсөн-Керней болысында осы тіршілікпен айналысатындардың саны солтүстік-шығыс болыстарынан 6 есе көп. Кәрсөн ішінде 100 еркек адамға шаққанда егін салатындардың саны 2,1 адамнан аз емес, егінші – 167, тұқымдық бидайы 553 пұт. Егіншіліктің жақсы дамыған жерлері – Тоқырауын, Сарысу, Нұра, Мойынты, Жәмші, олардың сан-салалары, бұлақтар, әйтеуір өңдеуге, суаруға келеді-ау деген жер бос қалмаған»/5/. Тағы да басқа орыс ғалым-зерттеушілері де аталған уақытта Орта жүздің басқа жерінде айтарлықтай егіншілік болған жоқ деп жазады. Сол кезде, Орталық Қазақстанда Қарқаралы округінде ғана суармалы егіншілік жақсы дамығанын және Қарқаралы округінің қазақтары егіншілік әдістерін қару-сайман, суару, арық жүйесі, дақылды (ақ бидай, ақ тары) Түркістан өлкесінен алып келгенін, сол кезде Омбы генерал-губернаторында жауапты қызмет атқарған атақты ғалым Қарқаралы дуанында болып зерттеу жұмыстарын жүргізген Шоқан Уәлиханов та дәлелдейді /6/. Бір атап өтетін жағдай, Кәрсөн-Керней елінде мал шаруашылығы да жақсы дамыған, сол кездегі Қоянды жәрмеңкесі Кәрсөн-Кернейдің тек Орта жүзде емес, Қазақстан бойынша байлығы асқан үш байы келмей ашылмаған. Атап айтсақ, Адамбай-Тұрсынға 17 мың жылқы, Ершман байға 7 мың жылқы, Есбергеннің өзіне де «Садырбайдың сарыаласы» деген әкесінің атымен бүкіл Қазақстанған белгілі болған 5 мың жылқы біткен» /7/ .

Сонымен 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» орай Қарқаралы тарихының бірінші кезеңінде, 1824-1868 жылдар аралығында аға сұлтандар билік басында болды. 1824 жылы Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып подполковник Тұрсын Шыңғысұлы тағайындалса, 1844 жылы Тұрсын аға сұлтандықтан алынып, оның орнына Бөкейдің кіші әйелінен туған Құспек аға сұлтан болып сайланды. Оның билік басында болуы алты жылға созылады. Кейін 1842 жылғы "Об избрании старших султанов в Киргизской степи"атты ережеге сәйкес, 1849 жылы төре тұқымы емес, қарапайым қазақ қоғамынан шыққан ауқатты бай, Құнанбай Өскенбайұлы аға сұлтан болып сайланады. Құнанбайдың аға сұлтан болған уақыты 1849-1852жылдарға сәйкес келеді.

Исі Сарыарқаға атағы кең тараған, қарадан шығып хан атанған, қарапайым қазақтардың арасынан жарып шығып, ең алғаш Қарқаралы дуанына аға сұлтан болған Құнанбай қажы Өскенбайұлы қазақ тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі.

Патша өкіметінің қазақ даласына енгізген заңдары бойынша 1842 жылғы ережеге дейін аға сұлтан лауазымы төре тұқымынан басқаларға берілмейтін. Қатардағы рубасы бидің төрелерді ысырып тастап мұндай мансапқа қол жеткізуі біріншіден, патша өкіметінің хандық биліктің негізі болған төрелердің беделін төмендетуге бағытталған, олардың қазақ қоғамындағы саяси ықпалын жоюды көздеген тереңнен ойластырылған астарлы саясаты болса, екіншіден, Құнанбайдың халықтың әдет-ғұрпы мен мұсылман шариғатын терең білуінің, дариядай шалқыған ақыл-ойының, туа біткен басшылық қабілетінің арқасы екендігінде. Ол қажет жерінде қатал да , қаһарлы да бола білген, бірақ адамға деген мейірімнен айырылмай, жетімжесірлерге қамқорлық та көрсеткен.Оның төңірегінде тіпті әр ұлттың өкілдері жүруі соның айғағы. Табиғатынан дарынды Құнанбай өздігінен оқып, шағатай тілін меңгеріп,түрікше жаза да білген. Орыс тілінен де қара жаяу болмаған. Республикамыздың орталық мемлекеттік мұрағатының Сібір қазақтарын шекаралық басқару мекемесінің қорында «Кіші тобықты болысының болыснайы Өскенбаевтың бала оқытатын

училище салуына рұқсат беру туралы» деп аталатын шағын ғана іс қағаздарының көшірмесі сақталған. Мұрағат құжатындағы «Сібір қазақтарын Шекаралық басқару мекемесіне Қарқаралыдағы сыртқы округ приказынан» түскен рапортта: Кіші тобықты болысын билеуші старшын Құнанбай Өскенбаев биылғы 3 қаңтарда жазған рапортында өзі басқарып отырған болыс қазақтарының ортақ игілігі мен пайдасын көздеп балаларды орысша және азияша сауаттандырып, оқыту үшін училище ашуға рұқсат сұрай отырып, бұған азияша тәржімасын да білетін орыс мұғалімін жіберуді сұрайды.

Қарқаралы округтік приказы бойынша осыны мәлімдеп Шекара басқармасының ықтиярына жеткізуді мерей көреді (бұл құжаттың соңына аға сұлтан Таукиннің мөрі басылып, бірнеше заседательдердің қолдары қойылған). Құжат 1845 жылғы 12 январьда Қарқаралыда жазылып, 152-ші номірмен нөмірленген.

Екінші бір құжат сол жылғы 16 ақпанда Омбыда, шекара басқармасы бастығының атанан жазылған. Онда былай делінген:

«Сібір қазақтарын Шекаралық басқару мекемесіне болыс басқарушы, старшын Құнанбай Өскенбаевтың өз болысында қазақ балаларын орысша мен азияша сауаттандырып , оқыту үшін училище ашу хақында ниетін бек пайдалы деп қараймын, бірақ қарамағымда орысша Һәм азияша жетік білетін кісі болмағандықтан, оның бұл қажетіне мен орыстардан кісі тағайындай алмаймын; осы мәселе хақында оның осы айдың басындағы мағлұмдамасына орай, старшын Өскенбаевқа балаларды сауаттандырып, оқыту үшін пайдасы тиетіндей бос адамды өзі тауып алуына ықтиярлансын, яки болмаса приказ тобықты болысындағы тілмаштың қолы бос уағында балаларды ақы-пұлсыз оқытуына жарлық етсін» /8/. - делінген.

Құнанбай бұл кезде жасы қырықтан асып, өмірдің талай өткелдерін бастан кешіп, ауылаймақ қана емес, шартарапқа көз тігіп, арғы-бергіні ойлай бастаған шағы. Құжатта көрсетілгендей «өзі басқарып отырған болыс қазақтарының ортақ игілігі мен пайдасын көздеп, балаларды орысша әрі азияша сауаттандырып оқыту үшін» мектеп ашу қажеттігін ұғынады. Орысша әрі азияша бірдей түсіндіріп, оқыта білетін мұғалім жіберуді өтініп, патша кеңсесіне ресми хат жазады. Бұдан қазақ даласында орысша-қазақша мектеп ашып , шалғай жатқан сахарада қазақ балаларын орысша оқытуға бел бууы көрегендік екенін бағалау әсте қиын емес.

Осындай уақытта қазақ даласында реформаның кең етек алуы одан әрі байқалады - Орта жүз халқын ағартуға жағдайды кеңейткен кез де болды: Жарғының жетінші параграфында (243-249) «сауаттылықты кең тарату» көзделді: 250-параграфта огруттік приказдарда «өздеріне сеніп тапсырылған халықтың ешбірі қайыршылыққа ұшырмауының және қамқорсыз қалмауының барлық амалдары ойластырылуға» міндеттелді. Кейін аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев Жарғының осы бабын өз қолына ала отырып, Қарқаралы приказында мектеп пен мешіт ашуға Батыс Сібірдің шекаралық басқармасы бастығының келісімін алды.

1847 жылы бір топ ел басшылары Омбы генерал-губернаторына барып, Қарқаралы мұсылмандары үшін мешіт салуға рұқсат сұраған. Акт жасап, қол қоюшы 16 адам болған. Оның ішінде мына адамдар бар:

1. Әйтеке-Сарым болысы – Жанқұтты Ботантаев
2. Нұрбике-Шаншар болысы – Тәтімбет Қазанғапов
3. Кәрсөн-Керней болысы – Есберген Садырбаев
4. Күшік Тобықты болысы – Хорунжий Құнанбай Өскенбаев т.б.

Мешіт салуға рұқсат сол жылы алынғанмен 1852 жылы Құнанбай Өскенбайұлы Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып тағайындалған соң мешіттің салынып бітіруін ұйымдастырған. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясында бұл мешітті көркем де тартымды сипаттап берген. Бұл мешіт мұсылмандардың діни орталығы болып көп жылдар қызмет етті.

Құнанбайдың немересі болашақ ақын Шәкәрім Құдайбердиев те атасының өзіне сіңірген еңбегін ғана емес, халық алдындағы қызметін де құрмет тұтып, жоғары бағалаған. Немересі Шәкәрім бес жасқа келгенде, әкесі Құдайберді дүние салып, бәйбішеден туған тұңғыш ұлынан қалған сәбиді Құнанбай бауырына салып, тәрбиесін өз қолына алған .

Шәкәрімнің кейін «Қажы марқұм бұл елдің өте надан кезінде туып, шала ғана хат танып қалса да, әкесі Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды оңашаға апарып, бір-біріне салыстырып, өз бетінше оқып, түрлі кітаптарды оқитын болыпты», - деп жазуы тегін емес.Ноғай молдаларды сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, молда мен балаларды сонда тұрғызып оқытып, бұл жақтағыларға хат танытқан еді.Одан әрі Шәкәрім оның алдына келген қазақтарды намазға

ұйытып, насыбайшыларды тыйғанын, бұрын әдет қылмаған қазаққа зекет бергізгенін жазады. Қарқаралыда мешіт салғызып, құдай үйінің шаңырағын қалағанын айтады. Қажы марқұм аға сұлтан ғана емес, оязға көмекші де болып еді деп жазады.. Ондағы мақсаты жалғыз ғана дүние мақтанышын емес, қазаққа қадірлі болсам, не қорқытып, не сыйлатып хақ жолына түсірермін деген ойы еді /9/-деп те жазады.

Қарқаралы округының аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлын, поляктың белгілі демократы А.Янушкевич алғаш рет көргенде, аға сұлтанның, табиғатынан асқан ойшылдық пен кемеңгерліктің, үлкен ақылдың иесі екенін бірден аңғарған.

Жалпы Қарқаралы округінің және оның билік басында болған аға сұлтандарының тарихы осымен шектелмейді. Осы мақаланың негізінде біз көріп отрығанымыздай Қарқаралы округінің тарихы және аға сұлтандарының қызметі әсіресе, ұлы Абайдай кемеңгер тұлғаның әкесі Құнанбай Өскенбайұлының өмір жолы тарихымыздың беймәлім беттерінің бірі болып отырғандығын айтқымыз келеді. Сондықтан ол тереңдей, әрі жүйелі зерттеулерді қажет етеді.

1. ҚР ОММ ; 338-қор, 366 –іс, 18,38, 7- парақ.
2. ҚР ОММ ; 338-қор, 366 –іс, 18,38, 7- парақ.
3. ҚР ОММ ; 338 –қор , 407-іс , 4- парақ.
4. Красовский М. Область Сибирских киргизов .СПб. 1868. ч. 11. -368 с. (244).
5. Сонда.
6. Валиханов.Ч. Ч. Собр. Соч., в 5 т. Алматы, 1985. Т.4.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
8. ҚР ОММ ; 338 –қор , 407-іс , 4- парақ.
9. Бейімбет Ермұханов Қазақтың тұңғыш шежірешісі. Ақиқат 2008.11. 72б.

* * *

В статье расматриваются причины образования и расселение племен Каркаралинского округа. Также рассматриваются роль старших султанов в том числе деятельность Кунанбая Ускенбаева в общественно – политической историй округа .

* * *

In article examines reason for education and settling tribals of Karkalin region.Also examines roles of the older sultans in political regions. Also public work of Kunanbai Uskenbayev.

М. Б. Әмірханов

Н.Д. ОҢДАСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ АТҚАРҒАН РОЛІ

Кеңестік дәуірде Қазақстан үкіметін ұзақ жылдар басқарып, халыққа шын беріліп еңбек етудің биік үлгісін көрсеткен мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов республикамыздың тарихында еліміздің мәдениеті мен өнерін бір саты жоғары көтерген басшы. Нұртас Оңдасынов қайсы лауазымды қызметте болса да өзінің қара қылды қақ жарған әділдігімен, принципшілдігімен дараланады. Отан, халық сенім артып тапсырған барлық қызметте де Нұртас Оңдасынов өзін білікті ұйымдастырушы ретінде көрсетіп, Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Жұмыста принциптілік және талапшылдық, тиянақтылық, адамгершілік, жеке басындағы қарапайымдылық оны республика халқы мен әріптестері, шәкірттері арасында құрметке бөледі /1/. Сонау заманның ауыр кезеңінде Үкімет басына келісімен бірінші кезекте елде жүріп жатқан сауатсыздықты жоюды қолға алып аяқтаған болатын. Сонымен бірге Қазақстан Орталық Комитетінің бюро мүшесі ретінде ол мәдениет мәселелеріне жауапты болды.

XX ғасырдың басында Кеңес өкіметімен бірге қазақ тұрмысына өнердің де жаңа түрлері де ере келді. Олар – кино, опера, балет, би... Мұндай өнер түрлерін ұйымдастырып, алып кете қоятын бізде ол кезде маман түгілі, аталмыш өнер хақында түсінік те аздау болатын. Бірлі-жарым Мәскеу, Ленинградтан арнайы шақырумен келген өнер майталмандары бол-

маса, қазақи ортаның түсінігі әлі төмен еді. Озық өмір көшіне ілескіміз келеді, онда үлкен елдің өнерін, мәдениетін үйрену, меңгеру керек болды. Осыны түсінген Нұртас Оңдасынов бірден үлкен қалалардан мамандар шақырып, оларға Үкімет тарапынан бар қамқорлықты аямады. Бұл хақында Оңдасынов былай дейді: /2/

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес Бюро мүшелері өнердің әрбір жеке саласына қамқорлық жасауға міндетті болатын. Менің сыбағама кино өнері тиді. Ол кезде Қазақстанда кинотеатрлар аз болатын, ал кино өнері жоқтың қасы. Осыған байланысты мен Үкімет атынан Москва, Ленинград өнер қайраткерлеріне шығып көмек сұрадым. Олармен тығыз байланыста болып, ақылдасып отырдық.

Соның нәтижесінде белгілі режиссер М.З.Левин қазақ тақырыбына байланысты кино өнерінің қарлығашы – «Амангелді» фильмін 1938 жылы Ленинградта түсірді. Біздер, Үкімет тарапынан қажетті барлық көмекті көрсеттік. Фильм түсіруге қажетті заттардан бастап, әртістердің тұратын мейманханасын, ас-су дегеннің бәрін дер кезінде шешіп тұрдық. Осындай қолдау мен әртістер талантының арқасында кино сәтті шықты. Амангелді батырдың бейнесін Елубай Өмірзақов ойнады. Артынша Қазақстан Үкіметінің өтініші бойынша Мұхтар Әуезов «Райхан» фильміне сценарий жазып бітірді. Бұл фильмді де «Амангелді» фильмінің режиссері М.З.Левин Алматыда түсіреді. Басты рөлдерге Серке Қожамқұлов пен Шымкент қазақ музыкалыдрама театрының әртісі Хадиша Бөкеева шақырылды. «Райхан» - қазақ кино өнері тарихындағы екінші көркем фильм. Бұлардан кейін белгілі кинорежиссер Г.Л.Рошаль жасаған «Абай әні» одақ экранына шықты.Үкімет басшысының сөзін іс ортасында жүрген, сондағы басты рөлдің бірін ойнаған, Шара Жиенқұлова былай толықтырады:

«...Мен үшін де, жалпы Қазақстанның өнері үшін де 1938 жыл – шығармашылық белесте із қалдырған бір асу кезең болды. «Қалқаман-Мамыр» осы жылы қойылды. Осы жылы маған Қазақ КСР-нің халық әртісі деген атақ берілді. 1938 жылы қазақ кино өнерінің тұңғышы «Амангелді» фильмі түсірілді. Біз үшін тосын өнер, жаңа талпыныс. Басты рөлді – аты аңызға айналған Амангелді батырдың бейнесін Елубай Өмірзақов атқаратын болды, оның жары Балымды ойнауға мені шақырды. Басқа өнерден азын-аулақ хабарымыз болғанмен, кино дегеннен мақұрынбыз: ол қалай түсіріледі, сурет қалай экранда тіріледі-біз үшін тылсым жұмбақ... Не керек, рөл ойнайтындар көркемдік советте бекітіліп, біз Ленинградқа шұғыл аттанып кеттік. Ол кезде республикамызда кино түсіретін база жоқ. Сондықтан негізгі павильондық түсірулер «Ленфильмде» өтетін болды. Бас режиссер М.Левин алғашқы күнненақ қазақтың этнографиялық тұрмысын, әдетін, ғұрпын, тағы басқа ұлттық қасиетін, мінезболмысын ұзақ зерттеді. Әр кадр ұсақ-түйегіне шейін дәл және шындықпен үйлесімді болуы үшін барын салды. Өйткені, сол кезең – халықтың күрескерлік рухы оянып, жаңа заман үшін айқасқан революциялық уақыттың шын-шылдығын тап басуға тырысқандығы, оның тұтас бір халық алдындағы зор жауапкершілік міндетті түсінгендігінің айғағы /3/. Сондықтан да «Амангелді» фильмі кинематографиядағы азамат соғысы батырын бейнелеген бірегей туынды саналып, советтік кино өнерінің алтын қорына енді». Соғыс жылдарында кино өнері Қазақстанда жанданды. Оған бірден-бір себепкер «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудиясының Қазақстанға келуі. Ал, арнайы шақырудағы мақсат – қазақ киносының негізін қалауға нағыз кино шеберлерінің тәжірибесі мен техникасын пайдалану, сол арқылы өзіміз үйрену. Қазақ киностудиясын ашу мен оған мамандар даярлауда нағыз кино шеберлерінің тәжірибесінен үйреніп, техникасын пайдаланып, біраз өсіп алуға болатын мүмкіндікті Үкімет басшысы түсініп, бірден іске кіріскен. Соның нәтижесінде қос студия – «Мосфильм» мен «Ленфильм» негізінде «Көркем фильмдердің Орталық біріккен киностудиясы» ұйымдастырылып, республикада кино өнерінің негізі қаланды. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, өзгерген өмірін суреттейтін картиналар да көбейе түсті: «Қазақша концерт», «Алып жайлы ән», «Ақ роза», «Абай әндері» сол жылдардың жемісі. Үлгісі мен дәстүрі қалыптасқан үлкен ортадан келген өнер шеберлеріне қарап қазақ өнерпаздары үйренді, үлгі алды /4/. Ұлы Отан соғысы кезінде, «Мосфильм», «Ленфильм» киностудиялары Алматыға көшіп келіп, көркем фильдердің Біріккен орталық киностудиясы құрылғаннан кейін қазақ киноөнерінің өркендеуіне баянды материалдық және техникалық негіз жасалды. Кино, музыка, театр, сурет өнерінің көрнекті мамандары қазақ киноөнерін өркендету жолында жұмыс істеді /5/. Ал «Абай» кино картинасы арқылы қазақ театры бүкіл әлем алдында өзінің өскендігін тамаша етіп көрсетті. Республикамыздың Халық Комиссарлары Ке-

ңесі «Абай» кинофильмін шығару туралы арнаулы қаулы алған болатын. «Абай» кино картинасын шығаруда Алматы киностудиясының коллективі барлық күш жігерімен қызмет етеді. Ал көпшілік бұл іске атсалысып, белсене көмектесті. Ал 1945 жылдың тамыз айында республикамыздың еңбекшілері Абайдың 100 жылдығын атап өтті /6/. Қазақтың тұңғыш кино режиссері Шәкен Айманов өз талант-қарымын, ұйымдастырушылық қабілетін осы тұста танытып, 1944 жылы тұңғыш «Қазақфильм» киностудиясының құрылуына белсене атсалысты. Соның нәтижесінде қазақ кино өнері тез арада құрылып, ұйымдасып, ақырында аяғынан нық тұрып кетті. Сол жылдарда дамыған өнердің тағы бір түрі – опера мен балет. 1937 жылы, 17 қаңтарда Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Қазақ мемлекеттік музыка театры Қазақтың Мемлекеттік Академиялық опера және балет театры болып қайта құрылды. Алғашқы қарлығаштар – «Айман-Шолпан» мен «Қыз Жібек» операсы дүниеге келді. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға көптеген өнер қайраткерлері келді. Әлемге әйгілі Галина Уланованың еңбегі бұл салада ерекше. Галина Уланова биімен де, ұстаздық қызметімен де Қазақстан балетінің өресін биіктетіп кетті. Атақты биші еңбегін Қазақстан Үкіметі жоғары бағалап, Қазақ КСР-нің халық әртісі атандырды. Оңдасыновтың тағы бір қолға алғаны – опера мен балет театр үйі. Жылдан жылға созылып келе жатқан театр үйінің құрылысын жандандырды /7/. Қазақтың тұңғыш Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрының жаңа үйі бітіп, ашылған сәтте Нұртас Оңдасынов сөз сөйлеп ашты. Сол сөйлеген сөзін Орталық мұрағаттан кездестірдік /8/. Қазақстанда соғыс жылдарында 34 драма театры жұмыс істесе, оның 20-дан астамы қазақ театрлары еді. Республика Үкіметі театрлардан өз қамқорлығын аяған жоқ. Мәскеу, Ленинград қалаларына талантты жастарды мемлекет қаржысымен оқуға жіберді. Көптеген театрлар қасынан әртістер дайындайтын студиялар ашылды. Қазақстанның мәдениеті, ғылымы, көркем өнері соғыс кезінде өркендеудің жаңа сатысына көтерілді /9/. Ал, драма театрлары өздерінің қызметін соғыстың алғашқы күнінен бастап іс-жоспарларын майдан талабына лайықтап қайта құрды. Олар майдан даласын, жауынгерлер қаһармандығын суреттейтін шығармаларды көп қойды. Тұңғыш би ансамблінің құрылуы жайында КСРО халық әртісі Шара Жиенқұлова былайша еске алады: «Көптеген көңілімді күпті қып жүрген нәрсем-жеке би ансамблін құрып, оған КСРО халықтары және дүниежүзі халықтарының билерін негіз етіп алсам дейтінмін. Неден бастарымды білмей жүргенімде әлемге әйгілі халық биі ансамблінің жетекшісі Игорь Моисеев мені өзі коллективіне бірнеше қазақ биін қойып беруге шақырды. Жылға жуық қызмет істеп, «Айжан қыз», «Қаражорға», «Балбырауын» билерін қойдым. Өзім де көп нәрсені үйрендім. Би ғана емес, білім де үйрендім. Бәрінің ойдағыдай болуын көруден артық бақыт бола ма!». Биші Шараның асқақ арманын іске асыруға себепкер болған, ел Үкіметіне жазған тарихи хатыда бар. Сондай-ақ, қазақ әдебиетіне де соны серпіліс әкелген қайраткерлер мен жазушылардың ұлттық әдебиетке әсері мол болды. Ұлттық әдебиет жаңа жанрлармен толысып, профессионалдық дәрежеге көтерілді. Қазақ ұлтының талантты қаламгерлері өсіп шыға бастады. Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» жеңіс жолындағы күресте көрсеткен ерлігі баяндалады. Оқырмандар ортасында М.Әуезов пен С.Мұқановтың шығармалары үлкен оқиға болды. Әсіресе, «Абай жолы» эпопеясының бірінші кітабын жазған Мұхтар Әуезов шығармасы әлемдік әдебиет биігіне көтерілді. «Абай» спектаклі үшін Қазақ Академиялық драма театрының ұжымы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды. «Абай жолы» сол кездің ең биік марапаты – Сталиндік сыйлыққа ұсынып, Үкімет тарапынан жазылған телеграммаңы Орталық мұрағаттан кезіктірдік. Қанша жерден бәрі майдан үшін деп ұрандатып жатқанмен Үкімет басшысы республиканың ішкі жағдайын, әсіресе, ұлт рухын көтеретін шараларды тоқтатпаған, қайта күшейткен. Оған 1943 жылы өткен Республикалық ақындар айтысын, Абайдың 95 жылдығын өткізу, «Едіге жырына-600 жыл», «Абай» романының алғашқы кітабын республика көлемінде атап өту дәлел. Алда Абайдың 100 жылдық мерейтойы келе жатқан. Үкімет басшысының назарынан бұл да тыс қалмаған. Осылай, Ұлы Абайдың мерейтойына дайындық бес жыл бұрын басталған болатын. Дайындық барысын жиі-жиі Үкімет Кеңесінде талқылап, тіптен бір жолы комиссия жұмысына «нашар» деген баға беріліп, оның құрамын өзгерткен құжатты да мұрағаттан кездестірдік. Осындай істің ұйытқысы да, Абай мерейтойын өткізуге байланысты Үкімет тарапынан құрылған комиссияның төрағасы да Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасыновтың өзі болған. Абайдың 100 жылдық тойына күні бұрын даярлық жүргізу мақсатымен Қазақ КСР Халық Комиссарлар

Советінде арнайы мәселе қаралды. Сол кездегі Қазақ КСР Оқу Комиссары М.Әбдіқалықов «Абай қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, қазақтың реалистік жазба әдебиетінің негізін қалаушы және классигі» деген тақырыпта баяндама жасады. Осы мәселе жөнінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі қаулы қабылдады, онда қазақ халқының тарихындағы Абайдың орны және оның шығармасына лайықты баға берілді, Үкімет комиссиясы құрылды. Бұл қаулы Абайтану ғылымының дұрыс бағытта өмірге келуіне үлкен ықпалын тигізіп, маңызды рөл атқарды. Үкімет комиссиясының төрағасы орынбасарларының бірі болып М.Әуезов тағайындалды /10/. Екі-үш жылдың ішінде Абай шығармалары қалың бұқара арасына кең таралды. Көптеген көшелерге, мектептерге, колхоздар мен совхоздарға Абай есімі берілді. Жоғары оқу орындарының озаттарына Абай стипендиясы тағайындалды. Абайдың ғылыми өмірбаяны жазылды, Абайтану ғылымы пайда болды. Алматыда Абайға ескерткіш қойылатын боп шешілді. 1945 жылы Ұлы Отан соғысының Ұлы Жеңісінің қуанышымен қарайлас Абайдың 100 жылдығына арналған салтанатты той өтті». Үкімет басшысы Оңдасыновтың Абайға, ақын Абайға осынша ілтипатпен, жауапкершілікпен қарауын, ниетінің құлауын Әуезов берген тәлімнің тағылымы деп түсіндік. Ұлтының рухын, мінезін, мақсатын, арын, намысын ақын Абай арқылы басқаға, өзгелерге танытпақ болды. «Көшпенділер» деп көңілдері толмай қарайтындарға Оңдасынов ұлтының рухын, болмыс-бітімін, ары мен намысын ақын Абай арқылы, оның даналық ойлары мен жырлары арқылы танытуды мақсат етті, ол ойы орындалды да. Тойға туысқан республикалардан және шет елдерден айтулы ақын мен жазушылар келді. Осындай ұлы мақсат, Ұлы Жеңіске тура келіп, барша Республика халқы қос тойды қуана тойлады. Бірде бізге Оңдасыновтың:

Абайдың даналығын, Мұхтардың ұлылығын түсініп, төбесіне көтерген, қолында бар мүмкіндік – билікті орынды, дөп жұмсай білген, ұйытқы болған Оңдасыновтың көсемдігін білмей тұрып «көсемсігендер» де болған. Кейбір жылдары осындай тарихи шындықты білмей тұрып жазушы Әзілхан Нұршайықов: «Оңдасынов Абайды білмеген» деп жазды. Біз оны өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы Кеңес Үкіметін, оған қызмет еткендерді жамырай жамандап, ақ пен қараны ажыратпай, арзан абырой қуған кезеңнің шалдықпа ауруы, ұлғайған жастың, шаршаған бастың сандырағы деп қана қойғанбыз. Ал мынадай шаралардан кейін Халық Коммиссарлар Кеңесінің Төрағасы Оңдасынов Абайды білген бе деп сұрақ қойып, оған күмәнмен қараудың өзі өзіміздің түйсіксіздігімізді танытса керек дейді /11/. Қашанда да Оңдасынов ата дәстүрін, ұлт мүддесін ұмытқан емес. Оған басты дәлел – 1943 жылғы Алматыда өткен республикалық ақындар айтысы. Қайнаған соғыс кезінде өткен бұл ақындар айтысы ел-жұрт үшін шын мәнінде айтулы оқиға болды. Республика төріне жан-жақтан айтыстың ақ берендері жиналып, бірінші орын алған Жамбылға – түйе, екінші орын алған ақтөбелік ақпа ақын Нұрпейіске, қарағандылық Доскей мен Шашубайға ат мінгізіп, Оңтүстік Қазақстанның ақыны Орынбайға – құнан беріліп, ұлттық дәстүр бойынша жол-жоралғысы жасалды. Осы айтыс хақында Оңдасыновтың өзі тебірене толғайды:

«Халық жаппай сауаттана бастаған кезде суырып салма айтыс тек көшпелі, сауаты жоқ халықтарға тән дәстүр деген жаңсақ пікір пайда болды. Соның салдарынан ауызекі айтыстардың бағасы төмендей келе, кейбір түрлері, тіпті, ұмытылып та кетті /12/.

Біріншіден, соны ойлай отырып, екіншіден, Ұлы Отан соғысы кезінде газет-журналдардың саны, оларды оқырманға уақытылы жеткізіп тұру мүмкіншілігі азайды. Осы міндеттерді орындау жолында республиканың партия, совет органдары қосымша әртүрлі шаралар ұйымдастырып отырды. Солардың бір түрі – саяси-идеялық жұмысқа ақындарды кең тарту, айтыстар өткізу болды. Бұл кездейсоқ шара емес еді. Өйткені, айтыс ақыны – халықтың даналығын бойына сіңірген, адамның жан жүрегіне көркем сөзбен жол таба алатын, ойы сергек өнерпаз». Сұрапыл соғыстың жалыны лапылдап тұрған шақта халық ақындарының айтыстарын өткізу, ауылдық жерлерде қазақтың ұлттық спорт ойындарын өткізудің өзі халықтың соғыс зардабынан төмендеп қалған еңсесін көтеруге, жігерін жанып шыңдауға жол ашатынын ол түсінген. Кейбір мәңгүрттенген басшылар қазақтың қасиетті домбырасымен, киелі қобызымен «атысып» жүргенде Алматыда Құрманғазы, Атырауда Дина атындағы ұлт аспаптары оркестрін ұйымдастыруға мұрындық болуы Нұртастың абыройын асқақтата түседі. /13/. Н. Оңдасынов бар ақыл-парасатымен ұлттық

салт-дәстүрдің озық үлгісін өшірмеу, өлтірмеу керектігін өмір бойы айтып, дәлелдеп қана қоймай, іс жүзіне асырып өткен бірден-бір басшы.

1. ҚР ОММ 2330 қор., 1 тізбе., 101 іс.
2. ҚР ОММ 2330 қор., 1т., 17 іс. 1п.
3. Г.Оразалиева. Нұртас Оңдасынов (ғұмырбаяндық хикаяттар). Алматы «Білім» 2004 116-117 бб.
4. Г.Оразалиева. Нұртас Оңдасынов (ғұмырбаяндық хикаяттар) Алматы «Білім» 2004 118 б.
5. Қазақ киноискусствосының міндеттері //Социалистік Қазақстан 9 январь 1944 жыл №7. 3 б.
6. Қабыш СИРАНОВ. «Абай» кино картинасы // Социалистік Қазақстан 22 октябрь 1944 жыл №211. 4 б.
7. Г.Оразалиева. Нұртас Оңдасынов (ғұмырбаяндық хикаяттар) Алматы «Білім» 2004 118-119 б.
8. ҚР ОММ 1864 қор., 1 тізбе., 482 іс. 1п.
9. Одақ кеңесінде Н.Оңдасыновтың Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының 1944 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы баяндама бойынша жарыс сөзінде сөйлеген сөзінен // Социалистік Қазақстан 29 февраль 1944 жыл №42. 2 б.
10. Г.Оразалиева. Нұртас Оңдасынов Алматы, «Мұнайшы қоғамдық қоры» 2007. 147 б.
11. Г.Оразалиева. Нұртас Оңдасынов (ғұмырбаяндық хикаяттар) Алматы «Білім» 2004 128 б.
12. Г.Оразалиева. Нұртас Оңдасынов (ғұмырбаяндық хикаяттар) Алматы «Білім» 2004 128 б.
13. М.Халиолла. Аманатқа –адалдық Нұртас Оңдасыновтың өмір жолы хақында // Орталық Қазақстан 6 наурыз 2007 ж. 7б.

* * *

В данной статье рассматривается роль Н.Д.Ундасынова в развитии культуры и искусства Казахстана.

* * *

In this article we can consider the role of Undasynov N.D. in the developing of culture and art of Kazakhstan.

Б. М. Мамбетов

САҚТАҒАН БӘЙІШҰЛЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛДЫ

2009 жыл қазақтың көрнекті ғалымы, қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сақтаған Бәйішұлы Бәйішевтің туғанына 100 жыл толу мерейтойы болып өтті. Онда ғалымның өз заманына сай еңбек еткен кішіпейілділігі, жауапкершілігі, еңбекқорлылығы, жайбасарлыққа жол бермейтіндігі сияқты асыл қасиеттері туралы шәкірттері мен көзі көрген азаматтар арқылы көптеген естеліктер айтылды.

С. Бәйішев еліне қызмет екен өз талантымен, терең білімімен тапқыр ұйымдастырушылығымен және табанды еңбеккерлігімен танылған биіктегі жарық жұлдыз іспетті дара тұлға еді.

С.Б. Бәйішұлының қоғамдық-саяси қызметі мен мұрасын ел тарихымен, өткен қоғам істерімен XX ғасырдың 30 жылдарынан бастау алады. Ақтөбе облысынан шыққан дарынды Сақтаған Бәйішұлы Темір қаласындағы жеті жылдық орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіп, оны 1927 жылы бітірді. Оқуын бітіре салысымен комсомол шақыруы бойынша Орталық Қазақстанға Қарсақпай мыс қорыту зауытына келіп еңбекке кірісіп кетеді. Онда ол өндірістік те қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүреді. Қарағанды облысы Қарсақпай қаласында Қарсақпай аудандық бюросының жасөспірім пионерлердің аудандық бюросының төрағасы болып бір жылдан астам уақыт жұмыс істейді.

1928 ж. С. Бәйішев Шымкет облысы Түркістан қаласындағы Қарсақпай аудандық комитетінің БЛКЖО жауапты хатшысы болып ауысады. Бұл қыметінен кейін небәрі жиырма бір жасында-ақ Шымкент қаласының БЛКЖО Сырдария округтық комитетінде бөлім меңгерушісі болып тағайындалады [1].

1930 ж. Сақтаған Бәйішұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Славянка поселкесіндегі Махтаарал аудандық комитетінің БЛКЖО жауапты хатшылығы қызметін жауапкершілігімен атқарады. Осы жылдың соңына қарай Алматы қаласында шығатын «Ленинші жас» газетінің редакторының орынбасары және бөлім меңгерушісі болып ауысады.

1931-1933 жылдары Ташкент қаласында Қызыл Армия қатарында тоғызыншы атқыштар полкінде міндетті әскери қызмет атқарып жүріп, жоғары оқу орындарына дайындайтын кешкі бір жылдық курсты бітіреді. Сөйтіп, 1933 жылдың күзінен бастап Алматыдағы сол кездегі танымды үлкен оқу орындарының бірі болған, Москвадағы Қызыл профессура институтының бөлімшесі - филиялы деп аталатын Марксизм-ленинизм институтына оқуға түсіп, оны 1937 жылы үздік бағамен бітіріп шығады.

Оқуды жаңа бітірген отызға толмаған жас маман сол уақыттан бастап-ақ басшылық қыз-

меттерге тағайындалады. Ол 1937-1938 жылдары Партия тарихы институтының директоры болып, осы жылдың сәуір айынан бастап Ұлы Отан соғыс басталғанға дейін «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болды. С. Бәйішев жұмыс барысында өзінің байсалды әрі жауапкершілікті де адал еңбеккерлігімен танылады. Ол жұмыс істеген кездегі газет жағдайы, безендірілуі жақсарып, тілі жатық әрі тартымды болып біршама оңалды. Онда редакцияға келген жас мамандарға көмек көрсете отырып алдыға ұмтылдыра білді және газет оқырмандары көбейді. Оны газетке деген сұраныстардан білуге болатын еді [2].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жүзінші атқыштар бригадасының әскери комиссары және Жүзінші атқыштар бригадасының саяси бөлімі бастығының орынбасары, кейіннен осы бригаданың саяси бөлім бастығы болды. 1944 -1945 жж. Жұмысшы шаруа Қызыл Армиясы Бас саяси басқармасының үгітшісі болады. 364-ші атқыштар дивизиясының саяси бөлімі бастығының орынбасары болып, подполковник дәрежесінде Берлинге дейін жетіп, жеңіспен оралады [3].

Болашақ ғалым өмір жолын енді оқу-ғылым саласында жалғастыруға ұйғарады. Бұл арманы Алматы қаласында мәдениет саласын басқару қызметінен кейін 1947 ж. Марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтының қазақ филиялының жоғарғы ғылыми қызметкері болып жұмысқа оналасқаннан кейін іске асырады. Ол бұл жұмысына деген құштарлығын еңбегіне аса қуатты, жоғары ұйымдастрыушылық қасиетімен тереңірек танила түседі. Ортасымен, жалпы адамдармен қарым-қатынасы әдепті әрі салмақты да шыншыл еді. Марксизм-ленинизм институты классиктері еңбектерін аудару бөлімінің редакторы болды. Аудару жұмыстары оңайға түсе қойған жоқ. Аударудың өзіне тән қиыншылықтарының бірі терминологиялық сөздіктердің болмауы, әлеуметтік-экономикалық ұғымдар тура мағынасын таппады. Сол кезеңнің кассиктер еңбектері тұспалдап аударулар арқылы берілді. Ғылым жолында шығармалардың бұлай аударылуына С.Б. Бәйішев қарсы шықты. Ғалымның қолдауымен өзі басақарған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтында марксизм-ленинизм классиктерінің ғылыми мұрасын аударатын арнаулы сектор құрылды. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша терминдер қалыптастырудың ұйтқысы да С. Бәйішев болды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының академигі Ақай Нүспбековтің айтуынша, аударма теориясы мен практикасының әртүрлі проблемаларын талқылауға арналған мәжілістерде байсалды пікір алысуда көп ретте ғалым С. Бәйішевтің теория мен методологияны жетік білетіндігінен беделі жоғары тұратын еді [4]. С. Бәйішовтың қызметі терең де сан-салалы болатын. Сондықтан С. Бәйішевтің мақсатты да тыңғылықты еңбегінің арқасында сол кезеңде бірінші еспте тұратын марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін жалпы оқырман қауым қазақша оқуға мүмкіндік алды. Бұл республиканың қоғамдық-саяси және ғылыми өміріндегі маңызды оқиға болды.

Ғалым Республикамыздың тарих ғылымы саласында да аса маңызды еңбектер жазды. Мысалы, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына большевиктердің басшылығын, 20-шы жылдардың бас кезіндегі Қазақстанды қалыпсатыру мен дамыту сияқты т.б. тақырыптарын ерекше атап өтуге болады. Осындай қауырт істерді тыңғылықты зерттей жүріп, табанды белсенділігіне қарай Сақтаған Бәйішұлына тағы да үлкен жауапкершілік жүктелді. Жас ғалымға енді аталған институттың толықтай жұмысы тапсырылып, оны әрі қарай ғылыми деңгейін жоғарылату, маңызды да шешуші нәтижелерді ашу міндеті тапсырылып, директор қызметіне аустырылады. 1948 жылы ғалым басқару қызметімен қатар экономика саласы бойынша «Қазақстанды социалистік индустрияландыру» атты ғылыми еңбек, яғни кандидаттық диссертациясын қорғап шықты.

Бұл кезең жас ғалым үшін үлкен ғылыми орталықты басқару қыметі Кеңес елінің әміршіл-әкімшіл жүйенің толыққанды шегіне жетіп тұрған кезде оңай емес еді. Коммунистік партияның үстемдігі артып, қазақ елінің даму деңгейі тежеліп тұрған тұсына сай келді. Кезкелген сала ғылыми орталықтардың жұмыс барысы үнемі партия комитеттерінің қатаң бақылауында жүргізілді. Міне осындай күрделі жағдайда Сақатаған Бәйішұлы өзі басшылық еткен ұжымында сабырлы да жетік ұйымдастырушылығымен жастарды шыңға шығара жүріп төзімді де түбегейлі он жыл көлемінде жұмыс істеді.

1956 ж. 5 шілдеде нәтижелі де тұжырымды ісітің иегері Сақтаған Бәйішұлы марксизм-ленинизм исниитутының директорлығынан Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті болды [5].

Академик С. Бәйішев жұмысы ауыр басты орындарда жүрсе де ғылыми еңбектерін жазып,

шәкірттер шығарып әрі газет-журналдардың алқалық мүшелерінде қажымай-шаршамай жұмыс жасады. Мысалы, 1958 жылы «Қазақстанның халық шарушылығы» журналының және «Қазақ ССР тарихының» екінші томының редакциялық алқасының мүшесі болды. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы», «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналдарының бас редакторы болды. Сондай-ақ, С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік уиверситетінде саясиэкономия кафедрасының доценті еді.

Кейіннен 1962 жылы «Қазақстандағы социализмнің жеңісі» атты докторлық диссертациясын табысты қорғап 14 шілдеде Жоғарғы Аттестациялық комиссиясының шешімімен экономика ғылымдарының докторы болады. Ал 1963 жылы оған саяси экономия профессоры атағы берілді [6].

1963-1967 жж. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Экономика институтының директоры болды. 1968 ж. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы президиумының мүшесі әрі 1968 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ СССР Ғылым Академиясы Экономика институтында саяси экономия бөлімінің жетекшісі болып қызмет атқарды [7].

Көптеген еңбектер жазды, шешуші істер атқарды. Ол - еліміздің экономикамыздың аса маңызды проблемаларына, тарихына 300 астам ғылыми еңбектерін, оның ішінде 7 монографияның авторы, көрнекті қоғамтанушы-ғалым.

Айта кету керек марксизм-ленинизм классикетерінің еңбектерін оқыту сол дәуірдің басты міндеттері болғаны белгілі. Сондықтан оны аудару үлкен қиыншылықтар кездесті. Онда терминологиялық сөздіктер болмады. Көптеген әлеуметтік-экономикалық ұғымдар дәл алынбады. Аудару барысында әркім өзінше жанама сөздер арқылы тұспалдап берілді. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың шығармаларын бұлайша аударуға С. Бәйішев өзгеріс енгізді. Оның инициативасы бойынша өзі басқарған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтында марксизм-ленинизм классиктерінің ғылыми мұрасын аударатын арнай бұрыш құрылды. Сонымен оның ғылыми негізін жасаудың, әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша терминдер қалыптастырудың ұйытқысы да С. Бәйішев болды. Оның бысщылығымен Ленин шығармаларын қазақ тіліне аудару жүзеге асырылды. Бұл туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі А.Нүсіпбековтың айтуынша, аударма теориясы мен практикасының әртүрлі проблемаларын талқылауға арналған мәжілістерде байсалды пікір алысу көп ретте нағыз ғылыми айтыстарға айналатын. Сонда ғалым С. Бәйішевтің беделі, оның марксстік-лениндік тұжырымдамасы мен әдісін жетік білетіні шешуші роль атқаратындығы аңғарылатын [8].

Қазақстанда экономикалық ғылымның қалыптасып дамуы және осы сала бойынша кадрлар дайындау негізінен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қолға алынған мәселердің бірі ретінде осы көштің басында тұрған Сақтаған Бәйішұлын «Қазақ экономистерінің көш бастаушысы» деп атауға әбден болады. Себебі, оның еңбектерінде тұңғыш рет Қазақстанды индустрияландырудың қоғамдық-саяси, экономиканың басқа алғышарттары мен жолдары, республиканы әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытудың жалпы заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктері зерттелді.

С. Бәйішев теориялық-әдіснамалық сипаттағы проблемаларды зерттеумен қатар, Қазақстандағы экономика ғылымының ірі де перспективалы бағыттарын анықтап берді. Еліміздің өндіргіш күштерін дамытып, орналастыру, Қазақстанның еңбек ресурстары мен оларды қоғамдық өндірістерде тиімді пайдалану проблемаларын, республикамыздың экономикалық тарихы сияқты ірі бағыттарын белгілеуге басшылық жасады.

С. Бәйішев артынан тек еңбектер ғана емес «Байлық еритін мұз, бала - артта қалған із» деп Төле би шешен айтқандай көптеген шәкірт тәрбиеледі. Шәкірттері – білім-ғылым саласында жемісті жолмен болашақта атын асқақтатып, ізін келер жылдарға жеткізетін ізбасарлары етіп істеген еңбектерін жарқыратып көрсетіп тұратындай етіп тәрбиелей білді. Ғалымның жетекшілігімен 7 докторлық 30 кандидаттық диссертациялар қорғалды [9]. Олардың ішінде білікті де білімді әр қайсысысы шынар биіктен көрінетін тарихтың біртуар тарланы атанған академик М.Қ. Қозыбаев, Кенжеғали Сағадиев, Сағындық Сатыбалдин, Нұрғали Мамыров, профессор Дүйсенхан Қабдиев сынды үлкен ғалымдар бар.

Ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар ғылыми-ұйымдастырушылық салада да Отандық ғылымның өркендеуі мен дамуына зор үлес қосқан Сақтаған Бәйішұлының сіңірген еңбегі жоғары бағаланады. Ол 1940 ж. «Еңбек Қызыл Ту», 1945 ж. «І дәрежелі Отан соғысы орденімен», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен, 1950

ж. «Құрмет белгісі» орденімен, 1961 ж. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілсе, 1965 ж. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жиырма жылдығы» медалімен, 1968 ж. СССР Қарулы Күштеріне елу жыл» медалімен және монографиясы үшін «Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық, 1970 ж. «Қажырлы еңбегі үшін В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске жиырма бес жыл» медальдарымен және 1982 ж. «КПСС қатарында болғанына 50 жыл» атты құрметті белгілерімен наградталды [10].

Бүгіндері белгілі ғалым, академик С. Бәйішұлының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында оның Алматыдағы соңғы жылдары тұрған Жібек жолы көшесіндегі 60-үйге ескерткіш тақта орнатылса, Алматы қаласының бұрынғы Центральная көшесін Академик Сақтаған Бәйішев есімімен атады. Сондай-ақ С. Бәйішев балалық шағында оқыған Ақтөбе облысындағы Темір орта мектебін және Ақтөбе қаласындағы облыстық кітапхана ғалым есімімен аталады.

Ұлы Абай айтқандай «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артынан із қалдырған» демекші болашаққа қыруар еңбек қалдырған белгілі ғалым, қоғам қайраткері, академик Сақтаған Бәйішевтің есімі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, рухани қазына болары және ел есінде мәңгі сақталары анық.

---

1. Қазақстан Республикасының Президентік мұрағаты (ҚРПМ). 708-қор, 75-тізбе, 37-іс, 97 парақ

2. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 22-п.

3. Академик С.Бәйішев тұлға: азамат, ғалым, қайраткер. –Алматы:Ақыл кітабы, 2000. -8 б.

4. С.Б. Байшев. Библиография ученых Казахстана. Алматы: Ғылым. -1989. 16 б.

5. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 54-п.

6. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 68-п.

7. Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы мұрағаты (ҚР ҒАМ). 2-қор, 1-тізбе, 709-іс, 5-б.

8. Ш.Ч. Чокин. Путь национальной Академии наук. Алматы: Ғылым, 1996. – 256 с.

9. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 42-п.

10. ҚРПМ. 708-., 75-т., 37-іс, 4-п

* * *

В статье рассматривается жизнь и общественная, государственная деятельность С. Баишева, одного из видных представителей казахской интеллигенции 30-80-х годов XX столетия.

* * *

The article deals witn the life and sjcial, state activity of C. Baisheva of one of the prominent representatives of kazakh intelligentsia in 30-80-s of XX-th century.

МҰРАЖАЙ ІСІ

Д. Мұстапаева

XIX-XX Ғ.Ғ. БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ДАМЫҒАН КӘСІПШІЛІК ТҮРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МҰРАЖАЙ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Түркістан оазисі көптеген ғасырлар бойы ауыл шаруашылығы, сауда, қолөнер өркендеген саяси - экономикалық және мәдени даму орталығы болған. Түркістан қаласының маңындағы Иқан, Қарашық, Қарнақ т.б. қоныстар жер өңдеу жақсы дамыған, ежелден белгілі жерлер.

XIX ғ. екінші жартысындағы В.Полторацкийдің, Н.А.Тарановтың, К.Абазаның деректерінде қаланың тұрғындарының көбіне-көп сауда, жер өңдеумен айналысатыны, бау-бақша, көп мөлшерде қауын, қарбыз егетіні туралы жазылған [1]. Түркістан өңірінде және қалада жергілікті ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуге негізделген кәсіпшілік түрлері дамыды. Жергілікті қолөнер шеберханаларында дайындалған өнімдер тұрғындардың сұранысын қанағаттандырып отырды.

"Әзірет Сұлтан"Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қоры мен экспозициясындағы XIX-XX ғ.ғ. басындағы жергілікті жерде дамып, қолданылған кәсіпшілік түрлерінің көрінісі майжуаз, арба, ши, келі-келісап, ағаш астаулар, табақ, ожау, қасықтар, керамикалық ыдыстар секілді заттар сол кезеңде осы кәсіптердің өрістегенін бейнелейді. Аталған материалдық мәдениет туындылары

Түркістан оазисінде дамыған кәсіптердің жергілікті шикізат негізінде жасалғанын және көптеген ғасырлар бойы қалыптасып, қолданылып келгенін көрсетеді.

1819-1864 жылдар аралығында Түркістан Қоқан хандығының құрамында болды. Ол кезде жергілікті халықтың тұрмысқа қажетті заттарын өндіретін, өңдейтін кәсіпшілікті өркендеткені белгілі. 1864 жылдан бастап Түркістан патшалық Ресейдің құрамындағы болып, 1872 жылы уездік қала ретінде үлкее түседі.

XIX ғ. 60 жылдары қалада 20 кварталдық мешіт, 22 су диірмені, 21 тері зауыты болса, 1912 жылғы дерек бойынша өндірістік және сауда мекемелерінің санатында 4 мақта тазарту, 10 май өндіру, 8 сабын қайнату, 15 су диірмені болған [2]. Бұл жерде 1912 жылы жұмыс істеген май өндіру зауыттары мақта тазарту зауыттарының шикізаттарының, яғни мақта шитгерінің негізінде жұмыс істеп, май өндірген болуы керек.

Патшалық Ресей кезеңінде ірі өндірістер салуға мүдделі емес еді және әр түрлі ауылшаруашылық өнімдерін алғашқы өңдеу өндірістері ғана ашылғаны белгілі. Оның бірі – мақта егу болса, оның қалдығынан май өндіру өндірісінің дамуына алып келген [3]. Ал, жергілікті жерде көптеген ғасырлар бойы май алып келе жатқан жергілікті майжуаз аспабын пайдаланған май өндірістері болды. Музей қорында сақталып, келушілерге экспозицияда көрсетіліп отырған жуаз бөлшегі осы өндірістің заттай бір көрінісін бейнелейді. Жуаз бөлшегін жасаған шебер көбіне ағаштарды құрсаулау арқылы жұмыс істеген. Музей экспозициясында тұрған жуаздың жеті ағаш бөлшегі көрсетілген. Екі бөлігі төртбұрышты ағашты пайдаланып жасалған, ал ағаш діңінен жасалған бөлігінің ұзындығы 2-2,5 метрден асада. Бұл бөлігінің төменгі жағы жерге көмілген, жоғарғы бөлігі май алатын өсімдік дәнін т.б. салуға арналған, ағашпен шегенделген дөңгелек ойық, келі сипатында жасалған. Жергілікті шеберлер жуаз аспабын жасауда үлкен шеберлікті игергені байқалады. Жуаздың әрбір бөлшегі өңделіп, ағаштармен бекітілген. Майжуазды жасауда бір ғана материал - ағаш қолданылған және бір-де бір шеге, немесе металл бөлшегі қолданылмағаны байқалады. Ағаштар бір-біріне жымдастырылып жасалған. Жуазды жасауда үлкен діңді ағаштарды және жас талдар қолданылған. Жуаз аспабын дайындаудың шеберлері болған және олардың кәсіпке маманданғаны күмәнсіз. Сонымен, майжуаз - май өндіретін аспаб. Ол жуаздың терең жерге көмілген құндағынан және піспектен тұрады. Негізгі құндағының жоғарғы бөлігінде екі ойық жасалған. Бірі - түбінде жарты шар секілді дөңгелек ойығы бар, ол піспектің диаметрінің көлеміне сай болып келеді,ал екінші ойығы май құйылып тұруға негізделген. Піспекті негізінде қара ағаштан жасаған, төменгі бөлігіне төртбұрышты арнаулы жылжымалы ағаш жастықша кигізілген. Жоғарыда атап өтілген екі төртбұрышты ағаш жастықша әр түрлі ұзындықтағы ағаштармен ұштастырылып дөңгелек ағаш белбеулергмен біріктіріледі. Майжуаздың негізгі ағаш келісіне салынған өсімдік дәндерінен ағаш піспектің көмегімен, жылқының күшін қолдана отырып май алынған [4]. Май келінің төменгі бөлігіне дәнннің сыртқы қалдығы түспес үшін ішіне сабан немесе зығырдың сабақтары салынып қоятын болған. Майжуаз аспабы келесі бөлшектерден тұрады:

1. Жуаз құндағы немесе май келі
2. Ағаш піспек
3. Екі ойықты жылжымалы екі ағаш жастықша
4. Ағаш шеңбер-белбеу –ол жастықшаның қозғалуына кедергі жасамай піспекті ұстап тұрады.

XIXғ. аяғы XXғ. басында қазақ жер өңдеушілері май өнімін беретін күнжүт, зығыр, кенеп, қауын т.б. өнім түрлерін еккен. Оңтүстік Қазақ-станда кендір, зығыр, махсардан жақсы өнім алынып отырған [3, 127]. Алынған майды жер-гілікті халық тек тамаққа ғана емес баспананы жарықтандыруда да кең қолданды. Май алуда пайдаланған күнжүт, зығыр, кендір өсімдік-терінің маңызы үлкен болды. Ел зығыр, кендір өсімдіктерінен тек май алып қана қоймай, ар-қан жіптерін дайындап, кенеп мата жасаған.

Оңтүстік Қазақстанда май алу үшін көбіне қауынның дәнін пайдаланған және ол жуазда ешбір қоспасыз өңделді. Кей жағдайда қауынның дәнін күнжіттің дәнімен араластыра отырып май алатын болған [5]. Орта Азияда мақта шектеулі көлемде, тек отбасы сұранысына негізделіп егілді және ең кең тараған мақта түрі қара шитті мақта болды. Түркістан ауданындағы Қарашық, Қарнақ т.б. ауылдарында жуазды кең пайдаланғаны белгілі. Жергілікті тұрғындардың айтуынша әрбір үйде жуаз болған, оны әрбір отбасы өздеріне қажетті май алу үшін қолданып, ал өз қажетінен артылған май өнімдерін

сатып отырған. Түркістан ауданында егілген өнім ішінде май алу үшін ең көп қолданылған бақша өнімі қауын болды. Жергілікті жерде қауынның май алатын дәнін «қауынның шопағы» деп атайды. Жуаздың көмегімен жергілікті жерде көбіне қауынның дәнінің майы алынып отырды. Ертеден –ақ қазақтар қауынды кептіріп қауын қақ, қайнатып қауын құрт, қауын шек жасағаны белгілі. Қазіргі кезге дейін Түркістан ауданының тұрғындарының қауын өнімінен жасаған қағы, шегі мен құртын талқанын қазғргі күні де ел кең пайдаланады.

XIXғ. аяғы XXғ. басындағы Түркістандағы май шайқау өндірісінің дамуы ертеден келе жатқан, жергілікті егіншілікпен айналысқан елдің алған өніміне негізделді.

Музей қоры мен экспозициясындағы келі мен келісап, ағаш ыдыс-аяқтар, табақтар, ағаш астаулар, қоқан арба түрлері ағаш өңдеу кәсібінің заттай дерегі болумен қатар елдің рухани және материалдық мәдениетін көрсетер жәдігерлер. Майжуаз аспабымен май шайқаса, келімен бидай, жүгері өнімдерін түйіп өңдеген.

Ағаштан жасалған ыдыс, табақтар сол кезеңде ғана кең қолданыста болған, ал қазір тек музейден ғана көруге болады. XVIII-XIXғ.ғ. мерзімделген екі ағаш астаулар (кк-19/1, кк-19/2) зияратқа келушілерге арнап пісірілген халім ботқасын салуға арналған. XIV ғасырдың екінші жартысындағы Ємір Темірдің «Вакуфтық грамотасында» арнайы әзірленетін халім асына арналып бөлінген бидай, қой, отынның мөлшері туралы деректер кездеседі.

Кезінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің «Асхана» деп аталған бөлмесінде әзірленген, жиырма сағаттан астам уақыт бойы дайындалған асты жұма намаздан соң келушілерге үлестіру үшін ағаш астауларға салып қазандық бөл-месіне жеткізген. Бұл екі астауды «ағаш шара» деп те атайды. Астаулар (шара) ағаштан ойып, шауып жасалған [6]. Әсіресе суға төзімді, ұзақ қолданысқа ыңғайлы ағаштар түрі пайдала-нылды. Екі астаудың да шытынаған жерлері темірмен құрсауланып жөнделген. Ағаштан жасалған Асхана бөлмесіндегі халім ботқасын салуға арналған ыдысты ел бірде «астау» десе, бірде «шара» деп атайды.

Сонымен қатар музей қорындағы ағаштан жасалған ағаш астау, тегене, табақтар, ожаулар мен қасықтар ағаш шеберлерінің ыдыс-аяқты жонып, ойып жасаудағы шеберлігін көрсетеді және бұл дәстүрді қазіргі кезге дейін қазақ шеберлері жалғастырып келеді [7, 228]. Ағаш ыдыстар қарапайым, ешбір өрнексіз, күнделікті ел тұрмысында ет салуға, тамақ ішуде кең қолданылған. Мұндай ыдыс-аяқтарды жасау үшін тамақ тез бұзылмайтын, жағымды иісі бар ағаш түрлері таңдалды. Дайын болған ағаш ыдыстар арша түтінімен ысталып, қайнатылған май сіңдірілген және ол заттың берік болуына, ұзақ уақыт қолдануға мүмкіндік берді [8, 137]. Музей экспозициясы мен қорындағы ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар сол кезеңнің қайталанбас дәстүрі мен затты өңдеп, жасаудағы үлгісін көрсетер құнды заттар. Қазіргі кезде де ағаш шеберлері тамаша, заман талабына сай мұндай заттардың үлгісін жасай алатыны анық. Бірақ сол кезеңдегі өмір тынысы мен заттарды өңдеу, шебердің сол затты жасаған уақыт пен ортаның ерекшелігі тек аталған бұйымдарда қайталанбас сипатта бейнелеген.

Түркістан өңірінде арба жасау кәсібінің кең дамуы байқалады. Көп жағдайда көптеген ғасырлар көлемінде көшіп-қону, байланыс құралының маңызды буынының бірі - арба болғаны белгілі. Осы бір маңызды тасымалдау құралының қолдануға ыңғайлылығы қарастырылған. Арбалар көктем, жаз айларында үлкен сұраныста болған және арнайы арба жасайтын шеберлер мен шеберханалар жұмыс істегені белгілі [4,65]. Музей экспозициясындағы арба жасалу технологиясына қарай «қоқан арба» деп аталған. Үлкен екі дөңгелегі мен басқа да құрастырылған бөлшектерінің негізгі материалы ағаштан жасалған. Сонымен қатар шойын бекіткіштер де қолданылған. Өлкеде арба жасайтын ұста шеберлері сұраныстарға сай жұмыс істеген және арбаның түр-түрлері қолданылып отырғаны белгілі. Музей экспозициясында тұрған қоқан арба да көлік қатынасы құралының бір көрінісін бейнелейді. Қазақтарда арбаларды «екі аяқты арба», «төрт аяқты арба» деп атаған. Екі аяқты дөңгелекті арбалардың бейнесі Қазақстан петроглифтерінде кең түрде суреттелсе, ортағасырдағы В.Рубруктың дерегінде жазылып, XVIII ғасырдың суреттерінде кездеседі [9. 58,244].

XIX ғ асырда да арба жасайтын ұсталар бұл кәсіпті өрістетіп, дамытты.

Қазіргі кездегі мұражайда сақталған қолөнер кәсіпшілігінің осы түрінің туындысы бұл өнердің халқымыздың тіршілігінде зор маңызға ие болғанын көрсетеді.

1866-1872 ж.ж. Түркістан фотоальбомында қазақ ұстаханасы, қамыс өндірісі, қамыс бұйымдарын сату, май шайқау, киіз үй жасау, арба өндірісі, ағаш ұқсату т.б. кәсіптің түрлері бейнеленген [10, 189]. Қамыс өндірісі кең өріс алды, өнімдері тұрмыста кең пайдаланылған.

Күн көріс көзі болған кәсіптің бұл түрі өте кең ауқымда қолданылды. Қамыс үйлердің төбесін жабуда, киіз үйлерде, қоршау т.б. ретінде көп пайдаланылған. Ши тоқу да көнеден келе жатқан кәсіптің түрі екені анық. Археологтар қазған Бешатыр қорғанының жерлеу орындарынан шидің іздері табылып отырғаны белгілі [11, 107]. Ел өз шаруашылығында қамыстан, шиден әр түрлі шыпта, төсеніштер жасаған. Қолөнер ісінің бұл түрі арзан әрі төзімді және тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында кең қолданылды. Қазақ шеберлері ши бұйымдарын үш түрге бөлген. Қазақ халқының қолөнерінде шилердің түрін ақ ши, ораулы ши, шым ши деп жіктеген [12, 96]. Ақ ши оралмай құр өзі , ораулы ши оралып, өрнектеліп, әр жерінен оралып тоқылған. Өре ши, шабақ ши, шым ши деп аталған түрлері тоқылу мен өрнек салуына қарай ерекшеленіп отырды.

Музейдің XVI ғасырда салынған «Шығыс моншасы» экспозициясына қойылған тоқылған шилер осы ши тоқу кәсібінің бір көрісі деуге болады. Бұл шилерді өре ши, ақ шилер деп атауға болады. Ешқандай ою-өрнексіз, шиді бояп он жерінен бірдей қашықтықта кендір жіппен күрмеп тоқыған. Аталған шилер шығыс моншасының негізгі жуыну бөлмесіндегі тазалық ойықтарын жабу үшін қолданғанын көрсетіп тұр. Ортағасырлық моншада бұл тазалық ойықтарын жабуда шымылдық ретінде ши немесе басқа да материалдар қолданғаны анық. Осыған орай ойық жапқыш ретінде пайдаланған шилер, ши есік, тұс ши, терезе жапқыш болған. Қазақтарда ежелден ши тарту, оны аршу, орау, жүн орап тоқу науқаны болған және тұрмыстарында ерекше орын алғанын «ши тарту», «ши-шымылдық» билері мен ойындарынан көруге болады [12,96]. Шығыс моншасынының тазалық ойығындағы шилердің өре ши, ақ шилер деп аталған түрлері ойық жапқыш қызметін атқарды.

Көптеген кәсіптің түрлерінің өркендеп, тұрмыста кең қолданғанын айғақтар этнографиялық материалдармен қатар музейдегі археологиялық материалдардың да орны ерекше.

XVIII-XIX ғ.ғ. Түркістан қаласындағы керамика өндірісінің дамуын археологиялық қазба жұмыстары кезінде археологтар тауып, зерделеген материалдар дәлелдеп отыр [1, 209]. Қазба жұмыстары кезінде табылған, үлкен керамика кешендерін түрлі шаруашылық мақсатта қолданылған керамикалық ыдыстар құрайды. Бұлар астық, сұйықтық, ас сақтауға және ас ішуге арналған хум, құмыралар, орта кеселер, табақтар, піспек, күбілер т.б. болды. Көзешілердің бояу езетін ыдыстары, затты пеште күйдірген кезде қолданылған тұғырлар бұл кәсіптің дамығанын көрсетеді. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде Ескі Түркістаннан табылған керамика күйдіретін пештер, XIX ғасырдағы Түркістан көзешілерінің мөрлері түсірілген керамикалық ыдыстар аталмыш кәсіптің жақсы өркендеп, сұранысқа сай өнім шығарғанын көрсетеді [1, 220]. Көзешілер тек ыдыстарды ғана жасаумен шектелмеген, сонымен қатар үскірік, балалардың ойнауына арналған ойыншықтар да жасаған. Мұражайдағы ат бейнесіндегі ойыншық үскірік осының заттай дәлелі деуге болады.

Оңтүстік Қазақстанның 1819-1864 жылдар аралығында Қоқан хандығының құрамында болуы, 1864 жылдан патшалық Ресейдің қарамағына енуі елдің саяси-экомикалық жағдайына жан-жақты әсер еткені белгілі. Ел айналысып келген кейбір кәсіп түрлерінің дамуына немесе тоқырауына ықпал етпей қоймады. Соның ішінде керамика өндірісінің дамуында тоқырау байқалады. Мұның ішінде Ресей керамикасы, сырттан алып келген өнімдер, фарфорлық ыдыстар қаланың керамика өндірісінің дамуына кері әсер етті.

XIX ғасырда елдің қолөнер кәсіпшіліктері - май өнімдерін шығару, ағаш заттар жасау, өңдеу, қамыс өндірісі, ши тоқу, керамика өнімдерін шығару жақсы дамып, кең қолданылып келген. Бұл кәсіптердің көптеген ғасырлар бойы дамыған тәжірибесі және ел ішінде үлкен сұранысы болды. Мұражай заттары кезінде дамыған кәсіпшіліктің үлкен тәжірибелі шеберханаларының жұмыс істегенін, әрбір кәсіптің өз даму жүйесін бейнелейді.

Қазіргі кездегі мұражайда сақталған қолөнер кәсіпшілігінің әр түрлі туындылары бұл өнердің халқымыздың тіршілігінде зор маңызға ие болғанын көрсетеді. Түркістан ауданында көптеген кәсіпшілік түрлері дамып өрістеді және негізгі бөлігі жергілікті шикізат негізіндің жұмыс істеді. Егіншілік, бау-бақша, мал өнімдерін өндіру, өңдеу барысында дамып, қолданыста болған құрал-саймандар, кәсіпшілік өнімдері белгілі бір даму деңгейін көрсеткен, мұражайға келген елдің назарын аударып, көңілін толқытар заттар.

1. Смагулов Е.А., Григорьев Ф. П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. –Туркестан: Мирас, 1998. –228 с.

2. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область . –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. –364 с.

3. Мадуанов С., Шалекенов М. История взоимоотношений народов Туркестана в XVIII- начале X X в.в. – Туркестан: Туран, 2008. –350 с.

4. Кустарные промыслы в быту народов Узбекистана XIX-XX в.в. –Ташкент, 1986.-145 с.; Фальк И.П. Описание всех национальностей России. Пер. с. нем. – Алматы: Ғылым, 1999. –136 с.

5. Сазонова М.В. Традиционное хозяйство узбеков Южного Хорезма. –Ленинград: Наука, 1987. –С.47

6. Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Ташкент, 1930. –С.17.

7. Камалашұлы Б., Ошанов О. Монғолия қазақтарының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарындағы ерекшеліктер // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары , біртұтастығы мен ерекшелігі/ Құрастырған С.Әжіғали.- Алматы: Арыс, 2005. –328 бет.

8. Тохтабаева Ш. Қазақтардың қолөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері //Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. –Алматы: Арыс, 2005. –328 бет

9. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. - Алма-Ата: Наука, 1980.-256с.

10. Кун А .Түркістан фотоальбомы. -Астана: Елорда, 2005.-228 бет

11. Казахи. –Алматы: Казахстан, 1991. –352 с.

12. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Қазақстан, 1995. –240 бет.

* * *

В данной статье на основе анализа музейных предметов рассматривается развитие кустарных промыслов XIX начала XX вв в окресностях г Туркестан и их роль в жизни населения.

* * *

In this article on the base of museum exhibits analysis the development of handicraft of the XIX and the beginning of XX cc. in environs of Turkistan and its role in a life of populace were examined.

Ж. С. Есеналина

РОЛЬ МУЗЕЯ ОБЩЕСТВА АРХЕОЛОГИИ, ИСТОРИИ И ЭТНОГРАФИИ ПРИ КАЗАНСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА (В КОНЦЕ XIX-НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ)

Вопрос об открытии в Российской империи новых университетов был фактически осуществлен в первые годы царствования императора Александра I. 5 ноября 1804 года были подписаны утвердительные грамоты двух университетов – Казанского и Харьковского, являвшимися старейшими университетами после Московского университета (1755г.) [1, с.305]. Причинами, побудившими избрать Казань местом для основания университета, послужила отдаленность этого города от столиц, а также стремление развить на востоке Российской империи систему народного образования, поскольку университет того времени охватывал учебные заведения своего региона. Свою роль сыграло также появление в Казани с 1758 года гимназии, которая явилась базой для деятельности университета, укомплектованного сотрудниками и будущими студентами из нее. Первое время университет располагался в одном здании с гимназией.

Первым попечителем Казанского университета был назначен вице-президент Петербургской Академии наук и член Главного правления училищ, ученый-астроном Степан Яковлевич Румовский (1734-1812) [2, с.45]. 14 февраля 1805 года состоялось открытие университета, С.Я. Румовский, собрав весь преподавательский персонал, прочитал грамоту императора. Все преподаватели университета были приведены к присяге. Ректором университета был назначен директор Казанской гимназии Илья Федорович Яковкин (1764-1836) – профессор российской истории, краевед, коллекционер [1, с.307].

Первые профессора Казанского университета – Н.И.Лобачевский (1792-1856), И.Ф.Яковкин (1764-1836), А.Э.Эверсман (1795-1860), М.Я. Киттары (1824-1880), К.Ф.Фукс (1776-1846), Х.Д.Френ (1782-1851) и ряд других начали заниматься изучением края, связывая свои исследования с необходимостью поднятия его производительных сил и культуры населения. В Казани сосредоточилась творческая деятельность лучших кадров ориенталистики – А.К. Казем-бека (1802-1870), И.Н. Березина (1818-1896), В.В. Радлова (1837-1918), Н.Ф. Катанова (1862-1922). По праву в XIX столетии Казань можно считать третьим центром ориенталистики в Российской империи наряду, с Петербургом и Москвой [3, с.83]. Многосторонняя деятельность казанских восто-

коведов была связана с жизнью многонационального края.

С принятием в 1863 году нового Устава университета, появилась возможность обучаться в высших учебных заведениях и тем лицам, которые прошли обучение и в других провинциальных гимназиях. Это давало шанс получить образование в высшей школе и представителям казахского народа. С 70-х годов XIX века до 1917 года в Казанском университете училось 33 казаха, из них 18 – из Тургайской области, 9 – из Внутренней Орды, 2 – из Семиреченской области, и по одному человеку из – Акмолинской и Уральской областей. Полный курс Казанского университета окончило 22 казаха [4, с.140].

Среди ученых университета, занимавшихся изучением истории и этнографии Оренбургского края выделяется профессор медицины Карл Федорович Фукс. Он родился в городе Герборне Прирейнской области Германии в семье профессора богословия Герборнской академии. В 1798 году закончил Геттингентский университет, в Марбурге К.Фукс защитил диссертацию и стал доктором медицины. В сентябре 1805 года К.Ф.Фукс получил назначение в только что открытый Казанский университет на должность профессора естественной истории и ботаники [2, с.294].

Объектом его исследований были история, культура и быт татарского народа. Богатый фактический материал, собранный К.Фуксом в течение 40 лет его работы в Казани, и собственные этнографические наблюдения легли в основу его исследования «Казанские татары в статистическом и этнографическом отношениях» [5, с.143-222]. Оно не потеряло во многих отношениях своего значения и по сей день. К.Ф.Фукс интересовался историей и жизнью казахского народа. Во время посещения ханом Джангиром Казани в 1826 году, ученый провел экскурсию с ханом по Казанскому университету и беседовал с ним. Результатом этой встречи явилась статья К.Фукса «Пребывание в Казани казахского хана Джангира», опубликованная в «Казанском вестнике» в декабре 1826 года [5, с.68-78]. В этой статье профессор познакомил общественность Казани с историей и культурой казахского народа в рамках русско-казахских и татаро-казахских торговых и культурных связей, показал стремление Джангира хана к взаимному общению с целью обучения сыновей в Казанском университете в будущем. Джангир хан также выразил желание открыть училище во Внутренней Орде, «чтобы и наши киргизцы чему-нибудь научились и вышли из дикого состояния» [5, с.70].

Казанский университет стал очагом демократической культуры, центром развития просвещения многонационального края, оказал большое влияние на культурную жизнь Западного Казахстана и Волго-Уральского региона в XIX веке, в подготовке первой плеяды национальной интеллигенции тюркоязычных народов. В Казанском университете в дореволюционный период действовало одиннадцать научных обществ.

Первым Президентом Общества естествоиспытателей в 1869 году был избран профессор Н.П.Вагнер. В фондах Государственного архива Оренбургской области сохранилось письмо профессора Казанского университета О.М.Ковалевского об оказании профессору В.П.Вагнеру помощи для путешествия по Казахской степи [6, Л.1]. Профессор В.П.Вагнер, действительный статский советник, по предложению Министерства народного просвещения был откомандирован в казахскую степь, на территорию Малой и Внутренней (Букеевской) Орды, для собирания материалов по геологии и естественной истории края, профессором были исследованы Индерское и Камыш-Самарское озера.

Многие ученые университета занимались сбором научных сведений, совершая экспедиции. В 1858 году профессор политической экономики и статистики Казанского университета П.Горлов по разрешению Министерства народного просвещения изучал природно-климатические особенности восточной части Российской империи, а именно, Оренбургской губернии. По утвержденному плану профессор исследовал местный край, его промышленные возможности для составления точных статистических данных [7, Л.1].

Импульсом к созданию «Общества археологии, истории и этнографии» (ОАИЭ) при Казанском университете явился IV Всероссийский археологический съезд, проходивший в Казани в 1877 году. Активным участником съезда был ученый и просветитель татарского народа Шигабутдин Марджани (1818-1889). На съезде Ш.Марджани выступил с докладом по истории Булгарии и Казани [8, с.76]. Это был первый случай выступления представителя тюркоязычных ученых на всероссийском научном форуме. Подготовка к съезду объединила историков, археологов и этнографов и побудила их к созданию постоянной научной организации по изучению не только прошлого

края, но и современной жизни местных народов.

Общество было основано в 1877 году по предложению попечителя Казанского учебного округа П.Д.Шестакова (1826-1891). Учредители общества Н.П.Загоскин (1851-1912), Н.А.Осокин (1843-1895), Н.А.Фирсов (1831-1896), Д.А.Корсаков (1843-1920) и другие, разработали проект Устава общества, который был утвержден 18 марта 1878 года [9, с.9-11]. Эту дату и было решено считать днем основания Общества, хотя первое организационное собрание его членов-учредителей состоялось 5 мая 1878 года [10, с.211]. Общество состояло из трех отделений – истории, археологии и этно-графии.

Основной целью Общества, как говорилось в §1 его Устава, являлось «изучение прошедшего и настоящего русского и инородческого населения в территории бывших Булгаро-Хазарского и Казанско-Астраханского царств, с прилегающими к ней местностями» [11, Л.3]. С этой целью Общество должно было отыскивать и публиковать собранные археологические, исторические и этнографи-ческие сведения и материалы, хранящиеся в местных собраниях и у частных лиц, оценивать и решать полезность их для науки; проводить научные исследования для сбора сведений, проверки и пополнения старых, устраивая для этого экспедиции и выставки; учреждать при Обществе библиотеку печатных книг, архив рукописей и актов, археологический и этнографический музеи; печать, протоколы своих заседаний, издавать свои труды и другие исследования и материалы в виде периодических и отдельных изданий [11, Л.4].

В 1897 году в Устав Общества были внесены некоторые изменения, расширявшие сферу объектов его изучения, в число которых были включены народы Сибири и Средней Азии [9, с.1].

В библиотеке Общества имелся 381 том книг, атласов и брошюр, а в архиве рукописей и актов числилось 90 номеров из 57 столбцов XVII века. Музей Общества еще не был разделен на археологический и этнографический. В нем числилось 370 номеров отдельных предметов, пожертвованных членами Общества и посторонними лицами, интересующимися его деятельностью [12, с.17]. От действительного статского советника Н.А.Аристова библиотеке была подарена его книга «Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и кара-киргизов», С.-Петербург, 1895 [13, Л.210б].

Первым заведующим музея ОАИЭ в 1878 году стал инспектор татарских, башкирских и казахских школ при Казанском учебном округе В.В.Радлов [2, с.225]. Впоследствии известный русский тюрколог, этнограф, языковед, переводчик, действительный член Петербургской Академии наук В.В. Радлов, взял на себя труд по сбору и приведению в порядок первых археологических коллекций общества [3, с.381-385].

Василий Васильевич (Фридрих Вильгельм) Радлов родился в Берлине, выпускник Берлинского университета, в 1858 году приехал в Россию [3, с.385]. По мнению В.В.Радлова, одной из главных причин «неудач в деле образования «инородцев» являлся недостаток в учебниках и хороших учителях». В своем труде «Образцы народной литературы тюркских племен», ученый собрал образцы казахского фольклора: айтысы, сказки, легенды, поговорки, пословицы, исторические песни. Тексты казахского устного творчества, собранные В.В.Радловым, вошли в учебники и учебные пособия для русско-казахских школ [14, с.112]. Преемником В.В.Радлова стал в 1880 году П.А.Пономарев (1847-1919), затем музей возглавляли А.А.Штукенберг, П.И.Кротов (1852-1914), а с 1897 года Н.Ф.Катанов.

Целенаправленно собирались в музее общества археологические находки. Основными источниками их комплектования были экспедиции членов общества. Другим важным источником пополнения стали покупки находок археологических предметов у местных жителей. По свидетельству А.А.Штукенберга, в 1891 году, «музей представляет довольно полно археологические особенности Казанской и прилегающих к ней губерний». Он отмечал, что в музее очень полно представлен период каменного века, неолитические коллекции из Казанской, Вятской, Нижегородской, Пермской губерний. Коллекция отдельных предметов, собранных в Казанской и других губерниях, относилась к бронзовому веку [13, с.447]. Члены общества с целью пополнения музея занимались поиском экспонатов и в Тургайской области. Например, в 1895 году музей пополнился семью медными наконечниками стрел, найденных ветеринарным врачом В.П. Рожковым на берегу реки Бердянки Буртинской волости Актюбинского уезда Тургайской области [15, Л.208б].

Нумизматическое собрание музея ОАИЭ комплектовалось так же целенаправленно. Для этого члены общества использовали самые

разные возможности. Монеты и коллекции монет поступали в музей в результате археологических раскопок, проводимых сотрудниками общества, в виде случайных находок кладов и монет местными жителями, в результате покупок у коллекционеров.

Собрание рукописей и актов ОАИЭ включало в себя интересные исторические документы XVI-XIX веков, в том числе автографы знаменитых исторических деятелей. Член-сотрудник А.А.Диваев в 1895 году передал музею ОАИЭ копию надписей в мечети Ходжа Ахмеда Яссави и точную копию с той печати, на которой обозначено имя Яссави. Действительный член общества И.В.Аничков передал музею рукопись под заглавием «Летопись Сибири», датированную концом XVIII века [15, Л.208б]. Для обширной собирательской работы были привлечены силы самого общества, его действительных членов и активистов в лице членов-сотрудников. Сбор музейных предметов стал для них важнейшим делом.

Общество организовало научные связи с соответствующими организациями, чему способствовал обмен изданиями, печатание которых было налажено с первого года его существования с помощью университета [16, Л.9]. В 1894 году ОАИЭ обменивалось с тринадцатью зарубежными научными учреждениями и обществами в Париже, Берлине, Брауншвейге, Кенигсберге, Мюнхене, Вене, Будапеште, Праге, Константинополе и другими. В России ОАИЭ обменивалось изданиями со ста научными учреждениями и обществами [17, с.8-9].

Огромную роль в консолидации ученых, привлечении их внимания к отдельным вопросам исторических наук, а также в фиксации результатов научных исследований играли «Известия ОАИЭ», являвшиеся единственным в русской провинции (с 1892 года) двухмесячным журналом, всецело посвященным вопросам науки [18, с.33]. В 1897 году 24 зарубежных научных общества и учреждения и 136 научных обществ и учреждений Российской империи, обменивалось изданиями с ОАИЭ [19, Л.227б]. На страницах «Известий ОАИЭ» при Казанском университете был накоплен огромный материал о различных сторонах культуры и быта народов Поволжья и Приуралья. Такие статьи как «Киргизы Кустанайского уезда Тургайской области», «Археология в Туркестане», «Поездка на киргизские поминки в 1892 году», «Этнографические очерки киргиз» и другие, содержат ценный фактический материал по хозяйству, материальной и духовной культуре казахского народа [20].

«Общество археологии, истории и этнографии» при Казанском университете координировало, поощряло и обеспечивало собирательскую деятельность. В период его существования были собраны огромные этнографические коллекции по культуре и быту поволжских и сибирских народов, этнографические материалы по культуре казахского народа. Этнографический музей Казанского университета приобрел тот законченный вид, по полноте и содержанию коллекций которого можно поставить его на одно из первых мест среди университетских музеев.

1. Спутник по Казани. Под ред. профессора Н.П.Загоскина. - Казань: ООО «DOMO «Глобус», 2005.-847с.

2. Назипова Г.Р. Университет и музей: исторический опыт губернской Казани.- Казань: РИЦ «Школа», 2004.-396с.

3. История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года.-М.: «Восточная литература» РАН, 1997.-536с.

4. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-нач.XX вв.). Монография.-Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002.-262с.

5. Карл Фукс: научно-биографический сборник. – Казань: Жиен,2005.- 480с.

6. ГАОрО Ф.6, Оп.10, Д.7440

7. ГАОрО Ф.6, Оп.10, Д.4271

8. Юсупов М.Х. Шигабутдин Марджани.- Казань: Тат. кн.изд., 2005.-271с.

9. Устав ОАИЭ при Императорском Казанском университете.-Казань, Типо-литография Императорского университета.-1898.-11с.

10. Загоскин Н.П. История Казанского университета за первые 100 лет его существования (1804-1904 гг.). Казань, 1902, Том 1.

11. НА РТ Ф.977, Оп. Совет, Д.6279

12. Известия ОАИЭ. Том II, 1879; Казань -1880.

13. Штукенберг А.А. Музей Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете.// Известия ОАИЭ, Том X, Выпуск 3.-1892.

14. Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения.- Алма-Ата: «Казахстан», 1965.-342с.

15. НА РТ Ф.977, Оп. Совет, Д.9471

16. ГАОрО Ф.94, Оп.1, Д.93

17. Отчет ОАИЭ при Императорском Казанском университете за 1894 год. Казань, Типо-литография университета.-1895.-27с.

18. Протоколы общих собраний и заседаний ОАИЭ за 1911г.- Казань, 1912.

19. НА РТ Ф.977, Оп. Совет, Д.9815

20. Войтеховский А.Киргизы Кустанайского уезда Тургайской области.// Известия ОАИЭ. Том XXVI, Вып.4. - Казань, 1910.- С.342-358; Заседателев Н.И. Археология в Туркестане.//Известия ОАИЭ. Том XIV, Вып.2.-Казань, 1897. -С.135-140

* * *

Бұл мақалада Казань университетінің тарих қоғамының мұражай жұмысы туралы баяндалады. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін танудағы Еділ-Жайық

бойындағы түркітілдес халықтардың арасындағы жүргізген мұражайдың ғылыми қызметі аңықталған. Түркітілдес халықтар ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің ғылыми қоғамдардың өзара байланысы жастардың мәдени қарым-қатынасы мен рухани дамуына, жеке және шығармашылық байланыстың қалыптасуына, Ресей империясы құрамындағы өз халқының саяси жағдайына деген идеялық тұрғысы мен көзқарастарының ұқсастығы көрсетілген.

* * *

In this article reveal the importance of scientific societies of Kazan University in studying the history and culture of the Kazakhstan people in history of Kazakhstan in XIX centuries. Ethno-political and socio-cultural approaches to the problems of people's spiritual development with the accent on culture equality are asserted in the Kazakh historical science. The scientific societies interaction study is of significant, social, cultural and scientific interest, starting the research of the history and culture of Turkic people of West Kazakhstan and the Volga-Ural region in the second half of XIX-th centuries.

МАГИСТРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР

Ж. Ж. Құмғанбаев

ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байтақ Еуразия даласындағы байырғы көшпелілер мәдениеті мен өркениетінің алтын қазығы, тоғысар түйіні, көсегесі көгеріп, өркен жайған өзегі де Ұлы Алтай мен Қазақ даласы екені айқын. Көшпелілер өркениетінің кең өріс алып, қанат жайғаны соншалық, ол Еуразия төңірегіндегі бірсыпыра отырықшы өркениеттерге күшті ықпал жасап, оларды мейлінше байытты. Ортағасырларда сондай көшпелі мемлекеттердің өрлеуіне негіз салған, Ұлы Түрік қағанатының тарих сахнасына келуі.

Қазақстан көне ұлы қағанаттар мен ұлыстардың, мемлекеттердің тікелей мұрагері. Сақтардың, сарматтардың, ғұндардың, түркі қағанаттарының, түргеш, оғұз, қарлұқ мемлекеттерінің моңғол ұлыстарының, Алтын Орда және Қазақ хандығының тарихы Қазақстан Республикасы мемлекеттілігі тарихының негізі [1] екенін белгілі шығыстанушы ғалым М.Әбусейтова пікірі өте орынды айтылған. Соның ішінде VI ғасырда құрылған түрік қағанаты күрделі әрі даңқты кезең екенін мойындауға негіз бар.

Тақырыбымыз бойынша Түріктер жужан аксүйектерінің қолынан өз тәуелсіздігін алу үшін ұзақ уақыт күресті. Бұл аталған Жужанжар кімдер еді, бұл біздің заманымызға дейінгі IV және VI ғасырларды өмір сүрген мемлекет. Батыстан шығысқа қарай Жужандардың этникалық-саяси құрамын атап шығар болсақ, алдымен ауызға түсетіні Харсайрылар. Олардан шығыста Алтай түріктері (Дулгалар), ал олардан шығыста тәлэлер орналасты. Олардың солтүстігінде Енесей бойында Дубалар деп аталатын тайпалық бірлестік өмір сүрді. **[2]**

Жужандардың халық ретінде бірыңғай этникалық тамыры болмағанын, Жужан халқының пайда болуының өзіндік өзгешелігі бар екенін Л.Гумилев күне түріктер еңбегінде келтіреді. **[3]**

Заман азып, ел бұзылған кездері жаман ат тағылып халық қатарынан шығып, қаңғып кететіндер ұдайы болып отырған. IV ғасырдың орта кезінде де ондайлар аз болмаған. Тоба ханының ордасында немесе хұн шаньюінің астанасында тұра алмайтын кісілер иен далаға безіп кеткен. Рақымсыз қожаларынан кеткен құлдар, әскерден қашқан қашақтар, жұт соққан ауылдардың қайыршы кедейлері сонда барып паналаған. Олардың бәріне бірдей ортақ нәрсе шыққан тегі де, тілі де, діни сенімі де емес, өздерін қайыршы халіне жеткізген тағдырталайы ғана болған, ал оларды билеп-төстеп ұйымдастыруға мәжбүр еткен де сол қатал тағдыры.

IV ғасырдың 50 - ші жылдарында сәнбилердің атты әскерінде қызмет еткен бұрынғы құл Өгілей деген біреу өлім жазасына кесіледі. Ол ебін тауып тау ішіне қашып кетеді, сосын оның төңірегіне өзі сияқты жүз қаралы қашқын жиналады. Қашқындар иіні келгенде көрші көшпелілермен тіл табысып, солармен бірге тұра береді.

Өгілейдің мирасқоры Гүйлекей тоба хандарымен қарым-қатынас орнатып, оған жылмажыл шұрқыратып аттарын аттай, сусар, бұлғын терілерін терідей беріп, алым-салық төлеп тұрады. Оның ордасы Жужан атағын алады. Жужандардың тұрмысы мен ұйымдасу түрі тым жабайы болған және рулық қауымнан мүлде шалғай жатады дейді Л.Гумилев Көне түріктер еңбегінде. **[4]** Жужандар өзара қай тілде сөйлескен? Қытайдың бастау хаттары бізге әртүрлі мәлімет береді. "Вэйшу" жужандары дүнхудың бір бұтағы деп біледі. «Суншу», «Ляншу» мен, «Наныпу» - оларды хұндарға туыс тайпа деп есептейді және ақырында, Бэй-ши Өгілей гаогүй тегінен шыққан деп жорамалдайды. **[5]** Осы аталған Жужан хандығының негізгі күші теле тайпаларын қарауына бағындырып ұстай білгенінде болса керек. Теле тайпалары жужандарга аса қажет болады, ал жужан ордасының телелерге мүлде қажеті жоқ еді. Жалпы, жужандар бейнеті көп еңбекті суқаны сүймейтін адамдардан құралған болған, ал олардың балалары еңбектің орнына алым-салық жинап, олжа табуды артық санаған көрінеді.

Ал телелерге келер болсақ мал шаруашылығымен шұғылданып, тек малын бағып, ешкімге ештеңені тілемей, еркін жүрген тайпа болған.

Осындай ыңғай-бейіміне орайлас етіліп, қос халықтың саяси жүйелері қалыптасқан еді: әскери күштің көмегімен көршілерінің есебінен күн көру үшін жужандар бір ордаға бас қосады, телелер байланысы нашар тайпалардың әлсіз бірлестігі болып қала берді, бірақ барша күш-жігерімен өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысқан.

Телелер жужандармен қатарласа өмір сүріп жатты, бірақ оларға ұқсас ешбір белгісі болмайтын.

Кытай деректері түріктердің алғашқы көсемдерінен Апаңбо, Еженшидо, Нар Тілек шад, Ежен шад, Ұлы Ябғұларды атайды. Бірақ бұлар жайлы егжей-тегжейлі деректер жоқтың қасы. Дей тұрганмен Күлтегін, Білге каған ескерткіштеріндегі түрікше мәтіндерде Түмен (мәтінде Бумын қаған делінеді) қаған мен Істеми қағандарды түріктердің ержүрек ата-бабалары ретінде суреттейді. Қытай деректері бұл екеуі ағайынды, Ұлы Ябғұның ұлдары дейді. Дерекке сәйкес. түріктер Ұлы Ябғұның заманына келгенде көбейіп. күшейе түскен. Күлтегін ескерткішінде ол екеуі туралы: «Үстіде Көк тәңірі, астыда қара Жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралган. Адам баласы үстінде ата - баба «Бумын қаған, Істеми қаған тақта отырды. Таққа отырып түрік халқын, елін, төрін (үкіметін) тұтты, қалыптастырды» **[6]** ,- дейді. Шынында да 546 жылы Ашына Түмен (Бумын) түрік тайпаларына басшылық етіп, алдымен телелерді бағындырып, олардан 50 мың адамды өзіне қосып алды, одан соң Алтай тауындағы жужан ханы Анағұйға кісі салып, қызын сұрады.

Бұдан сәл ертерек түріктер осы жужандардың қол астындағы темір ерітетін құл еді. Түменнің сәлемін естіген Анағұй «сен менің темір ерітетін құлым бола тұра бұл сөзді айтуға қайтіп дәтің барды» деп оған елші жібсріп, құқай көрсетеді. Түменніңде тілегені осы еді. Дереу келген елшіні ұстап алып, өлтіріп.

Анағұймен аткекілін кесіседі. **[7]** 552 жылы қаңтар айында Түмен зор қосынмен жужандарға жорық жасап, олардың ордасын ойраңдап, әскерін ойсырата жеңеді. Негізіне келгенде түрік қағаны Бумынға керегі осы еді. Жужан қағаны Анағұй құсадан өзін-өзі өлтіреді. Түріктер күшейген соң өздерінің бұрынғы ата-бабалары ғұндар секілді, батыс пен шығысты тұтастыратын керуен жолын уысына алып, ортадан пайда табуды көздеді.

Жужан қағанаты - түрктер шабуыл жасардың алдында, яғни 552 жылдың қарсаңында бүкіл Солтүстік Қытайда не далалықтар жағынан, не қытайлықтар жағынан иық теңестірер қарсыласы жоқ, өзінің дәуірлеуінің ең биігіне көтерілген мемлекет болатын. Бұл кезде Солтүстік Қытайдың бұрынғы қожасы – Иуэн Вей империясы іштей ыдырап, екіге бөлініп, әрқайсысы өз алдына жеке отау тіккен Шығыс Вей және Батыс Вей империялары өзара үстемдікке таласып, дара билікке жужандардың көмегі арқылы жетуге ұмтылып, оның қағаны Анағұйға екеуі екі жақтан жағынып, алтыны мен жібегін тыққыштап, жалыныштылық танытқанына да жиырма шақты жыл болған. Анда - санда көтеріліс жасап, мазасын алатын боданы - теле тайпалары болса, оларды соңғы бас көтерген кезінде, ягни 546 жылы өздеріне бір жарым ғасырдан бері адал қызмет етіп келе жаткан екінші боданы түріктер, тіпті, жужан қағанының әмірінсіз өздері тіленіп барып, талқандап береді. Түрктердің бірнеше дүркін шабуылына ұшырап, әбден титықтап бітеді. Ақыры қайда барса да күн көруден қалған жужандар қайтадан Солтүстік Жыу (Батыс Вей) империясына келуге мәжбүр болады. Бірак олар мұнда да рахат таба алмайды. Өз күштеріне және Солтустік Жыу империясымен достык қатынастарына сенген түріктер шашырап кеткен жужандар уақыт оза келе қайта бірігіп кете ме деген кауіппен, көңілдерін біржола орнықтыру үшін, императордан қол астына келіп паналаған жужандардың біреуін де қалдырмай қырып тастауды талап етіп, отырып алады. Він-дидің келіспеске шарасы жоқ еді, түрктердің айтқанын істейді. Сөйтіп, солтүстік жыулықтар өздерін паналаған 3000 жужанның қолаяғын матап, арнайы келген түрк елшісінің қолына тапсырады. Олардың бәрі империя астанасының Шығыс қақпасының сыртында түгел өлтіріледі, тек кәмелетке толмаған жас балаларға ғана кешірім жасалып, оларды бектердің үйлеріне таратып береді.

Ордадағылар да өзара ынтымақта, Анағұйдың ашса - алақанында, жұмса - жұдырығында болды. Бір сөзбен айтқанда, Жужан қағанаты бұл тұста төрт құбыласы түгел, айтқаны қабыл болып, дүрсіп тұрған ел еді. Осындай көрініп тұрған жауы жоқ, байлығы тасып, мерейі асып, шарықтау биігіне көтерілген қағанаттың бас - аяғы бірер жылдың ішінде жужан қағанаты жойылып кетті.

Ұлы Далада жүз алпыс жылдан астам уақыт арпалысты ғұмыр кешкен далалық ірі мемлекеттің бірі - Жужан қағандығы осылайша жер бетінен біржола жойылады.

Алайда, Жужан қағандығы жойылғанымен, оның тарихы жойылған жоқ, қытай жазбалары арқылы бүгінге жетті.

Ал енді түрік тайпасы туралы аңыздарға келейік. Ататегін білу және оларды әдейі жаттап алу ортаазиялық халықтардың өзгеше сипатты. Сондағы ең бір қызықты жері, олардың көпшілігі әуелгі тегін аңнан бастайды. Мысалы моңғолдар – көкбөрі мен ақмаралдан, телестер – бөрі мен хұн шаньюінің қызынан, ал түріктер – хұн ханзадасы мен қаншық қасқырдан тараған деп есептейді. **[8]**

Түрік атанған Ашынаның арғы тегі туралы қытай деректерінде мынадай аңыз бар: «Түріктер - ғұндардың өзге бір тармағынан. Әулет есімі - Ашына. Олар өз алдына ұлыс құрды, кейінірек оны көршілес мемлекеті талқандады да, халқын түгел қырды. Бірақ бір 10 жасар ер баланы жасақтар баласынып, өлтіруге қимай аяқтарын кесіп шалғынды иен далаға апарып тастады. Бір қаншық қасқыр үнемі ет әкеліп беріп оны асырады. Ол бала ержеткен соң қасқырмен жақындасып оны буаз қылды. Бұл баланың тірі екенінен құлақтанған жау елінің ханы оны өлтіруге тағы адам жіберді. Жіберген адамы баланың қасындағы қасқырды көріп, баламен бірге оны да өлтірмекші болды. Қасқыр қашып құтылып Гаучаң елінің солтүстігіндегі тауға келді. Тауда бір үңгір болыпты, үңгір іші аумағы бірнеше жүз ли келетін төрт жағы таумен қоршалған шалғынды жазық екен.

Қасқыр сол араға бой жасырып, 10 ұл тапты. Бұл оны ержеткен соң сырттан әйел алып бала сүйді. Әрқайсысының өз науғысы болды. Ашына солардың бірінің науғысы. Олар өсіп-өрбіп бірнеше жүз отбасы болды. Бірнеше ұрпақтан кейін олар бірінен соң бірі үңгірден шығып нөнелерге бағынды. Алтынтаудың күнгейін мекен етіп, нөнелерге темірші болды. Алтынтаудың пішіні дулығаға келіңкірейді. Олар дулығаны өз тілдерінде «түрік» дейді. Осылайша бұл сөз олардың халық аты болып калды. Былай деп те айтады: «Түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі сақ елінен

шықты. Олардың ұлыс абасы Абам бек деп аталды. Олар 17 ағайынды еді. Оның бірі Іді Нышида еді, ол қасқырдан туды. Бам бектер тумысынан өте ақымақ болды да, мемлекеттері жойылып кетті. Ал Нышиданың табиғаттың өзгеше құбылысын сезетін қасиеті бар еді. Ол күнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді. Ол екі әйел алыпты. Оларды жаз бен қыс тәңірінің қыздары дейді екен. (Оның бірі) бір құрсақ көтеріп төрт ұл тапты. Оның бірі аққуға айналыпты; біреуі Абасу мен Кем өзендері арасынан Қырғұр деген мемлекет құрыпты, енді бірі Чатша судың бойынан мемлекет құрыпты, тағы бірі Жас чатшаш тауында мекендейді. Бұл - оның үлкен ұлы еді. Бұл тауда Абам бектің ұрпақтары да болды. Ол жер өте суық әрі ылғалды жер екен. Үлкен ұлы от шығарып олардың бойын жылытып, асырап - бағып, олардың жанын сақтапты. Осылайша олар үлкен ұлды өздерінің билеушісі етіп сайлапты. Оған Түрік деген атақ беріпті. Оның өз аты - Нағыд Түрік шад еді. Нағыд Түріктің 10 әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің әулетінің есімімен аталды. Ашына - оның кіші әйелінің баласы еді. Нағыд Түрік өлгеннен кейін 10 әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды ұйғарды. Олар бір бәйтеректің түбіне жиналды. Олар: «қайсымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады» деп уәделесті. Ашынаның ұлы жасының кішілігіне қарамай бәрінен биік секірді. Сонан бауырлары оны Ақын шад деген лауазыммен қошаметтеп таққа отырғызды. Бұл аңыз айтылуы өзгешерек болғанымен, сайып келгенде (түріктердің) арғы тегі қасқырдың тұқымы дегенге саяды» .**[9]**

Екінші аңыз түріктердің жергілікті Со руынан және оны да каншық қасқырдың көмегімен шығарады. Аңызға қарағанда, Со руының барша адамы «өздерінің есерлігінен қаза табады» (оның не екені айтылмаған), тек қаншық қасқырдың төрт немересі ғана тірі қалады. Олардың біріншісі аққуға айналады екіншісі Цигу деген атпен Абу және Гянь өзендерінің арасына барып мекеңдейді, ал үшіншісі мен төртіншісі – оңтүстік Алтайдағы Чуса (Шу) өзені жағасына қоныстанады. Бұл аңызды Н. А. Аристов жақсылап түсіндіреді, ол аңыздағы Со руын солтүстік Алтайдағы Би өзені бойын мекендейтін құман тайпасынын Со руымен салыстырады, бірінші немерені Ку-кісі Қу-кижи тайпасымен, екіншісік Абақан (Абу) және Енесаймен (Гэн - Кем) арасында тұратын қырғыздармен байланыстырады.

Бірінші аңыздағы Әсенше үлкен ұлдың немересі. Қос аңыз келіп осы арада тоғысады. **[10]**

Нақты деректерге келер болсақ түрік қағанатының құрылған жылын «Жыу кітабындағы» («Жыушудағы») түрк тарихына қатысты деректерді орыс тіліне аударып, түбегейлі зерттеген орыстың әйгілі синологы Н.Я. Бичурин түрктердің тарихқа танылған жылын «535 жыл» деп көрсетеді. [**11]** Көне түрктер туралы іргелі еңбектер жазған түрктанушысы Л.Н. Гумилев бұл мерзімді тура он жылға кейін шегеріп, оны «545 жыл еді» деп айтады. [**12]** Ал жаңадан жазылған «Қазақстан тарихы» бұл датаны ешкандай дәлелсіз, түсініктемесіз «542 жыл» деп шегелейді. **[13]** Сонымен бірге бұл мерзімді «546 жыл» деп көрсететіндер де баршылық. Неде болса осы жылдары жужан қағанатының орнына түрік қағанаты құрылғаны дәлелденгені анық.

Түрік қағанатының құрылуы өзгелерден бөлек, өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Қағанаттың керегесін керіп, шаңырағын көтеруге басшы болған адам - түрктердің ұлы көсемі Бумын ол кезде, яғни Түрк империясын құрудың алдында, жоғарыда айтылған Жужан қағанатының құрамындағы бағынышты бір хандықтың да-иеху лауазымды билеушісі болатын. Оның саясатта үлкен икемділік танытып, аз уақыттың ішінде елінің қуатын арттырып, үстемелете бірнеше ірі жеңістерге жетуінің нәтижесінде өзін сыртқы жаудан қорғай алатын тұрақты әскері бар мықты мемлекет құрғаны да тарихтан мәлім.

Сайып келгенде, бұл да өзінен бұрынғылар сияқты рулық - тайпалық жүйеге негізделген мемлекет болатын. Оның өзінің көп сатылы басшылық органы болды. Оны қаған басқарды. Құрамыиа белгіленген тәртіп бойынша ел билеушісінің аға - інілері, балалары еніп, олар кейін бірінің орнын екіншісі мұрагерлік жолмен иеленіп отырды. Кейін мемлекет нығайып, қарамағына енген ел құрамы көбейіп, жер аумағы кеңейіп, соның бәріне бірдей бақылау жасау қиындағанда, ұлығ (ұлы) хан, яғни қаған қарауындағы елді жеке иеліктерге бөліп, оларды кішіг (кіші) хандарға басқартты. Бұл бір кездегі Түрік хандығының толық мәніндегі қағандыққа (далалық империяға), билеушісінің қағанға айналғандығының көрінісі еді.

Алайда, мұның бәрі кейін болды. Ол кезде Бумын өзін «Ел қағаны», мемлекетін «Мәңгі ел» («Түрік қағанаты») деп ресми түрде жариялағанымен, дәл сол тұста елді бұлайша бөліп басқару үрдісі жүзеге асқан жоқ. Бұл үрдіс, кейін, қағанат өзінің дәуірлеу биігіне көтерілген тұста, Таспар (Тобо) қағанның кезінен басталды.

Бумын - «қаған» лауазымын жасы ұлғайып, шау тарткан шағында иеленген адам. Содан да болар, негізгі жауын жеңіп, еліне тәуелсіздік

әпергеннен кейін, ол сол кездің дәстүрімен өзінен бұрынғы ел билеушілері секілді төңірегіндегі елдерді бағындыруға бағытталған жаугерлік жорықтарға ұмтылмай, бар күшжігерін қол жеткен жетістігін баянды ете отырып, жаңадан шаңырақ көтерген жас мемлекетінің іргесін бекітіп, еңсесін тіктеуге бағыттады. Мемлекетті басқарудың заң - тәртібін бекітті. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде, мемлекетінің іргесін айтарлықтай кеңейді. Осылайша түрк елі шын мәніндегі ұлы қағанатқа айналады. Бұған дейін айдапсалдың азғыруына еріп, бір-бірімен қырқысып жатқан ұсақ хандықтар, тайпалар «Түрік» деп аталатын қоғамдық ірі бірлікке ие болады.

Осы бірлік арқылы олар өздерінің құдіретті қуатын сезінді. Жаңа өркениет Түрік өркениеті туды. Ұлы Дала тұрғындары ортақ бір тілде - түрік тілінде сөйледі. Түрік халықтарының бәріне ортақ өз жазуы - түрік жазуы жүйелене жетілдіріліп, халыкаралық қатынаста қолданыла бастады.

Осылайша күні кеше ғана бүкіл далаға дара қожалық жасап, әмірін жүргізіп тұрған құдыретті Жужан қағандығының соңғы қағаны бастаған үш мың адамы, ең болмаса, қолдарына қару алып, жауларымен жағаласып та өле алмай, қасапханада бауыздалған қойдай, қорлықпен мерт болады.

Түрік елінің алғашқы екі қағаны: Бумын мен Естеми жөнінде, осы екі қағаннан кейін екі ғасырдай уақыт өткенде қаған ат билігін қолға алған осылардың тікелей ұрпағы - білге қағанның солар жөнінде тасқа қашап жаздырған: «төрт бұрыштағы халықтарды көп алған, бибіт еткен, бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген, ілгеріде (шығыста) Қадырқан (Хинган) қойнауына дейін, керіде (батыста) Темір қақпаға дейін жайлаған, екі аралықта жүрген иесіз көк түріктерді осылай қоныстандырған білге (дана) қағандар, алып қағандар болған екен» **[14]** деген дерігіне қарап, түрік қағанатының негізін қалаған Бумын қағаннан кейінгі қағандардыңда түркі жұртын біріктіруде күндіз күлкіден түнде ұйқыдан қалғандығы көрініп ақ тұр. Сонымен Қазақстан көк түріктер құрған сол айбатты мемлекеттің орталық аймағына жатса, қазақ халқы олардың генетикалық жалғасы саналады. Қазақ этногенезі мен мемлекетінің заттық-рухани мәдениетінің, дүниетанымының қалыптасуымен дамуын зерттеуде көне түркі кезеңіне басымдылық берілуіде сондықтан. 2001 жылы Күлтегін ескерткішінің Астанаға әкелінуі түрік қағанатының тікелей мұрагері екенімізді мойындау емеспе.

1. Абусеитова М.Х. Проблемы комплексного исследования древнетюрских памятников в Казахстане и Центральной Азии //Материалы международной научно-теоретической конференции «древне тюрская цивилизация: памятники письменности» - Алматы, 2001. С. 130 - 134.
2. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын. II том. 1-кітап.- Алматы, 2006. 20- б.
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. -Алматы, 1994. 9-10 бб.
4. Сонда, 11- б.
5. Тұрсынхан Зәкенұлы. «Түрік қағанаты мен таң пашалығы қарым-қатынасының алғашқы кезеңі» //Қазақ тарихы. Алматы, 2009. № 2. 5 - б.
6. Айдаров Ғ. «Күлтегін ескерткіші» - Алматы, 1995. 9-б.
7. Гумилев Л.Н. Аталған еңбек . 10 - 11 бб.
8. Рашид-ад-Дин. Шежірелер жинағы. I том. - Москва, 1952. 26 - б.
9. Ұлы Түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктері. - Үрімжі, 2006, 27-28 бб.
10. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // «Живая старина», Вып. X - 1986. С.102.
11. Бичурии Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М - Л. 1950. С. 228.
12. Гумилев Л.Н. Аталған еңбек. 27- б.
13. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін: 5 - томдық. - Алматы, 1996. 2 – том. 296 - 6.
14. Жолдасбеков М. Асыл арналар. - Алматы, 1990. 46-б.

Е. Б. Оспанов

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫЗЫЛҚАЛА АЙМАҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ортағасырлық Қызылқала Ортағасырлық Қызылқала қаласы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының орталығы Шетпеден 18 км солтүстік-батыста, Шайыр ауылдық округінің жерінде, Шайыр ауылынан 13 км шығыста, Ақмыш бұлағының жағасында орналасқан. Географиялық координаттары С.44˚14'808", Ш.051˚59' 279", т.д.б. 166 м.

Ортағасырлық Қызылқаладағы зерттеу жұмыстарын 1978,1981, 1982 жылдарда КСРО

Ғылым Академиясы Археология институтының Волга-Орал экспедициясы (жетекшісі Л.Л.Галкин) жүргізген. 2004-2005 жылдарда Қызылқаладағы зерттеу жұмыстарын Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының археолгия бөлімінің меңгерушісі А.Е.Астафьев жүргізді.

2008 жылы Қызылқалада археологиялық зерттеу жұмыстарын «Археолог халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» Қызылқала археологиялық экспедициясы (жетекшісі т.ғд. профессор Елеуов М) жүргізді.

Жоғарыда аталған экспедициялардың әр жылдарда жүргізілген зерттеулердің барысында ортағасырлық Қызылқаланың тарихи-топографиялық құрылымына қатасты деректер жиналып , олардың алып жатқан жер көлемін анықтау бағытында жұмыстар іске асырылды .

1981 жылы Волга-Орал экспедициясы ұйымдастырған 2-авиабағыт Шевченко-Түпқараған, Шерқала-Шевченко бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында ортағасырлық Шерқала ескерткіші ашылып, Қызылқалада № 2 үй жайларында қазба жүгізіліп, Қызылқаланың зираты табылды /1/.

Ортағасырлық Шерқала қаласы Шетпеден Шайырға баратын жолдың 17 км-де, Шерқала тауының солтүстік-батыс етегінде, Қызылқаладан солтүстікте 2 км жерде орналасқан. Жобасында төртбұрышты болып келген ескерткіш оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 400 м-ге созылып жатыр, ені 200м. Төрткүлді қоршап жатқан қамалдың қабырғасы тастан қаланған, оның осы күнге дейін сақталған жеріндегі биіктігі 0,3-0,5 м. Төркүлдің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, көлемі 50х100 м алаңда жекелеген құрылыс қалдықтарының орны сақталған. Төрткүлдің үстінен табылған ыдыс үлгілеріне қарағанда Шерқала XI-XII ғғ. кезінде өмір сүрген ескерткіш /2/ .

1982 жылы Волга-Орал эспедициясы Ақмыш-Шетпе-Қаратаудың шығыс адырлар қыркасында барлау, Қызылқалада және оның төңірегінде қазба жұмыстарын жүргізді .

1981 жылы Қзылқаладан 0,5 км батыстағы төбенің үстінде орналасқан 3 оба мен кесененің құландысы табылды. Тастан үйілген обалар 0,1-0,15 м биіктікте сақталған. Обаларда Қзылқаланы мекендеген тұрғындар жерленген /3/ .

Ақмыш-Шетпе-Қаратаудың шығыс адырлы қырларында жүргізілген барлау экспедиция Шетпеден 20 км жерден өндірген кен орнын ашты, оның ұзындығы 30-50 м, ені 5 м, тереңдігі 2-3 м. Шахтаның жанындағы көлемі 50х60 м келетін алаңнан құрамында мыс қоспасы бар шлактар табылды, сонымен қатар Шахтадан батыста 100 м жерден де шлак қоспалары және қолдан, шарықта жасалған X-XII ғғ. ыдыс үлгілері кездескен /4/.

1982 жылы Қызылқаладағы археологиялық қазба жұмыстары Қызылқаладан батыста 1 км жерде орналасқан қорымдағы (қауымдағы) 1 жерлеу орнында, XII ғ. кесенесінде, Қызылқаладан батыста орналасқан обалар тобындағы (3) 1-обада жүргізілді.

Экспедиция 1982 жылы қазба жүргізілген 1-обадан солтүстікте 0,3 км жерден, ұзындығы 21 м, ені 5,5 м, биіктігі 0,3 м келетін алаңның үстінде, бір-бірінен 2-3,5 м аралықта орналасқан 5 жерлеу орнын ашты. Аталған жерлеу шұңқырнан жерленген адам сүйегі табылған жоқ. Шамасы, оны ертеден-ақ тонаған болса керек. Жерлеу орындарының уақыты анықталған жоқ /5/ .

2004-2005 жылдардағы зерттеулер негізінде Қызылқаланың батыс тарихи-топографиялық жобасын жасау мақсатында қаланың бекінісінде, рабады көлемінде және оған іргелес жатқан жерлерде, оның жалпы көлемін, жеклеген бөліктерінің көлемін, олардың ерекшеліктерін анықтау бағытында жұмыстар атқарылды.

2008 жылы Қызылқала археологиялық экспедициясы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының Шайыр ауылдық округінде, ортағасырлық Қызылқаланың аймағында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Барлау жұмыстары Шетпе-Қызан жолынан бастап батысқа қарай, Шетпе-Шайыр жолының екі жағында, Шайыр ауылына дейінгі аралықта іске асырылды. Жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Қызылқаланың аймағынан 13 археологиялық ескерткіш ашылды, олардың қатарында: тас еңбек құралдар табылған жер, жеке оба, қос оба, обалар тобы, обалар қорымы және төрткүлдер бар.

Тас еңбек құралдары табылған жер. Тас еңбек құралдары Шайыр ауылынан 10 км солтүстікте, Шетпе-Шайыр жолынан 3 км солтүстіктегі Жалған тауының үстінен (солтүстік бұрышынан) табылды. Географиялық координаттары: С.44˚17' 188", Ш.051˚56'744", т.д.б. 331 м. Еңбек құрал-дардың қатарында өзектастар мен қырғыш бар .

Обалар тобы (3). Шайыр ауылынан 12,7 км шығыста, Қызылқаладан 0,5 км батыста (сәл солтүстік-батыста), үсті тегіс төбеде орналасқан. Географиялық координаттары: С.44˚14'892", Ш.051˚58'795", т.д.б. 151 м. Тас аралас топы-рақтан үйілген обалардың аумағы

12-16 м, биік-тігі 0,4-0,6 м. Обалар қазылған, олардың үстін-дегі шұңқырдың аумағы 5 м, тереңдігі 0,8-1 м.

Ақмыш жеке обасы. Шайыр ауылынан 13,6 км шығыста, Қызылқаладан батыста 0,5 км жердегі үсті тегіс биік төбеде орналасқан. Географиялық координаттары: С.44˚14'479", Ш.051˚58'951", т.д.б. 189 м. Қиыршық тас аралас топырақтан үйілген обаның аумағы 5 м, биіктігі 0,3 м. Обада қазба жүргізілген жоқ .

Тас еңбек құралдары табылған жер. Шайыр аулынан 13,3 км шығыста, Ақмыш бұлағына батыс жағындағы оған өзектің қосылған жерінде, Қызылқаланың солтүстік мұнарасынан 0,2 км солтүстік-батыста, жағалық террасадан тас еңбек құралдары табылды. Географиялық координаттары: С.44˚14'956", Ш.051˚59'189", т.д.б. 129 м. Тас еңбек құралдарының қатарында қырғыш, үшкір тастар бар .

Шерқала қос обасы. Шайыр ауылынан 14,8 км шығыста, Ақмыштан 1,32 км шығыста, Шетпе ауылынан 15,1 км солтүстік-батыста, Шерқала тауынан 0,5 км оңтүстікте, Шетпе-Шайыр жолының сол жағасында орналасқан. Географиялық координаттары: С.44˚14'636", Ш.052˚00'354", т.д.б. 174 м. Обалар қиыршық тас аралас топырақтан үйілген. Жолдың жиегіндегі аумағы 24 м, биіктігі 2,5 м обаның үсті тегіс, оның үстіндегі аумағы 10 м. Үлкен обадан оңтүстікте 0,3 км жерде орналасқан екінші обаның аумағы 12 м, биіктігі 0,8 м. Обаларда қазба жүргізілген жоқ .

Төрткүл (бітпей қалған құрылыс, X-XIIғғ.) Шайыр ауылынан 15,8 км шығыста, Шетпеден 14,3 км солтүстік-батыста, Қызылқаладан 2,57 км шығыста, Шетпе-Шайыр жолынан 20 м жерде орналасқан. Географиялық координаттары: С.44˚14'288", Ш.052˚61'100", т.д.б. 156 м. Солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған төрткүл екі бөліктен тұрады, оның солтүстік бөлігінің көлемі 100х80 м, осы бөліктің солтүстік-батыс бұрышындағы тас аралас топырақтан үйілген төбенің аумағы 12 м, биіктігі 1,5 м. Төрткүлдің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі онымен жалғасып жатқан екінші бөлігінің аумағы 40х28 м. Төрткүлді қоршап жатқан, ені 3 м қабырға тастан қаланған, оның қазіргі биіктігі 0,2-0,3 м. Төрткүлге кіретін есік солтүстік бөліктің батыс қабырғасында орналасқан, ені 6м (59-60-суреттер). Біздің пікірімізше, шамасы бұл құрылысты салу жұмыстары бітпей қалған. Төрткүлдің ішінен құрылыс орындары байқалмайды, тегіс, оның солтүстік бөлігінен X-XII ғғ. ыдыс сынықтары табылды /6/ .

Төрткүл обалар қорымы. Төрткүл обалар қорымының үстіне салынған. Тас аралас топырақтан, тастан үйілген обалар төрткүлдің оңтүстік бөлігінде, солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс бұрыштарында және батыс қабырғаның ортасында орналасқан . Географиялық координаттары: С.44˚14'288", Ш.052˚61'100", т.д.б. 156 м.

Қожық жеке обасы. Шайыр ауылынан 16,3 км шығыста Қожық ата қорымынан 0,5 км оңтүстік-батыста, Қызылқаладан 3,20 км оңтүстік-шығыста, Шетпе ауылынан 13,6 км солтүстік-батыста орналасқан. Географиялық координаттары: С.44˚14'062", Ш.052˚01'448", т.д.б. 184 м. Топырақтан үйілген обаның аумағы 8 м, биіктігі 0,6м. Оба Шетпе-Шайыр жолының сол жағасындағы биік таудың төбесінде орналасқан. Обада қазба жүргізілген жоқ.

Шілкөз обалар қорымы (6). Шайыр ауылынан 17,6 км шығыста Шілкөз-Майрам зиратынан 1,8 км оңтүстік-батыста, Қызылқаладан 4,66 км солтүстік-шығыста, Шетпе ауылынан 16,2 км солтүстік-батыста орналасқан. Географиялық координаттары: С.44˚16'133", Ш.052˚02'259", т.д.б. 131 м. Тас аралас топырақтан үйілген обалардың аумағы 3-12 м, биіктігі 0,2-0,7 м. Обаларда қазба жүргізілген жоқ .

Шілкөз 1 төрткүлі. Шайыр ауылынан 18,3 км шығыста Шілкөз-Майрам қорымынан 554 м оңтүстік-батыста, Қызылқаладан 5,24 км шығыста орналасқан. Географиялық координаттары: С.44˚16'005", Ш.052˚02'849", т.д.б. 123 м. Қабырғалары дүниенің төрт жағына бағытталған төрткүлдің көлемі 22х24 м., биіктігі 1 м, оның солтүстік-шығыс бұрышына жақын орналасқан бөлігінің биіктігі 2 м. Төрткүлге кіретін есік оның шығыс қабырғасында орналасқан. Төрткүлді қоршаған қамалдың ені 2-3 м, ол ірі тастардан қаланған / 7 / .

Қортындылай келгенде 1978 – 1982 жж , 2004 - 2005 жж, 2008 жылдардағы жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде ортағасырлық Қызылқаланың төңірегінде орналасқан әр түрлі тарихи кезеңдердің ескерткіштері ашылып есепке алынды. Соған қарағанда Қызылқаланың төңірегін адамдар жаңа тас ғасырынан бастап ортағасырға дейін аралықта мекендегені анықталды .

1. Галкин Л.Л. Отчет о работе Волго-Уральской экспедиций ИА АН СССР в Северо-Васточном Прикаспии в 1981 г. // Архив отдела археологии ИИАЭ АН Каз ССР. Дело №1905. Инв.409.С.2-19.

2. Галкин Л.Л. Отчет о работе Волго-Уральской экспедиций ИА АН СССР в Северо-Восточном Прикаспии в 1981г., С.6.

3. Галкин Л.Л. Отчет о работе Волго-Уральской экспедиций ИА АН СССР в Северо-Восточном Прикаспии в 1981г., С.19.

4. Галкин Л.Л. Отчет о работе Волго-Уральской экспедиций ИА АН СССР в 1982 г. в Северо-Восточном Прикаспии // Архив отдела археологии ИИАЭ АН Каз ССР. Дело №1974. Инв.С.5,11-18.

5. Галкин Л.Л. Отчет о работе Волго-Уральской экспедиций ИА АН СССР в 1982 г. в Северо-Восточном Прикаспии.,С.18.

6. Отчет по археологическому исследованию средневекового городища Кызылкала, расположенного на территории Мангыстауской области в 2008 году//Архив Института Археологии МОН РК им А.Х.Маргулана.С 72-79.

7. Отчет по археологическому исследованию средне-векового городища Кызылкала, расположенного на терри-тории Мангыстауской области в 2008 году // Архив Инсти-тута Археологии МОН РК им А.Х.Маргулана.,С79-82.

Құрмет Володя

ҚР ОММ ТАРИХЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ҚОРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Еліміздің тәуелсіздігі нығайып, мемлекетіміздің әлемдік аренадағы беделі арта түскен қазіргі уақытта кезек күттірмес маңызды міндеттерге айналып отырған мәселенің бірі ұлттық құндылықтарымызды, мәдени мұрамызды сақтап, насихаттау, зерттеу болып отыр. Ұлттық құндылықтарымызды, әсіресе тарихымыздың өзегі – археологиялық жәдігерлерімізді сақтап, насихаттауда ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің алатын орны ерекше. Өткен тарихымызды көру арқылы толықтай танып-білуге мүмкіндік беретін археологиялық заттар – ҚР ОММ қорларының негізгі бөлігін құрайды. Қазба жұмыстары кезінде, кейде кездейсоқ табылу нәтижесіндегі археологиялық жәдігерлер – музей қорына өткізіліп, тарихи құндылықтарымызды толықтыра түседі. Заттық деректердің бұл түрі тарих саласы бойынша музей жинақтамаларының басты да ажырамас бөлігі болып табылады. ҚР ОММ қорында қазақ халқының терең тамырлы тарихы мен мәдениетін және оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін айғақтауға мүмкіндік беретін 20 мыңға жуық бай археологиялық құндылықтар қордаланған. Олардың көпшілігі Қазақстан тарихы мен мәдениетінің баға жетпес ескерткіштері.

Бүгінде археологиялық зерттеулердің барынша дамуы еліміздің ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын түбегейлі қайта қарап тереңдете зерделеуде археологиялық материалдардың маңыздылығын арттырып отыр.

Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер туралы ерте кезден белгілі болған. 1707 жылы жарық көрген С. Ремезовтың «Сібір картасында» қазақ даласындағы археологиялық ескерткіштер туралы жазылса, 1733 жылы Г.Ф. Миллер бастаған бірінші академиялық экспедиция қазақ жерінде жұмыс істеді. П.И. Рычковтың 1774 жылы жарық көрген «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде ертедегі археологиялық орындар туралы мәліметтер келтірілген [1]. Алайда, бұл кездегі зерттеулер ғылыми негізде жүргізілмей тек кездейсоқ табылған жәдігерлерді жинаумен шектелді. Негізгі зерттеу жұмыстары өлкетану мәселесі тұрғысында ғана жүргізілді. Музейлік өлкетану ісін т.ғ.к. доцент С.Ш. Ахметова қарастырып зерттеген.

ҚРОММдағы археология қорын зерттегенде Орталық музейдің қалыптасуы мен бүгінгі тарихына дейінгі дамуын жан-жақты қарастыру қажет. Орталық Азия аймағындағы ең ірі музейлердің бірі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Қазақстанның бас музейі 1831 жылы Орынбор қаласында Неплюев әскери училищесі жанынан Орынбор өлкесінің губернаторы Павл Петрович Сухтеленнің бастамасымен ұйымдастырылды. Білімдар басшы П.П.Сухтелен өз губерниясында "музеум" ашуға бел байлап, жаңадан құрылатын мекемеге көне заттарды сыйға тарту туралы жергілікті халыққа өтініш білдіреді. Орынбор губернаторының бұл бастамасы көпшілік қолдауына ие болып өлкеде ғана емес, одан тыс аймақтарға да кең таралды. Атап айтар болсақ, Жеке Сібір корпусы штабының бастығы генерал-майор Г. Броневский музейге Қарқаралы округінен табылған тунгус шаманы киімінің толық үлгісін және металдан құйылған мүсінді тарту етті [2]. Осындай үлкен жұмыс нәтижесінде: геология бойынша 972 с.б., өсімдіктану бойынша 1575 с.б., жануартану

бойынша 443с.б., нумизматика бойынша 646 с.б., археология бойынша 30 с.б., 35 түрлі тақырыптардағы кітаптардан; орыс және шығыс тіліндегі 3 қолжазбалардан; 9 бейнелеу өнері туындылары мен портреттерден тұратын музей қоры құрылды [3]. Осылайша музейдің алғашқы коллекциялары Орынбор музейі жинақтары негізінде қалыптасты.

Музейді ұйымдастыру шараларына және оның қорының қалыптасуына 1830-1838 жылдар аралығында Орынборда қызмет атқарған ғалым В.И. Даль мол еңбек сіңірді. Музей жанашыры Даль Орынбордан кеткен соң музей ісі құлдырай бастады. Осы тұста 1837 жылы Орынбор губернаторы болып тағайындалған Перовский музей тағдырына көңіл бөлді. Дегенмен, бұл жылдардағы музейдің жетілуі өте мардымсыз еді, тіпті 1881 жылғы өлкені әскери басқарудағы қайта құруларға байланысты музей мүлде қараусыз қалды, ал бұның өзі оның біржола күйреуіне әкелді. Тек 1895 жылы Орынбор ғылыми архив Комиссиясы «музейді қалпына келтіру», оған экспонаттар жинау жайлы бастама көтерді. Музей қайта жаңғырып, ретке келтірілді.

Мұрағат комиссиясы мен Орыс география қоғамының Орынбор бөлімінің бірлескен қызметінің нәтижесінде, 1897жылы ОҒМК жанынан жаңа тарихи-археологиялық музей құрылды. Бұл музейде айтарлықтай көлемде ертедегі артефактілер жинақталды. Олар: тиындар, кітаптар, қару жарақ, археологиялық заттардың көптеген коллекциялары, Прохоров қорғандарының археологиялық экспонаттары. 1898 жылы музей қорына Н.Н. Пантусовтан 18 археологиялық материал қабылданған [4]. Осылардың ішінде Н.Н. Пантусов пен орыс әкімшілігінің Жетісудағы қызметкері археология, этнография мәселелеріне етене жақын Н.С. Сазонтов тапсырған II – Vғғ. мерзімделген, қолмен қалыптау әдістерімен дайындалған нәзік те айқын бірнеше терракот мүсіншелер де бар .

Отырған қалыптағы Шива мен ыдыс сыртын безендіретін жапсырма - адамның бет әлпеті, ыдыс тұтқасындағы мүсінше - арыстанның басы, жүзім шоғы, адам мүсіншелері көркемдігі біршама жоғары туындылар [5]. Орынбор Ғылыми Архив Комиссиясының тарихи және археологиялық нысандарды, құндылықтарды есепке алу жинастыру жұмыстарының мәліметі бойынша 1906 жылдың қаңтарында музей коллекцияларындағы археологиялық материалдар 62 сақтам бірлігін құраған [6]. Шығыстанушы Н. Н. Пантусов 1908 жылы музей қорына Тоқмақ ауылы маңындағы қазба жұмыстары нәтижесінде табылған мыстан жасалған түрлі заттарды, жазу түсірілген тоғыз қабір тасты [7]. және Қапал уезіне жақын жердегі Шенгелді мекенінен табылған қыш су құбырларын (КП 2208 – 2220), мыс қазанды, бірнеше шойын шырақтарды тапсырады.

Орынбор ғылыми архив комиссиясының мүшесі И.А. Кастанье Ақтөбеге жақын маңдағы Қарғалы өзенінің аңғарында 1904, 1906, 1909 жылдары шағын қазба жұмыстарын жүргізген. Бұл жұмыстардың нәтижесі ОҒАК еңбектерінде жарияланған И.А. Кастанье 1897-1911жж. Орынбор, Торғай облыстары аумағынан жинап Орынбор музейіне өткізген құндылықтардан ҚР ОММ - де ерте темір дәуірі, орта ғасырлармен мерзімделетін артефактілер - жебе ұштықтары, сулықтардың бөліктері, үзеңгі, жапсырмалар сақтаулы. Бұрынғы Орал облысы Орынбор уезінің Покровка мекенінен 15 шақырым қашықта, Қобды - Елек өзендерінің қосылысы тұсындағы 1, 2 Покров обасынан табылған, бүгінде музейдің қымбат металдар қорында сақтаулы археологиялық олжалар - алтын әшекейлер, б. з. б. V ғасырға телінген, алтынмен құрсауланған тас мөр, осы кезеңге жататын жыртқыш құс бейнеленген ат әбзелінің қола жапсырмасы айрықша дүниелер.

1921 жылы ҚАССР Халық ағарту комиссариатының "Орынбор өлкелік музейін Қырғыз өлкесінің Орталық өлкетану ғылыми музейі ретінде қайта құру" туралы қаулысы қабылданды. Осыған орай 1921 жылы Орынбор губерниясының Атқарушы комитеті мен Халық ағарту комиссариаты арасында музей қорын өткізуге байланысты жұмыстар аяқталып, актіге қол қойылды. Нәтижесінде акт бойынша тарихи мәдени бөлімге археология саласы бойынша 622 экспонаттар берілді [8].

1924 жылы Орта Азия республикалары мен Қазақстан, РСФСР жерлерін межелеуге сай Орынбор музейінің қоры екіге бөлінді қордың $^{1}/_{3}$ Орынбор аймақтық музейіне қалдырылып, $^{2}/_{3}$ (81 мыңнан астам бірлік) қазақ халқының тарихына, этнографиясына, мәдениетіне тікелей қатысты құндылықтар деп танылып Қазақ өлкесінің Орталық музейінің дербес қорына берілді [9] бөлініс тек 1927 жылы аяқталып, құндылықтар республиканың жаңа астанасы Алматыға 1929 ж. мамыр айының соңында жеткізілді. 1929 жылы шілдеде Қазақстан ОӨМ Алматыға толық көшіп келді және Вознесенский кафедралды шіркеуінің ғимаратына орналасты. 13 шілдеде музей кеңесінің отырысы Қазақстанның Орталық Өлкелік музейін Қазақстан-

ның Орталық музейі деп атау туралы шешім қабылдады.

Орталық Музей өзінің мәртебесіне сәйкес, Қазақстанның барлық өңірлерін бейнелеуге тиіс болғандықтан, ол өңірлік музейлердің қорларынан экспозициялар мен экспонаттардың, археологиялық материалдардың көшірмелерін сұрастырды [10]. 1930 жылы ежелгі заттар және өнер туындыларын, табиғат ескерткіштерін қорғау комитетінің археологиялық экспедиция-сы бұрынғы Орынбор және Ақтөбе округтары шекарасындағы Ор өзенінің алабында Б.Н.Граковтың басшылығымен археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Жұмысқа археологтар К. В.Сальников, Орталық музейдің сол кездегі директоры Махонин қатысқан, табылған материалдар негізінен қола, ерте темір дәуірі және орта ғасырлармен мерзімделеді [11].

1931 жылы Жетісу өлкелік музейінің Қазақстаның Орталық музейі құрамына кіруіне орай Қазақстанның Орталық музейінің барлық бөлімдері Жетісу музейінің бөлімдері негізінде қайта құрылды. Музей қызметкерлері Қазақстанды зерттеу қоғамы ұйымдастырған экспедиция құрамына кіріп, тарихи, археологиялық материалдар жинақтады. Осы жылы музейде тарих, жаратылыстану, табиғи және өндірістік күштер, социалистік құрылыс, көркем, КСРО Қарулы Күштері, археология бөлімдері пайда болды.

1936 жылы мамырда Қазақ АКСР ОАК Президиумы "Қазақстанның Орталық музейінің жұмысы туралы" есебі тыңдалып музей орналасқан ғимарат мәдени-ағарту жұмысын жүргізуге және экспонат қорларын сақтауға тар екендігі ескеріліп, 1937 жылы музей үшін арнайы ғимарат салу ісіне кірісу қажет деген қаулы қабылданды [12].

1938-1939 жылдары археологиялық қор қазбалар кезінде табылған және жеке адамдар тапсырған бұйымдармен толықты. Нақтырақ айтқанда, музейдің ғылыми қызметкері В. Домбровский "Горный гигант" колхозы төңірегінде археологиялық қазбалар жүргізу кезінде қыштан және темірден жасалған бұйымдардың сынық бөліктерін тапты. Мұнан өзге жергілікті фабриканың жұмысшысы Назаренко Қарғалы өзенінің жағалауынан 375 әр түрлі ұсақ алтын бұйымдар тауып, Орталық музей қорына тапсырды.

1944 жылы музей қорын Қарғалы қазынасының алтын бұйымдары, скиф-сақ алтынының мол коллекциясы толықтырды. Осы кезеңнен бастап музей өз дамуының жаңа сатысына көтерілді.

Археолог ғалым С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы 1955ж. Свинчатка, Кіші Краснояр, Усть Нарын қоныстарынан алған қырғыштардың, қол соққыларының, найза ұштықтарының дайындамалары сондай-ақ, қола және ерте темір дәуірінің обаларынан алынған материалдар, Оңтүстік Қазақстан облысының Шақпақты тұрағынан табылған шақпақ тастан жасалған пышақ тәріздес жаңқышақтар мен өзекшелер, екі шеті өңделген шапқылар музей коллекциясындағы назар аударарлық тұрмыстық заттар болып табылады.

А.Г.Медоевтың Маңғыстау, Солтүстік Балқаш өңірінде жүргізген археологиялық ізденістерінің музейдегі археологиялық қордағы палеолиттік материалдары да Қазақстан аумағындағы алғашқы қауым адамы мәдениеті, тас құралдар генезисі жөнінде пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Музейдегі археологиялық коллекцияда Павлодар облысының Баянауыл өңірінен 1951 жылы табылған неолиттік өзекшелер, шақпақтастан жасалған жебе ұштары, қырғыштар, пышақ тәріздес ұсақ тіліктер Қазақстан территориясында өмір кешкен неолиттік тайпалардың алуан түрлі және жасалу техникасы жағынан жетіліп толық қалыптасқан, тұрақты формалы тас қарулары болғандығын көрсетеді. Археология қорында тас дәуірінің мамандары В.Ф.Зайберттің (Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы), О.А.Артюхованың, археолог А.Н. Подушкиннің материалдары да сақталуда

ҚР ОММ археологиялық қорындағы көлемді коллекциялардың бірі – Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (ОҚАЭ) алғашында Ә.Х.Марғұлан, кейіннен М.Қ.Қадырбаев және Ж.Қ.Құрманқұловтар басшылығымен 1947-1991 ж.ж. аралығында жүрізген қазба жұмыстарының нәтижелері - қола дәуірінің ескерткіштері .

Музейдегі қола дәуірі колллекциясына Атасу I, Санғру II, Нұрмәмбет молалары мен Ақмұстафа, Шортандыбұлақ, Мыржық қоныстарынан, қорымдарынан табылған материалдар – түрлі тұрмыстық қыш бұйымдар, шапашоттар, шүйделі балталар, найза ұштары, қашаулар т.б. әр алуан артефактілер кіреді .

Ерте темір кезеңіндегі (б.з.б.VIII – IVғғ.) сақ тайпаларының материалдық мәдениетінің маңызды дерегінің бірі - Жетісу аумағындағы көмбелерден алынған мыс, қола заттары мен кездейсоқ олжалар.

Археологиялық қорда қола қазандардың, құрбандық заттарының, шырақтардың, тұрмыс

заттары мен қару-жарақтың толымды коллекциясы сақталуда.

Қордағы сақтардың тұрмыс заттарының, қару-жарақтарының, әшекей бұйымдарының көпшілігі скиф-сақ «аң стилі» өнері мәнерінде орындалған. Сақ шеберлері өз туындыларында жануарлардың сипаттарын шартты түрде өте дәл айқындап, айрықша шыншылдықпен көрсете білген.

Оңтүстік Қазақстандағы қаңлылар мәдениетін алғашында Н.П.Подушкин, кейіннен А.Н.Подушкин басқарған Шымкент Педагогикалық институты археологиялық экспедициясының І964-2005жж. Арыс өзені алқабының б.з.б. IУ- б.з. VI ғасырлары молалары мен қоныстарындағы барлау-зерттеу-қазба жұмыстары нәтижесінде алынған материалдар коллекциясы көрсетеді. Аталмыш коллекцияға бірегей, соны бедерлі қыш ыдыстар, майда пластика, әшекейлер, тың деректер кіреді.

Археолог, т.ғ.д. А.Н. Подушкиннің Күлтөбе қалашығынан (Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы) көне жазу фрагменттерін табуын соңғы жылдардағы теңдесі жоқ археологиялық жаңалық деуге болады. Бетіне жазу түсірілген қыш кірпіш-тақташалар б.з.б. II – I – б.з. – IV ғғ. мерзімделеді. Алдын-ала жасалған болжамдар бойынша жазба арамей жазуы негізінде қалыптасқан бір жолды, алфавитті болып келеді және б.з.б. II – I – б.з. - IVғғ. Шығыстың ірі мемлекеттік құрылымдарының бірі - Қаңлы (авесталық Кангха) мемлекеттік бірлестігімен байланыстырылады.

Қазіргі уақытта бұл жазбалар ҚР ОММ қорында сақталуда. Бір археологиялық аумақтан ғылымға белгісіз бірегей мәтінді жазбалардың шығуы Қазақстан жері терең тамырлы ғылыми және әлеуметтік мәндегі жазба мәдениетінің аумақтық орталығы болғандығын айғақтайды.

Музейдегі VI-VIII ғ.ғ. тән тас мүсіндер коллекциясының басым бөлігін археология бөлімінің қызметкерлері (1980-1993жж.) жинаған. Олардың ішінде музей қызметкерлері М.М.Нұрпейісов пен Ю.А.Мотов тапсырған. IX –XI ғғ мерзімделген мүсіндер Жамбыл облысы Ойжайлау шатқалынан, Қордай, Мерке (Улысай өзенінің жоғарғы бойынан), Алматы облысының Жамбыл, Нарынқол аудандарынан жеткізілген.

Археологиялық қорға түскен түркі дәуіріндегі археологиялық тас мүсіндерге тән ерекшелік – бұларда адамның түр-тұрпаты нақты кескінделеді. Олар әдетте беліне белдік, қару-жарақ, құты асынған, кейде оң қолымен ыдыс, сол қолымен қанжар немесе қылыш ұстаған ер адамдар бейнеленеді. Екі қолымен құрсақ тұсында ыдыс ұстаған әйелдер мүсіні де кездеседі. Ал XI-XIII ғғ. мүсіндер – адамның бет-әлпетін нобайлап көрсеткен тақта іспеттес те болып келеді.

ҮП-IXғғ. түркі заманының материалдық мәдениетін Алматы облысының Қырғауылды обасынан табылған әйелдердің әшекейлері. Шығыс Қазақстан облысының Зевакин обасынан табылған белдік әшекейлері, қасқырдың басы іспеттес қамшы ұшы, балық басы тәрізді салпыншақ сипаттайды.

Археологиялық қордағы 1948 ж. А.Н.Бернштам басқарған археологиялық экспедициясы Оңтүстік Қазақстанның Қостепе II, Ақтепе, Бадамтепе, Төрткөл, Саудакент, Ақсүмбе, Созақ, Торсатепе қыстақ-кенттері мен қалашықтарында жүргізген қазбалардан алынған қыш ыдыстардың фрагменттері отырықшы тұрмысты, оның деңгейін, қол өнерінің даму барысын пайымдауға мүмкіндік береді.

Орта ғасырлық кезеңнің археологиялық коллекцияларына сәулетшіліктің XI-XII ғғ. әйгілі ескерткіші Жамбыл облысындағы Айша бибі мавзолейі, Түркістан қаласындағы XIУ-XV ғғ. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Тараз, Отырар, Түркістан қалаларының көркемдігі жоғары қыш ыдыстары жатады. Музейде Алтын Орда кезеңіндегі қала мәдениеті заттарының мол коллекциясы 1950ж. (Ә.Х.Марғұлан) және 1996-2000 жж. (З.С.Самашев) басқаруындағы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшық қалашығындағы қазба жұмыстарының материалдары да сақталуда.

Ежелгі Қазақстан тұрғындарының ғылыми негізделген, археологиялық тұрғыдан дәйектелген жалпылама жинақтамалы түр-тұлғасын көрсетуге ұмтылыс - танымал археолог-ғалымдар - К. А. Ақышев, Ә. К. Ақышев, А. С. Подушкиндердің қола заманы тұрғындары мен ерте темір дәуірі көшпелілерінің тұрмыс-тіршілігін археология саласындағы тың ғылыми ізденістер мен соны жетістіктерге сүйене отырып сомдаған “андрондық әйелдің” (б.з.д. XVII–XIII ғғ.), Қаңлы мемлекеті әйелінің (б.з.д. II – б.з. IVғғ.) киімі мен әшекей бұйымдарының, әйгілі “Алтын адамның” - сақ бекзадасының (б.з.б. IV-IIIғғ.), ғұн (сюнну) бекзадасының б.з.д. II - б.з. Iғ. киімі мен қару-жарағының жаңғыртпаларын ертедегі Еуразия тұрғындарының мәдениеті мен тұрмыс үрдісін шын мәнінде айғақтайтын музей қорындағы өте танымал құндылықтар деуге болады.

Музей қазіргі ғимаратына 1985 жылы көшіп келді. Осы уақытта музей экспозициялары жаңа жетістіктермен қайта құрылды. Археолого-

гиялық жәдігерлер археология және палеонтология залының экспозициясында жарқын бедерленген. Музейдің мәдени білім беру қызметінің жаңа түрі болып саналатын бірегей «Ашық қор» залы құрылып қор коллекцияларының бұрын-соңды белгісіз құндылықтармен, археологиялық алтындармен жабдықталуы музей дамуындағы бір жетісітік болды. Шығыс Қазақстан сақтарының зергерлік өнеріне 2003-2004 жж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры А.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен жүргізілген археологиялық экспедицияның Шілікті 2 (VIII-VIғғ) қорымының I патша қорғанынан тапқан алтын бұйымдар Ашық қордағы тамаша тарихи құндылықтардың негізгі бөлігін құрайды. Қордағы бір-біріне қарама-қарсы орналасқан қос арқардың бедерлі бейнелері ерекше айшықталатын жәдігерлердің бірі. Сондай ақ Шіліктінің көне алтыны (б.з.б. VI – Vғғ.), Покровтық екінші обаның (б.з.б. Vғ.), Жалаулы көмбесінің (б.з.б.V – III ғғ.), Қарғалыдағы бақсы әйелдің қабірінен (б.з.б. IIғ. – б.з. Iғ.) табылған алтын әшекейлер және б. з. б. III – б.з. I ғ. мерзімделген күміс ыдыстар археолгиялық құнды қазыналар болып табылады.

Орталық мемлекеттік музей өзінің қалыптасуы мен дамуында елеулі оқиғаларды басынан өткізді, негізгі мәдени-ағарту және ғылыми мекемелердің бірі ретінде республиканың дамуына баға жетпес үлес қосты.

Музей тарапынан ұйымдастырылған экспедициялар археологиялық құндылықтарымызды жинақтауда жемісті қызмет атқарды. Сондай ақ археологиялық қордағы жәдігерлер халықаралық музеолог бағдарламасына енгізіліп, археологиялық каталогтар жарыққа шығарылды.

Қорыта айтқанда, музейдегі ерекше орын алатын археологиялық коллекциялар ежелгі дүние тарихы қорының жиналуына үлкен үлесін қосты. Археологиялық жәдігерлер өткеніміздің белгісіндей болған, халқымыздың баға жетпес асыл мұралары екені даусыз. Осынау баға жетпес асыл мұраларымыз қазақ халқының қалыптасуының негізі болып табылатын сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, сармат және түркі дүниесінен хабар бере отырып, қазақ халқының әлемдік мәдениетте алар орнының жоғары дәрежеде екендігінің сөссіз дәлелі болып отыр. Археологиялық коллекциялардың жинақталуы негізінде Орынбор музейінің негізі қаланып, қазіргі Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейінің құрылуының алғышарты болды.

1. Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. - Алматы. 2001.-С.7-8

2. Файзуллина Г.Ш. Музейные "раскопки" (костюм тунгусского шамана в Центральном Государственном музее РК) //XV Международный научный семинар "Интеграция археологических и этнографических исследований" – Одесса, 21-22 мая 2007 год.

3.Географические известия СПб; 1850 Вып 3. С. 429.

4. Бартольд В. В. О христианстве в Туркестане в домонгольский период. // Академик В. В. Бартольд. Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии. Сочинения. Т. : часть 2. М., 1964.

5. Археологическая коллекция собранная около села Покровки (Уральской области) в 1911 (Прохоровские раскопки) ЦГМ КазССР. Ф. Оп. 1. Д. 501. Связка 32. Л. 43.

6. Шер А. Я. Каменные изваяния Семиречья. М., 1966.

7. Марғұлан Ә. Х. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер. Алматы, 1965.

8. ҚРМОМ. 81-қ. 1-т. 26-қ. 21-п.

9.Ахметова С. Ш. Историческое краеведение в Казахстане. - Алматы; 1982.- с.13.

10. Қазақстанның Орталық музейінің Жаршысы. Алматы; 1930. №1. 3-4 б.

11.Граков Б.Н. Ближайшие задачи археологического изучения Казахстана // Вестник Центрального Музея Казахстана. – 1930. - №1

12. ҚРМОМ. 1308-қ. 1-т. 165-қ. 4-п.

* * *

В статье освещаются истоки создания Центрального Государственного музея РК, формирования, становления и развития археологической коллекции музея. При изучении истории Казахстана с древнейших времен до XVв. основное значение имеют источники вещественного порядка - археологические памятники, а для некоторых районов они являются единственными. В статье на основе огромного фактологического материала анализируется степень изученности территориии Казахстана в археологическом плане, дается целостная картина образования археологической коллекции музея, описываются наиболее яркие артефакты.

* * *

This article deals with the source of foundation of the Central State museum of the RK and with the formation of its archeological collection.

In studying of the history of Kazakhstan from the ancient time to XV c. important part belongs to the material facts – archeological relics.

In this article on the basis of the large materials analyzed degree of archeological studying of our territory and given the foundation of the museum's archeological collection.

В. Б. Жүсіп

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ (XIX Ғ. АЯҒЫ – XX Ғ. БАСЫ) ДІНИ ОТАРЛАУ ТАРИХЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Отарлау қазақтар үшін үлкен сынақ болды. Ұлтты жою саясатының, коммунистік идеологияның қыспағының халық үшін әлеуметтік және адамгершілік-психологиялық салдары орасан зор болды. Дәстүрлі мәдениет пен біртұтастықтың негізі – тіл мен дін өзгеріске ұшырады. Бірақ, XX ғасырдың 90-жылдарының оқиғалары көрсеткендей халық өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы Ресей империясының діни бағытта жүргізген отарлау саясаты өз кезеңінде орыс зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс тапты. Алайда кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында бұл мәселе назардан тыс қалды. Мемлекет тәуелсіздігін алғаннан соң ұлттық-мәдени жаңғыру үрдісі басталды. Солардың бірі дін мәселесіне қатысты өзекті мәселелер назарға алынып, жаңа зерттеулер пайда бола бастады.

Революцияға дейінгі кезең зерттеулеріне сол уақытта өмір сүріп, Ресей империясының отарлау саясатын жүзеге асырып, қазақ жерінде басқару жүйесінде қызмет еткен генерал-губернаторлар, әскери губернаторларының есептері және негізінен миссионерлердің еңбектерін жатқызамыз.

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақтардың тарихын зерттеуде ірі шығыстанушылар үлес қосты: В.В.Григорьев, В.В.Вельяминов-Зернов, Н.И.Ильминский және т.б. Бұл зерттеушілердің назарынан қазақтардың діни көзқарастары мен дүниетанымы тыс қалмады.

Орынбор шекара комиссиясының басында болған В.В.Григорьев басшылыққа қарасты өлкені басқару туралы бірнеше жоба жасады. Ол қазақтар арасында исламның күшеюіне қарсы болды, сондықтан оның уәждеуінше дала өлкесінде башқұрт молдаларына өмір сүруге тиым салынды; молдаларға халыққа ықпал етпеу мақсатында зекет салуды ұсынды. В.В.Григорьевтің жобасын өкімет көшпелілердің наразылығын тудыруы мүмкін деп және Түркиямен соғыстың себебінен қабылдамады/1/.

И.Гейердің қазақтардың діндарлығына қатысты бағасын айта кетуге болады. Алдыңғы зерттеушілер секілді ол қазақтардың өздерінің дінінен хабарлары аз, оның себебі олардың көшпелі өмір сүруі мен әртүрлі дін өкілдерімен көршілес тұруына байланысты екенін дәлелдейді/2/.

Қазақтарды шоқындыру саясаты әрқашан орыстандырумен бірге жүрді. И.И.Завалишин өзінің «Описание Западной Сибири»/3/ атты еңбегінде осы мәселені көтере отырып, қазақтар мәдени даму жағынан Батыс Сібірдің басқа халықтарынан жоғары тұратынын айта отырып: «Бұл тайпа өкіметтің ерекше назарын талап етеді. Ол орыстануға және одан әрі дамуға өте қабілетті», деп көрсетті.

Исламмен күрестің бірден бір жолы ағарту болғандықтан, бұл мәселеге бірқатар зерттеушілер өз еңбектерін арнаған.

Татар молдаларының қызметтерінен бас тартып, қазақтармен қарым қатынас орнатуда қазақ балаларына мұғалім ретінде әліпбиді құрастыру, оқулықтар жасау, христиан әдебиеттерін аудару жұмыстарын белгілі түркітанушы, арабтанушы, миссионерліктің өкілі Н.И.Ильминский орындады. Қазан рухани академиясының жанынан мұсылмандыққа қарсы бөлім құрылды, оның бастамашысы және басқарушысы Н.И.Ильминский болды. Дәл осы бөлімде Ресейдің шалғай өлкелерінде қоныстанған халықтар, соның ішінде қазақтардың тілінде мұғалімдік кітаптар және оқулықтар, бүткіл қасиетті жазба кітаптар жасақталды. Н.И.Ильминский миссионерліктің жақтаушысы ретінде оның мәнін былай ашады: «Мен миссионерлікті бұратана халықты шоқындыру және православиеге тікелей өткізу емес, бірақ оларға христиандық адамгершілік пен христиандық дүниетанымды біртіндеп және шын ниетпен үйрету деп түсінемін»/4/. Миссионерліктің негізгі көзі арнайы миссионерлік мектептер ашу және онда бұратаналардың балаларын тарту болып табылады. «Н.И.Ильминский біздің мақсат, барлығын біздің мектепке қарапайым сауат ашатын орын ғана емес, сонымен бірге нағыз миссионерлік, христиандық-ағартушылық ме-кеме деп қарату дейді. Православты қасиетті шіркеудің ықпалымен өскен және мұнда христиан ілімін саналы түрде меңгерген балалар, өздері саналы түрде христиан болып, өздерінің қандастарына пайдалы әсер етеді», - дейді/5/.

Н.И.Ильминский өзінің көптеген оқушылары мен шәкірттерін қалдырды. Солардың бірі Н.Остроумов болды. Ол «Христианские миссии и миссионерство в общем значении и в отношении к инородцам язычникам, находящимся в пределах России»/6/ атты еңбегінде орыс мектептерінің қызметтеріне баға берді. Қазақтар бұл мектептерге тек пайдалы болғанда ғана барды:

қазына есебінен қамтамасыз еткен жағдайда, сонымен бірге татар сауатын алу үшін барды деп көрсетеді.

Н.Остроумов орыстандыру саясатының, шоқындырудың шын жақтаушысы болды, оның ағартушылық ниеті тек осы міндеттерді жүзеге асырумен шектелді. Исламмен күресу үшін Н.Остроумов мектептерге қайта көңіл бөлуді ұсынды, сондай-ақ, орыс-мұсылман мектептерін ашумен шектелмеу керек екендігін ескерді. Саны жағынан және онда оқитындардың саны жағынан да көп мұсылман мектептері мен медреселерін қатаң қадағалауға алу керек деп есептеді.

Исламды әлсірету үшін И.В.Аничков қазақ әйелдерін шариғаттың ықпалына түсірмей орыс заңнамасы өз қамқорлығына алуын ұсынды. Балалардың тәрбиешісі саналатын қазақ әйелдерінің оқу мәселесі зерттеуші үшін үлкен мәнге ие болды. Оларды оқыту мәселесін И.В.Аничков «По поводу образования киргизских женщин в Тургайской области» атты мақаласында көтерді/7/.

Қазақ жерінде миссиялардың ашылуына байланысты қолпаштау жасаған дала өлкесіне тағайындалған генерал-губернатор Колпаковский императорға Миссионерлік қоғамның Жоғарықасиетті Иоанникиге қосылуы, Ақмола облысында миссияның тезірек ашылуы және оның Семей облысында қызметінің кеңейтілуі туралы баяндамасымен кірді.

Колпаковский баяндамасында қырғыз миссиясының тез ашылуы туралы өзінің жеке көзқарасын баяндады. Оның айтуы бойынша қырғыздар қазіргі уақытта христиандықты оңай қабылдауы мүмкін, өйткені олар мұсылмандықпен әлі таныс емес; олардың өмірі ауызша аңыздың адамгершілік-тұрмыстық кодексіне негізделген/8/.

Исламды елемеу саясатын бірінші генерал-губернатор К.Т.фон Кауфман анықтады. Мұсылмандардың өмірін орталықтандырып, жариялап отыратын қазы-қали және шейхуль-ислам қызметтерін қысқарта отырып, Кауфман олардың рухани өміріне араласпады. Исламды елемеу саясаты 1898 жылғы Әндіжан көтерілісі болғанға дейін жүзеге асырылды. Кауфман татарлардың «далалық миссионерлігіне» қарсы болды, бірақ христиан миссионерлігін де жақындатпады, алайда мұғалімдік семинария ашу үшін белгілі миссионер Н.И.Ильминскийді осы өлкеге шақырды/9/.

Патшалық Ресейдің жүргізіп отырған саясатына орыс халқының ішінде қарсы пікірді ұстанғандар да болды. Мемлекеттік Дума мүшесі Еникеев мырза христиандықты насихаттауға түбегейлі қарсы болды. «… Менің түпкілікті пайымдауымша қазіргі уақытта қандай да діни-миссионерлік үгіт-насихатқа мүмкіндік беру, ол кімнен болсын православтардан, мұсылмандардан, католиктерден немесе лютерандардан болса да.., мемлекет үшін орасан зор салдар әкелетін мемлекеттік қателік болып саналады»/10/.

XX ғасырдың басында бүткіл Ресей империясында болып жатқан саяси өзгерістер қазақ жеріне де әсер етті. Патша үкіметінің жүргізген саясаты көптеген халықтың наразылығын тудырып жатты. Бұл оқиғалар қазақ жеріне де өз ықпалын тигізді. Бұл жөнінде орыс зерттеушілері өз ойларын білдірді. Е.Феодоров XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген еңбектерінде Г.Сафаровтың пікірін қостай отырып, 1905 жылғы революция Түркістанның жергілікті халқын, түземдік қолөнершілерді қағыс қалдырып, өлкедегі орыс тұрғындарына ғана терең әсер етіп, соларды қозғалысқа түсірді деген қорытындыға келген. Сонымен қатар ол сол тарихи кезеңде ұлт-азаттық қозғалыстың болғанын мүлдем теріске шығарады. Автор өзінің бұл тұжырымын 1905 жылы Түркістандағы жергілікті халық арасында революцияға атсалысатын белсенді әлеуметтік күштің, яғни жұмысшы табының болмауымен байланыстырып, қазақ халқының осы тұстағы ұлт-азаттық күресінің жаңа сипат ала бастағынына мән бермейді/11/.

З.Миндлин, Л.Резцов және С.Диманштейн 1905-1907 жылдары Түркістан өлкесі мен қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыс болмады деген пікірдің жаңсақтық екенін айтады. Олар бұл өңірлерде таптық күреске негіз болмағанын алға тарта отырып, ұлт-азаттық қозғалыс патша өкіметінің ислам дініне қарсы әрекеті және миссионерлік саясаты нәтижесінде діни-саяси сипат алғанын баса көрсетеді/12/.

Дін мәселесіне қатысты тек орыс зерттеушілерінің ғана емес, сондай-ақ қазақ зиялыларының да тарихи көзқарастары болды. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында қазақ зиялылары еңбектерінде дін мәселесі көптеп көтерілді. Мұның себебі, осы дәуірде өмір сүрген қазақ халқының жанашырлары Ресей империясының жүргізген саясатының тікелей куәгерлері болды.

XIX ғасырдың аяғындағы қазақ зиялыларының көзқарастарын білу үшін ең алдымен ағартушы Ш.Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, ұлы ақын Абайдың ойларын анықтауымыз керек.

Ш.Ш.Уәлиханов өзінің бірқатар еңбектерінде[ii] исламның таралу мәселесін көтерді, қазақтардың мұсылмандану деңгейін ашып көрсетті; молдалардың мұсылман діні бойынша ілім дәрежесін сипаттады; шоқындыруға, Ресей империясының исламға қатысты саясатына қатысты өзінің көзқарасын көрсетті.

Европа өркениетінің жақтаушысы Ш.Уәлиханов қазақ мәдениетін «мұсылмандықтың ықпалынан» «тазалауды» қалады. Ол мұндай істе қазақтарға Ресей өкіметі көмек көрсетеді деп есептеді. Ол «... біздің облыста қазақтардың өздерінің қалауы бойынша мұсылман заңдарының әсерін жою үшін татар молдалары мен орта-азиялық ишандардың кесірлі ықпалын әлсірету» керек.

Алайда ол исламмен күрес жүргізуде күш көрсетуге қарсы болды. Ш.Уәлиханов христиандықты белсенді түрде таратуға қарсы болды. Ол мұсылмандықты әлсіз қабылдаған қазақтарды шоқындыру оңай деп санаған М.М.Сперанскийдің амалдарына мысқылмен қарады.

Ш.Уәлиханов сияқты, мұсылман қайраткерлеріне Шоқанның замандастары Бабажанов пен Ыбырай Алтынсарин сынмен қараған. Салық Бабажанов татарлардың қызметі сауаттылықты таратуда үлкен ықпал еткенін мойындады. Бабажанов татарлардың фанаттығын сынады және қазақтардың олардың ықпалына түскенін қаламады. Орыс білімінің жақтаушысы болған Бабажанов дінге қарсы болмады. Ол сол дінді терең меңгеру керектігін мойындады. Оған дәлел оның Айжарық молдаға қатысты мысалды келтіруі. Ол алғашқы білімді Стерлітамақ уезіндегі имамнан алып, кейін Бухарда білімін толықтырған. Айжарық Бабажанов пен татар молдасы арасындағы найзағай мен күн күркіреудің себептері туралы таласын шешті. Татарлардың сауатсыздығы және өздерінің материалдық жағдайын жақсартуға ұмтылуы Салық Бабажановтың қарсылығын тудырды/13/.

Ыбырай Алтынсариннің мұсылман қауымының қызметіне сыни көзқарасы да елеулі болды. Оның мектептер ашу және кеңейту, мұғалім кадрін дайындау, оқу және методикалық әдебиеттерді жасаудағы педагогтық қызметі діни білімге қарсы болды. Мұсылман қауымын сынау олардың дөрекілігін ашып көрсету және олардың таратып жатқан білімдерінің әлжуаз сипатта болғанын көрсетуге бағытталды.

Қазаққа жанашырлық танытқан ұлы ақын Абайдың діншілдікті, сопышылдықты сынағанын, бірақ Алла болмысына күдік келтірмегенін айта кету керек. Өзінің кез келген шығармаларында Абай орыстан жақсыны алып, жаманынан жирену керек екенін ашып көрсетеді.

XX ғасырдың басында ұлт азаттық қозғалысына қатысқан қазақ зиялылары өздерінің діни көзқарастары мен мұсылман дініне байланысты ұстанымдарын хаттар және мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары арқылы білдіріп отырды.

Қазақ зиялыларының бұл тобына XX ғасырдың басында қазақ халқының дербестігі үшін күрескен қайраткерлер А.Байтұрсынов - ақын, жазушы, М.Тынышпаев (инженер), М.Шоқай – юрист, М.Дулатов – ақын, Ж.Ақпаев – юрист, Б.Қаратев – юрист, Х.Досмухамедов – дәрігер, молдалар, имамдар, қожалар және т.б. жатқызамыз/14/.

XX ғасырдың басында А.Байтұрсыновтың редакторлығымен «Қазақ» және С.Лапиннің жетекшілігімен «Айқап» газеттері ашылды. Оларда мұсылман дініне байланысты қазақ ауылындағы жергілікті қазақ зиялыларының түрлі мақалалары басылып, қазақ ауылындағы мұсылмандық қозғалыстың жағдайы және мұсылманшылық сипаты және соған байланысты қазақ зиялыларының пікірлері және бағалары көрініс тапты.

Сонымен қорытындылай келе, революцияға дейінгі кезеңде орыс ғылымында қазақ жерін діни отарлауына қатысты біршама еңбектер жазылды. Бұл кезеңде зерттеушілердің кейбіреулері исламға қатысты мәселені объективті ашып көрсетуге тырысты. Бірақ, көпшілігі орыс халқының өркениеттік рөлін баса көрсетті. Жалпы, орыс зерттеушілері мен қазақ зиялыларының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы дін мәселесіне қатысты объективті және маңызды көзқарастарын ғылыми тұрғыдан сипаттау және оларға байланысты әділ тұжырымдар жасауда тарихнамалық талдау жаңа бағыттарға жол ашатынын байқауға болады.

---

1. Григорьев В.В. Русская политика в отношении Средней Азии. Исторический очерк, Т.1.-СПб.,1874

2. Гейер И. Материалы к изучению бытовых черт Мусульманскаго населения Турскестанскаго края. Ташкент, 1891

3. Завалишин И.Д.Описание Западной Сибири. Т.3. Сибирско – киргизская [.....] М., 1867. с.37 – 53.

4. Национальный архив Республики Татарстан. Ф.10.оп.2.д.1128. стр. 15.

5. Национальный архив Республики Татарстан. Ф.10.оп.2.д.1286. стр. 186-187.

6. Остроумов Н.П.Христианские миссии и миссионерство в общем значении и в отношении к инородцам

язычникам, находящимся в пределах России. Санкт-Петербург, 1887.

7. Айтбаева Р.Г. Государственная политика Российской империи по отношению к исламу в Казахстане в XIX веке. Дис. канд. истор. наук. –Алматы, 2006.

8. Национальный архив Республики Татарстан. Ф.10.оп.2.д.1286. стр. 154-156.

9. Айтбаева Р.Г. Государственная политика Российской империи по отношению к исламу в Казахстане в XIX веке. Дис. канд. истор. наук. –Алматы, 2006.

10. Современное состояние татар-мухамедан и их отношение УК другим инородцам. Казань, 1910. Стр. 41-42.

11. Феодоров Е. 1905 год и коренное население Туркестана. Новый восток, 1925, № 10-11.

12. Шалгынбаева Ж. Миссионерская политика царизма в Казахстане // Абай.-1990. №1.-с.52-57

13. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинении в 5-ти томах. 1-том. А., 1964.

14. Айтбаева Р.Г. Государственная политика Российской империи по отношению к исламу в Казахстане в XIX веке. Дис. канд. истор. наук. –Алматы, 2006.

15. Асылбеков М.Х. Политические взгляды Алихана Букейхана // Бекмахановские чтения. 2009 г.

А. Т. Тлеукабылова

МУСУЛЬМАНСКАЯ ФРАКЦИЯ I И II ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ (1906 -1907 ГГ.)

С обретением Республикой Казахстан своей независимости в обществе возрос интерес к изучению религий в Казахстане, в частности, их истории. Для исследуемого нами периода характерно становление ислама важным фактором, как и в общественной, так и политической жизни Казахстана.

Первая Государственная дума стала институтом, где проявились национально-региональные интересы народов Российской империи. Она была учреждена манифестом императора Николая II 6 августа 1905 г. как законосовещательный представительный орган. Подписанный царем 17 октября 1905 г. манифест «Об усовершенствовании государственного порядка» провозглашал создание объединенного правительства – Совета министров и представление населению гражданских прав и свобод. Этот манифест изменил статус Государственной Думы: вместо законосовещательного органа декларировалось создание органа народного представительства с законодательными функциями.

Согласно по изданному 11 декабря 1905 г. новому избирательному закону – Положение о выборах, сохранялась куриальная система, установленная при выборах в Булыгинскую думу, при этом закон прибавил к ранее существовавшим землевладельческим, городским и крестьянским куриям рабочую курию и несколько расширил состав избирателей по городской курии. Нельзя считать, что выборы были всеобщие, поскольку своих избирательных прав были лишены женщины, молодежь до 25 лет, военнослужащие действительной службы и ряд национальных меньшинств.

Выборы в Государственную Думу I созыва проходила в феврале – марте 1906 г. В Думу, согласно избирательному закону, намечалось избрать 524 депутатов, ко дню его роспуска (8 июля 1906 г.) было избрано 499/1/.

Для населения Степных областей (Акмолинской, Семипалатинской, Уральской и Тургайской) и областей Туркестанского края (Закаспийской, Самаркандской, Семиреченской, Сырдарьинской и Ферганской) кроме общего избирательного закона были изданы особые правила «О применении положения о выборах».

Возникшее в конце XIX века как движение за преобразование мусульманских учебных заведений, джадидизм, к этому времени охватила все сферы жизни. Лидеры вышеупомянутого движения выступили инициаторами объединения мусульманских депутатов в Думе в единую фракцию. Мусульманская фракция единственная из всех думских фракций образованная не по партийному, а по религиозно – национальному признаку, в нее вошли в основном представители тюркских родов, исповедующих ислам. Парламентская фракция в протяжении своей деятельности с 1906 по 1917 гг. была оплотом прогрессивных идей мусульманского общества. В депутатской деятельности его представителей все чаяния и нужды смогли найти свое отражение. Всего было избрано 79 депутатов – мусульман – 25 депутатов в I Думу, 37 мусульман – II, 10 – в III и 7 – в IV. Поскольку некоторые депутаты избирались дважды и более, то всего 67 депутатов представляли интересы мусульманского населения в Государственной Думе.

В Думу 1 – го созыва поработавшей с 27 апреля по 8 июля 1906 гг. было избрано, как уже выше отмечено 25 депутатов – мусульман, которые представляли мусульманские регионы империи. Первоначально депутаты – мусульмане записывались во фракцию кадетов, исходя из этого, данные о них приводится в числе членов кадетской фракции. Целью создаваемой мусульманской фракции являлось предварительное обсуждение вопросов, стоявших на повестке, в подготовке ораторов, согласовании позиций всех депутатов – мусульман, подаче запросов о не закономерных действиях властей. Из – за кратковременной работы I Государственной Думы фракция не была оформлена и не успела официально зарегистрироваться/2/.

Центральным вопросом Государственной думы был аграрный. В I Государственную Думу из казахов депутатами избрали Беремжанова А.К. (Степной край, Тургайская область), Букейханова А. Н. (Степной край, Семипалатинская область), Кошегулова Ш. (Степной край, Акмолинская область) и Кальметьева А.К. (Степной край, Уральская область). Из вышеперечисленных депутатов Государственной Думы только у одного депутата низшее образование: Кошегулов Ш. окончил медресе и до выборов в Думу был муллой. Остальные имеют высшее образование. К примеру, Беремжанов А. К. из аристократической семьи, окончив юридический факультет Казанского университета, до выборов занимал должность судебного следователя, в Государственной Думе был к мусульманской группе/3/.

Согласно Высочайшему Манифесту 9 июля 1906 г. Думу была распущена. Поскольку «выборные от населения вместо работы строительства законодательного, уклонились в не принадлежащую им область». 9 – 10 июня 1906 г. большая группа депутатов собралась в г. Выборге, провела совещание и приняла обращение «Народу от народных представителей», известное как «Выборгское воззвание». 16 июля 1906 г. против подписавших было возбуждено уголовное дело «за распространение в пределах России по предварительному между собой уговору воззвания, призывающего население к противодействию закона и законным распоряжением правительства»/4/.

12 – 18 декабря 1907 г. состоялся Выборгский процесс и «Особое присутствие Петербургской Судебной палаты» приговорило 167 бывших депутатов Государственной Думы к 3 – м месяцам тюремного заключения. К «Выборгскому воззванию» присоединилось еще 6 депутатов – мусульман, среди которых был А. Н. Букейханов. Он отсидел свой срок Семипалатинской тюрьме, и после освобождения был отстранен от общественной жизни, также не мог избираться в качестве народного избранника в Думе.

Выборы во II Государственную Думу состоялись в январе - феврале от 1907 г. на основе избирательного закон 11 ноября 1905 г. Надо заметить, что вышеуказанный закон ограничил возможности выбора в Думу представителей национальных меньшинств. Несмотря на то, что в стране нерусские народы составляли большую часть населения, во II Государственной Думе их представители составляли всего 36% (187 из 518) всего состава депутатов. В Туркестане было избрано во II Государственную Думу всего 6 депутатов, в то время как от 322 тыс. русского и «пришлого» населения 7 депутатов. Тем не менее, Дума 2 – го созыва действовавшая с 20 февраля по 2 июня 1907 г. оказалась для мусульман самой благоприятной в количественном и в качественном отношении. Во II Думу было избрано 37 депутатов – мусульман, которые организовали две фракций и направили своего представителя в руководящие органы.

Депутаты – мусульмане поделились на две группы: «мусульманская фракция» и «мусульманская трудовая группа». В последней были отделившиеся шесть депутатов- мусульман. Мусульманская фракция приняла программу «Мусульманского союза». Ее члены председателем избрали М. А. Биглова, а также двух секретарей.

Из казахов во II Государственную Думу избрали Аллабергенова В. (Туркестанский край Сырдарьинская область), Беремжанова А.К. (Степной край, Тургайская область), Кошегулова Ш. (Степной край, Акмолинская область), Кулманова Б. А. (Астраханская губерния, Внутренняя Киргизская Орда), Наракунев Т.Т. (Степной край, Семипалатинская область), Тынышпаев М.Т. (Туркестанский край, Семиреченская область) и Каратаев. С.Б. (Степной край, Уральская область). Из них у троих низшее образование (медресе) и у остальных высшее образование. Например, Кулманов Б.А. окончил восточное отделение Санкт – Петербургского университета.

Правительство опубликовало указ и Манифест о роспуске Думы 2- го созыва, обвиняя Думу в затягивании рассмотрения законопроектов и государственной росписи доходов и расходов, а также в том, что некоторые де-

путаты участвовали в заговоре против государства.

3 июня 1907 г. был опубликован новый избирательный закон, который ограничил доступ в Думу некоторых категорий населения, в том числе и по территориально - этническому принципу, в числе которых и Туркестанский край.

В первой Думе депутаты - мусульмане подписывали кадетские проекты, поскольку не были еще организационно оформлены. Из 12 разработанных кадетами законопроектах имеются 5 подписи депутат - мусульман. Мусульманская группа самостоятельно внесла 3 из 44 законопроектов II Государственной Думы. 31 марта 1906 г. С. - Б. Каратаевым был подготовлен третий проект «о переселенческой политики властей». Следующий проект «Проект основных положений об отмене ограничений в политических и гражданских правах связанных с вероисповеданием и национальностью» был поддержан и подписан 18 мусульманами. Среди них имеются подписи С.– Б. Каратаева, Ш. Кощегулова и А. Беремжанова. Этот проект был внесен 18 мая 1907 г/5/.

Власти стремились контролировать процесс выборов и регулировать избрание удобных для себя кандидатов. Надо отметить, что нередко им сопутствовал успех. В поле зрения властей было не только регулирование количества, а также качества депутатов. Таким образом, неугодных кандидатов они отсекали на разных этапах под различными предлогами и обвинениями. При помощи «Выборгского воззвания» власти смогли убрать видных депутатов. Несмотря на утвержденное Николаем II 17 апреля 1905 г. Положение «Об укреплении начал веротерпимости», декларировавшее свободу вероисповеданий, в российском законодательстве сохранялся ряд правовых ограничений, связанных с религиозной принадлежностью граждан. Создание и деятельность мусульманской фракции в Государственной думе стали важным показателем развития политического самосознания российских мусульман. В центре внимания мусульманской фракции в I и II Государственной думы были три основных вопроса: аграрный, проблемы демократизации политической жизни и проблема национально-религиозных взаимоотношений. Таким образом, мусульманская фракция играла заметную роль в деятельности I и II Думы.

1. Мусульманские депутаты Государственной Думы России 1906 – 1917 гг. (Сборник документов и материалов), Уфа, 1998. - с. 6.
2. Ислам и мусульманская культура в Среднем Поволжье: История и современность, Казань, 2006. - с. 324.
3. Д. Усманова. Мусульманская фракция и проблемы «свободы совести» в Государственной Думе (1906 - 1917 гг.). - Казань, 1999. - с.128
4. Ислам и мусульманская культура в Среднем Поволжье: История и современность. - Казань, 2006. - с. 325.
5. Д. Усманова. Мусульманская фракция и проблемы «свободы совести» в Государственной Думе (1906 - 1917 гг.). - Казань, 1999. - с. 67.

* * *

Бұл мақалада автор I және II Мемлекеттік Думада (1906 – 1907 жж.) мұсылман фракциясының пайда болуы мен ондағы депутат - мұсылмандардың заңшығарушылық қызметі, сондай-ақ депутат -мұсылмандардың басты көңіл бөлген мәселелерін қарастырады.

* * *

In this article author researched the appearance of Muslim union in I and II calling of the State Duma and deputies – Muslims' legislative activity in 1906 – 1907.

Е. Саниязов

XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі қазақ қоғамындағы демократиялық жаңғырулар барысында жаңаша ой-пікірлер мен көзқарастарды қалыптастыру мақсатында өткен кезеңдегі қазақ халқының азаттық жолындағы күресі мен оның рухани түлеуін зерттеуде отандық тарих ғылымының алдында күрделі міндеттердің орын алып отырғандығы белгілі жайт. Осы орайда республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болған жағдайында оның өткен дәуірдегі тарихын сол кезеңнің шындығына сай, идеология мен саяси қалыптардан ада, тарих ғылымында бұрын сыңаржақ баға беріліп келген мәселелерді мейлінше ашып көрсете отырып, ақиқат, шындық, ғылыми және қоғамдық-саяси тұрғыдан саралаудың маңызы зор.

Шын мәнісінде XX ғасырдың басы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің шарықтау кезеңі болып табылады. Қазақ өлкесінің XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында

Ресей империясының саяси және экономикалық жағынан толық дәрежелі отар еліне айналуына, саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени тұрғыда отаршылдық езгінің күшеюіне қарсы бағытталған наразылықтардың, 1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы барысында дүниеге келген қазақ даласындағы ұлттық-демократиялық жаңғырулардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісімен, 1917 жылғы қос революция және азамат соғысы жылдарындағы қазақ халқының азаттық жолындағы күрестерімен ұласып, тереңдей түскені мәлім.

Қазақ қоғамы үшін нағыз өтпелі кезең болған сол уақытта тарих сахнасына көтеріліп, бас-аяғы жиырма жылға созылған қысқа мерзім ішінде өшпес із қалдырған ұлт зиялылары еді.

Тарих сахнасына алашорда-халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол-ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді.

Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей, қазақ қоғам қайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ еді.

Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде езілген елдердің табиғи талаптары мен мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныс та қалыптаспақ. Ал, осы негізде пайда болған мемлекеттің саналы түрде жалпы ұлттық-мұраттарға қол жеткізуді көздейтін шараларды іске асыруы да табиғи нәрсе. Өздерінің саяси еркіндігін алған елдердің бәрінде де осылай болған. Осы тұрғыдан алғанда, әрине "Алаш" партиясының өмірге келуі тарихи қажеттіліктен туған болатын. Бірақ қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің бұл әрекеті ескі Ресейдің тұтастығын көксейтін ақ қазақтар мен патша генералдарына да жаңа тоталитарлық жүйені орнатушы большевиктерге де ұнай қоймайды. Егер алғашқылары Ұлы Ресейсіз өз бетінше өмір сүре алмайтын бұратана халықтың ат төбеліндей сепаратистік пиғылдағы өкілдеріндей қарап, аяқтарынан шалса соңғылары саяси сауатсыз, аңқау елді арзан ұрандармен артына ертіп, ал оның көзі ашық көш бастаушылары "буржуазиялық ұлтшылдар", "ұлтшыл-уклонистер" деп жариялап, алдымен халықты оларға қарсы қойып, артынан бұларды асып-атып, рухани азапқа салып, жойып тынды [1, 7 б.].

Ұлттық саясатта түптеп келгенде ұлыдержавалық, империялық мақсатты көздеген бұл екі саяси жүйе де ұлттық мемлекеттік идеясынан қорықты. Сондықтан да, ұлттық шет аймақтарда бұл ойға қорғау салушылардың есімін атауға да тиым салынды. Міне, осыған байланысты біз соңғы уақытқа дейін қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің өмір жолымен, олардың артында қалдырған шығармашылық мұраларымен таныса алмай келдік. Халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өрлейтін терең із қалдырған қайраткерлеріміздің тізімі жетерлік.

Кеңес дәуірі кезінде жарық көрген ғылыми зерттеулерде саяси-идеялық ахуалдың қалыптасуына әсер еткен, факторлардың ролі, ықпалдары маркстік-лениндік көзқараспен бағаланды. Керісінше, қазақтың кең даласында андасанда көрініс берген большевиктік идеологияның таралу заңдылығы, яғни социалистік революцияның болуы дәйекті қажеттіліктен туды деген тұжырым, қағидалар ғылыми зерттеулерде аксиома ретінде дәлелденді. Ал, қазақ қайраткерлері қоғамды күшпен құлатып, дәстүрлі саяси-құқықтық мөдени дамуды ұлт санасына жат институттармен алмастыруға үзілді-кесілді қарсы болды. Философ А.Қасабековтың түсігінше: "XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Шоқаев және басқалары өмірдің обьективті жағдайларын өзгертуді күшпен емес, сананы сол процеске енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады. Олардың негізгі идеялары-бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпы адамзаттық құндылыққа жақындастыру болды" [2, 18 б.].

Міне, сондықтан да XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында қалыптасқан саяси-идеялық ахуалға большевиктік идеологияның ықпалы пәрменді болды, "революциялық қозғалысқа қазақ жастары белсенді араласты" деген жасанды тұжырымдар ақиқатқа сай келмейді. Ұлан байтақ қазақ жерінде большевиктік идеологияға мойынсұнған М.Сералин, С.Көбеев, Н.Ералин, М.Бекметов, Ы.Дүйсенбаев, Т.Бокин сияқты саусақпен санарлық қазақ жастарының астыртын жүргізген революциялық қызметінен саяси -идеялық ахуалда күрт өзгеріс болды деп сендіру ақиқатқа мүлдем қарама-қайшы екені даусыз.

XX ғасырдың басында қазақ еліндегі ұлт-азаттық күресті жаңа саяси күш – алаш зиялылары бастады. Қазақ зиялылары ақпан төңкерісі нәтижесінде орын алған бүкіл Ресейдегі саяси дүрбелең кезді қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан пайдаланып қалуға тырысты. Халқымыз үшін осы кезеңдегі ең басты мәселе ұлттық тәуелсіздігімізді қайта қалпына келтіру болды. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында қазақ зиялылары көптеген нақты істерді атқарды.

Қазақ зиялылары отаршыл үкіметтің қазақтардың тілін, салт-дәстүрін, діни сенімін, жалпы ерекше болмыс-бітімін құғындау, тағылық және айуандықпен жазалау арқылы ұлт ретінде жойып, бүтін өлкені орыстандырып жіберуді тоқтату керектігіне назар аударды. Әртүрлі әкімшілік шаралар, нұсқаулар мен ережелер арқылы қазақтарды заңнан тыс тобырға айналдырып, оларды өздерінің ата-қонысынан айыру саясатын көздегенін ашына айтып, ендігі уақытта халыққа автономиялық дәрежеде болса да еркіндік беруін талап етті.

Сол дәуірде күн тәртібіне қазақ қоғамы дамуының және қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы өткір қойылды, ол үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ, ендігі уақытта жеке батырлар қол бастап, қылыш-найзамен көтеріліске шығу нәтиже бермейтін еді. Қалыптасқан саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла жаңа нысандары қажет болды, ең негізгісі, халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат- мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, тәуелсіздік үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын, саяси-әлеуметтік күшке сұраныс күшейді. Ол күш халқы үшін өмірдің барлық игіліктерінен бас тартып саяси күрес майданына шыға бастаған ұлттық интеллигенция-ұлт зиялылары болатын.

Осы ғасырдың басындағы халқымыз өміріндегі көкейтесті мәселелерді парламенттік бейбіт жолмен шешуге әрекеттенген, сөйтіп большевиктердің кантөгіс арқылы билікке келуіне балама көзқарас идеясын ұстанған ұлттық саясаткерлеріміздің тарихы жете жазылатын мезгіл жеткенін ескеруіміз керек [3, 94 б.].

Сонымен қатар, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық ахуалына түрік бірлігі түркішілдік идеялардың қалыптасуы біршама ықпалын тигізді. Негізінде түркішілдік идея "Айқап" журналының айналасында топтасқан қазақ зиялыларының саяси-құқықтық көзқарастары мен атқарған қызметтерінен анық байқалды. Зерттеуші Санжар Асфендияровтың пікірінше: "...пантуркизм қозғалысымен байланысып жүрген қазақтың интелегенттері "Айқаптың" айналасында жиналды (мысалы; М.Сералин, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин), бұл топқа татар интелегенттерінің де ықпалы тиді. Айқапшылар Ресейдегі түрік елдерін біріктіру керек деген пікірде болды" [4, 101 б.].

Негізінен қазақ зиялыларының түркішілдік идеяға бойсұнулары үлкен үш негізден бастау алды: біріншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өздерінің білімділігі мен ізденістері нәтижесінде байырғы түрік мәдениетіне, оның Байкал көлінен бастап, Қара теңізге дейінгі аралықтағы ұлы далада үлкен, күшті тайпалық бірлестік құрып, дүниежүзілік тарихта із қалдырған ұлы Түрік қағанатының батырлық еріктік істеріне қанық болды да, солардың тікелей ұрпақтары ретінде өз халқын сол бай тарихи аталар дәстүрімен патриотизмге жігерлендіру арқылы отарлық саясат пен ұлттық езгіге қарсы тұру санасын оятқысы келді. Екіншіден, түркішілдік идея, қазақ зиялыларының пікірінше, Ресейдің қол астында отарлық саясаттан тепкі көрген барлық түрік тілдес халықтарды бір ту астына біріктірер бірден-бір ортақ рухани күш ретінде танылды. Себебі, түрік тілдес халықтар батыс пен шығысты қанды шеңгелінде ұстап тұрған екі басты самұрық құстың тырнағынан жеке-жеке ұлт болып босанып шығулары мүмкін еместігін анық түсіне білді. Үшіншіден, түркішілдік, түркі бірлігі идеясы, қазақ зиялыларының пікірінше, көшпелі түрік тілдес халықтардың бай тілі мен мәдениетін, тамырын тереңнен тартқан дінін дуние жүзілік деңгейге көтеретін сол арқылы евроцентристік көзқарастарға тойтарыс беріп, ғылымдағы ұлыдержавалық шовинизмді тежейтін негізгі факторлардың бірі деп саналды [5, 15 б.].

Қазақ зиялыларының түркішілдіктен нәр алған өздерінің көкейлерінен шыққан жалынды сөздері қазақ халқын саяси бостандық пен теңдікке жігерлендіргені хақ.

Демек XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-идеялық ахуалдың қалыптасуына әр мағынадағы қағидалар мен теориялардың ықпал еткені ақиқат болып қала бермек. Сонымен, қазақ зиялыларының саяси-құқықтық, реформаторлық көзқарастары негізінде ұлттық прогресс, саяси бостандық, отарлық езгінің құрсауынан босану және саяси ұлттық, демократиялық мемлекет құру идеялары жатты. Себебі, қазақ қоғамының даму процесі, ішкі шиеленістер осы

идеялардың іс жүзіне асуына дәйекті жағдайлар туғызған еді.

Алашорданың құқылық идеяларының прогресшіл болғаны соншалық, олар кеңес өкіметінің зандарында іске асырылып қана қойған жоқ, олар қазіргі уақытта да маңызды болып отыр.

Қазақтың ғылыми интеллигенциясының алғашқы өкілдері ұлт тағдырына байланысты барлық мәселелерді шешуге белсене катысты. Заман тудырған ең өзекті міндеттердің іске асуы, мәдени өркендеудің барлық күрделі мәселелерін оңтайлы шешілуі қазақ ғалымдарының аз ғана шоғырының мойнында болды. Мысалы, қазақ тіліндегі мектеп окулықтарын баспадан көптеп шығару, олардың сапалық деңгейін арттыру жөніндегі жанашырлық ғылыми-әдістемелік Кеңестің төрағасы Молдағали Жолдыбаев пен осы Кеңестің мүшесі Телжан Шонановтың Халық ағарту халкомы Смағұл Сәдуақасовқа жазған хатында (1925 ж. 13 ақпан) айқын көрініс тапқан [6]. 14 ақпан күні Молдағали Жолдыбаев пен Біләл Сүлеев Халық ағарту халкоматы алқасының құрамына енгізілді [7]. Бұл қайраткерлердің әрқайсысы бір мезгілде қоғамдық - басшылық, оқытушылық, ғылыми-зерттеу, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге мәжбүр болды.

Ұлттық саяси тарихындағы бұл кезеңнің тарихи ерекшелігі: саясат сахнасына ұлт тағдырын, заман ағымын уақыт сұранысна лайық теориялық дәрежеде қорта алған, сондай-ақ онымен шектелмей ұлт өмірін жаңа талапқа сай мазмұнда қайта құруға (модернизация) ынталы да жігерлі саяси күш келді. Бірақ империялық күштер, яғни олардың оңшылдары мен солшылдары, ақтары мен қызылдары енді ғана бой көрсеткен ұлттық зиялы-элитаның ұсыныстарына құлақ аспақ түгілі, одан тезірек құтылуға тырысты. Сондай-ақ бұл ойды большевиктер іске асырды да.

Сол тұстағы қазақ зиялыларының көпшілігі жоғары оқу орындарының заң факультетін бітіріп, құқ туралы терең білім алу арқылы жерін, елін заңсыздықтан қорғамақшы болды. Ал бұл тұста қазақ даласында зорлық-зомбылық күшті белең алып тұрды. Қазақтың жер қайыстырған малы мен тасыған дәулеті оның көбеюіне себепші болған құнарлы жері ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Қараңғы халық заңсыздықтан азап шекті. Осындай жағдайда заңды білуге ұмтылу жұрттың алдына қойған үлкен арман- мақсат болды.

Заманында ұлт азаттығы жолында халқына қалтқысыз қызмет еткен зиялыларымыз болашақ тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қаласты.

Сондықтан да тәуелсіздік жолында күрескен ұлттық зиялыларымыздың есімдері ұлттық мүдде жолындағы белсенді қоғамдық-саяси қызметі бүгінгі тәуелсіз Казақстан тарихының қасиетті төрінен орын алуы керек.

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

2. Қасабеков А. Қазақ философиясы тарихын қалай зерттейміз. //Ақиқат. №5. 1994

3. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? — Алматы: Ана тілі, 1993. — 208 б.

4. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. –А.,1994

5. Өзбек ұлы С. Арыстары Алаштың.- А., 1998

6. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916-1920 жж). Тарихи очерк. – Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2000. –144 б.

7. Сайлаубай Е.Е. Алашорда үкіметінің Шығыс бөлімі. Тар. ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссерт. – 30 б.

* * *

В статье рассматриваются некоторые аспекты борьбы казахской интеллигенции, «алашординцев», за государственную независимость и политическая жизнь Казахстана в начале XX века.

М. Бөбекбай

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Моңғолия қазақтарының осы елге қоныстануын қазіргі кезге дейін зерттелген ғалымдар еңбегіне сүйенсек, XIX ғасырдың екінші жартысына жатқызады. XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап қазақтың Орта жүзінің керей тайпасы қазіргі Қазақстан жерінен көшіп, Қытайдың батысына қоныс аударды. Г.Е. Грумм-Гржимайло: «Керейлер 1881 жылы Санкт-Петербургтегі патшалық Ресей мен Қытай арасындағы келісім бойынша батыс Қытай өлкесіне қалып қойған патшалық Ресейдің бір аймағы еді»-деп көрсетеді[1,309] .

Қазақ этностық топтың демографиясы белгілі бір өлкеде қалыптасып ірге тепкен адамдардың жан санының өсуі, құрамы, тығыздығы, қала мен ауылдық жерлерде орналасуы тәрізді

жағдайлармен, ерекшеліктерін айқындайды. Моңғолиядағы қазақтардың демографиялық құрылымы, яғни жан саны, құрамы, шаруашылық өмірге қатысуы, еңбек етуін зерттеу қазақ этностық топтың қалыптасуын, өмір тірлігін бағалауда алдыңғы шарттардың бірі болмақ. Халықтың табиғи қозғалысының әр елде әр түрлі болуына осы елдердегі әлеуметтік, экономикалық, географиялық, биологиялық. этномәдениеттік, тарихи және басқа да факторлар (мыс., әйелдердің қоғамдық өндіріске қатысуы, тұрғындардың біліми-мәдени саналылығы, денсаулығы, некелесу жасы, отбасы ішінде бала тууды реттеу, діни қағидалар, әдет-ғұрыптар т.б.) әсер етеді [2, 28].

Жалпы бұл өлке қазақтары көшіп келгеннен бастап, қазіргі кезге дейін негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болып табылады. Үнемі көшіп-қонып жүргендіктен жалпы жан, түтін саны туралы толық деректер сақталмаған. 1905 жылы мұндағы қазақтардың жанұя саны 1370-тей болды.

1934 жылы қазақ аймағының саны 3834, ал жалпы адам саны 18699 оның ішінде ерлер 7690, әйелдері 9733, молда саны 1276 адам делінген. Қобда аймағына қарасты болған 1938 жылдары бұл аймақтың, барлық адам санының 33% немесе 21000 қазақ, 4300 түтін 3 хошуун, 9 сұмын (үшінші дәрежелі әкімшілік бірлік), 74 баққа (төртінші дәрежелі әкімшілік бірлігі) бөліне қоныстанып отырған [3, 66].

Қазақтар көп қоныстанған Баян-Өлгий аймағында 1940 ж санақ бойынша 23544 адам, 8000 шаңырақ 33300 адамнан құралған еді. Бұл кезде аймақтың барлық жан санының 78 % немесе 22788 адамы қазақ болғаны аян[4, 21].

Баян-Өлгий аймағында 1933-1944 жылдардағы халық саны жөніндегі деректерде 1940 ж барлық жан саны 33299 (ерлер-16745, әйелдер-16554), 1944-ші жылы жан саны-36028 (ерлер-18226, әйелдер-17802) болды. Моңғолия бойынша 1965 жылы ақпанның 5-інде жүргізілген халық санағы бойынша ел көлемінде 36700 немесе, барлық жан санының 4,3 % қазақтар құраған. Бұл мәліметке қарағанда 1938 жылдан кейінгі 18 жылда қазақтың жан саны 15700 адам, немесе жыл сайын 972,2 адамға өсіп отырған. 1963 жылғы халық санағының мәлімдемесіне қарағанда 47,7 мың (ерлер–24,1 мың, әйелдер–23,6 мың), немесе, Моңғолияның халық санының 4,7 %-ін қазақтар иеленген. 1969 жылы жүргізілген халық санағы бойынша барлық жан санының 5,2%-ін қазақтар құраса, 1979 ж 84,3 мың қазақ, 10 жылдан кейін 1989 жылы қазақтар саны 120506 болып Моңғолияның барлық жан санының 5,9%-ін иеленген [3, 80].

Жыл сайын 3620,6 адамға, немесе барлығы 36206 адамнан қосылып отырған. 1990 жылдарда Моңғолияда қазақтардың жалпы саны 150000-ға жуықтаған. Қазақ халқының бір тобы 150-170-дей жыл бойы Алтай тауының теріскей бетінде өмір сүре отырып, 200000-нан астам қазақтар осында дүниеге келген [3,81].

Қоныстану жағынан алғанда орналасу тығыздығы бойынша қазақтардың негізгі тобы Баян-Өлгийде, ал қалғаны Ховд, Хэнтий, Төв, Сэлэнге аймағы, Уланбатыр қаласында мекен етеді. Қазақтар қаладан қарағанда ауылды мекендерде көп қоныстанған. Моңғолиядағы қазақтар саны тек ғана табиғи өсумен шектеліп келген. Халықтың тіршілігі, денсаулығы біршама жақсарғандықтан өлім-жітім, жас нәрестелер шетінеуі азайып, тууы және адамдардың табиғи өсуі жоғары болғандығы байқалады.

Кесте-1

Көрсеткіштер	1956 ж	1963 ж	1969 ж	1979 ж	1989 ж
Барлық адам	33,8	47,4	58,1	69,4	90,9
Қала тұрғыны	4,4	9,8	14,0	20,5	30,9
Б/та иеленетін %	11,3	20,8	24,1	29,5	33,9
Ауыл тұрғыны	34,4	37,6	44,1	48,9	60,2
Б/та иеленетін %	88,7	76,2	75,9	70,5	66,2

Говь-Алтай аймағында 157, Завхан аймағында 60, Төв аймағында 3, Уланбатар қаласында 2 адам, барлығы 25576 адам қазақ ұлты болып санаққа тіркелсе, 1950 жылғы санақта 29620 адам қазақ болып тіркелді.

Баян-Өлгий аймағы құрылған 1940 жылы аймақтық әкімшілік бірлігі 10 сұмын, 71 бақ,

1989 жылғы адам санағының жоғарғы мәліметіне қарағанда қазақ әйелдерінің саны, олардың дүниеге әкелген сәбилері, қала мен ауыл айырмашылығын анық байқатады. Моңғолия көлемінде бір ананың тапқан бала саны орта есеппен 4,5 болса, қазақ аналардың тапқан баланың орташа саны 5,6 екенін байқауға болады. Қалалық жерлерде орташа саны 4,9, ауылдық жерлерде 6,1 сәбиді дүниеге әкелген.

Моңғолия көлемінде қазақтар арасында балалар мен жастардың иеленетін үлес салмағы үнемі өсіп келеді. Адамдардың жас шамасы еркектер мен әйелдер арасында сан жағынан көп айырмашылық жоқ, яғни ерлер саны әйелдерден 1872 адамнан артық екендігі тіркелген көрінеді [5,16].

Адамдардың әлеуметтік құрамы қазақ этникалық тобының қалыптасуы барысында өзіндік міндет атқарып, өз әсерінің ізін де қалдырды. 1989 жылғы жан санағы кезінде қазақ адамдар әлеуметтік тегі деген сұраққа жауап бергенде көбінде малшы халық, кооперативтік халық, жұмысшы интеллигент делінсе, демократияландыруға байланысты қазақтардың әлеуметтік жағдайы қазіргі таңда үлкен өзгеріске ұшыраған.

Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған 1991 ж. желтоқсаннан кейін қазақ диаспорасының көші-қоны мәселесін шешуде жаңа кезең басталды. 1992 ж. маусымда «Көшіп келу туралы» Қазақстан республикасының заңы қабылданды. 1991 жылдан 2000 жылғы дейінгі аралықта Қазақстанға Моңғолиядан 63,5 мың адам келген [2, 39].

Дүние жүзі бойынша 1994 жылды «Мемлекеттік отбасы жылы» деп жариялап, 2004 жылы мемлекеттік отбасы жылының 10 жылын атап өту туралы БҰҰ-ның негізгі Ассамблеясы шешім шығарып атап өткен болатын.

Моңғолия мемлекеті 2004 жылды **«Отбасы дамуын қолдау»** жылы деп жариялап, көптеген жұмыстар ұйымдастырған болатын. Сонымен қатар, МХР-сы отбасы және балалар жөнінде біраз заңдар мен құқықтар енгізді. Моңғолия мемлекетінің отбасы жөніндегі ұстану бағытын экономикалық қатынаста да көркейтуге, жетілдіруге назар аударып келген болатын. Мемлекет нарыққа көшкен жылдары экономикалық өзгерістер Моңғолия отбасы қарым-қатынасына да көптеген өзгерістер алып келген болатын. Жұмыссыздық, әлеуметтік жағдайдың төмендеуі, дағдарыстың белең алуы отбасы жағдайына кері әсерін беріп, соларды шешу амалдарын, механизмдерді іздеп табу тәжірибелеріне әкелген болатын. 2002, 2004 жылдары Моңғолия мемлекетінің президентінің басқару органы Басқару академиясымен бірлесіп «Қазіргі Моңғолия отбасы дамуының өзекті мәселелері» тақырыбында практикалық 2 реткі шағын жиналасын өткізген болатын.

Баян-Өлгий аймағындағы адамдардың үйлену жағдайына бұрынғы жылдармен салыстырғанда ерекше өзгерістер енбеген. 2000 жылы 1989 жылға қарағанда 0,3 пайызға кеміп, керісінше, ажырасқандар 0,4 пайызға өскен. Ажырасқан ерлердің саны әйелдерге қарағанда қайта отбасын құру мүмкіндігі көбірек екендігі көрсетілген[6,11].

Кесте-2

15 және одан жоғары жастағы адамдардың үйлену жағдайы 2000 жылғы санақ бойынша									
	Ер адамдар			Әйелдер			Барлығы		
Үйлену жағдайы	саны	орташа пайызы	аймақтың орташа пайызы	саны	орташа пайызы	аймақтың орташа пайызы	саны	орташа пайызы	аймақтың орташа пайызы
Мүлде үйленбеген	8549	33.1	36.2	7101	27.6	27.8	15650	30.3	32.0
Үйленген	16281	63.0	59.2	16287	63.2	59.3	32568	63.1	59.2
Ажырасқан	172	0.7	1.7	186	0.7	2.4	358	0.7	2.1
Жесір	827	3.2	2.9	2192	8.5	10.5	3019	5.9	6.7
Барлығы	25829	100.0	100.0	25766	100.0	100.0	51595	100.0	100.0

2000 жылғы санақ бойынша аймақтың 15 және одан жоғары жастағы үйленген ер адамдардың алатын пайызы 63,0 әйелдер, 63,2 пайызы ерлердің құрауы аймақтың орташа процентімен салыстырғанда ер адамдардың алатын проценті 0,18, ал әйелдердікі 3,1 пайыз жоғары. 15-24 жас аралығында ер адамдар арасында мүлде үйленбегендер аймақ бойынша ең жоғарғы пайыз 88.6 пайызды көрсетсе, осы жас аралығында ажырасқандар 10,5 пайызды құрап отыр. Ал, керісінше 35-44 жас аралығындағы отбасын құрған ер адамдар саны неғұрлым

жоғары болса, ажырасу деңгейі де соншалықты жоғары, яғни 32.0 пайызды иеленіп отыр. Талдау жасайтын болсақ, қаймағы бұзылмаған осы өңірде қоныстанған қазақтардың арасына қазіргі заманның кейбір үрдістерінің отбасы қатынастарына әсерін тигізіп жатқаны байқалады.

2008 жылғы наурыз айындағы Баян-Өлгий аймағының статистикалық мәліметке сүйенсек, Баян-Өлгий аймағында барлық 94400 адамның 46180 яғни, 43,6%-ы 19 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер, 4081 яғни 50,5%-ы әйелдер. Сонымен қатар жыл ішінде жаңадан 1343 отбасы тіркеліп, 2570 бала дүниеге келіп жатыр. Бір үйдегі жан санына байланысты бұл аймақ мемлекет бойынша алда тұр. Олар әсіресе, Булган, Дэлүүн, Уланхус сумындарында өте көп. Бұл сумындарда бір отбасына шамамен 4,7 адамнан келеді. 8 немесе одан да көп адам бар отбасы барлығы 1342 болатын болса, ал 16 жастағы 4 немесе одан көп балалы үйдің саны 3650-ге жетті.

Бұл аймақтың адам саны көп, сол себептен жұмыссыздар, кедейлер көп. Мысалы, кедей отбасыларының саны 8041, мүлде кедей отбасы 3297, жесір әйелдер саны 1630, әйелі қайтыс болған ерлер саны 784-ті құрайды. Толық жетім балалар саны 300, жартылай жетім 2748 бала бар. Кедейлер саны көп сумындарға Цэнгэн, Цаганнуур, Улаанхус, мүлде кедей сумындарға Алтанцэгу, Ногооннуур, Сақсай кіреді[6,13].

2000 ж санақ бойынша Баян-Өлгий аймағы бойынша жалпы қазақтар саны 91068 адамды құраса, оның ішінде ерлер 45813, ал әйелдер 45255-ке жеткен (Кесте-2). Кейінгі жылдардағы есеп бойынша қазақтардың бұл аймақта өсу деңгейін байқаймыз.

Кесте-3

Баян-Өлгий аймағындағы қазақтар саны

жылдар	1963 санақ	1969 санақ	1975ж	1979 санақ	1981 ж	1991ж	1993 ж	1995 ж	1998 ж	2000 санақ	2002 ж	2004 ж	2005 ж
адам саны	47800	58100	66600	71400	74500	102817	75043	82259	87341	94068	98066	99112	95758

2009 ж ортасына қарай Моңғолияның статистикалық мәліметі бойынша (оның ішінде БҰҰ-ның мәліметі) жалпы халық саны 2,7 млн. адамды құраса, 2009 жылдың шілде айында АҚШ-тың санақ орталығының мәліметіне қарағанда 3,0 млн адамды құраған. Жылдық өсім-1,493 пайызды құрап отыр. Туу көрсеткіші-2,23, сәби өлімі 1000 адамға шаққанда 40-ты құраса, орташа өмір сүру жасы ерлерде 65 жас, әйелдерде 70 жас шамасын көрсеткен. Халықтың этникалық құрамын қарастырсақ, моңғолдар 94,9 пайыз, қазақтар халық санының 5 пайыз яғни, қытайлар мен орыстар 0,1 пайыз болған. Халықтың табиғи өсуі 1000 адамға шаққанда-28, туу кезіндегі өлім-37, ал өлім-9 адамды құраған. 1950 жылдан 1983 жылдар аралығында Моңғолияның халқы 2,3 есе, 1950 жылдан 2007 жылдар аралығында 4 есе көбейген [7].

Жалпы, Моңғолия бойынша және кейінгі жылдардағы қазақтардың есебі төмендегі 3-кестеде көрсетілген.

Кесте-4

Моңғолиядағы қазақтар
Моңғолиядағы халық санағының нәтижесі бойынша

1956	%	**1963 ж**	%	**1969 ж**	%	**1979**	%	**1989 ж**	%	**2000 ж**	**%**	**2007 ж**	**%**
36729	4,34	47735	4,69	62812	5,29	84305	5,48	120506	6,06	102983	4,35	140152	5,39

Баян-Өлгий аймағының 88,7, Қобда аймағының 11,5 пайызын құрайтын қазақтардың бірнеше мыңы Улан-батор қаласына қоныс аударған. Ел астанасы Улан-Баторда және оның төңірегінде 40 мыңдай қазақ этникалық тобы тұрады. Баян-Өлгий қазақтарына қарағанда ел астанасындағы қазақтардың ассимиляциялануы күштірек байқалуда. Соған қарамастан Улан-Батор қаласының интеллигенция өкілдері мұның алдын алу үшін барлық қолдан келген мүмкіндікті жасап отыр. Этникалық қазақтар Моңғолияның 21 аймағында, 181 халықтық мекендерде тіршілік етіп отыр. Қазіргі таңда Моң-

ғолияда қазақ тілін, ділін, мәдениетін ата-баба салт дәстүрін қорғау мақсатында «Арулар» атты ұлттық орталық жұмыс істейді

1. Қилыбаева Б.Қ. Монғол қазақтарының тарихи-мәдени мұрасы. Евразийский ежегодник. – Астана, 2005.- 484 с.
2. Картаева Т.Е. Тарихи демография: Оқу құралы. – Алматы, 2007.-152 б.
3. Хұрметхан М. Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы. Алматы - Улаанбаатар, 1997. - 284 б.
4. Ислам Қ. Моңғолия қазақтарының тарихы. - Өлгий, 1980. -242 б.
5. Баян-Өлгий аймгийн тооллогын дүн. Улаанбаатар, 2001.
6. 2008 ж Баян-Өлгий аймағы бойынша санақ материалдары (монғол тілінде)
7. http//www.google.kz. (интернет материалдары)

* * *

В данной статье на основе статистических материалов рассматривается сегодняшнее демографическое состояние казахов Монголии, проживающих в Баян-Ульгейском аймаке.

М. Д. Байдаулетова

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ)

XIX ғ. екінші жартысы - XX ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерінің біріне – қазақ қыздарының теңсіздігі жатады. Қазақтың салты бойынша ата-аналары қыздары мен ұлдарын жас кезінен атастырып, өздері қалаған адамдарымен құда болып, күйеуі қайтыс болса, жеңгесін қайын інісіне алып беретін әмеңгерлік салты болатын. Осындай ескі салт қазақ қоғамына өз зиянын тигізбей қойған жоқ. Біз қарастырып кезеңде қазақ жеріне батыс елдерінің мәдениеті тереңдей енуіне байланысты, қазақтың ата-бабасынан бері келе жатқан салттары, соның ішінде ерте жастан құдаласу және т.б. өзгеріп, жаңа өмірге бейімделе бастады. Қоғамдағы келеңсіз жайттарға халықты оятып, көзін ашқан зиялы, оқыған азаматтарымыз болғандықтан, олардың еңбектері де бізге аса маңызды дерек болып табылады. Қазақ зиялылары қазақтың зиянды ескі салттарын өздерінің шығармаларында батыл сынап, мұндай салттардың қоғамға тек кері әсерін тигізетінін кеңінен жазып, зерттеген болатын. Сондықтан да біздің мақаламызда ұлт зиялыларының қазақ қоғамындағы әйел теңдігіне байланысты жазған еңбектері талданады.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы әйел теңдігіне байланысты біздің алғаш қарастыратынымыз Ш.Уәлихановтың зерттеулері болып табылады. Ш.Уәлиханов өзінің «Записка о судебной реформе» атты еңбегінде былай деп жазады: «Вероятно, причиной, побудившей правительство дела о браках и разводах предоставить муллам, был грубый обычай киргиз отдавать дочерей своих в замужество в слишком юных летах и большей частью без их согласия. Киргизы сговаривали детей своих иногда в колыбели.

Нам кажется, что обычай этот мог быть изменен и безучастия мусульманского духовенства: следовало только предписать старшим султанам и управителям, под страхом ответственности, иметь строгое наблюдение, дабы киргизы не выдавали дочерей ранее таких-то лет, дабы отцы не принуждали своих сыновей и дочерей вступать в супружество без личного из согласия и проч.»/1/.

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, Ш.Уәлиханов қазақтардың ерте жастан құдаласатын салтын, қыздардың үйленетін жасын белгілеу қажеттігін, сол себепті де үкіметтің неке және ажырасу істерін молдаларға бермей-ақ, аға сұлтандардың жауапкершілігіне тапсыру керектігін жазады.

Сонымен бірге А.Құнанбайұлының шығармаларынан ескі әдетке, яғни қызды жастайынан атастыруға және жас қыздарды мал үшін кәрі шалдарға сатуына қарсы болғандығын көреміз. Ол «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» (1896 ж.) атты өлеңінде «біреудің қызын малға сатып алып, баяғыны іздеген құрғырларды, малдың өмірді жаңғыртпастығын» жазады /2/.

Қазақ тіліндегі тұңғыш «Бақытсыз Жамал» (1910 ж.) атты роман жазған М.Дулатов Жамал қыздың бейнесінде қазақ қыздарының мал орнына сатылатындығын, бақытсыздығын, шариғатта да әйел халқын қор етсін деген сөздің жоқ екендігін жазса /3/, ал «Балқия» атты 4 перделі драмасында «жастан құда болу, қалың

мал алу деген қазақтың оңбаған ғұрфы екендігін, бұл ғұрыфты жоғалту керектігін, жастай құда болу себепті, неше әйелдер қорлықта, күндікте жүргендігін, талай байлар үштен, төрттен қатын алып жүргенде, неше кедей қатын алуға мал таба алмай, өмірі малайлықта, сүр бойдақтықта жүргендігін» нақты жазып көрсетеді /4/.

Ал, С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» және алғаш рет өлең түрінде жазылған «Кім жазықты?» атты романдарында, сонымен қатар «Ауырмай есімнен жаңылғаным» атты шығармасында да қазақ қоғамындағы сүйекке сіңген ескі салтты, яғни ұл-қызын сүймеген адамына беріп, қыздарды өзінен 20-30 жас үлкен адамдарға әйелдікке беруі, ал ұлдарына өзінен жасы үлкен қыздарды немесе әмеңгерлік салтымен жеңгелерін алып беруі, молданың да мал табу үшін немесе байдан қорыққанынан, байға жаққысы келгендіктен қыздың рұқсатынсыз, екі адам өтірік куә беріп отырса да некені қия салатыны және т.б. қазақтардың ұнамсыз қылықтары әңгімеленеді /5/.

Бұл еңбектерден көріп отырғанымыздай, «өлімнен ұят күшті» демекші бір жағынан келісілген уәде, жасалынған батаны бұзбау үшін, екінші жағынан болыс болып, билігін қолында сақтап, малды, дәулетті болу үшін ұлдарының қарсы болып, қыздарының көз жасына қарамастан, құдалық уәдесінен таймайтындығы, сонымен қатар мұндай некелердің пайдасынан гөрі, оның қоғамға тигізіп жатқан зиянды жақтары жақсы ашылып көрсетілген.

XX ғ. басындағы Қазақстандағы саяси және әлеуметтік мәселелер мерзімді басылымдар беттерінде кеңінен көтерілген болатын. Сондай мерзімді басылымдардың бірі – «Қазақ» газетінің 1914 жылғы санында Ә.Бөкейханның «Мұсылман сиезі» атты мақаласында съезд барысында талқыға түскен мәселелерді жазады. Сондай өзекті мәселелердің бірі – қыздың неке жасы қарастырылып, 13 жаста адам баласының өсіп-жетілмейтіні, 13-тегі баланың шаруаны басқара алмайтындығын және законда неке шартына әйел жасы 16, ер жасы 18 болып жазылғандығын айтады /6/. Яғни, ұл-қыздарды үйлендіруде жас ерекшеліктерін де ескеру керектігі, сол арқылы қызды жастайынан ұзатуға тыйым салынғандығы байқалады.

Сонымен бірге Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романында да ұл жағының қалың малы жетпегендіктен Ақбілектің ұзатылмағаны, соның нәтижесінде қыздың көп қиналғаны, ақырында ол қалаға кетіп, оқу оқып, ғылым-білімнің арқасында көзі ашылғандығы, әйелдердің ер адамдармен тең екендігі жазылған /7/. Бұл еңбекте ескі салт-сананың құрсауынан шыға алмаған қазақ қыздарының аса ауыр өмірі, оқудың ер адамдарға ғана емес, әйелдерге де аса қажеттігі насихатталады.

Ал, Ә.Бөкейхан «Овцеводство в Степном крае» атты еңбегінде: «В последнем наблюдении мы видим цифровое выражение оригинальной всем известной черты киргизского семейного быта, в котором жен покупают. Бедные, не имея средств для уплаты за невесту, подолгу остаются холостыми и семьи маломочных хозяйств обогащаются мужчинами; богатый, располагая скотом для уплаты «калыма», имеет по две, по три жены; в богатой семье много женщин; на киргизской женщине лежит вся тяжелая работа; чем беднее семья, тем доля женщины в ней горше и тем не менее она выживает...»/8/. Ә.Бөкейхан ғылыми талдаулардың негізінде малдың тек тұрмыста ғана емес, адам өмірінде де, яғни үйленуде де басты рөл атқаратынын, қалың малды төлей алмағандықтан кедейлердің ұзақ уақыт үйлене алмай, кедейдің үйінде ер адамдардың санының, байларға қарағанда көп болатынын, қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысын көрсетеді.

1917 жылы 21 шілдеде жалпы қазақ съезі болып, бағдарлама бойынша 14 мәселе қарастырылып, соның 9-шысы әйел мәселесі болатын. Ол бойынша: «әйелдердің саяси құқықтары ерлермен теңестіріліп, күйеюге тию ерік әйелдің өзіне беріліп, қалың малды жоғалтып, 16-ға толмаған қызға һәм 18-ге толмаған жігітке молданың неке оқуға рұқсаты жоқтығын, молда неке оқырлықта әйел мен еркекті қарама-қарсы қойып ризалықтарын біліп оқуы керектігін, әмеңгерім деп зорлық қылуға тоқтау салып, екінші қатын алатын адам бұрынғы қатынының разылығын алуы тиіс екендігін, бұрынғы қатыны кетемін десе, басқа байға тигенше бұрынғы байы оны бағып-қақсын және жеті атаға келмеген жерден қазақ қыз алмасын» деген қаулы шығарылады/9/.

Бұл қаулыда әйелдердің саяси құқықтары ерлермен теңестіріліп, ұл-қыздардың некеге тұру жасы және жеті атаға келмеген жерден қыз алуға рұқсат берілмейтіндігі нақты жазылады. Ал, әйелдер күйеуінен басқаға кеткенше, бұрынғы күйеуі оны бағып-қағу қажеттігі міндеттеліп, бұл әйелдерге әлі де болса қамқорлық жасау керектігін көрсетеді.

Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралы» атты еңбегінде «Әйелдер тұрмысы» деген арнайы бөлімінде қазақ әйелі жағдайының «патса заманындағы, төңкерістен кейінгі кездердегі ерекшелік-

теріне, Қазағыстанда қыздар арасындағы жұмыстың жайына, жаңа салт орнату жолындағы күреске» арнайы тоқталады. Онда: «Қазақ әйелі заң жүзінде өмір жүзінде де кемшіліктен көзін ашқан емес. Әйелді күңдікке айналдыру бір жағынан, елдің ескілікті әдет-ғұрпы себепкер болса, екінші жағынан, патса заңы да әйелдің қол аяғын байлап берген. Патса үкіметінің жолы қалың қара бұқараның жарым-жартысы әрі тәрбиешісі – әйелге таң атырмау үшін әдейі жүргізілген саясат еді», - деп қазақ әйелдерінің мал есебінде сатыла беретінін, туысқаны өле қалса, малын шетке жібермеу үшін «әмеңгер» деген амалды шығарғандығын, сөйтіп төңкеріске шейін қазақ қызының жылаумен күні өтіп келгендігін жазса, өктебір төңкерісінен кейін кеңес үкіметінің заңы бойынша әйел азаматтық құқықтарының бәріне ие болып, әйелдің қатыспайтын әлеумет, мемлекет жұмыстарының жоқтығын, заң бойынша қыз бала 16-ға жеткенше ғана ата-ананың қарауында болып, бұл жасқа жеткеннен кейін қыз кімге барамын десе де, ата-анасының рұқсатының керек еместігін нақтылап көрсетеді /10/. «Кеңес үкіметі қылмыс заңына қалың мал, көп қатын алу туралы ыстатиялар кіргізілгенімен, қазақ әдет-ғұрпының бірден күшін жоя қоймағандығын, яғни қалың малдың көрсетпей алынатындығын және көп қатын алғысы келгендер законды аттап өтпесе де, айналып кетіп жүргендігін, бұрынғы қатынын айырған болып, зәкіске мәлімденеді де, екінші, иә үшінші тоқал алып жүре беретіндігін», мұндай кемшіліктің 4-5 жылда жойылып кетуінің қиындығын, әдет-ғұрыптардан туған бұл қылмыстарды жою үшін көзі ашық көсем әйелдер билер, қосшы билер, қорғаушылар көбірек болмай реті келмейтіндігін жазған /11/.

Жоғарыдағы үзіндіге тоқталар болсақ, онда Қ.Кеменгерұлы патша үкіметінің қазақ әйелдеріне қатысты саясатын әшкерелеп, қазақ әйелдерінің мал есебінде сатылып, ескілікті әдет-ғұрпты сынап, кеңес үкіметі заңының жақсы жақтарын жазып, дегенменде ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптың 4-5 жылда жойылып кетуінің қиындығы, бұл қиындықтарды шешуге қазақ әйелдерінің өздері атсалысу керектігі, яғни оқудың, білімнің, белсенділіктің қажеттігін анықтайды.

Сонымен қазақ зиялыларының әйел теңдігіне байланысты пікірлерін талдай келе мынадай қорытындыға келдік:

- XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ зиялыларының еңбектерінде қазақ қыздарын ерте жастан ұзататын ескі салтқа қарсы екенін, осы мәселені шешу үшін аға сұлтандардың неке және ажырасу ісін қатал бақылау қажеттігін айтады;

- еріксіз болған некенің тұрақсыз, әрі бақытсыз болатындығын, ата-аналардың мал үшін істелген істерінің кейін өздеріне теріс болып келетіндігін зиялылар еңбектерінде нақты жазады;

- XX ғ. басында әйел теңдігі мәселесі қазақ зиялылары бас қосқан съездердің күн тәртібіне қойылып, оны шешу жолдарын қарастырып, әйелдерге теңдік берген қаулылар шығарады;

- зиялылар өз еңбектерінде көп жағдайда байлардың билігінен қорқып, арын сатқан молдалардың іс-әрекеттерін де көрсеткен;

- зиялылар шығармаларында қазақ қыздарын оқытса бұзылады деген соқыр сенімнің де қыздардың теңдік үшін күресу жолына бөгет болғандығын анықтайды;

- біз қарастырып отырған мәселеге байланысты арнайы талдау жасаған Қ.Кеменгерұлы ескі салтқа, яғни қалың мал, әмеңгерлік және бірнеше әйел алуға үкімет тарапынан тыйым салынса да, оның аз жылда жойыла қоймайтынын, оны жоюға оқыған көсем әйелдердің көбірек болу керектігін, сонда ғана қазақ әйелінің жағдайы түзелетіндігін жазады.

Жалпы, қазақ зиялылары ертеден келе жатқан балаларын жастайынан атастырып қою, әмеңгерлік және көп әйел алушылық сияқты зиянды ғұрыпқа қарсы болғандығы, оның зиянды жақтарын жан-жақты ашып талдағаны қазақ елінің болашағы үшін жасалған іс-әрекеттер деп ойлаймыз.

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. – Т.1. – Алма-Ата, 1961. – С.522.
2. Құнанбаев А. Шығармалар. Екі томдық. – Т.1. – Алматы, 1968. -237-238 бб.
3. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. -127-164 бб.
4. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. -165-191 бб.
5. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы, 1993. -4-118, 132-135 бб.
6. Әлихан. Мұсылман сиезі // «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы, 1998. - 119 б.
7. Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар (Құраст. М.Атымов, Қ.Керейқұлов). – Алматы, 1989. -146-346 бб.
8. Букейхан А.Н. Овцеводство в Степном крае // Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное) / Гл. Ред. Р.Нургалиев. – Алматы, 1995. -182 б.

9. Міржақып. Жалпы қазақ съезінің қаулысы // «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы, 1998. – 405-407 бб.

10. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы, 2005. -224-225 бб.

11. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы, 2005. -225-227 бб.

* * *

В статье рассматриваются проблемы изучения неравенства казахских женщин в Казахстане конца XIX – нач. XX вв. На основе трудов казахской интеллигенции автор выявляет особенности исследования этих проблем. Анализируя данные, автор приходит к заключению, что труды казахской интеллигенции являются важным источником изучения проблем равноправия женщин в Казахстане.

* * *

In this article are considered problems of research equality of woman in Kazakhstan at the end of XIX – beginning of XX cc. On the basis of Kazakh intellectual people's work the author reveals features of research of this problem. Analyzing materials the author make conclusion that the works of Kazakh intellectual people are significance source on researching problem of equality of woman in Kazakhstan.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР

1. *Оразбаева Алтайы Иранбекқызы* – т.ғ.д., ҚР БжҒМ Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері
2. *Жұмабаева Ж.К.* - т.ғ.к., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті.
3. *Замзаева Толқын Амангелдіқызы* - ҚР Ұлттық кітапханасы, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімі жетекшісінің орынбасары
4. *Медерова Дина Есіркепқызы* – ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ізденушісі
5. *Шариязданов О.К.* – аспирант Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан
6. *Сарқұлова С.Д.* - Абай атындағы ҚазҰПУ (PhD) 2 курс докторанты.
7. *Оржанова У.К.* – к.и.н., доцент Казахско-Американского университета
8. *Хабижанова Гүлнар Бболатқызы* – к.и.н., доцент КазНУ им.аль-Фараби
9. *Ноянов Еділ* – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті
10. *Ақанов Маратбек Камзаұлы* – т.ғ.к., ШҚМУ доценті
11. *Нығмет Алтайбек* – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ізденушісі
12. *Тоқтарбаева Гаухар* – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының изде-нушісі
13. *Рахимкужаева Ә.Р.* – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ізденушісі
14. *Бакижанова Асем Жеңісқызы* - ассистент КазНТУ им. К.И.Сатпаева
15. *Бисембаева Л.А.* - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің аға оқытушысы.
16. *Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы* – ХҚТУ-дің доценті
17. *Жуман Г.* – к.и.н., Таразский инновационно-гуманитарный университет
18. *Толепбергени Жанар* - Ақтөбе мемлекеттік пединститутының аға оқытушысы
19. *Абдирасилова Зауре Садуақасқызы* – т.ғ.к., Тараз мемлекеттік педагогикалық институты
20. *Валиева Бахыт Халеловна* – преподаватель Павлодарского государственного пединститута

21. *Буктугутова Р.С.* – Кокшетауский институт экономики и менеджмента, заведующая кафедрой социально-гуманитарных дисциплин, д.и.н., доцент

22. *Мұқатова Д.М.* – Абай атындағы ҚазҰПУ., т.ғ.к.,

23. *Исмағұлов Ұзақбай Шаукенұлы* – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті Отан тарихы және тарихи пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент

24. *Тоқбергенова З.С.* - М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті аға оқытушысы

25. *Булгынбаева Аяулы Калымбековна* - С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің тарих магистрі

26. *Аликулова Нұрлыгүл Сапаққызы* – Ақтөбе мемлкеттік педагогикалық институтының изде-нушісі

27. *Дильманов С.Д.* - т.ғ.д., профессор, Көкшетау қаласы.

28. *Ахметов Ә.Қ.* – аға. оқытушы, Көкшетау қаласы.

29. *Қырықбаева Элмира Омарбековна* – Абай атындағы ҚазҰПУ Академик Т.С. Садыков атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының доценті м.а.,т.ғ.к.

30. *Дархан Қыдырәли* - PhD доктор. Астана қаласы.

31. *Сарсембина Бакыткул Куандыковна* - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академия-сының жалпы орта білім беру институтының аға ғылыми қызметкері.

[ii] Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинении в 5-ти томах. 1-том. А., 1964